

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh National Pedagogical University after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

**«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№4(62)**

Алматы, 2017

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ

«Филология ғылымдары» сериясы,
№4(62), 2017

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор

п.ғ.д., профессор, академик

Б.Ө. Сманов

Бас редактордың орынбасары

ф.ғ.д., профессор Б.Әбдіғазилұлы

Ғылыми редакторлар

ф.ғ.д., проф. С.Ж. Әбішева

п.ғ.д., доцент Ж.Т. Дәулетбекова

ф.ғ.к. А.Д. Ибраева

Редакция алқасы:

ф.ғ.д., проф.

У.М. Бахтикреева (Ресей),

PhD докторы, проф.

И.З. Белобровцева (Эстония),

ф.ғ.д., проф.

Ердоған Алтынқайнак (Түркия),

ф.ғ.д., проф.

А.К. Киклевич (Польша),

ф.ғ.д., проф.

Нефагина Г.Л. (Польша),

магистр, проф.

Ноуано Сусуму (Жапония),

п.ғ.д., проф.

Н.И. Ишекеев (Қырғызстан),

п.ғ.д., проф. Жан Динжиң (Қытай),

п.ғ.д., проф. Чан Дин Лам (Вьетнам),

ф.ғ.к. Ж.А. Қоқанова

(жауапты хатшы)

© Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2017

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109-Ж

Басуға 29.01.2018 қол қойылды.

Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 40 е.б.т.

Таралымы 300 дана. Тапсырыс 104.

050010, Алматы қаласы,

Достық даңғылы, 13.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің

«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е C o n t e n t

ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА LINGUISTICS

Абикеева Б. Тіл құрылымын модельдеу.....	9
Abikeyeva B. Modeling the language's structure.....	12
Ақбердыева Б.Қ. Тілдегі өріс теориясы: ассоциациялық өріс.....	12
Akberdiyeva B. The theory of field in language: associative field.....	16
Атабаева М.С. Қазақ тіліндегі септік жалғауларының жұмсалымдық табиғаты жайында.....	16
Atabaeva M. Functional nature of case forms in the kazakh language.....	23
Әбдікерімова Г.А., Базарбекова Н.Ш., Есболаева И.А. Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне қатысты тілдік бірліктердің зерттелуі.....	23
Abdikirimova G., Bazarbekova N., Esbolayeva I. The function of ethno-cultural units of the kazakh language in the language environment.....	27
Әбиденқызы А. Қазақ және қытай тілдеріндегі тыйым сөздердің этно-мәдени ерекшеліктері.....	27
Abidenkzy A. Ethno-cultural features of tabulated words in chinese and kazakh languages.....	32
Бакубаева Г.Қ. Шығыс септікті жанама толықтауыштар.....	33
Bakubayeva G. The initial case of an indirect complement.....	36
Божбанбаева М.М. Когнитивный подход к изучению глаголов физического восприятия мира у человека (на материале глаголов зрительного восприятия).....	36
Bozhbanbaeva M. Cognitive approach to the study of heads of physical perception of peace in human (on the material of verbs of the visual perception).....	41
Гарибли А.Н. История становления понятия «азербайджанского языка».....	41
Garibli A. The history of development the concept "azerbaijani language".....	45
Есенбаева А.М. Сұраулы сөйлемдердің прагматикалық сипаты..	45
Yessenbayeva A. Pragmatic character of interrogative sentences.....	50
Жұмабеков Қ.Ж. Қазақ тілі мен түрік тілі арасындағы жануарларға қатысты мақал-мәтелдердің өзара сәйкестілігі.....	50
Zhumabekov K. The comprehensive of the proverbs related to the names of animals between kazakh and turkish languages.....	54
Загинайко О.Ю. Батальная лексика в языке А.С. Пушкина.....	54
Zaginaiko O. Military terms in A.S. Pushkin's language.....	58
Исмаилова Ф.К. Модальдылық функционалды-семантикалық өрісі: микроөрістері, құрылымы.....	58
Ismailova F. Functio-semantic area of modality: structures and micro structures.....	64

Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки»,
№4(62), 2017

Выходит с 2000 года.

Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор

д.п.н., профессор, академик

Б.У. Сманов

Зам. гл. редактора

д.ф.н., профессор Б.Абдигазииулы

Научные редакторы

д.ф.н., проф. С.Д. Абишева

д.п.н., доцент Ж.Т. Даулетбекова

к.ф.н. А.Д. Ибраева

Редакционная коллегия:

д.ф.н., проф.

У.М. Бахтикирсева (Россия),

доктор Ph(D), проф.

И.З. Белобровцева (Эстония),

д.ф.н., проф.

Ердоган Алтынкайнак (Туркия),

д.ф.н., проф.

А.К. Киклевич (Польша),

д.ф.н., проф.

Г.Л. Нефагина (Польша),

магистр, проф.

Нонако Сусуму (Жапония),

д.п.н., проф.

Н.И. Ишекеев (Кыргызстан),

д.п.н., проф. Жан Динжин (Китай),

д.п.н., проф. Чан Дин Лам (Вьетнам),

к.ф.н. Ж.А. Коканова

(ответ. секретарь)

© Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая, 2017

Зарегистрировано в Министерстве
культуры и информации
Республики Казахстан
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 29.01.2018.
Формат 60x84 1/8. Объем 40 уч.-изд.л.
Тираж 300 экз. Заказ 104.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат» Казахского
национального педагогического
университета имени Абая

Карбозова Б.Д. Қазақ терминологиясында омоним құбылысының алатын орны.....	65
Karbozova B. The role of homonymous phenomena in the kazakh terminology.....	69
Kasenov E. The linguocognitive feature of the concept «loneliness»in the poetry of I.Zhansugurov.....	70
Қасенов Е.С. І.Жансүгіров поэзиясындағы «жалғыздық» концептісінің лингвокогнитивтік сипаты.....	74
Керимова Х.Д. Вульгарные слова в фольклоре и проблема их издания.....	75
Kerimova Kh. Vulgar words in folklore and the problem of their publication.....	79
Қалиев Б. Латын графикасына көшу – рухани жаңғырудың алғашқы баспалдағы.....	80
Kaliev B. Transition to the latin schedule – the initial step of spiritual update.....	83
Қарағұлова Б.С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздік қордың жаңалану (неологизация) мәселесінің когнитивтік-дискурстық мәселесі.....	83
Karagulova B. The cognitive discourse problems of modern Kazakh vocabulary (neologization) recovery.....	88
Қасым Б., Қоканова Ж.А. Метафоралы аталымдардың танымдық мәні мен жасалу үлгілері.....	88
Kasym B., Kokanova Zh. Cognitive meaning and formation of metaphorical names.....	92
Koblanova A. Orthopedics lexical-phraseological units.....	92
Қобланова А.Ж. Лексика-фразеологиялық бірліктердің ортологиясы.....	96
Оданова С.А., Шойбекова Ғ.Б. Түркі тілдеріндегі дыбыс алмасулары мен сәйкестіктері.....	97
Odanova S., Shoybekova G. Alterations and conformity of sound in turkic languages.....	102
Сейдалиева Г.О. Стереотиптің әлеуметтік және лингвистикалық табиғаты мен мәні.....	103
Seidaliyeva G. Social and linguistic character and importance of stereotypes.....	107
Тымболова А.О., Ибраймова Л.Ә. Синергетика – лингвомәдени шиеленістерді шешуші құрал.....	107
Tymbolova A., Ibraimova L. Synergetics – a crucial tool to solve lingvo-cultural conflicts.....	112
Шойбекова А.А., Базарбекова Н.Ш., Тлеубаева С. Түркі тілдеріндегі сын есімнің зерттелуі.....	113
Shoybekova A., Bazarbekova N., Tleubaeva C. A study of adjectives in the turkic languages.....	117
Шойбекова А.А., Утегенова Г.Ж., Байжанова Н.А. Математикалық терминдердің жасалу жолдары.....	117
Shoybekova A., Utegenova G., Baijanova N. Ways of education of mathematical terms.....	121

**Kazakh National Pedagogical
University named after Abai**

BULLETIN

**Series «Philological sciences»
№4(62), 2017**

Editor in chief

doctor of pedag. sc., prof., academician

B.U. Smanov

Deputy Chief Editor

doctor of philology, professor

B.Abdigaziuly

Scientific editors

doctor of philology, professor

S.D. Abisheva

doctor of pedagogical sciences,

assistant professor **Zh.T. Dautbekova**

candidate of Philology **A.D. Ibrayeva**

The editorial board members:

doctor of Philology, professor

U.M. Bakhtikireeva (Russia),

PhD, professor

I.Z. Belobrovceva (Estonia),

doctor of Philology, professor

Erdogan Altynkainak (Turkey),

doctor of Philology, professor

A.K. Kiklevich (Poland),

doctor of Philology, professor

G.L. Nefagina (Poland),

master, professor

Nonako Susumu (Japan),

doctor of pedagogical sciences,

professor **N.I. Ishekeyev** (Kyrgyzstan),

doctor of ped. sc., professor

Zhan Dingzhing (China),

doctor of pedagogical sciences,

professor **Chan Din Lam** (Vietnam),

candidate of Philology **Zh.A. Kokanova**

(Executive secretary)

©**Kazakh National Pedagogical
University named after Abai, 2017**

Registered in the Ministry of Culture
and Information of the Republic of
Kazakhstan 8 May 2009 №10109-Zh/Ж

Signed in print 29.01.2018.

Format 60x84 1/8.

Volume 40 teaching and publishing lists

Number of copies 300, Order 104.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13,
KazNPU named after Abai

Publishing House “Ulagat” of the
Kazakh National Pedagogical University
named after Abai

**ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERATURE**

Азизова Дж.Х. Источники библиографической информации наследства общенационального лидера независимого Азербайджана Гейдара Алиева.....	123
Azizova J. Sources of bibliographic information of the inheritance of the national leader of independent Azerbaijan Heydar Aliyev.....	127
Аliyeva A. Azerbaijan in the works of french writers and travellers....	128
Алиева А.И. Француз жазушылары мен саяхатшыларының шығармаларындағы Әзірбайжан.....	131
Асадова В.И. Ахмед Камал и журнал «Фуюзат»: статьи и рецензии	131
Asadova V. Ahmed Kamal and the journal «Fuyuzat»: articles and reviews.....	136
Ahmadova S. Content and motives of Nadim's literary heritage.....	136
Ахмедова С. Надим әдеби мұрасының мазмұны мен мотивы.....	139
Ахметова Ж.А. Алашорда қайраткерлерінің Ташкенттегі әдеби және ғылыми істерінің алғышарттары.....	140
Akhmetova Zh. Prerequisites of literaru and scientific activities of Alashordas figures in Tashkent.....	144
Әбдіқалық К.С., Тулекова М.А. Махамбет толғауларының текстологиясы.....	145
Abdikalyk K., Tulekova M. Textologiya of Makhambet's works....	149
Базылова Б.К. Типология жанра исторического романа.....	149
Bazylova B. Typology of the genre of the historical novel.....	153
Бисенғали З.Қ. Жыраулар поэтикасы және Қалнияздың ақындығы.....	154
Bisengali Z. Poetiks of these pieces zhyrau – Kalniyaz.....	159
Jamile Chichek (İsbendiyarova) Azerbaijani love eposes of classical traditionand the twentieth century.....	159
Джамиля Чичек (Исбандиярова) XX ғасырдағы әзірбайжан романтикалық дастандарының классикалық дәстүрі.....	166
Ержанова С.Б., Абуова А.Е. Антикалық дәуірдегі әдеби-эстетикалық ұғымдардың қалыптасуы.....	167
Erjzanova S., Abuova A. The formation of a literary-aesthetic concept.....	171
Ломова Е.А., Сапарғали Н.М. Роль повествователя-рассказчика в произведениях М.Погодина и Н.Павлова.....	172
Lomova E., Sapargali N. The part of the narrator of M.Pogodin and N.Pavlov.....	175
Матай Б. Ай Чиннің шығармашылығы және оның тәрбиелік мәні.....	176
Matay B. The creativity of Ai Chin and his educational meaning.....	179
Найманбаев А.А. Мифологиялық дискурстағы ортақ сарын.....	179
Naumanbaev A. The general motive in the mythological discourse....	183
Sabriyua Y. The problem of man and society in the novel “Elizabeth Costello” by J.M. Coetzee.....	183
Сабрия Ю.И. Дж.М. Кутзее «Элизабет Кастелло» романындағы адам мен қоғам мәселесі.....	190

Садығлы А.А. Художественное отражение психологии человека в рассказах Мир Джалала.....	191
Sadigli A. Artistic reflection of human psychology in the stories of Mir Jalal.....	197
Сұлтанбекова Ж.К. Дулат Исабековтың «Әпке» пьесасының тақырыптық-идеялық ерекшелігі.....	197
Sultanbekova Zh. Thematic and ideological feature of Dulat Isabekov's play «Apke» («elder sister»).....	202
Таңжарықова А.В., Қуандық З.Е. Ақын-жыраулар поэзиясындағы Мұхаммед пайғамбар хадистерінің танымдық және тағылымдық сипаты.....	202
Tanzharykova A., Kuandyk Z. Knowledge and influence of hadith of prophet Muhammed in akyn-zhyrau's poetry.....	207
Тенбаева А.М. О культурных аспектах тенденции визуализации современной поэзии.....	207
Tenbayeva A. On cultural aspects of visual tendency in modern poetry.....	211
Тұрымбетова Ж.А., Сәтбай Г.Қ., Берікболова П.К. Түрік және қазақ ақындары шығармашылығындағы музыка аспабының рөлі.....	211
Turymbetova Zh., Satbay G., Berikbolova P. Role of musical instruments in the works of turkish and kazakh poets.....	215
Shukurova J. Aziz Dowlatabadi and his tezkire “Sukhanvarani-Azerbaijan” (azerbaijani poets)..	216
Шүкүрова Ж.С. Азиз Довлатбади және оның «Соханверани Әзірбайжан» шығармасы («әзірбайжандық ақындар»).....	219
ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PEDAGOGY AND METHODOLOGY PROBLEMS	
Abzalbekkyzy A., Yeleussiz A. Challenges of reading and pronouncing english vowel combinations.....	221
Абзалбекқызы А., Елеусіз А. Ағылшын тіліндегі үйлесімді дауысты дыбыстардың оқылуы мен айтылуындағы қиындықтар..	224
Алдашева К.С. «Қазақ тілі» оқулықтары мен оқу бағдарламаларындағы жаңа сөздердің қамтылуы.....	225
Aldasheva K. New words reporting in workbooks and educational programs «Kazakh language».....	230
Ахметова Г.Ш. Формирование эмпатии студентов педагогических специальностей в фокусе лингвокультурологической методологии.....	231
Akhmetova G. Formation of the empathy of the pedagogical department students in the in focus of liguocultural methodology.....	234
Ашенова А.Т., Ахметова Қ.А. Қазақ тілін оқыту барысындағы кешенді қадамдар.....	234
Achenova A., Ahmetova K. Complex methods for learning of kazakh language.....	238
Әбжан Г.М. Отансүйгіштік тәрбиенің жас ұрпаққа берер тәлімі.....	238
Abzhan G. Patriotic education of younger ones.....	241

Балтабаева Ж.Қ. Ойшыл ғалымның өміршең тұжырымдары....	241
Baltabaeva Zh. Viable conclusions of the thinker scientist.....	245
Бекеева Н.Ж. Кәсіби тілдік дағды қалыптастырудағы бейнематериалдарды пайдаланудың белсенділік пен уәждеме тудыру әсері мен интеграциялылығы.....	245
Bekeyeva N. Activation, motivation and integration of the use of video materials in the formation of a professional language skill.....	250
Бораш Р.Б., Баусариева С.Т. Лириканы сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқыту әдістері.....	250
Borash R., Bausarieva S. Methods of teaching the lyrics in terms of critical thinking technology.....	254
Golovchun A., Zhumabekova G. Contemporary technologies for teaching english language in kazakh and russian-speaking groups of university students.....	255
Головчун А.А., Жумабекова Г.Б. Университеттің қазақ және орыс тілдерінде оқитын топ студенттеріне ағылшын тілін оқытудың заманауи технологиялары.....	258
Дәулетбекова Ж.Т., Каваклы М. Тілді оқыту үдерісінде тұлғаның құндылықтық бағдары мен ақпараттық күзиреттіліктерін қалыптастыру жолдары.....	258
Dauletbekoba Zh., Kavakli M. Ways of formation of person value orientations and information competence of students in the learning language process.....	263
Zhumabekova G., Golovchun A. The usage of the rhymes in the process of foreign language acquisition by children of secondary school.....	263
Жумабекова Г.Б., Головчун А.А. Орта мектеп оқушыларының шетел тілдерін меңгеру үрдісінде рифмдерді пайдалану.....	266
Күркебаев К.Қ., Еселбаева Д.Н. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл саясаты.....	267
Kurkebayev K., Yeselbayeva D. State language policy of the Republic of Kazakhstan.....	272
Оразбаева Ф.Ш., Абдреш А. Жазылым әрекетін жүзеге асыру әдістемесі.....	272
Orazbaeva F., Abdresh A. The technique of realization of the subscription.....	276
Рахметова Р.С. Студенттің өздік жұмыстарын ұйымдастыру.....	277
Rakhmetova R. Organization independent work of students.....	281
Серикова С.К., Сабирова Д.А. Интерактивная модель обучения литературе в школе.....	281
Serikova S., Sabirova D. Interactive model learning of literature in schools.....	285
Urazayev E., Adibayev A. Interactive Methods in Teaching English Language in Specialized (Military) Education Institutions: Case Study of Cadets' Group Discussion as an Effective Vocabulary Usage Approach.....	285
Уразаев Э.У., Адибаев А.М. Арнайы (әскери) жоғарғы оқу орындарында ағылшын тілін оқытудың интерактивті әдісі: сөздік қорларын пайдалана отырып тиімді тәсіл ретінде курсанттар тобының пікірталасын тақырыптық зерттеу.....	288

**АУДАРМАТАНУ
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ
TRANSLATION**

Мизамхан Б.М., Жаксылыкова А.Б. Көркем аудармада ұлттық нақышты жеткізу мәселесі.....	289
Mizamkhan B., Zhaxylykova A. The problem of rendering national peculiarities in literary translation.....	293
Мырзаханов Т.А. Понятийная и языковая картина мира стран англоязычного мира, отражаемая в финансово-экономическом дискурсе.....	293
Myrzakhanov T. Conceptual and linguistic world view of the english-speaking countries reflected in the financial and economic discourse.....	298

**ЖУРНАЛИСТИКА
JOURNALIST**

Ахмедова А.Н. Исторические тенденции развития азербайджанского телевидения и радио.....	299
Ahmedova A. Historical trends in Azerbaijan television and radio.....	303
Тұрсын Қ.Ж., Байбеков А.Н. Цифрлық телевизия: даму үдерістері мен перспективасы.....	303
Tursyn K., Baibekov A. Digital television: perspectives and development process.....	310
БІЗДІҢ АВТОРЛАР	311
НАШИ АВТОРЫ	314
OUR AUTHORS	317

Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті Алқасының (2003 жылғы 26 маусым №433-3 ж бұйрығы) шешімі негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршы журналының «Психология» сериясын психология ғылымдары бойынша диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне енгізілгені туралы хабарлайды.

На основании решения Комитета по контролю в сфере образования и науки (приказ №433-3 ж от 26 июня 2003 г.) Вестник КазНПУ им. Абая, серия «Психология» внесен в перечень изданий для публикаций основных научных результатов диссертаций по психологическим наукам.

On the basis of decision of Committee for control in sphere of education and science (order №433-3 ж from June 26.2003) Bulletin of Abai Kazakh national pedagogical university, series «Psychology» is included into the list of issues to publish the basic scientific results of dissertation of psychological sciences.

ТІЛ БІЛІМІ ЛИНГВИСТИКА LINGUISTICS

МРНТИ 16.31.02

Б.Абикеева¹

¹Еуразия технологиялық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ТІЛ ҚҰРЫЛЫМЫН МОДЕЛЬДЕУ

Аңдатпа

Мақалада тіл құрылымын модельдеудің жолдары талданған. «Өлшем» деген мағынаны білдіретін «модель» термині ғылым салаларында әртүрлі мағынада қолданылады. Модель деп бір заттың үлгісін немесе сол заттың өзіне ұқсас жасанды (кішірейтілген, үлкейтілген) түрлерін айтады. Ал модельдеу дегеніміз бір нысанның екінші нысанның орнын басып, сол арқылы түпнұсқа нысанның аса маңызды қасиеттері туралы ақпарат алу. Яғни модель – түпнұсқаның екінші бейнесі. Егер түпнұсқа мен модельдің арасындағы сәйкестіктер сай келіп жатса, модельді дәлелді деп санауға болады. Модель неғұрлым түпнұсқаға сәйкес болса, соғұрлым ол шындық жағдайдың үлгісі ретінде қабылданады. «Модель» терминінің тіл білімінде қолданылуы оның математикадағы қолданысына ұқсас болып келеді. Тіл құрамында модельдеуге көнбейтін жайттар да кездеседі. Модельдеудегі негізгі қиындық тудыратындар да солар. Лингвистикалық модель зерттеу нысанының қасиеттерін бойына сақтай алуы қажет. Теориялық жағынан алғанда модель мәтіннің ұзындығына да, сөйлемдер санына да шек қоймайды. Кез келген лингвистикалық модель математикалық терминдермен, ал оның түсінігі тілдік терминдермен бейнеленеді. Мақалада осы мәселелер ғалымдар зерттеулері негізінде кеңінен талданып, жан-жақты қарастырылған.

Түйін сөздер: модель, математикалық, үлгі, түпнұсқа, сәйкестік, мәтін, ақпарат

«Модель» термині латынның «modulus» деген сөзінен шыққан, мағынасы – «өлшем». Модель сан алуан болады, тіпті бір ғылым саласының ішінде де «модель» терминін әртүрлі мағынада қолданылады. Модель деп бір заттың үлгісін айтады немесе сол заттың өзі сияқты ұқсас түрлі (кішірейтілген, үлкейтілген немесе табиғи өлшемінде, түрінде, мысалы, ұшақтың моделі немесе алмастың кристалдық торының моделі) жасандыны айтады [1, 27]. Ал модельдеу дегеніміз бір нысанның екінші нысанның орнын басып, сол арқылы модель – нысанның көмегімен түпнұсқа – нысанының аса маңызды қасиеттері туралы ақпарат алу. Яғни модель – түпнұсқаның бейнесі. Егер түпнұсқа мен модельдің арасындағы сәйкестіктер сай келіп жатса, модельді дәлелді деп санауға болады.

Модель – тұрпат пен мазмұнның бірлігі, ол – түпнұсқаға барынша сәйкес келетін сызба деуге болады. Ондай сызбалар әр ғылым саласының өзіне тән ерекшелігін білдіреді және олардың жалпы ережелері бәріне ортақ [2, 16].

Зерттеудің әдістері. Философиялық тұрғыда модельдеудің мағынасы – табиғатты танудың тиімді құралы. Тілдік шығармалардың әлемді модельдеуге қатыстылығын, модельдердің жалпы қасиеттерін талдау мен олардың тілдік шығармалар талабына сай келуін анықтау негізінде көз жеткізуге болады. Ал «Табиғи тіл – бізді қоршаған шындықтың моделі» деген тұжырымды қазіргі кездегі тілшілердің көпшілігі қолдайды. Дегенмен, мұндай тұжырыммен тек тілдік шығармалар (немесе мәтін) жайлы сөз болған жағдайда ғана келісуге болады. Модельдеу ісімен айналысатын зерттеушінің әрекетін сынақ жүргізушінің әрекетімен салыстыруға болар еді, алайда бұл жағдайда сынақ деректі нысанға емес, оның моделіне қатысты жүргізіледі [3, 45].

Барлық ғылым салалары өз зерттеу нысанын абстрактілік сипатта қарастырады. Сондықтан, мысалы, табиғи тілдің моделі оның қыр-сыры жайлы ақпаратты толық бере алмайды. Неғұрлым модель түпнұсқаға сай келіп жатса, соғұрлым оны шындық жағдайдың үлгісі ретінде қабылдауға болады.

Абстрактілікті (дерексіздікті) таңдау жолы әр алуан болуы мүмкін. Кейбір ғылымдарда ол жинақтау әдісі негізінде қолданылады, ал басқаларында абстрактілік шындықтан нақты фактіге қарай қозғалу немесе талдау әдісі үстем болады. Осыған байланысты ғылым салаларын дедуктивті және индуктивті ғылымдар деп екіге ажыратып қарастыруға болады. Сонымен бірге оларда екеуінің де (индуктивті және дедуктивті) қасиеттері белгілі дәрежеде орын алуы мүмкін.

Ал енді тіл білімі саласы жоғарыда аталған ғылымдардың қай тобына жататындығын сөз ететін

болсақ, онда ол дедуктивті жағынан логика мен математикалық ғылымдарыға жақын деуге болады. Тіл қызметінің мынадай негізгі үш түрін атауға болады: 1) тіл – қатынас құралы; 2) тіл – аударма арқылы басқа тілдегі ойды жеткізе алатын байланыс құралы; 3) тілді үйрету мен үйренуде және білім саласын меңгеруге аса қажетті құрал.

Зерттеудің нәтижесі. «Модель» терминінің тіл білімінде қолданылуы негізінен оның математикадағы қолданысына ұқсас болып келеді. Тіл құрамында модельдеуге көнбейтін жайттар да кездеседі. Модельдеудегі негізгі қиындық тудыратындар да солар.

Лингвистикалық модель зерттеу нысанының қасиеттерін бойына сақтай алуы қажет. Теориялық жағынан алғанда модель мәтіннің ұзындығына да, сөйлемдер санына да шек қоймайды. Сондықтан да лингвистикалық модельдің формалды пішінде болуы, оның мүмкіндік шегін барынша ұлғайтуға жағдай жасайды. Кез келген лингвистикалық модель математикалық терминдермен, ал оның түсінігі тілдік терминдермен бейнеленеді.

Лингвистика мен математиканың жақын келетін тұстары да кездеседі. Сондықтан табиғи тіл құрылымын сипаттауда қолданылатын математикалық әдістің негізгісі де осы модельдеу әдісі. Сонымен бірге құрылымдық лингвистикада басқа да әдістер молынан қолданылады: аксиомалық, формалдау әдістері мен жиындар теориясы және функциялар теориясы және т.б. [4, 25]. Логикалық құрылымына қарай тіл модельдері аналитикалық және синтетикалық болып екіге бөлінеді. Лингвистикалық модель формалды пішінде көрініс табуы тиіс және ол экспонаторлық қасиетке ие болады [5, 70].

Модельденуші нысанның қандай аспектісі модельге қайта туындатылуына қарай, модельдер: құрылымдық, функционалдық және аралас модельдер деп ажыратылады. Ал жалпы алғанда модельдердің интеллектуалдық және физикалық деп аталатын түрлері де орын алады [6, 46]. Сонымен бірге парадигматикалық және синтагматикалық модельдер де лингвистикалық модельдер ішінде өзінше бөлек топ құрайды. Табиғи тілдің қарапайым бірліктері мен олардың топтары, әр тілдік деңгейдегі түрлерінің заңдылықтары толық танылып бітпей тілдік жүйенің сыр-сипаты жан-жақты зерттеліп болды деп шешім қабылдауға болмайды.

Машиналық аударма, шет тілдерін оқыту және басқа маңызды мәселелерде, лингвистикалық модельдердегі **танымдық модельдердің** орны ерекше.

Еуропалық тіл білімі ғылымын «ғылыми парадигма» (Томас Кун мағанасында) ретінде көрсетуге болады. Олардың диссертациялық жұмыста қолданыс тапқандары мыналар:

«Тарихи-салыстырмалы грамматика» (Фр.Боп, жас грамматиктер, А.Мейе);

«Синхроникалық тіл білімі» Фердинанд де Соссюр:

а) Құрылымдық лингвистика (Н.Трубецкой, Р.О. Якобсон);

ә) «Дескриптивті лингвистика» (Л.Блумфельд);

б) «Құрылымдық типология және эмбебаптар лингвистикасы» (Дж.Гринберг, Г.А. Климов),

«Трансформациялық-туынды грамматика» Н.Хомский;

Ерекше нәтижелі лингвистикалық парадигма, ол XX ғасырда ұсынылған тілді генетика тұрғысынан қарастырумен байланысты (Гамкрелидзе, 1988; Angel Lorenz Garcia, 2002; Маковский 1992; Vichakjian, 1988). Жинақталған мәліметтер зерттеу жиынының номенклатуралық қоры деп аталады [7, 3].

Мәтінді модельдеу кезінде оның жеке элементтерінің тұрпаттық жақтары ескерілуі қажет. Себебі, ақпаратты қабылдаудың ең ұтымды тәсілі – тілдік ақпараттың материалдық пішінін кодтау. Құрылымдық, шартты, еркін және семантикалық элементтер – шағын тілдер стильдерінің жүйесінде болатын элементтер болып саналады. Құрылымдық формалдау ісқағаздар мен қызмет бабында жазылған хат мәтіндерінің жиынында көбірек қолданылады.

Модель құруда алға қойған мақсатқа жету үшін, ең алдымен, сүйеніш қызметін атқаратын қағидаларды айқындап, жүйелеп, берік негіз құрғаннан соң ғана жаңадан жасалатын тұжырымдамалар жалқыдан жалпыға қарай бағыт алуы керек.

Модельді методологиялық ұғым ретінде қарастырған Хоккет: «Айқындалған ережелер жүйесі грамматикалық сипаттау моделін құрайды және бұл модель тілдің грамматикасын зерттейді, нәтижелерін тұжырымдайды. Қанша түрлі мағынадағы сипаттау болса, сонша түрлі модель болады...», – дейді [8, 210]. Хоккеттің «Екі модель» атты мақаласы және Хомскийдің «Тілді сипаттаудың үш моделі» деген мақалалары тілдік құрылымдарды модельдеудің түрлеріне арналған аса құнды ғылыми еңбектер деуге болады. Профессор Н.Хомский ол жөнінде сол 1956 жылғы конгресте «Лингвистикадағы түсіндіру модельдері» деген баяндама жасаған [9, 210].

Трансформациялық модельдің мағынасы анализдің күшті құралы екендігінде ғана емес, сонымен қатар оның теорияны түсіндіретін грамматика ретінде болуында.

М.Халленің «Синтез арқылы анализге» және К.Н. Стивенстің «Сөйленістері модельдерді ажырата білу» деген мақалаларында тілдің синтаксистік деңгейіне көбірек көңіл бөлінген [10, 7]. Аталған мақалаларда сөйленістің синтаксисі мен оның моделін құру барысында талдау әдісін қолданудың маңыздылығы сөз болады. Жалпы бұндай талдаулар математикалық лингвистиканың әдіс-тәсілдеріне барып тіреледі [11].

Қорытынды. Сонымен, тілді модельдеу дегеніміз – әдіс. Бұл әдіс бойынша зерттеуші нақты бір тілге қатысты жалпы қасиеттер арқылы тіл құрылымын «абстрактілі семиотикалық жүйе» деген ғылыми болжамға сүйене отырып, осыдан туындайтын нақты тілдік деректерге қатынасының салдары анықталады. Классикалық тіл білімінің, классикалық логиканың, психологияның, семантика мен математиканың қиылысуынан барып тілдегі модельдеу әдісінің өзінше бөлек ғылым ретінде көрініс табуының нәтижесінде қазіргі «құрылымдық лингвистика» өмірге келді. Сол сияқты енді тіл біліміндегі дербес тұрған теориялық бағыт ретінде «тілдің теориялық модельдері» атты жаңа тарау пайда болды. Қазіргі теориялық тіл білімінің дамуына ең көп әсер еткен – құрылымдық лингвистика мен математикалық лингвистика пәндері болса, мұндай әсер көбінде грамматиканың синтаксис және семантика салаларында айтарлықтай көрініс тапты.

Қолданбалы лингвистика күнделікті өмірімізге компьютерлік технологияның араласуы арқылы мәтінді автоматты түрде өңдеуге қатысты тілдік бірліктерді талдау мен жинақтау негізінде тілдің танылуы мен талдану заңдылықтарын белгілеу қажеттігінен туындағаны мәлім. Сондықтан компьютерлік тіл білімінің зерттеу аясына тілдік бірліктер (сөз, сөз тіркестері, сөйлемдер, толық мәтін және т.б.) мәселелерін модельдеу әрекеті жатады. Дәлірек айтсақ, оған мәтін мазмұнын анықтауды және бір тілден екінші тілге аудару мәселелерін модельдеуді жатқызуға болар еді. Тіл қызметіне қатысты модельдеудің негізгілері болып есептелетін – аударма мәселесі тілдік құрылымның морфологиясынан бастап, синтаксисіне дейінгі барлық деңгейін қамтиды.

Қазақ тіл біліміндегі модельдеу әдісінің алғашқы көріністерін қазақ филологиясының тұңғыш профессоры Қ.Жұбановтың зерттеулерінен кездестіруге болады. Мысалы, сөйлем ішіндегі сөз тұлғалар мен сөз тіркестер «граф» немесе «құрастырушылар моделі» деген терминдермен аталмаса да, сөйлемге енетін сөздердің әрбіреуін тиісті нөмірлермен таңбалау және олардың тәуелділіктерін сызба түрінде кескіндер мен төртбұрыштар арқылы беру молынан кездеседі. Ғалымның бұған қатысты пікірлері қазақ тілін модельдеудің алғашқы қадамдары болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Словарь иностранных слов. – М., 1980. – 627 с.
- 2 Чжао Юань-жень Модели в лингвистике и модели вообще // в сб.: Матем. Логика и его применения, пер. с англ. – М., 1965. – С.12.
- 3 Философиялық сөздік. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1996. – 526 б.
- 4 Дешериева Т.И. Языкознание и математика. – Алматы: Наука, 1972. – 84 с.
- 5 Рябцева Н.К. Язык и естественный интеллект. – М.: ACADEMIA, 2005. – 592 с.
- 6 Тютхин В.С. Системно-структурный подход и специфика философского знания // Вопросы философии, 1968. – №11. – С.48.
- 7 Гамкрелидзе Т.В. Об одной лингвистической парадигме // Вопросы языкознания. – 2005. – №2. – С.3-5.
- 8 Hockett C. F., Two models of grammatical description, Word, 10(1954). – №2-3. – С.10-234.
- 9 Хомский Н. Три модели описания языка // Кибернетический Сборник. Вып.2, ИЛ. – М., 1961. – С.237-266.
- 10 Halle M., Stevens K.N., Analysis by synthesis, Proceedings of the Seminar of Speech Transmission and Processing, Des., 1959. AFCRC-JR 59-198, Vol. II, PaperD-7.
- 11 Абикеева Б. Математикалық лингвистиканың мақсаты мен әдіс-тәсілдері // Абай ат. ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. – №1. – Б.8-12.

Б.Абикеева¹

¹Евразийский технологический университет,
Алматы, Казахстан

МОДЕЛИРОВАНИЕ ЯЗЫКОВОЙ СТРУКТУРЫ

Резюме

В статье анализируются общие особенности моделей и моделирование языковой структуры. Слово «модель» произошло от латинского слова «modulus», означает «мера», «образец». Термин «модель», который означает «меру», используется по-разному в областях науки. Общая модель относится к модели вещества или к

искусственным видам. И симуляция должна заменить второй объект одного объекта, а затем получить информацию о наиболее важных свойствах исходного объекта. То есть, модель является вторым изображением оригинала. Если соответствие между оригиналом и моделью совпадает, модель может считаться действительной. Если модель соответствует оригиналу, тем она более реалистична. Использование термина «модель» в лингвистике в основном аналогично использованию в математике. Язык также содержит элементы, которые не моделируются. Они также являются основной проблемой моделирования. Лингвистическая модель должна уметь сохранять свойства предмета. Теоретически модель не ограничивает длину текста и количество предложений. Любая лингвистическая модель является математической, и ее концепция выражается в лингвистических терминах. В этой статье эти вопросы широко обсуждаются и детализируются на основе научных исследований.

Ключевые слова: модель, математический, образец, оригинал, соответствие, текст, информация

B.Abikeyeva¹

*¹Eurasia University of Technology,
Almaty city, Kazakhstan*

MODELING THE LANGUAGE'S STRUCTURE

Summary

In this article analyzed the general features of the model and modeling the language's structure. In general model refers to the type of object or to the artificial types. And the simulation has to be replaced by the second subject of the first one, then have to get all the most important information about features of the initial subject. That is to say that model is an second type of the initial word. If the appropriateness between initial and model is coincides, the model can be effectual. The more model is conforming to its initial, the more realistic it will be. Also there are the problem of modeling. Linguistic model has to safe word's features. In the abstract, model does not limit the length and the number of the sentence. In this article all this issues are deeply considered and detailed based on the scientific researches.

Keywords: model, mathematical, sample, original, accordance, text, information

FTAXP 16.01.11

Б.Қ. Ақбердыева¹

*¹Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан*

ТІЛДЕГІ ӨРІС ТЕОРИЯСЫ: АССОЦИАЦИЯЛЫҚ ӨРІС

Аңдатпа

Мақалада тілдегі өріс теориясы, соның ішінде семантикалық, ассоциациялық өріске қатысты тілші, психолог ғалымдардың көзқарастары сараланады.

Сөздер сөйлеушілердің санасында семантикалық өріс болып, тақырыптық-мазмұндық жақындығының негізінде топтасады. Абстракцияның арасындағы мәндік байланыстар таңбаланушылар арасындағы ассоциативті байланыстармен анықталады. Сөз адамның шындық дүниедегі заттар мен құбылыстармен қарым-қатынас жасаудағы таным-тәжірибесін танытады. Соған орай сөздердің табиғатын тек қана тіл бірліктері ретінде ғана емес, сонымен бірге психологиялық үдерістер: қабылдау, ес, ойлау және т.б. деңгейде алып қарастыру қажет. Мақалада сөздердің арасындағы ассоциациялық байланыстар психолінгвистика тұрғысынан қарастырылып, аталған семантикалық құбылыстың зерттелуіне шолу жасалып, тіл біліміндегі орны дәйектеледі. Ассоциациялар туралы жаңа көзқарастар экспериментальды зерттеулердің пайда болуына жол ашты. Мұнда адамның лексиконының ішкі құрылымын тексеру, айқындау қолға алынады.

Түйін сөздер: семантикалық өріс, ассоциациялық өріс, лексика-семантикалық өріс, тілдік құрылымдық жүйе, синтагмалық, парадигматикалық байланыстар, психолінгвистика, ассоциациялық байланыс, абстракция, когнитивтік қызмет, психологиялық үдеріс

Әлі күнге шейін ғасырлар бойы қордаланған, жинақталған таным-тәжірибенің – «білімнің» тілдегі берілуі, адамның миында осы «білімнің» қалай жинақталып тұрғандығы, белгілі бір айтылған сөзді қабылдау мен түсіну арқылы адамның дәл осы сөзге мағыналық-мазмұндық жағынан сәйкес келетін сөзді өз жадынан тауып бере алатын мүмкіншіліктері бүге-шігесіне шейін зерттеле қойған жоқ. Бұл проблемаға қалам тартқан тілші және психолог ғалымдар: А.А. Уфимцева, Л.М. Васильева, Г.С. Щур, А.А. Залевская, Ю.Н. Караулов, А.А. Леонтьев, Л.С. Выготский, А.Р. Лурия және т.б. дегенмен, бұл ғалымдардың еңбектерінде де барлық мәселелер толық қарастырылды деп айтуға болмайды.

Лексикон немесе сөздік дегеніміз сөздердің бірлігін, тізбесін көрсетеді. Тілдің сөздік құрамы белгілі бір өзіне тән белгі арқылы құрылған. Ол сөздердің тобы – семантикалық өріске, әріқарай одан да кіші лексикалық-грамматикалық бөлшектерге, жаңа сөздерге бөлініп кетеді.

Өріс дегеніміз – лексикалық жағынан байланысқан, мазмұндық, кейде тіпті формалық жағынан ұқсас, белгілі бір құбылыстарды таңбалауда ұғымдық, заттық немесе функционалдық жағынан бірдей тілдік бірліктердің шоғырын атаймыз. Бұл ұғым әуелде белгілі бір сөздердің мағыналық жиынтығы, өрісі ретінде қабылданып, сол бағытта дамып, лингвистикаға үлкен өзгеріс әкелді [1, 380].

Тілдегі әрбір сөз белгілі бір лексика-семантикалық өріске кіреді. Көп мағыналы сөздер әр түрлі өрістерге кіруі мүмкін. Өріске кіретін сөздер ең алдымен олардың жалпы интеллектуалдық-семантикалық белгілерінің бірлігімен сипатталады, оны негізінен ортақ мағынадағы архилексемалексемалардан көруге болады. Семантикалық сөздік өріс – лексика-семантикалық континуумды тілдің жеке бір сөздеріне сәйкес келетін әр түрлі бөліктерге бөлуде пайда болатын құрылымдық мәндегі парадигма. Сөздің бұл бөліктері – мән айырғыш жай белгілер негізінде бір-біріне тікелей қарама-қарсы қойылған. Бір сөздік өріс жоғарғы деңгейдегі басқа бір өріске ене алады. Жай сөздің формасындағы кез келген бірлік, мазмұндық жақтан лексема болады. Алайда сөздік өріс әртүрлі деңгейлерге қатысты болса, онда архилексемаларда да әр түрлі деңгейлердікі болады.

Сөздің жеке мағынасы өрістің басқа мүше сөздерінің мағыналарымен салыстырыла отырып анықталады. Сөзді семантикалық жағынан біріккен осындай өрістерге жіктеу арқылы біз тілдің сөздік құрамының жүйелілік сипатын анықтай аламыз.

Семантикалық өрістердің типтері лексикалық қорды семантикалық өрістерге жіктеудегі көзқарастардың бірін Р.Мейердің еңбектерінен табамыз. Ол семантикалық өрістердің үш типін көрсетеді: оның негізінде қандай да бір семантикалық белгі, ажыратушы фактор жатады:

- 1) табиғи өріс (ағаш, жан-жануарлар атаулары, сезімдік қабылдау т.б.);
- 2) жасанды өріс (механизмдердің құрамдық түрлері және т.б.);

3) жартылай жасанды өріс (этикалық ұғымдар, мамандық атаулары, әлеуметтік топтардың аттары және т.б.) [2, 105].

Семантикалық өрістің теориялық жағынан қарастырылуы Й.Трирдің жұмыстарынан бастау алады. Оның тануынша, семантикалық өріс бұл бір-бірімен мағыналық жағынан тығыз байланысқан сөздіктің бір тарауы. Кез келген сөзді айтқанда, сөйлеуші мен тыңдаушының немесе оқып отырған адамның санасында сол сөз туғызатын сезіммен, мазмұнмен астарлас, ұқсас басқа бір сөздердің елестейтіні, лықсып санаға шығатыны белгілі – дейді ғалым [3, 87]. Ал осындай сөздердің қатары олардың бір-бірімен мағыналық ұқсастықтары немесе қарама-қарсылығы арқылы түзіледі.

Тілдегі көрініс табатын барлық ұғымдар мағыналарының ұқсас немесе қарама-қарсылығына байланысты өзара тұйықталған топтарға бөлінеді. Бұл топтарға әрбір ұғым топтағы басқа ұғымдармен тығыз байланыста, олармен қатынаста тұрып қана өмір сүре алады, ал кейбір ұғымның өзгеруі немесе оның түсіп қалуы топтың қайта құрылым түзуіне әкеліп соғады. Й.Трир бойынша семантикалық өрістің құрылымдық өзгеруі осылай пайда болады. Яғни сөз өрісі деп, мазмұндық жағынан бір-бірімен тығыз байланысқан және өзара тәуелді бола отырып, бір-бірінің мағыналарын анықтайтын сөздер тобын айтамыз [4, 229].

Өрістің бір бөлшегінің өзгеруі, сондай-ақ жалпы тілдің лексикалық жүйесінің өзгеруі де осылай іске асады. Ғалымның ойынша, тыңдаушы сөзді тек қана санасында сақталып тұрған сөз-символдар өрісінің түгелдейі қалыптасқанда ғана түсініп, қабылдай алады, себебі сөз тек өріс ішінде ғана, сол тұтастықтың шегінде ғана мағынаға ие бола алады [5, 33].

Трирдің концепциялары сөздер арасындағы құрылымдық қатынастарды зерттеуге мұрындық болғанына қарамастан, бірқатар ғалымдар оның лексика-семантикалық өріс теориясындағы кейбір ұстанымдарын, атап айтқанда, жан-жағы шектелген, шегі қатаң сақталған жабық өрістер туралы ұстанымдарын сынға алған болатын.

Өріс теориясын зерттеген ғалымдардың бірі – Г.С. Щур. Ол өрістің парадигматикалық түрлерімен қатар синтагматикалық немесе синтаксистік түрлерін бөліп қарастырды. Ғалым өрістің анықтамаларын топтастырғанда үш өлшемді меже ретінде алып, сол арқылы барлық анықтамаларды үш топқа бөліп қарайды. Олар мыналар: семантикалық өрісті лексика-семантикалық жүйенің единицасы ретінде анықтау; қасиеттері бойынша анықтау; ішкі ұйымдасу ұстанымдары бойынша анықтау [6, 53].

Сөздер сөйлеушілердің санасында семантикалық өріс болып, тақырыптық-мазмұндық жақындығының негізінде топтасады. Абстракцияның арасындағы мәндік байланыстар таңбаланушылар арасындағы ассоциативті байланыстармен анықталады. Бұл анақтамада зерттеуші

семантикалық өрісті жүйедегі сөздердің әр түрлі деңгейлерінің өзара мәндік қиылысуы, байланыстары негізінде пайда болған сөздердің топтасуы деп ұғады. Сөз адамның шындық дүниедегі заттар мен құбылыстармен қарым-қатынас жасаудағы таным-тәжірибесін танытады. Соған орай сөздердің табиғатын тек қана тіл бірліктері ретінде ғана емес, сонымен бірге психологиялық үдерістер: қабылдау, ес, ойлау және т.б. деңгейде алып қарастыру қажет [7, 53]. Есте адамның барлық білім деңгейінің құрылымы мен қоймасы т.б. жұмыс тәртібі туралы ақпарат сақталады. Ес - тек қана ақпаратты сақтаушы ғана емес, сонымен бірге алынған мәліметті қайта өңдеуші. Ал лексиканы ойлау үдерісі тұрғысынан қарастыру психоллингвистика пәнінің аясына жатады, мұнда тіл психикалық феномен ретінде қарастырылады.

Л.В. Сахарный психоллингвистиканың негізінде жатқан үш ұстанымды атайды. Соның ішінде негізгісі – адам факторы. Расында да жеке, нақты бір адамның факторы: оның есінің дұрыстығы, жас ерекшелігі, жеке тәжірибесі, мақсаты және т.б. сөйленім сипатын ғана емес, тілдің де ерекшелігін танытады. Тыңдаушы мен сөйлеушінің факторы нақты қарым-қатынас жүретін бір ситуацияның болуына әкеліп соқтырады. Үшінші фактор адам мен ситуациялық фактордан кейінгі тілдің құрылымдық жағы түзілетін – эксперимент факторы [8, 8].

Психоллингвистика – бұл экспериментальды ғылым, дәстүрлі лингвистика байқау әдісі арқылы дайын мәтінді тексерсе, психоллингвистика сол мәтіндердің құрылымдық жағынан түзілу үдерісін тәжірибе жүргізу арқылы анықтайды. Мұнда ең бастысы, тілді адамнан бөліп қарау емес, керісінше, тілдің адамның сөйлеу қызметінде қолданылуы. Психоллингвистика дәстүрлі тілтанымда жинақталған теориялық материалдарды жоққа шығармайды, керісінше, оны өз тәжірибесінде пайдаланады. Ол қарастыратын басты, маңызды мәселелердің бірі – адамның сөздік қорының түзілуі. Ең алдымен, адамның тілді қолданудағы психологиялық іс-әрекеттердің жұмысын қарастыру, яғни адам не себепті сөзді түсінеді, неліктен кез келген сөзді айту арқылы оған сол мезетте жауап бере алады – міне, осы сұрақтардың жауабын сөздік қордың реттелуі, тәртібі, жүйесінен іздеу керек.

Сөздік қор (лексикон) белгілі бір тәртіпке келтірілген жүйе, онда алынған ақпарат сұрыпталып, екшеліп, орын-орнымен орналасқан. Сондықтан қажетті ақпарат өте оңай алынады. Тілші-ғалым Е.С. Кубрякованың айтуына қарағанда бұл жүйенің негізінде ассоциациялар жатыр. Бірақ ассоциациялар бір сөзде әртүрлі болуы мүмкін [9, 99]. Дж.Диз ассоциациялық байланыстарды лексиконның қалыптасуының негізі ретінде түсініп, жеке тұлғаның жеке сөйлеу тәжірибесіне сүйене отырып қарастыруды ұсынады. Ғалым ассоциациялардың пайда болу процесі адамның когнитивтік қызметін қамтамасыз етеді дейді [10, 43]. Ассоциациялар туралы жаңа көзқарастар экспериментальды зерттеулердің пайда болуына әкелді. Мұнда адамның лексиконының ішкі құрылымын тексеру, айқындау қолға алынады. Еркін ассоциацияларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын эксперимент сөздердің бір-бірімен байланысын, адам санасында орналасу тәртібін зерттейді. Оның мәні: адам оған берілген стимул сөзге есіне бірінші түскен сөзбен немесе сөз тіркесімен, нақты айтқанда, реакция сөзбен жауап беру керек. Сол мезеттегі адам санасында болып жатқан байланыстар, құбылыстар ассоциациялық сипатқа ие болады.

Ассоциациялық қатарлар әрбір адамда әр түрлі, яғни адамның дүниетанымы, оның тіл қолданысындағы атаулар құрылымы мен олардың арасындағы қарым-қатынастарға байланысты жеке, ерекше болады. Ассоциация сипатына сол адамның жасы, жеке басындағы ерекшеліктері, географиялық жағдайлары, мамандығы, және т.б. әсер етеді. Ал ұлттық ұжымдық сана немесе этностық санада ассоциация тұрақты болады, өйткені сөздер арасындағы байланыс ұдайы қайталанып отырады.

Тіл біліміндегі концептілік мәнге ие доминанттар ұлттық танымдық қорда орын алатын мәдени ақпараттық мазмұнға ие тілдік таңбалар жүйесі болып табылады. Олар ақиқат дүние мен бейақиқат дүние фрагменттерін адам санасында ұялатушы объективті басты тілдік құрал. Поэтикалық контекстегі концептілердің көркем бейнеленуі ұлт дүниетанымында когнитивтік модель қалыптастыратын символдық, когнитологиялық, ассоциациялық ерекшеліктерді көрсетеді.

Тілдік жүйедегі сөз өзінен басқа сөздермен ассоциативтік байланыста болады. Олар тілді қолданушылардың санасында бір-бірімен тығыз байланысты элементтердің бірлігі немесе қарама-қарсы мағынадағы қатынастар түрінде сақталады. Бұл бірлікке немесе тұтастыққа бір грамматикалық класқа кіретін сөздер жатады. Сөйлеушінің санасындағы сөздердің бір-бірімен қарым-қатынасының сипаты парадигматикалық ассоциациялардан анық байқалады.

Парадигматикалық қатынастарға: синонимия, антиномия, гипперонимия, гипонимия жатады. Ф.де Соссюрдің айтуынша ассоциациялық байланыс тек қана бір-бірімен парадигматикалық

байланыстағы сөздердің қатарында туады [10, 43]. Келтірілген сөздің семантикасы – оның синтагмалық, парадигматикалық байланыстарының бірлігімен анықталатындығы белгілі болды.

Парадигматикалық байланыс – тілде, ал синтагматикалық болса сөйленімде өмір сүреді. Синтагматикалық байланысқа – сөйлеу қызметінің синтаксистік заңдылықтары жатады. Сөз-стимул сөз-реакциямен синтаксистік қатынасқа түсіп, сөз тіркесін немесе сөйленімнің негізін құрайды.

Синтагматикалық ассоциацияны сөз табының категориялары бойынша бөлуге болады. Мысалы: зат есім-сын есім, зат есім-етістік т.б. дос-кездесу, дос-үш, дос-жақсы және т.б.

Қазіргі тілтанымның маңызды ерекшелігі ойлау, тіл жіне танымның біртұтас когнитивтік тілдік кешен ретінде қарастырылуымен айқындалады. Тіл мен ойлаудың байланысы тілтанымдық философияның негізін құрайды. Объективтік шындық, яғни табиғи құбылыстар туралы ұғымның сөз арқылы, ал пайымдаудың сөйлем арқылы тілмен жеткізілуі тіл мен ойлаудың бір қырын танытса, ойлау үдерісінің іштей сөйлеумен байланысы екінші қырын айқындайды [11, 22].

Қазақ теңеулерін зерттеген Т.Қоңыров олардың семантикалық типтеріне тоқталғанда, семантикалық өріс бойынша қарастырған. Ол қазақ тіліндегі теңеулердің семантикалық топтарының бірін ассоциациялық топ деп атап, шетел және орыс лингвистикаларында кеңінен тараған «ассоциациялық ая» деген ұғымды өз бетінше қолданып отырғандығын айта келіп: «Рас, аталмыш еңбектерде бұл ұғым белгілі бір сөздердің басқа бір сөздермен тіркесу мүмкіндігімен байланыстырылса, бізі оны теңеу мүшелерінің (образ, предмет, белгі) парадигмалық және синтагмалық аяларының кеңеюімен байланыстырдық» деп атап көрсетеді [12, 78].

Ассоциациялық өріс деп, психолінгвистика мен психология шеңберінде қарастырылатын сөз-стимулдардың айналасына сөз-ассоциаттар тобы жинақталған ассоциацияның түрлерін айтамыз. Ассоциациялық өрісте мағыналық жағынан жақын, төркіндес сөздер жинақталады [1, 381].

Сонымен, ассоциациялық өріс әрбір адамда әр түрлі, яғни адамның дүниетанымы, оның тіл қолданысындағы атаулар құрылымы мен олардың арасындағы қарым-қатынастарға байланысты жеке, ерекше болады. Ассоциация сипатына сол адамның жасы, жеке басындағы ерекшеліктері, географиялық жағдайлары, мамандығы, және т.б. әсер етеді. Ал ұлттық ұжымдық сана немесе этностық санада ассоциация тұрақты болады, өйткені сөздер арасындағы байланыс ұдайы қайталанып отырады. Жоғарыда айтылғандай, әр халықтың мәдени, тілдік әлем бейнесі әртүрлі, себебі халықтың тарихы, тілі, өмір сүру салты, санасы әр түрлі. Сөз-ассоциат – бұл тек қана заттардың, құбылыстардың атауы ғана емес, сонымен қатар олар адамды қоршаған әлемнің бір бөлігі, адам санасында сәулеленуі арқылы олар сол халыққа ғана тән, сол халықтың мәдениетімен шектелген ерекше қасиеттерге ие бола бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Лингвистический энциклопедический словарь. Языкознание // Под ред. В.Н. Ярцевой. – М.: Советская энциклопедия, 1990. – 683 с.*
- 2 *Васильев Л.М. Теория семантических полей // Вопросы языкознания. – 1971. – №5. – С.105-113.*
- 3 *Попова З.Д., Стернин И.А. Лексическая система языка. – Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 1984. – 148 с.*
- 4 *Филин Ф.П. Очерки по теории языкознания. – М.: Наука, 1982. – 336 с.*
- 5 *Уфимцева А.А. Опыт изучения лексики как системы. – М.: Изд-во Академии Наук СССР, 1962. – 287 с.*
- 6 *Щур Г.С. Теория поля в лингвистике. – М.: Наука, 1974. – 255 с.*
- 7 *Залевская А.А. Индивидуальное знание. Специфика и принципы функционирования. – Тверь, 1992. – 136 с.*
- 8 *Сахарный Л.В. Введение в психолінгвистику. – Л.: Изд-во Ленинградского университета, 1989. – 181 с.*
- 9 *Кубрякова Е.С. Человеческий фактор в языке. Язык и порождение речи. – М.: Наука, 1991. – 240 с.*
- 10 *Залевская А.А. Вопросы организации лексикона человека в лингвистических и психолінгвистических исследованиях. – Калинин: Калинин. гос. ун-т, 1978. – 88 с.*
- 11 *Аккузова А.А. Коммуникациялық бірліктердің сөйлеу актілер теориясындағы көрінісі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2016. – №2 (56). – 22 б.*
- 12 *Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 193 б.*

Б.К. Акбердыева¹

¹Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова,
г. Актау, Казахстан

ТЕОРИЯ ПОЛЯ В ЯЗЫКЕ: АССОЦИАТИВНОЕ ПОЛЕ

Резюме

В статье рассматривается теория поля в языке, в том числе дается обзор исследований ученых-психологов семантического, ассоциативного поля.

Слова в сознании говорящих формируются как семантическое поле и группируются на основе тематико-содержательной близости. Абстрактная содержательная связь определяется ассоциативной связью между словами. Слово является показателем жизненного опыта человека в общении с окружающим миром. В связи с этим нужно рассматривать природу слов не только как языковых единиц, но и с точки зрения психологических процессов: восприятия, памяти, мышления и т.д. В статье рассматриваются ассоциативные связи между словами с психолингвистической точки зрения, дается обзор исследований названного семантического явления, указывается его место в языкознании. Новые взгляды на ассоциации открыли путь к образованию экспериментальных исследований. Здесь в качестве объекта исследования взяты проверка, определение внутренней структуры лексикона человека.

Ключевые слова: семантическое поле, ассоциативное поле, лексика-семантическое поле, структурно-языковая система, синтагматические, парадигматические связи, психолингвистика, ассоциативные связи, абстракция, когнитивные деятельности, психологический процесс

B.Akberdiyeva¹

¹Caspian State University of Technologies and Engineering named after Sh.Yessenov,
Aktau, Kazakhstan

THE THEORY OF FIELD IN LANGUAGE: ASSOCIATIVE FIELD

Summary

The article is concerned the theory of field in language and reviews the researches of psychology-scientists of semantic associative field.

The words in the minds of speakers are formed as a semantic field and grouped on the basis of subject-content affinity. The abstract meaningful connection is determined by the associative relationship between words. The word is an indicator of a person's life experience in communicating with the outside world. In this regard, it is necessary to consider the nature of words not only as linguistic units, but also from the point of view of the psychological processes of perception, memory, thought, etc. The article concerns the problem of association of words according to psycholinguistics. Psycholinguistics is the experimental way of research of semantic and its aim is to clearlyfy semantic structure of words. New view of association opens the way to research. The aim of researches is to clear the internal structure of human lexics.

Keywords: a semantic field, an associative field, lexicon-semantic a field, structurally-language system, syntagmatic, paradigmatic communications, associative communications, abstraction, psychological process

FTAXP 16.21.41

М.С. Атабаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫНЫҢ ЖҰМСАЛЫМДЫҚ ТАБИҒАТЫ ЖАЙЫНДА

Аңдатпа

Белгілі ұлттық ұжымда қалыптасқан тілді тұтынушының санасындағы грамматикалық құрылымнан әр тілдің өзіндік ерекшелігі, ұлттық дүниетанымы көрінеді, сондықтан әлемнің тілдік бейнесін жасауда грамматикалық категориялар маңызды болады. Осындай ерекшелігі мол категория қатарына септік категориясы жатқызылады.

Мақалада қазақ тілі грамматикасындағы осы өзекті мәселе қозғалады. Қазақ тілі агглютинативті тілдер қатарына жататыны белгілі, сондықтан сөздердің арасын байланыстыру қызметінде аналитикалық тәсілге қарағанда, синтетикалық тәсіл басымдылық танытады. Бұл септік жалғауларының қызметіне байланысты, сол

себепті қазақ тілінің қазіргі даму кезеңінде септік категориясының табиғатын саралап жете зерттеп білу аса маңызды болып отыр. Мақалада қазақ тіліндегі жеті септіктің қызметі мен семантикалық өрісіне қарай: *грамматикалық, көлемдік және құралдық* болып бөлінетіні жайлы ғылыми тұжырымдарға шолу жасалып, олардың өзіндік белгілері анықталып ашыла түсті.

Түйін сөздер: септік категориясы, грамматикалық, көлемдік, құралдық, функционалды грамматика, синтетикалық тәсіл, әлемнің тілдік бейнесі, дүниетаным

Қазіргі таңдағы қоғамдық-экономикалық өзгерістерге байланысты тіл ғылымы да дамудың жаңа бағытына бет бұрды. Тіл оның иесі адаммен өзектестіріле зерттеледі, яғни тілдің коммуникативтік қызметімен қатар, сол ұлттың қоршаған ортаны, жалпы әлемді танып-білудің көрсеткіші ретіндегі қызметі маңызды роль атқарады. Бұл қызмет ұлттың ішкі мазмұнын құрайтын рухани байлық, ұлттық рух, ұлттық мәдениет ұғымдарымен ұштасып жатады. Ұлттық санадағы жан-жақты да терең білім, рухани жаңғырулар тіл иесі қауым өзін қоршаған даму үстіндегі ақиқат өмірмен тығыз байланыста, қарым-қатынаста болады да, алдымен, тілдің лексикалық [1] және фразеологиялық [2] құрамынан көрініс табады. «Қазіргі тіл ғылымындағы антропоэлекті бағыт тілдің адамның ойлау жүйесі мен іс-әрекетіне ықпалы, ондағы шындық әлемді көріп-танудағы ұлттық ерекшелік мәселесіне айрықша мән береді, сонымен қатар басты назар адамның тілге әсері, тілдегі әлем бейнесі және әлем бейнесін жасаудағы жеке ұлттық факторларға аударылады. Өйткені тіл – халықтың ұлттық бейнесі, этнос болмысын танытудың аса маңызды құралы» [3, 3]. Тілдің бұл қасиеті халықтың мәдени өмірін, салт-дәстүрін, тіршілік көзін, ұлттық дүниетанымы мен мінез-құлқы т.б. белгілері туралы ақпарат жинақтаған тілдік таңба-деректер арқылы көрініс табады. Тіл адамға таным құралы, қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Бұл орайда тіл бірліктерінің қатысым әрекетіндегі қызметі, жұмсалымдық қызметі маңызды рөл атқарады.

Ахмет Байтұрсынұлы адам баласын қоршаған ортаны «жаратынды» және «жасалынды» нәрсе деп топтайды, табиғатқа тән дүниенің бәрі – «жаратынды», ал адам қолымен жасалғанның бәрі «жасалынды», өйткені оның қалыптасуына адамның ақылы, әдіс-амалы, шеберлігі, өнер күші кіріскен. Тіршілік үшін жұмсалатын өнер – «тірнек өнері» де, көркемшілік үшін жасалатын өнер – «көрнек өнері». «...нәрсенің жайын, күйін, түрін, түсін, ісін сөзбен келістіріп айту өнері. Бұл сөз өнері болады. Өнердің ең алды – сөз өнері саналады». «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау» [4, 137-138].

«Сөз өнері деп асылында нені айтамыз?» деген сұраққа «Сөз өнерінің ғылымы» еңбегінде жауап береді, сөз өнері – іштегі ойды «... тәртіптеп қисынын, қырын, кестесін келістіріп» сөз арқылы өрнектеу. Сөз өнерінің ғылымы – тіл ғылымы, тіл ғылымы «дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады, ғылыми сөзөнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады» [4, 148]. Осыған орай, А.Байтұрсынұлы сөзді өнер деңгейінде қолдана білу үшін ең қажеттісі *тіл қисыны* санайды. «Тіл қисыны дегеніміз – асыл сөздің асыл болатын заңдарын, шарттарын танытатын ғылым». «Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тізу – тіл қисыны». Тілдің қисынын келістіріп қолданудың басты ұстанымы – сөз талғау деп есептейді. Шығармаға таңдап алынатын сөз мағынасына қарай үйлесімді, нақты, өнді, ұнамды болу қажет, сондықтан сөз талғаудың да өзіндік шарттары көрсетіледі:

- сөз дұрыстығы;
- тіл тазалығы;
- тіл (лұғат) анықтығы;
- тіл дәлдігі.

Тілдің қисынын келістіретін әр сөздің, әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуды айтылады. Бұл үшін, *алдымен*, «сөздердің тұлғасын мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну; *екіншіден*, сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру; *үшіншіден*, сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орындастыру» [4, 150], – деп атап көрсеткен екен.

Дүниенің тілдік бейнесі тілдік бірліктер арқылы жасалып, тілдің ұлттық ерекшелігі ретінде лексикада көрініс табады, оны адамның қатынас құралына айналдыратын – тіл табиғатын танытатын грамматикалық амал-тәсілдер, заңдар, шарттар. А.Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы

қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [4, 141], – деп, тілді қолдана білуге үлкен мән бергені белгілі. Ғалымның пайымдауынша, тілді қолдана білу – айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білу және сол сөздерді сөйлем ішінде орын-орнына дұрыстап қоя білу [4, 149-150].

А.Байтұрсынұлы «Қазақша сөз жазушыларға» атты еңбегінде аталған ойларын таратып -. Ғалымның пайымдауынша, тілді қисынын келтіріп қолдану емлеге сүйенеді, ал емле тілдің табиғатына сай болу қажет. «Емле – жазу үшін шығарылған нәрсе, жазу – тіл үшін шығарылған нәрсе. Олай болса, тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек» [5, 91].

Сөйтіп, тілдің қисынын келістіретін әр сөздің, әр сөйлемнің білдіретін мағынасының көңілге қонымдылығы оны құрап тұрған сөздердің тұлғалық және синтаксистік жақтан үйлесімді қолданылуы екен А.Байтұрсынұлы оның да жолдарын көрсеткен, ол – «сөздердің тұлғасын мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну». Бұл тұжырым сөйлемде сөздердің арасындағы алуан түрлі синтаксистік қатынастарды көрсетіп, өзі жалғанған сөзге әртүрлі грамматикалық мағына үстеп, сөз бен сөзді байланыстыруда үлкен орын алатын зат есімнің парадигмалық түрлену жүйесінің бірі – *септік жалғауларына көбірек* қатысты болатыны белгілі.

С.Исаев септік жалғауларының мәнін ашатындай тұжырымды бір анықтама беру қиын деп есептейді, өйткені септік жалғаулары зат пен қимыл, зат пен зат, зат пен сын арасындағы субъекті-предикаттық, тура және жанама объектілік, меншіктілік, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық тәрізді алуан түрлі қатынастарды жүзеге асырады. Бұл қатынастарды кейде өзі тікелей ұйымдастырса, кейде тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауымен байланысып барып атқарады. Осы қызметтеріне орай, С.Исаев қазақ тілі грамматикаларында септік жалғауына берілген анықтамаларды сараптай келе былайша түйіндейді: «...септік жалғауларына (категориясына) **зат пен оның іс-әрекеті (қимылы), я зат пен заттың (сынның) арасындағы субъектілік, объектілік, меншіктілік-қатыстық, мекендік-мезгілдік, көлемдік, амалдық-құралдық, себеп-мақсаттық сияқты қатынастарды білдіріп, заттық мән үстеп тұратын түрлену тұлғасы деген анықтама беруге болады.** Септік жалғау жүйесінің басқа жалғаулардан күрделілігі де осында» [6, 121]. Белгілі ұлттық ұжымда қалыптасқан тілді тұтынушының санасындағы грамматикалық құрылымнан әр тілдің өзіндік ерекшелігі, ұлттық дүниетанымы көрінеді, сондықтан әлемнің тілдік бейнесін жасауда грамматикалық категориялар маңызды болады. Осындай ерекшелігі мол категория қатарына септік категориясы жатқызылады. Септік категориясы болмыстағы нысандардың арақатынасы туралы білімдерге негізделеді, өйткені септік категориясы адамның қарым-қатынас барысындағы түрлі қатынастарды зерделеп құруы нәтижесінде пайда болады О.Жұбаеваның пайымдауынша, септік категориясының мазмұны тілдік қатынастардың қалай пайда болғанын білдіріп, ғалам туралы білімді, олардың тілде қалай көрініс тапқанын, морфологиялық септік категориясында тоғысатын грамматикалық мағыналар мен көрсеткіштерді қамту, морфологиялық жолмен берілетін қатынас туралы энциклопедиялық білімдердің тілде қалай кодталатынын көрсету [7, 258-259].

Сөздердің синтетикалық байланысу тәсілдерінде септік жалғауларының рөлі басқа жалғау түрлеріне қарағанда күрделірек. Септік жалғаулары жалғанған сөздер өздері тіркесетін сөздермен біріншіден, сабақтаса байланысса, екіншіден, сол байланыстың нәтижесінде қосымша грамматикалық мағынаға ие болады. Сондай-ақ, септік жалғаулары сөз бен сөзді байланыстырумен қатар, түрлі-түрлі синтаксистік қатынастарды да білдіреді. Мағыналық қатынастар тек жалғау жалғанған сөздердің лексикалық мағынасының әртүрлі болуынан ғана тумады, тұтас сөз тіркесінің қарым-қатынасынан пайда болады. Оны мына мәтіндегі байланыстардың мағыналық қатынастарынан көруге болады:

Күндізгі алау аптаптың лебі кешке қарай қапырықтанып, күн де батып бара жатты. Күн батар сол сәтте Мойынқұм атырабының үстіндегі биікте бір топ аққұйрық қарақұсұшып жүреді. Ептеп мұнар тұтқан бұлтсыз ашық аспанның қоңыр салқын құшағында әлгі қарақұстар еріккеннен жай қалықтап, рахаттана ұша береді. Мына жер мен мына аспанның мызғымас мәңгілік пішінін бейнелегісі келгендей, бірінің соңынан бірі тізіліп, бір бағытта шеңберлене ұшады. Қарақұстарды быс шығармай, қанаттарының астындағы жер бетінде не болып жатқанын міз бақпай бақылайды. Осы бір паң-сері жыртқыш құстар тек көздерінің өткірлігінен де баябан даланың аспанын мекендейді. Күнәһар жердің бетінде олар тек қу тамақ үшін, тек түнемел үшін ғана қонақтайды, көбінесе көк жүзінде ұшып жүреді (Ш.Айтматов). Мұнда:

- *предикаттық қатынас* – атау септігі мен жіктік жалғауының;
- *меншіктік қатынас* – ілік септігі мен тәуелдік жалғауының;

➤ *толықтауыштық қатынас* – табыс септігі мен заттық мағынадағыбарыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің;

➤ *пысықтауыштық қатынас* – көлемдік мағынадағы барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерінің байланысы арқылы жасалады.

Сөз тіркестерінің синтетикалық байланысу тәсілдерінде атау септіктен басқа септік жалғауларының ерекше қызмет атқаратыны белгілі. Септік жалғаулары сөз бен сөздің арасында сабақтастық байланыс тудырумен қатар, сол сөздер байланысының нәтижесінде грамматикалық қосымша мағынаны да байқатады. Синтетикалық байланыс тәсілінің мұндай түрлерін тіл білімінде *матасу, меңгеру* деп атау қалыптасқан.

Адам коммуникативті мақсат үшін тілдік құралдарды пайдаланады, өйткені тілдік қатынас қоғамдық құбылыстарды, заттарды, қоршаған ортаны мүмкіндігінше тілдік бірліктердің көмегі арқылы беруге тырысады. Сондықтан да, сөйлеу әрекетінде тілдік бірліктер қатысымдық бірліктерге айналып, сыртқы орта жайлы ақпаратты мазмұнына жинақтайды «Қазақ тіліндегі сөздердің морфологиялық құрылымы, олардың сөз тудыру және грамматикалық форма тудыру тәсілдері мен жүйелері мыңдаған жылдар бойына сол тілде сөйлеуші халықтың өзара сөйлеу үдерісінде қалыптасқан. Әр тілдің грамматикалық құбылыстарының қалыптасқан жүйелі тәртібі азғана жылдың жемісі емес, ол – сол тілде сөйлейтін халықтың өмір тарихымен байланысты мыңдаған жылдың жемісі. Тілдің грамматикалық құбылыстары ұдайы бір қалыпта тұра бермейді, олар өзінің даму процесінде өзгеріп, сұрыптала түседі» [8, 146-147], – дей келе, Ы.Маманов тілдің морфологиялық құрылымының маңызын анықтаумен қатар, қазақ тілінде түбір сөздер мен сол сөздің грамматикалық формаларының аражігін, шегін дұрыс ажыратуға бөгет болып жүрген нәрсе – қосымшалардың грамматикалық қызметіне қарай дұрыс топтастырылмауында деп тұжырымдайды. Грамматиканың осы аса күрделі мәселесіне қатысты ой-пікірлерді саралай келе: «...Мұндай пікір алалығын жою үшін түркі тілдерін зерттеуші авторлардың алдында тұрған басты міндет – морфологияға қатысты ең маңызды екі мәселенің басын ашып алу қажет сияқты. Оның біріншісі – қазақ тіліндегі қосымшаларды орыс тілінің үлгісімен сөз түрлендіруші (словоизменение), сөз тудырушы (словообразование) және форма тудырушы (формообразование) деп үшке бөліп қарастыру керек пе, жоқ әлде, оларды жаңа мағыналы сөз тудыру және сөздің грамматикалық формасын тудыру қызметіне сәйкес *сөз тудырушы* және *форма тудырушы* деп екі топқа бөліп қарастыру керек пе? Қазақ тілінің материалы екінші принципті қуаттайды. Сөйлемде грамматикалық формалармен түрленетін толық мағыналы атауыш сөздер (зат есім, сын есім, сан есім, етістік) тек қана екі түрде: не түбір сөз түрінде, не қосымша жалғанған формада қолданылады. Былайша айтқанда, қазақ тіліндегі қосымша жалғанған сөздер не тілдің сөздік құрамына енетін туынды түбір сөз (лексикалық бүтін), не белгілі бір сөз табына тән грамматикалық форма болып қалыптасады [8, 148].

Сөйтіп, форма тудыратын қосымшалардың белгілі бір жиынтығы парадигмалық түрлену жүйесінің сыртқы көрінісі мен соған сәйкес ішкі мазмұн жағынан грамматикалық мағына білдіруі арқылы грамматикалық категория құрайды, енді бір тобы бөлігі бір сөз табының өз ішінде семантикалық топтарын жасайды. Қосымшалардың бұл негізгі мәні мен грамматикалық сипаты грамматикаларда ***форма тудырушы*** (немесе сөз түрлендіруші) ***жұрнақтар*** және ***жалғаулар*** деп аталып жүрген қосымша түріне тән болып келеді. Форма тудырушы жұрнақтар мен жалғаулардың грамматикалық мағына білдіруі мен сөз түрлендіру қасиеті жағынан айырмашылығы жоқ деп есептеледі, алайда жалғаулардың сөзге жалғану өрісі кең және де басқа форма тудыратын қосымшалардан синтаксистік қызметі жағынан үлкен айырмашылығы бар, жалғаулар сөйлем ішінде сөз бен сөзді байланыстырып, олардың сөзге үстейтін грамматикалық мағыналары сол байланысқан сөздер арасындағы қатынастар негізінде айқындалып отырады. Мұндай қызметтік қасиеттер жалғаулардан басқа форма тудыратын қосымшаларға тән емес. Сол себепті Ы.Маманов жалғауларды форма тудыратын қосымшалар қатарына қосқанымен, олардың синтаксистік-қатысымдық қызметінің маңыздылығына қарай, ***жалғаулар*** деп бөліп атайды [9, 146-148]. С.Исаев қосымшалардың сөздерді байланыстыра отырып, үстейтін мағыналары мен олардан туындайтын қызметіне қарай жіктемесін жасаған. Бұл жіктемеде форма тудырушы қосымшаларды, алдымен, ***жұрнақтар*** және ***жалғаулар*** деп, ал жалғауларды: ***субстантивтік, субстантивтік-адвербиалдық*** және ***предикаттық*** деп бөледі. ***Субстантивтік*** жалғаулар тек заттық мағынамен байланысты болады және өзге сөз таптарын заттандыру қасиетіне ие. Сол себепті С.Исаев субстантивтік жалғаулар қатарына ***тәуелдік*** жалғау мен ***грамматикалық септіктерді*** жатқызады. ***Субстантивтік-адвербиалдық*** жалғаулар заттық мағынаға қоса үстеулік мағына жасайды, яғни үстеу тудырады және үстеудің қызметін атқарады. Бұл топқа көлемдік септіктер: барыс, жатыс, шығыс септіктері енеді [9, 230-232].

Дәл осылайша синтетикалық байланысқа түсетін, сөз тіркестеріндегі дінгек компонент болып табылатын кез келген сөз өзге сөздердің онымен байланысқа түсу дәрежесімен санаса отырып, өзіндік семантикалық ерекшелікке ие болады. Қазіргі қазақ тіліндегі септік жалғау жүйесі негізінен алғанда, көне түркі тіліндегі және қазіргі түркі тілдеріндегі септік жалғау жүйесімен сәйкес келуі заңды құбылыс саналады, өйткені олардың төркіні, қалыптасу кезеңдері, сипаты көбіне ортақ болып келеді, сондықтан қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде *атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс* септік жалғауларының сыртқы тұлғалары да, мағыналары да, қызметтері де негізінен ұқсас болып келеді. С. Исаев оны қазақ тіліндегі септік жалғау жүйесінің өте ерте кезде қалыптасып, сөз түрлендіру, парадигмалық сипаты, тұлғалық түрлері, әрқайсысының мағыналық шеңбері, сөйлемде атқаратын қызметі мен сөздер арасындағы грамматикалық қатынастары тұрақталып, кейін жекелеген түркі тілдерінде үлкен өзгеріске түспей енгендігін байқатады деп есептейді. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің өзіндік **ерекшелігі көмектес септігі** болып табылады [9, 92].

Сөйтіп, түркі тілдерінде септік жалғауларын *грамматикалық* және *көлемдік* септіктер деп екіге бөлуге болатын негіз: олардың білдіретін мағынасы, атқаратын қызметі, шығу, даму тарихымен бірге септік тұлғаларының сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөз тіркесінің типін құрау мәнінің ерекшелігінен де көрінеді. Э.В. Севортян түркі тілдерінде септіктерді бұлай *грамматикалық* және *көлемдік* септіктерге бөлуді бір жағынан шартты санайды, сондықтан бұлай бөлуден бас тартуға да болады деп есептейді. Бұл екі топқа бөлінетін септік жалғаулары кейде *барыс-бағыттық* болып сәйкес келсе де, сонымен қатар әрі грамматикалық әрі көлемдік септік қатарында жүрсе де, өзіндік ерекшеліктері бары байқалады. Бұл оларды грамматикалық және көлемдік септік деп екіге бөлудің ғылыми негізі барын білдіреді деп тұжырымдайды [10, 45].

Грамматикалық септіктерге *атау, ілік, табыс* септіктері жатқызылады.

Көлемдік септіктерге: *барыс, жатыс, шығыс* септіктері жатқызылады. Егер грамматикалық септіктер тек заттық мағынамен байланысты болып бір ғана қызмет атқарса, көлемдік септіктер екі түрлі мәнде: заттық және адвербиалдық мәнде, екі түрлі қызмет атқарады; бірде зат есімнің грамматикалық көрсеткіші болып, жанама объектіні білдірсе, бірде өзі жалғанған сөзге бағыттық, мекендік, мезгілдік мағына қосып, пысықтауыш қызметін атқарып **үстеуге** де айналдырады, осындай қызмет оларды **көлемдік** септіктер деп бөліп атауға негіз болады. С.Исаев септіктерді бұлайша бөлу кейбір түркологтардың еңбектерінде орын алғанымен, қазақ тілі морфологиясы бойынша зерттеулерде жалғасын таппағандығын көрсетеді [9, 95-97].

Э.В. Севортян септік жүйесіндегі бұл ерекшеліктермен қатар, көне түркі, көне ұйғыр, көне және жаңа өзбек ұйғыр тілдерінде *көлемдік* септік тұлғаларының есімдік сөз табында *грамматикалық* септік тұлғаларының үстіне жалғанатынын көрсете келе, осы аталған тілдер үшін *грамматикалық* септік тұлғаларының қалыптасуы – алғашқы, ал *көлемдік* септіктердің одан кейінгі құбылыс екендігін айтады [10, 50.].

Бұны қазақ тіліндегі өзіндік үлкен ерекшелігі бар көмектес септігінің қалыптасу жолы арқылы түсінуге болады. Басқа түркі тілдерінде көмектес септігінің мағынасы көбіне септеулік шылау арқылы беріледі. Қазақ тіліндегі көмектес септік тұлғасы: **-мен, бен, пен** септеулік шылаудан қалыптасқан: **бірлән, білән**>*бінән, мінән, бынан* > *-мынан, -менен, -пенен* > **-мен, -бен, -пен** [9, 96-97]. С.Исаевтың пайымдауынша, «сыртқы тұлғасы жағынан бұл **мен, бен, пен** жалғаулық шылауларына ұқсас болғанымен, одан жасалмаған. Бәлкім, жалғаулық шылау мен септеулік шылау төркіндес болып, бір сөзден тарап, бөлек-бөлек қалыптасып дамуы мүмкін. Сөйтіп, көмектес септік жалғауы кейін ғана қалыптасып, септік жалғау жүйесіне кеш енді. Оның бұл ерекшелігін көмектес септік жалғауының сырт тұлғасы да аңғартады: *біріншіден*, сингармонизм заңына бағынбайды, жалғаулардың жуан буынды нұсқасы жоқ, *екіншіден*, дыбыс үндестігіне қарай нұсқалануы да ерекше... Көмектес септіктің осындай ерекшеліктері жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуінен де көрінеді; көмектес септігі тікелей түбірге жалғанбайды: **мен** – мен + *i* + *мен*, **сен**+*i*+*мен* т.б. Бұл жердегі түбір мен көмектес жалғауының арасындағы **-ны, -ні** тұлғасы ілік септік сөздің түбіріне ғана емес, ілік септік тұлғасына жалғанған болу керек деген тұжырым тудырады» [9, 92-93]. Бұл тұжырымнан септік жалғауларының қалыптасу үдерісі тарихының көріністері аңғарылады. Грамматиканың заңы бойынша, сөз түрлендіруші қызмет атқаратын қосымшалар сөзге бір рет жалғанады, бірінің үстіне бірі жалғанбайды, бұл олардың сөйлемдегі атқаратын қызметіне байланысты, грамматикалық мағына түрленгенімен, негізгі қатысымдық мағына шешуші роль атқарады. Мысалы: **Бөгенбай батырдың қанталаған дөңгелек көзінен от шашырағандай жалт-жұлт етеді. Әйтсе де баптап-таптап сөйлеген сөзі мен ажар-алпетінен аса сабырлы-салмақтылық аңғарылады. Ұзақтың әңгімесі**

аяқталысымен жұрт гүлдесіп кетті. **Айтқаныңның бәрі дұрыс. Екеуінің аузынан шыққан сөзді Жүсіп қағып алып, ерсілі-қарсылы аударып тұр (Қ. Жұмаділов).** Мұндағы бірінші сөйлемде шығыс септігі жеке сөйлем мүшесі бола алмайды, ол тұрақты тіркес құрамында тұр, ал екінші сөйлемде адамға тән «салмақтылықтың» нысанын көрсетіп, жанама толықтауыш жасап тұр.

Бұдан қазақ тіліндегі көмектес септік жалғауынан басқа септіктердің қатысым әрекеті қажетіне орай функционалдық қызметтерінің сараланғаны, ал көмектес септігінің қалыптасу үдерісінде екендігі байқалады деуге болады. Түркі тілдерімен шығу тегі бір бола тұра, қазақ тілі септік жалғаулары қалыптасуындағы бұл ерекшеліктер қазақ тілінің өзіндік табиғатын танытатын фактор саналады. Көмектес септігі көлемдік септіктерге қызметі жаңынан ұқсас болғанымен синтаксистік мағынасы жағынан ерекшеленеді, соған орай ол **құралдық септік** аталады. Сонымен қатар, қазақ тілінің септелу жүйесі: *жай септеу* және *тәуелді септеу* болып бөлініп, оның септелудегі ерекшеліктері айқындалып, емлесі қалыптасып нормаға түскені де белгілі. Септелу жүйесінде қазақ тілінің табиғатына қайшы келер жайт байқалмаған. Мысалы, жіктеу есімдіктерінің септелуі (мен, ме+нің, маған, ме+ні, менде, ме+нен, мен+і+мен), тәуелді септеудегі өзгерістердің (добым, добым+ның, добым+а, добым+ды, добым+нан, добым+мен; добың+а, добы+на, добы+н т.б.) себебі тарихи-семантикалық тұрғыдан түсіндіріліп келеді. Септік жалғауларының тіл иесі үшін үйлесімді, әуезді болуының себебі оның қазақ тілінің табиғаты бойынша емлеге түсірілгені екендігін тіл жанашыры А.Байтұрсынұлының мұраларын қайта-қайта зерделеп қарағанда, көз жеткізуге боатыны айқын.

А.Байтұрсынұлының септік жалғауларына қатысты айтқаны да осы қазақ тілінің табиғатына сай емлеге үйлестіру болатын. «Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ» деп, сөзге **барыс** және **жатыс, шығыс** септіктерінің жалғану ерекшелігі туралы төмендегіше тұжырымдайды:

біріншіден, «... .. я болмаса «малдай», «малда» деп жазған соң, «малыдай», «малыда» деп жазсақ болмай ма деген сықылды... Сөздің ұшығы бірде дауысты дыбысқа тіркеледі, бірінде дауыссыз дыбысқа тіркеледі. Дауысты, дауыссыз дыбыстың ауанына қарай сөздің ұшығы да өзгереді. Қазақ бұл екі орнын да айырады. Тілдің табиғатынан қарағанда, қазақтың солай істеуі дұрыс: «мал» – «малдай» дегенде «н» жоқ; «малды» – «малындай» дегенде неге «н» қосылады? Әрине, «малы» деген сөздің аяғы дауысты дыбыс болғандықтан қосылып тұр. «Малы» дегеннен шыққан ұшықтарды «мал» дегеннен шыққан ұшықтармен бірдей істеу керек десек, тіл табиғатына дұрыс келе ме? Сондай-ақ «бала», «ана», «ата», «мал», «нан», «ат» деген сөздердің бәріне де «-лар» бірдей болу керек деген емес. Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз-ақ табиғаттың заңына ерген, сондықтан тілі азбаған» дей келе, көптік жалғауының **-лар/-дар** нұсқаларының қолданысын салыстырады: «малдар» мен «маллар». «Малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, тек жеңіл өте шығады, «маллар» дегенде, «тертеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қайтып алуымыз қиын», өйткені қос дауыссыз тіл таңдайдың алдына тіреліп, ауыз қуысын бітеп тастайды. «Қамаудағы дыбыс пен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей болмайды. Ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығады, қамаудағы дыбыс ажарсыз шығады» [5, 91-94], – деп, тіл әуезділігі дыбыстың артикуляциясы мен акустикасында екеніне назар аудартады;

екіншіден, қазақ тілінің табиғаты бойынша тәуелді септеудің үшінші жағына барыс және шығыс септіктерінің жалғануы туралы дәлелдерінде А.Байтұрсынұлы: «Табиғатына қарамай, жолға түсіру керек болса: «атасына» демей, «атасыға» деп жазу керек, «атасынан» демей, «атасындан» деп жазу керек. «Атасыға» деп жазған татарларды көрмеген соң біз де «атасынан» деп жазып жүрміз. ... Татарлар неге «атасыға», «атасыдан», «атасыдай» деп жазбай, «атасына», «атасындан», «атасындай» деп жазады? Атасыға-атасыдан-атасыдай деп жазса, түсінбес пе? Әрине, түсінеді, бірақ солай жазбайды. Олай жазса, татарша болмайды. Қазақ та солай:-ның,-ны,-лар,-лық,-лы орынсыз жерде келсе, ол сөз қазақша болмайды; жөнге тілдің өзі табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған» [5, 94-95], – деп, тәуелді септеудегі барыс септігінің қалай жалғануы керектігін көрсеткен.

1) атасы-атасыға-атасы+на

аты-атыға-аты+на

қолы-қолыға-қолы+на;

2) атасы-атасындан-атасы+нан

аты-атындан-аты+нан

қолы-қолындан-қолы+нан.

Мұндағы үшінші қатар тіл «табиғаты қалауынша» қазақ тілінің заңдылығы екені анық, сонымен қатар, тіл «табиғаты тартуынша» ол берік байланыс саналатын матасуды құрайды, дыбыс үндестігі жалаң емес, тәуелдік жалғауының үшінші жағы (**-ы/сы**) білдіретін меншік мағынасы да бар, ол

заттың үшінші жақтағы субъектіге қатыстылығын танытады. Ал қазіргі күні «қазақша болмайтын», тіл табиғатын түсінетін жандардың құлағына түрпідей тиетін, жас ұрпақтың тілін бүлдіретін, әсіресе, жасанды акцент жасап «сән» қуып жүргендерді мүлдем жат қылатын, қалыптасқан норманы бұзушылық байқалады:

біріншісі – жоғарыда аталған барыс, жатыс, шығыс септіктерінің қолданысы (*Елбасы+ға хат жолдады. Бірнеше отбасы+ға көмек берілді.* Асуман ханым бүгін Рашидтің шарапханасы+на ән салады («Гүллі ханым») Отбасы+да ойдың ала-құлалығы шығып қалмай ма?);

екіншісі – көмектес септігінің қолданысы (Стоматологтар ассоциациясы+мен ұсынылған. Президенттің теле-радио кешені+мен әзірленген (Тележарнама);

үшіншісі – шығыс септігінің қолданысы (Ашуыңды **мен+нен** алдың («Жүрек жарған», Астана). **Сен+нен** ұят болды («Көңіл күйі»);

төртіншісі – көмектес септігінің қолданысы (Мен+і+мен ересің («Жау жүрек мың бала»). Деректер көрініп тұрғандай, бұлардың бәрі де БАҚ құралдарынан алынған.

Тілдегі *әлем бейнесі* адамның сезім мүшелері қабылдайтын санасы арқылы түйсініп, ақпаратты өңдеу нәтижесінде түзіледі. Тіл – ақиқат болмыстың бейнесі, адамның әлем туралы білімінің қалыптасу және өмір сүру формасы. Әлем бейнесі – адам дүниетанымының басты элементі, шынайы болмыс туралы адамның түсінігі, одан әлемнің ұлттық бейнесі түзіледі. Тіл – сол ұлттық бейне көрінісі. Тіл иесі қоғаммен бірге азды-көпті өзгеріске ұшырайды, көп жағдайда ол «тіл табиғаты қалауынша», белгілі заңдылықтар бойынша жүзеге асады. Ол – *ықшамдау* құбылысы екені белгілі. Осы құбылыстың бір ғана көрінісі – «барады ма? болады ма? келеді ме? т.с.с. Шашатарыңыз *түседі ме?* Олар үйге *келінті ме?*», қазіргі күні жаппай қолданысқа айналып барады деуге болады. Ықшамдау құбылысының да мақсаты – тіл әуезділігі, тілді қисынына келтіріп жұмсау жолы. Жоғарыда аталған сөздер – біреу-екеу болғанымен, актив қабатқа жататын сөздер, ал басқа қолданыстар жастар күніне неше рет естіп, қолданылып жүргендер.

Антропоэекті бағыттағы зерттеулерде адам сөйлеуші, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады. Тіл адамға таным құралы, қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Тіл – ақиқат болмыстың бейнесі, адамның әлем туралы білімінің қалыптасу және өмір сүру формасы. Дүниенің тілдік бейнесі тілдік бірліктер арқылы жасалып, тілдің ұлттық ерекшелігі ретінде лексикада көрініс табады, оны адамның қатынас құралына айналдыратын – *грамматикалық категориялар*. Осыған орай, қазіргі таңда тіл ғылымында тілдік қатынас, ондағы тілдік тұлғаның ролі, тілдік тұлғаның тілді қолдануы мәселесімен тіл мен сөйлеу арақатынасын зерттейтін лингвистика салаларының бәрі де айналысады, алайда сол зерттеулерде А.Байтұрсынұлы тәрізді ұлт жанашырының: «Тілдің өзінің қойған орнынан басқа орынға қойса, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң оның түбі тілді бұзу, өзгерту болады. Қазақ тілін өзгертіп, татар тіліне қосу болса, онда солай деп ашып айтарға керек. Емлесін қата десек, тастап бізге келер деген ой - қата: ол жақсы мен жаманды, қисық пен түзуді айырарлық қазақта көз жоқ дегендік болады» деген ашынудан туған сөзі бүгін қазақ аспанында жаңғырып тұрғанын ескермейтін тәрізді.

А.Байтұрсынұлының: «Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң, тіл танытқыш кітаптардан оқиды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі. Біздің қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды» деген демекші қазіргі ұрпақ кімнен үйреніп тіл иесі болар екен?

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Атабаева М.С. Қазақ тіліндегі әдеби-диалектілік жарыспалы сөздер мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2014. – №2 (48). – Б.3-7.

2 Атабаева М.С. Диалектілік фразеологизмдер мазмұнындағы этномәдени ақпарат // Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №2(55). – Б.3-8.

3 Атабаева М.С. С.Жүнісовтің «Ақан сері» романындағы этномәдени бірліктер семантикасы // Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2013. – №1(43). – Б.3-6.

4 Байтұрсынұлы А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.

5 Байтұрсынұлы А. Қазақша сөз жазушыларға // Алаштың тілдік мұрасы. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2009. – Б.15-96.

6 Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Өнер, 2007. – 336 б.

7 Жұбаева О. Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 392 б.

8 Маманов И. Қазақ тілі білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – 488 б.

9 Исаев С. Қазақ тіліндегі сөздердің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.

10 Севортян Э.В. Фонетика турецкого литературного языка. – М.: Наука, 1955. – 38 с.

М.С. Атабаева¹

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

О ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ПРИРОДЕ ПАДЕЖНОЙ ФОРМЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Резюме

Грамматические категории содействуют превращению языковых средств в средства общения, которые в свою очередь, способствуют познанию картины мира в национальном сознании каждой нации и языковой картины мира. Свойственная особенность каждого языка, национальное мировоззрение отражаются из грамматической конструкции в сознании использующего языка сформированного в определенном национальном учреждении, поэтому грамматические категории являются важными в образовании языкового образа мира. К такому ряду категорий со множественными особенностями относится категория склонения.

В статье рассматривается этот вопрос, являющийся одним из актуальных в грамматике казахского языка. Как известно, казахский язык относится к группе агглютинативных языков, поэтому при выполнении соединительной функции между словами синтетический способ применяется больше, нежели аналитический. Это зависит от функции падежных окончаний, поэтому в настоящий период развития современного казахского языка вопрос анализа и изучения сущности падежной категории является наиболее важным. В статье проводится анализ научных заключений по вопросу подразделения семи падежей казахского языка по их функциям и семантике на *грамматические, пространственные и орудийные*, также определяются и раскрываются их своеобразные особенности.

Ключевые слова: падежные окончания, функциональная грамматика, синтетический способ, языковой образ мира, мировоззрение

М.Атабаева¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

FUNCTIONAL NATURE OF CASE FORMS IN THE KAZAKH LANGUAGE

Summary

Grammatical categories contribute to the transformation of language means in the means of communication which in their turn, contribute to the cognition of the world picture in the national consciousness of each nation and the language picture of the world.

The article deals with the issue which is one of the most actual in the grammar of the Kazakh language. As it is known, the Kazakh language is belonged to the group of agglutinative languages accordingly the synthetic method is used more than analytical when performing connective function between the words. It depends on the functions of case endings therefore issue analysis and study of the essence of case category is the most important in the present development period of modern Kazakh language. It is conducted the analysis of the scientific conclusion on the issue of seven cases division of the Kazakh language on their functions and semantics on *grammatical, spatial and means*, also it is defined and revealed their distinctive features in the article. These factors may contribute to putting in order deviation from the norm on the pages of modern printing, advertising, etc.

Keywords: category of case, the grammar, the scale, means, functional grammar, synthetic method, language picture of the world, world view

МРНТИ 16.01.11

Г.А. Әбдікерімова¹, Н.Ш. Базарбекова², И.А. Есболаева³

^{1,2,3}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа

Мақалада халықтың этногенезі, яғни, тұрмыс-салты мен әдеп-ғұрпы, наным-сенімі, өмір сүру ерекшеліктері, мекен-жайы, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысы қарастырылады. Мақалада синхрондық тұрғыдан сипаттамалы, тарихи-салыстырмалы, интерпретация әдістері бойынша зерттеу, жиналған тілдік бірліктерді жүйелеу, этнолингвистикалық, компоненттік талдау және т.б. тәсілдер пайдаланылады.

Тілдік бірліктерді мәдениет пен халықтың әдет-ғұрпымен, салт-санасымен байланыстыра зерттеу арқылы этнолингвистика мәселелерін шешу мақалада шешілетін басты мақсат болып табылады. Осы тұжырым біздің мақаламыздың да қағидасының негізін құрап, бағытын белгілейді. Көненің көзіндей тілдің қат-қабат қойнауларында сақталып қалған бұл дүниенің сыры мол. Оның тереңіне үңіліп, тарихымен тұтас қарап сырын ашу – этнолингвистиканың үлесі. Мақалада тілдік бірліктер мәдениет пен халықтың әдет-ғұрпымен, салт-санасымен байланыстыра зерттеледі, халық наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін, өмірін, дүниетанымын, сана-сезімін бейнелейтін тұрақты сөз тіркестері қарастырылады, тілдік нысандар мен деректер жаппай емес, зерттеудің нақты мақсаты мен тақырыптарына сай сұрыпталып алынып, саралай қарастырылады, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, таным-түсінігін, наным-сенімін, дүниетанымын бейнелейтін сөздер тақырыптық жағынан топтастырыла талданады.

Түйін сөздер: этнолингвистика, тілдік орта, салт-дәстүр, әдет-ғұрып

Қазақ мәдениеті – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениет. Ол ұлттық тәлім-тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші болып табылады. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық құралдардың келешек жас ұрпақты тәрбиелеудегі маңызы өте қомақты.

Белгілі бір халықтың этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан сөздер қоры бар. Ал этностық ерекшеліктер сол этностың тұрмыс-тіршілігіне, тарихи әлеуметтік, жағрафиялық жағдайларына, генетикалық, физиологиялық т.б. ұлттық ерекшелігіне байланысты болатыны белгілі.

Қазақ халқының ғасырлар бойын дамып, қалыптасқан ұлттық қасиеттері: меймандостық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімшілдік десек, рухани болмысы: өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, жадына сақтай білу қабілеттілігі. Белгілі бір халықтың сан ғасырлық даму жолы, оның әралуан таңбалары мен бейнелері бүгінгі күнге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жеткені айдан анық. Бірақ бұлар белгілі бір халық өмірінің бөлшегі, сынығы іспеттес. Халықтың шынайы даналығы мен дүниетанымы, пайым-парасаты тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайман, қару-жарақ, киім-кешек мен ас-ауқат, әдет-ғұрып, наным-сенім, ойын-күлкі, той-томалаққа қатысты ұғымдар атауы сөздер мен сөз тіркестері, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтел арқылы бізге жететіні күмәнсіз. Көненің көзіндей тілдің қат-қабат қойнауларында сақталып қалған бұл дүниенің сыры мол.

Халықтың өткен тарихын зерттеп білмейінше болашағын болжауға болмайды. Халықтың тарихы тек материалдық мәдени мұраларында ғана сақталмайды, сол кезеңдерде хатқа түсіп, бүгінге жеткен мұралар тілінде халықтық, ұлттық мәдени-рухани қазынасына қойылатын атаулар мен ұғымдардың сақталып жететіні бүгінгі күні дәлелденіп отыр. Осы мақалада қарастырылатын мәселелердің этномәдени құндылықтарды терең зерттеуде ұлттық және халықаралық деңгейдегі қолданысқа енуде пайдасы тиері сөзсіз.

Белгілі бір халықтың сан ғасырлық даму жолы, оның әралуан таңбалары мен бейнелері бүгінгі күнге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жеткені айдан анық. Бірақ бұлар белгілі бір халық өмірінің бөлшегі, сынығы іспеттес. Халықтың шынайы даналығы мен дүниетанымы, пайым-парасаты тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайман, қару-жарақ, киім-кешек мен ас-ауқат, әдет-ғұрып, наным-сенім, ойын-күлкі, той-томалаққа қатысты ұғымдар атауы сөздер мен сөз тіркестері, тұрақты тіркестер мен мақал-мәтел арқылы бізге жететіні күмәнсіз.

Осы тұжырым біздің мақаламыздың да қағидасының негізін құрап, бағытын белгілейді. Көненің көзіндей тілдің қат-қабат қойнауларында сақталып қалған бұл дүниенің сыры мол. Оның тереңіне үңіліп, тарихымен тұтас қарап сырын ашу – этнолингвистиканың үлесі.

Халықтың этногенезін, яғни, тұрмыс-салты мен әдеп-ғұрпын, наным-сенімін, өмір сүру ерекшеліктерін, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттеу үшін қазақ тіліндегі этномәдени бірліктер – құнды дерек болып табылмақ. Тілдік бірліктерді мәдениет пен халықтың әдет-ғұрпымен, салт-санасымен байланыстыра зерттеу арқылы этнолингвистика мәселелерін шешу – ұсынылып отырған ғылыми жобаның басты мақсаты.

Халқымыздың көне мұраларын жеткілікті деңгейде қарастырмағандықтан кезінде «Жазуы жас – младописьменный» халықтардың қатарына қосылғанымыз тарихи шындық. Мұның басты себебі, біріншіден, кеңестік идеологияның басты мақсаты халықты мәңгірттендіру саясаты болды. Осыдан

келіп, өзінің тарихын, мәдениетін мансұқ еткен ұрпақ пайда болды. Осы бір өзекті мәселенің себебін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Түптеп келгенде, күні кешелер ғана басқа этномәдени жүйенің ықпалында болған кейбір қазақтарымыздың мәдени дүбәралыққа (маргинализация) ұрынуы негізінен төл тарихын парықтай алмағандықтан» деп ашына айтқан болатын [1].

Халықтың өткен тарихын зерттеп білмейінше болашағын болжауға болмайды. Халықтың тарихы тек материалдық мәдени мұраларында ғана сақталмайды, сол кезеңдерде хатқа түсіп, бүгінге жеткен мұралар тілінде халықтық, ұлттық мәдени-рухани қазынасына қойылатын атаулар мен ұғымдардың сақталып жететіні бүгінгі күні дәлелденіп отыр [2]. Осы жобада қарастырылатын мәселелердің этномәдени құндылықтарды терең зерттеуде ұлттық және халықаралық деңгейдегі қолданысқа енуде пайдасы тиері сөзсіз.

Мақаланың негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары, яғни қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, таным-түсінігін, наным-сенімін, дүниетанымын бейнелейтін сөздер тілдік және этногенетикалық байланыстарды, сабақтастықты анықтауға жол ашады. Осыған байланысты, зерттеу жұмысының нәтижелері тілі тарихы мәселелерін зерттеуге өзіндік үлес қоса алады [3]. Зерттеу жұмысының нәтижелерін этнолингвистика, семасиология, қазақ тілі тарихы т.б. салалар бойынша дәріс оқуда, осы зерттеулер бойынша арнаулы курстар жүргізуге, лексикографиялық тәжірибеде пайдалануға, сондай-ақ оқу құралдары мен оқулықтар жазу үшін де қолдануға болады.

Қазіргі таңда этнолингвистика ғылымының зерттеу нысанына айналған қазақ халқының этномәдени бірліктері осы ғылым саласына қосылатын сүбелі еңбек болатындығына шүбә келтіруге болмайды. Бұған дейінгі этномәдени бірліктерге қатысты зерттеулердің басым бөлігі отандық ғалымдардың үлесінде екендігі белгілі. Бірақ ұлттық таным, салт-дәстүр, тіл мәселесі біршама қарастырылғанымен, нақты, жүйелі түрде зерделенген жоқ. Сол себепті өз жобамызда этномәдени бірліктерді заманауи тұрғыдан сабақтастықта насихаттауды, ұлттық мәдени мұрамыздың қазынасын кеңейтуді қаржыландырылу қарастырылып отыр.

Этнолингвистика – халықтың этногенезін тұрмыс-салты мен әдеп-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы. Тіл мәселелерін мәдениетпен халық әдет-ғұрпымен, салт-санамен байланыстыра зерттеу ХХ ғасырдың 20-70 жылдарында орын ала бастады. Тіл білімінде қалыптасқан екі түрлі бағыт бар. Олар негізінен Америка мен ФРГ-да дүниеге келген. Алғашқы этнолингвистикалық зерттеулер ретінде мына еңбектерді атауға болады: Эдуар Сепирдің 1921 жылы шыққан «Тіл», 1929 жылы шыққан «Лингвистиканың жайы», Б.Уорфтың «Тіл, ойлау және шындық» (1959) жинақтары. Э.Сепир индеецтердің көптеген тайпаларының тілдерін зерттесе, неміс лингвисті Л.Вайсгербер «Неміс тілінің күші» туралы төрт томдық еңбек жазды. Америка мектебі тіл мен мәдениетті негізгі проблема деп алса, Германия тіл мен халықты I орынға қояды. Яғни, тіл функциясын, оның қоғамдағы даму рөлін асыра сөз етеді. «Тіл адам санасы мен объективтік шындық арасындағы бірыңғай қатынас тізбегіне ене отыра, өзі сол санадан, объективтік шындықтан туған туынды болып табылады» дейді В.А.Звягинцев. Америка ғалымдарының еңбектерінде «этнолингвистика» терминінің орнына көбіне «антропололингвистика», «этносемантика» атаулары қолданылады. Осы бағытта зерттеулер жүргізген Ресей этнолингвистикасының өкілдері Н.И. Толстой, В.В. Иванов, В.Н. Топоровт т.б. Олар тілдің тарихын, этнолингвистикалық атластарын жасап, тілдегі және халық мәдениетіндегі аумақтық және әлеуметтік диалектілерді т.б. зерттейді.

«Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қамалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлар этнос өмірінің мың да бір елесі ғана, оның шын мәніндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-домалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана. Яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін» дейді.

Тіл мәселелерін мәдениет пен халық әдет-ғұрпымен, салт-санамен байланыстыра зерттеу Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов, М.Серғалиев, Б.Шалабаев, Х.Кәрімов, Ә.Ахметов, Ж.Манкеева, С.Сәтенова, А.Жылқыбаева, А.Мұқатаева, К.Аронов, Р.Шойбеков еңбектері мен зерттеулері қазақ этнолингвистикалық мектебінің негізі қаланып, бағыт-бағдарын, өзіндік зерттеу тәсілін қалыптастыра бастағандығын көрсетеді [4, 55].

Халқымыздың тіл арқылы ерекшелігін көрсететін басты байлығымыздың бірі – тұрақты тіркестер.

Халық өзінің өткен дәуіріндегі наным-сенімін, түйсік-түсінігін, ой-қиялын, тыныс-тіршілігін, өмірін, дүниетанымын, сана-сезімін аз сөзбен тұрақты тіркестер арқылы білдіруі қызығушылық туындатады.

Қазіргі тұрақты тіркестердің еркін тіркес түріндегі бастапқы мотивтері салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сенім, өнермен бірге көмескіленіп кеткен. Солардың мағыналарын тіл білімінің этнолингвистика саласы арқылы ұлттық мәдени негіздерге, салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға сүйене отырып, тұрақты тіркес болып қалыптасуын ашып көрсету біздің басты мақсатымыз болмақ.

Халық ұрпақтан-ұрпаққа қоғамдық және әлеуметтік тәжірибесін, рухани байлығын аға ұрпақ өзінен кейінгілерге мұра ретінде қалдырып отырады, сонысымен қоғамның материалдық және рухани мәдениетін жасайды. Осылайша сабақтастық жалғасып жаңа буын адамзат баласының басынан өткерген тарихынан ең таңдаулыларды өз бойына сіңіреді және ең озық үлгілерін дамыта беруге, қоғамның рухани құндылығының сан тіршілігін жаңа жағдайда байыта түсуге мүмкіндіктер туады [5]. Өз халқының әдет-салтын, мінез байлықтарын, салт-дәстүрлерін дәріптеуде, эстетикалық талғамын арттыруда және психологиясын байытуда зерттеу нәтижелерінің әсері мен әлеуметтік маңызы айрықша [6].

Қалай дегенде де қазақ тіліндегі этномәдени бірліктерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеудің, әдеби тілдің қалыптасу тарихы, тіл тарихы – тарихи фонетика, тарихи грамматика, тарихи синтаксис, тарихи лексикология салаларының қалыптасуын және дамуын анықтаудың тіл біліміндегі этнолингвистика саласы үшін де маңызы зор екені аян [7].

Біздің мақаламызда қазақ халқының әралуан салт-дәстүр, әдет-ғұрып, тыныс-тіршілігі, дүниетаным-көзқарасына қатысты әралуан халық ауыз әдебиеті жанрлары мен көркем әдеби шығармалардағы этномәдени бірліктер кең ауқымда қарыстырылып, өз бағасын алатын сияқты [8]. Қазақ халқындағы әралуан әдет-ғұрыптар, қыз баланы тұрмысқа беруге, ұл баланы үйлендіруге қатысты салттар, қыз айттыру, құда түсу, ұрын бару, атастыру сияқты әралуан салттарға қатысты халық ауыз әдебиетіндегі қалыптасқан сөз үлгілері, қаламгерлер шығармашылығындағы көркем әдеби туындылардағы осы салт-дәстүр көріністерінің сипатталу, суреттелу жайы қарастырылған [9]. Солар арқылы және қазіргі этнолингвистикадағы соңғы теориялық, әдістемелік жетістіктерді пайдалана отырып, этнолингвистикалық сабақтастық мәселелерінің тілдік қатпарлары анықталған [10].

Мақаламыздың ғылыми нәтижелері салалық, мәселен қазақ тілінің тарихы, тарихи лексикологиясы мәселелерімен тығыз байланыста қаралған [11]. Зерттеу жұмысы сол талаптардың толық орындалуына және осындай жұмыстарға қойылатын қазіргі заман сұраныстары мен талаптарының ескерілуіне байланысты тиянақты түрде, саналы деңгейде орындалды [12].

Қазақ халқының тарихи даму ерекшеліктерін өз бойында сақтап отырған осындай сөз маржандарын құрылымдық, танымдық жағынан терең зерттеу қазақ дүниетанымындағы, мәдениеті мен болмысындағы, рухани әлеміндегі, тіліндегі түрлі өзгерістердің табиғатын зерделеу, тарихи даму жолымен байланыста қарастыру барысында жасалған түйіндеулер мен тың тұжырымдарға жетелейтін қорытынды ойлар жинақталған деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. *Тарих толқынында*. – Алматы: «Атамұра», 1999. – 58 б.
- 2 Өмірзақ Т., Сансызбай Ә. *Қазақ тілі. 3 деңгей*. – Астана: «Келешек-Пресс», 2006. – 224 б.
- 3 Манкеева Ж.А. *Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері*. – Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2008. – 356 б.
- 4 Верецагин Е.М., Костомаров В.Г. *Язык и культура: Лингвострановедения в преподавании русского языка как иностранного*. – М.: Русский язык, 2000. – 262 с.
- 5 Керимбаев Е.А. *Этнокультурные основы номинации и функционирования казахских собственных имен: автореф. дисс. докт. филол. наук: 10.02.06*. – Алматы, 2002. – 61 с.
- 6 Кайдаров А.Т., Керимбаев Е.А. *Этнолингвистические аспекты казахской ономастики//Известия АН КазССР. Серия филологическая, 2002, №3*. – Б.67-71.
- 7 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. *Ономастика: зерттеу мәселелері*. – Алматы, 2005. – 240 б.
- 8 Жанузаков Т. *Очерк казахской ономастики*. – Алма-Ата: Наука, 2002. – 176 с.
- 10 Әлімбек Г. *Сөз мағынасы және ақпарат. Оқу құралы*. – Алматы: Атлас баспасы, 2001, 2006. – 168 б.
- 9 Исанова А. *Қазақ тілі. Оқу құралы*. – Алматы: «Қазақ университеті», 2009. – 221 б.
10. Скала К. *Социальная компетенция. Ключевые квалификации// WWW.uni-protokolle.de/Forum/25, 2003 (на нем.яз.) 20.09.2017*.
- 11 Nutmacher Walo. *Key competencies for Europe // Report of the Symposium Berne, Switzerland 27-30 March, 1996. Council for Cultural Co-operation (CDCC) a Secondary Education for Europe. Strasburg, 1997*.
- 12 Бисенбаева М.К. *Этномәдени деректер – антропоэктік бағыт арнасында // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №2 (56). – Б.38-42*.

Г.А. Абдикеримова¹, Н.Ш. Базарбекова², И.А. Есболаева³

^{1,2,3}Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ЯЗЫКОВЫХ ЕДИНИЦ, КАСАЮЩИХСЯ ОБЫЧАЯМ И ТРАДИЦИЯМ КАЗАХСКОГО НАРОДА

Резюме

Актуальность этой статьи связана с рассмотрением этногенеза народа, то есть традиций, верований, особенностей жизненного уклада, географического расположения, историко-культурной связи с другими народами. В этой статье были использованы синхронно-описательный, историко-сопоставительный методы, методы интерпретации, систематизации собранных языковых единиц, анализа этнолингвистических компонентов и другие методы.

Основная цель статьи – решение этнолингвистических проблем через изучение языковых единиц через национальные традиции и обычаи казахского народа. Данное утверждение составляет основной принцип нашей статьи и намечает ее направление. Много непознанного, сохранившегося в языке, берущего свое начало с древности. Заглянуть в его глубины и раскрыть его секреты в единстве с историей – задача этнолингвистики. В этой статье решаются этнолингвистические проблемы через изучение языковых единиц в тесной их связи с традициями народа, рассматриваются фразеологизмы, в которых отражены народные верования, понятия, мечты и чаяния, уклад жизни, мировоззрение, особенности мышления, рассматриваются языковые единицы не в целом, а подбирается исходя из конкретных целей и темы исследования, анализируются языковые единицы.

Ключевые слова: этнолингвистика, языковая среда, традиции, обычаи и обряды

G.Abdikerimova¹, N.Bazarbekova², I.Esbolayeva³

^{1,2,3}M.Auevov South Kazakhstan State University,
Shymkent, Kazakhstan

THE FUNCTION OF ETHNO-CULTURAL UNITS OF THE KAZAKH LANGUAGE IN THE LANGUAGE ENVIRONMENT

Summary

The new point of this project is connected with the ethnogenesis of the people, the traditions, believes, lifestyle characteristics, geographic location, historical and cultural relations with other Nations. In research have been used simultaneously-the descriptive, historical and comparative methods, methods of interpretation, compilation of language units, components and other ethno-linguistic analysis methods.

To find a solution of ethno-linguistic issues through the study of linguistic units in a close relationship with the customs and rites is the main objective of the project. This is the basic principle of our work and sets the main direction. There is much of the unknown, preserved in the language, originating from the ancient times. Look into its depths and reveal its secrets in unity with the history-this is a task for ethno linguistic. Purpose – the ethno-linguistic problems through the study of linguistic units in close relation with the traditions of the people, consideration of phraseological units, which reflect the folk beliefs, concepts, dreams and aspirations, lifestyles, attitudes, especially thinking, consideration of linguistic units not in general, but to pick up, on the basis of specific objectives and research themes, analyze the linguistic units, where it is reflected lifestyle concepts, beliefs, ideology of the people.

Keywords: ethno-linguistics, language environment, traditions, customs and ceremonies

МРНТИ 16.01.17

А.Әбиденқызы¹

¹Шыңжаң университеті,
Үрімші қ., Қытай Халық Республикасы

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТЫЙЫМ СӨЗДЕРДІҢ ЭТНО-МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ және қытай тілдеріндегі тыйым сөздердің (табу) этно-мәдени ерекшеліктері салғастырыла қарастырылады. Тыйым сөздер (табу) – әлем халықтарының дерлік бәрінің тілдерінде ежелден өмір сүріп келе

жатқан бір түрлі мәдени құбылыс ретінде адамдардың өзара тілдесуін, пікір алысуы мен әлеуметтік қарым-қатынасын реттеп отырады. Ал қазақ және қытай халықтары мәдениетіндегі алшақтық аталған халықтар тілдеріндегі тыйым сөздердің де айырмашылығына негіз болғаны белгілі.

Мәдениетаралық қарым-қатынас (跨文化交际 – cross-cultural communication) – қазіргі заманғы қарым-қатынастың аса маңызды құрамдас бөлігі. Демек, тілдегі тыйым сөздер құбылысын жақсы меңгеру – мәдениетаралық қарым-қатынасқа тіпті кең өріс ашып береді. Ал Қытай тілі мен қазақ тіліндегі тыйым сөздер күнделікті қарапайым тіршіліктен бастап, қоғамдық өмірдің барлық саласын қамтып жатқандықтан, екі тілдегі тыйым сөздерді дұрыс қолдану – екі халық өкілдері арасындағы өзара пікірлесу мен барыс-келісте ерекше маңызды рөл атқарады. Осындай өзекті мәселені арқау еткен бұл мақала қазақ және қытай тілдеріндегі тыйым сөздердің этно-мәдени ерекшеліктері нақты мысалдармен салғастырыла талданады.

Түйін сөздер: қазақ тілі, қытай тілі, тыйым сөздер (табу), эвфемизмдер, мәдениет аралық қарым-қатынас, этно-мәдени талдау

Жалпы тіл дегеніміз – ұлт мәдениетінің алтын қамбасы, сондай-ақ өзі де мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі болып есептеледі. Қытай тілі мен қазақ тіліндегі тыйым сөздердің қолданылу ерекшелігіне назар аударатын болсақ, көптеген айырмашылықтармен бірге, өзара ұқсастықтардың да бар екеніне куә боламыз. Осы айырмашылықтар мен өзара ұқсастықтарды дұрыс аңғарып, дұрыс бір жақты ету – тілді үйрену мен қолдануда көптеген жеңілдіктерге жол ашады. Өйткені тыйым сөздер – тілдің ішіндегі ерекше «тіл» болғандықтан, ол мейлі нақты қарым-қатынаста болсын немесе оқыту үдерісінде болсын, өзінің өзектілігін еш қашан жоғалтпайды. Әсіресе, қытай-қазақ халықтарының діни-мәдени айырмашылығы өте үлкен, тарихи-мәдени кешірмесі (біреуі ежелден көшпелі, енді біреуі ежелден отырықшы) де алыс жатқандықтан, олардың тіліндегі тыйым сөздердің «тыйым салу ауқымы» да сәйкес келе бермейді. Яғни, ұқсас бір зат (немесе құбылыс) екі халықтың тілінде екі бөлек мағынаға (тыйымға ұшырайтын немесе ұшырамайтын) ие болуы мүмкін. Сондықтан да мәдениеттанушылар, көп жағдайда, бір ұлттың тілін сол ұлт мәдениетінің айнасы деп жатады. Әрине, кез келген тілдегі «тыйым сөздерге» зер салатын болсақ, бұл тұжырымның өте орынды айтылғандығына екіленбей бас ізуге тура келеді.

Бүгінгідей ғылым мен техника ұшқан құстай самғап бара жатқан заманда, экономика мен мәдениетіміз жаһанданумен бетпе-бет келіп отырған кезде, мәдениет аралық қарым-қатынас қабілетімізді қалай көтереміз? деген сұрақ сәт сайын алдымыздан шығады. Өйткені мәдениет аралық қарым-қатынас қабілетімізді көтеру – бүгінгі Қазақ елінің әлеуметтік және халықаралық қарым-қатынасындағы аса өзекті ғана емес, күрмеуі күрделі мәселенің бірі екені жасырын емес. Әсіресе, Қазақ елі өз тәуелсіздігін жариялап, әлемдік қауымдастықтың бір мүшесі ретінде, дүниежүзі елдерімен тікелей, қоян-қолтық араласа бастағаннан бері, біздің мойнымызға тек өзімізді өзгелерге таныту міндеті ғана емес, сонымен бірге өзге елдерді тану міндеті де жүктелді. Сондықтан қытай тіліндегі тыйым сөздерді жақсы меңгеру, қытай-қазақ тілдеріндегі тыйым сөздердің айырмашылығы мен ұқсастықтарын жан-жақты бағамдау – екі халық ортасындағы мәдениет аралық қарым-қатынасқа жан бітіреді, оны жаңа бір сапалық белеске көтереді деп сенімді түрде айта аламыз.

Тыйым сөздер әлемдегі барлық тілдерге тән ортақ құбылыс. Сондай-ақ, ол қай тілде болмасын тіршіліктің барлық саласына қатысты айтылады. Сондықтан оны тек тілдік құбылыс ретінде немесе тек қана мәдени құбылыс ретінде ғана қарастыру жеткіліксіз. Бұл туралы түркі тілдес халықтардың тілдеріндегі тыйымдар туралы ішкерлей зерттеп жүрген көрнекті түрколог-ғалым, профессор Ә.Ахметов өзінің әйгілі «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» деп аталатын зерттеуінде: «Табу мен эвфемизмдер – кез-келген халықтың тілінен орын алған ауқымы кең этнографиялық лексика. Сондықтан да оларды этнография мен лингвистиканың шектес аймағын зерттейтін этнолингвистика ғылымының объектісіне жатқызған жөн» [1, 140], – деген болатын. Өйткені этнолингвистика – тілді оның мәдениетке қатысы тұрғысынан зерттейтін әрі лингвистикалық, этномәдени және этнопсихологиялық факторлардың біте қайнаса келіп, тілдің қызметі мен дамуына тигізетін әсерін зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

«Тыйым сөздер» халықарада «taboo» (табу) деп аталады. Бұл атауды ең алғаш ғылыми айналымға енгізген ағылшын жиһангезі Джеймс Кук (James Cook) деген адам. Ол 1777 жылы Тынық мұхиттың оңтүстігіндегі Тонга топ аралынан таңқаларлық бір құбылысты байқайды. Яғни, ондағы жергілікті халық өкілдері Дж.Кукке «кейбір сөздерді қолдануға болмайды», «кейбір сөздерді белгілі бір адамдар ішінара жағдайда ғана қолдана алады» деп түсіндіреді. Бұндай салт-дәстүрлерінің атын олар «табу» деп атайтындығын айтады. «Табу» – Тонга топ аралындағы жергілікті халықтың тілінде «Құдай» және «жұғысуға болмайды» деген мағналарды білдіретін сөз. Содан бастап «табу» сөзі Батыс

елдерінің этнография, социология, лингвистика, мәдениеттану, теология т.б. ғылым салаларына ресми түрде енгізілді. Дегенмен, бұл құбылыс Батыс елдерінің тілдерінде бұған дейін де бар болатын.

Жалпы табу мен эвфемизмдердің о бастағы туу себебіне келетін болсақ, ғылым мен мәдениет мүлде дамымаған, адамзат баласы өркениеттің ең төменгі сатысында өмір сүріп жатқан замандарда, адам табиғат дүниесіндегі тылсым күштер мен құбылыстардың алдында ырықсыз күйде өмір сүріп қана қалмастан, олардың сыры мен күдіретін түсінуге қауқарсыз болды. Осылайша, алғашқы адамдарда сол тылсым күштер мен құбылыстарға деген бір түрлі құрмет пен қорқыныш сезімі пайда болды да, олардың атын тікелей атамайтын, оларға бей-берекет жұғыспайтын әдет қалыптасты. Міне бұл «табудың» пайда болуының ең алғашқы әлеуметтік, психологиялық негізі еді. Сонымен бірге, кейіндеп адамзат қоғамында сөздің магиясына сену пайда болған кезде, табу мен эвфемизм одан сайын жандана, түрлене түсті. Сөз магиясына сену дәурендеп тұрған шақта, психологиялық фактор тіпті де маңызды рөл ойнады. Мәселен, теңіз және өзен жағалап өмір сүрген қытайлар «翻» (төңкеру, аудару, аударылу деген мағыналарды білдіреді) сөзін тіке айтуға қорқады және өзгелердің айтуына да тыйым салады. Осының салдары болу керек, Шаньдуң өлкесінің Чаңдао аралында тұратын қытай балықшылары «翻过来» (ау-на, аунат) деген сөзді «划过来» (есіп немесе жүзіп келу) деп, ал Гуандуң балықшылары «翻过来» деген сөзді «顺过来» (сәтімен келу) деп, Чаңдао аралында тұратын қытай балықшылары «帆布» (желкен) дегенді «篷布» (брезент) деп, ал Сучжоу жұмысшылары «抹布» (шүберек) деп «тергеп» айтады. Өйткені «аударылу» деген мағынаны білдіретін «翻» сөзін айтса, қайықпен балық аулап суда жүргенде қайық аударылып қалады деп қорқады. Ал «желкен» деген мағынаны білдіретін «帆布» сөзіндегі «帆» иероглифі «аударылу» дегенді білдіретін «翻» иероглифімен үндес болғандықтан, оны да тура айтуға тыйым салынған [2, 97].

Қысқасын айтқанда, жер бетіндегі қай халықтардың мәдениетін салыстыра, салғастыра қарайтын болсақ та, өзара айырмашылықтармен бірге, өзіндік ұқсастықтарды да аңғаруға болады. Ал осы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды айқын аңғарған адам былайғы жерде, мәдениет аралық қарым-қатынас барысында нені айтуға болатынын, нені айтуға болмайтынын жақсы білетін болады, сөйтіп «табудағы» ортақтықтан қарым-қатынастағы ортақтыққа қол жеткізеді. Ал айырмашылық арқылы өзге мәдениеттің ерекшелігін ұғынып, қарым-қатынаста қателесуден сақтанатын болады.

Қытай және қазақ тілдеріндегі тыйым сөздердің қолданылуындағы ортақ ерекшеліктер негізінен кейбір заттар мен құбылыстардың аттары, діни, психологиялық және физиологиялық ұғымдарды салыстырудан байқалады.

2. Қытай және қазақ тілдеріндегі тыйым сөздердің қолданылуындағы ортақ ерекшеліктер.

Жалпы прагматика – тілдердегі сөздердің қолданысын зерттейтін ғылым. Ол сөйлеуші мен тыңдаушы тұрғысынан адамдардың пікірлесу-сөйлесу қарекетінің сан алуан әлеуметтік жағдайлардың теңгерімінде болатындығына назар аударады, белгілі бір ортадағы белгілі бір сөздердің қолданылуын зерделейді, контекстің сөздердегі ұғымға беретін әсеріне ерекше ден қояды, сол арқылы прагматикалық заңдылықтарды ашады. Оның үстіне прагматика негізінен адамдардың тілдесу-сөйлесу қарекетінің этикалық нормаларына мойынсұнады. Мәселен, атау-шақыру сөздері де барлық тілдердегі ежелден қалыптасқан өзіндік шақыру жүйесі мен қағидаларын басшылыққа алады. Қазақ және қытай тілдерінде, адамдар бір-біріне кездескенде негізінен қарсы жақтың аты-жөнін айтады. Сәлемдесуде де өзара, алмакезек амандасатын қағида ұстанады.

Әлемдегі өзге де тілдер секілді, қытай тілінде де тыйым сөздердің өзіне тән ұзақ тарихы ғана емес, өзіндік мол қоры да бар. Сөз болып отырған екі тілдегі тыйым сөздерді бейнелеу тұрғысынан салыстырғанда мынадай ортақтықтарды байқауға болады:

1. Өлім, ауыру-сырқауға байланысты тыйым сөздер: Қытайлар ежелден бері «опат болу, өлу, жерлеу, жеңілу, быт-шыт болу» деген секілді жаман іс-әрекеттердің атын айтуды мүлде ұнатпайды. Әсіресе, жаңа жылды қарсы алу сәтінде, келін түсіріп, қыз ұзатқанда, үй салып жатқанда немесе жолаушы жүргенде, қандай да бір жарыстарға қатысқанда т.б. өте бір маңызды, қуанышты сәттерде жоғарыдағы секілді «жаман сөздердің» кімнің болса да ауызынан шығып кетпеуінен барынша сақтанады. Есесіне сондай жақсылықтардың тұсында қақпаға, есік-терезеге «шаттық, ізгілік, сәттілік, байлық» деген секілді сөздерді жазып, іліп қояды. Бұл сөздер аталған жақсылықтарды шақырады деп сенеді. Қытай халқының бұл жағындағы тыйымдары болсын, ырым-салттары болсын қазақ халқының тыйымдарымен, ырым-салттарымен өте ұқсас екендігін аңғару қиын емес. Мәселен, қазақ халқы да «өлім, ауру, мола...» т.б. деген секілді «жаман сөздердің» барынша ауыздан шықпауына көңіл бөледі. Олардың орнына «қайтыс болу, денсаулығы болыңқырамау, қорым...» деген эвфемизмдерді қолданады. Сөйтіп, «жақсы сөз – жарым ырыс» деп, ылғи да жақсы сөз айтуға тырысады.

2. Адамның дене мүшесіне қатысты тыйымдар: Жалпы адам баласының дене бітімі (мүгедектерді есепке алмағанда) бір-бірінен еш айырмашылығы жоқ бола тұра, дене мүшелеріне байланысты тыйымдар барлық халықта бар. Соның ішінде қазақ және қытай халықтары да адамның кеуде, бөксе тұсының аттарын, сондай-ақ жыныс мүшелерінің, диссимиляция мүшелерінің аттарын және олардың қызметін ашық, нақтап айтпай, оны евфемизмдер арқылы білдіреді. Мәселен, 乳房, 排泄器官, 生殖器官, 妇科病... деген евфемизмдер жоғарыдағыдай «анайы» естілетін дене мүшелерінің орнына қолданылады. Дегенмен қытай тілінің бұл саладағы тыйым талаптары қазақ тіліндегідей соншалықты қатаң сақталмайды. Қазақ тілінде барынша айналып өтуге тырысатын «放屁, 吃喝拉撒睡...» деген сөздерді қытайлар кәдімгі мәдени ортада да, ер-әйел аралас отырған бас қосуларда да аса қымсынбай-ақ айта береді.

3. Тәңірдің, құдайдың, өзге де әулие-әнбиелердің қасиетті ата-бабалардың атына қатысты тыйымдар: мейлі баяғының адамдары арасында болсын немесе қазіргі адамдардың ішінде болсын құдайға, аруаққа, қасиет-киеге аз ба, көп пе, бәрі бір иланатындар жоқ емес. Тарихта қытайларда діни сенім-нанымның түрі өте көп болғандықтан, солардан қалған тыйым сөздер де аз емес. Ең әуелі қытайлар құдайды, құдірет-киелерді, әулие-әнбиелер рухын ренжітуге тыйым салады. Сондықтан олар өздері сенетін құдайлары мен құрмет тұтатын құдірет-киелерін сөз жүзінде болса да елемей, құрметтемей отыра алмайды. Қытайлар отбасын, бала-шағаларының бақытты өмірі мен амандығын «есік пірі» (门神), «байлық пірі»(财神), «су пірі» (水神) қатарлы құдіретті перілер қорғайды деп сенеді. Осыған байланысты олар аталған перілердің суретін сатып әкеліп үйлерінің аулалары мен қабырғаларына, будханалардың аулалары мен қабырғаларына жапсырып қояды. Алайда суреттерді сатып әкелгенімен, «сатып әкелдік» деп айтпайды әрі өзгелердің де олай айтуына тыйым салады. Яғни «сатып әкелдік» десе, пірлер шамданады да, оларды қорғамай, жарылқамай қоюы мүмкін. Сондықтан «сатып әкелдік» (买来了) деген сөздің орнына, міндетті түрде «шақырып әкелдік» (请来了) деген сөзді қолданады. Бұл да қазақ халқының әулие-әнбиелердің басына барып мал сойып, құрбан шалғанда, тасаттық бергенде, кісі өлгенде молдаларға қатым-құран ақысы үшін беретін азды-көпті ақшасын «молданың еңбек ақысы» демей, «құдай жолына» немесе «Құран» жолына дейтінін еске түсіреді. Сондай-ақ қазақ халқында ежелден төрт түлік малдың пірі болады деген ұғым бар, яғни қой атасы – Шопан ата, түйе атасы – Ойсыл қара, жылқы атасы – Қамбар ата, сыйыр атасы – Зеңгі баба. Егер осы төрт түліктің әлде біреуіне індет келсе немесе әлде біреуі дұрыс өсіп-өніп құтаймаса, сол түліктің піріне жалбарынады. Тіпті ерте кезде қазақ халқында, әсіресе қазақ байларында «жылқы, сыйыр, қой, түйе» деп, ол түліктердің атын тікелей атауға тыйым салған. Яғни олардың атын «Қампар ата тұқымынан бес үйір бар», «Зеңгі баба тұқымы құтаймай жүр», «Ойсыл қара тұқымын өсірсем бе деп жүрмін»... деген секілді евфемизмдермен атайтын. Тура осыған ұқсас жағдай тарихта қытай халқында да болған, бірақ олардікі біздегідей төрт түлік мал емес, тышқан, кірпі, ақ тышқан, түлкі, жылан қатарлы қайуанаттар еді. Ол замандарда бұлардың атын атауға қатаң тыйым салынған. Бұл жағдай әсіресе ежелгі қытайдағы театр труппаларының жұмысын бағалаудағы басты шарт болып есептелді. Егер театр артистерінен кімде-кім осы қайуанаттардың атын атап қойса қатаң жазаға тартылатын. Сондықтан қалыптасқан үрдіс бойынша олардың аттарын «灰八爷», «白五爷», «黄大爷», «大仙爷», «柳七爷» деген эвфемизмдермен ауыстырып айтатын [3, 107]. Бұдан өзге, бұрынғы өткен замандарда солтүстік-шығыс қытайдың Чанбайшань тауы өңірін мекендейтін қытайлықтарда жолбарысқа құдай ретінде табыну дәстүрі болған. Ондағы жергілікті халықтың түсінігінде жолбарыс орман патшасы. Ол адамдарды жыртқыш аңдардан қорғайды, сөйтіп адам баласына бақытты өмір сыйлайды деген түсінік болған. Соған байланысты олар жолбарыстың атын баттыйтып айтуға тыйым салған. Осыдан барып «жолбарыс» деген сөздің орнына «тау серісі», «тау перісі» деген эвфемизмдер пайда болды.

4. Адамды янаттауға қатысты тыйымдар: Адамзат өз тарихында алғашқы қауымдық қоғамнан бастап, кейінгі құлдық, феодалдық қоғамдардан өтіп, дами келе, өркениетті қоғамға аяқ басқаннан бастап, өндірістік және әлеуметтік қатынас барысында бір-бірін янаттамауды, бір-біріне тіл тигізбеуді, бір-бірінің намысына тиетін сөз айтпауды, мәдениетті сөйлеуді, сыпайы пікірлесуді талап ете бастады. Өйткені янат сөздер басқалардың (әсіресе тыңдаушы объектінің) ашу-ызасын келтіреді, намысын қоздырады, сөйтіп тараптардың өзара қақтығысына мұрындық болады. Бұндай янат сөздер қай халықта болмасын, көп жағдайда сүйкімсіз немесе жабайы қайуанаттардың атымен (ит, қаншық, сыйыр, шошқа, доңыз, есек т.с.с.) байланысты айтылады. Бұндай сөздерді естіген адамның бей-жай қалуы екіталай. Сондықтан болу керек, бір кездерде Англия Парламенті депутаттардың жиналыс

залында айтуға болмайтын сөздердің тізімдігін жасап, сол тізімге енген сөздерді Парламент отырысында қолданған депутатқа қатаң шара қолданатын заң қабылдаған болатын. Ондай сөздердің бастылары «cheeky, liar, prevaricating, fascist...» деген секілді янат сөздер еді [4, 125]. Қытайда заңмен тыйым салмағанмен, янат сөздерді айтуға әлеуметтік тыйым жоқ емес. Мысалы, 他妈的(шешенді..., 该死的(өле қалғыр), 砍头的(басың кесілгір), 挨炮的(оқ тигір) деген қарғыстарға тыйым салынған. Сонымен бірге тыйым салынғанына қарамастан, солтүстік Қытай өңірінен мынадай янат сөздерді, мәдениеті төмен, тәрбиесі нашар адамдардың бір-біріне бей-берекет, қалай болса солай айтып жүргенін естіген шетелдіктер оларды әшейін қолдана беруге болатын сөздер екен деп қалуы ғажап емес. Мысалы, 混蛋, 懒蛋, 笨蛋, 捣蛋, 捣蛋鬼, 王八蛋 деген сөздер қоғамдық ортада болсын немесе адамдардың бір-біріне, өзара болсын айтуға тыйым салынғанымен, қарапайым еңбек адамдары арасында, мәдениеті мен сауаты төмен адамдардың ішінде теңтұстар, құрбы-құрдастар, жақын достар бір-біріне айта береді. Бұндай жағдай біздің қазақ халқында да бар. Мәселен, мәдениетті, тәрбиелі ортада айтуға тыйым салынған боқтық сөздерді былайғы қарапайым адамдар шетінен сыдыртып айта береді. Мәселен, «шешенді..., әкеңнің аузын..., қызыңды..., оңбаған, салдақы, албасты, ит неме, бұзық, жер жастанғыр, өле қалғыр, сұмырай, суайт, алдамкөс ...» т.с.с. бәдік сөздерді олар бір-біріне айтқанда, маңайындағы елдің де еститінін ескермейді. Егер қытайдың да жоғарыдағыдай тыйым салынған янат, бәдік сөздерін сол елге барғанда қолданып қалсаңыз, бәлендей бірдеңе бүлініп кетпеуі де мүмкін, алайда әрісі туған халқыңыздың ар-намысы мен өркениетіне, берісі өзіңіздің тәрбиеніз бен мәдениетіңізге нұқсан келтіріп алуыңыз бек мүмкін.

3. Қытай және қазақ тілдеріндегі тыйым сөздердің қолданылуындағы өзгешеліктер.

Қазақ және қытай халықтарының діни сенім-нанымы, дәстүрлі мәдениеті тым алыс (көшпелі және отырықшы) жатқандықтан, олардың дүниетанымы мен эстетикалық талғамының ұқсамауы заңды да. Бұл айырмашылық өз кезегінде мәдениет аралық қарым-қатынастағы азды-көпті болса да өзіндік түсініспеушілікке алып келмей қоймайды. Ондай түсініспеушілікті болғызбау үшін, екі халықтың тіліндегі тыйым сөздердің ерекшеліктеріне, әсіресе өзгешелігіне көбірек назар аударуға тура келеді.

1. Бізде кейбір ашық, баттыйтып айтылмайтын, тек сол ойды өзгеше бір эвфемизмдер арқылы білдіретін сөздер қытайларда тыйым сөзге жатпайды. Мәселен, қазақ халқы өзінің және біреудің баласын «не деген семіз...», «керемет сұлу екен», «сұмдық зерек екен...», «кішкентай болып алып, өзі не деген бәле...» т.б. деп мақтау айтпайды. Оның орнына «томпақ екен немесе толықтау екен...», «әдемі бала екен...», «ақылды екен...», «сергек екен...» деген секілді эвфемизмдерді қолданады. Ал қытайлар болса, «那么胖», «太漂亮了», «很聪明», «这小子, 那么厉害» ... деп айта береді. Бұның себебі екі халықтағы сөз магиясына деген сенімнің ұқсамайтындығынан. Яғни біз қатты мақтаса, тым таң қалса «тіл, көз» тиеді деп ырымдайтын болсақ, қытайларда бұндай ұғым болмауы мүмкін, болған күннің өзінде, басқа жағдайда кездесуі мүмкін.

2. Сан-цифрға қатысты тыйымдар. Қазақ халқында қасиетті сандар деген ұғым бар, мәселен, 7, 9, 12, 40 деген секілді. Ал бірақ «жаман сан» жоқ. Ішінара тақ сандардан гөрі жұп сандарды қадірлеу байқалғанымен, оның өзі мүлде тыйым салынған сандар емес. Ал қытай халқы ежелден бері «4» деген цифрдан барынша қашып, мүлде аудақ жүруді қалайды. Тіпті қазіргі салынып жатқан кейбір таңдаулы, жайлы үйлерде «№4» немесе «№44» пәтер жоқ. Ал жалпы ондай үйлердегі пәтерлер қымбат болғанымен, төртінші қабаттың бағасы барынша арзан болады. Ұялы телефон нөмірінде де, машина нөмірінде де «4» деген цифр араласқан болса, оларға қатысты компаниялар тарапынан түрлі жеңілдіктер жасалады. Ілгеріректе «4» жасқа толған балаларын да «4 жаста» демей, «5-ке таяп қалды» деп айту дәстүрі болған. Ал той-томалақ, үлкен қуаныш үстінде, жаңа жылды қарсы алу кешінде «төрт» деген сөз мүлде айтылмайды. Бұның себебі қытай тіліндегі «төрт» (四) деген сөздің «өлім» дегенді білдіретін «死» деген сөзбен үндестігінде жатыр. Есесіне қытайлар «8» деген цифрды өте қастерлейді. Құрамында «8» саны бар нөмірлер (пәтер, телефон, машина нөмірлері) біршама қымбат бағаға саудаланады. Оның себебі Оңтүстік қытай диалектісінде сөйлейтіндер «8» санын (八) «ба» деп емес, «fa» деп дыбыстайды. Бұлай дыбыстау «баю» деген ұғымды білдіретін «发» иероглифінің дыбысталуымен (fa) ұқсас. Демек, қытайлардың ұғымында күнде-күнде, сағат сайын байлықты шақыратын осы сөз айтыла берсе, ол күндердің күнінде сөзсіз мол байлық алып келеді деп сенеді.

Қытай және қазақ тілдеріндегі тыйым сөздергі, егер жіңішке ішкерілей зерттейтін болсақ, ол әрине үлкен бір монографиялық еңбекке жүк болары даусыз. Ол әрине, болашақтың еншісіндегі шаруа.

Қысқасы, тыйым сөздерді зерттеу барысында, біз кез-келген тілдегі осынау «табу» дейтін құбылыстың жалпы бұрынды-соңды адамдардың тілдік қарым-қатынасында ерекше маңызды рөл

атқаратындығын айқын аңғарамыз. Себебі табу сол халықтың тіліне ғана емес, тіпті мәдениетінің барлық саласына тамырын терең жіберген этнолингвистикалық құбылыс. Осы тұрғыдан келгенде біз ағылшын тіліндегі эвфемизмдерді ішкерілей қарастырып жүрген ғалым, профессор М.Ш. Жұмағұлованың «дәуір ағымына сай зат, нәрсе, әрекет атауларын тура номинациямен, яғни сөйлеуші үшін де, тыңдаушы үшін де әбестеу көрінетін мазмұны төмен, стильдік реңкі бәсең сөздің табулық формаларын қолданудың жиілеу бастауы аталмыш тақырыптың маңыздылығын тіпті де жоққа шығара алмайды» [5, 37] деген пікірімен толықтай келісеміз. Өйткені тыйым және эвфемизм дәстүрінің өн бойында сол халықтың ұзына тарих бойындағы әлеуметтік, мәдени, діни, психологиялық факторлары жинақталған. Сондықтан қытай және қазақ халқының тілдеріндегі табулардан шамалы ұқсастықтармен қоса, жоғарыдағыдай көрнекті айырмашылықтардың болуы заңды да. Осы тұрғыдан келгенде, қытай-қазақ тілдеріндегі тыйым сөздерді салғастыра зерттеу – лингвистикалық зерттеулер мен лингвомәдени саланың дамуына кең өріс ашып берумен бірге, қытай тіліндегі сөздерді дұрыс қолданып, мәдениет аралық қарым-қатынасты ақаусыз жандандыруға, сондай-ақ қытай тілін оқыту үдерісінің сапасын арттыруға да игі ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахметов Ә. Түркі өркениеті // Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Арыс, 2009. – 334 б.
- 2 康家龙. 语言的艺术. 北京: 海潮出版社, 2003. – 302页.
- 3 彭增安. 语用修辞文化. 上海: 学林出版社. – 1998. – 154页.
- 4 王文仲. 人类文明的发展. 南京: 文艺出版社. – 2007.
- 5 Жұмағұлова М.Ш. Қазіргі ағылшын тіліндегі эвфемистік субституттар туралы // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. – №3 (49). – 2014. – Б.35-39.

А.Абиденкызы¹

*¹Синьцзяньский университет,
г. Урумчи, КНР*

ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ТАБУИРОВАННЫХ СЛОВ В КАЗАХСКОМ И КИТАЙСКОМ ЯЗЫКАХ

Резюме

В данной статье рассматривается сопоставительный анализ этно-культурных особенностей слов табу в казахском и китайском языках. С древних времен в каждом языке слова табу являются особым явлением культуры, которые регулируют межличностные и социальные отношения в том или ином обществе. Известно, что очевидные различия культур казахского и китайского народов служат своеобразной основой особенности табуированных слов в данных языках. Межкультурная коммуникация (跨文化交际- cross-cultural communication) является неотъемлемой частью взаимоотношений в настоящее время. Следовательно, освоение такого культурного пласта как слова табу способствует расширению рамок общения в межкультурной коммуникации. Слова табу в китайском и казахском языках употребляются и в повседневной жизни и в разных общественных сферах общения, поэтому данная единица играет важную роль во взаимоотношении двух языков.

Учитывая вышесказанное, данная статья написана на актуальную тему и отражает сопоставительный анализ этно-культурных особенностей слов табу в китайском и казахском языках.

Ключевые слова: казахский язык, китайский язык, табуированные слова (слова табу), эвфемизмы, межкультурная коммуникация, этно-культурный анализ

A.Abidenkyzy¹

*¹Xin Jiang University,
Urumqi, Chinese People's Republic*

ETHNO-CULTURAL FEATURES OF TABULATED WORDS IN CHINESE AND KAZAKH LANGUAGES

Summary

In this article, author considered a comparative analysis of ethno-cultural features of the taboo words in Kazakh and Chinese languages. Since ancient times in every language the taboo words are a special phenomenon of culture that regulate interpersonal and social relations in a particular society. It is known that the obvious differences in the cultures of the Kazakh and Chinese peoples serve as a kind of basis for the feature of taboo words in these languages. Cross-

cultural communication (跨文化交际 -) is an integral part of the relationship at the present time. Consequently, the development of such a cultural layer as a taboo words helps to expand the scope of communication in intercultural communication. The taboo words in Chinese and Kazakh languages are used both in everyday life and in various social spheres of communication, therefore this unit plays an important role in the relationship between the two languages.

Considering the foregoing, this article is written on an actual topic and reflects a comparative analysis of the ethno-cultural features of the words taboo in Chinese and Kazakh languages.

Keywords: Kazakh language, Chinese language, taboo words, euphemisms, intercultural communication, ethno-cultural analysis

FTAХР 16.21.43

Г.Қ. Бакубаева¹

¹ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясы,
Алматы қ., Қазақстан

ШЫҒЫС СЕПТІКТІ ЖАНАМА ТОЛЫҚТАУЫШТАР

Аңдатпа

Бұл мақалада сөйлем мүшелері, соның ішінде шығыс септігіне қатысты жанама толықтауыштар туралы ілім сөйлемнің синтаксистік құрылысы жөніндегі ілімнің құрамдас маңызды бөлігі болып табылатыны жөнінде сөз болмақ. Қазіргі әдеби тіліміздегі сөйлем мүшелерінің қай-қайсылары болса да, сонау ерте заманнан келе жатқан көне категориялар. XV ғасырдан бергі кезеңдегі жазба ескерткіштерде сөйлемнің қазірде бар тұрлаусыз мүшелерінің барлық түрлері кездеседі. Негізінен алғанда, ол мүшелердің тұлғалық белгілерінде де, басқа мүшелермен байланысу тәсілдерінде де айтарлықтай үлкен өзгерістер байқалмайды. Сөйлем мүшелерінің негізгі белгілері, жасалуы, тыныс белгілері туралы стиль ғылыми ой-пікірлер бірінші кезеңде жан-жақты берілген. Бұл кезеңдегі зерттеулерде сөйлем мүшелерінің жасалуы жайлы тыңғылықты пікірлер, әсіресе А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов тыңғылықты пікірлер айтып, ал 1940-1949 жылдары жарық көрген еңбектерде сөйлемнің тұрлаусыз мүшелерінің екі түрлі – толықтауыш пен анықтауыш бір-бірінен ажыратылып қарастырылды. Шығыс септікті сөздер жанама толықтауыштармен бір комплексте қарастырғанда олардың мағыналарына сүйене отырып, оның жалпы комплекстік әсерін анықталатыны берілген.

Түйін сөздер: толықтауыштар, шығыс септік, пысықтауыш, тура толықтауыш, табыс септігі, тұрлаусыз мүшелер, септік жалғау, көмектес септік, ұқсас

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегінде халықтар арасындағы бірлікті нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу, тіл мәдениетін орнықтыру мәселелеріне тоқталып: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру», – делінген [1, 1].

Шығыс септегіндегі жанама толықтауыштар, көбінесе, заттың неден, қандай материалдан істелгенін, қимыл процесінің мекендік арнасын заттың орнын, бір заттан екінші заттың баяндауыштық сапасының артық-кемдігін білдіреді (М.Балақаев). Сондай-ақ, іс-әрекеттің объектіге араласу, шектесуін, заттың арнасын білдіреді (О.Күлкенова). Іс-әрекеттің шығу объектісін, тегі, тобы ретінде көрінетін объектісін, салыстыру объектісін, іс-қимылдың әрекетіне түсетін бөлшектік объектіні, іс-қимылдың басталған мекенін, мезгілін білдіреді (Р.С. Әміров).

Шығыс септік тұлғасындағы жанама толықтауыш сөздер мен пысықтауыштардың шектесетін жерлері – екеуінің де іс-әрекет, қимылға қатыстылығы. Бірі іс-қимылдың мекендік, мезгілдік басталу арнасын, шығуын, оның немен жүзеге асқанын көрсетсе, енді бірі іс-әрекеттің қай жерде, қашан, қалай болғандығын көрсетеді.

Толықтауыш пен пысықтауышты бір-бірінен ажыратуда бұл жерде де сөздердің тектік мәні, семантикасы негізге алынады. Шығыс септік жалғауының негізгі мағыналары – істің, әрекеттің шығар көзін, іс-әрекеттің таралған, ажыраған объектісін білдіреді. Шығыс жалғауының осы басты мағыналық ерекшелігі сонау ескі дәуірден қалыптасқан қолданылу жүйесі болып табылады. Қазіргі кезде тілімізде шығыс септік тұлғасы ретінде -дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен қосымшалары қолданылып жүр. Түркі тілдерінің өте ескі кезеңдерінде шығыс мәнін беретін арнаулы қосымша болады ма дейтін мәселеде бірсыпыра зерттеушілер шығыс септік қызметін Күлтегін мен Тоныкөк ескерткіштері тілінде жатыс жалғауы атқарғанын, шығыс септіктің арнаулы тұлғасы өте сирек ұшырайтынын айтады. Осыған байланысты М.Томанов мынадай мысалдар келтіреді:

Өңден қағанғару сү йорыдым (Т). “Оң жақтан хандыққа қарай әскер аттанды”. Иарақлығ қантан

келіп йаңа елтіді? “Жарақтылар қайдан келіп тозғындатты?”

Осындағы “өңден” сөзі шығыс тұлғалы екендігі, мекендік мәнде қолданылғандығы айқын. Шығыс септік жалғауының этимологиясы да зерттеушілер назарынан тыс қалмаған. Олардың кейбіреулері шығыс септік жалғауының алғашқы бөлігі жатыс септігінің жалғауы деп қарайды. Б.А. Серебрянников соңғы –н элементі құралдық мәнді емес белгілі бір орыннан басқа жаққа жұмсалған қимылдың бағытын, білдіретін қосымша деп есептейді. Қазіргі шығыс септігінің мағынасын ескере отырып, М. Томанов ғалымның бұл пікірінің шындыққа жанасатындығын айтады. Сөйтіп -дан құрамы тарихи тұрғыдан былайша түсіндіреді «-да істің статикалық (қозғалыссыз) мекенін білдіреді де, -н істің бағытын білдіреді. Осы ізбен таман, дейін, шейін, кейін сөздері құрамындағы –н-ді де бір кезгі сондай қосымша деп қарау керек» [2, 163].

Тіл тарихына арналған еңбектерде шығыс септігінің мынадай мағыналары бары көрсетіледі:

- Әрекеттің себебін білдіреді. Мысалы: Ер ышдаын қорқуды. “Ер істен қорықты”.

- Іс-әрекеттің болатын, болған уақытын білдіреді. Мысалы: Соң расында таш білен ташлап өр дүрдүрлер.

- Кейде шығыс жалғаулы сөздер – іс-әрекеттің пассив субъектісін де білдіреді. Мысалы: Бурун айтылы пайғамбардан.

- Заттың, әрекеттің сараланғанын, салыстырмалы сынын да білдіреді.

Мысалы: Барчадан күчлу, барчадан татлы.

- Заттың тегін, негізін білдіру үшін де қолданылады. Бұл әсіресе фольклорлық шығармаларда жиі кездеседі. Шығыс септігінің бұл мәні соңғы кездерде ғана қалыптасқандығы туралы да айтылады.

Сондай-ақ көне ескерткіштердің тілінде шығыс септігі табыс және жатыс септіктерінің орнына қолданылған. Әсіресе шығыс септігінің жатыс септігімен мәндес жұмсалуды өте актив болған. Бұл мәндестік, сірә, осы екі жалғаудың генезистік бірлігіне байланысты болса керек. «Қазіргі тілімізде де кейде жатыс пен шығыс жалғауларының арасында айқын семантикалық жік байқала бермейтінін, соның өзі бір кездегі формалық ұяластықтың салдары болса керек» дейді М.Томанов [2, 165].

Шындығында да, жатыс септігі мен шығыс септігі арасындағы осындай ұқсастықтардың нәтижесінде болса керек, олардың мағыналарын бір-бірінен ажыратуда көптеген қиыншылықтарға кездесіп жатамыз. Себебі жатыс септігі өзінің табиғатында аты айтып тұрғандай мекендік, орын мәнінде жұмсалып, көп жағдайда пысықтауыш қызметінде келеді. Шығыс септігі де пысықтауыштың қызметінде келеді. Жанана толықтауыш болған кезде шығыс септікті сөз кімнен? неден? немесе кімдерден? нелерден? деген сұрақтарға жауап беріп, іс-әрекеттің объектілік қырын толықтырып тұрады. Әйтсе де, шығыс септігі негізінен мекенді білдіреді. С.Аманжоловтың пікірінше оның түбірі жатыс септігімен бір. Ол сөздің мағынасына қарай “қашан?”, “қашаннан?” деген сұрауларға жауап береді; қалай, қайтіп... сұрауларына да жауап береді. Сондықтан мұның мағынасы көп дейді. П.М. Мелиоранский шығыс септіктің мынадай жағдайларда қолданылатынын көрсетеді:

- бір затқа қатысты әрекеттің қай қырынан болып жатқанын көрсетеді: алаштан асқан батыр, көктен түсіп келген тұлпар;

- іс-әрекеттің басталу қайнар көзін білдіреді: Петербургтан шыққанымға үш ай болды.

- етістіктің басқару қабілеті осы септік арқылы жүзеге асады: айырылу, құтылу, сақтау, болу, құр қалу, құтқару етістіктерімен. Мысалы: Ата-шешесінен айырған. Қалмақ халқынан бірнеше жүз отбасы бөлінді. Сені құдай сақтасын аурудан!

- (іс-әрекеттің) қашу, жасырыну, ұялу, қорқу, жиіркену, сескену секілді етістіктермен келетін деректі, дерексіз сөздер шығыс септігінде келеді: одан қаштым, аюдан қорыққан орманға бармас т.б.

- алу, тартып алу, сатып алу, сұрау секілді адамға қатысты етістіктермен келетін жанды зат есімдер шығыс септіктен жасалады: досыңнан сұра т.б.

- бүтіннің бір бөлшегі болса, бүтінге шығыс септігі жалғанады: Балықтан ас пісіріп қойғыздым.

- бір нәрсенің неден жасалған материалы шығыс септігінде тұрады: тастан қалады т.б.

- белгілі бір затпен байланысқа немесе қатынасқа түсетін затты білдіреді: Жағасынан ұстап алып ұрды жерге.

Ғалым соңғысының өз ішінде 5 түрі бар екенін айтады [Мелиоранский].

Қазіргі қазақ тіл білімінде шығыс септігінің мынадай мағыналары белгілі:

1. Орынды, мекенді, маңайды көрсетеді. Мысалы: *Самолеттен түскен Дәулет пен Масақбайды күтушілер, әсіресе, Сырбай тани алмай қала жаздады* (С.М.).

2. Қорқатын я қорықпайтын объект затты көрсетеді, сол затқа шығыс жалғауы жалғанады. Мысалы: - *Уа, кет, жоғал! Құдайдың көрін көріп болған Қодар Құнанбайдың көрінен қорқар деп не*

ең? Жоғал арман! – деп, айдап жіберген (М.Ә.).

3. Заттың неден істелгенін, тегін көрсетеді. Мысалы: *Түлеген бұғының терісінен істелген ішікті жамылып, пеш жағындағы ағаш текшенің үстінде шал жатыр* (М.Сибиряк).

4. Заттың, адамның белгісін көрсетеді. Мысалы: *Қызын қабағынан танитын анасы оның ойын білген жоқ* (Ғ.М.).

5. Бөлшектелетін бүтінді көрсетеді. Мысалы: *Бір бақаннан бір қазық шығара алмады* (Ғ.Мұст.).

6. Жай-күйді білдіреді. Мысалы: *Қарт науқасынан айықты* (Ғ.С.).

7. Қимылдың қарқынын, барысын көрсетеді. Мысалы: *Сақай ал деп озғаннан озуда*.

8. Істің мезгілін, шағын көрсетеді: Мысалы: *Ахмет жасынан ұсталықпен кеткен адам* (Ғ.Мұст.).

9. Қимылдың сипатын көрсетеді. Мысалы: *Дәулет үндеместен жүгіре берді* (С.М.).

10. Істің тездігін көрсетеді. Мысалы: *Дулат Абайға салғаннан ұнады* (М.Ә.).

11. Істің, заттың мөлшерін көрсетеді. Мысалы: *Осы қыста қой өлтірмей аман шығарып, қозыны жүз қойға жүз он бестен беріспек* (М.Ә.).

12. Бағытты, ниетті көрсетеді. Не керісінше. Мысалы: *Айтқанынан қайтпайтын Жақын ұсынысын қайтып алды* (Ғ.М.).

13. Салыстыру мәнін білдіреді. Мысалы: *Өлімнен ұят күшті* (Мақал).

14. Істің себебін көрсетеді. Мысалы: *Ол тым қауырт жұмыспен жүргендіктен аялдамады* (М.Ә.).

15. Істің, заттың істелу тәртібін білдіреді. Мысалы: *Үштен, төрттен, бес-алтыдан шоғырланған ел кісілері, қала халқы* (М.Ә.).

16. Әдетті, дағдыны білдіреді. Мысалы: *Көргеннен, білгеннен аспау, барды қанағат қылу, жоқты іздемеу – ой мешеулігі* (Ғ.М.).

17. Қимыл объектісін білдіреді. Мысалы: *Қарын тасқа түнгі жортуылдан таң ата кеп жатқан түлкі дәл үстінен түспесе, қаша да қоймайды* (М.Ә.).

18. Адамның қабілетін білдіреді. Мысалы: *Олардың жұмыс істеуге жағдайы бар, әрі жұмыс істеу қолдарынан келеді* (Ә.Ә.).

Шығыс септік тұлғасында берілген сөздердің барлығы да жанама толықтауыш қызметінде келмеген. Мұндағы жанама толықтауыштардың орынды, мекенді, маңайды көрсететіндігі күмән тудырады. Алайда 1-мысалдағы “самолетпен” сөзіне қайдан? деген сұрақ қоя алмаймыз. Бұл жерде мекендік мәнді білдіретін зат есімдер мен заттық мәндегі зат есімдердің мағыналық ерекшеліктерін ажыратып алу керек. Мекендік мәндегі “көк” (көктен түсу), “үй” (тұратын мекен-жай мәнінде), жер (жерден шығу), аудан, облыс, Алматыдан т.б. зат есімдер мен мекен үстеулер қайдан? деген сұраққа жауап беріп, сөйлемде мекен пысықтауыштың қызметін атқарып тұрады. Ал “машина”, “самолет”, “ат”, “поездан”, “арбадан” деген зат есімдер неден? сұрағына жауап беріп, жанама толықтауыш болады. Себебі бұл сөздердің мекендік емес, құрал, заттық мәні басым. Сол себепті аттан – қайдан? – түсті, арбадан қайдан?, есектен – қайдан? түсті деп айта алмаймыз. Жанама толықтауыштың шығыс септік тұлғасында келіп, қорқатын я қорықпайтын объектіні көрсетуі “қорку” етістігімен, я болмаса осы сөздің “төбе шашы тік тұрды”, “зәресі зәр түбіне жетті” деген сияқты синонимдік түрлерімен тікелей байланысты болса керек. Бұл жерде оны -дықтан, -діктен себеп пысықтауыш жасайтын қосымшалармен шатыстырмау керек.

Қазақ тілінде, сондай-ақ, шығыс септікті толықтауыштық қатынаста келген етістікті сөз тіркестерінің ішкі мағыналық парадигмасы мынадай модельдер арқылы көрсетіледі:

1. Заттың жасалған тегін көрсетеді – *бетоннан жасалған* – S/6 + V т.б.

2. Орынды, мекенді, маңайды көрсетеді – *самолеттен түскен* – S/6 + V т.б.

3. Заттың, адамның белгісін көрсетеді – *даусынан таныды* – S//6 + V т.б.

4. Бөлшектенетін бүтінді көрсетеді – *жүзден жиырма бес* – Num/6 + Num/A.c./ т.б.

5. Жай-күйді білдіреді – *дерттен жазылған* – S/6 + V/ес/т.б.

6. Салыстырылатын затты көрсетеді – *ойынан ісі шапшаң* – S/тәу/6 + S/тәуIII/6 + Adj т.б.

7. Адамның қабілетін білдіреді – *қолынан келеді* – S/тәуIII/6 + V т.б.

Шығыс септік парадигмасының ішкі мағыналық мүмкіншілігін осымен бітті дей алмаймыз. Бір модель бір ғана емес, бірнеше мәнді білдіре алады. Осыған байланысты жанама толықтауыштардың мағыналарының да ішкі түрлері ажыратыла түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қабатаева К.Т. Білім жүйесіндегі мемлекеттік тілді оқыту технологияларының жаңашылдық дәстүрі // Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №3 (57). – Б.240-242.

2 Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казак-киргизского языка. – Ч.2: Синтаксис. – СПб. – М., 1897. –

Г.К. Бакубаева¹

¹Академия Пограничной службы КНБ Республики Казахстан,
г. Алматы, Казахстан

ИСХОДНЫЙ ПАДЕЖ КОСВЕННОГО ДОПОЛНЕНИЯ

Резюме

В данной статье раскрываются члены предложения, которые являются синтаксическим строем членов предложения, косвенных дополнений в отношении союзов. В современном литературном казахском языке любой член предложения – это категория, дошедшая к нам с древних времен. В письменных памятниках XV века мы наблюдаем виды всех членов предложения, используемых в настоящее время. В основном, личностные обозначения категорий того времени и современных членов предложений, методы их связи с другими членами не подверглись особым изменениям. В исследованиях того периода относительно образования членов предложения особенно можно отметить взгляды А.Байтурсынова, К.Жубанова, а в 1940-1949 годах в научных трудах члены предложения рассматривались в рамках различия дополнения и обстоятельства. Опираясь на значение совместного использования исходного падежа с косвенными дополнениями, определяется их комплексное влияние.

Ключевые слова: дополнение, исходный падеж, обстоятельство, косвенное дополнение, прямое дополнение, винительный падеж, второстепенные члены, падежное окончание, предложный падеж

G.Bakubayeva¹

¹Academy of Border Guard Service of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan

THE INITIAL CASE OF AN INDIRECT COMPLEMENT

Summary

This article discloses the members of the proposal, which are the syntactic structure of the members of the proposal, the indirect additions to the unions. In the modern literary Kazakh language, any member of the proposal is a category that has come down to us from ancient times. In the written monuments of the 15th century, we observe the types of all members of the proposal currently used. In general, the personal designations of the categories of the time and the current members of the proposals, the methods of their connection with other members, have not undergone any special changes. In the studies of that period concerning the formation of the members of the proposal, one can especially note the views of A.Baitursynov, K.Zhubanov, and in 1940-1949 in the scientific works the members of the proposal were considered within the framework of the difference in addition and circumstance. Relying on the importance of sharing the initial case with indirect additions, their complex influence is determined.

Keywords: complement, initial case, circumstance, indirect addition, direct complement, accusative case, secondary terms, case ending, prepositional case

МРНТИ 16.21.41

М.М. Божбанбаева¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

КОГНИТИВНЫЙ ПОДХОД К ИЗУЧЕНИЮ ГЛАГОЛОВ ФИЗИЧЕСКОГО ВОСПРИЯТИЯ МИРА У ЧЕЛОВЕКА (НА МАТЕРИАЛЕ ГЛАГОЛОВ ЗРИТЕЛЬНОГО ВОСПРИЯТИЯ)

Аннотация

Одной из активно развивающихся отраслей современной антропоцентрической научной парадигмы является когнитивная парадигма, перспективность которой заключается в изучении языка с позиций человека с учетом всех его особенностей: интеллектуальных, физических, психологических, возрастных, этнических и др. В связи с этим, объектом настоящей статьи являются глаголы зрительного восприятия в русском и казахском языках, а предметом – выявление степени соотносительности систем физического и ментального восприятий у человека. Целью данной статьи является выявление степени соотносительности систем физического и ментального восприятий у носителей разноструктурных языков. В статье использованы такие методы, как описательный, сопоставительный и интерпретационный. Теоретико-методологическую базу статьи составляют труды ведущих зарубежных и отечественных лингвистов в области семантики. Источником извлечения фактического материала являются словари различной типологии русского и казахского языков.

Ключевые слова: глаголы зрительного восприятия, когнитивный подход, русский язык, казахский язык,

физическое и ментальное восприятие, взаимосвязь, паремия

Антропоцентрическая научная парадигма в лингвистике выдвинула на первый план язык человека, соответственно все языковые явления объясняются с позиции человека. Особую ценность приобретает информация, полученная из анализа речевых проявлений, прежде всего информация об их содержательной стороне. Это помогает понять человека, его лингвистическую природу, которая варьируется в национально специфичных языковых репрезентациях, поскольку организация мира семантики во многом носит идиоэтнический характер. По этому в лингвистической литературе читаем; «три разных плана существования самого человека – общий, биологический, во-первых, социальный и более конкретный, во-вторых, и личностный, индивидуальный, самый конкретный, в третьих» [1, 16], которые требуют учета при проведении лингвистического исследования с учетом человеческого фактора. Учет этого фактора способствует реконструкции образа человека и через него и с его помощью «наивную» (языковую картину мира, описать основные системы, из которых складывается человек [2, 348]. Не подлежит сомнению факт взаимодействия этих систем и составляющих их компонентов друг с другом. Так, на это обстоятельство указывает тесная связь системы восприятия физического мира у человека с ментальной системой. Исследователи предполагают основанность этой связи настолько на их сходстве, сколько на прямых, равноположенных и смежных отношениях.

Как отмечают Мусатаева М.Ш. и Екшембеева Л.В., «онтология речевой коммуникации имеет ряд аспектов, включающий личностный, пресуппозиционный и культурный аспекты: первый аспект координирует знаковым образом свойства и ресурсы языковых личностей коммуникантов, второй осуществляет знаковую координацию свойств и ресурсов пресуппозиций языковых личностей коммуникантов, а третий осуществляет знаковую координацию свойств и ресурсов культур коммуникантов» [3, 246].

Одной из активно развивающихся отраслей современной антропоцентрической научной парадигмы является когнитивная парадигма, перспективность которой заключается в изучении языка с позиций человека с учетом всех его особенностей: интеллектуальных, физических, психологических, возрастных, этнических и др. Это обстоятельство актуализирует анализ различных лексико-семантических групп той или иной части речи в когнитивном аспекте.

В связи с этим, *объектом* настоящей статьи являются глаголы зрительного восприятия в русском и казахском языках, а *предметом* – выявление степени соотнесенности систем физического и ментального восприятий у человека.

Целью данной статьи является выявление сходства и различия степени соотнесенности систем физического и ментального восприятий у носителей разноструктурных языков.

В статье использованы такие *методы*, как описательный, сопоставительный и интерпретационный.

Теоретико-методологическую базу статьи составляют труды ведущих зарубежных и отечественных лингвистов в области семантики.

Источником извлечения фактического материала являются словари различной типологии русского и казахского языков.

Процесс восприятия отличается от ощущения целостностью, поскольку при этом человек воспринимает целостный и вполне определенный образ, связывая увиденное со своим опытом, знаниями о мире. Восприятие обладает такими свойствами, как *константность*, заключающейся в относительном постоянстве образа воспринимаемого объекта, и *структурность*, благодаря чему тот или иной предмет каждый раз узнаваем нами. Поскольку значение процессуального признака присуще категории глагола, поэтому в данной работе для анализа взяты единицы именно этой части речи. Как известно, Л.М. Васильев в своей работе «Семантика русского глагола» подразделяет глаголы зрительного восприятия на целенаправленные (смотреть) и нецеленаправленные (видеть), активные и пассивные, результативные и нерезультативные глаголы, а также их отрицательные и каузативные корреляты [4].

То, что зрительное восприятие является когнитивным процессом, подтверждается следующим высказыванием И.Ю. Колесова: «... это прежде всего сенсорный процесс, это формирование изображения, его острота, ясность, ясность того, что видимо глазу, а зрительное восприятие является когнитивным процессом, способностью осмыслить то, что видит глаз [5, 11].

Мониторинг научных трудов, посвященных изучению лингвистической природы глаголов зрительного восприятия, позволяет выделить различные направления, в которых проводились эти исследования. При структурализме – лексико-семантический, словообразовательный, формально-

синтаксический, функционально-семантический и стилистический. При антропоцентрической научной парадигме наиболее актуальными становятся исследования в лингвоконцептуальных, лингвокогнитивных, психолингвистических, этнопсихолингвистических, лингвокультурологических, этнолингвистических и сопоставительных аспектах.

В теоретических исследованиях по психологии и когнитологии зрение и зрительное восприятие разграничиваются как *сенсорный* и *когнитивный* процессы. Это обстоятельство актуализирует изучение актуализации восприятия в языке: зрение – это формирование изображения, его острота, ясность того, что видимо глазу, а зрительное восприятие является способностью осмысливать то, что видит глаз. В результате восприятие включает ряд таких способностей, как получение зрительной информации, обработка полученной информации и её осмысление. Этим проблемам посвящены работы У.Найссера, Р.Арнхейма, Ч.А. Измайлова, В.А. Звегинцева, Д.Марра, В.П. Зинченко, М.К. Мамардашвили и др. Следовательно, восприятие можно рассматривать как часть когниции, поскольку оно неотделимо от концептуального содержания сознания.

Систематизация этих лингвистических исследований позволяет выявить следующий круг проблем:

✓ анализ номинативных единиц в различных аспектах (лексический, грамматический и др.) со значением зрительных процессов на материале сопоставления как разноструктурных, так и близкородственных языков представлен в трудах К.Альм-Арвиуса, Ю.Д. Апресяна, Н.Д. Арутюновой, К.Бейкера, А.Виберг, Н.Гисборна, Е.В. Ильчука, Д.Каплана, Е.С. Кубряковой, Г.И. Кустовой, Е.Масловой, Е.В. Падучевой, Э.Суитсера, Г.В. Степановой, А.Усонене, Т.Д. Шабановой, Н.Ю. Шведовой и др.

5 Жинкин Н.И. Вопрос и вопросительное предложение // Вопросы языкознания. – 1955. – №3. – С.22-34.

6 Пешковский А.М. Русский синтаксис в научном освещении. – М., 1938. – 452 с.

7 Searle, J. Speech Acts // Syntax and Semantics. – 1976. – Vol. 3. – P.187-210.

8 Воробьева Е.Н. Вопросительное предложение и контекст// Вестник Костром. гос. пед. ун-та им.

Н.А. Некрасова. – 2009. – Т. 15, №1. – С.49-52.

9 Қазақ тілінің грамматикасы. Синтаксис II бөлім. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1967. – 282 б.

10 Ерназарова С.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксисінің бірліктерінің прагматикалық негіздері. – Алматы, 2001. – 246 б.

11 Мостовая Л.А. Риторический вопрос в группе косвенных речевых актов // Вестник РУДН. Сер. Русский и иностранные языки и методика их преподавания. – 2009. – №4. – С.39-45.

12 Винантова И.В. Классификация косвенных речевых актов, выраженных в вопросительной форме. На материале английского языка // Вестник Челябин. гос. ун-та, 2009. – №43 (181). – С.31-34.

А.М. Есенбаева¹

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмета Ясави,
г. Туркестан, Казахстан

ПРАГМАТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР ВОПРОСИТЕЛЬНОГО ПРЕДЛОЖЕНИЯ

Резюме

В статье рассматриваются прагматические особенности вопросительного предложения. Действия, возникающие во взаимодействии между адресатом и адресантом, имеют прагматичный вес в общении. А также приводятся разные аспекты рассмотрения вопросительных предложений многими исследователями. Вопросительные предложения не только выполняют функцию вопроса и получения на него ответа, в них выражаются мысли ученых о сущности некоторых явлений. В данной статье рассмотрены не прагматические формы вопроса, а некоторые типы целей коммуникации, такие как оценка, убеждение, возражение, вызов через вопросительные предложения в коммуникации. Поэтому вопросительные предложения делятся на разные категории в зависимости от значения предложения, от цели и функций, а также от языковой функции.

Ключевые слова: прагматика, вопросительные предложения, адресант, адресат, коммуникация

А. Yessenbayeva¹

¹Khoja Akhmet Yassawi international kazakh-turkish university
Turkestan, Kazakhstan

PRAGMATIC CHARACTER OF INTERROGATIVE SENTENCES

Summary

The article deals with the pragmatic features of the interrogative sentences. The actions that arise in the interaction between the addressee and the narratee have a pragmatic weight in communication. There are also various aspects of the consideration of interrogative sentences by many researchers. In addition, given the conclusions of scientists that the function of interrogative sentences is not only the question itself, the receipt of a response or information, but an expression of the thought of the addressee about the essence of phenomena, the relationship to events. This article does not consider the pragmatic forms of the question, but some types of communication goals, such as assessment, persuasion, objection, challenge through interrogative sentences in communication. Therefore, interrogative sentences are divided into different categories depending on the meaning of the proposal, on the purpose and functions, and on the language function.

Keywords: pragmatics, interrogative sentences, addressee, narratee, communication

FTAXP 16.01.17

Қ.Ж. Жумабеков¹

¹Өмер Халис Демир Университеті,
Нийде қ., Түркия

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ТҮРІК ТІЛІ АРАСЫНДАҒЫ ЖАНУАРЛАРҒА ҚАТЫСТЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ ӨЗАРА СӘЙКЕСТІЛІГІ

Аңдатпа

Түркі тілдері сан ғасырлар бұрын түрлі саяси және тарихи жағдайларға байланысты бір бірінен ажырап қалса да, күні бүгінге дейін ортақ рухани мұраларын сақтап келеді. Сондай мұралардың бірі – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер – талай ғасырлардан бері ұрпақтан ұрпаққа ауысып келген халықтық мұра. Мақал-мәтелдер әрі ықшам, әрі көркем түрде жасалып, келелі ой, кең мазмұнды қамтиды. Мақал-мәтелдердің ішінде

тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да қолданылатындары бар. Мақал-мәтелдер көбінесе образды, бейнелі түрде келіп, астарлы түрде жеткізіледі және түрлі тақырыптарға бөлініп, әр түрлі салада қолданылады. Ғылыми мақалада қазақ тілі мен түрік тілі арасындағы жануар атауларына қатысты мақал-мәтелдер қарастырылған. Жан-жақты талдау жасалынып, екі тілдегі мақалдар-мәтелдердің сәйкестілігі мен баламалығы көрсетілген. Сонымен қатар, екі тілдегі жануар атауларына қатысты мақал-мәтелдерге нақты мысалдар берілген.

Түйін сөздер: жануар, қазақ тілі, түрік тілі, түркі халықтары, мақал-мәтелдер, табиғат, мәдениет, тәжірибе

Түркі тілі Балқаннан Таяу Шығысқа дейін, Орталық Азиядан Иранға дейін және Қытай мен Моңғолия, Ресейдің солтүстігіне қарай созылып жатқан кең аймаққа жайылған тамыры терең ежелгі тіл болып табылады. Бүгінгі таңда осынау кең далада жалғасын тапқан түркі тілдес халықтардың тілдері тарихи және саяси себептерге байланысты жиырмадан астам тілдерге бөлінген. Көптеген процестерге және ассимиляциялық саясаттың жүргізілуіне байланысты түркі тілдері арасындағы айырмашылықтар өсті, сондай-ақ осы түркі әлемінің қауымдастығы арасындағы түсініктілік қарқынының төмендеуіне себеп болды. Алайда, түркі халықтары аталған қиыншылықтарға қарамастан ортақ құндылықтары мен мәдениетін сақтап қалған. Ортақ құндылықтарымыздың ең маңызды бөлігі, сөзсіз, – мақал-мәтелдер.

Мақал-мәтелдер – ұлттың дүниеге көзқарасы, әрбір мәселеге деген құнды ойлары ең тиімді жолмен түсіндірілген қысқа ықшамдалған нақыл сөздер. Бұл нақыл сөздер жүздеген немесе мыңдаған жылдардан келе жатқан өмірлік тәжірибенің қалыптасқан үлгісі болып табылады. Басқаша айтқанда, ұлттардың немесе бір тамырдан тараған халықтардың мақал-мәтелдері өзіне тән қасиеттерін де айқындайды (1). Мақал-мәтелдерді түркі халықтарының ортақ мәдениетін зерттеу тұрғысынан қарастырсақ, өте үлкен мәні болатыны анық. Мақал-мәтелдер халық тарапынан қабылданған қысқа ықшамдалған ғибрат сөздер болып табылады (2). Қоғамдағы халық өміріндегі мәселелердің көпшілігі мақал-мәтелдерде көрініс табады. Сондай-ақ, адамзат өмірінде ерекше орын алатын жануарлар да мақал-мәтелдерде кездеседі. Сондықтан да, жануарларға қатысты мақал-мәтелдер маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Бұл мақалада қазіргі таңдағы қазақ және түрік тілдеріндегі жануарларға қатысты мақал-мәтелдер қарастырылған. Аталған екі тілдегі мақал-мәтелдердің сәйкестілігі айқындалған және жануарларға қатысты мақал-мәтелдердің қолданылу жиілігі көрсетілген.

Мақала жазу барысында қазақ тіліндегі Зейнеш Күміс Мухиттың "Türkçe Açıklamalı Kazak Atasözleri" кітабында 5000 мақал-мәтелдер, ал Түрік тіліндегі 8600 мақалдан тұратын Мұстафа Нихат Өзөннің «Atasözler» кітабынан жануарларға қатысты 1099 мақал-мәтелдері табылған.

Мақал-мәтелдер қазіргі таңда әр түрлі салада қолданылады. Бұлардың кейбіреулері метафоралық мағынада қолданылса, ал кейбір мақал-мәтелдер нақты мағынасында қолданылады. Бұлардың кейбір бөлігі адамдардың табиғатпен қарым-қатынасын көрсетеді (3). Табиғаттың бір бөлігі болып табылатын жануар атаулары мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мақаламызда көптеген жануарлар аттарына қатысты мақал-мәтелдер талқыланды.

Біз қазақ-түрік мақал-мәтелдерінің тұжырымдамасына қарайтын болсақ, қазақ тілінде жылқыға байланысты мақал-мәтелдер көбірек. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде 5000-ның 291-і (32.73%) жылқыға байланысты мақал-мәтелдер. Яғни, жылқыға байланысты мақал-мәтелдердің көбірек қолданылғаны байқалады. Мысалы: ақылсыз жігіт ауыздықсыз атпен тең. Ала жылқы жоғалмайды. Арғымақ бірде жалды, бірде жалсыз. Ер жігіт бірде малды, бірде малсыз.

Ал түрік тіліндегі 1099 мақал-мәтелдердің 114-і (10.37%) жылқыға байланысты. Мысалы, ас at yol almaz, ас it av almaz, arık ata kuyruğu da yüküdür, arpa verilmeyen at, kamçı zoruyla yürümez, aslan kükrerse atın ayağı kösteklenir т.б.

Қазақ тілінде жылқыдан кейін есекке қатысты мақал-мәтелдер 16 рет (1,8%) кездеседі. Мысалы: Есек мінгеннің екі аяғына тыным жоқ. Есекке күміс ер жараспас. Есек семірсе, иесін тебер.

Түрік тілінде есек 89 рет (8,1%) кездеседі. Мысалы: Adam adamdır olmasa da pulu, eşek eşektir atlastan olsa çulu, Aksak eşekle yüksek dağa çıkılmaz, Alçacık eşeğe herkes biner т.б.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердерге қарайтын болсақ, сиырға байланысты 53 (6%) мақал-мәтелдердер кездеседі. Мысалы: Сүзеген сиырға қудай мүйіз бермейді. Ақылды өгізден ақымақ ат артық. Байлаулы ит үреген, байлаулы өгіз сүзеген т.б.

Түрік тілінде есектен кейін сиыр 76 рет (6,9%) кездеседі. Мысалы: İneğin sarısı, toprağın karası, İnek gibi süt vermeyen, öküz gibi kutan sürer , Zayıf öküze bıçak olmaz т.б.

Қазақ тілінде түйеге байланысты мақал-мәтелдер көбірек. Яғни 86 рет (9,67%) кездеседі. Мысалы: Түйе қашып жүктен құтылмас. Түйе құзға келеді, күйеу қызға келеді. Түйенің үлкені көпірде таяқ жейді.

Түрік тілінде түйеге байланысты мақал-мәтелдер 44 рет (4%) кездеседі. Мысалы: Şahin ile deve avlanmaz, Devenin derisi eşeğe yük olur, Bir tutam ot deveye hendek atlatır т.б.

Мақалда қарастырылған қой, ешкі, қозы, қошқар т.б. ұсақ малдар түркі мәдениетінде маңызды орынға ие екені байқалады. Қазақ тілінде 889 мақал-мәтелдің 119-ы (10,83%) ұсақ малдарға қатысты болып келеді. Мысалы: Қой көп болса, қой арам өледі. Таутеке тауға шықпаса, тұяғы қышиды. Екі қошқардың басы бір қазанға сыймас т.б.

Түркі мәдениетінде қолға үйретілген жануарлардан бөлек жыртқыш және жабайы жануарлардың да маңызды орны бар. Мәселен, Қазақ тілінде 226 рет (10,1%) кездеседі. Мысалы: Арыстан аш болады, доңыз тоқ болады. Аюдан қорыққан орманға бармас. Бір барстың өлігі, жүз түлкіні тойдырар.

Түрік тілінде 305 рет (27,75%) кездеседі. Мысалы: Aç aslandan tok domuz yeğdir, Aç kurt aslana saldırır, Yürük tazıyı tilki sevmez т.б.


Қазақ мақал-мәтелдерінде құсқа байланысты 226 (25,44%) мақал-мәтелдер кездеседі. Мысалы: Қыран бүркіттің балапаны биікке қарай ұшады. Құстың қуы сауысқан. Көкек өз атын өзі шақырады.

Түрік тілінде 183 рет (16,64%) кездеседі. Мысалы: Karga keklіği taklit edeyim derken kendi yürüyüşünü şaşırmış, Kartala bir ok değmiş, yine kendi yeleşinden, Alacağına şahin, vereceğine karga (kuzgun) т.б.


Қазақ тілінде жылан, балық, шыбын-шіркей т.б. байланысты мақал-мәтелдер де орын алады. Олар 31 рет кездесіп 3,49 пайызды құрайды. Мысалы: Жылан ирендеп жүреді, сүйрендеп кіреді. Борсық ұрған сайын семіреді. Шегірткеден қорыққан егін екпес т.б.

Түрік тілінде 169 рет (15,4%) кездеседі. Мысалы: Denize düşen ылана sarılır, Balık baştan avlanır, Araba ile tavşan avlanmaz т.б.

Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер



Түрік тіліндегі мақал-мәтелдер



Сурет-1. Қазақ тілі мен Түрік тілдері арасындағы жануарларға қатысты мақал-мәтелдердің салыстырмасы

«Баламалық» ұғымы / Мақалдардағы баламалылық. Салыстырмалы зерттеулер тұрғысынан алғанда, көптеген зерттеулер басқа тілдердің мақалдарында баламалылығына байланысты боп келеді.

Ең алдымен, балама дегеніміз не, соны қарастырайық.

«Балама» сөзі – «Түрік сөздігінде» «Мәні жағынан бір біріне тең болған (нәрсе), ал баламалық «тең болу жағдайы» ретінде түсіндіріледі (3, 733). Өзлем Берк бұл ұғымға екі анықтама береді. Алғашқысы, «бастапқы және мақсат тілдегі мәтіндердің немесе кішкентай тілдік бөлшектердің арасындағы байланыстың табиғаты мен форматын бейнелеу үшін қолданылған ұғым». Екіншісі, «... Теоретиктердің пікірінше, баламалық түбегейлі басқа сөздермен өзіндік бірдей жағдайды қайталайтын процесс, мысалы, бастапқы және мақсат тіл мүшелерінің түбегейлі басқа болған мақалдар-мәтелдердің аудармаларында қолданылады» (4, 121-122). Басқа сөзбен айтқанда, баламалық мақал-мәтелдерде өте жиі кездеседі. Бірі оғыз, екіншісі қыпшақ топтарына жататын екі тілдің мақал-мәтелдерінде үш түрлі баламалық тобы бар: тура баламалық, жартылай баламалық және еш сәйкес келмейтін баламалық.

Тура баламалық, бастапқы тілдегі мақал-мәтелдердің мақсат тілде де мағынасын бұзбай, сол

қалпында қолданылуы. Бұл топтағы мақал-мәтелдер аудармаларда көп мәселе тудырмайды, себебі екі тілде құрылымдық жағынан да, мағыналық жағынан да бір біріне ұқсас болып келеді. Мысалы, түрікшедегі 'Karga karganın gözünü oymaz' мақалы «жаман жолмен пайда тапқандар бір бірінің ісіне кедергі болмайды» деген мағынаны білдіреді. Бұл мақалдың қазақшадағы тура баламасы «Қарға қарғаның көзін шұқымайды». Зерттеу нәтижесінде бұл топқа 2992 мақал-мәтел (22%) енгізілген.

ТТ: Bir yıla tavşan derisi de dayanır – **КТ:** Bir yılğa koyan terisi de şıdaydı.

ТТ: İnsanın alacası içinde, hayvanın alacası dışında – **КТ:** Adam alası içinde, mal alası sirtında.

Жартылай баламалық, бастапқы тілдегі мақал-мәтелдерде кездесетін сөздердің ең болмағанда біреуінің мақсат тілдегі мақал-мәтелдерде кездесуі немесе тура келуі. Мысалы, түрікшедегі 'Kurt komşusunu yemez' мақалы «қаншалықты жыртқыш болса да, жақындарына тиіспейді, оларға зиян келтірмейді» мағынасында қолданылады. Қазақшада осыған ұқсас «Қасқыр да жолдасына қастық қылмас» мақал кездеседі. Бұл топқа жататын мақал-мәтелдердің мағыналары бір, бірақ құрылымдық жағынан әр түрлі болып келеді. Зерттеу нәтижесінде 5848 мақал-мәтел (43%) табылды.

ТТ: Atlı yayaуla yoldaş olmaz – **КТ:** Attı akısını jayaуға jibermeydi.

ТТ: Eceli gelen keçi çobanın dayaғına sürünür – **КТ:** Eşkini kuday urarda, şopanının tayaғı tiyer.

Еш сәйкес келмейтін баламалық, бастапқы тілдегі мақал-мәтелдердің мақсат тілде прагматикалық және морфологиялық жағынан еш ұқсастықтары болмайды. Бұл топтағы мақал-мәтелдер тек қана аударма арқылы түсіндіріледі. Зерттеу барысында 4760 (35 %) мақал-мәтел табылды.

Қорытынды. Түркі мәдениеті мен өркениет тарихында жануарлар маңызды орынға ие екені рас. Мысалдарда көрсетілгендей, жануарларға байланысты мақал-мәтелдер арқылы өмірде кездесетін мәселелер түсіндірілсе, кейде адамдардың мінез-құлқы және өмірлік ұстанымдары бейнеленеді.

Қарастырылған мәселеде қазақ тілі мен түрік тілдері арасындағы жануарларға байланысты мақал-мәтелдерді салыстырғанда айырмашылықтарынан гөрі ұқсастықтары байқалады. Алайда, осындай ұқсастықтарды әлі де сақтап қалып, келешек ұрпаққа жеткізе білу ғалымдардың қолында.

Қазақ ғалымдарының бірі Шәкір Ыбраев «Бізге түркі халықтарының бірлесуіне әр ұлттың рухани мирасы мен тарихи мұраларын қайта жаңғырту қажет» дейді. Қарастырылған мақаламызда түркі әлемінің бірлестігі үшін қажет болатын мәселе көтерілгендігіне сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Mehmet Yardımcı, "Makedonya ve Diğer Türk Yurtlarında Söylenen Ortak Atasözleri ve Deyimler". – Мәкедония, 1998. – 739 б.

2 Hatice Şahin. Kazak Türkçesi ve Türkiye Türkçesindeki Atasözleri Üzerine Bir Karşılaştırma Denemesi. – 1999. – 67 б.

3 Hakkı Yazıcı. Afyon karahisar Ata sözlerinin Coğrafi Analizi. Ulusal Coğrafya Kongresi. – Ыстамбұл. – 415 б.

4 Zeyneş Gümüş Muhittin. Türkçe Açıklamalı Kazak Atasözleri. – Анкара, 1995. – 417 б.

5 Mustafa Nihat Özön. Türk Atasözleri. – Ыстамбұл, 1956. – 516 б.

К.Ж. Жумабеков¹

¹Университет Омер Халис Демира,

г. Нийде, Турция

ПОСЛОВИЦЫ, СВЯЗАННЫЕ С НАЗВАНИЯМИ ЖИВОТНЫХ В КАЗАХСКОМ И ТУРЕЦКОМ ЯЗЫКАХ

Резюме

В научной статье были рассмотрены пословицы, связанные с названиями животных в казахском и турецком языках. Был сделан всесторонний анализ и в ходе этого выявлено соответствие пословиц на двух рассматриваемых языках. Хотя много веков назад тюркские языки были отделены друг от друга из-за различных политических и исторических событий, они по-прежнему сохраняют свое духовное наследие. Одно из них – пословицы и поговорки. Статьи и высказывания – это наследие людей, которое передавалось из поколения в поколение. Статьи и высказывания компактны и хорошо иллюстрированы, и они полны идей. Статьи и высказывания также используются в буквальном смысле этого слова. Статьи и высказывания часто изображаются в виде изображений, иллюстраций и разделены на разные темы и используются в различных областях. В научной статье есть пословицы и изречения об именах животных между казахским и турецким языками. Дается всесторонний анализ, показывающий совместимость и эквивалентность пословиц и высказываний на двух языках. Существуют также конкретные примеры пословиц и высказываний на двух языках.

Ключевые слова: животное, казахский язык, турецкий язык, тюркские народы, природа, культура, опыт

K.Zhumabekov¹
¹Omer Halisdemir University,
Niğde, Turkey

THE COMPREHENSIVE OF THE PROVERBS RELATED TO THE NAMES OF ANIMALS BETWEEN KAZAKH AND TURKISH LANGUAGES

Summary

In the scientific article was considered proverbs related to the names of animals between Kazakh and Turkish languages. The accordance of the proverbs has been examined by two languages and generated a comprehensive analysis. Although many centuries ago Turkic languages were separated from each other due to different political and historical events, they still maintain their spiritual heritage. One of the heritage is proverbs and sayings. Articles and sayings are people's heritage that has passed from generation to generation for generations. Articles and sayings are compact and well-illustrated, and they are full of ideas. Articles and sayings are also used in the literal sense of the word. Articles and sayings are often portrayed in the form of images, illustrations, illustrations and divided into different topics and used in various fields. In the scientific article there are proverbs and sayings about the names of animals between the Kazakh and Turkish languages. A comprehensive analysis is given to show the compatibility and equivalence of proverbs and sayings in two languages. There are also concrete examples of proverbs and sayings in the two languages.

Keywords: animal, Kazakh language, Turkish language, Turkic peoples, nature, culture, experience

МРНТИ 16.21.47

О.Ю. Загинайко¹
¹Академия Пограничной службы КНБ Республики Казахстан,
г. Алматы, Казахстан

БАТАЛЬНАЯ ЛЕКСИКА В ЯЗЫКЕ А.С. ПУШКИНА

Аннотация

Автор статьи рассматривает особенности возникновения и функционирования слов военной лексики в языке Пушкина. Отобранный лексический пласт был разделен на несколько тематических групп: военные действия, военные чины и должности, оружие и другие. Проанализированный материал позволяет не только говорить о поэтике военной лексики в творчестве великого поэта, но и дает представление о военно-историческом портрете той эпохи. В статье рассматриваются особенности методики и практики преподавания таких филологических дисциплин, как русский язык, риторика и введение в языкознание в военном вузе. В современных государственных стандартах военного образования наблюдается сокращение учебных часов и даже отдельных лингвистических дисциплин, поэтому проблема недостатка гуманитарного образования у будущих офицеров стоит сегодня особо остро.

Ключевые слова: военная лексика, архаические (новые) лексические значения, тематические группы

В языке Пушкина широко отразился живой, активный словарный состав русского языка как предшествующей эпохи, так и первой трети XIX века. Состав пушкинского словаря представляет своеобразный историко-культурологический срез того времени, исследование которого позволяет определить лексические особенности и изменения в языке за этот период, а также понять характер и направление некоторых из этих тенденций. «В языке Пушкина вся предшествующая культура русского художественного слова не только достигла своего высшего расцвета, но и нашла решительное преобразование. Язык Пушкина... определил во многих направлениях пути последующего развития русской литературной речи и продолжает служить живым источником и непревзойдённым образцом художественного слова для современного читателя» [1, 124].

В теории литературы имеется богатый опыт анализа художественных произведений с военной точки зрения. Одна из первых работ датирована 1895 годом. Это книга выдающегося русского военного теоретика и педагога М.И. Драгомирова, в которой проводится анализ великого романа «Война и мир». М.И. Драгомиров исследует трактовку Л.Н. Толстого о событиях вооруженной борьбы в Отечественной войне 1812 года, анализирует используемую в романе военную лексику, рассматривает описание военных сцен и войскового быта. Исследователь приходит к выводу, что

изучение отражений теорий военного дела в художественных произведениях имеет для молодого поколения большое познавательное и воспитательное значение, а военные сцены, описанные в романе, «могут составить одно из самых полезных прибавлений к любому курсу теории военного искусства» [2, 47].

В рамках данной статьи мы остановимся на анализе военной лексики в языке Пушкина, что позволит оценить насколько богат и разнообразен язык великого поэта в данной лексико-тематической группе. Военная лексика – это универсальное поле в словарном составе языка, занимающее особое место в лексико-семантической системе, так как относится одновременно и к общенародному слою словарного состава языка, и к лексике ограниченного употребления.

Любая профессиональная лексика имеет специфические черты: военному языку свойственна интеграция элементов политической, дипломатической, юридической речи, что обеспечивает постоянное пополнение военной терминологии новыми понятиями. Но с другой стороны наличие большого процента канцеляризмов – формулировки приказов, уставов, иной документации – определяют консервативность и статичность многих военных речевых форм. Рассмотрим, насколько часто встречаются в языке Пушкина слова из военной сферы, какой процент из них сохранился в современном профессиональном языке, а какие термины ушли в пассивный запас.

В «Словаре языка Пушкина» зафиксировано в общей сложности 414 лексем, имеющих военную направленность, частотность их употребления составляет – 8672 раза. Произведения, где встречаются слова военной лексики: «История Пугачева», «Капитанская дочка», «Борис Годунов», «Полтава», «Евгений Онегин», «Выстрел», «Дубровский», «Бахчисарайский фонтан», «Путешествие в Арзрум», «Арап Петра Великого».

Все военные лексемы можно распределить по нескольким тематическим группам: военные чины и должности, военная форма, оружие, рода войск, военные сооружения, военные действия, военная геральдика и другие.

«Военные действия». Это самая обширная тематическая группа, в которую вошли все лексемы, связанные с планированием, началом, проведением и завершением военных операций. Частота употреблений составляет – 2518 раз: *атака* (2), *атаковать* (4), *баталья* (*баталия*) (3), *битва* (68), *биться* (73), *бомбардировать* (1), *бороться* (в значении – стараться одолеть что-н. вражеское, преодолеть сопротивление) (5), *брать* (в значении – овладевать, захватывать) (3), *взрыв* (5), *взрывать* (3), *воевать* (22), *война* (152), *вонзать*, *-ить* (14), *вооружить* *-ать*, *-ся* (45), *враждовать* (6), *вылазка* (19), *выпасть* (5), *выстрел* (54), *выстрелить* (25), *диверсия* (1), *дозор* (15), *драться* (в значении – сражаться) (9), *зарядить*, *-жать* (20), *застрелить*, *-ся* (14), *защитить*, *-ать*, *-ся* (19), *кампания* (в значении – военный поход, действия армии за время одной войны) (8), *караул* (40), *караулить* (6), *команда* (17), *конвой* (8), *маневр* (5), *марш* (5), *маршировать* (5), *наградить* (27), *награждение* (5), *наступать* (2), *наступление* (1), *оборона* (6), *обороняться* (5), *огонь* (в значении – ружейная или артиллерийская стрельба) (37), *ополчение* (5), *ополчить*, *-ся* (3), *осада* (33), *осадить* (43), *отбить*, *-ся* (13), *отпор* (9), *отразить* (24), *отстреливаться* (2), *отступить*, *-ить* (36), *отступление* (18), *охранять*, *-ить* (16), *оцепить* (4), *пальба* (25), *плен* (63), *пленить* (5), *победа* (66), *победить* (18), *покорить* (посредством военных действий) (4), *поражение* (6), *поражать*, *-ить* (28), *поход* (46), *приступ* (28), *расстрелять* (7), *ретировать* (отступить о войсках) (1), *рубить*, *-ся* (13), *служить* (52), *сражаться* (13), *сражение* (110), *стрельба* (4), *стрелять*, *-ся* (48), *строиться* (становиться в строй) (4), *схватка* (4), *убивать* (16), *убить* (158), *укрепление* (24), *укрепить*, *-ся* (13).

Слова данной тематической группы встречаются чаще всего при описании батальных сцен, доминирование глаголов и отглагольных существительных придает повествованию динамизм и экспрессию.

Следующая по частотности тематическая группа **«Военные чины и должности»** – 1713 раз. Сразу следует отметить, что словосочетание «военный чин» для современного русского языка является устаревшим, сейчас употребляется термин – воинское звание. И напротив, звание в пушкинские времена обозначало сословный разряд: дворянское, духовное звание, но не воинское. В произведениях Пушкина встречается упоминание следующих военных чинов и должностей: *адмирал* (7), *адъютант* (25), *вахмистр* (5), *военачальник* (5), *высокоблагородие* (83), *высокопревосходительство* (56), *генерал* (292), *генерал-адмирал* (1), *генерал-адъютант* (4), *генерал-аншеф* (8), *генерал-лейтенант* (25), *генерал-майор* (48), *генерал-поручик* (21), *генерал-фельдмаршал* (13), *генерал-фельдцейхмейстер* (1), *главнокомандующий* (13), *десятник* (1), *кадет* (6), *капитан* (66), *капитан-лейтенант* (3), *капитан-поручик* (2), *капрал* (9), *командир* (17), *командор* (7), *комендант*

(104), корнет (6), майор (майор) (54), маршал (5), меченосец (1), мичман (3), офицер (193), обер-офицер (2), паша (29), подполковник (26), полковник (79), полководец (5), рекрут (24), ротмистр (6), секунд-майор (2), сержант (16), сотник (4), унтер-генерал (1), унтер-офицер (3), урядник (22), фельдмаршал (40), фельдъегерь (12), флигель-адъютант (2), штабс-капитан (1), юнкер (3) и т.д.

Из приведенных 49 наименований военных чинов и должностей, лишь 19 существуют в современной армии. Некоторые слова утратили свое военное значение. Например, высокоблагородие – титулование офицеров от капитана до полковника, высокопревосходительство – титулование военных чинов.

И наоборот, слово *адъюнк* в пушкинские времена не имело военного значения. Оно обозначало помощника профессора или академика в научном учреждении [3, 30], современное значение – офицер, занимающийся в подразделении послевузовского военного образования – было приобретено им позднее [4, 37]. Подобная трансформация лексического значения произошла со словом *инвалид*, которое в «Евгении Онегине» и «Капитанской дочке» употреблено в значении – вышедший в отставку военный, потерявший трудоспособность вследствие ранений или старости [5, 228].

Другая тематическая группа батальной лексики «**Армия, рода войск, подразделения**». К этой группе относятся лексемы, обозначающие различные виды военных сил, войсковых соединений, а также лиц, относящихся к этим военным подразделениям, частотность их употребления – 1228 раз: *армия* (99), *артиллерия* (26), *батальон (баталион)* (14), *батарея* (29), *бригада* (10), *взвод* (5), *войско* (256), *гарнизон* (49), *гвардия* (60), *гвардеец* (1), *гренадер* (24), *гусар* (19), *делибаши (дели-баш)* (8), *деташмент* (1), *дивизия* (26), *дружина* (43), *жолнер* (1), *кавалергард (кавалер-гард)* (7), *кавалерия* (12), *карабинер*(1), *кирасир* (2), *конница* (61), *конногвардеец* (2), *конно гренадер* (3), *корпус* (11), *легион* (5), *пехота* (52), *полк* (173), *рота* (21), *спаги* (6), *стрелец* (12), *стрелок* (6), *штаб* (6), *эскадра* (2), *эскадрон* (15).

В данной группе встречаются «редкие» слова. Это *гренадер* – солдат особых отборных воинских частей [3, 544], *делибаши (дели-баш)* – конный солдат турецкой армии [3, 615], *деташмент* – военный отряд специального назначения [3, 637], *жолнер* – солдат-пехотинец польской армии [3, 802], *кирасир* – солдат или офицер тяжелой кавалерии, носивший кирасу (латы, прикрывающие грудь и спину) [5, 317], *спаги* – солдат кавалерийского корпуса армии Османской империи [6, 307].

«**Оружие**» – спектр наименований оружия в языке Пушкина достаточно широк – это и холодное, и метательное, и огнестрельное оружие. В общей сложности употреблено 976 раз: *атаган* (11), *бомба* (9), *булава* (7), *булат* (18), *винтовка* (3), *вооружение* (1), *галера* (4), *гаубица* (1), *граната* (1), *дробь* (2), *дуло* (2), *заряд* (4), *картечь* (18), *кинжал* (35), *кистень* (2), *колчан* (11), *контрмина* (3), *копье (копие)* (39), *лафет* (1), *меч* (133), *мортира* (2), *мушкет* (1), *ножны* (1), *орудие* (15), *оружие* (25), *палица* (3), *патрон* (2), *пистолет* (63), *порох* (31), *пуля* (38), *пушка* (156), *ружьё* (42), *сабля* (67), *свинец (о пуле)* (8), *секира* (9), *снаряд* (6), *стрела* (66), *тесак* (2), *томагавк* (2), *топор (секира)* (2), *шайка* (12), *шомпол* (2), *шпага* (34), *штык* (16), *ядро* (21).

В данном перечне есть наименования оружия, которые не зафиксированы ни в толковом словаре, ни в современном военном словаре. Дадим их определения: *атаган* – большой турецкий кинжал с кривым лезвием [3, 52], *кистень* – старинное оружие, состоящее из металлического шара или гири, прикрепленной ремнем к короткой рукоятке [5, 318], *контрмина* – встречный подкоп с целью подорвать подкопы и мины неприятеля [5, 366], *мортира* – артиллерийское орудие с коротким стволом для навесной стрельбы [5, 624], *тесак* – рубяще-колющее холодное оружие XVIII века – вооружение младшего состава [6, 506]. У слова *томагавк* – ударное метательное оружие североамериканских индейцев [6, 537] – изменился звукобуквенный состав – томагавк.

К этому перечню можно добавить дважды употребленное в письмах Пушкина слово – *единорог*, которое обозначало старинное артиллерийское орудие, названное по отлитому на нем изображению единорога [3, 751].

К группе «**Военная форма**» отнесены лексемы, обозначающие военную форму, ее аксессуары, а также те элементы обмундирования, которые не только являлись знаком воинского отличия, но и выполняли защитную функцию в бою: *аксельбант* (1), *броня* (14), *галун* (3), *доспехи* (3), *каска* (1), *кольчуга* (10), *латы* (16), *ментик (ментия)* (2), *мундир* (51), *фуражка (фурашка)* (11), *шинель* (2), *шлем* (39), *щит* (34), *эполет* (5). Общая частота употребления – 192 раз.

«**Военные сооружения (построения)**». К данной тематической группе отнесены слова, обозначающие объекты, создаваемые для решения задач боевого характера и тылового обеспечения. Частота употребления – 477 раз: *амбразура* (1), *бастион* (4), *бойница* (2), *вал* (29), *застава* (24), *крепость* (278), *обвахта (гауптвахта)* (3), *отряд* (94), *плац* (1), *пост* (17), *ставка* (8), *траншея* (1),

фельдшанец (1), *форпост* (8), *фортеция* (3), *цитадель* (3). Большая часть слов сохранилась в современной военно-профессиональной речи, кроме *фельдшанец* – временное полевое укрепление, окоп [7, 781], *форпост* – передовой укрепленный пункт [7, 792], *фортеция* – старинное наименование крепости [7, 793].

«**Военные документы**». Незначительную тематическую группу (частотность – 20 раз) представляют слова, относящиеся к военной документации: *абишид* (15) – в XVIII веке свидетельство об увольнении со службы, об отставке [3, 25], *рапорт* (4), *реляция* (1) – письменное донесение в ходе военных действий [6, 1012].

«**Военная геральдика**». Также небольшую группу представляют слова, обозначающие знаки отличия и принадлежности: *Георгий* (*георгиевский крест*) (2), *знамя* (27), *медаль* (5), *награда* (58), *орден* (4), *штандарт* (1). Несмотря на разнообразие в XVIII-XIX веках военных геральдических символов эта область военного искусства, видимо, мало интересовала поэта.

В языке Пушкина встречается богатый синонимический ряд антонимических понятий «защитник-враг». Синонимы к слову «защитник» (частотность – 295 раз): *берсеркер* (*древнескандинавский свирепый, неистовый воин*) (1), *богатырь* (31), *боец* (19), *воин* (51), *воитель* (19), *гетман* (48), *защитник* (1), *ратник* (11), *солдат* (*салдат*) (114). Синонимы к слову «враг» (частотность – 284 раза): *ворог* (2), *враг* (153), *неприятель* (79), *противник* (36), *супостат* (12), *супротивник* (2).

В отдельную группу мы выделили **описательные прилагательные**, имеющие военную направленность (частотность – 274 раза): *безоруженный* (1), *безоружный* (4), *бравый* (1), *военный* (139), *воинской* (*воинский*) (10), *воинственный* (30), *враждебный* (12), *вражеский* (4), *вражеский* (7), *генеральный* (6), *героический* (*ироический*) (6), *геройский* (2), *огнестрельный* (1), *победный* (5), *победоносный* (1), *полковой* (9), *ратный* (18), *ротный* (3), *рукопашный* (1), *солдатский* (7), *стратегический* (1), *стрелецкий* (6).

«**Виды построения войск**». Употребление слов, обозначающих построение войск для ведения боевых действий, составляет – 96 раз: *авангард* (9), *арьергард* (*арриергард*, *арьергард*, *арьерргард*) (12), *батальон-каре* (*батальон-карре*) (8), *каре* (*карей*, *каре*) (11), *контр-марш* (1), *строй* (29), *фаланга* (1), *фланг* (23), *флигельман* (1), *шеренга* (1), где *батальон-каре* обозначает отряд пехоты, выстроенный квадратом при обороне [3, 66], *контр-марш* – передвижение войск в направлении обратном тому, которое было ранее предпринято [5, 366], *флигельман* – головной, первый в ряду солдат, на которого ориентировалась при фронтовых поворотах и ружейных приемах вся шеренга [7, 789].

Таким образом, военная лексика в языке А.С. Пушкина занимает значительное место. Она терминологически разработана и тематически многопланова. Большая часть военных терминов сохранилась и получила дальнейшее развитие в современной военно-профессиональной речи. Мы видим, что образный потенциал военной лексики позволяет особым образом осмыслить и вербализовать человеческий опыт, исторические события определенной эпохи. В произведениях Пушкина военная лексика обладает большими стилистическими возможностями. Она активно взаимодействует с общеязыковыми словами, в процессе чего происходит ее детерминологизация.

Изучение данного направления позволяет определить особенности описания поэтом военных действий, а также в дальнейшем провести сравнительно-сопоставительный анализ употребления военной лексики в языке других поэтов и писателей. Материалы статьи могут быть использованы на практических занятиях со студентами филологического факультета, а также в воспитательной работе с курсантами и магистрантами военных вузов.

Список использованной литературы:

- 1 Виноградов В.В. *История русского литературного языка. Избранные труды*. – Москва: Изд-во «Наука», 2002. – 156 с.
- 2 Драгомиров М.И. *Разбор романа «Война и мир» с военной точки зрения*. – М.: Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2012. – 144 с.
- 3 *Словарь языка А.С. Пушкина*. – М., 2000. – Т.1. – 1002 с.
- 4 *Военный энциклопедический словарь*. – М., 2001. – Т.1.
- 5 *Словарь языка А.С. Пушкина*. – М., 2000. – Т.2. – 1088 с.
- 6 *Словарь языка А.С. Пушкина*. – М., 2000. – Т.3. – 1056 с.
- 7 *Словарь языка А.С. Пушкина*. – М., 2000. – Т.4. – 1027 с.
- 8 Вологов Д.А. *Батальная лексика французского происхождения в русском языке первой половины XIX века (на материале романа-эпопеи Л.Н. Толстого "Война и мир")*: дис. к.ф.н. – Ярославль, 2014. – 179 с.
- 9 Демидович Т.В. *Стилистический и линвокультурологический аспект изучения военной лексики*: дис. к.ф.н. – Волгоград, 2015. – 218 с.

О.Ю. Загинайко¹

¹ҚР ҰҚК Шекара қызметі академиясы,
Алматы қ., Қазақстан

А.С. ПУШКИННИҢ ТІЛІНДЕГІ ӘСКЕРИ ЛЕКСИКА

Түйіндемe

Мақала авторы Пушкин тіліндегі әскери лексикада сөздердің пайда болуы мен қызметінің ерекшеліктерін қарастырады. Сұрыпталған лексикалық бірліктер бірнеше тақырыптық топқа бөлінген: әскери іс-қимылдар, әскери шендер мен лауазымдар, қару және т.б. Материалды талдай отырып ұлы ақынның шығармашылығындағы батальды лексиканың поэтикасы туралы ғана емес, сол кезеңнің әскери-тарихи сипаты жайлы да түсінік береді. Мақалада жоғарғы оқу орнындағы филологияның орыс, риторика және тіл білімі сияқты пәндерін оқыту тәжірибесі мен әдісінің ерекшеліктері қарастырылады. Әскери білім берудің жаңа мемлекеттік стандарттарында кейбір лингвистикалық пәндердің оқу сағаттарының қысқарғаны, кейде пәндердің де қысқарғаны байқалады, сондықтан болашақ офицерлерге білім беруде гуманитарлық білім беру қажеттілігі мәселесі алда тұрады.

Түйін сөздер: әскери лексика, көнерген (жаңа) лексикалық мағына, тақырыптық топтар

O.Zaginaiko¹

¹*Academy of Border Guard Service of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan*

MILITARY TERMS IN A.S. PUSHKIN'S LANGUAGE

Summary

The author of the present article considers the peculiarities of the development and functioning of the military terms in A.S. Pushkin's language. The chosen lexical layer was divided into several thematic groups: war, military ranks and titles, weapons and other. The analyzed material allows not only to talk about the poetics of the military terms in great poet's works, but also gives an idea of the military-historical portrait of the era. The article is devoted to the specifics of methodology and practice of teaching philological subjects such as Russian language, rhetoric, and introduction to linguistics in military high school. According to present state standards of military education, the teaching hours of many subjects and especially of certain linguistic disciplines have been reduced, and as result there is a problem of the lack of humanitarian education of the future military.

Keywords: military vocabulary, archaic (new) lexical features, thematic groups

FTAXP 16.21.41

Ф.К. Исмаилова¹

¹*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

МОДАЛЬДЫЛЫҚ ФУНКЦИОНАЛДЫ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ӨРІСІ: МИКРОӨРІСТЕРІ, ҚҰРЫЛЫМЫ

Аңдатпа

Мақалада модальдылық категориясының табиғаты тілдік деректер арқылы ашылды және тілдік категорияларды сипаттауда семантикалық принциптің басшылыққа алынатындығы әрі олардың берілу құралдарының әр деңгейлілігін көрсету үшін функционалды-семантикалық әдістің қолданылатындығы қарастырылды.

Мақалада функционалды семантикалық модальдылық категориясының мағыналық топтары, модальдылық өрісінің құрылымы сипатталған. Модальдылық макроөрісін құрайтын микроөрістер түрлері ретінде бұйрықтылық, мүмкінділік, шарт, қалау т.б. өрістерді құраушы тілдік құралдар көрсетілген. Модальдылықтың микроөрістерінің негізгі және қосалқа компоненттері айқындалған.

Тіл білімінде модальдылықтың субъективті және объективті түрлері қарастырылады. Объективтік модальдылық ретінде айтылымның ақиқатқа тікелей қатыстылығы, яғни ойда, сөйлемде танылған болмыстың уақытқа қатыстылығы немесе мүмкін болуы, міндетті түрде болуы, болуын қалау немесе болуын міндетті түрде талап ету сипаты анықталады. Объективті модальдылық онтологиялық қатыстылық сәйкестік критерий ретінде танылады.

Түйін сөздер: модальдылық категориясы, функционалды-семантикалық әдіс, функционалды семантикалық модальдылық категориясы, модальдылық өрісі, модальдылықтың макроөрісі, модальдылықтың микроөрістері

О.С. Ахманованың лингвистикалық сөздігінде (1966) модальдылыққа мынадай анықтама берілген: “Модальдылық дегеніміз, біріншіден, сөйлеушінің өзі хабарлап отырған айтылым мазмұнына деген көзқарасын; екіншіден, сол айтылым мазмұнының ақиқат болмысқа қатынасын (хабарланып отырған оқиғаның, істің т.б. жүзеге асуын) көрсететін ұғымдық категория. Ол рай формалары, модаль сөздер, интонация т.б. формалар түріндегі әр алуан грамматикалық және лексикалық құралдар арқылы жеткізіледі. Модальдылық мынадай түрлерде көрініс табады: сөйлем модальдылығы, болжалдық модальдылығы, айтылым мазмұнының шамалап жеткізілуі, етістік арқылы берілетін модальдылық, ирреалды модальдылық, айтылым мазмұнының шындықтан тыс, іске аспайтындығын білдіретін модальдылық, теріске шығару арқылы білдірілетін модальдылық, мазмұны болмысқа, ақиқат шындыққа қайшы келетін айтылым” [1, 238].

«Модальдылық – сөйлем мазмұнындағы объективтік байланыстарды (объективтік модальдылық) және сөйлеуші көзқарасы тұрғысынан осы сөйлемнің мазмұнының айқындылық дәрежесін (субъективтік модальдылық) білдіретін тілдік категория» [2, 267].

О.С. Москальская мен Ю.С. Степанов сияқты ғалымдар модальдылық категориясының бойынан тек сөйлеушінің коммуникативтік құрылымын анықтап қоймай, оның коммуникативтік акт барысындағы әртүрлі элементтеріне деген бағалауыш сипатын білдіретінін айқындады. Мәселен, адресант пен адресат, қарым-қатынас актісінің орны мен өту уақыты, сондықтан да модальдылық пен прагматика арасындағы тығыз байланысты қатынасты зерттеу – прагмалингвистика үшін өте маңызды.

Қазіргі тіл білімінде модальдылықты зерттеуде бірнеше бағыт қалыптасқан. Олар – формалдық-грамматикалық (В.В. Виноградов, В.З. Панфилов), функционалды-семантикалық (Ю.Д. Апресян), мәтін түзуші (В.В. Калимов) және коммуникативтік-прагматикалық (И.П. Распопов) бағыттар. Соңғы бағыт бойынша модальдылық сөйлеу мақсаты мен коммуникативтік перспективамен қатар сөйлем құрылымына енгізілетін коммуникативтік категория ретінде қарастырылады.

Модальдылық мәселесі туралы анық та нақты тұжырымдама академик В.В. Виноградовтың еңбегінде байқалады. Оның мына тезисі зерттеушілер арасында кеңінен танымал деуге болады: “Әрбір сөйлем өз бойына мәнді конструктивті (құрылымдық) белгі ретінде модальды мағынаны, яғни ақиқатқа деген қатынасты білдіретін мазмұнды жинақтайды. Белгілі бір формадағы айтылымды білдірудегі кез келген тиянақты ой, сезім немесе ойды жеткізу талабы (ішкі ізденіс) сөйлемнің интонациялық жүйесінде немесе жинақтала келіп модальдылық категориясын танытатын синтаксистік мағыналар жиынтығы арқылы көрініс табады [3, 55-56].

Тіл білімінде модальдылықтың субъективті және объективті түрлері қарастырылады. Объективтік модальдылық ретінде айтылымның ақиқатқа тікелей қатыстылығы, яғни ойда, сөйлемде танылған болмыстың уақытқа қатыстылығы немесе мүмкін болуы, міндетті түрде болуы, болуын қалау немесе болуын міндетті түрде талап ету сипаты анықталады. Объективті модальдылық онтологиялық қатыстылық сәйкестік критерий ретінде танылады.

Субъективті модальдылық дегеніміз – автордың айтылған ой мазмұнындағы заттар мен құбылыстарға деген өзіндік көзқарасы. Мәтін құрылымында субъективті модальдылық әртүрлі иллокутивті актідегі – өтініш, болжау, сұрау, талап ету, бұйыру т.б. авторлық және иллокутивтік мазмұндық ой, сөйленім түрінде көрініс табады.

А.М. Пешковский модальдылық категориясын сөйлеушінің субъективті көзқарасын білдіретін категория деп анықтаса [4, 88], М.М. Молчанова субъективтік модальдылықты айқындауда бағалау категориясының өте маңызды екендігін атап айтады [5, 127].

Қазақ тіл білімінде модальдылық категориясы Е.Жанпейсов [6], А.Н. Нұрмұханова [7], О.Төлегенов [8], Қ.Мамаділов [9], С.Құлманов [10] сияқты зерттеушілердің еңбектерінде арнайы зерттелді.

«Модальдылық категориясының статусын ғалымдар төмендегіше таниды: 1) синтаксистік; 2) лексика-грамматикалық; 3) грамматикалық; 4) семантика-грамматикалық; 5) ұғымдық; 6) семантикалық; 7) логика-грамматикалық; 8) функционалды-семантикалық; 9) коммуникативті-семантикалық; 10) коммуникативті-синтаксистік; 11) коммуникативті-грамматикалық; 12) мәтін түзуші категория; 13) ойлау (сознание) категориясы; 14) сөйлемнің бірнеше категорияларының жиынтығы; 15) деңгей аралық; 16) прагматикалық» [2].

Модальдылық категориясының табиғатын толық ашуға тілдік категорияларды сипаттауда семантикалық принципке негізделетін және олардың берілу құралдарының әр деңгейлілігін көрсететін функционалды-семантикалық әдіс арқылы қол жеткізуге болады.

Модальдылық категориясы функционалды-семантикалық өріс ретінде қарастырылғанда оның

мынадай сипаттары анықталады:

- 1) инвариант мәні модальдылық функцияны атқаратын әртүрлі тіл деңгейлерінен алынғантілдік құралдары болады;
- 2) әрдеңгейлік тілдік құралдардың ортақ инвариантты мағынасы болады;
- 3) өріс құрылымы ядро мен перифериядан тұрады;
- 4) өріс ішкі мағыналық бөлінісі, яғни субкатегориялануына қарай сол ішкі категориалдық мағынаны беретін тілдік құралдар жиынтығынан тұратын шағын өрістері болады.

Демек, модальдылық макроөрісі мазмұн және тұрпат межесінен тұратын функционалды-семантикалық микроөрістердің кешені болып табылады. Модальдылық макроөрісі өз ішінде субкатегориалды функцияларына (мағыналарына) қарай мынадай микроөрістер ретінде танылады: мүмкіндік, қажеттілік, қалаулық, айқындық, бұйрықтық.

Мүмкіндік модальдығы. «Модальдылық – сөйлеушінің ақиқат шындыққа, өз ойының немесе өзі берген ақпараттың ақиқаттығына, сенімділігіне, күмәнділігіне және субъектінің іс-әрекетті орындауының мүмкіндігіне/мүмкін еместігіне, қажеттілігіне, болжалдылығына көзқарасын, сондай-ақ субъектінің осы іс-қимылдың орындалуын/орындалмауын қалауын немесе оны жүзеге асыруға/асырмауға бұйрық беруін білдіретін тілдік категория» [2].

Қазақ тіл білімінде мүмкіндік модальдылығы бойынша С.Құлманов кандидаттық диссертация қорғады. А.В. Бондарко ғылыми бағыты бойынша бұл зерттеу жұмысында мүмкіндік модальдығы функционалды-семантикалық өріс түрғысынан зерттеліп, өрісті құрайтын тілдік құралдар кешені жан-жақты айқындалады. С.Құлманов мүмкіндік/мүмкін еместік модальдығын білдіретін негізгі тілдік құралдар негізгі мағынаны білдіру дәрежесіне қарай өріс орталығы мен шеткері аймағын құрайтынын нақты тілдік құралдардың семантикалық функцияны атқару дәрежесіне қарай жіктеп көрсетеді [2].

-a/e/ü аналитикалық форманты мүмкіндік/мүмкін еместік модальдылық функционалды-семантикалық өрісінің ядросы (өзегі) болып табылады. Мысалы: – *Алғашқы кезде қатал талап қойып, керек жерінде шара қолданып бет көрсетіп алсаң, кейіннен ешкім саған қарсы келе алмайды* (Д.Исабеков).

Ал зерттеушінің көрсетуінше, *бол* көмекші етістігі негізгі етістікпен аналитикалық формант құрап, мүмкіндік модальдылығының шеткері өрісін құрайды. Мысалы:

-уға бол: Бәрі жеңіл. Тіпті ең үлкендерін де онша қиналмай қақпақылдай алуға болады (С.Жүнісов).

-атын бол: Орыс тілін неғұрлым жақсы білсең, соғұрлым жақсы түсініп, жақсы оқитын боласың (С.Көбеев).

Көріп отырғанымыздай, *бол* көмекші етістігінің ішкі мағыналық құрылымында мүмкіндік, яғни болар іске қатысты сема болғандықтан, оны өрістің жақын аймағына (ближняя периферия) жатқызуға болады. Бол көмекші етістігінен басқа да көмекші етістіктер (*бер, біл, кет, көр*) негізгі етістікпен тіркесіп, аналитикалық формант жасап, мүмкіндік мағынасын бере алады, оларды мүмкіндік модальдылығының шеткері аймағына (дальняя периферия) жатқызамыз. Мысалы:

-а бер: – Үйді сатсақ, өзімізбен бірге ала кетерміз... Сатпасақ, осында тұра берерсіз (Д.Исабеков).

-а біл: – Айша – сүйегі асыл арудың нақ өзі зой. Еңбек ете де біледі, өмір сүре де біледі (Д.Досжанов).

-ып кет: Мейлі де, бұл тіршілікте қандай есім арқалап жүрсең де, – тозбайтын көйлегің, я азаматтық арың емес, көзің жұмылған күні Қалданбай бол, Аспанбай бол ұмытыласың да қаласың, о дүниеге есіміңді арқалап кетпейсің зой (Д.Досжанов).

Мүмкіндік/мүмкін еместік функционалды-семантикалық өрісінің осы семантикалық функцияны атқаратын лексикалық құралдары да бар. Ол ең алдымен модальдылықтың осы түрінің атауымен сәйкес лексемалардың қатысуымен жасалады.

Олар: *мүмкін, мүмкін емес* сөздері. Сонымен қатар осы модаль сөздермен қатар *мүмкіндік, мүмкіншілік* сөздерінің көмекші етістіктермен тіркесіп келуі арқылы да беріледі. Мысалы: *-у мүмкіндік, мүмкіншілік бер* модальдық құрылымы: *...баланың көп болғанына не жетсін. Біріншіден, ол – институт беделінің артқаны, екіншіден, білімді жастарды іріктеп, таңдап алуға мүмкіндік береді* (Д.Исабеков);

Мүмкіндік модальдығы *бар/жоқ* модаль сөздері арқылы білдіріледі: *Жазмыштың ісіне дауа жоқ* (А.Шамкенов) – жазмыштың ісіне еш нәрсе істей алмайсың; *Күйеуі бейіл көрсеткен азамат ағайынға Нұрғаным да жаттық етер жөні жоқ* (М.Әуезов) – жаттық ете алмайды. Өріс перифериясындағы мұндай сөздердің мүмкіндік/мүмкін еместік мағыналарын өріс орталығының тілдік құралы *-a/e/ü* ал

аналитикалық формантымен алмастырып қолданып айқындауға болады.

Мүмкіндік/мүмкін еместік модальдылық мағынаны беруде сұрау есімдіктерінің де өзіндік қызметі бар. Айталық, риторикалық сұрақты сөйленімдер мүмкін еместік модальдығын білдіреді. Мысалы: *Еңсені жазып жүруге жағдай қайда* (Д.Досжанов) – еңсені жазып жүре алмайсың; *Сен жақсы көрген нәрсені менің жек көруге қалай дәтім бармақ* (Д.Исабеков) – жек көре алмаймын.

Мүмкіндік модальдығы *ашық райдың* ауыспалы осы, келер және өткен шақ тұлғалары арқылы білдіріледі: *Еңлік үшін құрулы мылтық құрсаулы жауға кездесем де шыдадым* (М.Әуезов) – шыдай алдым; – *Есіңде болсын, бүкірді көр ғана түзейді* (Қ.Жұмаділов) – түзей алады.

Мүмкіндік модальдығының семантикалық құрылымын ғалымдар ішкі/сыртқы мүмкіндік; жүре біткен/туа біткен мүмкіндік; деонтикалық/бейдеонтикалық мүмкіндік; актуалды/узуалды мүмкіндік деп жіктейді [2].

Міндеттілік модальдығы. Модальдылықтың микроөрістерінің бірі болып табылатын міндеттілік модальдығының өзегін (ядросын) міндеттеу мағынасын білдіретін *керек, қажет, міндет, тиіс, лазым, шарт* және т.б. модаль сөздер құрайды:

а) *-у керек (қажет, міндет, тиіс, лазым, шарт): Кешке жоғарғы ауылдағы жиналысқа баруым керек* (Қ.Жұмаділов);

ә) *-мақ, -мек керек (шарт, қажет): Мен айтсам, шабытты тек шаттықтан іздемей, елдің, ердің күйкі, жүдеу күйінен де таппақ шарт* (М.Әуезов);

б) *-ған, -ген керек (тиіс, ләзім): Оларға өмір бойы қой бағып, қоңыраулы құл болып өткенім қажет* (Д.Досжан);

в) *керек, тиіс, қажет* модаль сөздері зат есімдермен тіркесіп, сөйлемді аяқтауында: – *Оу, ағайын, – деді, – өкіл сендердің бет-бетіңмен сөйлейтін құдаларың емес. Тәртіп керек* (С.Жүнісов);

г) *жөн, парыз, қарыз, қажетті, орынсыз, абзал* сөздері де қажеттілік мағынасында қолданылады: *Бұл адамға жалған айту жол емес. Шын көңілмен айтар тілегі болса, шындықпен ғана жауап беру парыз* (М.Әуезов) – жауап беру керек.

Жоғарыда аталған сөздерден басқа міндеттілік модальдылығы **аналитикалық форманттар** арқылы да беріледі. Мысалы: *-масқа болма, -уға болма: – Жігіттер, атайдың тілегін орындамасқа болмас* (А.Шамкенов) – орындау керек; Басқа да тілдік құралдар туралы мына еңбекте тереңірек қарастырылған. (Қараңыз: С.Құлманов / Жұмсальымды грамматика).

Міндеттілік мағына рай тұлғалары арқылы да беріледі. 1) *ашық рай: Қимас досың сұраса, Қимасыңды бересің* (Мақал) – беруің керек; 2) *бұйрық рай: Уақытты бос өткізуден сақтан* (Ә.Нұршайықов) – бос өткізбеуің қажет.

Міндеттілік *амал не, не шара бар, амал бар ма, амал жоқ тұрақты тіркестері* арқылы білдіріледі: Сафура. *Ал жүреміз бе? Сапар. Солай деп шешсеңіз, амал бар ма!* (Д.Исабеков) – жүруге тура келеді, жүру керек.

Айқындық модальдығы. Айқындық/айқын еместік модальдығы сөйленім мазмұнының сөйлеушінің көзқарасы тұрғысынан ақиқат болмысқа сәйкестік дәрежесін білдіреді. Айқындық/айқын еместік инвариантты мағынаға сәйкес осы мағынаны білдіретін тілдік құралдар кешені дербес микроөрісті құрайды. Басқа да өрістер сияқты өріс құрылымы өзектұлға мен перифериялық құралдардан тұрады.

Айқындық модальдығының өзегін (ядросын) *рас, хақ, дәл, анық, ақиқат, кәміл, сөзсіз, айғақ, мәлім* және т.б. айқындық мағынасын білдіретін модаль сөздер құрайды. *Өз жасымды өзім білемін ғой. Тойламасаңдар тойламай-ақ қойыңдар, қарағым. Әйтеуір жетпіске жеткенім хақ* (А.Шамкенов);

Айқын еместік модальдылығы *көрінеді, секілді, шығар, мүмкін, сияқты, ұқсайды, іспетті, сынды, тәрізді, сыңайлы, деймін, шығар, депті, білем* т.б. мағыналық құрамында болжал, танықтық, белгісіздік мағыналары бар модаль сөздер арқылы беріледі: Бәрін бүлдіріп жүрген «бітімші» Кәрібайдың өзі көрінеді (Ғ.Мұстафин);

Айқындық модальдылығы морфологиялық тұлғалар арқылы да беріледі. Құрылымдық грамматикада *-ған/ген* есімше тұлғасын А.Ысқақов «анық өткен шақ», ал *-ын/ін* тұлғасын танық өткен шақ деп атаған. Мысалы: *Таң жаңадан атқан салқын түннің қалың шығы жүргіншілердің аттарының тұяғын жылтыратып шашасына шейін суландырған* (М.Әуезов);

Сонымен қатар дағдылы қимылды білдіретін *-атын/етін/ітін* есімше тұлғасы да қайталанып тұрған айқын болып өткен әрекетті білдіреді. Мысалы: *Өлерінен бір сағат бұрын болмаса, Саржанның кім екенін білмейтінмін* (Ә.Әбішев);

Айқындық мағынасы осы шақтағы болып жатқан қимыл-әрекет арқылы да беріледі. *-уда, -уде:*

Қазір ұсалған күдіктіден тергеу орындары жауап алуда (Алматы ақшамы).

Айқындық модалдылығын білдіретін аналитикалық форманттар: *-п, -іп, -ып отыр, жүр, жатыр, тұр*: *Сіркіреп жауын жауып тұр* (Б.Мұха); *Есік түрулі тұр. Үй ортасында, үлкен қазанда ірімшік қайнап жатыр* (М.Әуезов).

Айқын емістік модалдылығын білдіретін аналитикалық форманттар: *-ған(дай), -ген(дей) бол*: *Қашан жанары тұлдыр мұнардан басқа ештеңе ажырата алмай адасып қалғанда барып, құлағымның түбінен осындай бір талықсы үн шыққандай болды* (Ә.Кекілбаев).

-са, -се керек (еді): *Бұл ауылда біздің үй бір қыс болған деседі. Ол жылы мен төрт-бес жаста болсам керек* (С.Мұқанов).

-ған, -ген тәрізді (сияқты, секілді, білем, шығар, болар, көрінеді): *Бұл енді Жексен қыстауы емес, осы мына ауылдың мекені болғанға ұқсайды* (М.Әуезов).

-мақ, -мек көрінеді (керек): *Жоқ, онша ұқсас болмасқа керек* (Ғ.Мүсірепов); *Мезгілсіз жүрген жігіт өз жүрісін өз аулынан жасырмақ көрінеді* (М.Әуезов).

-у мүмкін (кәдік, тиісті, лазым, рас, ықтимал): *Бұлар шын ауқым қылса, мектептің салынып қалуы да мүмкін* (Б.Майлин).

-атын, -йтын, -йтін сияқты (секілді, сияқтанушы еді, көрінеді, бар): *Қаза тапқан жанның үйіне қара хабарды бұл елдің әдеті бойынша қала мәрінің өзі жеткізіп, өзі көңіл айтатын көрінеді* (Х.Есенжанов).

Синтаксистік құрылымдар: сөйленімде қыстырма сөздер ретінде қолданылатын модаль сөздер де айқындықты/айқын еместік мағынаны білдірудің арнайы құралы болып табылады: *Мүмкін, тіпті бастамасыз да* (Ғ.Мүсірепов); *Зады, сізге түсіндіріп жатудың да қажеті болмас* (Ғ.Сланов); *Кім біледі, елге қарай жол түскелі тұрған шығар* (Ә.Кекілбаев). *Анығында, Бәжсейдің осы бір тобықты емес, тіпті бір өңір, бұл атырапқа талайдан болмаған ас делінді* (М.Әуезов).

Сөйлеуші өзінің немесе әңгімелесуші сөзінің ақиқаттығына күмәні болғанда қайдам лексемасы да қолданылады: – *Өзін [мұғалімдіктен] шығарып тастауға болмас па екен? – Қайдам... Тұрған аулынан арыз түсіп бірдеме болмаса* (Б.Майлин).

Айқындық мағына атаулы сөйлемдер арқылы білдіріледі: *Түн. Жатақхана. Ағаш төсегінің үстінде Пушкиннің «Алтын балық туралы ертегісін» бір оқып шығып, түсінбеген сөздерін жеке қағазға алып Сұлтанмахмұт отыр. Басқа шәкірттер шырт ұйқыда* (Д.Әбілев).

Айқындық/айқын еместік модалдылығы алдағы тақырыптарда арнайы қарастырылатын анықтық/танықтық категориясымен де тығыз байланысты. Бұл категорияны қазақ тілінде кейде белгілілік/белгісіздік деп те атайды.

Қалаулық модалдығы. Қалаулық модалдығының өзегі (ядросы) грамматикалық қалау рай тұлғасы болып табылады. Өйткені қалау рай тұлғасы осы грамматикалық мағынаны білдіретін әмбебап абстракты мағынаға айналған, сол себепті райдың парадигмалық қатарынан орын алған.

-ғы, -гі кел тұлғасы: – *Мынау енді үш күннен кейін жүрейік деп еді, мен ертерек барып қаланы көргім келді* (Ғ.Мүсірепов);

Қалау модалдылығын беретін бұйрық рай, шартты рай тұлғалары өрістің перифериялық құралы болып табылады.

а) I, II (нөлдік форма), III (*-сын, -сін*) жақ бұйрық рай тұлғалары: – *Әзім, айналайын ... қайтайық!* (Ә.Нұрпейісов); *Жаман атыңнан сақта... Алла, қайғыңнан сақта. Қадір-құрметіңнен айырма* (Ш.Хұсайынов); *Қош болыңыз, мәртебелі офицер мырза. Құдайым енді сіз бен мені кездестірмесін* (Ә.Әбішев).

б) *-са, -се* шартты рай тұлғасы: *Кеуде бір жерді жол қылсам, Шөлең бір жерді көл қылсам, Құран жанды көп жиып, Өз алдына ел қылсам* (БҒЖ, Ақтамберді жырау).

Қалау модалдылығын білдіретін аналитикалық форманттар:

а) *-са, -се е (игі, игі еді, зой, де, бол)*: *Тым болмаса жұмыстың ауыр-жеңілдігін білу үшін көзін бір салса екен* (С.Шәріпов); *Апырай, жазым болмаса игі еді* (Қ.Тайшықов).

ә) *-ар, -ер, -р еді*: *Сізді туысқанымыздай күтер едік* (С.Мұқанов).

б) *-а, -е, -й көр*: *Тезірек айта көріңіз* (Ғ.Мұстафин).

в) *-мақ(шы), -мек(ші) бол*: *Жігіттер болысты не өлтіріп, не өлімші етіп сабап қуып жібермекші болады* (С.Көбеев).

г) *-ғалы, -гелі жүр (отыр, тұр, жатыр)*: – *Келгенің жақсы болды. Енді кідіргенде өзім іздеп барғалы жүр едім* (Ә.Нұрпейісов).

ғ) *-ып, -іп, -п бер*: *Құба жондар шөлдеді, қолдан қара жауып бер!* (Халық ауыз әдебиеті).

д) *-айын, -ейін, -йін деп отыр: – Тына қалыңдар! Мәшекең тағы бір қызық әңгіме айтайын деп отыр* (Д.Әбілев).

е) *-уға кел: – Әділ би деп алдыңа жүгінуге келдім* (Ғ.Мүсірепов).

Лексика-грамматикалық тәсіл.

Қалаулық мағына -у қимыл есімімен қалау мағыналы лексемалардың (*тілеу, қалау, аңсау, сұрау, ынтық, тырысу, ұмтылу, құмар* т.б.), сөз тіркестерінің (*тілер едім, арман ету, саңы ауу, зауқы жоқ, зауқы соқпау, құлқы көрінбейді, құлқы жоқ, жақсы көру, мақұл көру* т.б.) тіркесіп келуі арқылы білдіріледі: *Әдебиет шаруашылығының да әр қилы саласы бар, әрқайсысы көзден таса қылмай күтуді тілейді* (Ғ.Мұстафин).

Синтаксистік құрылымдар:

Бастауышы қалау, тілек мағыналарын білдіретін *есі-дерті/есіл-дерті, арман, көксеу, тілек, ойы* т.б. сөздері, ал баяндауышы -у қимыл есіміне аяқталған немесе аталған лексемалар қатысқан басқа да құрылымды сөйлемдерде қалаулық мағыналар беріледі: *Есі-дерті – Меруертті тауып алу, сорлап қалған кедейлерді ұйымдастырып бастарын қосып, байлардан теңдік әперу* (С.Шәріпов); *Есіл-дерті Жәдігерге тезірек жетіп, көрпеге орап, ыстық сорпа ішкізсем деп ойлап еді* (Ә.Нұрпейісов).

Бұйрықтық модальдығы. Бұйрықтық модальдығының өзегін (ядросын) грамматикалық бұйрық рай тұлғасы құрайды. Бұйрық рай категориясын қазақ тілінде Л.Дүйсембекова функционалдық аспектіден қарастырған.

а) бұйрық райдың I жағы (*-айын, -ейін, -йын, -айық, -ейік, -алық, -елік*), II жағы (нөлдік форма); III жағы (*-сын, -сін*): *Кәне бөтен елдің әнін естіік* (С.Сейфуллин); *Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе, Ең болмаса, еңбекпен мал табалық* (Абай); – *Базаралы екеуін де ұстап, сүйреп әкеліңдер! – деді. – Ұстаңдар, жігіттер* (М.Әуезов).

б) шартты рай тұлғалары: – *Сөйтіп, біздің, так сказать, атайдың тойы қалай өткелі жатыр? Мүмкін болса, маған қысқаша түсінік берсеңіздер* (түсінік беріңіздер). Шартты рай тұлғалары бұйрық модальдылық өрісінің шеткері (перифериялық) тілдік құралы болып табылады. Сол сияқты қалау рай тұлғасының өрістегі орны осы тәрізді.

в) қалау рай тұлғалары: – *Өмірім, мынау кілт, дәрігерлер ертең шығарамыз деп жатыр, үйге бар да, бір киер киімімнің бәрін көтеріп келгейсің* (Д.Досжанов) – көтеріп кел.

Аналитикалық форманттар. Бұйрықтық мағынаны білдіретін аналитикалық форманттар ішінен негізгі бұйрықтық функцияны атқаруға бейім келетіндері:

а) *-а, -е, -й көр(ме)* тұлғасы. – *Ал, шырақтарым, жаман аталарыңа қайыр-садақа бере көріңдер!* (Қ.Жұмаділов).

ә) *-ушы, -уші бол: – Екіншілей менің жанымға жуушы болма* (Б.Майлин); – *Ешуақытта адамды көп деп айтушы болма!* (Ж.Нәжімеденов).

б) *-уға бол: – Өлген коммунистің үйіне мұсылманша көңіл айтуға болмайды! – деп ескерткен* (Т.Әлімқұлов).

в) *-атын, -етін, -йтін бол: – Қазір бәрің тараңдар. Тез. Үшке дейін санаймын, соған дейін бірің қалмайтын болыңдар* (Д.Исабеков).

г) *-ып, -іп, -п жүр(ме): – ...Көкбай мен Шұбардың көзіңше айтып жүрме!* (М.Әуезов).

д) *-ып, -іп, -п кет: – Іздеп баратын жақсымыз, құдай айдап өзің келе қапсың. Төрелігін өзің айтып, екі жағымызды бітістіріп кет!* (Д.Әбілев).

е) *-й қой: Жамал, айтқызбай қойма* (Б.Майлин).

в) *-ып, -іп, -п қал: – Кетсеңші енді, Махмұт, кетіп қал! Мынау тұрғансын сені оңдырмайды* (Д.Әбілев).

Бұйрықтық модальдылығын білдіретін тілімізде басқа да аналитикалық форманттар бар. Жоғарыда бұйрықтық мағынаны беруде жиі жұмсалатын құрылымдар ғана санамаланып берілді.

Синтаксистік құрылымдар:

Өтініш реңкті бұйрықты мағыналар *-са, -се* шартты рай тұлғалы етістікпен *қалай* сұраулы есімдігі тіркесіп, *бол* көмекші етістігіне *-ар, -ер еді* аналитикалық форманты жалғанған сұрақты сөйлемдер арқылы білдіріледі: – *Ауылнай жолдас, сыбырыңды тоқтатып, жилысыңды ашсаң қалай болар еді? – деді* (Б.Майлин) – жилысыңды аш. Бұйрықтық мағына берілуіндегі мұндай құрылым сөйлеушінің прагматикалық мақсатынан, коммуникативтік тактикасынан туындайды.

Бұйрықтық мағына императивті *одағайлар* қатысқан сөйлемдер арқылы да білдіріледі: – *Тәйт. Ол*

мазағыңды мен көтере алмаймын (Б.Майлин) – мазақ қылма.

Сонымен, жоғарыда қазақ тіліндегі модальділік макроөрісінің мүмкіндік, қажеттілік, қалаулық, айқындық, бұйрықтық микроөрістерінің функционалды-семантикалық құрылымы сипатталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахманова О.С. *Словарь лингвистических терминов.* – М.: Сов. энциклопедия, 1969. – 608 с.
- 2 Құлманов С. *Модальдылық функционалды семантикалық өрісі. Жұмсалымды грамматика.* – Алматы, 2016. – 508 б.
- 3 Виноградов В.В. *О категориях модальности и модальных словах в русском языке // Тр. ин. рус. яз. Т.2. – Москва-Ленинград, 1950. – С.142-165.*
- 4 Пешковский А.М. *Русский синтаксис в научном освещении. Изд. 7-ое.* – М., 1956. – 511 с.
- 5 Молчанова М.М. *Прагматика публицистического текста (метаязыковой аспект). Дисс. докт. филол. наук: 10.02.01. 10.01.10. – Краснодар, 2000. – 211 с.*
- 6 Жанпейсов Е. *Модальные слова в современном казахском языке. Дисс. канд. филол. наук: 10.02.02. – Алматы, 1958. – 164 с.*
- 7 Нурмаханова А.Н. *Типы предложений по модальности и интонации в тюркских языках. Автореф. дисс... докт. филол. наук. – Ташкент, 1966. – С.23.*
- 8 Төлгенов О. *Жалпы модальды және мақсат мәнді жай сөйлем типтері.* – Алматы, 1968. – 180 б.
- 9 Мамаділов Қ. *Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің модальдық құрылымдары. Дисс. филол. ғылым. канд. дисс.: 10.02.02. – Алматы, 1996. – 146 б.*
- 10 Құлманов С. *Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальдылығының функционалды-семантикалық өрісі. Филол. ғылым канд... дисс. автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 30 б.*

Ф.К. Исмаилова¹

*¹Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан*

ФУНКЦИОНАЛЬНО-СЕМАНТИЧЕСКОЕ ПОЛЕ МОДАЛЬНОСТИ: СТРУКТУРЫ И МИКРОСТРУКТУРЫ

Резюме

В статье особенности категории модальности были выявлены посредством лингвистического анализа, а при описании семантического принципа языковой категории и отображения различных уровней их передачи был использован функционально-семантический метод.

В данной статье описываются группы функционально-семантической модальности, структура модального поля. Также перечисляются типы микрозвезд, образующих модальную макроэкономику. Эти микрозвезды ничто иное как порядки, возможности, условия, предпочтения и т.п. Указаны компоненты словесного языка. Определены основные и второстепенные компоненты модальных микроединиц. Субъективные и объективные формы моделизма рассматриваются в лингвистике. Очевидно, объективно модальным является тот факт, что утверждение напрямую связано с реальностью, т.е. суть предложения – это природа существования или его необходимость, а также возможность наличия данной необходимости.

Ключевые слова: модальная категория, функционально-семантический метод, функционально-семантическая модальность, модальное поле, макролизм модальности, модальность микроскопическая

F. Ismailova¹

*¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

FUNCTIONAL-SEMANTICAL AREA OF MODALITY: STRUCTURES AND MICRO STRUCTURES

Summary

In this article the peculiarities of modality category were established through linguistic analysis. While making the description of semantic principle of language category and representation of different levels of their transaction we used functio-semantic method.

In this article the groups of functio-semantic modality are described, as well as the structure of modal area. Also the types of micro units are described, which more the microenvironment. These micro units are the orders, possibilities, conditions and etc. Components of oral speech are mentioned. Main and supportive components of modal micro units are established.

Subjective and objective forms of modality are known in linguistics. Obviously, objectively modal fact is that, which is

connected with reality, i.e. the gist of the sentence are the nature of being, it's necessary and the possibility of that.

Keywords: modal category, functio-semantic method, functio-semantic modality, modal area, microlism of modality, modally microscopic unit

FTAHP 16.31.41

Б.Д. Карбозова¹

¹А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДА ОМОНИМ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Аңдатпа

Бұл мақала омоним құбылысының қазақ терминологиясында көрініс беруіне арналады. Әдетте, тілімізде омонимдер тек жалпы қолданыстағы сөздер аясында зерттелініп келеді. Омоним құбылысы арнаулы тіл аясында сирек қарастырылған. Тіпті, термин болудың негізгі талаптарының бірі – «терминдерде омоним болмау керек» деген де қағида бар. Дегенмен, термин қорымызда омонимдік қатар құрайтын терминдер де бары жасырын емес.

Автор мақалада омоним-терминдердің терминологиялық қордан алатын орны, оның пайда болу жолдары жайында сөз ете келе, омоним-терминдер өз ішінде жүйеаралық және саларалық деген үлкен екі топқа бөлінетіндігіне тоқталады. Сонымен бірге, бұл терминдердің омонимдік қатар құруына арқау болып тұрған үш ерекшелікті атайды: терминдену үрдерісінде ұғымға атау беруде уәжді, яғни семантикалық байланысты басты назарға алуы; екінші, шеттілдерден енген терминдер омонимдік қатармен тілімізге дайын күйінде енуі; үшінші, ешқандай уәжсіз жай ғана дыбыстардың кездейсоқ қатар келуі арқылы омонимдік қатар түзуі.

Түйін сөздер: салааралық омоним-терминдер, когнитивті-семантика, арнаулы тіл, жүйеаралық омоним, аударматану

Тіл білімі ғылымында әдеби тілге берілген анықтама көпшілікке белгілі. Ғалымдар ғылым тілін екі бағытта түсіндіреді. Бір ғалымдар оны әдеби тіл шеңберінде қарастырса, енді бір ғалымдар дербес тіл ретінде қарастырады. Академик Ә.Қайдар, «ғылым тілі – бүгінде әдеби тіліміздің ең сүбелі саласы, жон арқасы», «ғылым тілі қалыптаса алмаған әдеби тілді толыққанды әдеби тіл деп айтуға болмайды» [1, 11] деп көрсетсе, академик Ө.Айтбайұлы Ә.Қайдардың ізімен ғылым тіліне мынадай анықтама береді: «Ғылым тілі – ғылыми негізде жасалатын өзіндік қалыптасу принциптері бар, стильдік өңі ерекше әдеби тілдің бір түрі. Әдеби тілдің ғылымға қызмет ететін бір тармағы. Адам, қоғам, табиғат жөнінде ақиқат ақпарат беретін, шындықты баяндайтын ғылыми мәтін (текст)» [2, 88]. Ал енді ғылым тілін дербес функционалды тіл ретінде қарастыратын көзқарастарға В.П. Даниленконың пікірін келтіруге болады. Ғалым ғылым тіліне үлкен дербестік беріп, ол өзінің элементтерінің құрамы мен қызметі жағынан «жалпы әдеби тілдің ғана емес, жалпы ұлттық тілдің де аясынан шығады» [3] деп санайды. Пікірлердің бір ұшы ғылым тілін «терминологиялық лексика» ұғымының аясында түсіндіру барысынан көрінеді. Осы орайда зерттеушілер *жалпы лексика – арнаулы лексика, әдеби тіл – арнаулы мақсатта қолданылатын тіл, термин – бейтермин, сөзқолданымды реттеу – терминологиялық жүйелерді құрутәрізді оппозицияларға сүйене отырып, терминологиялық жүйелердің автономды мәртебесін, әдеби тілдің құрамына кірмейтіндігін дәлелдеуге тырысады* [4].

Ғылым тілін түсінуде (немесе түсіндіруде), ілгеріде де ескертілгендей, тілдің қызметін ғана емес, ғылым саласындағы адамның іс-әрекетін де көрсеткен лазым. Жалпы алғанда, ғылымның мәні шындық болмысты танудың ерекше үдерісін бейнелеуден көрінеді. Сол мақсатта тілдің коммуникативтік бағытталуы жүзеге асады. Тілдік құралдар негізінде қоршаған шындықтың құбылыстары мен үдерістері, олардың түрлі қасиеттері мен белгілері, өзара қатынастары мен байланыстары тілдік тұрғыдан тіркеледі. Бұл ғылыми тілдің лингвистикалық зерттеудің нысаны екендігін айқындайды, сонымен бірге, ғылым тілінің шындық болмысты танудағы қызметін белгілейді. Ол қызмет тілдің ғылыми білімді жинақтау, сақтау, тарату әрекеттерімен тығыз байланысты болып келеді және мынадай түрлерде көрінеді: 1) когнитивтік (ойлау); 2) аккумулятивтік (білімнің қорлануы); 3) коммуникативтік (мамандардың қарым-қатынасы, жаңа білім алу мен қалыптастыру).

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, ғылым тілі – қарым-қатынастың ғылыми аясында жасалатын лексика-грамматикалық жүйесі бар тұтас құрылым. «Ғылым тілі» ұғымының кең болатын себебі, ол ғылыми стильді танытатын тілдік құралдарды ғана емес, ғылыми ая (сфера) қатынасындағы барлық функционалдық-стильдік белгілерді, түрлерді қамтиды. «Ғылым тілі» ұғымы – ғылыми стильдің ядросы мен шеткері аймағын құрайтын таңбалық бірліктердің, қолданыстардың грамматикалық және

семантикалық құралдарының тұтас жүйесі деген қорытынды шығаруға болады.

«Терминологиялық бірліктер жалпы ұлттық тілдің бірлігі бола тұра арнаулы тілдің кішігірім жүйесінің мүшесі ретінде де көрініс табады. Осымен байланысты термин-сөздер арнаулы тілдік бірлік ретінде танылып, арнаулы және кәсіби ұғымды атау нәтижесінде тілдік жүйенің басқа тілдік бірліктерінің ерекше қызметке ие бола бастайды. Бұл ретте ең маңызды мәселе терминологиялық бірліктердің аталмыш сипаттарға ие болуы тек белгілі бір терминологиялық жүйе шеңберінде ғана жүзеге асатындығында болып отыр» [5, 58]. Қазақ тіл білімінде ғылым тілін *арнаулы тіл* деп аталуы да тектен тек емес. Мақаламызда *арнаулы тілді* белгілі бір ұлттық тілдің құрамындағы қосымша тіл ретінде қараймыз. Сол себептен де олардың құрамындағы омонимдерге жеке тоқталамыз.

Ғалымдар терминдерде омоним болмауы қажет деп көрсетеді. М.Қожаева «Аударматану терминдерінің когнитивтік-семантикалық құрылымы» атты диссертациялық жұмысының авторефератында «1) басқа тілге аудару; 2) басқа тілден алу (кірме сөз); 3) тұрпат межесінің өзгеруі немесе айқындалуы; 4) мазмұн межесінің өзгеруі немесе айқындалуы; 5) көп мағыналылық; 6) омонимия; 7) синонимия; 8) антонимияларды» терминдер мен терминологиялық жүйелерді жалпы лексика мен лексикалық жүйелерден ажырататын аспектілер деп көрсетеді [6, 20]. Дегенмен де қазақ терминологиялық қорында омоним терминдерінің кездесіп қалатынын да жоққа шығара алмайды. Омонимдер – айтылуы бірдей, мағыналық жақындығы жоқ сөздер. Омонимдердің пайда болу себебі әр түрлі: 1) көп мағыналы сөздердің арасындағы семантикалық байланыс үзілуі арқылы жасалады; 2) сөздердің тарихи дыбыстық өзгерістерге ұшырауы арқылы; 3) кірме сөздер мен төл сөздердің дыбысталуы жағынан сәйкес келуі арқылы жасалады. Мысалы: сәйкестік I – бір-біріне сай үйлестік, ұқсастық; сәйкестік II – аударма жайындағы ғылымның ең негізгі категорияларының бірі. Аудармадағы абсолютті сәйкестік бастапқы және аударма мәтіндерінің формалды, мағыналық және ақпараттық құрамдас бөліктерінің сәйкес келуі арқылы сипатталады, алайда іс жүзінде оған қол жеткізу мүмкін емес деуге болады. Сәйкестік категориясы аудармада «сөзбе-сөздік аударма – еркін аударма» оппозициясында көрінеді. Сондай-ақ, сәйкестік деп бастапқы мәтін бірлігін аудару нұсқаларының бірін айтады; түпнұсқа I – алғашқы негіз, бастапқы; түпнұсқа II – аудармадағы бастапқы мәтін, аударма осы мәтіннен жасалады; бейімдеу I – жуықтау, жақындау, икемдеу; бейімдеу II – 1. Рецепторға бірдей әсер ету мақсатында сипатталған жағдаятты өзгерту нәтижесінде сәйкестіктерге қол жеткізу амалы. 2. Мәтіннің түрлі өңделуі; 3. Қажетті дәрежеде дайын емес оқырмандар үшін мәтіннің әзірленуі; қабылдау I – адам миында болатын түсіну, сезіну процесі; қабылдау II – аудару барысында бастапқы тілде оқу немесе тыңдау іс-әрекетінің бастамасын білдіреді; нақтылау I – дәлдей түсу, анықтау, айқындау; нақтылау II – бастапқы тіл бірлігіне қарағанда аударылған бірлік мағынасының нақты болуына байланысты аударма амалдарының бірі.

Сонымен бірге, аударматану терминдік бірліктерінің материалы негізінде салааралық терминдер-омонимдер түрлері де анық байқалады. Мысалы, транслят – транслят (аударматану – радио, теледидар); селектор – селектор (аударматану – байланыс жүйесі) және т.б.» [6, 21-22] деп омоним-терминдердің терминологиялық қорымыздан анық байқалатындығын мойындайды. Шындығында да, терминқорымыздан омоним-терминдерді көптеп санап алуға болады.

Мысалы, өріс физикада «еркіндік дәрежесі шексіз көп физикалық жүйе; материяның негізгі түрі», лингвистикада «мағына ортақтығына негізделген, білдіретін құбылстарының ұғымдық, заттық және қызметтік ұқсастығы бар тіл бірліктерінің жиынтығы».

Агглютинация лингвистикада «түбір сөзге, көбіне соңынан жалғанатын қосымшалар арқылы пайда болатын тілдік құбылыс негізіндегі жалғамалы тілге тән ерекшелік», медицинада «майда элементтердің түйірленіп желімденуі» және т.б. Ш.Құрманбайұлы омоним-терминдер жайында «Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография» атты еңбегінің «Терминдену тәсілінің түрлері» атты тараушасында сөз етеді.

Ғалым «Көп жағдайда жалпы қолданыстағы сөздің терминденуіне терминделуші ұғым тілде бұрыннан бар ұғымның қандайда бір терминделуші ұғым мен тілде бұрыннан бар ұғымның қандайда бір ұқсастықтары себеп болады» дей келе, терминологияда омонимдік қатар құрай алатын *кебек, редукция, ісіну* және т.б. сияқты мысалдарды келтіреді. Терминологиядағы мұндай омоним-терминдердің жасалуын, ішкі терминдердің нәтижесі деп атайды [7, 25-32]. Терминденудің мұндай процесін ғылымда «екінші терминдену», «транстерминологизация» деп атайтындығын сөз ете отырып, «жоғарыдағы терминдердің қайсысын қолданған дұрыс дегенге келер болсақ, біздіңше, терминденудің бұл түрін «екінші терминдену» деп атау терминдік ұғымды дәл бере алмайды. Себебі, кейбір сөздер жалпы лексикалық өрістен белгілі бір терминологиялық өріске өтіп, одан келесі ғылым саласынан немесе кез

келген арнаулы саладан орын алумен ғана шектеліп, яғни екі-ақ рет терминденіп қана қоймауы мүмкін. Бір терминнің үш, төрт немесе одан да көп арнаулы салаға алмасуы терминологияда ұшырасып тұратын құбылыс» [7, 28 б.] екендігін ескерте келе, *ішкі терминдену* деген атау осы процесті дәл береді деп көрсетеді. Яғни, омоним-терминдер біздің тілімізге жат құбылыс емес екендігін аңғартады.

Қазақ тілінде омоним-терминдерді арнайы қарастырған еңбектер де жоқ емес. Ә.Н. Насыритдинова «Техникалық терминологиядағы омоним-терминдер және олардың қолданыс ерекшеліктері» атты мақаласында қазақ терминологиясының қорындағы техникалық терминдердегі омоним құбылысын сөз етеді. Автор оларды, яғни, омоним-терминдерді салааралық және жүйеаралық деп екі топқа бөліп қарастырады [8, 15-20].

Ғылым тілінде терминдер жүйеаралық және саларалық омонимдер деп екіге бөлінетіндігі белгілі. Жүйеаралық омоним-терминдерге ғылымның бір саласында омонимдік қатар құрайтын терминдерді жатқызады: АҚБАС *I. Басы жара болып, төсі ісетін жұқпалы түйе ауруы. II. Аяғына күс түсіп, тұяғы бүрісіп өсетін жылқы ауруы, бақай құрт. Бұл екі термин де ауылишаруашылығы саласына, оның ішінде, ветеринария саласына жататын терминдер. ВОЛЬТ I. Манеждегі аттың шеңбер ішімен оңға, солға күрт бұрылуы. II. Акробатикада, цирк гимнастикасында – акробат, гимнастың 180 градусқа күрт бұрылуы. III. Фехтованиеде түйреуден қашықтау, жалт беру.* Келтірілген үш термин де спорт саласына жататын омоним-терминдер. Бұл жерде мына жайтты ескере кеткен жөн. Вольт термині электр саласына қатысты мына ұғымда «халықаралық бірліктер жүйесінде кернеулі электр тогы үшін өлшеу бірлігі» салааралық омонимдік қатар түзе алады. Тілімізде жүйеаралық омоним-терминдердің саны аса көп емес.

Салааралық омоним-терминдерге ғылымның екі немесе одан да көп салаларында омонимдік қатар құрай алатын терминдерді жатқызамыз: АЙМАҚТАНУ *I. Ағзалардың белгілі бір түрін, туысын, тұқымдасын немесе басқа қандай болса да жүйелік санаттың таралу алабын зерттейтін ғылым. II. Халықаралық қатынастың және жаһандық бәсекелестіктің субъектілері ретінде аймақтық қауымдастықтар, топтар мен елдер, олардың аймақтарының дамуының ішкі және сыртқы түркіжайттарын зерттейтін ЖОО талдама пән. Бірінші мысалдағы термин анатомия ғылымына тиесілі болса, екінші мысалдағы термин ғылым-білім саласына жататын термин. Сондай-ақ, ЖЕЛКЕН I. Кеменің, қайықтың жүруіне көмек болу үшін мачтаға керілген қалың мата. II. Ең ірі жоғарғы күлтежапырақшасы.* Алдыңғы мысалдағы термин техника саласына жататын ұғым, келесі мысалда ол өсімдіктану саласын тиесілі ұғым болып тұр. Тағы бір мысал. АГГЛЮТИНАЦИЯ *I. Түбір сөзге, көбіне соңынан жалғанатын қосымшалар арқылы пайда болатын тілдік құбылыс негізіндегі жалғамалы тілге тән ерекшелік. Лингвистика ғылымының термині. II. Майда элементтердің түйірленіп желімденуі. Медицина ғылымына тән термин.*

Орыс ғалымы В.П. Даниленконың пікірі бойынша, салааралық терминологиялық омонимияға тән екі белгі бар:

- терминдердің дефинициялары әртүрлі;

- бұл терминдер әртүрлі терминологиялық жүйелерде қолданылады [3, 70]. Байқағандарыңыздай, жоғарыда келтірілген терминдер ғалымның көрсеткен талаптарына толық жауап беріп тұр.

Ш. Құрманбайұлы терминдердің жалпықолданыстағы және өз ішінде омонимдік қатар құруының себебін былай деп түсіндіреді: «Терминденудің мұндай жағдайында жалпы қолданыстағы термин емес сөз белгілі бір терминологиялық өріске енгізіліп, терминдік мағынаға ие болады да, соның нәтижесінде жалпы қолданыстағы сөз бен термин омонимге айналады немесе сөздің бастапқы мағынасы нақтыланады (тарылады, кеңиді).

Терминденудің бұл түрі жалпы қолданыстағы сөздің бастапқы мағынасының метафоралануы, өзге тілдегі сөздің калькалануы (семантикалық конверсия) және сөз мағынасының нақтылануы сияқты жолдар арқылы жүзеге асырылады.

Ал ішкі терминдену кезінде ең алдымен терминделуші ұғым атауы терминологиялық өрістен алынады. Мәселен, физикада, психологияда, тіл білімінде қолданылатын өріс термині, философияда, тіл білімінде қолданылатын *байымдау* және *донор* (химия, медицина), *субъект* (философияда, логика, заң ғылымында) сияқты көптеген терминдер терминологиялық жүйенің өз ішінде бір ғылым саласынан екінші ғылым саласына ауыстыру арқылы жасалған. Мұндай салааралық омонимдердің туындауына көбінесе жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі тәрізді, ғылыми ұғымдардың өзара ұқсастықтары негіз болады. Сондай-ақ жоғарыда айтқанымыздай, терминологиядағы салааралық омонимдердің пайда болуына тек ішкі терминдену ғана себеп болмайды. Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуінің нәтижесінде де көптеген салааралық омонимдер туындауы мүмкін. Мәселен, өсімдіктанудағы тамыр тер-

мині мен медицинадағы тамыр терминдерінің жасалуына, яғни салааралық омонимдердің туындауына осы ұғымдардың жалпыхалықтық тілдегі атаулары негіз болған. Жалпы қолданыста тамыр деп «өсімдіктің су мен қоректік заттарды жеткізіп тұратын мүшесін» және қан жүретін жолды» айтады [7, 30].

Шындығында да терминдер жалпықолданыстағы сөздермен, тіпті, диалектілермен де омонимдік қатар құрай алады. Сонымен бірге терминдер өз ішінде белгілі бір ғылым саласы шеңберіндегі терминдермен де әр салаға жататын терминдермен де омонимдік қатар құрай береді. Омоним-терминдердің пайда болуының бірнеше жолдары бар. Оның ең біріншісі – уәж. Мына бір мысалдарға назар аударайық, ДАБЫЛ I. Әскери бөлімшенің (бөлімнің, құрамның) белгіленген мерзімде толық жауынгерлік дайындықта болуы және алдын ала жоспарланған шепке (орын, жер) орналасуы үшін дерілетін шартты (ракета, сирена, горн арқылы) белгі. II. Жергілікті жердегі халықты әуе қаупінен, атом, химиялық қарулардың қаупінен немесе т.б. сақтандыру хабары. III. Саусақпен қағып ойнайтын музыкалық аспап деген ұғымдарды білдіреді. САҚИНА I. Сәндік үшін саусаққа салынатын, таза металдан жасалған жүзік. II. Құс аяғына салатын мыс, қаңылтыр т.б. жасалған дөңгелек шеңбер және т.б. АЙЫРМА I. Бір саннан екінші санды алғанда қалған қалдық; II. Қойдың, сиырдың бақайында болатын сарып ауруы. Бұл келтірілген мысалдардың алдыңғысында үш мағынаны да ортақтастырып тұрған уәж – қандайда бір дыбыс шығару. Яғни, аспап атауының мағынасы басқа терминдердің жасалуына арқау болып тұр. Келесі мысалда сақина сөзінің тұтас алғандағы мағынасы омонимдік қатар құрауға негіз болаған. Үшінші мысалдағы омонимдік қатар құруға негіз болып тұрған уәж сөздің жалпы қолданысындағы мағынасы – «өзгешелік, ерекшелік, айырмашылық, парық» деген мағыналары. Омоним-терминдердің басым бөлігі сөз мағынасының метафоралануы арқылы пайда болған.

Термин қорымыздағы енді бір терминдер шет тілдерден дайын күйінде омонимдік қатар болып енген: БЛОК I. Шеңберінде арқан асуға арналған ойық белдеуі бар дөңгелек механизм. II. Үйдің іргетасы мен қабырғасын қалауға арналып, дұрыс геометриялық пішінге келтірілген жасанды тас. III. Шахта алаңының белгілі бір шегіндегі қазу жұмыстары жүргізілетін бөлік. IV. Саяси-әлеуметтік топтардың өзара келісімі, одағы. V. Топталған жиын. VI. Құжаттардың таңдап алынған біртұтас бөлігі. ВИРУС I. Өте ұсақ, тек қана электрондық микроскоп арқылы ғана көрінетін, көптеген жұқпалы аурулардың қоздырғыштары. II. Торшасы жоқ, өзіне тән геномы бар, тірі торшада ғана өсіп көбейе алатын өте ұсақ автономды генетикалық құрылымдар, ең қарапайым тіршілік иелері. III. Басқа бағдарламалар мен файлдарға өз көшірмесін автоматты түрде кірістіре отырып, файлдарды қасақана бұлдіру мақсатында жазылған компьютерлік шағын бағдарлама (1-2 Кб немесе макрос). ВОЛЬТА I. Нота жазуында музыкалық шығарманың шағын бөлімінің аяқ жағы әртүрлі болып қайталануын көрсететін белгі (жақша, сан, цифр). II. Жеңіл жібек сияқты жұмсақ мақтадан жасалған мата. ГАЗ I. Заттың атомдары мен молекулалары бір-бірімен әлсіз байланысқандықтан, кез келген бағытта еркін қозғалатын және өзіне берілген көлемге толық жайылып орналасатын агрегаттың күйі. II. Үлпілдек, селдір, жасанды жібек мата. ГАЗЕЛЬ I. Қос тұяқтылар тобындағы қуысмүйізділер туысына, бөкен тұқымдасына жататын әсем тұлғалы, жүйрік жануардың бір түрі. II. Ұйқасы аяғында болатын екі жолды өлең және т.б.

Терминқорымызда ешқандай уәжсіз жай ғана дыбыстардың кездейсоқ қатар келуі арқылы омонимдік қатар түзетін терминдер де бар: БИТ I. Адам мен сүтқоректілердің қанын немесе өсімдік жапырақтарының шырынын сорып тіршілік ететін ұсақ жәндіктер отряды. II. Компьютер жадының көлемі мен аппарат санын өлшеуге арналған ең кішкене бірлік және т.б.

Қорыта келгенде, қазақ терминологиялық қорында омоним-терминдер бар екендігін мойындауға болады. Омоним-терминдер өз ішінде жүйеаралық және саларалық деген үлкен топқа бөлінеді. Сонымен бірге, бұл терминдердің омонимдік қатар құруына арқау болып тұрған бірнеше себептер бар. Олар: терминдену үрдерісінде ұғымға атау беруде уәжді, яғни семантикалық байланысты басты назарға алуы; екінші, шеттілдерден енген терминдер омонимдік қатармен тілімізге дайын күйінде енуі; үшінші, ешқандай уәжсіз жай ғана дыбыстардың кездейсоқ қатар келуі арқылы омонимдік қатар түзуі.

Омоним-терминдер жалпықолданыстағы сөздермен де, тіпті, диалектілермен де омонимдік қатар құрай алады. Бұның барлығы терминқорымыздағы омоним-терминдерді арнайы зерттеу нысанына алуға жетелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қайдаров Ә.Т. Ғылым тілі және әдеби тіл статусы // Терминдер және олардың аудармалары. – Алматы: Ғылым, 2010. – 341 б.

2 Айтбайұлы Ө. Ғылым тілі // Қазақ тілі: Энциклопедия. – 1998. – 430 б.

3 Даниленко В.П. Русская терминология. Опыт лингвистического описания. – М.: Наука, 1997. – 245 с.

4 Суперанская А.В. Литературный язык и терминологическая лексика // Проблемы разработки и

упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. – М.: Наука, 1998.

5 Құрманбаева А.Ж. Терминологиялық жүйе ұғымының кейбір ерекшеліктері // Қаз ҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары сериясы». – 2016. – №4. – Б.56-59.

6 Қожаева М. Аударматану терминдерінің когнитивтік-семантикалық құрылымы. Филол. г.к. ... диссертациясының авторефераты. – Алматы, 2007. – 34 б.

7 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928 б.

8 Насыритдинова Ә.Н. Техникалық терминологиядағы омоним-терминдер және олардың қолданыс ерекшеліктері // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №2 (78). – Қарағанды, 2015. – Б.28-34.

Б.Д. Карбозова¹

¹Институт языкознания им. А.Байтұрсынова,
г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ ОМОНИМИЧЕСКИХ ЯВЛЕНИЙ В КАЗАХСКОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ

Резюме

Данная статья посвящена омонимам, которые употребляются в терминологической среде казахского языка. Обычно, в казахском языкознании омонимы рассматриваются только в поле общеупотребительных слов. Оманимические явления очень редко рассматриваются в специальной языковой среде казахского языка. Даже в правилах, где говорится о словах, которые можно относить к терминам, сказано, что «в терминологическом ряде не должны присутствовать омонимы». Но не секрет, что в языковой базе любого языка в терминологических рядах встречаются и омонимы.

В статье автор, описывая такие вопросы, как термины-омонимы, которые являются основанием для установления занимаемого ими места в терминологической базе, а также пути их возникновения, останавливается на такой факт, что данные термины-омонимы внутри себя делятся еще на две крупные группы, как межсистемные и межотраслевые. Вместе с этим автор называет три особенностей, которые являются причиной тому, что эти термины образуют омонимические ряды: во-первых, является поводом в процессе именования понятия, то есть при этом основное внимание уделяется на семантические связи; во вторых, термины иноязычных языков в готовом виде входят в наш язык как омонимические ряды; в-третьих, из-за случайных звуко сочетаний звуков немотивированное образование омонимического ряда.

Ключевые слова: межотраслевая омонимия терминов, когнитивная-семантика, специальный язык, межсистемная омонимия, переводческое дело

B.Karbozova¹

¹The Institute of Linguistics named after A.Baitursynov,
Almaty, Kazakhstan

THE ROLE OF HOMONYMOUS PHENOMENA IN THE KAZAKH TERMINOLOGY

Summary

This article is devoted to homonyms which are used in the terminological environment of the Kazakh language. In Kazakh Linguistics, homonyms are usually considered only in the field of commonly used words. Homonymic phenomenon are very rarely viewed in the special Kazakh language environment. Even the rules concerning the words that can be referred to the terms state that "homonyms must not be present in a terminological sequence". But it is evident that there are homonyms in the terminological sequences in the language base of any language.

In the article the author substantiates the place which terms-homonyms take in the terminological base and describes the ways of their occurrence; the fact is accentuated that these terms-homonyms are divided further within themselves into two major groups such as intersystem and interbranch ones. Along with this, the author emphasizes three features that are the reason that these terms constitute homonymic sequences in our language as homonymic sequences.

Keywords: interindustry homonymy of terms, cognitive-semantics, special language, inter-system homonymy, translation

МРНТИ 16.01.11

E. Kasenov¹

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan

THE LINGUOCOGNITIVE FEATURE OF THE CONCEPT «LONELINESS» IN THE POETRY OF I.ZHANSUGUROV

Abstract

The peculiarities of using the concept «loneliness» in poetries of I.Zhansugurov are considered in this article. Analyzing the expression of the concept «loneliness» through frame-scenery «to feel himself lonely», «to be sad», «to search calmness». The cognitive models «loneliness – silence», «loneliness – regret», «loneliness – courage», «loneliness – humiliation», «loneliness – poverty, weakness», «loneliness – consciousness, sadness» are analyzed.

Analyzing the concept "loneliness" in cognition of nation has either positive or negative colouring. In this article it is known, the manifestation of the concept «loneliness» in the works of poet, that is to say, in poetic texts of individual comprehension and poetic imagination, have been reflected by means of separate situations of the author and metaphorical means. In conclusion, thesaurus, reflecting the concept «loneliness» in the poetry of I.Zhansugurov is defined through semantics of next word combinations: *to stay alone, to stay without relatives, to stay without beneficence, to walk alone, to hate the life, to wander alone on barren steppe, to feel himself lonely, to search calmness, to relive, to cry on steppe* and others, are associated with the words *powerless, homeless, poor fellow*.

Keywords: cognitive mind, concept «loneliness», meaning, understanding the world, metaphysical concept, frame-scenery, cognitive model, poetical text, life, death

The concept «loneliness» takes great place in cognitive consciousness of human being. Because, premises and next consequences of death make people to grieve, and brings to isolation during definite time, that is to say, that it brings to loneliness. This is the unchangeable regularity of nature. «Loneliness» – is one of the main conceptions of the science of Tauhid (monotheism), being the support of Islamic religion. Loneliness – is one of the signs of Almighty Creator. Kazakhs say: «Loneliness is characteristic to only God», and this expression once more proves that the basis of cognition of Kazakhs is the canonical Islam. This means that Kazakh people apply with respect to lonely saint, wise man, scientist and genius. Loneliness is one of the main concept, category in philosophy, the main artistic-aesthetical motive in the art of the word, also in fine art» [1,120-121]. And poet (zhirau), based on sophistic world comprehension considered the loneliness and isolation as cognitive units, denoting interchangeable, but also distant concept. Despite the fact that the separate words are synonymic as lexical-semantic units of one level, sometimes they cannot tally with each other as the concept – mental unit in cultural-linguistic context of one nation. The concept «loneliness» in the poetry of poet (zhirau) had been appeared within the limits of conceptual space of words as *one, isolated, lonely*. If loneliness means «bad» and *isolated* for lonely people on philosophical concept «Loneliness belongs to only God» and on the contrary, it is evaluated as «individual, differ from others, superior». The given meaning can be revealed and with the help of winged expression such as «Even if all grain of sand gather together, they cannot be stone and slaves, gathered in heap cannot be the leaders», where the cognition of individuality, the peculiarities of personality– antipode of majority or homogeneousness» [2, 22]. A.Amirbekova, researching the phenomenon of conceptual structures in poetic texts and considering the concept «loneliness», confirms: «Loneliness – is the metaphysical concept. Also, as the concept «happiness» has different concept and difficult perception» [3, 54].

National concept-notion about loneliness, found in such paremiological units, such as «*Loneliness is characteristic to only God*», «*Being one in field – is not warrior*» and others, had been distinctly manifested in the language of poetry, particularly in artistic cognition of I.Zhansugurov. The psychological aspect of the concept «loneliness» in poetic texts is cognated with the help of frames: *seclusion, to live in loneliness, to stay alone*. The philosophical aspect is given with frames such as *fate, to take care of, to live, world*. For example:

<p>Көңіліне Құлагерден құйылып мұз, Күй күй отыр таста Ақанбайғыз. Жан тынышын елден емес, жерден тапқан, Сондай бір адам бопты жаны жалғыз.</p>	<p>Стало грустно Кулагеру, Сидит на камне Ахан и грустит. Обрел спокойствие не в людях, а от земли Был он таким одиноким (из поэмы «Кулагер»)</p>	<p>Akhan sits on stone and is sad thinking of Kulager, And there were a person who was so lonely and Restored the peace from earth, not from people</p>
--	---	---

<i>(«Құлагер» поэмасынан)</i>		<i>(from the poem «Kulager»)</i>
-------------------------------	--	----------------------------------

In given passage the concept «loneliness» is revealed through frame-scenario: **«to feel oneself lonely», «to grieve», «to search calmness»**. They are formed with the help of stereotype associative signs.

It is known, the manifestation of the concept «loneliness» in the works of poet, that is to say, in poetic texts of individual comprehension and poetic imagination, have been reflected by means of separate situations of the author and metaphorical means. This can be reflected with the help of such cognitive models:

The cognitive model «loneliness – silence». The desire of soul for calmness brings to loneliness. «To conceal at mind that happened in the depth of soul of movement. The significant parts of these names are: noiseless, hesitation, dismal condition (thought), sacrament» [4, 97].

Everlastingness in the life of person «cheerful», «joyous», suffering from «loneliness», is equal to death, but living, not realizing his death, - means to be deep in another world. The everlastingness – is to die alive. The border between life and death is measured from physiological position. In this case, everlastingness, desperate situation, inaction in Kazakh comprehension is given by such linguistic units, such as «living corpse», «unfortunate». This brings to the thought of isolation, insulation, makes people to search separate «quite world».

<p><i>Тентіреп тауда ұдайы, таста қаңғып, Оты өшкен, бойында жоқ жас құмарлық; Кеткенде қызық тарқап, қанысуып, Айдаған ай далаға жаны қуып. Жап-жалғыз тауды, тасты мекендеген, Жанына жолатқызбай жанды жуық. Өмірден жиіркеніп көңілі суып, Қалғандай айналадан өзге туып. («Құлагер» поэмасынан)</i></p>	<p><i>Бродил он по горам и скалам, Одинокий, безучастный ко всему; В уединении не интересовало его ничего, Посреди степи бродил одиноко. Проживал он один-одиношенек среди гор, Никого не подпускал близко к себе. Ненавистна ему была жизнь, на душе было ему тяжко, Стал он всем чужим (из поэмы «Кулагер»).</i></p>	<p><i>He wandered on mountains and cliffs, Lonely, indifferent to everything; He is not interested and isolated, Wandered along the steppe alone. He lived lonely –and lonely among mountains, He did not allow anyone to himself, He hated life, was difficult on soul, and He was strange to all. (from the poem «Kulager»)</i></p>
--	--	---

In above mentioned lines the loneliness – is not only the loneliness in life, also spiritual loneliness. The conceptual imagination of poet, linguistic explication in the text of concept «loneliness», considered in comprehension of frames-scenarios have been appeared by means of next elements: *lonely, to lose the interest, the blood is run, to be indifferent to everything.*

The cognitive model «loneliness – internal torment». «Human being –World, World – Human being» ruined spiritual existence of human brings him to loneliness, his life does not consist of not only depression and losing soul.

Sometimes, the loss of soul of human being brings him to disease, loneliness. «Loneliness» – «adjuration from the world», impossibility of leaving native town – «torment». If it appeals to philosophy, this means the desire of internal condition of soul to any absolute power.

<p><i>Ол күнде осы тауда жалғыз жан жүр, Дүниеден аулақтанған дабыр-дүбір, Қара шал қайыңды отыр көлеңкелеп, Бір қу бас шал үстінде ілулі тұр. Таба алмай тыныштықты туған елде, Кете алмай біржолата бөтен жерге, Тартқанда жалғыздықтан жаны қорлық, Төсеген талай ерлер оққа кеуде. («Құлагер» поэмасынан.)</i></p>	<p><i>Каждый день бродит по горам одна душа, Одиночество, обособленное от мира, Смуглый старик сидит словно тень, А одинокий старец висит сверху. Не обрета покойствие в крае родном, Но не в силах покинуть родной край, Переживает его душа сильное одиночество, Где подставляли свою грудь под пули множество мужчин</i></p>	<p><i>Each day one soul walks around the mountain, Lonely, isolated from the world, Swarthy old man is sitting as a shadow, And one old head hangs above the old man. Not having the peace in his native town, But not having the strength to leave his town, His soul survives the strong loneliness, Where his breast had been put on the pellet of majority of men</i></p>
--	---	---

	(из поэмы «Кулагер»).	(from the poem «Kulager»)
--	-----------------------	---------------------------

Isolation from all the world – frame. It is formed by means of stereotype associative signs in consciousness. In Kazakh comprehension isolation from the world is equipotent to disappearance from the earth. **Disappearance.** In the dictionary of language of Abai: «abyss», «destroyed», «disappear», «disappear without any trace» [5, 265]. **On the concept:** isolation of the person from the whole world, to go away in another world, to forget about himself, loss of internal fight. The scientist K.Zhamanbayeva explains this phenomenon in next way: «abandonment of person from internal «I», to disembody in a process, keeping away himself, from the world, to forget himself» [4, 95].

The cognitive model "Loneliness is the habitation of spiritual condition". "Kokshetau of spiritual condition" – is a decoration of the soul, beauty of Kokshetau. This poetic comparison is used in a kind as «The soul of Kokshetau is faded, the sickle of sadness knocked down his interest». «Interest knocked down the sickle of sadness» – this is an imagination. It is formed in consciousness through an image. The soul, by giving crack, brings to loneliness.

Бір күнде болған жігіт жан жайлауы, Қайда оның күлкі, ойын мен жайынаңдауы? Құлазып күзді күнгі Көкшетаудай. Қызықтың көшіп кеткен – саржайлауы («Құлагер» поэмасынан).	Однажды жил джигит в ладу с собой. И где же его смех, веселая жизнь? Осиротел он словно Синегорье осеннюю порой, Лишился враз интереса – благополучия (из поэмы «Кулагер»).	Once upon a time man (dzhigit) lived happily, And where is his laugh, joyest life? As though he became an orphan of autumn days of Kokshetau, Lost an interest – of wellbeing (from the poem «Kulager»).
---	---	--

The state of person is an unlimited-endless breadth of different feelings, different state of him, as the phenomenon of summer pasture. «To lose interest, prosperity» – means to lose interests and merriment, music and gladness, to fail in an abyss, become an orphan, remain alone.

«To become an orphan» has the meaning "to be lonely", «to lose heart», "apathy" in definition dictionary – **on the concept:** it is understood, as *the devastation of inner world of living man*.

The cognitive model "Loneliness is a courage". The concept "loneliness" in cognition of nation has either positive or negative colouring. If loneliness always implies bad, then isolation does not always have a negative shade. Sometimes, an isolation can be used both along with the concept of suffering, humiliation and along with the concept courage. Therefore, it is impossible, that the concept «loneliness» cannot be considered one-sidedly and particularly from the context.

Көрмегенде мұны халық қалды қатып «Мынаған шыға алмас – деп – ешкім батыл!» Қораға түскен жалғыз жолбарыстай, Ол тұрды, көрген көзді таңырқатып. Жайраңдап Жайсаң Ақан қаймыққан жоқ, Жүрегін жолбарыстан айнытқан жоқ. «Жат елде жалғыз жүрмін» деп именіп, Болар де птүбін қалай қайғыртқан жоқ («Құлагер» поэмасынан).	Не видавший такого ранее народ остоленел «Никто не осмелится полезть на него!» Словно одинокий тигр в клетке Он стоял и поражая всех. Благородный Ахан не струсил, Не испугался он тигра. «Брожу по чужой земле - одинокий», грустно думал он. Не задумываясь о предстоящей смерти. (из поэмы «Кулагер»).	Not seeing such before the people froze «Nobody will dare start to climb on him!» As if the lonely tiger in a cage He stood and striking all. Noble Akhan was not afraid of it, He was not frightened tiger. I «Wander on unfamiliar land - lonely», he thought sadly. Not thinking about forthcoming death. (from the poem «Kulager»)
---	---	--

In given example «As the lonely tiger in a cage» is an imaginative word formation. This is formed in cognition through the comparison of an episode with an image.

The cognitive model «Loneliness – humiliation». «Loneliness. Individualism. To stay in loneliness. To keep away from the world. Expulsion of soul». Loneliness – humiliation [4, 97]. In the dictionary of language of Abai: «to be lonely –to bear demerits, to regret, to feel himself lonely» [5, 236].

The linguistic units, pointing on the concept «loneliness» in lines, given below, had been metaphorized in

consciousness.

В статье говорится о том, что выявление особенностей употребления лексико-фразеологических единиц казахского языка в языковом и культурно-семантическом полях, является одной из актуальнейших проблем лингвортологических исследований. Правильное и четкое представление граней, связанных с культурным кодом лексико-фразеологических единиц, позволит углубить познания будущих филологов не только в чисто лингвистической сфере, но и в области национальной традиционной культуры.

В учебно-методических пособиях, методической практике особое значение имеет умение различать два взаимосвязанных между собой семантических поля лексико-фразеологических единиц, связанных с ортологией языка, то есть употребление их в языковом семантическом поле и культурно-семантическом поле. До настоящего времени в методических пособиях и методической практике все большее значение уделялось употреблению слов, словоформ чисто в языковом семантическом поле, а употребление их в культурно-семантическом поле оставалось без внимания. В связи с этим, в нашей статье лексико-фразеологические единицы рассматриваются отдельно 1) в языковом семантическом поле и 2) культурно-семантическом поле. Первое поле связано с языковым кодом, а второе – с культурным.

Ключевые слова: лингвортология, лексико-фразеологические единицы, культурный код, культурно-семантическое поле, языковое поле, дефис, тире, ортологические средства, культурная семантика

ФТАХР 16.21.45

С.А. Оданова¹, Ф.Б. Шойбекова²

^{1,2}Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ДЫБЫС АЛМАСУЛАРЫ МЕН СӘЙКЕСТІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілінің түркі тілдерінің бір тармағы екендігі, оның өзіндік фонетикалық, лексикалық, морфологиялық сөзжасамдық, синтаксистік даму жолы бар екендігі қарастырылған. Тіл деңгейлерінің барлығы белгілі бір жүйеге түсіп, терминдік қабаты қалыптасқан тіл ретінде қазақ тілі бүгінде өзінің бастауын тереңнен алғанын осы мақаладан көреміз. Әсіресе, тіл тарихының фонетикалық қабатының сан қырлы екендігі дыбыс алмасулары, сәйкестіктері және олардың дифтонгтық, аффрикаттық сипаттарынан дыбыстық ажырауға түсу арқылы сөздік құрамның толығып, тілдік қолданысқа түскендігі мақалада айтылады. Тіл дыбыстарының тарихи-типологиялық жіктелісіне ішкі және сыртқы факторлардың да әсері болатындығы түрлерге жіктеліп, берілген. Осы факторлардың бәрі де түркі тілдеріндегі дыбыс алмасулары мен сәйкестіктерге әсері молынан болған. Тек қана қазақ тілінің материалдарынан ғана емес, сонымен қатар өзге түркі тілдерінің де деректері мысал, дәлел ретінде келтірілген.

Түйін сөздер: түркітану, түркі тілдері, дыбыс алмасулары, дыбыс сәйкестіктері, дыбыс ажыраулары, экстралингвистикалық, лингвистикалық факторлар

Кіріспе. Түркітанудағы ең күрделі мәселелердің қатарына қазақ тілі тарихы да жатады. Себебі қазақ тарихымен өзектес, сабақтас болып келетін ұлттық тіл тарихының бұралаң жолы осыны айғақтайды. Қазақ әдеби тілінің қай кезеңнен басталуы туралы ғалымдар арасында көп пікір болғанда, оны Абайдан бастаймыз деп ғалымдар айтқанда, от тілді, орақ ауызды Бауыржан Момышұлы: «ондай болса, ХІХ ғасырға дейін атаңның басына өмір сүрдің бе» деген екен. Ендеше тарих көрсеткендей, ұлтымыз – өзі мекендеген Еуропа мен Азия (Еуразия) аралығындағы көне халықтардың бірі. Халық болып ХV-ХVІ ғасырларда қалыптасса да, оған дейін этноним ретінде әлдеқайда арыда өмір сүргенін, «қазақ» этнонимін алып жүргені бізге ерте замандардан мәлім болған. Бұл туралы ХІ ғасырда өмір сүрген ұлы шайыр Фирдоусидің «Шахнамесінде» «қазақ» сөзі этнос мағынасында қолданылғандығын білеміз. Осыған қарап, қазақ тарихының терең қатпары бар екенін, онымен қоса тілінің де сан қилы тарихы бар екенін көруге болады.

Негізгі бөлім. ХХ ғасырдың басында қазақ тілі тарихына ең алғаш рет ғылыми түрде талдау жасап, ізденіс жүргізген Қ.Жұбанов деп айта аламыз. Ол «Дүниедегі халықтардың барлығы да құранды, «таза» ел жоқ. Білімпаздар қазақты ХV-ХVІ ғасырларды құралған деседі. Ел құранды болғандықтан, тіл де құранды болмақ: *шаруа, сән, ән, әңгіме, баға, найза* деген сөздердің барлығы да парсынікі. Тілдің қалай өсіп, дамитындығын білу керек. Тілдің тарихын білу деген сөз – оның өніп-өскен жолын білу деген. Демек, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын, оған неге ұшырағанын білу керек. Бұрынғы білу – жай әшейін емес, тілді меңгерудің бір амалы. Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз», – деген еді [1, 120 б.]. Енді осы «толық меңгеруді» біз қалай өткізіп жатырмыз? Осы уақытқа дейін жұбановша айтсақ, тілді біліп қана жүрдік, толық меңгеру кеше ғана ХХ ғасырдың соңында Б.Сағындықұлының зерттеулерімен тығыз байланысты болды. Б.Сағындықұлы тілдің есте жоқ ескі замандардан бері келе жатқан түп негізін саралауға бет алып, оның шешімін де тапқандығы соңғы жылдары шыққан еңбектерінен байқап жүрміз [2, 93 б.].

ХІ ғасырдан бастап ХV ғасырларға дейін туыстас тілдердің бәріне ортақ, әртүрлі ру, тайпалардың бәріне түсінікті ортақ тіл болғаны анық. Ғылымда «орта азиялық әдеби тіл», «орта азиялық түркі тілі» терминдері бар. Мұндай аясы тар терминдердің орнына Ә.Құрышжанов пен Ә.Ибатов «орта түркілік жазба әдеби тіл» терминін ұсынады. «Орта түркі әдеби тілі» өз заманында тек қана Орта Азия емес, қазіргі Қазақстан жерінің барлық түкпірі мен солтүстік аймақтағы түркі халықтарының түгел, Еуропа жеріндегі «Дешт-и Қыпшақ» пен қырым халықтары, тіпті сонау жер ортасы – Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк қыпшақтарына тән жазба ескерткіштердің бәрін қамтитын, солардың бәріне ортақ әдеби тіл болған [3, 101 б.]. Осы орта түркі әдеби тілінің қазіргі қазақ тілімен сабақтастықтың,

жалғастығын іздестіргенде екі дәуір тіліндегі деректерді салыстыра отырып жүгінеріміз, ең біріншіден, дыбыстық өзгерістер.

Көне түркі жазбалары табылған уақыттан бері, яғни XIII ғасырдан бері зерттеліп, қарастырылып келе жатыр. Бұл кезең ескерткіштерінің зерттелуі тіл парадигмаларының барлық деңгейлері тұрғысынан зерделенсе де, зерттеуші үшін мәңгілік азық болары анық. Себебі көне кезеңді тарих, тіл, мәдениет, өркениет тұрғысынан зерттеулердің барлығында нақты айтылған пікірлерді екінші, үшінші зерттеушелір теріске шығарып, енді бірі құптап, ғылым дамуы философиялық тұрғыдан дамып жатады. Бұл – заңды құбылыс. Себебі ол заманға барып келген адам болмаған соң, мұндай пікірталастардың болуы заңды. Алғашқы зерттеушілердің барлығы да батыс ғалымдары болғандықтан, еуропацентристік бағытта зерттелді. Соңғы бір ғасырға жетер-жетпес уақытта ғана түркі жұрты өз мұраларын түркі бағытында, түркі әлемі аясында зерделене бастады. Бұл туралы қазіргі ғалымдар былай жазады: «XVIII ғасырдың соңғы кезеңі мен XX ғасырдың соңына дейін әлем ғалымдарының назарын аударып, негізінен, еуропацентристік бағытта қарастырылып келген көне түркі жазба мұраларын зерттеу мәселесі XXI ғасырдың алғашқы жылдарынан бастап жаңаша бағыт-бағдар алып, жазба жәдігерлерді мұра иесі – көне түркілердің, олардың ұрпақтары қазіргі түркілердің дүниетанымы негізінде, яғни «түркі әлемі» аясында, барлап-зерделеуге талпыныстар жасалуда» [4, 12 б.].

Тілдің әр саласының дамуында заңдылықтар болады. Ол заңдылықтардың бәрін тудыратын – әрине, адам, адамзаттың тілі.

Бірінші заңдылық – дыбыс сәйкестіктері. Дыбыс сәйкестіктері барлық тілдерде бар, десек те түркі тілдерінде молырақ. Себебі көне түркі жазба ескерткіштерінің өзінде біздің дауысты дыбыстардың барлығы 4 негізгі дауысты дыбыстың айналасына топтанған. Мәселен осы 4 дауыстының бірнеше фонетикалық варианттары дыбыс сәйкестіктерін тудырып, жаңа сөздің тууына алып келеді. Тіпті кей жағдайларда, әрине, сөз тудырмайтын жағдайлар да кездеседі. Осыдан кейін түркі тілдері өзінің даму жағдайында этностың базалық сөздік қорын молайтып, дамуына алып келеді.

Біз танытын, танымайтын, көретін, сезетін, білетін, қабылдайтын, есте сақтайтын заттар мен құбылыстарды танып-білуде, оларға атау беруде тілдің сыртқы қабығы мен мазмұны астасып, дамып, қызмет атқарады. Біз таныған заттар мен құбылыстар біздің санамызда мазмұн мен сол арқылы пайда болған ұғымды дыбыстар тіркесімі арқылы сыртқа сөз етіп шығарады. Осы кезеңде адам өзі таныған затты дәл солай бұрынғы санада бар белгіні іске қосып, дәл солай атауы мүмкін немесе бұрынна бар атауды өзгертіп, белгілі бір заңдылықпен тыңнан жаңа атау беруі мүмкін. Осы себептен де, тілімізде тіл дауыстыларының даму заңдылықтары туындайды. Тілдің даму заңдылықтарын екі түрлі түрін атап өтуге болады. Ішкі лингвистикалық факторлар; сыртқы лингвистикалық факторлар. Осы факторлар тілді ғасырлар бойы өзгертіп, тарихи-типологиялық жағынан құбылтып отырған. Біз болашақта зерттеуімізде ішкі факторлар: грамматикалық алмасу, позициялық алмасулар, тарихи алмасулар, фонетикалық алмасулардың тіл дыбыстарының тарихи-типологиялық жіктелісін тудыратынын көрсеткіміз келеді.

Дыбыстар сәйкестігі арқылы байқалатын алмасуар фонетикалық алмасулар деп аталады.

Бір тіл ішінде немесе туыстас тілдер арасында, өлі тілдер мен тірі тілдер аралығында да дыбыстардың вариантталып, тарихи өзгерістерге ұшырау құбылысын дыбыстар сәйкестігі дейміз.

Тіл бойындағы тарихи өзгерістерді тарихи фонетикалық құбылыстар бойынан зерттеуде тарихи-салыстырмалы әдіске жүгінеміз. Қазақ тілінің күрделі даму тарихында, дыбыстық өзгерістердің нәтижесінде тіл бойында көрінетін альтернатива құбылысының екі саласын принципті түрде ажыратып алған дұрыс. Дыбыс алмасулары – бір тілдің ішкі деңгейінде ғана болып, белгілі бір фонетикалық заңдылықтарға (сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция) байланысты болатын құбылыс деген пікір бар. Біздің түсінігімізде дыбыстар алмасулары қазіргі тұрғыдан қарағанда «бір тілдің ішкі деңгейі» бола алмағанмен, бір кездері «бір тіл» ретінде өмір сүрген. Мәселен, осы «бір тілдердің» ішіне түркі тілдерін де жатқызуға болады. Себебі кешегі XIX ғасырдың өзінде В.В. Радлов үлкен сөздік жазғанда оның атын «Опыт словаря тюркских наречий» деп атаған [5, 56 б.]. Демек, XIX ғасырға дейін түркі тілдері ғалымдар пікірінше, жеке-жеке тіл емес, бір тіл ретінде қабылданып, өмір сүрген. Демек, дыбыс қазір біз дыбыс сәйкестігі деп жүрген алмасулардың өзі де сол кезеңде алмасу болып, дыбыстардың жіктелуіне алып келіп, типологиялық өзгеріс жасау мүмкіндігіне ие болған. Ал қазіргі тіл білімінде дыбыстар сәйкестігіне берілген мынадай анықтама «Бір тіл ішінде де, туыстас тілдер арасында да, өлі тілдер мен тірі тілдер аралығында да дыбыстардың ешқандай фонетикалық ықпалсыз тарихи өзгерістерге ұшырау құбылысы – дыбыстар сәйкестігі» болуының өзі дыбыс алмасулардан келіп туындап, жаңа сөз жасауға қатысады. Демек фонетикалық ықпалмен (дұрысырақ

айтсақ, заңдылықпен) пайда болатын дыбыс алмасулары дыбыстар сәйкестігін қалыптастыруға негіз болады. Жоғарыда көрсетілгендей, дыбыстар сәйкестігінің *фонетикалық ықпалсыз* өмір сүруі мүмкін емес деген ойдамыз. Мәселен, дыбыс алмасуларының өзі бір мүшенің қатысуымен жасалатын дыбыстар арасында болады. Болат – полат, сұрау – сорау, ақ – әк, рет – рез т.б. Осындағы б/п, ұ/о, а/ә, т/з алмасуларының өзі белгілі бір фонетикалық заңдылыққа сүйенеді. Ол заңдылық дыбыстардың алдымен артикуляциясына, сосын барып акустикасына байланысты. Алдымен, артикуляциясына байланысты дегеніміз – олардың жасалу жолы. Бір жасалу жолымен немесе мүшемен жасалған дыбыстың екі түрлі дыбыс шығара алуы мүмкін бе? Әрине, мүмкін емес. Сол себептен де дыбыстардың артикуляциясына негізделген тіл арты, тіл алды, мұрын жолды, тіл мен тіс дауыссыздары, еріндік, езулік деген секілді классификациялардың болуы заңды. Езулік дауыстыларға а, ә, е және ы, і жатады десек, осы дауыстылардың жасалуы, яғни артикуляциясы бір. Осы себептен де олар езу арқылы жасалады деген қағида арқылы бүгінге жетіп отыр. Әрине, бұған қоса, өкпеден шыққан ауа мен ауыз қуысындағы мүшелердің қатысуын жеке-жеке айтпай-ақ қойсақ та жеткілікті. Себебі адамзат баласы ауыз арқылы қанша дыбыс шығара алатын болса, ауыз қуысындағы барлық мүшелерлі қатысуы арқылы жасалатыны анық түсінікті. Демек, дыбыстар классификациясындағы жоғарыда аталған терминдердің барлығы да бекерден бекер аталып отырған жоқ.

Сондай ақ дауыссыз дыбыстар артикуляциясындағы б/п, б/м, т/д, р/л, с/ш, к/к секілді дыбыс алмасулары жалпы түркі тілдерінде, оның ішінде дыбыстар классификациясын жасауға қатысқан. Бұған дәлел сол кезеңдегі осы дыбыстардың бірінің орнына бірі жұмсалғандығы. Мәселен, көне түркі тіліндегі бен/мен (жіктеу есімдігі), бын/мың (сан есім), тағ/дағ немесе таг/даг (тау сөзі), ав/ау, аба/апа, қыш/қыс, бег/бек, ығур/ығыр. Орхон жазбаларында Ығур еліде иіг қылтым (КТҮ. 29). Қ.Сартқожаұлының аудармасында бұл сөйлем «Ығыр болған қағандықты игі еттім» деп аударылған. Мұндағы дыбыс айырмасы – у/ы. Демек көне түркі тілінде у/ы дыбыстарының алмасулары өте жиі кездескен. Бұған дәлел ретінде артуқ – артық, йоры – йору, оғуз – оғыз, отыз – отуз, азуқ – азық, қатун – қатын т.б.

Миан мин ман мән болуы артикуляцияға байланысты емес, бұл дыбыстар жіктелісі басқа. Алдыңғы дыбыстар жіктелісі фонетикалық заңдылықтарға сүйенсе, бұндағы дыбыстар жіктелісі ажырау нәтижесінде пайда болған. Демек, барлық дыбыстардың типологиялық классификациясы үш жолмен жіктелген. Бірінші дыбыс алмасулары арқылы, екінші дыбыс сәйкестіктері арқылы, үшіншісі ажырау нәтижесінде.

Түркі тілдерінің батыс хұн бұтағының бұлғар тобының дауыстыларының ішіндегі о дыбысының уо дифтонгы арқылы айтылатыны зерттеулерде айтылып жүр.

о/ө > у/ү: бұлғар тіліндегі вут – от, куөк – көк деген мысалдар о және ө дыбыстарының дифтонг екенінен хабар береді. Демек, кей түркі тілдерінде у, о, ө дауысты дыбыстарының жіктелісі болғандығын көреміз. Түркі тілдерінде уот, уорұн деген сөздерді айтқанда олардың алдында в (v) дыбысы айтылғанын да вурун-орын, вун/вон-он деген сөздер дәлел бола алады.

1. Вокализм второй группы:

- 1) а/е > у/і ~ u/ü: ујух 'месяц', рілік 'пять', јул- 'оставаться';
- 2) о/ө > u/ü: вut 'огонь', түtөm 'четвертый';
- 3) полногласие: куvак 'синий', туvар 'соль'.

2. Консонантизм.

2.1. Передние согласные:

- 1) протетический v: вугуn 'место', вun ~ von 'десять'.

Чуваш тілінде де у мен о дыбыстарының дифтонгтік сипатын байқауға болады. Н.А. Баскаковтың «Историко-типологическая фонология тюркских языков» атты еңбегінде мынадай мысалдар дәлел бола алады [6, 182 с.].

Әзірбайжан тілінде:

2.4.2. Соответствия в аглауте:

2.4.2.1. $q \sim \dot{g} \sim x \dots > g/h$: *gyz* 'девушка', *goi* 'рука', *gal-* 'оставаться'; *qoj-* 'ставить', *gar* 'снег', *gan* 'кровь', *gaga* 'черный', *gigu* 'сухой' и в некоторых словах h : *hasan* 'легко', *hansu* 'какой';

Особенностями сингармонизма чувашского языка являются: а) общие закономерности с некоторыми исключениями для палатального; б) отсутствие лабиальной аттракции с некоторыми следами для узких гласных. Примеры: *katyk* 'обломок, осколок', *kile-* 'просить', *kilj* 'жилище, дом', *kuguk* 'трава', *ruļ* ~ *ruļ* 'рыба' *xigux* 'разбойник', *xigun* 'береза'.


1.5. Соответствие гласных по отношению к другому типу вокализма.

1.5.1. $a/u > y/i \sim u/ü$: *rug-* 'идти'; *us'* 'открывать'; *s'ig* 'земля'.

1.5.2. $o/ö > u/ü$: *s'ul* 'дорога', *külü* 'озеро'.

1.5.3. $u/ü > y/i$: *şuv* 'вода', *kil* 'пепел', *sit* 'молоко'.

Қазақ тіліндегі жол деген сөздің чуваш тілінде жул, көл сөзінің күлі деген сөз арқылы беріліп тұрғанын көріп отырмыз. Ендеше о мен у дыбыстарының бір-бірімен сәйкес емес, керісінше дыбыстардың ажырауы арқылы түркі тіледің сөздерінде кездесетінін көріп отырмыз. Чуваш тілі сингармонизмі ерекшелігінің бірі езулік дауыстылардың жалпы заңдылықтарында. Мәселен, қазақ тіліндегі ашық дауыстының орнына у қысанын келетіндігі бірден-бір ерекшелік деп танылады. Құрук – құрак, пулы – балық, курық – қарак(шы), хурын – қайың т.б.



1.2. Вокализм туркменского языка состоит из восьми нормальных гласных фонем – а, е, у, і, о, ё, и, ü и восьми первичных долгих – а:, á:, у:, і:, о:, ё:, и:, ü:.

1.3. Для вокализма туркменского языка характерны наличие позиционного вторичного долгого гласного е:, встречающегося в стяженных формах типа *ge:r* < *geler* 'он придет' и дифтонгоидный характер долгих узких гласных $u: \sim u_j$ и $ü: \sim ü_j$, например: *gy:δ* ~ *gyjδ* 'девушка', *dü:š* ~ *düjš* 'сон'.

Түркімен тілінде де өзге түркі тілдеріндегі секілді 8 дауысты дыбыс бар. Созылықты айтылатын е және жоғарыдағы ғалымның айтқанына қарап, дифтонг түрінде айтылатын й-йы және у-уі/уы деп санаймыз. Қыз мағынасындағы Жазба ескерткіштер тілі мен қазақ тілі материалдарына сүйеніп тіл туыстығын зерттегенде біздің ең бірінші жүгінеріміз дыбыс. Тілдерді бір-бірімен салыстырып, олардың ұқсастығы мен айырым белгілері арқылы жақын-жуықтығын анықтауда, ең алдымен

фонетикалық ерекшеліктеріне сүйеніп, дыбыстық жүйеге баса мән бергеніміз абзал. Өйткені, сөздің сыртқы қалыбы болып есептелетін дыбыстар, мағынаға да өз әсерін тигізеді. Сол себепті Л.Блумфильд: ...изучение языка следует начинать с фонологии и формы, звучания, а не со значения, – деп ескертеді [7, 164 б.]. Дыбыс түбірлі өзгерістерге тез ұшырай бермейтін тұрақты тілдік құбылыс, тілдің ежелден келе жатқан материалдық қабыршағы. Әр дәуірдегі, тарихтың әрбір кезеңіндегі дыбыстардың бір-біріне әсерін, түзілуін, сәйкестігін, олардың мағыналық қызметін тарихи жазба ескерткіштердің тіліне сүйеніп зерттеу тарихи фонетиканың негізгі міндеттерінің бірі.

Ы-і, и-у дыбыстарын айтқанда, Қ.Жұбановтың айтуынша, түрліше өзгеріс болады. «ы-і әнделгенде, «е-ге» айналады, и-у әнделгенде, «о-ға» айналады» [1, 54 б.]. Демек, осы жерде дыбыстардың типологиялық жіктелісі пайда болады.

Қазақ тілінде Қ.Жұбановтың «...үйдің қабырғасы болмас бұрын, оны құрастырған кірпіштер болмас бұрын оны құраған құм топырақтар болғаны сияқты, сөз – тіл болмас бұрын дыбыстар, дыбыс болғанда да осы күнгі біз білетін «а», «в», «с» дыбыстары болған сияқты көрінеді» деген болатын [1, 43 б.]. Әрине, қазақ тілінің тарихындағы дауыссыз дыбыстар жөніндегі соңғы пікірлердің ғалым Б.Сағындықұлынан асырып айтқан ешкім болған жоқ. Сондықтан дауыссыз дыбыстардың тарихи типологиялық жіктелісінде асырып айтар пікіріміз де жоқ. Дауысты дыбыстардың түп атасы «а» болған деген Қ.Жұбановтың пікіріне түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстардың тарихи типологиялық жіктелісін қарастыру барысында көз жеткізіп отырмыз.

Көне түркі тілінде дауысты дыбыстар дауыссыз дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне қарай таңбалау үрдісі болған. Демек, дыбыс жазуы сол кезеңдерде болды десек те, буын жазуының әлі де болса, табы бар екендігін көруімізге болады. Осыған қарап, дыбыстар жіктелмей тұрып та, тіл құралмаған секілді көрінгенмен, дыбыстар табиғатын танып-білу, олардың типологиясын қарастыру заңды деп санаймыз.

Тұлғалық жағына адам танымастай болып өзгерген сөздерді тарих қойнауына індете зерттегенде ежелде қандай түрде болғанын, қазір қандай тұлғада екенін дыбыс сәйкестіктеріне сүйеніп анықтай аламыз.

Дыбыс сәйкестіктерін сөзжасамның тәсілі ретінде қарастырған кейбір ғалымдар пікіріне А.Ерімбетова мен Ж.Қоқанова сынды жас ғалымдар мынадай ой-пікірін білдіреді: «Шынында да, дыбыс сәйкестіктері – сөз мағынасына әсер ететін тек қана сөзжасамның тәсілі ретінде қарастыруға болмайтын тілдік құбылыс. Дыбыс сәйкестіктері фонетика және морфология салалары жеке-дара түсіндіре алмайтын, таза сөзжасам тәсілі деп айтуға да келмейтін, фонетика, морфология, семантиканың үшеуіне де белгілі бір дәрежеде қатысы бар аралық әрі тіліміздің құрылымдық ерекшеліктерін, тарихи орнын анықтауда елеулі орын алатын құбылыс. Бұл құбылыс тілімізде бір буынды сөздерге қатысты тек жаңа сөз тудыру қабілеті бар дыбыс сәйкестіктері арқылы көрінсе, ал кей жағдайда сөздің тұлғалық өзгеріске түскенімен, мағыналық бірлікте қолданылуы, ал енді бірде мағыналық саралануына да ықпал ететін моносиллабтар және полисиллабтар құрамындағы дыбыс сәйкестіктері арқылы көрініс табады» [8, 25 б.].

Қазіргі қазақ тілін жазба ескерткіштердің тілмен салыстырғанда фонетикалық варианттар ерекше айқындала келіп, әр түрлі дыбыс сәйкестіктерін түзеді. Солардың бір парасы *й~ж* сәйкестігін сөз еткенде тіл тарихына бойламай тұра алмаймыз. А талмыш сәйкестік батыс хун бұтағына жататын тілдерді өз тарапынан екіге бөледі: 1) оғыз (әзербайжан, түрік, түрікпен), қарлұқ-ұйғыр (өзбек, ұйғыр) тілдерінде көптеген сөздер *й* сонорымен басталса, 2) қыпшақ тілдерінде дәл сол сөздер ұяң *ж* дыбысы арқылы басталып айтылады.

М.Қашқари түркі тілдерін зерттей келе XI ғасырда жеке қолданылған “қыпшақ тілі” болғандығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, ол “қырғыз, қыпшақ, гуз, тухси, яғма, чығыл, арғу, йарук тайпалары – бәрі бірдей түрікше бір тілде сөйледі” деп жазады. Белгілі ғалым Н.Т. Сауранбаев осы деректерге сүйене келіп “бұл аталған тайпалар тілдері өзара бірігіп кетіп, бірегей тілге айналған да, ортасынан бір топтан қыпшақ тілін шығарған” дейді. Шынында да XII ғасырларда қыпшақ тайпаларының салмағы саяси аренада арта түсті. Қыпшақтардың мемлекеттік одағына әр алуан тайпалар бірікті. Қыпшақ тілі сондықтан аралас тіл болды. Бірақ басқа тайпалардың тілінен гөрі үстем тайпа қыпшақтардың тілі гегемондық рөл атқарды.

Қорытынды. Қорыта келгенде, түркі тілдері дыбыстар жүйесінің тарихи-типологиялық жіктелісі дыбыстардың сәйкесуіне, алмасуына, ажырауына сүйенеді. Осы аталған үшеуінің де сөз жасап (ол жаңа сөз немесе вариант т.б. болуы мүмкін) тіл құрайды. Демек, тіліміздің фонетикалық жүйесі тіл дыбыстарының негізгі және қосалқы бөлшектерінің басым айтылуына байланысты болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 2010. – 581 б.
- 2 Сағындықұлы Б. Қазақ тілінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 145 б.
- 3 Құрышжанов Ә., Ибатов Ә. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері жайында. // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. – Алматы, 1981. – 199 б.
- 4 Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика. Екінші бөлім / Жалпы ред. басқ. Б.Сағындықұлы. – Алматы, 2012. – 348 б.
- 5 Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий: В 4-х т. – Москва: Изд. вост. лит., 1963. – Т. II. – 2500 с.
- 6 Баскаков Н.А. Историко-типологическая фонология тюркских языков. – Москва, 1988. – 543 с.
- 7 Блумфильд Л. Язык. – М., 1968. – 465 с.
- 8 Түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерінің ғылыми-теориялық сипаттамасы // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2016. – №3. – Б.25-28.

С.А. Оданова¹, Г.Б. Шойбекова²

^{1,2}*Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан*

ЧЕРЕДОВАНИЕ И СООТВЕТСТВИЕ ЗВУКОВ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Резюме

В данной статье казахский язык рассматривается как одна из ветвей тюркских языков, также рассматриваются пути его фонетического, лексического, морфологического, словообразовательного, синтаксического развития. В настоящей статье мы видим, что свое начало казахский язык берет с глубин истории языка, как уже сформированный полноценный язык, у которого все уровни расположены по определенной системе. Также обсуждается фонетический фон истории языка, о том, что звуки подверглись языковой эксплуатации с помощью фонетических явлений (метатеза, сходства, чередования), также дифтонгоидных и аффрикатных характеристик и в результате они пополняют словарный фонд языка. Рассматривается влияние интро и экстралингвистических факторов на историко-типологическую классификацию языковых звуков. Именно данные факторы в большей степени повлияли на фонетические явления в тюркских языках. В качестве доказательства приведены сведения не только казахского языка, но и других тюркских языков.

Ключевые слова: тюркология, тюркские языки, чередование звуков, соответствие звуков, звукоизоляция, экстралингвистические, лингвистические факторы

S.Odanova¹, G.Shoybekova²

^{1,2}*Kazakh State Women's Teacher Training university,
Almaty, Kazakhstan*

ALTERATIONS AND CONFORMITY OF SOUND IN TURKIC LANGUAGES

Summary

In this article, the Kazakh language is regarded as one of the branches of the Turkic languages, and its phonetic, lexical, morphological, word-formative, syntactic development path is also considered. In this article we see that the beginning of the Kazakh language takes from the depths of the history of the language, as already formed a full-fledged language, in which all levels are in a particular system.

It also discusses the phonetic background of the history of the language, that sounds have been subjected to linguistic exploitation through phonetic phenomena (metathesis, similarity, alternation), as well as diphthongoid and affricate characteristics, and as a result they supplement the vocabulary of the language. Classification of the influence of intro and extra-linguistic factors that influence the historical typological classification of linguistic sounds is given. These factors that largely influenced the phonetic phenomena in the Turkic languages. For example information is given not only in the Kazakh language, but also in other Turkic languages.

Keywords: turkology, Turkic languages, alternation of sounds, correspondence of sounds, soundproofing, extralinguistic, linguistic factors

FTAXP 16.01.11

Г.О. Сейдалиева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

СТЕРЕОТИПТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАБИҒАТЫ МЕН МӘНІ

Аңдатпа

Мақалада стереотиптердің әлеуметтік және лингвистикалық табиғаты мен мәні қарастырылады. Ғалымдардың зерттеуінше, әлеуметтік стереотиптердің қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдары негіз болады екен. Себебі БАҚ әрқашан әлем туралы, ақиқат дүние туралы ұғымдарды әсірелеп, айшықтап жеткізуді мақсат етеді. Адам санасында белгілі бір зат не құбылыс туралы түсінік әсерлі болған жағдайда ғана ұзақ сақталады. Бұнымен қоса, тіл арқылы берілетін стереотиптердің психологиялық әсері, адам ойын жетелейтін когнитивтік ықпалы едәуір басым екені әлемдік психология ғылымында зерттелді. Осындай тұжырымнан кейін, стереотиптердің әлеуеті мен қызметі әртараптан қарастырыла келе, танымның рационалды формасы ретінде өзгенің пікіріне сүйенуден гөрі, адамның өз танымындағы түсініктердің қарапайым көрінісі деген тұжырым жалпы стереотип түрлерін толық қамтитын анықтама болып қалыптасты. Мақалада стереотиптерге тән басты қасиеттер мен олардың түрлері талданады.

Түйін сөздер: стереотип, менталдық стереотип, концептуалды бейне, мәдени құндылық, әлеуметтік топ

Дүниенің тілдік бейнесін қалыптастырушы элементтердің бірі – стереотип. Когнитивті лингвистикада және этнолингвистикада «стереотип» термині тіл мен мәдениеттің мазмұндық жағына қатысты қарастырылады, яғни әлемнің тілдік бейнесімен салыстырылатын менталды (ойлау) стереотипі ретінде ұғынылады. Дүниенің тілдік бейнесі мен тілдік стереотип бүтіннің бөлшегі ретінде салыстырыла отырып, тілдік стереотип белгілі бір тілден тыс нысанға қатысты тұжырым деп түсіндіріледі. Сондай-ақ оны әлеуметтік таным модельдерінің аясында қалыптасқан объективтік шындықты түйсінудің нәтижесі және субъективті тұрғыдан берілген баға деп көрсетеді. Стереотиптер екі категорияға бөлінеді: үстірт және түбегейлі [1, 3]. Үстірт стереотиптер – белгілі бір халық туралы тарихи, халықаралық және саяси жағдайларға немесе басқа да уақытша факторларға байланысты пайда болған стереотиптер. Бұл стереотиптер әлемде және сол елдегі жағдайларға байланысты өзгеріп отырады. Олардың өмір сүру ұзақтығы қоғамның жалпы тұрақтылығына байланысты. Атап айтқанда, олар: нақты тарихи оқиғаларға қатысты қалыптасқан бейнелі түсініктер. Үстірт стереотиптерден түбегейлі стереотиптердің айырмашылығы – олардың уақыт талғамай өзгермейтіндігінде. Түбегейлі стереотиптер керемет тұрақтылық қасиетіне ие бола отырып, ұлттық сипаттағы ерекшеліктерді зерттеуге дерек бола алады.

Түбегейлі стереотиптер арасында халықтың өмірі мен тұрмысының белгілеріне байланысты туындаған сыртқы стереотиптер ерекше топты құрайды, халық тұрмысында үнемі болып тұратын алмасуларға қарамастан, мұндай стереотиптер өте жай өзгеріп отырады. *Шаңырақ, сандық, тері бұйымдары, кимешек, сәукеле, қамшы* бірнеше ғасырлар бойы қазақтар өмірінің ажырамас бөлігі саналып келеді. Түбегейлі стереотиптердің көпшілігі өте ерте заманда қалыптасқандықтан, олардың пайда болу, таралу жолдары әртүрлі. Мысалы, Ұлыбританиядағы түрлі тарихи жағдайларға байланысты пайда болған стереотиптерді айтуға болады. Әртүрлі герман тайпаларынан құралған субстраттан пайда болған ағылшын этносы және оның ұзақ уақыт бойы өмір сүруі олардың өмір тіршілігі стереотиптерінің негізгі белгілерін айқындады. Мемлекеттік істе де, тұрмыста да орын алған ағылшындарға қатысты стереотиптердің негізгі қызметі оларға тән прагматизм мен нақтылықтан көрінеді. Адамның өмір тіршілігін реттейтін этникалық сана мен мәдениетті қалыптастырудың негізі ретінде туа бітті пайда болатын немесе белгілі бір ұлт өкілі ретінде оның бойына сіңірген мәдени стереотиптерді айтуға болады. Сонымен, біз мәдениет арқылы телінген стереотиптер әлемінде өмір сүреміз.

Ұлттың менталдық стереотиптерінің жиынтығы сол ұлттың әрбір өкілінің жанына жақын, жүрегіне жылы. Мәселен, айлы түн жайлы ауыл және қала тұрғындарының айтқан мынадай сөз

тіркестерін айтуға болады: *тігін тігуге болатындай сүттей жарық* деп ауыл тұрғыны айтса, *кітап оқуға болатындай жарық тун* деп қала тұрғыны айтар еді. В.Маслованың зерттеуі бойынша: «Стереотип – это такое явление языка и речи, такой стабилизирующий фактор, который позволяет, с одной стороны хранить и трансформировать некоторые доминантные составляющие данной культуры, а с другой стороны проявить себя среди «своих» и одновременно опознать «своего» [2, 59].

Адамдардың өмір тіршілігіне қатысты стереотиптер – стереотиптер арасындағы маңыздысы. Стереотиптер салт-дәстүрмен, аңыз-эпсаналармен, әдет-ғұрыптармен тығыз байланысты, тек салт-дәстүрлер объективті маңыздылығын ашық түрде байқатса, ал стереотиптер жасырын күйде көрінеді. Стереотиптенген өмір тіршілігінің түрлері ретінде салт-дәстүрлер этнографиялық зерттеулер нысанына айналуға бейімделуіне айналуда. Бұл, әрине, бекер емес, себебі өмір тіршілігіне қатысты стереотиптерде этникалық мәдениеттің ерекшелігі айқын көрінеді. Өмір тіршілігі түрлеріне қатысты стереотиптер тізбегі салт-дәстүрлермен ғана шектелмейді. Өмір сүру қалыптары өмірдің басқа да салаларына тән болып келеді, атап айтқанда, қарым-қатынас мәдениеті, индивидтердің әлеуметтік өмірге бейімделуі, технологиялық үдерістер (еңбек тәсілдері мен дағдылары), ойын әрекеттері, т.б. Адамдар арасындағы қарым-қатынасқа тек олардың ортақ тіл табысулары аздық етеді, сонымен бірге оған дейін меңгерген білімдері аса қажет шарт болып табылады. Қарым-қатынасқа түсушілердің әрқайсысының өзін қоршаған әлеуметтік және мәдени орта жайындағы ортақ таным-түсініктері сәйкес келгені құптарлық жайт. Сол себепті коммуникативтік актіге қатысушылардың санасында қалыптасатын осы білім түрлері аялық білім қоры деп аталады. О.С. Ахманованың анықтамасы бойынша «Аялық білім – тілдік қатынастың негізі болып табылатын екіжақты тыңдаушы мен айтушыға бағытталған реалитер туралы білімі» [3, 498].

Стереотип «ұлттық мінез» ұғымымен тығыз байланысты. Мінез – адамның қоғамда өмір сүре отырып жинақтайтын ерекше қасиеттері. Сондай-ақ мінез деп адамның өмірі мен іс-әрекетінде көрінетін және қалыптасатын тұрақты жеке-дара ерекшеліктерінің жиынтығын айтамыз. Осылайша, адам мінезі оның дүниетанымына, іс-әрекетінің сипаты мен мазмұнына, өмір сүретін әлеуметтік ортасына, басқа адамдармен жасайтын белсенді қызметіне байланысты әлеуметтік мәнге ие болады [4, 42]. Адамның өзін қоршаған ортамен жасайтын белсенді қатынасы оның мінез-құлқы айқын көрсетеді. Ол идеологиялық тұрғыдан – адамның дүниетанымынан, психологиялық тұрғыдан – қажеттіліктерінен, қызығушылықтарынан, бейімделгіштігінен яғни адамдар мен дүниеге қатысты талғампаз көзқарасынан көрінеді. Алайда, ғалымдар жеке тұлғаның жеке-дара мінез-құлқына қарамастан, белгілі бір әлеуметтік топтың ортақ қасиеттерін қарастыруда. Бұл өз кезегінде ұлттық мінез ұғымына сәйкес келеді. С.М. Арутюнян стереотип ұғымын «халықтың рухани өміріне қатысты түрлі деңгейдегі құбылыстарының ерекше жиынтығы» деп айқындайды. Бірқатар зерттеушілер еңбектерінде ұлттық мінез ұғымы ұлттың шынайы қасиеттерінің ерекше жиынтығы деп көрсетіледі. Әрбір халықтың ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, бұл ұғымға мына қасиеттерді жатқызады: ұлттық сана-сезім, әдет-ғұрыптары, талғамы, салт-дәстүрі, ұлттық мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, ұлттық намысы мен басқа да ұлттар мен ұлыстарға деген көзқарасы. Осылайша, зерттеушілердің басым көпшілігі ұлттық мінезді қандай да бір ұлтқа тән қасиеттердің жиынтығы деп есептейді. Мәселен, С.М. Арутюнян ұлттық мінез терминін белгілі бір елдің мәдени және тарихи дамуының ықпалымен қалыптасатын салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрып, мінез-құлық қасиеттерінің жиынтығы деп анықтайды [5,24]. Стереотип ұғымы әлеуметтану ғылымынан когнитивті лингвистика мен этнолингвистика салаларының зерттеу нысанына айналу жолында айтарлықтай өзгеріске ұшырады. Бұл өзгерістер оның мазмұндық, тұрпаттық және көлемдік тұрғыдан өзгеруіне әсер етіп, стереотип ұғымының қолданыс аясын кеңейтті. Бұған дейін әлеуметтану ғылымында стереотип термині тек адамдарға қатысты ұлттық, әлеуметтік, кәсіби және басқа да тұрғыдан қарастырылып келсе, ал когнитивті тіл білімі, сонан соң этнолингвистикада бұл термин адамның танымдық және практикалық өміріндегі кез келген затқа (заттар, құбылыстар, оқиғалар, адамдар, жануарлар, өсімдіктер әлемі т.б.) байланысты зерттеледі. Әлеуметтану ғылымы тұрғысынан стереотип термині – тар ұғымда, яғни белгілі бір адамдар ұжымы мен оның өкілдері тұрғысынан ғана зерттеліп келсе, ал когнитивтік тұрғыдан – кең ұғымда, яғни түрлі тілдік формада берілетін (сөздің лексикалық, мағынасы, оның сөзжасамдық және семантикалық дериваттары, басқа сөздермен тіркесу және жұптасу мүмкіндіктері, этимологиялық, фразеологиялық және грамматикалық ерекшеліктері тұрғысынан) менталдық (семантикалық) құбылыс ретінде қарастырылады. Дегенмен, стереотип терминінің этнолингвистика ғылымында когнитивтік дефиниция ретінде айқындалуы барлық тілдік бірліктер деңгейінде қарастырылған заттар туралы түсініктердің жиынтығы болып табылады.

Мұндай ұғым-түсініктер сол тілдің өзінде бұрыннан бар (мысалы, мақал-мәтелдері) немесе кейіннен пайда болған тұрақты тіркестер болуы мүмкін.

Санада сыртқы әсердің көмегімен пайда болған ақпараттар адамның эмпирикалық тәжірибесімен толықтырылады. Онымен қоса, дүниенің онтологиялық үзіктері тілде көрініс табатын дүниенің қарапайым бейнесінде туындайды. Мысалы, ойдың метафоралануы – негізгі менталды әрекет, дүниені тану және таныту тәсілі. Және ол жаңа білімді «ескінің көзімен» бейнелеп түсіндіруге бейім тұрады. Ойдағы нәтижені тіл арқылы тани аламыз. Демек тілсіз адамның интеллектуалдық білімі мен рухани дүниесін анықтау мүмкін емес. Дегенмен дүниені тану тілден тыс санадағы таңбалар мен жағдаяттардың сол дүниенің табиғатын толық аша алу деңгейіне байланысты. Санадағы кейбір жағдаяттар тілде көрініс таппай тек ойда таным ретінде сақталуы мүмкін. Бұндай дүниенің табиғатын дәл әрі нақты таныта алатын ситуациялар стереотиптік, яғни жиі қайталану барысында ғана тілдік сипатқа ие бола алады.

Санада қалыптасатын стереотиптердің тілдік бірліктер арқылы жарыққа шыққанға дейінгі тетігін нақтылайтын болсақ, когнитивтік талдау жасауға туралы келеді. Себебі, адамзат үшін дүниені танудың ең бірінші кілті – ұғымның, сезімдік негіздерден нәр алған сана әрекеті, ал тілдік белгі – танымның сыртқы формасы. Тіл – ой жеткізу құралы. Ойлау әрекеті – мида болатын құбылыс, сана әрекеті. Ал тіл санадағы бұл процесті «мағына» түріндегі формаға енгізеді. Демек ойлау – логикалық механизмнің ақиқат көрінісі. Оның тілмен шартты байланысынан ұғым қалыптасады. Ұғым бірнеше ойдың сұрыпталуынан өтіп, сөз арқылы таңбаланады. Тіл – біз тануға ұмтылатын бүтін бір болмыстың кішкене бөлшегі. Сондықтан тіл мәселелерін тануда сан салалы факторлардың көмегі қажет. Мысалы субъектіні ұғыну, ойлау қабілеті, санадағы танымын өңдеу механизмі, тіл арқылы танылған ақпараттардың семасы, этимологиясы, уәжденуі т.б. әрекеттер тіл білімінде адамзаттың танымдық деңгейін зерттеуге бағытталды. Демек стереотиптік қолданыстар арқылы қазіргі Қазақстандағы азаматтардың танымдық деңгейін, аялық білімінің дәрежесін болжауға мүмкіндік аламыз.

Сонымен, стереотип – дүниенің концептуалды бейнесінің кейбір көріністері (фрагменттері), менталды «бейнесі», заттар мен құбылыстар жайлы қалыптасқан тұрақтылық. Стереотип өз кезегінде заттар мен құбылыстардың ішкі мән-мағынасын түсіндіретін ұлттық-мәдени ұғым болып табылады. Жеке тұлғаның белгілі бір қоғамдағы әлеуметтік өмір әдебі мен салтына сәйкес қалыптасқан стереотиптік білім көзі оның қандай мәдениет өкілі екенін танытатындықтан, стереотиптер мәдениеттегі прецедентті (аса маңызды) бірліктер болып есептеледі. Стереотиптер – бір жағынан, халықтың өз мәдениетіндегі құндылықтарды сақтауға және өзгертуге, екінші жағынан, өзінде барды бағамдауға, аялауға және тануға ықпал ететін тіл мен сөйлеудің тұрақтандырушы факторы [6, 365].

XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басында лингвистикада тілдің ұлттық ерекшеліктерін зерттеудегі өзекті мәселелердің қатарында ұлттық дүниетаным, ұлттық сана, ұлттық ойлау ерекшеліктерін зерттеу арқылы тілде таңбаланған ұғымдардың жаңғыртылмаған мағыналарын ашуға мүмкіндік алғанымыз рас. Осындай тың зерттеулер пәнаралық бағыттардың аясында жүзеге асырылды. Мысалы, когнитивтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика ғылымдарының сабақтасуынан туындаған тілдік зерттеулер тіл мен ойлау қызметтерін ұштастыратын ортақ тетіктерді тиімді қолдануға негіз болды. Сондай маңызды тетіктердің бірі – стереотип.

Стереотип ұғымы алғаш рет 1922 жылы американдық журналист әрі саясаттанушы У.Липпманның «Қоғамдық пікір» атты еңбегінде жарық көрді. Стереотип (грек тілінде stereos – қатты, typos – із) – жеңілдетілген, тұрақты түрде стандартталған түсінік, пікір, әрекет эталоны. Ол стереотипті адам санасындағы реттелген дүние бейнесінің мәдениеті ретінде қарастырды. Біріншіден, стереотиптер дүние туралы күрделі әлеуметтік нысандарды танып қабылдауда ойлау жүйесін әлдеқайда жеңілдетеді, екіншіден, оның таным бағытын, құндылығын, құқығын қорғайды. Алғашқы зерттеулерінде стереотип туралы ұсынылған бұл түсінік кейін зерттеле келе философиялық, психологиялық тұрғыдан толығырақ түсті.

Дегенмен, У.Липпман ұсынған стереотипке тән басты ерекшеліктер (тұрақтылығы, ұжымдық таныммен бекітілуі, кез келген заман үдерісіне сәйкес келуі) бүгінгі күнге дейін ғылыми анықтамасы ретінде түсіндіріліп келеді.

Кейін психология ғылымында, философиялық зерттеулерде ойлау мен логика нысаны ретінде терең қарастырыла бастағанның өзінде де зерттеушілер У.Липпманның анықтамасына жүгінетін болды.

Қазіргі психологияда әлеуметтік стереотип әлеуметтік нысанның (топтың, адамның, құбылыстың, оқиғаның ...) салыстырмалы түрде тұрақты және жеңілдетілген бейнесі ретінде анықталады, ол ақпарат жетіспеушілігі жағдайында индивидтің жеке тәжірибесін және қоғамда қабылданған қарым-

қатынастарды жинақтаудың нәтижесі ретінде қалыптасады [7, 384]. Философияда стереотип ретінде «әлеуметтік нысан туралы, көбіне, эмоционалды боямасы басым және жоғары тұрақтылыққа ие сызбалы, стандартталған бейнені немесе түсінікті» ұғынады [8, 134]. Әлеуметтік стереотиптің аталмыш анықтамаларының ұқсастығы оның қандай да бір тұрақты және жеңілдетілген түсінікті білдіретіндігінен көрінеді. Зерттеушілер мәселені қарастыру барысында осындай түсініктерді қалыптастыра отырып, әртүрлі пікір білдіреді. Алғашқысында аталмыш түсініктер индивидтің жеке тәжірибесінен туындамайтын болса, екіншісінде олар жеке тәжірибенің, қоғамда қабылданған қарым-қатынастардың (кейде бұрыс та болуы мүмкін) нәтижесі болып табылады. Әлеуметтік стереотиптердің философиялық анықтамасында олардың пайда болуы туралы мәселе қарастырылмайды, тек эмоционалды боямасы көрсетіледі. Біздің пікірімізше, көрсетілген анықтамаларды толықтай дұрыс деп қабылдауға болмайды. Әлеуметтік стереотипті тұрақты түсінік ретінде анықтай отырып, адамның қандай да бір құбылысқа қатысты әлеуметтік шарттардың және әлеуметтік топтың алдыңғы тәжірибесінің әсерімен қалыптасқан, осы топтың барлық мүшелері бірдей қабылдаған, тұлғаның әлеуметтенуі барысында меңгерілген қалыпты қарым-қатынасын білдіретіндігін қосамыз.

Таным үдерісінде әлеуметтік стереотиптердің рөлі – екі жақты. Олар адамға қоршаған ортаны тез бағалауға мүмкіндік бере отырып, жағымды рөл атқаруы мүмкін, осылайша, өзгерген шындыққа жауап беру уақытын қысқартады және таным үдерісінің қарқынын арттырады. Стереотиптерді қолдану жағдайды сипаттау үдерісін жеңілдетеді және таным бағытындағы ойлау үдерісін азайтады [9, 164]. Адам жаңа құбылыстардың көбін дайын стереотиптер призмасы арқылы қабылдайды. Ол шындықтың ерекше құбылыстарын белгілі, қарапайым құбылыстармен байланыстыруға және осы негізде қоршаған ортадан жаңа мүмкіндіктер мен қарым-қатынастар табуға тырысады. Өзге сөзбен айтсақ, бұрыннан бар және белгілі әлеуметтік топ қабылдаған стереотиптік түсініктерге негізделгенде ғана кез келген жаңа идея түсінікті және дәлелді бола түседі [10, 9]. Осылайша, мысалы, прагматлингвистикада қарапайым түсініктерді белгілеу үшін қолданылатын сөйлеу стереотиптерін (сөйлеу бейнесі, прагматлингвистикалық аспект, сөйлеу әрекеті) меңгеру арқылы күрделі құбылыстарды (сөйлеу әрекетінің маркері, тұлғалық қасиеттердің атрибуциясы, сөйлеу стратегиясы, мәннің нәзік нюанстары) түсіне алдық, енді прагматлингвистикалық аспектіде мәтіндерді зерттеп көруге тырысамыз. Санада сезілмейтін стереотиптер сана қызметінің қажетті базасы болып табылады. Сыртқы ортамен әрекеттестік бойынша стереотиптік дағдылар қалыптасқан сайын сана өзінің шығармашылық құру және танымдық қызметінде еркінрек бола түседі [11, 43]. Дегенмен, әлеуметтік стереотиптер таным үдерісінде жағымсыз рөлді де атқаруы мүмкін. Бұл шектеулі ақпарат жағдайында жүзеге асады, әлеуметтік стереотиптер адамның санасында қоршаған орта туралы қате түсінік (білім) қалыптастырады, тіптен, мейлінше сызбаланған бейнелер алғашқы, сызбалы, индивидтің санасында оңай қалыптасатын түсінік бере отырып біліммен қамтыған жағдайда да әлеуметтік стереотиптердің жағымсыз рөлі жүзеге асады. Жанамалыққа, ескілікке, догматтылыққа әкелетін өзінің жеңілдетілгендігіне байланысты әлеуметтік стереотиптер білімге деген жолды бөгейді. Бұл – орташа адамның санасын жаулайтын «жаза секілді». Ол жеке тәжірибенің шектелгендігімен және жетілмегендігімен сипатталады. Жаппай әлеуметтік стереотиптерге көзсіз бағыну таным үдерісіне, жаңа, дамыған стереотиптерді анықтауға кедергі келтіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нурекешова Г.Р., Джумагулова М.Ш., Ташенова Ж.А. Дүниенің тілдік бейнесін қалыптастырушы стереотиптер // Молодой ученый. Приложение «Казахстан». – 2015. – №19. – Б.36-41.
- 2 Маслова В.А. Лингвокультурология: учебное пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 208 с.
- 3 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Советская энциклопедия, 1968. – 608 с.
- 4 Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Психология: учебник для вузов. – М.: Издат. центр «Академия», 2000. – 512 с.
- 5 Арутюнян С.М. Нация и ее психологический склад. – Краснодар: Изд-во Краснодар. гос. пед. ун-та, 1966. – 271 с.
- 6 Сейдалиева Г.О. Стереотипность в СМИ // «Русский язык в славянской межкультурной коммуникации: история и современность» международная научная конференция. – М., 2016. – С.359-368.
- 7 Карпенко Л.А. Под общ. ред.: Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Краткий психологический словарь. – М., 1985. – 384 с.
- 8 Ядов В.А. Социология в России. – М.: Издательство Института социологии РАН, 1998. – 696 с.
- 9 Клаус Г. Сила слова, гносеологический и прагматический анализ языка. – М.: Прогресс, 1967. – 216 с.
- 10 Бойко А.Н. Гендерные аспекты психического здоровья // Вопросы психологии. – 2005. – №1. – С.110-115.

Г.О. Сейдалиева¹

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

СОЦИАЛЬНЫЙ И ЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР И ЗНАЧЕНИЕ СТЕРЕОТИПОВ

Резюме

В статье рассматривается социальный и лингвистический характер и значение стереотипов. По мнению исследователей, средства массовой информации являются основой социальных стереотипов. Потому что СМИ всегда стремятся разоблачить и прояснить концепцию мира, реального мира. В человеческом сознании понятие определенной материи или явления долговечно, только если оно впечатляет. Кроме того, психологические эффекты языковых стереотипов и преобладающий когнитивный эффект человеческой игры изучались в мировой психологии. В статье анализируются основные характеристики и типы стереотипов.

Ключевые слова: стереотип, ментальный стереотип, концептуальный вид, культурная ценность, социальная группа

G.Seidaliyeva¹

¹Abay Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

SOCIAL AND LINGUISTIC CHARACTER AND IMPORTANCE OF STEREOTYPES

Summary

The article examines the social and linguistic nature and significance of stereotypes. According to researchers, the mass media are the basis of social stereotypes. Because the media always try to expose and clarify the concept of peace, the real world. In human consciousness, the concept of a definite matter or phenomenon is durable, only if it is impressive. In addition, the psychological effects of linguistic stereotypes and the predominant cognitive effect of human play have been studied in world psychology. After concluding such stereotypes of potential and diversified, you want to be viewed as a form of rational cognition, rather than relying on the opinions of others, the concept of human cognition, which provides a complete view of the conclusion that a common stereotype is being formed. The article analyzes the main characteristics and types of stereotypes.

Keywords: stereotype, mental stereotype, conceptual view, cultural value, social group

FTAXP 16.01.11

А.О. Тымболова¹, Л.Ә. Ибраймова²

^{1,2}Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

СИНЕРГЕТИКА – ЛИНГВОМӘДЕНИ ШИЕЛЕНІСТЕРДІ ШЕШУШІ ҚҰРАЛ

Аңдатпа

Қазақ тіл ғылымында жаңадан қалыптасып келе жатқан синергетикалық тәсіл де лингвомәдениеттану үшін тиімді әдіс болып табылады. Синергетика – интермәтіннің жаңа теориясының негізін құрайтын үшінші қайнар көздердің бірі болып саналады. Бүгінде синергетика ғылымның түрлі саласында қолданылып, әтүрлі табиғаттағы күрделі жүйелер мен үдерістерді зерттеудің әдіснамасы ретінде қолданылып келеді. Ал күрделі жүйелердің қатарына тіл де жатады.

Лингвомәдениеттану бірнеше ғылым саласымен байланысты болғандықтан, оның зертеу әдістері де өте көп. Дәстүрлі салыстыру, салғастыру, топтастыру әдістерінен басқа эксперименттік әдістерді де қолданады. Тәжірибелік әдістерге психолингвистикадан келген ассоциативтік талдау әдісі жатады.

«Синергетика» термині физика-химиялық құбылыстардың өзіндік ұйымдасуын зерттеу үшін қолданылған болса, кейін басқа да, соның ішінде лингвистикада зерттеу объектісі етіп алына бастады. Нақтыласақ,

синергетика екі бағытта – жүйенің ішіндегі жүйесіздікті немесе керісінше жүйесіздіктегі жүйелілікті зерттейді. Синергетиканы кез келген табиғат жүйесінің дамуы мен қызметінің жалпы заңдылықтары қызықтырады. Яғни метағылымның орнына жүріп, жеке ғылымдар тек «өзімдікі» деп санаған заңдылықтарды зерттейді.

Мақалада лингвомәдениеттанудағы осы синергетика мәселелесі, көзқарастар қайшылығы жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: лингвомәдениеттану, біртұтас жүйе, синергетикалық тәсіл, күрделі жүйе, талдау әдістері

Лингвомәдениеттану бірнеше ғылым саласымен байланысты болғандықтан, оның зертеу әдістері де өте көп. Дәстүрлі салыстыру, салғастыру, топтастыру әдістерінен басқа эксперименттік әдістерді де қолданады. Тәжірибелік әдістерге психолингвистикадан келген ассоциативтік талдау әдісі жатады. Қазақ тіл ғылымында жаңадан қалыптасып келе жатқан синергетикалық тәсіл де лингвомәдениеттану үшін тиімді әдіс болып табылады. «Синергетика» термині физика-химиялық құбылыстардың өзіндік ұйымдасуын зерттеу үшін қолданылған болса, кейін басқа да, соның ішінде лингвистикада зерттеу объектісі етіп алына бастады. Синергетика ғылымның түрлі саласында қолданылып, әртүрлі табиғаттағы күрделі жүйелер мен үдерістерді зерттеудің әдіснамасы ретінде қолданылып келді. Күрделі жүйелердің қатарына тіл де жатады.

Әмбебап заңдарды анықтаудың бір жолы – күрделі жүйелерге қолданылатын синергетикалық тәсіл [1, 31]. Синергетикалық зерттеу нақты материалдар мен ақпараттардың болуы арқылы анықталады.

Қ.Ф. Зағыпаров «Философиялық терминдердің сөздігінде» «синергетика (гр. *sinergeia* – көмектесу, келісіп қимылдау, біріккен іс-әрекет) – ашық типтегі сызықтық емес кері байланыстары бар жүйелердің эволюциясы мен өзін-өзі ұйымдастыруын зерттейтін ғылым» деген анықтама береді. Оның қалыптасуына Г.Хакен, И.Пригожин, А.Тьюринг, Э.Ласло, Р.Том, В.И. Арнольд, А.А. Самарский, С.П. Курдюмов және т.б. өз үлестерін қосты.

Қазіргі уақытта синергетика кез келген күрделі жүйелердің эволюциясы мен өзін-өзі ұйымдастырудың әмбебап теориясы және эволюцияның қазіргі заманғы парадигмасы сипатын алды [1, 102]. Синергетика туралы орыс ғалымдарынан В.Аршиновтың, Н.Кузьминаның, К.Штайнның, И.Германнның, Н.Алефиренко, Г.Г. Малинецкийдің т.б. еңбектерінде айтылып жүр. Сол сияқты синергетика мәселелерін лингвистикалық тұрғыдан Л.С. Пихтовникова (мәтіннің өздік ұйымдасуы мен даму проблемаларын талдаған), С.М. Еникеева (сөзжасамның синергетикасы), Т.И. Домброван (диахрониялық синергетика), А.Н. Приходько (концептілік аяның өздік ұйымдасуы) қарастырған.

Аталған сөздікте синергетиканың әдіснамалық аппаратына тепе-теңдіктен алыс ашық жүйелердің термодинамикасы; апаттар теориясы – тұрақсыз жағдайларды зерттеу; әртүрлі табиғаты бар жүйелердің өзін-өзі ұйымдастыру және ұжымдық тәртібінің теориясы; сызықты емес ортаның (плазма физикасы, химиялық реакциялар, биологиялық жүйелер және т.с.с.) көп кластарында (түрлерінде) пайда болатын шиеленіскен күйдегі режимдер теориясы жатқызылады. «Синергетиканың маңызды проблемаларының бірі – динамикалық хаостағы жүйелерді зерттеу. Табиғатта тәртіптен хаосқа (ретсіздікке, тәртіпсіздікке) және керісінше – хаостан тәртіпке көшудің әмбебап сценарийлері барлығы анықталды. Осы үдерістерді зерттеу хаосты басқарудың принципіалды мүмкіндігін ашты». Нақтыласақ, синергетика екі бағытта – жүйенің ішіндегі жүйесіздікті немесе керісінше жүйесіздіктегі жүйелілікті зерттейді. Синергетиканы кез келген табиғат жүйесінің дамуы мен қызметінің жалпы заңдылықтары қызықтырады. Яғни метағылымның орнына жүріп, жеке ғылымдар тек «өзімдікі» деп санаған заңдылықтарды зерттейді.

«Синергетика ғылымға тәртіп, хаос, аттрактор (гр. шыркы бұзылмаған, тыныштық) – квазитұрақты жағдай, бифуркация (қосарлану, бұтақтану), флуктуация (кездейсоқтық, аяқастылық) және т.б. көптеген жаңа ұғымдар енгізді.

Әлемді синергетикалық көру «хаостан тәртіпке» («порядок из хаоса») деп аталатын детерминизмнің (себептіліктің) жаңа концепциясының негіздерін қалайды. Ол дамудың механизмі, қажеттілік пен кездейсоқтық туралы көзқарастарды өзгертті. Кездейсоқтық синергетикалық жүйелерге іштей тән және жойылмайды.

Г.Хакен физика, биология, химиядағы өздігінен ұйымдасатын құбылыстарды синергетика деп атады. Бұны ғалымдар ретсіздіктен реттіліктің пайда болуы деп те түсіндіреді.

Назар аударатын тағы бір мәселе – синергетиканың мағынасын ашуда көзқарастар біржақты емес. Психолингвистикалық бағытта А.А. Залевская сөздің этимологиясынан (бірігіп әрекет ету) алшақтап, «күш-қуаттың бірігуі» мәнінде қолдануды дұрыс көреді. Бірақ бұл жүйенің өздік ұйымдасуына еш әсер етпейді [2, 11-12].

Синергетика тіл ғылымындағы жаңа термин. Синергетика – интермәтіннің жаңа теориясының

негізін құрайтын үшінші қайнар көздердің бірі болып саналады. Синергетиканы тарихшылар ХХІ ғасырдағы интеграцияға ұмтылушылықтың туындауы және интертеорияның пайда болуымен байланыстырып, біртұтас даму заңдылықтарына бағынатын түрлі нысандардағы күрделі динамикалық жүйе ретінде қарастырады. Лингвосинергетиканың теориялық негіздері енді-енді қалыптасып келеді.

Синергетика коэволюциялық принциптерді түсінуді және түрлі тектердің күрделі құрылымдық жүйесінің ұйымдастырылуын қамтиды. Мұндай зерттеулердің жалпы бағытын білдіретін мынадай кілт сөздерді көрсетуге болады: эволюция, коэволюция, өзін-өзі ұйымдастыру, күрделі жүйе, хаос, тұрақсыздық, ашықтық, біркелкісіздік (Е.Н. Князева, С.П. Курдюмов).

Ғалымдар синергетиканы көзқарастар парадигмасы ретінде айқындап, «жаңа дүниетаным», яғни «әлемді жаңаша тану», танымдық модельдің түзу емес сызықтық шегін көрсетеді деп белгілейді. Тілге қатысты заңдылықтар синергетикаға қызығушылық тудырды. Өйткені тіл сыртқы әлемнің моделін жасауда тұтас сипатқа ие кілттік рөл атқарады. Сондықтан кез келген тіл ішкі синтаксистік, семантикалық заңдылықтары бар ақпараттық ашық жүйені құрайды. Синергетика шынайы болмыстың эксперименттелуінің өзіндік әдісі, ол нәтижені көрсетпейді. Ол ескі проблемаларды жаңаша қарастыруға, ғылымдағы өзекті мәселелерді қайта негіздеуге мүмкіндік береді. Сонымен, синергетика ұғымы бұл өзін-өзі ұйымдастыруға бейім, ашық, біркелкі емес жүйе дегенді білдіреді [2, 65 б.].

Н.Ф. Алефиренко лингвомәдениеттануға синергетика керек деп есептейді. Өйткені ол құндылықты-танымдық сипаттағы күрделі лингвомәдени жүйелердің қалыптасуы мен дамуының әмбебап тетіктерін ашуға бағытталған.

Синергетика табиғат «шығармашылығы» мен адам жасампаздығының арасына көпір салады. Лингвомәдениетті меңгеру синергетикасы табиғи орта синергетикасымен салыстырғанда екінші орында тұрады. Синергетикалық тәсіл олардың лингвомәдени мәнін, қабылдау үдерісін, жадыны, шешім шығаруды, жасампаз ойлауды ауқымды түрде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Синергетикалық ұғым күтпеген сапалы дамуда біртұтас лингвомәдениет құрылымының оның наноэлементтерінің өзара әрекетінің нәтижесі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Түпнұсқасында былай: «Синергетические понятия позволяют объяснить внезапные качественные скачки в целостной структуре лингвокультуры как результат взаимодействия ее наноэлементов (мельчайших смыслов)». Осының нәтижесінде синергетика біртұтас реттелген лингвомәдениет нысандарының аяқасты қалыптасу мәселелерін шешуге мүмкіндік береді.

Адам әртүрлі күрделі, біртұтас синергетикалық жүйе ретінде жан-жақты биологиялық, психикалық, әлеуметтік, мәдениеттік қарым-қатынаста болады. Сәйкесінше адамның лингвомәдениеттің семантикалық кеңістігімен өзара қатынасы синергетикалық күрделі әрі көп бағытты жүйелі өзара әрекетте болады. Алефиренко тілдің синергетикасына, сана мен мәдениетке алғаш назар аударып, тілдің ішкі формасы ілімін қалыптастырған В. фон Гумбольдт деп есептейді.

Алефиренконың пайымдауынша, тілдің ішкі формасы адамның түйсігінде жасырулы. Адам сөйлеу, ойлау үдересіне түскен кезде сол сәтте кристалданған таңбалардың стереотиптерін дискурста көрсете отырып актуалданады. Мұндай таңбалар ретінде сана жиынтығының әртүрлі құрылымына заттық-бейнелік код символдар, сөз-символдар, образ-символдар, мағынаның символдық бөліктері т.б. жатады. Сөйтіп тіл толықтай табиғи күрделі үлгі, бір бағыттық емес, ашық, дербес ұйымдасқан жүйе ретінде синергетиканың нысаны болып табылады. Бұдан бөлек тілдің ішкі формасының лингвомәдени қайта құрылуы сырттай бақылап отыратын ұстанымды қамтамасыз ете отырып, бізді субъектілі-объектілі қатынастан шығарып алады» [3, 104].

В.А. Маслованың ойынша, «синергетика – шашыраңқы құрылымдар мен бұзылыстардың теориясы. Бұл күрделі жүйелер теориясын, хаос теориясын, катастрофа (апат) теориясын, өздік ұйымдасу теориясын біріктірген мықты ғылыми сала. Синергетика ұштаса пайда болған ғылымдар сияқты емес, керісінше түрлі ғылымдардың ішкі нүктесіне үңіледі. Мысалы, катастрофа теориясы бойынша кризистің алдында құбылыстар болады. Табиғат құбылыстарынан боранның алдындағы тыныштықты мысалға алуға болады [4, 106].

Синергетика түрлі табиғатқа ие күрделі жүйелердің дамуы мен өздік ұйымдасуының әмбебап қағидаларын іздейді. Біртекті емес, жүйесіз құбылыстардың болуының пайдалылығын түсіндіреді, жүйелердің алдағы уақыттағы даму жолын болжауға мүмкіндік тудырады. Сонымен синергетиканың негізгі ұғымдары мен идеялары жүйесіздік, жүйенің ашықтығы, шектеу, айнымалылық, құрылымдық хаос, екіге бөліну (бифуркация) нүктесі, құрылым-аттракторлар болып табылады.

Синергетика жүйелі нысанды негізге алады. Ол нысан әдетте сөйлесім болып табылады.

Сөйлесімнің өзгермейтін бірліктері (фонема, морфема, лексема, сөйлемдер) және олардың өзіндік байланыстары (синтагмалық, парадигмалық, эпидигматикалық) мен қызметтері (номинативтік, коммуникативтік, конструктивтік, когнитивтік, эмоционалды-экспрессивтік, фатикалық (бос сөз), идеологиялық, денотативтік, коннотативтік, эстетикалық, аксиологиялық, референттік) бар.

Лингвомәдениеттанудағы синергетика деген не? Кез келген сөйлеуші өз ана тіліндегі тілдік құрылымдарды оңай қолданады. Тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді, астарлы сөзді сөйлеу әрекетінде орнымен қолдана біледі. Оның себебі – сөйлеушінің аялық білімі т.т. болып саналады. Ал синергетика тілдегі мәдени бірліктердің тұрақсыздығын, өзгергіштігін, басқа тілге аударғанда баламасының болмайтындығы сияқты түрлі проблемаларды шешуге тырысады.

Хакеннің ізімен тіл біліміндегі күрделілікті қайдан көруге болады? Тіл – жүйелі құбылыс. Құрылымдық тұрғыдан өз ішінде иерархиялық байланыстардан тұрады. Дыбыс, әріп сөзге, сөз сөйлемге, сөйлем мәтінге негіз болып, бірінсіз бірі болмайтын, біртұтас жүйені құрайды. Адам баласы осы күрделі жүйені меңгермей-ақ тілі шығады, сөйлейді. Тіл жүесінің дамуы, өзгеруі уақытпен, сыртқы факторлармен тығыз байланысты.

В.А. Маслова лингвистикаға синергетиканы әкелу қиын деп, белоруссиялық зерттеуші А.Е. Михневичтің (Михневич, 2004) еңбегін талдап, оның еңбегін түсіну үшін онда жазылғаннан да көбірек нәрсені білу керектігін, алдымен диссипативті құрылымдарды білу қажеттігін мысалмен дәлелдейді. Маслова диссипативтілікті осы тұста ашық жүйеде сыртқы ортамен алмаса отырып, біртектес күйдің қайта қалпына келмейтіндей басқа күйге ауысуы сияқты түсіндіреді. «Тіл мен мәдениетте қарама-қайшылық ұғымын түсіну ойлаудың негізгі қағидасы екендігі сонау Пифагор мен Гераклиттен басталған. Одан кейін Гумбольдт пен Соссюр арқылы тілге ауысты. Ф. де Соссюр «Тілде қарама-қайшылықтан басқа ештеңе жоқ» деп жазды. Ішкі – сыртқы, биік – аласа, әйел – еркек (мужской-женский), алыс – жақын т.б. Бұлар жай ғана оппозициялар, мүшелері тең құқылы. Бұлардан басқа фон – фигура, материал – форма деген оппозициялар бар. Фигура ұғымы фонның болуын қажет етеді. Бірақ керісінше емес, фон фигурасыз да бола алады. Мұндай күрделі оппозицияларды зерттеуде синергетикалық тәсіл керек. А.Е. Михневичтің жұмысындағы «мағына – мазмұн» оппозициясы осындай» [5, 106].

Тілдегі оппозициялардың маңызы зор. Олар бір-бірімен үйлесіп, бірін-бірі толықтырады. Оппозициялы мүшелер бірігіп, біртұтас үйлескен бүтінге айналады. Яғни дербес өзіндік ұйымдасу нәтижесінде оппозициялардың ұжымдық біртұтас толықтыруға қарай синергетикалық өтуі болады. Осындай тілдік ұйымдасудың дербестігі – табиғи ұйымдасудың болатындығының дәлелі.

Г.Хакен бойынша, синергетикалық өзара әрекет бұл – көптеген ішкі жүйелердің біріккен әрекеті. Нәтижесінде макроскопиялық деңгейде жауапты қызметті атқарушы құрылымдар қалыптасады» [4, 16 б.].

Алефиренко лингвомәдениеттегі түрлі құндылықты-мазмұнды құбылыстардың өзара әрекеті ұғымы синергетикалық үдерістердің қосылуынан байып түсетіндігін айтады. Ондай үдерістер:

- бір бағыттық емес (нелинейная) күрделі қозғалыстағы жүйелердің эволюциясы (тілдің, дискурстың, мәдениеттің);

- аяқастылық пен қажеттілік заңдылығынан пайда болған құбылыстар;

- бифуркация үдерістері (бифуркация – жүйенің жаңа сапалы қалыпқа ауысу жолдарының таралу аймағы; лингвомәдениеттің жүйелік ұйымдасқан құбылысы дамуы мүмкін жолдарының таралу нүктесі);

- диссипативтік – құрылымдардың өз бетінше қалыптасуы (бифуркация біткен соң сол немесе басқа лингвомәдениеттің ретсіздігінен салыстырмалы түрде алғанда тұрақты құрылымдардың пайда болуы. Диссипативтілік – лингвомәдениеттің ашық, әркелкі жүйелердің белсенді өзара әрекетінің нәтижесінде қалыптасқан ерекше динамикалық күй. Диссипативтілік ұғымына тұрақсыз, күрделі, бір бағытты емес, ашық жүйелердің өзара ұйымдасу құбылысы да жатады. Яғни ішкі факторлардың өзара әрекеті мен дамуы бифуркация кезінде (екіге айрылу немесе қосарлану) лингвомәдениеттің жаңа құрылымын тудырады. Бифуркация арқылы жаңа сапаға ауысқан соң, қайтадан бұрынғы қалпына келу мүмкін емес. И.Пригожин мұндай біржола қайтымсыз үдерісті диссипативті құрылымдар деп атаған. Қайтымсыз үдеріске тілдегі сөздердің көнеріп, алғашқы мағынасының көмескіленуін мысалға келтірсек болады. Мысалы, «қатын» сөзі алғашқы мағынасынан айрылып, қазіргі уақытта анайы сөз ретінде айтылып жүр. Ауызекі тілде соңғы уақыттарда ер адамдар бір-бірінің жағымсыз тұстарын көргенде «Қатын екенсің!» деген тіркесті айту белең алған. Түркі халықтарында өзбектер «қотын-қызлар», татарлар «қатын» деп әлі күнге дейін қолданады. Қазір

қазақта «қатын» десе, кемсіткен, жақтырмаған мәнде естіліп, оның орнына «әйелді» қолдану 1927 жылдан бастап етек алған.

Өздік ұйымдасуға тілдің жаратылысын жатқызамыз. Адам тілдің жүйелілігін қолдан жасаған жоқ. Тек оның құрылысын зерттеп, жүйелі құбылыс екендігін анықтады. Тілдің өздік ұйымдасуы ол – жаратушының адамға берген сыйы. Хакен айтқандай, адамдардың қолымен жасалған және табиғи өздік ұйымдасуы болады. Табиғи өздік ұйымдасудың әмбебап заңдары бар. Тілдің табиғи ұйымдасуы бізге түсінікті. Ал субъектінің араласуымен болатын жасанды ұйымдасу бір басқа. Олар тілдің табиғи өздік ұйымдасуының ықпалына түсіп, шиеленістер тудырады. Мысалға алсақ, белгілі бір тілдегі сленгтер, жаргондар, «шұбарлап» сөйлеу тілдің табиғи ұйымдасуына кері әсері бар.

Математикалық тұрғыдан *фрактал* термині (латын тілінен fractus – бөлшектелген, сынған, бұзылған) – математикалық жиынтық, бір объектінің ұқсас немесе тура сондай бөліктерге бөлінуі. Негізі «фрактал» математикалық термин емес. Табиғи нысан ретінде мәңгілік қозғалыстар мен дамуды білдіреді. Ол кез келген фигураларға қолданылады. Әдетте үлкеннен бастап, кішкентай формаға әрқилы өзгере беру сипаты тән. Терминді геометрия саласы бойынша 1975 жылы француз және америкалық математик Бенуа Мандельброт енгізген. Қазіргі кезде бұл термин түрлі салада, бейнелеу өнерінде, интернет желісінде ақпараттарды «сығып» сақтау үшін, нанотехнологияда, экономикада, биологияда, тіпті әдебиетте құрылымдық, семантикалық фракталды табиғаты бар шығармаларда қолданылады. Фракталды өзіндік ұйымдасулар шиыршықты, шоғырланған шеңберлер, айналы-симметриялы ағаш тәрізді, тамыр тектес (ризом) үлгілер арқылы көрініс табады.

Өздік ұйымдасудың «шоғырланған шеңбер» фракталды үлгісіне концептілердің концептілік аяға бірігіп, ортақ бір өзекке шоғырлануын мысалға келтіруге болады.

Тілдің біртұтастығы мен жүйелілігіне сыртқы факторлар әсер етіп, тілде белгілі бір тұрақсыздық пайда болады да, тілде жаңа өзгерістер туындай бастайды. Мысалы, тілдік қор кірме сөздер арқылы да өрісі кеңіп отырады. Ал ол кірме сөз алдымен тілдің беткі қабатында, басқаша айтқанда сөздік қорға енбей, сол тілдің ерекшелігіне икемделіп, ауызекі тілдің аясында ғана қолданылады. Мұндағы тілге тұрақсыздық әкелген – кірме сөздер. Кірме сөздер сол тілдің заңдылығына бағынып, белгілі бір уақыттардан соң халықтың санасына орнығып, тілдің ішкі қабатына қарай өтеді.

Ю.В. Федурко ділдік сөздік қордың өзегін *аттракторға* балайды. Барлық ұқсас құрылымдар сол ділдік сөздік қордың аясына барып бекиді. Тірек элементтер «реттіліктің параметрлері» болып табылады. Тіректерді таңдау тұлғаның перцептивті-когнитивті-аффективті тәжірибесімен анықталады [6, 9].

Ю.В. Федурконың орыс тілінде сөйлейтін тұлғаларға жасаған еркін ассоциативтік талдауы бойынша реттіліктің параметрлері ретінде префиксті морфемалар, түбір морфемалар, жұрнақ, жалғаулы морфемалар, фонемалар мен графемалардың тізбегі, дыбыстық, әріптік айтылуы бірдей сөздер т.б. бола алады.

Өздік ұйымдасу синергетиканың негізгі ұғымы болып табылып, хаостан құрылымданған, тұрақты күйге, яғни аттракторға ауысуды білдіреді. Аттракторлар деп күрделі өзіндік ұйымдасқан жүйедегі кейбір нүктелерді атайды. Олар жүйенің динамикасын анықтап, дамуға бағыттайды. Аттракторлар жүйелер дамуының түрлі траекторияларын өзіне тартатын сипатымен айрықшалаанады.

Ақпараттардың ағыны хаос тудырады. Белгілі бір тілде сөйлеушінің тілдік санасында орнықпаған, ділдік санасына тура келмейтін жаңа сөздер қобалжу мен әсер тудырады. Басқа бір тілдегі архаизмнің, ол үшін неологизм болғаны маңызды емес. Мұндағы назар аударатын мәселе ол – сөздің алғаш құлаққа шалынуы. Жаңа сөз синергетикалық үдеріске түсіп, тілдік сана арқылы ділдік санаға өту үдерісіне түседі. Тілдік санаға ұлттың ана тілі негіз болса, ана тілі – ділдік сананың негізгі тірегі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Загытаров Қ.Ф. Философиялық терминдердің сөздігі. – Павлодар: ПМПИ, 2011. – 138 б.
- 2 Залевская А.А. Синергетическая психоллингвистика или психоллингвистическая синергетика? // *Методология современной лингвистики: проблемы, поиски, перспективы: Сборник статей.* – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2000. – С.10-16.
- 3 Алефиренко Н.Ф. Лингвокультурология. Ценностно-смысловое пространство языка. Учеб.пособие. – М.: Флинта, 2010. – 288 с.
- 4 Хакен Г. Информация и самоорганизация. – М.: Мир, 1991. – 240 с.
- 5 Маслова В.А. Синергетика и лингвистика: мода или новая парадигма знания? // *Ученые записки Таврического национального университета им. В.И. Вернадского. Серия «Филология». Том 20 (59).* – 2007. – С.85-90.

б Федурко Ю.В. Идентификация незнакомого слова как синергетический процесс. Автореф. дисс. на соискание уч. степени. канд. филол. наук. 10.02.19 – теория языка. – Тверь, 2008. – 15 б.

А.О. Тымболова¹, Л.А. Ибраимова²

*^{1,2}Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан*

СИНЕРГЕТИКА КАК СРЕДСТВО РАЗРЕШЕНИЯ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИХ СПОРОВ И КОНФЛИКТОВ

Резюме

Новый для казахского языкознания синергетический метод является эффективным методом в лингвокультурологии. Синергетика составляет основу новой теории интертекста. В настоящее время синергетика находит широкое применение в разных отраслях науки, является методологией исследования сложных систем и процессов в природе. К сложным процессам относится и язык.

Поскольку лингвокультурные науки связаны с несколькими областями науки, существуют множество методов исследования. В дополнение к традиционным методам сравнения, классификации они также применяют экспериментальные методы. Практические методы включают ассоциативный анализ психолингвистики.

Термин «синергетика» использовался для изучения физико-химических явлений, а затем стал использоваться в качестве исследовательского объекта, включая лингвистику.

В частности, синергетика будет исследовать в двух направлениях – бессистемность внутри системы или наоборот системность внутри бессистемности. Синергизм представляет особый интерес для общих закономерностей развития и функционирования любой природной системы. То есть вместо метаморфоза он изучает законы, которые отдельные науки считают только «своими». В статье рассматриваются вопросы синергетики в лингвокультурологии и противоречия во взглядах на синергетический метод.

Ключевые слова: лингвокультурология, целостная система, синергетический метод, сложная система, методы анализа

A.Tymbolova¹, L.Ibraimova²

*^{1,2}Kazakh State Women Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

SYNERGETICS – A CRUCIAL TOOL TO SOLVE LINGVO-CULTURAL CONFLICTS

Summary

Synergetic approach which is newly founded in the Kazakh linguistics is regarded as an effective method in cultural linguistics. Synergetics is considered as one of the third sources which forms the basis for a new theory of the intertext.

Linguoculturology is related to several fields of science, therefore there are a lot of research methods. They also apply experimental methods in addition to traditional comparison, comparison, classification methods. Practical methods include associative analysis from psycholinguistics.

The term "synergetic" has been used to study the phenomena of physicochemical phenomena, and then began to be used as a research object in other linguistic disciplines.

Specifically, synergetics will explore the sequence in two directions - unsystematic inside the system or vice versa. Synergetics are of particular interest to the general patterns of development and functioning of any nature system. That is, instead of metamorphosis, it studies the laws that individual sciences consider only as "mine".

The views on synergetics are unambiguous. The article considers the issues of conflict of interest, synergetics in linguistics and culture.

Keywords: cultural linguistics, integrated system, synergetic approach, complicated system, methods of analysis

МРНТИ 16.21.41

А.А. Шойбекова¹, Н.Ш. Базарбекова², С.Тлеубаева³

^{1,2,3}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ., Қазақстан

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СЫН ЕСІМНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Аңдатпа

Түркі тілдеріндегі сын есім – семантика-грамматикалық мағынасы, морфологиялық белгілері және синтаксистік қызметі жағынан да өзіне тән ерекшелігі бар сөз табы. Тіл жүйесіндегі сын есімдер де ұзақ дамудың арқасында қалыптасып, өз қатарын көбейтті. Сын есімнің табиғатын, лексика-грамматикалық сипаттарын айқындағанда, көне түркі тілдерінің дерек көздеріне сүйену қажет. Себебі, ондағы мәліметтерден сөздің даму тарихын, түбір мен туынды сөздердің жасалуын, сөз таптарының арақатынасын анықтауға болады.

Сын есімнің қалыптасуы туралы Э.В. Севортян сөз таптарының бөліну процесі өте ертеден басталды. Көне жазба ескерткіштерде тек етістік пен есімдер бөлініп қойған жоқ, сонымен бірге сын есім, үстеу, зат есім бөлініп қолданыла бастаған дейді. Автор келесі еңбегінде осы пікірді нақтылай түсіп, сөз таптарының бір-бірінен ажыратыла бастаған кезеңін арыға апарды. «Наличие развитой системы именных словообразовательных средств в древнейших памятниках тюрской письменности может свидетельствовать лишь о том, что процесс дифференциации именных частей речи начался за долго до V-VIII вв. Времени составления древнейших памятников на древнетюркских языках».

Түйін сөздер: түркі тілдері, сын есім, жазба ескерткіштер, грамматика, сөз тудырушы форма

Түркі тілдеріндегі сын есім – семантика-грамматикалық мағынасы, морфологиялық белгілері және синтаксистік қызметі жағынан да өзіне тән ерекшелігі бар сөз табы. Тіл жүйесіндегі сын есімдер де ұзақ дамудың арқасында қалыптасып, өз қатарын көбейтті. Сын есімнің табиғатын, лексика – грамматикалық сипаттарын айқындағанда, көне түркі тілдерінің дерек көздеріне сүйену қажет. Себебі, ондағы мәліметтерден сөздің даму тарихын, түбір мен туынды сөздердің жасалуын, сөз таптарының арақатынасын анықтауға болады.

Сын есімнің қалыптасуы туралы Э.В. Севортян сөз таптарының бөліну процесі өте ертеден басталды. Көне жазба ескерткіштерде тек етістік пен есімдер бөлініп қойған жоқ, сонымен бірге сын есім, үстеу, зат есім бөлініп қолданыла бастаған дейді [1, 128]. Автор келесі еңбегінде осы пікірді нақтылай түсіп, сөз таптарының бір – бірінен ажыратыла бастаған кезеңін арыға апарды. «Наличие развитой системы именных словообразовательных средств в древнейших памятниках тюрской письменности может свидетельствовать лишь о том, что процесс дифференциации именных частей речи начался за долго до V-VIII вв. Времени составления древнейших памятников на древнетюркских языках». Ал, М.Томанов: «Түркі тілдеріндегі сын есімдер мен зат есімдердің ара жігін ашып, өз алдына саралануы V-VIII ғасырлардан бұрын болып өткен процесс» деп, жоғарыдағы пікірге қосылады [2, 46]. Түркі тілдерінде кездесетін сын есімдер көп болмаса да, олардың өз дербестігін сақтап сараланғанын жазба деректерден көруге болады. Сонымен бірге, түбір сын есімдермен қоса, туынды сын есімдер де сол кездерден бастап қалыптаса бастаған.

Түркі тілдеріндегі сын есімдердің табиғатын ашып, оған жүйелі анықтамалар беріп, дәлелді тұжырымдар жасау XIX ғасырдан бастау алды. Түркі тілдерінде сын есімдерді сөз табы ретінде зерттеу жекелеген тілдерде жарық көрген грамматикалармен байланыстырады. Олардың қатарына И.Гигановтың 1801 жылғы «Грамматика татарского языка» атты еңбегі, 1846 жылы шыққан А.М. Казем-Бектің «Общая грамматика турецко-татарского языка», 1869 жылы жарық көрген «Грамматика алтайского языка», 1875 жылы шыққан М.Терентьевтің «Грамматика турецкая, персидская, киргизская, узбекская», В.М. Жирмунскийдің 1958 жылғы «О природе частей речи и их классификации» деген еңбектері жатады.

Аталмыш грамматикаларда сын есімнің өзіндік ерекшеліктері, сын есімдерге тән тұжырымдар

ғалымдар тарапынан бірнеше зерттеу қорытындыларына ие болды. Мысалы, сын есімнің анықтайтын сөзінен бұрын қосымшасыз келуі, сөйлемдердегі синтаксистік қызметі, шырай категориясы біршама қарастырылады. Сонымен бірге олардың жасалу тәсілдері көрсетілді. Дегенмен, аталмыш ғалымдар еңбектерінде сын есімнің тілдік жүйеден алатын орны, басқа сөз таптарымен ара қатынасы, олардың нендей ерекшеліктерімен ажыратылып тұратындығы әлі де болса жіті зерттеуді қажет етті. Өйткені бұл оқулықтардың мақсаты мен міндеті сөз таптарын жеке – жеке зерттеп, ғылыми тұрғыдан қарастыру емес, керісінше, тілдегі басы ашылмаған мәселелерді реттеп, бір жүйеге түсіру сияқты көпшілікке танымал грамматика жасау болатын. Сондықтан да басқа ғалымдар сын есім табиғатын тануда біршама жаңсақтықтарға да ұшырап отырды. Ең бастысы – түркі тілі грамматикасын жазған авторлардың көпшілігі сын есімді өз алдына сөз табы деп тануда үзілді - кесілді пікір айта алмады. Жоғарыда аталған грамматикалардың авторлары түркі тілдеріндегі сын есімдерге тән ерекшеліктерді ескермеді. Қай тілдің де табиғатында екінші бір тілмен ортақ жақтары да бар, өзіндік ерекшеліктері де міндетті түрде болады.

Сын есім туралы өте орынды пікір айтушылардың бірі – профессор А.К. Боровков. Ол өзінің «Ұйғыр тілінің оқулығы» деген еңбегінде сын есімнің тұлға жағынан зат есіммен, үстеумен тұлғалас келетіндігін айтқан, мұның өзі кейбір тіл зерттеушілері ұйғыр тілінде сын есімнің өз алдына сөз табы болуына дүдәмал көзқарас тудыратынын айта келіп, сырт тұлғасына қарап сын есімдерді бекерге шығарудың дұрыс айтылмайтынын, беретін мағынасы, сөйлемде атқаратын қызметі, сөз тудырушы формалары жағынан сын есімдерді өз алдына сөз табы ретінде қараудың қажеттілігін айтады [3, 47]. Сонымен, профессор А.К. Боровков ұйғыр тілінде сын есімнің өз алдына сөз табы болатынын көрсетеді.

Зат есімдерге іргелес, соларға бағынышты қолданылатын сын есімдердің сөз табы ретінде қалыптасуы туралы индоевропа тілдерінің материалдары негізінде академик В.М. Жирмунский: «Грамматикалық жағынан тұлғаланған сын есімдер категориясының қалыптасуы, яғни есімдердің зат есімдер мен сын есімдерге жіктелуі, индоевропа тілдерінде салыстырмалы грамматика методтары арқылы көрінеді» – дейді. Нақ осы тұжырымды түркі тілдеріндегі солардың бірі – қазақ тіліндегі зат есімдер мен сын есімдер туралы да айтуға әбден болар еді [4, 28].

Сын есімдерді осы бағытта сөз еткен тіл мамандарының бірі – И.А. Батманов «Қырғыз тіліндегі сөз таптары» деген еңбегінде автор сын есімдерді басқа сөз таптарынан ажыратарлық белгілердің жеткіліксіздігіне тоқтала келіп, оны зат есімдерден, сондай – ақ үстеуден ажырату қиын екендігін, сын есім тудыратын кейбір жұрнақтардың болуы, оның сөйлемде белгілі сөйлем мүшесінің қызметін атқаруы грамматикалық жағынан қалыптасқан сын есімнің бар екендігін сөз еткен [5, 53].

Сын есімдер туралы бірқатар материал А.Н. Кононовтың еңбектерінде де беріледі. Ол өзінің «Өзбек тілінің грамматикасы» деген еңбегінде сын есімнің өз алдына сөз табы болатындығын айтып, оның басты мәселелерін негізінен дұрыс баяндайды. Тұлғасына қарай сын есімдерді негізгі және туынды деп екіге бөліп, оның жасалу жолдарына тоқталады. Есім түбірлі сын есімдерді бір бөлек, етістік түбірлі сын есімдерді бір бөлек түсіндіріп, сын есімдерді мағынасына қарай да жіктейді. Өзбек тіліндегі сын есімдерді өз алдына сөз табы деп тануда автор негізгі үш нәрсені межелік белгі етіп ұстайды: бірінші сөздің семантикасы, екіншісі – морфологиялық белгісі, үшіншісі – синтаксистік қызметі [6, 230].

Сын есім туралы құнды пікірлер А.Н. Кононовтың «Қазіргі түрік әдеби тілінің грамматикасы» деген еңбегінде беріледі. Мұнда автор түрік тіліндегі сын есімдерді өз алдына сөз табы деп қарайды, зат есім мен сын есімнің ерекшелік жақтарын көрсетуге тырысады. Зат есімдерге тән грамматикалық категорияның бірді – бірінің (сындық, тәуелдік) түрік тілдеріндегі сын есімдерге ешбір қатысы жоқтығын, заттың тегін білдіретін күміс (күміс қасық), ағаш (ағаш үй тәрізді сөз тіркестері) деген сөздің затты ғана анықтайтынын, ал сын есім болса, ол затты да, қимылды да анықтайтынын айтады.

Түркі тілдерінің ішінде қазақ тіліне өте жақын тілдерді зерттеуде белгілі еңбек сіңірген тіл маманы – А.Н. Баскаков. Ол өзінің «Ноғай тілі және оның диалектісі» деген еңбегінде беретін мағынасы, сөйлемде атқаратын қызметі, тағы басқа ерекшеліктерін есепке ала келе, сөздерді тоғыз топ я сөз категорияларына бөледі. Олар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, одағай, т.б. Одан кейін тұлғалық ерекшеліктерін, тарихи даму кезеңдерін ескере келіп, олардың барлығы бір дәрежеде сараланып жетпегенін көрсетеді. Одан кейін сын есім өзінің беретін мағынасы жағынан заттың сапасын, болмаса олардың бір-біріне қарым-қатынастығын білдіретін, сөйлемде анықтауыш болумен қатар ол басқа да мүшелердің қызметін атқаратындығын, тұлға жағынан ол әлі зат есім мен үстеу сөздерден түгел жекеленіп болмағанын айтады. Сонымен, Н.А. Баскаков ноғай тілінде сын есімдердің бір жағынан зат есімдерге, екіншіден, үстеумен ұштасып жататынын ашық көрсете отыра, сын есімнің өзіндік ерекшелік жақтарының бар екендігін де бекерге шығармайды.

Ұлт тілдерін зерттеп, олардың грамматикасын жазған түркологтар сын есімдерді өз алдына сөз табы деп қарайды. Түркологтар сын есімдердің зат есімдермен салыстырғанда, түркі тілдеріндегі сын есімдердің өте-мөте морфологиялық көрсеткіштерінің жоқтың қасы екенін негізінен дұрыс көрсетеді.

Бірақ бұл түркі тілдерінің өзіндік бір ерекшеліктері болып табылатын, ол тілдерге тән өз дамуының ішкі заңы барлығын, бұл ерекшеліктер соған байланысты екенін олар елемейді. Соның салдарынан, түркі тілдеріндегі сын есімдердің морфологиялық жақтары толық талданбайды.

Қазақ тіл білімінің профессоры І.Кеңесбаев сын есімдердің мағынасы сөйлем ішінде анықталатындығын, сапа сыны етістік алдында үстеуге айналатындығын қолдады.

Ал профессор С.Аманжолов зат есімдердің грамматикалық категорияларын сын есімдерге де ортақ деп қарап, зат есімнің септік жалғауларын сын есім тарауларына енгізеді. Кейін бұл ойларын түзетіп, қазақ тілі мәселесіне арналған грамматикаларда береді.

Қазақ тіліндегі сын есімдерді сөз еткенде, өз алдына тоқтауды керек ететін Ғ.Мұсабаевтың «Қазақ тіліндегі сын есімдердің шырайлары» деген тақырыпта жазған еңбегі. Бұл қазақ тіл білімі мәселесінде сын есімдердің ең бір басты мәселесін алғаш сөз еткен еңбек. Автор мұнда тек шырайды ғана түсіндіріп қана қоймай, сонымен қатар сын есімдердің жалпы мәселелерін де сөз етеді.

Ғ.Мұсабаев қазақ тіліндегі сын есімдерді жеке сөз табы деуіміздің екі түрлі дәлелі бар екендігін, бірі – сын есімдерде форманттардың жоқтығын, бұл оны зат есімдерден бөліп алуға керекті белгі екендігін, екінші – сын есімдердің синтаксистік қызметі, негізінен анықтауыш екендігін айтқан. Автор сын есімдердің өз алдына сөз табы екеніне бұдан басқа да бірнеше дәлел келтіреді. Мысалы, жоғарыда айтылған еңбектегі сын есімдердің төрт түрлі сипаты бар екендігін:

1. Лексикалық мағынасының болуын.
2. Шырай жұрнағының -рақ, -рек, -т жалғау алуын.
3. Зат есімдерге тән жұрнақ-жалғаулардың тікелей қосылмайтынын.

4. Сөйлемде анықтауыш мүше қызметін атқаратынын, егер осы төрт түрлі белгі бір жерден түйісіп шықса, онда сын есім болатынын, егер бұл сипаттары үйлеспесе, онда сын есім болмайтынын, сын есімдерге қоятын өлшеуіміздің осы екендігін айтқан.

Ғалым қазақ тіліндегі шырай категориясын өзге түркі тілдерімен салыстыра отырып береді. Автор оларды мағынасы мен тұлғасы жағынан салыстырма, бәсең, күшейтпелі, үдетпелі шырай деп беске жіктейді де, бұлардың негізгі айырмашылықтары мен жасалу жолдарын көрсетеді.

Қазақ тіл білімінде сын есімдер арнайы зерттеудің нысанасы ретінде жан - жақты қарастырылған. Мысалы, Ж.Шәкеновтің «Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы» атты монографиялық жұмысында сын есімдерге қатысты пікірлер қамтылып, сын есімдер лексика-грамматикалық тұрғыдан сөз болады. Сын есімдердің сөз табы ретіндегі тұлғасы, олардың мағыналық топтары, субстантивтенуі, синтаксистік қызметінің өрісі, сөзжасамдық және сөз өзгерімдік қасиеттері ғылыми тұрғыда жеке-жеке қарастырылады [7, 79].

1945 жылы басылып шыққан «Қазақ тілінің грамматикасында» І.Кеңесбаев: «Заттың түсін, сипатын, белгісін көрсететін сөз табын сын есім дейміз» десе, Қ.Жұбанов: «Сын есім деген заттың не істің сипат белгісін көрсететін, шырай үстеулері мен үстеуіштерін ертетін, зат есімдерге де, етістіктерге де анықтауыш бола алатын, анықтауыш бола алғанда анықталушысы мен өзінің арасына зат есім анықтауышты амалсыз салатын, сан есім анықтауышты еркін салатын түбір болып шығады» деген анықтама береді. Ал Ж.Шәкенов: «Заттың сапасын, белгілі бір ұғым я затқа қатысын білдіретін сөз табын сын есім» деп таниды. Сын есім сөз табына берілетін анықтама мен лексика – грамматикалық табиғаты жөнінде А.Ысқақов бірнеше ғалымдардың пікірлерін саралай келіп, өз ойын білдіреді. «Сөйтіп, сын есім деп заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, түсін және басқа да сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табын айтамыз». Сын есімнің табиғи қызметі зат есімге анықтауыш мүше болса, зат есімге тіркесіп, негізгі қызметін атқарғанда сын есім ешқандай өзгеріске ұшырамайды. Сын есімде көптік, тәуелдік, септік категориялары болмағанымен, оның өзіне тән ерекше шырай категориясы бар деп тұжырымдайды. Жекелеген түркі тілдері грамматикаларының авторлары да жоғарыдағы пікірге қосыла отырып, сын есімнің үстеу мен зат есімге мағыналары жақын, бірақ оларды семантикалық, морфологиялық, синтаксистік белгілері арқылы ажыратылады және ол өзіндік ерекшеліктері бар түрленбейтін, жеке категория болатын сөз табы екенін айтады [7, 32].

Сын есімдерді зат есімдермен салыстырғанда формаларындағы тапшылығымен сипатталады. Ағылшын тілін зерттеуші А.И. Смирницкийдің «Сын есімнің жекеше – көпше болып түрленбеуі зат есімдерден сын есімдерді ажырататын ең басты морфологиялық белгі болып саналады» [8, 439] деген пікірі түркі тілдеріндегі, соның ішінде қазақ тіліндегі сын есімдердің табиғатына да сай келеді.

Морфологиялық жағынан сын есімдер түрленбейтін сөз табы болып табылады да, ол шырай тұлғаларындағы сын есімдердің түрлену жүйесіне емес, тек оның бір ғана мағыналық тобы сапалық сындарға ғана тән. Шырай категориялары затқа, құбылысқа байланысты біртектес сынның, сапалық белгілердің, түр-түстің, сапалық сипаттың артық я кемін немесе тым артық я тым кем екенін білдіретін белгі қосымшалар үстелу немесе басқа тәсілдердің жүйелі жолдары арқылы жасалатын сапалық сын есімдердің парадигмалық түрі.

Түркі тілдеріндегі сын есімнің түрленбейтіні сияқты, оның шырай қабылдау қасиеті бар. Ол сын есімнің басқа сөз таптарынан ерекшеленетін белгісі. «Шырай тұлғалары жалпы сын есімнің сөз табы ретіндегі түрлену тұлғасы емес, бір ғана мағыналық тобының семантикалық сипатын көрсететін лексика-грамматикалық тұлғалану көрсеткіші болып табылады» [9, 39].

Шырай жұрнақтары қатыстық сын есімдерге жалғанбайды. Десек те, кейбір туынды сын есімдер шырай жұрнақтарын қабылдайды. Бірақ ондай қатыстық мәндегі туынды түбір сөздердің біразы семантикалық өзгеріске ұшырауының салдарынан сапалық сипатты, мәнді біртіндеп білдіре бастауының нәтижесінде сапалық сын есімдерге ауысады [10, 66].

Сын есімдер заттың сыр-сипатын, әр алуан белгісін, қасиеттерін тікелей де, басқа заттарға қатынасы арқылы да білдіреді. Қазіргі түркі тілдеріндегі сын есімдер семантикалық мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай сапалық сын және қатыстық сын деп екі түрге бөлінеді. Дәстүрлі грамматикаларда сын есімдерді сапалық және қатыстық сындар деп бөлу осы негізге сүйенетіні анық. Сапалық сын есімдер заттың, құбылыстың тұрақты қасиеттерін білдіріп, аталмыш сөз табының негізгі ұйтқысы болып табылады. Қатыстық сын есімдер басқа сөз таптарына жұрнақ жалғану арқылы жасалады. Заттың әр түрлі белгілеріне қатысты сындық ұғымды білдіреді.

Тіліміздегі сын есімдерді мағыналық жағынан топтастырғанда олардың семантикалық және грамматикалық қырларын негізге аламыз. Себебі, сөздерді топтастырғанда олардың лексика-семантикалық және грамматикалық жақтары қарастырылады. Сөздерді топтастыру принциптері мен сын есімнің жіктелуі арасында өзара ұштастық, қарым-қатынас бар. Тілдік зерттеулерге жүгінсек, сын есімдер арасындағы грамматикалық ерекшелік олардың семантикалық топтарына байланысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Севортян Э.В. *К проблеме частей речи в тюркских языках // Вопросы грамматического строя.* – М.: Изд. АН СССР, 1955. – 482 с.

2 Қордабаев Т., Томанов М. *Тарихи грамматика мәселелері.* – Алматы: Мектеп, 1975. – 176 б.

3 Боровков А.К. *Учебник уйгурского языка.* – Ленинград: Изд. ЛГУ, 1931. – 47 с.

4 Жирмунский В.М. *О природе частей речи и их классификации.* Сб. «Вопросы теории частей речи». – Ленинград, 1958. – С.28-31.

5 Батманов И.А. *Части речи в киргизском языке.* – Фрунзе, 1936. – 53 с.

6 Кононов А.Н. *Грамматика узбекского языка.* – Ташкент, 1948. – 230 с.

7 Шәкенов Ж. *Қазіргі қазақ тіліндегі сын есім категориясы.* – Алматы: Қазмемоқупедбас, 1961. – 7 б.

8 Смирницкий А.И. *Морфология английского языка.* – Москва: Наука, 1959. – 439 с.

9 Исаев С. *Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты.* – Алматы: Қаз ССР ҒА басп., 1951. – 91 б.

10 Боранбаев С.Р., Нұрлыбаев Н.М. *Түркі тілдеріндегі лексикалық сәйкестіктердің ғылыми-теориялық негіздері // Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы «Филология ғылымдары» сериясы.* – 2016. – №1 (55). – Б.16-19.

А.А. Шойбекова¹, Н.Ш. Базарбекова², С.Тлеубаева³

^{1,2,3}Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауэзова,
г. Шымкент, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРИЛАГАТЕЛЬНЫХ В ТЮРКСКИХ ЯЗЫКАХ

Резюме

Прилагательное в тюркских языках – часть речи, у которой есть характерные стороны, семантико-грамматическое значение, морфологические признаки и синтаксические особенности. Прилагательные в системе за счет образования и развития языка увеличили свои ряды. При определении лексико-грамматических свойств, характера прилагательных необходимо опираться на источники древних тюркских языков. Потому что в них содержатся информации, с помощью которых можно определить историю развития слова, корень слова, создание производных слов.

Э.В. Севортян писал, что в древних письменных памятниках выделялись не только именные и глаголы, а также начали формироваться и использоваться прилагательные, наречии и существительные. В своем труде автор исследует этапы разделения слов на части речи: «Наличие развитой системы именных словообразовательных средств в древнейших памятниках тюрской письменности может свидетельствовать лишь о том, что процесс дифференциации именных частей речи начался за долго до V-VIII вв. Времени составления древнейших памятников на древнетюрских языках».

Ключевые слова: тюркские языки, прилагательное, письменные памятники, грамматика, часть речи.

A.Shoybekova¹, N.Bazarbekova², C.Tleubaeva³

*^{1,2,3}South Kazakhstan state University named M.Auezov,
Shymkent, Kazakhstan*

A STUDY OF ADJECTIVES IN THE TURKIC LANGUAGES

Summary

The adjective Turkic languages – semantics-grammatical meaning, morphological characteristics and syntactic features part of speech which is a characteristic side. Adjectives in the system of education, and language development has increased their ranks. When you define vocabulary and grammatical properties of adjectives of character should draw on the resources of ancient Turkic languages. Because, from the contained information to determine the history of words, root words, derived words.

On the formation of adjectives E.V. Sevortyan very early in the process of separation of part of speech. In ancient written monuments are distinguished not only nominative, and verbs and adjectives, adverb, nouns are divided and used. In his work the author clarifies this comment and stage separation of a part of speech from each other. "A strong system of nominal word-formation means in the ancient Turkic written monuments can only indicate that the process of differentiation of nominal parts of speech began long before CE – A centuries Time sostavleniya ancient monuments in old Turkic languages".

Keywords: turkic languages, an adjective, written monuments, grammar, part of speech

FTAXP 16.21.47

A.A. Шойбекова¹, Г.Ж. Утегенова², Н.А. Байжанова³

*^{1,2,3}М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті,
Шымкент қ., Қазақстан*

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Термин (латын тілінен terminus – шек, шегі, шекарасы деген мағынада) – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Әдетте тілдегі қандай сөз болсын көпмағыналы болып келеді де, оның мағыналық шегі айқын болмай, жылжымалы болады. Ал ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздің мағынасы тұрақты, айқын болу қажет. Сондықтан сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады. Ғылыми ұғымдардың қазақ тілінде мағынасын терең ашып жеткізетін және өзі жатық, құлаққа жағымды, көпшілік жақсы қабылдайтын терминдерді әлі де көптеп қалыптастыру қажеттігі бүгін өмір талабынан туып отыр.

Математикалық терминдердің жасалу жолдары сөздер мен терминдердің жасалу жолдарына ұқсас. Олар морфологиялық, синтаксистік және лексика-семантикалық болып үшке бөлінеді. Зерттеушілер бұл үшеуінің үстіне соңғы кезде калькалану немесе аударма тәсіл деп аталатын төртінші тәсілді қосып жүр.

Белгілі ғалым А.Байтұрсыновтың қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған терминдері дәлелдейді. Мәселен, буыншы, бастауыш, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен жасалған.

Түйін сөздер: термин, морфологиялық тәсіл, синтаксистік тәсіл, лексика-семантикалық тәсіл, аударма тәсілі, калькалану

Термин (латын тілінен terminus – шек, шегі, шекарасы деген мағынада) – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Әдетте тілдегі қандай сөз болсын көп мағыналы болып келеді де, оның мағыналық шегі айқын болмай, жылжымалы болады. Ал ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздің мағынасы тұрақты, айқын болу қажет. Сондықтан сөздің

мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады. Ғылыми ұғымдардың қазақ тілінде мағынасын терең ашып жеткізетін және өзі жатық, құлаққа жағымды, көпшілік жақсы қабылдайтын терминдерді әлі де көптеп қалыптастыру қажеттігі бүгін өмір талабынан туып отыр [1, 7].

Термин сөздерге мына төмендегідей үш түрлі шарт қойылады: а) Термин болу үшін сөздің мағынасы біреу-ақ болу қажет; ә) Термин сөздердің қосымша, ауыс мағыналары болмау керек; б) Термин сөздер нақты заттардың атауы емес, ғылымның тар аясындағы дерексіз ұғымдардың атауы болуы шарт.

Қазіргі ғылымда терминологиялық құрылымның жүйелене түсуі соңғы уақытта математика, семиотика терминдері есебімен толыға түскені байқалады.

Алаш қайраткерлері мен тұлғалары әр салаға өзінің термин қалыптастыру үлесін қоса бастады. Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В. Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы» дейтін болса, Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған перзенті аса көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлы. Мәселен: Е.Омарұлы математика саласында, салалық терминдер жасай бастады. Салалық терминдердің қалыптасуының алғашқы кезеңінде қазақ ғалымдары салыстырмалы түрде бірдей деңгейде термин жасады. Бұл жасалған терминдердің 90%-ы тек қазақ тілінде ғана жасалған. Бұл терминдердің 50-60% қазіргі заманда өз салаларында қолданыс тапқан. Әлімхан Ермеков математикалық терминдерден бастап, ұлы математика курсына (курс высшей математики) дейінгі тұтас терминдер жүйесін жасады. Біздегі терминологиялық сөздіктер мен әдебиеттердің көпшілігінде термин, терминология, терминологиялық сөздік, термин жасау, халықаралық термин, тіркесті термин сияқты санаулы терминдер ғана қолданылады. Сондықтан бұл құралда осы уақытқа дейінгі қазақ тілінде жарық көрген еңбектердің ешқайсысында кездеспейтін, алайда өзге елдердің терминтанушы ғалымдарының еңбектерінде қолданыс тауып жүрген терминдер көптеп саналады. Математикалық терминдердің жасалу жолдары сөздер мен терминдердің жасалу жолдарына ұқсас. Олар морфологиялық, синтаксистік және лексика-семантикалық болып үшке бөлінеді. Зерттеушілер бұл үшеуінің үстіне соңғы кезде калькалану немесе аударма тәсіл деп аталатын төртінші тәсілді қосып жүр. Бұлардың ішіндегі ең басты, әрі өнімді тәсілдер – морфологиялық тәсіл мен синтаксистік тәсілдер [3, 41].

Түркі тіл білімінде сөзжасам жүйесі мен оның теориялық мәселелері А.А. Юлдашев, Г.М. Гарипов, Э.В. Севортян, А.Н. Кононов, А.Г. Гулямов, Ф.Ганиев т.б. ғалымдар еңбектерінде зерттелінген.

Қазақ тілінде морфологиялық тәсіл арқылы сөзжасау 20-30 жылдары жедел дамығаны белгілі. Сөзжасамның бұл тәсілі алғаш А.Ысқақов, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Қалиев еңбектерінде зерттелінді.

Соңғы жылдары А.Салқынбайдың тарихи сөзжасам, яғни сөздік құрамның бүкіл негізін құрайтын туынды сөздердің жасалуы мен тарихи қалыптасу, даму заңдылықтарын айқындап беретін зерттеуінің маңызы зор.

Терминологиялық сөзжасам жай сөзжасамға қарағанда күрделі процесс. Егер жай сөзжасамда сөзжасаудың белгілі бір тәсілін пайдаланумен шектелсе, термин үшін терминдік атаудың сөздік мәнін ашу, яғни ұғымға анықтама беру қажет.

Сөзжасамның морфологиялық тәсілі деп түбір сөзге түрлі жұрнақтар жалғау арқылы туынды сөз жасауды айтамыз. Осы тәсіл математика терминдерін жасауда елеулі орын алады.

Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған терминдерге профессор Б.Қалиевтің ізімен тек түбірге жұрнақтар жалғану арқылы жасалған туынды түбірлерді ғана емес, сонымен бірге екі түбірдің бірігуінен, кірігуінен және қосарлануынан жасалған терминдерді жатқызады.

Белгілі ғалым А.Байтұрсынұвтың қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтаумен қатар, ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған терминдері дәлелдейді. Мәселен, буыншы, бастауыш, жалғаулық, есімдік тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен жасалған.

Морфологиялық тәсілмен жасалған терминжасамның ең өнімді түрі – түбірге жұрнақтардың қосылуы арқылы жасалуы. Сондықтан да кейбір лингвистикалық еңбектерде бұл тәсілді «аффикстік тәсіл» деп аталады. Бұл тәсіл арқылы туындайтын сөздер екі бірліктің қатысуымен жасалады. Олар лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жұрнақ. Басқаша былай өрнектеп көрсетуге болады: Лексикалық мағыналы сөз + сөзжасамдық жұрнақ = туынды сөз. Мысалы: *Жазықтық, кеңістік, сандық, ұзындық, нөлдік т.б.*

2	-қыш, -кіш	көрсет/кіш, азайт-қыш
3	-лық, -лік	ара/лық,
4	-дық, -тық	Жазық-тық, кеңіс-тік, сан-дық, ұзын-дық, нөл-дік, тең-дік
5	-ыш, -іш	құрау/ыш, санау/ыш,

Қысқасы, морфологиялық жолмен жасалған терминдер қазіргі қазақ тіліндегі математика терминдері жүйесінен елеулі орын алады. Бұл – қосымша арқылы сөз жасаудың яғни термин жасаудың негізгі көзі екендігімен түсіндіріледі.

Қазіргі қазақ тілінде терминжасаудың үлгілері мол. Солардың бірі – сөздерді тіркестіру арқылы термин жасау. Мысалы: *алгебралық өрнек, кері шама, бұрыш төбесі, жазық толқын, сандық өрнек, қалдықпен бөлу, ондық бөлшек, жай бөлшек, тақ сан, кері сан, бөлшек сан, теріс сан, оң сан, бүтін сан т.б.*

Терминтанушылар әр түрлі еуропа тілдерінің терминологиясының 60%-дан 95%-ға дейін құрап, дара терминдерден әлдеқайда басым екенін атап көрсетіп жүр.

70-жылдары жазылған М.И. Макованың ғылыми мақаласында ағылшын тіліндегі сөздердің тіркесуі арқылы жасалған терминдер терминологияның 70 пайызын құрайтынын көрсетсе, З.М. Осипенко кандидаттық диссертациясында орыс терминологиясындағы тіркесті терминдердің терминқордың 62-77 пайызын құрайды деп көрсетеді. В.Н. Прохорованың да орыс тіліндегі синтаксистік жолмен жасалған терминдер туралы пікірі сол алдыңғы ғалымның тұжырымын растай түседі. Ол «Терминжасамда синтаксистік тәсіл өте белсенді түрде жұмсалады. Орыс тіліндегі термин жасаудың бұл дәстүрлі тәсілі қазір де ең өнімді тәсілдердің бірі болып табылады» – деп көрсетеді [4, 20].

Бұл тәсіл қазақ тілінде де өнімділігімен ерекшеленеді. Олай болуының себептері арнайы зерттеуді қажет етеді. Алайда кейбір себептері туралы қазірдің өзінде айтуға болады деп ойлаймыз. Бір себебі – біздің терминологиялық лексикамыздың құрамындағы көп компонентті терминдердің басым бөлігі орыс тілінен тікелей аударылып алынған. Оған кез келген арнаулы саланың терминологиясынан мысал келтіруге болады. Мысалы, *алгоритмді сан, итерацияланған ядро, натурал сан, функционалды теңдеу, параметр теңдеу, рационал теңдеу, квадрат теңдеу т.б.*

Тек терминологияда емес, қазақтың жалпыхалықтық тілінде де сөзтіркесімнің өнімді тәсіл болғандығын сөзжасам саласын зерттеген тіл мамандары атап көрсетеді. «Сөзтіркесім – жаңа сөз жасаудың ең өнімді жолы. Қазақ тілінде зат немесе құбылыстың атын тіркестіріп атау жиі ұшырайды. Бұл сөздер аталым дәрежесіне жеткен сөздер. Егер сөз тіркесі лексикалық тұтастыққа айналып, аталым дәрежесіне ие болса сөз тіркесі қызметін тоқтатады. Мұндағы басты қасиет – ұғымның атауы дәрежесіне жетуі».

Математика терминдерінің басым көпшілігі осы тәсіл арқылы жасалады. Мысалы, *дұрыс бесбұрыш, туынды жиын, жарты шар, дөңгелек ауданы, іштей сызылған шеңбер, өстік сызық, орталық еселік, сызықтық қабықша, ашық, сәуле, бірлік дөңгелек т.б.*

Қарастырғалы отырған тәсіл жалпыхалықтық тілдегі сөздердің мағынасымен тығыз байланысты. Жалпы тіл біліміндегі сөзжасамның осы тәсілі сөздердің сыртқы түрі өзгермей, оның мағынасының өзгеруімен сипатталады. Бұл мәселе көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Атап айтсақ, Ғ.Ғ. Мұсабаев, М.Оразов және т.б.

Терминнің мағынасы барынша танымал болмай, ол жалпы қолданысқа ене алмайды. Егер мағынасы танымал болса, онда ол жалпы қолданысқа өтеді. Мысалы, Дөңгелек, шеңбер, қисық, бұрыш, өлшеу, есеп, ұзындық, бөлу, өрнек, шама т.б. Сөйте тұра өзінің бұрынғы терминдік мағынасын сол терминологиялық жүйеде сақтайды. Терминология жалпы тілдің даму процестері мен заңдарынан тыс дамымайды. Сондықтан болар терминологияда да жалпы сөздерге тән лексика-семантикалық процестер іске аса алады.

Ойымызды жинақтай келе, терминдердің табиғатын ашу үшін оның сөздік жағы мен ұғымдық жағын бірлікте қарастырған жөн дегіміз келеді. Өйткені кез келген ғылыми ұғым термин арқылы белгіленеді. «Ал термин – сол ғылыми ұғымның тілдегі (терминологиядағы) көрінісі» болса, ұғым айқындалмай – термин, термин айқындалмай – ұғым болмайтынын мойындау қажет.

шоғырының басын біріктірді. Ал ол зиялылардың өнегесі кейінгі буынға еркіндікке ұмтылған ұлтжандылықтың дәнін себе алды. Газет шын мәніндегі Түркістан ұлттық элитасын топтастырушы идеялық орталыққа айналды. Осы газет арқылы көрнекті қайраткерлердің көтерген ұлттық идеялары Түркістандағы қалың қазақ бұқарасына жол тауып жатты. 1920 ж. 18 сәуірден бастап жарық көріп, 7 желтоқсаннан бастап «Ақ жол» атымен шыға бастаған газет «Қазақ» көтерген алаштық идеяның жығылған туын іліп әкеткендей еді. «Ақ жол» – кеңес өкіметінің езілген ұлттарға теңдік пен бостандық беруге уәде еткен саяси мәлімдемесінен бұрын жаңа қоғамдық тәртіпте ұлт мүддесін қорғаған ұлттық элитаның саяси еркінің жемісі болатын, – деп «Ақ жол» газетінің тарихи мәнін тарихшы ғалымдар жоғары бағалайды [3, 83; 9, 341-344].

Алаш қайраткерлерінің Ташкент қаласына келуіне себеп болған тағы бір маңызды оқиға – Түркістандағы қазақ халқы үшін арнайы мұғалім кадрлар дайындайтын Қырғыз Халық ағарту институты 1920 ж. 2 қазанда ашылды. Жаңадан құрылған оқу орнының алдында тұрған ең күрделі мәселелер материалдық-техникалық база және оқытушылармен қамтамасыз ету болатын. Осыған байланысты Ұйымдастыру комитетінің төрағасы Қырғыз Өлкелік Ағарту комиссарына оқу орнына бірнеше тәжірибелі маман жіберуді сұраған. Осындай ұсыныс Түркістанның өзге қалаларына да жолданады. Оқу орны басшыларының бастамасымен және үкіметтік мекемелердің қолдауымен оқытушылар құрамын толықтыру мәселесін үнемі назарда ұстайды. Шығармашылық элитаның көрнекті өкілі, алашшыл ақын М.Жұмабаевтың Орынбордан Ташкентке келуіне де осындай шақыру себеп болған. Осындай шақырумен әр кезеңдерде Орынбордан А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Д.Әділов, А.Байтасовтар да Ташкенттегі Ағарту институтының оқытушысы болып қызмет істеді әрі қаладағы саяси-мәдени жұмыстарға да белсене ат салысты. Олар өлкеге кең таралған «Ақ жол» газеті мен «Шолпан», «Сана» атты журналдарды шығаруға да белсене араласты.

Алғашқы педагогикалық оқу орны болғандықтан да оның басты міндеттерінің бірі өлкедегі білім беру жүйесін оқу бағдарламаларымен, оқулық және оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету болатын. Осыған байланысты ХХ ғасырдың бас кезінде Х.Досмұхамедов Халық Ағарту комиссариатының Білім комиссиясын басқарып тұрған кезінде бір топ қазақ зиялыларына қазақ тілінде жоғары оқу орындары мен ұлт мектептеріне арналған әр түрлі ғылым саласында оқулықтар мен оқу құралдарын жазуға тапсырма беріп, ұсыныс жасады. Соның нәтижесінде қазақ топырағында алғаш рет қазақ тілінде М.Жұмабаев «Педагогика» оқулығын, Ж.Аймауытов «Психология» оқулығын жазды. Ал Х.Досмұхамедовтің өзі жаратылыстану цикліндегі пәндер бойынша алғашқы қазақ мектептеріне арналған оқулықтардың авторы болды. Мемлекеттік ғылыми кеңестің қолдауымен 1920 ж. оқу орнының мұғалімі А.Байтұрсыновтың «Қырғыз әліппесі», И.Тоқтыбаевтың «Алғашқы басқыш мектептеріне арналған бастапқы география», Х.Досмұхамедовтың «Табиғаттану», Ә.Диваевтың «Қырғыз ертегілері» жарық көрді [3, 95-96]. Бұл алаш зиялыларының өз дарын-қабілеттерін өз ұлтының жарқын болашағы үшін сарқа жұмсаған ең өнімді кезең болғанының бір көрінісі. Түркістан өлкесі, оның орталығы Ташкент қаласының Орынборға қарағанда кеңес билігінің құрығынан шеткерірек тұрғанының арқасында қазақтың алашшыл зиялы қауымы осындағы мерзімді баспасөз құралдары арқылы өздерінің негізгі идеяларын жарыққа шығарып тұрды, табиғат сыйлаған қарым-қабілетінің арқасында көптеген ғылым салаларында жұмыс жасап, елді сауаттандыруға қажетті оқулықтар мен оқу құралдарын жазып, бұрын-соңды болмаған ғылым салаларын қалыптастырды. Әрине, бұл да уақытша еді. Дегенмен де мұның бәрі қазақ халқы үшін жасалған өлшеусіз қызмет болды. Алайда, алаш қайраткерлерінің адымын ашқызбай, қудалау әрекеті кезінде дәл осы Түркістандық кезеңдегі қызметтері де олардың басты күнәлары ретінде танылды. Бұл жағдай тарихшы ғалым Х.Тұрсұнның еңбегінде былай беріледі:

«Таптық-әлеуметтік қағидаларды басшылыққа алған партноменклатура жүйесі нығайған сайын өз қатарын «таптық жат элементтерден» тазарту түрінде саяси күресті күшейте түсті. Ал билік институттарындағы ұлттық элитаның жоғарыда аталған алғашқы буын өкілдерінің ықпалы азая берді. Осы топ өкілдерінің үстінен жүргізілген алғашқы сот үдерісі 1930 ж. наурызында Алаш қозғалысының өкілдеріне қатысты жүргізілді. А.Байтұрсынов, М.Дулатов және тағы басқа 44 адамды айыптау қорытындысы (№78754-іс) бойынша Түркістанда қызмет жасаған немесе қызметтері Түркістанға қатысты болған Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мырзағазы Есболов, Жүсіпбек Аймауытов, Ғазымбек Бірімжанов, Хайреддин Болғанбаев, Мағжан Жұмабаев, Дінмұхамед Әділов, Абдулла Байтасов (САГУ студенті), Кәрім Жәленов (Ташкентте жастар ұйымының хатшысы болған), Дамула Битлеуовтер (Германияда оқыған, Валидовтың хатын әкелген) айыпталады. Саяси қуғын-сүргіннің екінші толқыны М.Тынышпаев, Халел Досмұхамедов және Жанша Досмұхамедовтер бастаған топқа байланысты

жүргізілді. Бұл іс бойынша істі болғандардың да көпшілігі түркістандықтар болды»[9, 326-327].

Ташкентке келген әрбір Алаш қайраткерлерінің осында келу себептері, мерзімі, осында атқарған өлшеусіз қызметтерінің әрқайсысы жеке-жеке мақала жүгін көтереді. Мысалы, Х.Досмұхамедов 1920 жылы Ташкентке келіп, Халық ағарту институтында оқытушы бола жүріп ғылыми-педагогикалық жұмыстармен айналысады.

Түркістандағы шығармашылық элитаның көрнекті өкілдерінің бірі Қ.Кемеңгерұлы Ташкент қаласына 1924 ж. жазында келген. Ол Ташкентте «Ақ жол» газетінің қызметіне араласып, «Сана» ғылыми-танымдық журналына редакторлық жасап, ағартушы-педагог ретінде Орта Азия университетінде, Түркістан әскери училищесінде дәріс оқыған.

Әсіресе, М.Жұмабаев үшін оның Ташкентте болған кезі жемісті болды. 1922-1924 жылдар аралығында Мағжанның жеке жыр кітабы, «Қорқыт», «Батыр Баян» дастандары, ондаған өлеңдері жарық көрді. Бұлардың бәрі де қазақ әдебиетіне қосылған мол үлес еді [6, 24].

Ұлттық шығармашылық элитаның осындай қуатты тобы Ташкентте ұлт мүддесіне қызмет жасаудың негізгі бағыттарын айқындап, ілгерішіл міндеттерді іске асырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әбдиманұлы Ө. *Ұлт-азаттық идеяның XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі көркемдік мәні мен жаңашылдық сипаты*. Ф.ғ.д. ғыл.д.алу үшін дайын. дис. – Алматы, 2007. – 326 б.
- 2 Әбдіғазыұлы Б. *Ғалым Ш.Елеукенов және Алаш арыстарының әдеби мұрасы // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы. – 2015. – №4 (50). –Б.73-76.*
- 3 Рсымбетова Л. *Ташкент қаласының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ интеллигенциясының қалыптасуындағы маңызы*. Т.ғ.к. ғыл.д.алу үшін дайын. дисс. – Алматы, 2010. – 129 б.
- 4 *Алаш айтқан асыл сөз*. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2016. – 296 б.
- 5 *Амантай Кәкен. Қазақ зиялыларының қилы тағдыры // Жұлдыз, №5, 2016. – Б.164-176.*
- 6 *20-30-жылдардағы қазақ әдебиеті: монография. 1-кітап*. – Алматы: Ғылым, 1997. – 512 б.
- 7 *Қамзабекұлы Д. Қошқе Кемеңгерұлы // Үш томдық шығармалар жинағы. 1-т. – Алматы: Алаш, 2005. – 320 б.*
- 8 *Мектептегі А. Мәдениет марқасқасы // Қазақ елі. – 1996. – 1 наурыз. – 14 б.*
- 9 *Тұрсұн Х. Алаш һәм Түркістан: монография*. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ, 2013. – 400 б.

Ж.А. Ахметова¹

*¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави,
г. Туркестан, Казахстан*

ПРЕДПОСЫЛКИ ЛИТЕРАТУРНЫХ И НАУЧНЫХ ДЕЯТЕЛЬНОСТЕЙ АЛАШОРДЫНСКИХ ДЕЯТЕЛЕЙ В ТАШКЕНТЕ

Резюме

В статье речь идет об общем характере Алашского национально-освободительного движения, которое происходило в прошлом веке, а точнее в начале XX века в Казахстане, о правительстве Алашорда, о том, как после объявления амнистии по отношению к Алаш-Орде Постановлением ВЦИК алашские деятели начали активно работать на благо своего народа. А также рассматриваются предпосылки сосредоточения алашских деятелей в столицу Туркестанской автономной республики в город Ташкент. Этими предпосылками явились благоприятная обстановка в Ташкенте, а также приглашения на службу от представителей политической элиты Туркестана. Также в статье речь идет об учебно-просветительской, культурной деятельности алашских деятелей в Ташкенте, об их редакторских, журналистских работах в газете «Ақ жол», который был органом официальной власти и в журналах «Шолпан» и «Сана». Отражаются роли алашских деятелей в формировании некоторых отраслей науки и национальной интеллигенции в целом.

Ключевые слова: Национально-освободительное движение Алаш, Правительство Алаш-Орда, Туркестанская республика, газета «Ақ жол», журнал «Шолпан», деятели Алаш

Zh.Akhmetova¹

*¹Khoja Akhmet Yassawi International kazakh-turkish university,
Turkistan, Kazakhstan*

PREREQUISITES OF LITERARY AND SCIENTIFIC ACTIVITIES OF ALASHORDAS FIGURES IN TASHKENT

Summary

The article deals with the general character of the Alash national liberation movement, which occurred in the last

century, or rather in the early twentieth century in Kazakhstan, about the government of Alash-Orda, about how, after the announcement of an amnesty in relation to Alash-Orda, the Alash leaders began to work actively for the benefit of their people. Also, the prerequisites for the concentration of Alash people in the capital of the Turkestan Autonomous Republic in the city of Tashkent are considered. These prerequisites were favorable conditions in Tashkent, as well as invitations to the service from representatives of the political elite of Turkestan. The article also deals with the educational and cultural activities of the Alash deities in Tashkent, their editorial and journalistic work in the newspaper Ak Zhol, which was the official authority in the magazines Sholpan and Sana. The roles of Alash leaders are reflected in the formation of certain branches of science and the national intelligency in general.

Keywords: National Liberation Movement Alash, Alash-Orda Government, Turkestan Republic, Ak Zhol newspaper, Sholpan magazine, Alash figures
FTAXP 17.01.07

К.С. Әбдіқалық¹, М.А. Тулекова²

*^{1,2}Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

МАХАМБЕТ ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Махамбет шығармаларының текстологиялық мәселелері зерделенеді. Атап айтқанда, ақынның «Мұнар күн», «Соғыс», «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Әрәйна», «Жәңгірге айтқаны» өлеңдеріне текстологиялық талдау жасалды. Махамбеттің бірнеше басылымындағы «Мұнар күн» деген көлемді толғауын жүйелі түрде салыстыра келе, өлең жолдарының қалып кету мен қысқартылуы, өзгеріске ұшыраған жекелеген сөздер мен сөз тіркестері сияқты көптеген өзара айырмашылықтарға көз жеткізілді. Әр жинақта өлең жолдарының әр түрлі берілуінің қателігі баса айтылды. Сондай-ақ жекелеген сөздердің редакциялануы, сөз тіркестерінің орынсыз өзгеріске ұшырауы, сөздердің түсіп қалуы сияқты айырмашылықтардың дұрыс-бұрыстығы қарастырылды. Теруден кеткен қаталерге баса назар аударылды. Қателердің түрлері бойынша мәтіндік айырымдар жүйелі сараланды. Жинақтық нұсқаларды нұсқаларымен салыстыру нәтижесінде ақын шығармаларының тұрақты мәтінін жасау қажеттілігі ұсынылды.

Түйін сөздер: мәтін, замана, жинақ, қолжазба, редакция, мәтіндік айырымдар, нұсқа, қателер, ақын, ой-толғам

Махамбет Өтемісұлы мұраларының текстологиялық мәселелері жалпы филология ғылымы бойынша дәстүрлі ақындық поэзия өкілдерінің ішінде арнайы қолға алынып, кеңінен зерттелгені бәрімізге белгілі. Ол бір жағынан ақын мұрасының ұлы Абай шығармаларынан кейінгі көп жарық көрген, яғни, ғылыми басылымға әзірлеуде текстологиялық жұмыстардың мол жүргізілуінен болар. Расында да, Махамбет шығармалары сонау Қазан басылымынан (1908) бастап бір ғасырдан астам мерзімде әлденеше басылымда (1925, 1939, 1948, 1950, 1951, 1962, 1965, 1974, 1985, 1989, 1991, 2002, т.б.) жарияланды. 2003 жылы «Ғылым» ғылыми баспа орталығынан шыққан «Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағын» даярлауда да зерттеушілердің ақынның әрбір сөзіне мән беріп, оқылуы қиын сөздерді қайта өңдеуде аса жауапкершілікпен қарағанын жоққа шығара алмаймыз.

Махамбеттің ең алдымен «Мұнар күн» өлеңін «Жазушы» баспасынан шыққан «Еруіл атқа ер салмай» (1974), «Ереуіл атқа ер салмай» (1989), «Ереуіл атқа ер салмай» (2002), «Бес ғасыр жырлайды» (1984, 1989), «Жеті ғасыр жырлайды» (2004), «Жалын» баспасынан жарық көрген «Тарланым» (1985), «Шығармаларының төрт томдық академиялық жинағы» (2003), тағы басқа жинақтардағы нұсқаларымен өзара салыстырып, мәтіндік айырымдардың бар-жоғына назар аударайық.

Өлеңдегі мәтіндік айырымдар біріншіден, өлең жолдарының қосылып, мәтіннің толықтырылуымен көзге түседі. Мәселен, «Бес ғасыр жырлайды» жинағында [1] кездеспейтін өлеңнің:

Сағағы болат қылыштың,

Балдағынан сынған күн, – деген 32, 33-жолдары 1985, 2002, 2003, 2004 жылғы жинақтарда, «Жақындағы достының» деген 37-жолы 2002, 2003, 2004 жылғы жинақтарда берілген. Сондай-ақ 1985 жылғы жинақта түсіп қалған өлеңнің «Бура атанға шөккен күн» деген 3-жолы, «Алма мойын аруды», «Ат көтіне салған күн» деген 9, 10-жолдары кейінгі барлық жинақтарда басылып келеді.

Екіншіден, өлең жолдарындағы сөздердің өзгеріске ұшырауы мен артық сөздердің алынып қалуы. Мәселен, 1974, 1989 /«Бес ғасыр жырлайды»/, 1991 жылғы жинақтардағы өлеңнің «Бұрынғы бақыт тайған күн» деген 6-жолындағы «бақыт» сөзі 1989 /«Ереуіл атқа ер салмай»/, 2002, 2003, 2004 жылғы жинақтарда «дәулет» сөзімен ауыстырылған. Ал 1974, 1985, 1989 /«Ереуіл атқа ер салмай»/, 2002

жылғы жинақтардағы өлеңнің «Біздей **тақ** мейманасы тасқанға» деген 16-жолындағы «тақ» сөзі 2003 жылғы жинақта «**нақ**» деп берілсе, 1989 /«Бес ғасыр жырлайды»/, 1991, 2004 жылғы жинақтарда мүлдем кездеспейді, яғни, өлең жолындағы артық сөз ретінде алынып қалған.

Үшіншіден, бір әріптің өзгертіліп басылуы. 2003 жылғы жинақтағы өлеңнің «**Хас** бәйтерек жығылып» деген 34-жолындағы «хас» сөзі 1985, 1989 («Бес ғасыр жырлайды»), 1991 жылғы жинақтарда «**қас**», 2004 жылғы жинақта «**жас**» деп әр жинақта әр түрлі берілген. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» /2008/ «хас» пен «қас» сөздері «нағыз» деген мағынаны білдіреді, яғни, бірдей сөздердің қайсысын қолданса да бәрібір. Ал «бәйтерек» сөзіне «жас» немесе «қас» сөздерінің қайсысын тіркестіргенде орынды болатынына текстолог көз жеткізуі қажет.

1985 жылғы жинақтағы «**Булы** теңді шешкен күн» деген 12-жолындағы «булы» сөзі, «Түс қыла **гөр**, құдайым» деген 15-жолындағы «гөр» сөзі /1974/, «Қуанып **көңлі** тынған күн» 38-жолындағы «көңлі» сөзі теруден кеткен қателер, яғни, олар кейінгі жинақтарда «**буулы**», «**көр**», «**көңілі**» болып түзетілді.

1974, 1985, 1989, 2003 жылдардағы жинақтардағы өлеңнің 25-жолы «**Жез қарғылы** құба арлан», 36-жолы «Алыстағы **дұшпаннын**» деген өлең жолдары академиялық басылымнан /2003/ кейін жарық көрген «**Жеті ғасыр жырлайды**» [2] жинағында «**Жез қарғалы** құба арлан», «Алыстағы **дұшпан мен**» деп берілуі әлі де болса жинақ шығаруда мәтінге деген немқұрайылық танытушылық бар екені байқалады.

Ақынның «Соғыс» өлеңіне келсек, мұндағы мәтіндік айырымдар, біріншіден, тұтастай өлең жолдарының қосылуымен көзге түседі. 1974, 1985 жылғы жинақтарда кездеспейтін өлеңнің 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42-жолдары, яғни,

Толғай-толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан,
Қабырғасын қақыратқан,
Төбінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан,
Біздің қайсар батырдың

Жүрегін сөйтіп оятқан, – деген жолдар 2003 жылғы жинақта (53-бет) енгізілген.

Екіншіден, өлең жолдарындағы сөздердің өзгеріске ұшырауы. 2003 жылғы жинақтағы өлеңнің «Жиылған әскер **бөлінді**» деген 11-жолындағы «бөлінді» сөзі 1974 жылғы жинақта «**бүлінді**» деп берілсе, 1985 жылғы жинақта осы өлең жолы мүлдем кездеспейді, яғни, түсіп қалған. Өлеңнің «**Бекетай** құмның басында» /1974, 1985/ деген 24-жолындағы «Бекетай» сөзі 1989 («Ереуіл атқа ер салмай»), 2004 жылғы жинақтарда «**Беке**» деп берілсе, «**Орыс добын** үш атты, **Доптың** үні шыққанда» /1974, 1989 («Ереуіл атқа ер салмай»), 2003/ деген 45,46-жолдарындағы «орыс добын», «доптың» сөздері 1985, 1989 («Бес ғасыр жырлайды») жылғы жинақтарда «**ханның тобы**», «**топтың**» деп берілген.

«Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін қарастыратын болсақ, 2003 жылғы жинақта өлеңнің бес нұсқасы /1948, 1962, 1974, т.б./ қатар берілген. Барлық жинақтарда кездесетін өлеңнің «Өзіңнен туған жас бала, Сақалы шығып жат болмай» деген 8, 9-жолдары 1974 жылғы [3] жинақта:

Әр түйірі ат болмай,
Атыңды байлап келгенде,

Қатын-бала жат болмай, – деп өзгеше берілген. Сондай-ақ барлық жинақтарда кездесетін өлеңнің «Арып-ашып жол көрмей» деген 12-жолы «Бес ғасыр жырлайды» /1984/, «Ай, заман-ай, заман-ай» /1991/ жинақтарында ұшыраспайды. Байқаусызда түсіп қалған деуге де келмейді. Өйткені 1948 жылғы жинақта да осы өлең жолы берілмеген. Кейінгі жинақтардағы өлеңнің «**Ереуіл** атқа ер салмай» деген 1-жолындағы «ереуіл» сөзі әр жинақта әр түрлі («**ереуілі**» /1948, 1962/, «**еруілі**» /1974/, т.б.) басылып келсе, «**Еңку-еңку** жер шалмай» деген 3-жолындағы «еңку-еңку» сөзі Махамбет жырларының тұңғыш басылымы ретінде қарастырылған «Досмұхамедұлы Халел. Исатай-Махамбет» /1991/ жинағында «еңкейіңкі» деп берілген.

«Тарланым» өлеңіне келсек, мұнда жекелеген сөздер ішіндегі әріптерді түзетуден немесе теруден кеткен қателер мен қоспаларды кездестіреміз. 1985 жылғы жинақтағы өлеңнің «**Керіскендей** шандозым» деген 7-жолындағы «керіскендей» /1962, 1974 жылғы жинақтарда да/, «Садағына сары **жебе** салдырған» деген 14-жолындағы «жебе» /1974 жылғы жинақта да/, «**Маңдайына** сары сусар бөрік басқан» деген 20-жолындағы «маңдайына», «**Айғайда** белдік **байланған**» деген 22-жолындағы «айғайда... байланған», «**Көк шыбығын** қанды **ауыздан** жалатқан» деген 29-жолындағы «ауыздан» /1974 жылғы жинақта да/ сөздері «Үш ғасыр жырлайды» /1965/, «Бес ғасыр жырлайды» /1984/, «Ай,

заман-ай, заман-ай» /1991/ жинақтарында **«керіскідей», «жебені», «мандайын», «айқайласа... байлаған», «ауыздай»** деп өзгертілген. Сонымен «керіскендей» сөзі әлде «керіскідей» сөзі дұрыс па? Негізінен **«керіскедей»** деп қолданған орынды. Өйткені бұл сөз «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» /2008/ бар. Яғни, «келіскен, көз тартатын, үлкен» (390-бет) деген мағынада қолданылса, ал «шандозым» сөзінің екі мағынасы берілген: «Өрен, жүйрік, жеңімпаз» және «сұлу, көркем» (901-бет). 1985 жылғы жинақта «шандозым – «кербезім» деген мағынада», «керіскендей – «керіске» деген мағынада, аң аты» (14-бет) деп көрсетілген. Сонда «шандозым» кербез, сұлу мағынасында алынса, онда көз тартатын кербез, сұлу жанды суреттейтін **«керіскедей»** сөзінің қолданылуы жөн болмақ.

Сондай-ақ «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары» /1962/, «Үш ғасыр жырлайды» /1965/ жинақтарындағы **«Астына тұрман болсам деп, Жұртына құрбан болсам деп»** деген жолдардағы «астына» сөзі «Махамбет. Жыр-семсер» /1974/, «Бес ғасыр жырлайды» /1989/ жинағында **«атына»** деп өзгертілген. «Тұрман» сөзі «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» /2008/ «ер-тоқымның жабдығы» (825-бет) деп берілсе, онда «астына тұрман» емес, «атына тұрман» дегені дұрыс болмақ.

1985 жылғы жинақтағы өлеңнің 30, 31, 32, 33, 34-жолдары, яғни,

Еңселігі екі елі,

Егіз қоян шекелі.

Жараған теке мүшелі,

Жауырыны жазық, мойыны ұзын,

Оқ тартарға қолы ұзын, – деген жолдар «Жыр-семсер» /1974/, «Бес ғасыр жырлайды» /1984/, «Ай, заман-ай, заман-ай» /1991/ жинақтарында берілмеген.

Ақынның «Әрәйна» өлеңіндегі «Күшіген жүнді **сұр** жебе» /1984/ деген төртінші жолындағы «сұр» сөзі 1974, 1989, 2003 жылғы жинақтарда **«шал», «Жалғыздық»** /1974, 1984/ өлеңінің 2,4-жолындағы **«көркем»** сөзі 1989, 2002, 2003 жылғы жинақтарда **«ару», «Тура әділдік биде жок»** /1984/ деген 13-жолындағы «әділдік» сөзі 2003 жылғы жинақта **«билік»** болып өзгертілген.

Ақынның «Қайда бар?», «Аспандағы Бозторғай», «Мен тауда ойнаған қарт марал», «Мінкен ер» деген толғауларынан да өлең жолдарындағы қоспалар мен қалып кеткен тұстарды да ұшыратамыз. Мәселен, «Қайда бар?» өлеңінің «Бес ғасыр жырлайды» /1984/ жинағындағы 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7-жолдары, яғни,

Артымда қалған алғаным

Қытайы қызыл көйлегі

Күнге қойсаң оңар ма?

Мұндай қорлық болар ма?!

Ақсұңқар құстың баласы

Қасқыр тартқан жемтікке

Ағармай көзі қонар ма! – деген жолдары 1974 жылғы жинақта берілмесе, керісінше «Адыра қалған Нарынның» /1989, 2003/ деп басталатын өлеңінің «Еңіреген ерлердің, Жібектен желбіретіп ұстар туы бар» деген 5, 6-жолдары 1984 жылғы жинақта түсіп қалған. Және де «Қайда бар?» өлеңіндегі **«Бұл фәнидің жүзінде»** /1974/ деген өлең жолы «Бес ғасыр жырлайды» (1984) жинағында **«Бұл заманның шағында»** деп орынсыз түзету енгізілген.

«Аспандағы бозторғай» өлеңінің алғашқы он алты жолы екі нұсқада (1974, 1984) бірдей де, одан кейінгі жолдар мүлдем басқаша болып келеді. Яғни, 1974 жылғы жинақта:

Пыр-пырлай ұшқан қасқалдақ

Көгінде жатып көркеймес,

Ортайса көлдің қоғасы.

Аруана мая күңіренер,

Баурынан өлсе баласы.

Суда жүзген нән балық

Шағала құсқа жем болар,

Үзілсе көлдің сағасы.

Атадан қалған сауыттың

Шығыршығын тот басар,

Жыртыла тозса жағасы, – деген он бір жолдан құралса, 1984 жылғы жинақта:

Қалы кілем, қара нар

Жарасады қатарға.

Аруана жисаң, жарасар,

Ұлы күнде сапарға.
Қаумалаған қарындас
Қазақта бар да, менде жоқ,
Арызымды айтарға, – деген жеті жолдан түзілген.
«Мен тауда ойнаған қарт марал» өлеңіндегі:
Хат оқиды молдалар
Қаламмен тартқан сиядан
Екі кісі тең барса
Оңды төре береді

Ақылға жетік би адам, – деген барлық жинақтарда кездесетін жолдар «Жыр-семсер» (1974) жинағында түсіп қалған. Сондай-ақ «Табаным тасқа **тиер** деп» деген жолдағы «тиер» сөзі «Ереуіл атқа ер салмай» жинағында «**таяр**» [1, 88 б.] деп қате берілген.

«Мінкен ер» /1962, 1965, 1974/ өлеңіндегі:

Біз неткен ер, неткен ер?
Сергелдеңмен өткен ер
Ойылменен Дендерден
Сағызбенен Жемдерден

Одан да талып өткен ер, – деген жолдар тек «Ерулі атқа ер салмай» (86-бет) және «Жыр-семсер» (99-бет) жинақтарында, осы жолдардан кейінгі:

Арқада Әлім бар-ды деп
Қайыспас қара нарды деп
Оған да келіп жеткен ер
Тайманның ұлы Исатай
Ағайынның басы еді

Алтын ердің қасы еді, – деген жолдар тек «Ерулі атқа ер салмай» (86-бет) жинағында ғана берілген. Сондай-ақ

Мінкен де, мінкен, мінкен ер

Бұл **сықылды** неткен ер? – деген жолдағы «сықылды» сөзі «Ереуіл атқа ер салмай» жинағында «**секілді**» (48-бет) деп орынсыз түзетілген. «Ереуіл атқа ер салмай» жинағындағы:

Көлденең жатқан Жайықтан
Құралайдың күнінде
Еркек қойдай бөлініп, – деген жолдар «Жыр-семсер» жинағында:
Құралайдың күнінде
Еркек қойдай бөлініп

Көлденең жатқан Жайықтан, – деп беріліп, жыр жолдарының орны ауыстырылған. Осылайша, ақынның біраз өлеңдерінде мәтіндік айырымдарды ұшырастырамыз.

«Махамбеттің Жәңгірге айтқаны» /1984, 1985/ деген өлеңіндегі «Хан емессің, **аярсың**» деген жетінші жолындағы «аярсың» сөзі 1974, 1989, 2003 жылғы жинақтарда «**аянсың**» деп берілген. Дұрысы – «аярсың» сөзі. Өйткені бұл сөз «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (2008) «айлакер, қу, көлгір адам» (80-бет) деген мағынада қолданылып тұр.

Сонымен, тұрақты мәтін қалыптастыру текстология ғылымында қаншалықты қиындықпен іске асырылатыны белгілі десек те, Махамбет шығармаларының келесі басылымында әр жинақта әр түрлі берілген сөздер мен сөз тіркестерінің, қалып кеткен өлең жолдары, артық сөздер және сөз ішіндегі әріп (емле) қателерінің ең дұрысы өз қалпына келтірілсе деген ниет білдіреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Бес ғасыр жырлайды.* – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.
- 2 *Жеті ғасыр жырлайды.* – Алматы: Жазушы, 2004. – 399 б.
- 3 *Махамбет. Ереуіл атқа ер салмай.* – Алматы: Жазушы, 1974. – 140 б.
- 4 *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/Жалпы ред. басқ. Жанұзақов Т.* – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
- 5 *Әбдіқалық К.С. ХХ ғасыр басындағы ақындар шығармаларының текстологиясы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы.* – 2016. – №4 (58). – Б.176-180.

К.С. Абдикалик¹, М.А. Тулекова²

^{1,2}*Казахский государственный женский педагогический университет,*

ТЕКСТОЛОГИЯ ПРОИЗВЕДЕНИЙ МАХАМБЕТА

Резюме

В данной статье речь идет о текстологических вопросах произведений Махамбета. В частности, подвергаются текстологическому анализу такие стихотворения Махамбета, как «Мұнар күн», «Соғыс», «Ереуіл атқа ер салмай», «Тарланым», «Әрәйна», «Жәңгірге айтқаны». В результате сравнительно-сопоставительного изучения опубликованного в ряде изданий объемного толгау Махамбета «Мұнар күн» убедились, что в них встречаются отдельные различия, как сокращение стихотворных строк, отдельные слова и словосочетания, подвергнутые изменениям. Особое значение придается разночтениям стихотворных строк в каждом сборнике. Также рассматривается корректность различий, как редакция отдельных слов, неоправданные изменения словосочетаний. Особое внимание уделяется ошибкам, допущенным при печатании. Подвергнуты анализу текстовые различия по видам ошибок. В результате сопоставления вариантов сборника вариантами выявлена необходимость разработки устойчивых текстов произведений поэта.

Ключевые слова: текст, эпоха, сборник, рукопись, редакция, текстовые различия, вариант, ошибки, поэт, размышление

K.Abdikalyk¹, M.Tulekova²

*^{1,2}Kazakh State Women's Training Teacher University,
Almaty, Kazakhstan*

TEXTOLOGİYA OF MAKHAMBET'S WORKS

Summary

In this article we are talking about issues of textual works of representatives of the literature of Makambet. In particular, it is subjected to textual analysis Makambeta such poems as «Munar kun», «Sogis», «Ereuilatka er salmai», «Tarlanim», «Araina», «Jangirge aitkani». As a result of comparative study published in several editions of the volume tolgau Makambeta «Munar kun» were convinced that they are individual differences, as the reduction of lines of poetry, single words or phrases which have undergone changes. We also consider the correctness of the differences, the editors of individual words, phrases unjustified changes. Particular attention is paid to errors in printing. To analyze textual differences in types of errors. As a result, comparison of variants of the collection version identified the need to develop sustainable texts of works of the poet.

Keywords: text, period, compilation, the manuscript, editing, text differences, embodiment, the error, poet, thinking

МРНТИ 17.07.41

Б.К. Базылова¹

*¹Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан*

ТИПОЛОГИЯ ЖАНРА ИСТОРИЧЕСКОГО РОМАНА

Аннотация

В статье рассматривается специфика исторического романа, определены его типологические признаки. Особой постановки требует вопрос о соотношении прошлого и настоящего в историческом романе. Исследование проблемы художественной правды в исторической прозе приобретает конкретную форму реализации в выяснении места, роли и специфики взаимодействия двух диалектически связанных начал – факта и вымысла, документа и воображения. Художественная правда складывается из множества компонентов, каждый из которых требует особой заботы художника.

К важным типологическим чертам, характеризующим исторические произведения, относятся: 1) изображение в центре повествования крупных исторических событий и реальной личности, через судьбу которой отражается глубинная сущность эпохи; 2) социально-психологический детерминизм действию реального лица в конкретных исторических условиях; документальная основа сюжета; 3) выявление эстетического потенциала документального материала – при помощи вымысла и домьсла; 4) наличие вымышленных персонажей и ситуаций, созданных художественной фантазией.

Отличительной чертой исторического романа последней четверти XX века является усиление субъективного начала, что связано с активизацией авторского присутствия в нем.

Ключевые слова: исторический роман, литературный жанр, художественная правда, правда истории, вымысел

Исторический роман последней трети XX века можно считать явлением рубежа веков. Взятый во всей совокупности разнонаправленных стилевых тенденций, он диктует пересмотр традиционных и выработку новых подходов в его изучении.

Исторический роман многосторонне исследует действительность, прошлое с позиции современного видения, олицетворяя в себе накопленный духовный потенциал поколений, определяет пути к решению задач, назревших перед человечеством. Отсюда постоянный интерес литературоведения к этому жанру художественной литературы. Сейчас важно по-новому решить спорные вопросы, касающиеся специфики жанра, а также проблемы широкого плана: историческая личность и эпоха, творческая индивидуальность писателей. Обращение к онтологическим аспектам исторического романа открывает путь к постижению и выработке писателем концепции философии истории и принципов воссоздания характера.

Академическая наука имеет большой опыт в изучении истории и теории исторического романа. Дискуссии о содержании понятия “исторический роман” в литературоведении начались еще в 30-е годы, затем с новой силой вспыхнули во второй половине 50-х годов, продолжаются они и в наши дни. Спорным остается вопрос об исторических личностях и вымышленных героях, выступающих на страницах романов. Это должны быть люди, мысли и дела которых в той или иной мере определяли бы судьбу народа [1, с. 293]. Дискуссии идут о значимости изображаемых исторических событий и о наличии дистанции во времени между писателем и объектом изображения. Ш.Елеукунов считает, что “назначение исторического повествования не только в том, чтобы воспроизвести те или иные события минувшего. Гораздо более важная его задача – найти истоки и рассмотреть истории тех проблем, которые не утратили своей актуальности и поныне” [2, с. 246].

В советском литературоведении большинством исследователей исторический роман рассматривается как самостоятельный жанр, но границы его четко не определены, многие вопросы специфики вызывают споры. М.Серебрянский, Ю.Андреев, С.Петров, А.Пауткин, Л.Чмыхов, В.Щербина считают, что исторический роман – это самостоятельный литературный жанр, имеющий специфическую художественную форму, цель которого – постижение прошлого в художественных образах. При этом важно наличие временной дистанции между автором и объектом художественного воспроизведения, а также восприятие и оценка писателем воображаемых событий как завершенного этапа истории в его отдаленных следствиях, значении для современности. “Писатель, который создает исторический роман, отличается от писателя, изображающего современность тем, что ему известно не только направление развития действительности, но и его конечный результат” [3, с. 43].

Ряд ученых, как Р.Мессер, Г.Ленобль, М.Кузнецов, одной из типологических черт исторического романа считают соотношенность времен в историческом повествовании, дистанцию между писателем-повествователем и событием, исторический подход художника, который воссоздает более или менее отдаленное от него прошлое. Г.Ленобль допускал существование понятия “исторические жанры”: “В обширных просторах художественной исторической литературы едва ли не каждый жанр имеет своих посланцев” [4, с. 259].

Наиболее обстоятельный ответ на вопрос о самостоятельности жанра дает В.Оскоцкий в книге “Роман и история” (1980): “Исторический роман – это роман об истории, который однако не дублирует научный труд, не довольствуется повторением данных исторической науки, но постигает общий с нею материал по законам художественного пересоздания действительности” [5, с. 264]. Как и другие литературоведы и критики, В.Оскоцкий справедливо считает, что исторический роман сначала роман, а потом уже исторический. Доминантой здесь выступает тематический признак. Называть роман историческим можно лишь в условном и неточном литературоведческом смысле, так как ни содержание, ни форма не дают оснований выделять его в некий самостоятельный и особый вид эпического рода, развивающийся по своим собственным законам. Определенные сложности в теорию вопроса вносит путаница в терминологии, понимании историзма художественного произведения и его тематико-жанровой специфики. Исторический роман – разновидность романного жанра, в сюжетную основу которого введены преимущественно конкретные, чаще всего выдающиеся исторические события, лица, факты, сыгравшие важную роль в жизни общества, отдаленные от современности значительной дистанцией времени.

А.Пауткин считает, что “помимо явных, различимых с поверхности признаков жанра существуют скрытые жанровые законы. Обычно незримые читателю, они определяют своеобразие творческого

труда романиста-историка” [6, с. 4].

В современном историческом романе по-новому раскрываются связи человек-история: через личностное отношение героя к происходящему событию. Углубляется представление о личности, изменяется концепция человека, построение конфликтных ситуаций: из классовой плоскости они часто переносятся в морально-этическую, не теряя при этом своего социального смысла и значения. “Исторический роман наших дней обогащается новыми качественными особенностями, связанными и с углублением ее философской концептуальности, и усилением идеологической наступательности” [5, с. 178].

Особой постановки требует вопрос о соотношении прошлого и настоящего в историческом романе. Исследователи отмечают “зыбкость границ с современностью”: “Повествование становится историческим, если между тем, что в нем изображено, и читательским мироощущением обозначился рубеж, делающий описанный период законченным и предопределяющим возможность столкновения времен, явного или скрытого, лежащего в основе замысла каждого исторического произведения. Конечно этот рубеж невозможно высчитать с точностью до одного дня, так как нельзя распространить понятие “общественное сознание” на всех без исключения членов общества. Речь идет о диалектически подвижном процессе, знающем множество переходных форм, о господствующей тенденции, определяющей закономерности общественного и литературного развития” [7, с. 27].

Исторический роман теснейшим образом связан с политическими и социальными проблемами действительности, и эта связь изначально лежит в самой его природе. И, следовательно, в романе о прошлом находит отражение определенная историко-философская концепция общественного развития. Художественная правда в романе о прошлом выступает показателем поэтического совершенства, критерием эстетического качества того образа реальной действительности, который возникает как следствие органического взаимодействия исторической правды и авторской фантазии.

В современной эстетике отсутствует единое, достаточно конкретное определение художественной правды. И это понятно, так как реальное содержание художественной правды чрезвычайно многогранно. В многообразии определений проявляется не только недостаточная разработанность проблемы, но диалектическая природа данной категории. В определениях ученых можно выделить общую для них мысль: художественная правда – результат глубокого изучения действительности. Следовательно, основа и сущность художественной правды – объективное содержание. Но художественная правда – это не жизнеподобная достоверность, не копия действительности. Художественная правда не может быть тождественна правде жизни, так как отличается от изображаемого предмета, от самой действительности. Но художественная правда создается на основе фактов действительности и ее нельзя рассматривать в отрыве от жизни, превращая в беспредельную фантастику. Основой и сущностью художественной правды служит действительность, но не механически перенесенная в произведение, а творчески осознанная, проведенная через фантазию автора. Огромную роль фантазии отводил В.Белинский: “Кто не озарен творческою фантазиею, способностью превращать идеи в образы, мыслить, рассуждать и чувствовать образами, тому не помогут сделаться поэтами ни ум, ни чувство, ни сила убеждений и верований, ни богатство разумно исторического и современного содержания” [8, с. 232].

Художественная правда возникает как результат взаимодействия и слияния жизненного факта и художественного вымысла. Домысел и вымысел, как виды художественного обобщения и средства типизации в историческом романе, не только нисколько не ограничены, но и несут дополнительную нагрузку, становясь важным средством создания художественной правды. Без творческого воображения, без фантазии художника создание исторического романа невыносимо. Автор романа о прошлом описывает действительно происшедшие события. Исторические события, образы их участников должны быть представлены во всей истине. Но историческая истина сложна. Она включает в себя не только непосредственное значение и роль факта для ближайших событий, но и значение его в исторической перспективе.

З.Ахметов, подчеркивая важность соотношения исторической правды и вымысла, большую роль в художественном произведении отводит литературным и историческим источникам [9]. Р.Бердибаев полагает, что “историческая правда не может целиком и полностью быть перенесена в художественное произведение. Жизненный материал проходит через особенности художественного восприятия писателя. Иногда, художественная правда, созданная благодаря творческому вымыслу, может быть ярче и острее, чем правда действительности” [10, с. 209].

Интерес исторического романиста лежит в круге проблем самой истории. И исторический роман

будет историческим только тогда, когда в нем рассматриваются проблемы истории, но отнюдь не проблемы, навязанные ей извне. Не вдаваясь в подробности объектов научного и художественного познания, все же отметим, что в романе об истории и исторической науке одна и та же действительность является источником различного конкретного содержания и разных форм его выражения.

Поэтому исследование проблемы художественной правды в исторической прозе приобретает конкретную форму реализации в выяснении места, роли и специфики взаимодействия двух диалектически связанных начал – факта и вымысла, документа и воображения. Споры о художественной правде в такой постановке не умолкают на всем пути становления и развития жанра исторического романа.

Перед историческим романистом стоит важная задача, связанная с проблемой передачи историко-бытового колорита эпохи, с необходимостью реалистического воспроизведения атмосферы времени. Постигание предмета изображения в произведении на историческую тему опосредованно письменными и материальными свидетельствами времени. Отсутствие источниковедческой грамотности – серьезный изъян в подготовке писателя-историка, так как в неумелых руках документы могут превратиться в кривое зеркало, дающее искаженное отражение времени. Однако, источники, являясь соавтором писателя при воссоздании прошлого, не дают полного представления об эпохе, событиях и людях, ставших прообразом художественного содержания произведения. В процессе работы романиста фактический материал подвергается творческому преобразению для максимально полного и глубокого раскрытия жизненной правды. Художественно интерпретируя действительность, автор видоизменяет реальные факты, в результате которого происходит моделирование действительности, благодаря чему она поддается более глубокому анализу, помогающему писателю передать дух времени. Суммирование и комбинирование жизненных фактов – одно из проявлений деятельности художественной фантазии. В это же время происходит акцентирование определенных черт жизненных впечатлений, их сотворение происходит на основе накопленного материала, т.е. рождается правда искусства. Деятельность творческой фантазии совершается одновременно. При этом перед историческим романистом встают непростые вопросы: как соотносить в произведении документальное с художественным вымыслом? В какой мере этот синтез способствует раскрытию правды истории?

Немало споров при выяснении специфики исторического романа вызывает вопрос о наличии в нем реальных исторических персонажей. Широкое обращение советской литературы первых десятилетий XX века к образам деятелей истории привело к тому, что одним из главных условий в определении своеобразия исторического романа стало считаться наличие реальной исторической личности. Одни критики (С.Петров, Л.Александрова) считают несомненным объективным признаком исторического жанра присутствие в нем образов реальных лиц. Другие критики полностью отрицают важность и закономерность появления исторического романа с центральным героем – великим деятелем [11, с. 21]. Художественная практика показывает, что наличие в романе о прошлом центрального героя – реальной личности – признак необязательный для исторического жанра (“Кровь и пот” А.Нурпеисова). Таким образом, историческому романисту не обязательно, чтобы в нем в качестве главного героя непременно фигурировала историческая личность, но в то же время реалистическое и объективное воссоздание художественных образов исторических деятелей, сыгравших значительную роль в жизни народа, – право любого исторического произведения.

Роман называется историческим не только потому, что в нем действуют исторические лица, изображаются события прошлого, но скорее всего из-за того, что в нем писатель проникает в дух самой эпохи с ее противоречиями. И присутствие реального лица для исторического романа признак необязательный. Известно, что произведения исторического жанра обычно основываются на подлинных событиях, имеющих определенное значение в прошлом народа. Но материал, который использует автор, никогда не бывает исчерпывающим и очищенным от случайного и наносного. Поэтому писатель прибегает к фантазии и художественному домыслу. Художнический вымысел и домысел, основанный на исторических фактах, не только не противоречит научно-объективному изображению прошлого, но и способствует тому, чтобы наилучшим образом выразить правду истории, реализовать принцип историзма. Необходимость творческой фантазии в процессе типизации заключается в отборе, систематизации, комбинировании жизненного материала в соответствии с авторской концепцией эпохи, образов. Таким образом, к важным типологическим чертам, характеризующим исторические произведения, можно отнести следующее: изображение в центре повествования крупных исторических событий и реальной личности, через судьбу которой отражается

глубинная сущность эпохи; социально-психологический детерминизм действию реального лица в конкретных исторических условиях; документальная основа сюжета; выявление эстетического потенциала документального материала – при помощи вымысла и домысла; наличие вымышленных персонажей и ситуаций, созданных художественной фантазией.

Список использованной литературы:

- 1 Старчаков А. Заметки об историческом романе // *Новый мир*. – 1935. – №5. – С.265-275.
- 2 Елеукенов Ш. От фольклора до роман-эпопеи (Идейно-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа). Монография. – Алматы: Жазушы, 1987. – 351 с.
- 3 История русского советского романа: В 2-х т. Т.1. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1963. – 627 с.
- 4 Ленобль Г.М. История и литература. – М.: Худож.лит., 1980. – 384 с.
- 5 Оскоцкий В.Д. Роман и история: Традиции и новаторство советского исторического романа. – М.: Худож. лит., 1980. – 384 с.
- 6 Пауткин А.И. Советский исторический роман. – М.: Знание, 1970. – 111 с.
- 7 Щедрина Н.П. Советский исторический роман в русской литературе последней трети XX в. (Пути развития. Концепция личности. Поэтика): Дис... докт.филол.н. – М., 1966. – 379 с.
- 8 Белинский В.Г. Сочинения Державина. Статья первая // *Собр.соч.*: В 3-т. Т.2. – М.: Гослитиздат, 1948. – 932 с.
- 9 Ахметов З.А. Поэтика романа-эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания. – Алматы: Наука, 1984. – 256 с.
- 10 Бердибаев Р. От легенды к роману. Статьи и исследования. Пер. с каз. – А.: Жазушы, 1976. – 224 с.
- 11 Реизов Б.Г. Французский роман XIX века. 2-е изд. – М.: Высшая школа, 1977. – 304 с.
- 12 Базылова Б.К. Художественная концепция характера исторической личности. // *Вестник КазНПУ им. Абая. Серия филол. наук.* – 2016. – №1 (56). – С.96-100.

Б.К. Базылова¹

¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ТАРИХИ РОМАН ЖАНРЫНЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ

Түйіндеме

Мақалада тарихи романның ерекшеліктері қарастырылады, оның типологиялық белгілері анықталады. Тарихи романдағы өткен мен бүгіннің арақатынасы туралы мәселе ерекше қарастыруды талап етеді. Тарихи прозадағы көркемдік шындық мәселесін зерттеу екі диалектті байланысқан бастамалардың – шындық пен ой толғам, іс-құжат пен қиялдың орнын, ролі мен ерекшеліктерін анықтаудағы жүзеге асыру формаларына ие болады. Көркемдік шындық суретшінің ерекше қарауын талап ететін көптеген құрамдық бөліктерден құралады.

Тарихи шығармаларды сипаттайтын негізгі типологиялық белгілерге: 1) ірі тарихи оқиғалар мен дәуірдің терең болмысы көрінетін шынайы тұлғаны бейнелеу; 2) нақты тарихи жағдайларда шынайы тұлға әрекетінің әлеуметтік-психологиялық детерминизмі; 3) дерек материалдың эстетикалық әлеуетін ой талғам мен жорамал арқылы айқындау; 4) суреткер фантазиясымен пайда болған ойдан шығарылған кейіпкерлер мен оқиғалар.

Авторлық қатысудың жандануымен байланысты субъективтік бастаудың күшеюі XX ғасырдың соңындағы тарихи романның ерекше белгісі болып табылады.

Түйін сөздер: тарихи роман, әдеби жанр, көркемдік шындық, тарихи шындық, әдеби ой-толғам

В. Bazylova¹

¹Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan

TYPOLOGY OF THE GENRE OF THE HISTORICAL NOVEL

Summary

In article specifics of the historical novel are considered, its typological signs are defined. Special statement is demanded by a question of a ratio of the past and the present in the historical novel. Research of a problem of the art truth in historical prose gets a concrete form of realization in clarification of a place, role and specifics of interaction of two dialectically connected beginnings – the fact and fiction, the document and imagination. The art truth consists of a set of components, each of which demands special care of the artist.

Treat the important typological lines characterizing historical works: 1) the image in the center of a narration of important historical events and the real personality through which destiny the deep essence of an era is reflected; 2) a

social and psychological determinism action of the real person in specific historical conditions; documentary basis of a plot; 3) identification of esthetic potential of documentary material – by means of fiction and a conjecture; 4) presence of the fictional characters and situations created by the artist's imagination.

Distinctive feature of the historical novel of the last quarter of the XX century is strengthening of the subjective beginning that is connected with activization of author's presence at it.

Keywords: historical novel, literary genre, art truth, history truth, fiction

ФТАХР 17.01.09

З.Қ. Бисенғали¹

*¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ЖЫРАУЛАР ПОЭТИКАСЫ ЖӘНЕ ҚАЛНИЯЗДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

Аңдатпа

М.Әуезов жыраулық өнердің синкретті сипатын айтқанда оның өзгермелі табиғатын да ескерген болуы керек: «Бүгінгі қазақ сахнасында Иса әлденеше ғасырларды жинағандай, мәдениет тарихының әлденеше дәуірлерін бітімдестіргендей.

Мұның арты баяғы кәрі заманнан, саналы толғау иесі жыраудан, ру бәсекесінде ат жарыстырғандай, сөз жарыстыратын айтыс ақындарынан келе жатқан суырыпсалма. Бүгінгі тұрған орны – сахна. Айтылып қалған сөздері – әдебиет туындысы. Иса сахнадан үгіт айтады, сын айтады. Өзі түсінген мөлшерде сұлулықты, жарастықты жырлайды».

Ел ішіндегі қактығыстар мен дауларды шешуде әділдігімен халыққа жаққан, жұртқа айрықша қымбатты болған жыраулар тарихта аз емес. Солардың бірі – Қалнияз жырау. Оның тіршілігі ғана емес, шығармашылығы да Махамбетпен ұқсас. Ол – дүмділер тарпынан қуғын көріп, қысымға шыдамай елін тастан көшкен көптің бірі емес, Махамбет сынды «аламанға жел берген аса жұртты меңгерген жырау», романтикалық мінезде қалыптасқан тұлға.

Қалнияз шығармашылығы туған жерінен қуғын көріп, жат елдерге қоныс аударған қазақ жырауының рухани тірлігін, қайғы-қасіретке толы болмысын, шығармашылық ізденістерін анық көрсетеді.

Түйін сөздер: жыраулар поэзиясы, поэтикасы, мәдениет тарихы, толғау, Қалнияз жырау, суырыпсалма ақын, қуғын көру, Ата жұрт, қаһарман құрбылар, жырға қосты, мадақтау

Жыраулар поэзиясына пәрменді әсер еткен әдеби үрдіс – тарихи жырлар мен тарихи шығармалар дәстүрі. Көрнекті тұлғаларға: хандар мен билерге, батырлар мен ел басқарған ақылды тұлғаларға арналған толғаулар мен арнаулар қазақ жырларының көркемдік өрнектеріне кәдімгідей ықпал еткен. Мұнда әдеби дәстүр үлгілері де, канат жайып өркен сала бастаған бастаған жаңа өскіндер де бар [1, 262-280].

Бұл тақырыптар кешенді түрде зерттелуге тиіс. Эстетикалық объектінің сыртқы дүние, әлеммен байланысы алуан түрлі әсерлерден құралады. Әдеби дәстүрге жаңалық әкелетін бұл ықпалдың қуаттылығы уақыт және кеңістік өлшемдерінде белең бере сала күш ала бастайды. Оның жеке жыраулар шығармашылығында көрініс табуы эстетикалық сезімдер шарпысуына тәуелді. Төңірегін өзгерте бастаған үлкенді-кішілі уақиғалар жыраудың қабылдауында бірте-бірте үдепкүрделі сезімдер бейнесін туғызады. Енді ол жыраудың көркемдік әлеміне ғана тәуелді. ойлануы, тарихи уақиғалар туғызған алуан-алуан сезімдерді қорытуы, мақсатына орай қиюластыруы бәрі – ақын-жырлаудың әр ортада өзгеріп тұратын шабытына, көңіл-күйіне байланысты. Сондықтан жыраулар шығармалары нұсқаларының көп болуы осы заңдылықтарға негізделеді.

Ал аңыз, хикаяттар, әпсаналар туралы шығармашылық үдеріс мүлде басқа жағдайда өтеді. Мұнда уақыт та басқа.

But the hero in love eposes is an individual. They are Ashug Abbas, Dede Kerem, Ashug Garib, Ashug Abdulla, Ashug Veleh and others who are standing against the rulers, religious leaders, merchant-chiefs and opponents only having social preferences and violating their rights for free love, happy life and inviolable human rights. Though the higher the social and public content in love eposes, and though the events described here reflect various features of public life, it couldn’t rise to the level of epic thinking. It is satisfied with reflecting contradictions and contrasts, antagonisms within the borders of specified prohibitions” [11, 340].

And at the same time, from their defeats. That’s why, in our opinion, love eposes, as above-mentioned, the opinion of “it is satisfied with reflecting contradictions and contrasts, antagonisms within the borders of specified prohibitions” [11, 340] cannot be considered so fair assessment. Though Ashug Abbas, Dede Kerem, Ashug Garib, Ashug Abdulla, Ashug Valeh and others didn’t have great powers and opportunities to gather troops, be the ruler in order to fight for the interest of public, to establish their desires and ideals, the fair rules in the state in which they were being represented, they were fighting for the victory of truth and justice within society and state with the help of imaginary supernatural forces standing behind them and simply, in the

positive result, the smallest share was theirs as a result of this victory – they could gain their loves and achieve their desires. Characters, such as fair Shah, Pasha, Sultan etc. in these kinds of eposes giving lesson to Shahs, Pashas and Sultans of those times, improving their features, aimed to bring them to the right path.

Their different kinds of classifications are given by researchers in the history of investigation and study of our love eposes. Some important researchers from Ismail Hikmat to academician Hamid Arasli, Feyzulla Gasimzade, as well as, Mammadhuseyn Tahmasib whose services in this field are invaluable also have different classifications of our eposes. If we would say that the classification of professor Tahmasib is the most perfect one among them and relatively, the one which is worthy of higher assessments among them, probably, we wouldn't be wrong. The above-mentioned author, initially, divided eposes, into three main groups as a whole:

“I. Heroic eposes;

II. Love eposes;

III. Family – morality eposes” [1, 112].

After this division researcher again dividing love eposes into subgroups within it, carried out their more complex division:

“1. Eposes standing within the boundaries of love and heroic eposes.

2. True love eposes:

- a) Love eposes related to tales,
- b) Love eposes related to ancient epos,
- c) Love eposes related to written literature,
- d) Original love eposes.

3. Eposes dedicated to figurative love:

- a) Astral eposes,
- b) Symbolic eposes.

4. Family – morality eposes” [1, 112].

However, the author himself understood and acknowledged that this complex, scattered division was not completely accurate and correct due to collection and publication works were not in a satisfactory level.

Other researcher professor A.Nabiyev, highly appreciating the classification of Mammadhuseyn Tahmasib that is considered acceptable for that period, conducting relatively simplified and more reasonable classification of our love eposes in the textbook of “Azerbaijani folk literature” published in 2006, tried to justify its division with wide explanations from logical point of view. We briefly present the division of the above-mentioned author to you:

“Love eposes:

a) Eposes created based on tale motifs;

b) Ordinary love eposes;

c) Autobiographical eposes:

1. Eposes of Ashig – Mashug (Lovers);
2. Eposes created by means of budding.

d) Eposes created based on the plots or stories coming from written literature and merchant-noble life.

3. Love eposes created based on traditional plots or stories” [11, 350-351].

It should be noted that it is felt to go into details and to do small items and parts in excessive complexity and generalization in the division itself. Along with having a number of advantages from the previous divisions, it has also features which cannot be considered acceptable for today. However, despite this, the notes of the author justifying the points which he considered more superior and correct from the division of professor Mammadhuseyn Tahmasib with wide explanations is of interest and it is distinguished by common sense. In our opinion, it is not inappropriate here to show some of them. «Just the national psychology serves as the main poetical peculiarities differing each national epos from others. In Azerbaijan epos the hero of his psychology embodies the only spiritual and physical perfection. The psychological heroism found itself in the epos «The Book of Dede Korkut» has two main categories: valor – the strength of the wisdom and courage – the power of hands. Twelve songs confirm the spiritual qualities of Oghuz heroes. These qualities moving from the epos «Dede Korkut» into the epos «Koroglu» show that the combination which is the only spiritual strength with the physical power is the characteristic feature of the image of the Turkic hero» [12, 195].

A.Nabiyev firstly notes that in general, love eposes were motivated from “two main sources and passed the process of becoming sagas. Firstly, the unknown, most favorite tales were used as love eposes passing into repertoire of ashugs. Secondly, ashugs composed and made eposes based on the love of “Ashigs” and

“Mashugs” (the Lovers) to which they witnessed and heard about them. ... Therefore, it is not acceptable to divide love eposes into groups such as the eposes standing in the borders of heroism and love or true love eposes. As, the eposes standing in the borders of heroism and love were polished passing the stage of becoming sagas as true love eposes in the repertoire of ashug based on the tale motifs” [11, 353-354].

Specific notes of Professor Fuzuli Bayat, who is one of the great investigators and researchers of our Folklore studies, as well as, love eposes in the modern times related to the classification of our eposes are of interest. The author saying that “Epos is oral history of nation created by itself; and it is the history which is made oral, generalized, full of with anachronism and displacements” [13, 256] conducts quite short, concise division of our eposes as follows:

“1. Heroic eposes;

2. Love eposes;

1a. Fugitive eposes;

2a. Religious-mystical legends” [13, 256-266].

It should be noted that opinions and considerations of most of the researchers of folklore studies, as well as, love eposes mentioned in this section, suggestions put forward by them in the field of determination of the way of creation of love eposes and their classifications and each of their provisions have great importance in itself and all of these are worthy to be highly appreciated as the steps taken in the direction of approaching to the greatest truth and reality.

Meanwhile, investigations, studies, exchange of views, disputes etc. are continued. In our opinion, it is more appropriate to more likely agree with the division carried out by professor F.Bayat related to the classification of our eposes. However, despite this we should also mention that especially more equitable, more logical, clear division of our love eposes will be conducted in the next research works. In this sense, greater responsibility falls on the future researchers.

Scientific innovation of the study. In the article, logical-critical attitude is set out towards the investigation history of classical love eposes and the provisions put forward.

The scientific results of the study. In the article, the history of investigation of classical love eposes, being followed with chronic sequence in scientific-theoretical perspective, has been examined in detail and critical attitude and new scientific and logical conclusions have been reached out.

References:

- 1 Tahmasib M.H. Azerbaijani folk eposes (middle ages). – Baku: Elm press, 1972. – 400 p.
- 2 Hikmat İ. History of Azerbaijan Literature. – I volume. – Baku: Azerneshr, 1928. – 214 p.
- 3 Afandizade R. People’s literature and people’s words. The way of studying Azerbaijan. – Baku, 1928. – P.23-36.
- 4 Abid A. Certificates referring to Azerbaijani Literature in Tribes’ period. The way of studying Azerbaijan, 1930. – Issue 3. – P.48-53.
- 5 Gasimzade F. The history of XIX century’s Azerbaijani literature. – Baku: ADU Press. – 1956. – 534 p.
- 6 Arash H. Ashug creativity. – Baku, 1960. – 121 p.
- 7 History of Azerbaijan Literature. – I volume. – Baku: EA Press, 1960. – 589 p.
- 8 Ibrahimov M. Inexhaustible treasure // Journal of Azerbaijan. – 1960. – №7. – P.356.
- 9 Ibrahimov M. Realism in Ashug poetry. – Journal of Azerbaijan. – 1964. – №4. – P.165-187.
- 10 Azerbaijani eposes. – in 5 volumes. – 1st volume. – Baku: Leader, 2005. – 392 p.
- 11 Nabiyev A. Azerbaijani folk literature. – II part. – Baku: Elm press, 2006. – 468 p.
- 12 Farajova A. Hero and society in the “Book of Dede Korkut” // Bulletin of Kazakh National Pedagogical University named after Abai. Series of Philological sciences. – №2(60). – 2017. – P.191-195.
- 13 Bayat F. Folklore courses. – Baku: Science and Education, 2012. – 424 p.

Джамия Чичек (Исбандиярова)¹

¹Әзірбайжан Ұлттық Ғылым Академиясы Фольклор институты,
Баку, Әзірбайжан

XX ҒАСЫРДАҒЫ ӘЗІРБАЙЖАН РОМАНТИКАЛЫҚ ДАСТАНДАРЫНЫҢ КЛАССИКАЛЫҚ ДӘСТҮРІ

Түйіндеме

Мақалада әзербайжандық романтикалық сопылардың даму тарихына, оның тарихи аспектіде дамуына назар аударылып, жаңа ғылыми және теориялық көзқарастар мен ойларға байланысты болды. Белгілі классикалық ақындарымыздың кейбірі көне эпикалық санаулардың мысалдарын өз жұмыстарындағы көркемдік сюжет

ретінде қолданғаны белгілі, ал сарапшылар оларды өз хроникаларында тарихи оқиғалар ретінде пайдаланды. Бұл ұлы ақындар, сондай-ақ поэзия мен әуенді, шығармашылық пен әдебиетті сүйетіндер өз жұмыстарында осы үлгілерді қолданып, бүгінгі күнге дейін олардың өмір сүру жағдайларын жасайды. Мақалада осы мәселелердің бәрі Әзірбайжан фольклорының кең көлемді материалында зерттелді.

Түйін сөздер: махаббат, дастан, әдістер, зерттеу

Джамия Чичек (Исбандиярова)¹

*¹Институт фольклора Национальной Академии Наук Азербайджана,
г. Баку, Азербайджан*

КЛАССИЧЕСКИЕ ТРАДИЦИИ И АЗЕРБАЙДЖАНСКИЕ РОМАНИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ XX ВЕКА

Резюме

В статье в широком аспекте обращено внимание на историю исследования азербайджанских романтических дастанов, на его развитие в историческом аспекте, выявлено новое научно-теоретическое отношение на высказанные размышления и рассуждения. Логическими фактами разъясняется распространение романтических дастанов в народе, причины любви к дастанам, вопросы о том как были созданы эти дастаны. Известно, что ряд наших выдающихся классических поэтов использовали примеры древних эпосов-дастанов как художественный сюжет в своих работах, а аналитики использовали их как исторические рассказы в своих хрониках. Именно эти великие поэты, мастера-ашуги, а также любители поэзии и слова, искусства и литературы, использующие эти образцы в своем творчестве, создали условия для их существования до наших дней. В статье все эти вопросы были исследованы на обширном материале Азербайджанского фольклора.

Ключевые слова: любовь, дастан, способы создания, исследование

FTAХР 17.09.09

С.Б. Ержанова¹, А.Е. Абуова²

*^{1,2}Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

АНТИКАЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ӘДЕБИ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ ҰҒЫМДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа

Мақалада адамзат өркениетінің бастау бұлағы саналатын Ежелгі Шығыс мәдениеті мен жаңа ғылым дәуірінің негізі саналатын көне грек, яғни антикалық дәуір ойшылдарының әдеби-эстетикалық ұғымдарды қалыптастырудағы еңбектері қарастырылады. Көркемдік ойлау үрдісінің ең көне үлгілері мен оларға теориялық, эстетикалық тұрғыдан берілген талдау еңбектердің ғылыми маңызы өте жоғары. Олар адам баласының рухани өсіп-өркендеу жолындағы сүйенген ең бір асыл таянышы болды. Антикалық дәуірдің Платон, Аристотель сияқты ойшылдарының философиялық, әдеби-эстетикалық ойлары мен ғылыми-теориялық тұжырымдары жаңа дәуір ғылымының дамуына орасан зор ықпал етті. Әдеби-теориялық ұғымдардың ғылыми жүйеленіп, көркемдік-эстетикалық ойлардың қалыптасуындағы көне грек ойшылдарының еңбектері бүгінгі күнге дейін маңызын жоймады. Платон көркем шығармалардың тууындағы еліктеудің атқаратын рөлін идеализм тұрғысынан айтса, Аристотель бұл мәселені көркемдік танымға байланыстырып қарастырған. Әдеби ұғымдарды термин дәрежесінде талдап, олардың көркем шығарманың табиғатын танудағы мәнін ашып көрсетеді. Аристотель қалыптастырған әдеби-теориялық ұғымдар мен терминдер бүгінгі күн әдебиеттануында да қолданылып келеді. Сондықтан да, антикалық дәуір ойшылдарының әдеби-эстетикалық пайымдаулары әлемдік, ұлттық әдебиеттанудың даму үрдісінде де маңызы арта бермек.

Түйін сөздер: антикалық дәуір, эстетика, теориялық ұғымдар, драма, трагедия, комедия, дифирамб, ямб, эпос, фабула

Адамзат баласының өз тіршілігіндегі барша құбылыстарды сөзбен өрнектеп, суреттегенінен

бастап, оны өнерге теліп, оның қыр-сырын танып, сипаттау да қалыптасты. Яғни, осы мәселені тікелей қарастыратын әдебиеттану дербес ғылым саласы ретінде XIX ғасырда ғана қалыптасқанымен, сөз өнері туралы алғашқы пайымдаулар мен пікірлер біздің жыл санауымызға дейінгі көне дәуірлердің еншісінде. Ол: өзінен кейін көркемдік ойлау мен эстетикалық танымның нелер бір асыл үлгілерін қалыптастырған Шумерлік мәдениет пен Вавилонға тән «Гильгамеш туралы» жыр, ежелгі парсы өркениетінің «Авестасы», көне мысырдың «Пирамидалар кітабы», үнділердің «Ригведасы» мен «Махабхаратасы», «Рамаюнасы». Бұл тізімге аспан асты елінің біздің заманымыздан бұрын мұра болған «И цзин (Құбылу кітабы) мен «Ши цзин» (Ән кітабы) еңбектерін қосыңыз. Сондықтан, жер бетіндегі өркениеттің бесігі деп саналып келген ежелгі эллада мен римдік мәдениет біз қарастырғалы отырған әдеби-теориялық ұғымдардың ең алғашқы бастауы емес екен. Бұл кезең әлемдік тарихта антикалық кезең деп аталатыны белгілі. Адамзат тарихындағы орны мен маңызы тұрғысынан өте маңызды уақыт саналады. Көне тарих қойнауына үңілгенде әдеби-эстетикалық ойдың ең асыл үлгілерінің бірнеше ғасырлық қатпарын көреміз. Зерттеуімізге негіз болғалы отырған мәселелер бұл тарихтың соншалықты бай әрі көп қырлы екенін де танытады. Әрбір дәуір өз өнерін тудырады және өзінің әдеби идеяларын ұсынып отырады. Уақыт өте келе бұл эстетикалық ұғымдар жаңа пайымдауларға орын беріп, тың ой-пікірлердің қалыптасуына алғышарт болады. Осыдан келіп жалғастық дәстүрі туады. Орыс әдебиеттанушысы П.А. Николаевтың әдеби-эстетикалық ойлардың ерте кезеңінің өзіндік ерекшеліктерін сөз ете келіп: «Вместе с тем в многовековом развитии литературной мысли действовал закон преемственности. Нить, связывающая античные теории с эстетикой Ренессанса, Просвещения, с идеями нашего века, необычна прочна. И для нас трактаты Платона, Аристотеля, Лессинга или Гегеля – отнюдь не только исторические памятники: они участвуют в наших эстетических и литературных исканиях» [1, 8] деуі осыған дәлел.

Ғылымның қашан, қайда пайда болғандығы жөніндегі пікірлер де әр алуан болып келді. Ол көзбен көріп, қолмен ұстап «міне, мынау» деп нақты айта қоятын дүние емес болғандықтан, түрлі тұжырымдар жасалды. Ең бастысы ғылымның даму тарихын саралай келе ғалымдар: «Ғылымның шығуының танымдық алғышарты біздің заманымызға дейінгі YII-YI ғасырлар аралығында мифтік (аңыз, ертегілік) санадан логосқа (ақыл-ойға) өтудің аяқталуымен байланысты болды. Бұл кезде таяу және Қиыр шығыс елдерінде, антикалық Грецияда ойлау, пайымдаудың қазіргі заманғы адамдар қолданып жүрген логикалық құрылысы қалыптасты. Мифтік-поэтикалық санадан бірте-бірте қол үзіп, ақыр соңында одан арылғаннан кейін рационалдық ой дами бастады» [2, 33-34] – деп, оның алғаш пайда болған мекенін әйгілейді. Осыдан келіп, қалай болғанда да ғылымның алғашқы нышандары ежелгі Шығыс елдерінде (Мысыр, Вавилон, Үндістан, Қытай сияқты) жасалып, көне Грекияда қалыптасты. Өйткені, ертедегі шығыс елдерінде натурал сандарды қолдану, аспан денелерін зерттеу, тендеулерді шешу сияқты ғылыми жетістіктер болғанымен, осы ғылыми теорияларды логикалық дәлелдеу, дедукциялық пайымдаулар эллада елінде туды. Ғылымның зерттеу әдістері мен әдіснамасы қалыптасты.

Антикалық эстетиканың классикалық кезеңін Платон, Аристотель, Горацийлер жасады. Жаратылыс пен өмірдің табиғаты туралы таным, пікірлері әртүрлі болғанымен, бұл ойшылдардың өнер, оның қызметі, эстетикалық, тәрбиелік күш-қуаты туралы тұжырымдары өрістес әрі өте маңызды.

Платонның әдеміліктің объективті сипатын ашуына идеализм көп кедергі болған. Сондықтан да философ өнерді эстетикалық әрекеттің түрі ретінде өзінің танымдық қызметінен тыс қарастырады. Платонның пікірінше шығармашылық үрдіс иррационалды болғандықтан да өнер арқылы объективті әлемді тану мүмкін емес екен екен. Дегенмен, ұлы ойшыл көркем туындының эмоционалдық-эсерлік сияқты қоғамдық қызметі мен оның маңызын: «...Я думаю, мало кто отдаст себе отчет в том, что чужие переживания неизбежно для нас заразительны: если к ним разовьется сильная жалость, нелегко удержаться от нее и при собственных страданиях» [1, 80] – деп дәл айтады.

Платон өзінің осы «Мемлекет» еңбегінде отан қорғаушыларды тәрбиелеу тетіктері, сөз өнерінің түрлері, мифтердің тәрбиелік рөлі, поэзияның тәрбиелік рөлі, поэтикалық өнердің стильдері, өнердің идеяға еліктеуге еліктеу екендігі, ақынның шынайы өмірді емес елесті тудырушы екендігі туралы мәселелер көтеріледі. Философ мемлекеттің көркейуі мен келешегі туралы ой толғай отырып сөз өнерінің адам тәрбиесіндегі рөліне аса мән береді. Жан тәрбиесі мен тән тәрбиесінің ерекшеліктерін айқындай отырып, сөз өнерінің шынайы және жалған түрлерін ажыратып алады да, бұл екеуінің жас адамды тәрбиелеудегі қызметтерін саралайды. «Миф» ұғымына тоқталады: «Ты не понимаешь, что малым детям мы сперва рассказываем мифы? Это, вообще говоря, ложь, но есть в них и истина. Имея дело с детьми, мы к мифам прибегаем раньше, чем к гимнастическим упражнениям» [1, 70].

Платон мифтердің тәрбиелік қызметін айқындай отырып, олардың көркем туынды ретіндегі

қасиетін, оны тудырушы авторлардың эстетикалық танымы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін де сынға алады. Өздерінің ақын емес, мемлекет құрушы екендігін, сондықтан оның міндеті миф ойлап табу емес, керісінше поэтикалық туындының негізгі белгілері қандай болуы керектігін біліп, оның бұзылуына жол бермеу деп санайды. Осылайша, мифтің әдеби туынды ретіндегі қызметі философ еңбегінде алғаш рет талданып, теориялық негізі айқындалады.

Платонның авторлық стиль, поэтикалық туындының стилі туралы пайымдаулары да осы мәселедегі алғашқы теориялық тұжырымдардың негізі болды. Қарапайым мысал келтіре отырып, терең теориялық ұғымның сырын ашатын ойшыл әдеби тәсілдер ұғымын да алғашқылардың бірі болып қолданды. Ол авторлық баяндау мен еліктеудің стильдік қызметін, олардың уақыты мен мекенін айта келіп: « – Ты очень верно схватил мою мысль, и я думаю, что теперь я уже разъяснил тебе то, что раньше не мог, а именно: один род поэзии и мифотворчества весь целиком складывается из подражания – это, как ты говоришь, трагедия и комедия; другой род состоит из высказываний самого поэта – это ты найдешь преимущественно в дифирамбах; а в эпической поэзии и во многих других видах – оба эти приема, если ты меня понял» [1, 76] – дейді. Әдеби тәсіл қызметіндегі баяндау мен еліктеудің трагедия мен комедиядағы (бүгінгі эпикалық туындылардағы) және дифирамбадағы (кейінгі лирикалық шығармалар) рөлін философ нақ көрсеткен. Алайда, авторлық еліктеудің, өзі еліктеу поэзиясы деп атаған туындылардың қоғамдық, әлеуметтік қызметі мен эстетикалық қуатын негіздеуде идеалистік бағыт ұстанған.

Өмірде Платонның досы, өнер мен ғылымда басты оппоненті болған Аристотель де поэзиядағы («әдебиет» деп ұғыну керек) еліктеуді басты тәсіл деп санаған. Жалпы, әлем әдебиеттануында алғашқы жүйелі теориялық зерттеу жүргізіп, ұғым-түсініктерді қалыптастырған да осы Аристотель болды. Ол үшін өнер идеяның бейнесі ғана емес, сонымен бірге ең бастысы материалдық әлемнің көрінісі болды. Сондықтан да оның эстетикасында аса маңызды материалистік негіз қалыптасты. Сол себепті де Аристотельдегі шығармашылық үрдіс платондық иррационализмнен алшақ әрі ерікті.

Аристотельдің көзқарасы бойынша көркем бейнелеу немесе сол кездегі «мимезис» деген терминмен аталған еліктеуөзінің негізін таным бастауларынан алады. Сондай-ақ бұл, жалаң суреттеу емес, керісінше шығармашыл, жинақтық бейнелеу. Ол өзінің әйгілі «Поэтика» еңбегінде поэзия өнері туралы сөзін: «Бұл жерде жалпы поэзия өнері туралы және оның жеке түрлері хақында әңгімелемекпіз, сондай-ақ, олардың әрқайсысы шамамен қандай маңызға ие екендігі, поэзиялық туынды тартымды болып шығу үшін фабула қалай құрастырылмақшы, бұған қоса ол қандай және қаншама бөліктерден тұруға тиісті, жалпы алғанда, әңгіме предметіне қатысты барлық жайларды баяндамақпыз...» [3, 52] – деп бастайды да көркем туынды табиғатындағы еліктеудің маңызына тоқталады: «Эпикалық және трагедиялық поэзия, сондай-ақ комедия мен дифирамбылық поэзия, авлетика мен кифаристиканың басым бөлігі – мұның бәрі де, жалпы айтқанда еліктеу өнеріне жатады, бұлар бір-бірімен мынадай үш жағдайда: еліктеу не арқылы (қай негізде) жасалады, болмаса, не нәрсеге еліктейді, әйтпесе қалай еліктейді, міне осы тұрғыда ғана ерекшеленеді. Бұлар, әрине, ылғи да бір мағына-мәндегі ұғымдар емес» [3, 52]. Бұл жерде Платон мен Аристотельдің өнер атаулының шығу негізі еліктеумен тікелей байланысты деген тұжырымы егіз болғанмен, Аристотель еліктеуден туған поэзия Платонша «елес» болып, мінез-құлықты құртатын құбылыс деп санамайды. Өйткені, оның ойынша өнер, яғни поэзия ең алдымен адамның танымына ықпал ететін эстетикалық күш.

Аристотельдің жалпы өнер атаулының табиғаты мен оны өнер деп тануға белгі болатын сапа, қасиеттеріне жасаған саралауының түп мақсаты – поэзияны, өлең өнерін өзге өнер түрлерінен ажыратып, оны тудырушы ақынның өзіндік балгілерін айқындау болған деп санаймыз. Ол: «Еліктеу жекелеген немесе тұтас күйінде ырғақтан, сөз бен гармониядан (әуеннен) танылмақшы» [3, 52] – деп, музыкалық өнер түрлеріндегі ырғақ пен үйлесімнің аспаптардың, бидің көмегімен үйлесім тауып, сол арқылы мінездер мен көңіл-күйлерді таныта алатынын айтады. Ал, ойшылдың: «...сөзді белгілі бір өлшеммен (метр) немесе өлшемсіз пайдаланатын, онда да бірнеше өлшемді аралас иә болмаса олардың біреуін жеке дара қолданатын өнер түрі ғана күні бүгінге дейін анықталмай келеді, біз Софрон мен Ксенархтың мимдері мен сократтық әңгімелерге де, триметрлік, элегиялық немесе қандай бір болмасын өлеңдік өлшеммен бейнелеушілерге де жалпы ат-атау бере алмаған болар едік» [3, 53] деген сөзінен әдебиет теориясындағы көркем шығарманың жанрын жазылу тіліне қарап бөлу мен олардың авторын кім деп атау мәселесі көрініп тұр. Сондықтан да, оның: «...«жазу» деген ұғымды белгілі бір өлшеммен (метр) байланысты түсінетін адамдар ғана кейбіреулерді элегик, енді бірін эпик деп оларды еліктеу ерекшелігіне қарай емес, жалпы өлеңдік өлшеміне қарап ақын деп ардақтайды» [3, 53], деп көтерген проблемасы жаңа заман өнертануында да күрделі мәселе болып тұрған шындық.

Сөз құрап, ұйқас тапқанның бәрі ақын емес екені белгілі. Ал Аристотель заманында көркем шығарма тілі бүгінгі біздің өлшеммен алғандағы «поэзия тілі», «өлең тілі» болды. Сол себепті де Гомер де ақын, Софокл де ақын. Өйткені, бүгінгі әдеби теориялық өлшем, терминмен олардың бірін эпик, екіншісін драматург деп атау ол дәуірде көркем ойлау дәстүрінде де, ғылыми пайымдау үрдісінде де қалыптаспаған еді. Аристотельдің ақынға, ақындық қасиеттерге берген бағасы да қарапайым әрі шыншылдығымен құнды. Оның пайымдауынша физика немесе медицина саласында өлең өлшемімен трактат жазған адамды да, Гомер сияқты ұлы эпикалық шығарма жазған адамды да ақын деп атауға болмайды. Гомер мен Эмподоклдың шығармаларын жақындатып тұрған тек қана өлшем болғандықтан, оның бірін ақын, ал екіншісін физиолог деп атаған әділетті болады дейді.

Аристотель ырғақ, мелодия мен метрдің өнер түрлерінде пайдаланылу ерекшеліктеріне арнайы мән беріп, мұндай өнер түрлеріне дифирамбылық поэзияны, номаларды (салтанатты мерекелік жиындарда орындалатын гимн түрі), трагедия мен комедияны жатқызады. Бұлардың бір-бірінен айырмашылығы осы өлшемдерді қайсысының қандай мөлшерде қолданатындығында екендігін айтқан Аристотель өнер түрлерінің сын-сипаты туралы пайымдарын: «Мен өнер түрлерінің өзара айырмашылық-ерекшеліктерін олардың еліктеу құралдары тұрғысынан алғанда осылай түсінемін» [3, 54] – деп тұжырымдайды.

Аристотель поэзияның (бұл жерде поэзия тек өлең өнері ғана емес) алғашқы теориясын жасай отырып, оның мазмұны мен пішінінің негізгі элементтерін де айқындады. Әдебиеттанушы ғалым Р.Нұрғали грек ойшылының еңбегі туралы: «Аристотель «Поэтикасында» зерттелген негізгі проблема – көркем шығарма формасы, оның мазмұнға әсері, сюжет түзілісі, оқиға шырғалаңдары» [4, 160] – деп, шығарманы нағыз көркем туынды ететін негізгі теориялық компоненттерді бөлшектеп береді. Бұл туралы Л.Әділбекова, Г.Тұңғышбаевалар өз зерттеулерінде былай дейді: «Жанр туралы айтылған түрлі кездердегі пікірлер әлем әдебиеттану ғылымының тарихында Аристотельден басталады. Аристотельдің комедия, трагедия және эпопеялық ерекшеліктер туралы айтқан бұл пікірлердің мәні зор. Оның бұл еңбегі – өз дәуірінде әдебиетке теориялық негіз болатын, әрі әдебиеті зерттеу үшін болашаққа жол салған еңбек болып саналады» [5, 108]. Ғалымдардың осы пікірін дамыта қарастыратын болсақ, Аристотельдің Гомер шығармаларын «жанрлық» түрлерге бөлу теориясы да ерекше көңіл аударарлық. Ол көркем туындының қай түрге жататындығын автордың мінез ерекшелігіне телу арқылы айқындау керек деп санайды. Оның пікірінше көне дәуір ақындарының бірі батырлық өлеңдер, екіншісі ямб өлшемді өлеңдер жазуының сыры осында екен. Яғни, автордың мінез ерекшеліктеріне қарай (байыпты мінезден – эпикалық жыр, ұшқалақтан – әжуа, келеке, сайқымазақ өлеңдер) поэзия да түрлі сипаттарға ие болады.

Бұл орайда Аристотельдің поэзиядағы формалық түрленудің мазмұнға ықпалын айқындауда бүгінгі әдебиеттанудағы шиыры көп кең арна, мол өріске түсушіліктен ада, нақтылығына көңіл бөлу орынды болмақ. Ол Гомердің өлеңді сұлу жазумен бірге драмалық суреттеулер жасаудың да шебері екендігін, оның байыпты мінезді ақын бола тұра драмалық суреттеулерінде күлкіге де мән беріп, комедияның негізгі формасын көрсеткендігін айтады. Аристотель: «Трагедия мен комедия пайда бола бастаған кезде поэзияның белгілі бір түріне табиғи құштарлығы барлар енді ямбыны қойып, комик қаламгерлерге, эпиктерге, трагиктерге айналды, мұның себебі поэзиялық шығармалардың соңғы аталған формаларының маңыздырақ әрі алғашқыларына қарағанда үлкен ілтипатқа ие екендігінде жатыр» [3, 56-57] – деп, шығарманың сыртқы пішінінің ішкі мазмұнмен астасуы көркем туындының оқырман алдындағы құны мен маңызын көрсететін фактор екенін айтады. Көне грек ойшылы өз еңбегінде негізінен поэзия өнерінің формалық ерекшеліктерін, оның теориялық негіздерін жасаған. Драманың, трагедия мен комедияның басты ерекшеліктерін екшей отырып, ол комедияның жанрлық ерекшеліктерін, өлең өлшемдерінің өзіндік сипаттарын айқындайды. Оның өлең өлшемдері туралы берген теориялық тұжырымдары мен әдебиеттануда қалыптастырған терминдерінің өзі әралуан. Мысалы, ол қолданған «метр», «триметр», «тетраметр», «гексаметр», «ямб», «фабула», «характер» т.б. сияқты әдеби теориялық ұғым, терминдер бүгінгі әдебиеттанудың да қолданатын өлшем бірліктері. Олардың генезисі туралы: «Поэзияда орныққан өлең өлшемдері ауызекі тілге, күнделікті айтылатын сөзге тән ырғақтың ең жеңіл, ықшамды түрлерін саралап, соларды бір жүйеге, қалыпқа түсіру негізінде жасалған. О баста өлеңде қолданылатын өлшем-өрнектер, әрине, мейлінше қарапайым болып келген. Бара-бара олардың күрделі, әбден дамытылған түрлері туған» [6, 255] – деген пікір тарихи шындық.

Қорыта келгенде, Аристотель өзінің «Поэтика» еңбегінде Софоклдың драмалары мен Гомердің поэмаларын әр қырынан талдай отырып, көркем шығарманы жазудың нақты бір эстетикалық жүйеге бағынған теориясын жасайды. Оның жасаған әдеби теориялық тұжырымдары ХХІ ғасырда да күшін

жоймаған ғылыми маңызға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Осьмакова Л.Н. Хрестоматия по теории литературы: Учеб.пособие для студентов пед. ин-тов по спец. №2101 «Рус.яз. и лит.» / Сост. Л.Н. Осьмакова; Вступ. статья П.А. Николаева. – М.: Просвещение, 1982. – 448 с.

2 Тұрғынбаев Ә.Х., Кенжебаев С.Ж., Есімханов Т. Ғылым тарихы мен философиясы. – Алматы: Білім, 2006. – 288 б.

3 Мақпыров С. Әдебиеттануға кіріспе. Хрестоматия. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 184 б.

4 Рымғали Н. Сөз өнерінің эстетикасы. – Астана: Елорда, 2003. – 424 б.

5 Әділбекова Л.М., Тұңғышбаева Г.Ж. Әдебиет жанрлар теориясының зерттелуі // Абай ат. ҚазҰПУ. «Филология ғылымдары» сериясы. – №2(52), 2015. – Б.108-111.

6 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.

С.Б. Ержанова¹, А.Е. Абуова²

^{1,2}Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ЛИТЕРАТУРНО-ЭСТЕТИЧЕСКИХ ПОНЯТИЙ В АНТИЧНОЙ ЭПОХЕ

Резюме

В статье рассматривается ранняя культура Древневосточной цивилизации и научные труды античных греческих мыслителей Платона и Аристотеля, посвященные литературно-эстетическим вопросам того времени. Эти труды научно важны тем, что они считаются первоисточниками по вопросам анализа и исследования литературных произведений в теоретических и эстетических аспектах. Им ссылались и будут ссылаются вся научная знать, как основная опора в развитии и становлении человеческой цивилизации.

Философские и литературно-эстетические мысли, научно-теоретические концепции великих мыслителей античности Платона и Аристотеля дали великий толчок развитию современной науки. Поэтому научно систематизированные литературно-теоретические понятия и художественно-эстетические мысли в научных трудах древнегреческих мыслителей не теряют актуальность до нынешних дней. Если Платон рассматривает роль подражания в появлении художественного произведения в направлении идеализма, Аристотель исследует эту проблему в связи с художественным познанием. Аристотель впервые устанавливает литературные понятия как термины и раскрывает их сущность, характеризующую природу произведения. Этими терминами пользуются и современные литературоведы. Поэтому литературно-теоретические термины мыслителей античной эпохи всегда имеют историческую важность и научную ценность.

Ключевые слова: античная эпоха, эстетика, теоретические понятия, драма, трагедия, комедия, дифирамб, ямб, эпос, фабула

S.Erzhanova¹, A.Abuova²

^{1,2}Kazakh State Women Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

THE FORMATION OF A LITERARY-AESTHETIC CONCEPT

Summary

The article discusses the early culture of ancient Oriental civilization and scientific works of ancient Greek thinkers Plato and Aristotle devoted to literary and aesthetic issues of that time. These writings are scientifically important because they are considered primary sources for analysis and research of a literary work in theoretical and aesthetic aspects. They have referred and will refer to all scientific knowing as a pillar in the development and establishment of human civilizations.

Philosophical and literary-aesthetic thought, the scientific concept of the great thinkers of antiquity, Plato and Aristotle gave great impetus to the development of modern science. Therefore, scientifically systematic literary and theoretical concepts, artistic and aesthetic thought in the scientific works of ancient Greek thinkers not losing relevance to the present day. If Plato considers the role of imitation in the appearances of the artwork in the direction of idealism, Aristotle explores this issue in relation with the artistic knowledge. Aristotle first establishes literary concepts as terms and reveals their essence characterizing the nature of the work. Therefore, literary-theoretical terms thinkers the ancient era is always of historical importance and scientific value.

Keywords: ancient period, the aesthetics, theoretical concepts, drama, tragedy, Comedy, dithyramb, Iamb, epic, plot

МРНТИ 17.07.41

Е.А. Ломова¹, Н.М. Сапаргали²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

РОЛЬ ПОВЕСТВОВАТЕЛЯ-РАССКАЗЧИКА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ М.ПОГОДИНА И Н.ПАВЛОВА

Аннотация

В данной статье рассматривается роль повествователя-рассказчика в прозах М.Погодина и Н.Павлова, в силу того, их творчество имеет важное значение для исследования перспектив и тенденций литературного процесса в романтической прозе I половины XIX века.

В своих романтических повестях М.Погодин и Н.Павлов выбирают повествовательную форму от лица исповедующегося героя, и пытаются придать его облику стилистическую определенность. Писатели анализируют психологическую природу своих персонажей, определяя их происхождение, социальную среду, а также особенности воспитания и личностного развития.

М.Погодин и Н.Павлов плодотворно обращаются к эпистолярной и устной форме, и таким образом запечатленный в письменной форме процесс самосознания и самооценки персонажа приводит к тому, что в процессе автокоммуникации вновь пережитые впечатления становятся фактом их дальнейшего осмысления.

В процессе переписки или устного рассказа «вспоминающего» прошлые события героя не только совершается фабульное действие, но и рассказывается внутренний мир персонажей.

Культурный быт занимает у М.Погодина особое место в иерархии ценностей человеческой жизни, но все же остается именно бытом, и культурная сфера слагается для его героев из его составляющих.

В прозе Н.Павлова биографическое время складывается в повестях писателя из сюжетного времени, основанного на последовательности прошлого рассказчика, и биографического времени других героев. При этом постоянно подчеркивается субъективное восприятие времени повествователем и его отношение к воссоздаваемым фактам.

Ключевые слова: процесс коммуникации, романтический герой, психологическая мотивация, структура повествования, литературная традиция, художественное действие, художественное пространство, культурный быт, художественное время, позиция автора, карамзинская традиция, социальная среда, индивидуальное языковое сознание, демократический герой, эпистолярная форма описания, дневниковая исповедь, интроспективный план, психологическая мотивация, фабульное действие, внутренний мир, нраво-описательный роман, духовно-бытовая сфера

Исследуя повести М.Погодина, необходимо обратить внимание на то, что форма повествования от рассказчика обладает у писателя определенной смысловой «наполненностью», встречаясь как в сказовой, так и в эпистолярной разновидностях.

В этом смысле интересно проанализировать повесть М.Погодина «Нищий» со следующих позиций: как связана повествовательная манера писателя с карамзинской традицией в русской литературе? Каково содержание исповеди главного героя Егора и как она «выстроена» в стилистическом плане? Дело в том, что Погодин придает «голосу» героя из демократической среды, его исповедальному повествованию стилистическую определенность, что дает ему возможность выпукло обрисовать психологический облик своего персонажа, определить социальную среду его воспитания и говорить о наличии в нем «индивидуального языкового сознания» [1, 7].

Для М.Погодина очень важна была эпистолярная форма описания. Так, основное содержание

повести «Адели» (1830) составляет дневник молодого человека Дмитрия, «друга» автора-повествователя, с которым он вырос, воспитывался и «рука об руку вышел на поприще жизни». В своем дневнике Дмитрий описывает возвышенную любовь к прекрасной Адели, развитие их отношений, взаимное чувство, болезнь и смерть любимой.

Анализируя текст повести, важно выяснить следующие особенности ее повествовательного рисунка:

1. Каким образом запечатленный в письменной форме процесс самосознания и самооценки персонажа приводит к тому, что в процессе автокоммуникации вновь пережитые впечатления становятся фактом их дальнейшего осмысления?

2. Как интроспективный план дневниковой исповеди Дмитрия дополняется в повести «внешним» ракурсом видения автора-повествователя?

3. Какова трактовка романтического героя в повести М.Погодина?

В «Адели» есть возвышенный романтический герой, есть противопоставление личности и толпы, есть две родственные души, которые не могут соединиться, но нет мира предметно-вещественного. Повесть начисто лишена бытовых оснований, и обыденное, будничное в человеческой жизни противопоставлено в ней миру «высших» духовных ценностей личности.

Однако исключительно интроспективная, психологическая мотивация автором чувств и переживаний главных действующих лиц, остающихся по ту сторону реалий мира, действительно, – черта, не свойственная в целом М.Погодину-повествователю. И это наиболее очевидно при сопоставлении «Адели» с более ранней повестью писателя – «Сокольницким садом» (1828).

Как и в пушкинском «Романе в письмах» [2, 8], основу «Сокольницкого сада» составляет переписка четырех персонажей, в ходе которой не только совершается фабульное действие, но и раскрываются точки зрения главных участников интриги, их внутренний мир, позволяя автору в форме эпистолярного рассказа свободно переходить от внешних условий существования «к жизни сердца, а от нее – к умственной жизни своих героев» [3, 10].

В этом плане плодотворно сопоставить «Роман в письмах» А.С. Пушкина с «Сокольницким садом» и ответить на следующие вопросы:

- в чем эпистолярный стиль М.Погодина уступает по силе выразительности эпистолярию А.С. Пушкина ?

- как различается между собой художественное пространство повестей указанных авторов?

У А.С. Пушкина художественное пространство открыто, полно света и воздуха, границы его разомкнуты и включают в себя картины высшего «света» и уездной дворянской жизни.

Пространственное «поле» погодинской повести, напротив, замкнуто, ограничено узкими рамками («немецкий» домик на окраине Москвы) уютного, обжитого героями «мирка», в котором они чувствуют себя покойно и защищены от противоречий и проблем мира «большого», остающегося за его порогом.

В «Сокольницком саде» автор предельно внимателен к предметно-бытовому миру своих героев.

В предшествующей М.Погодину литературной традиции проблема воссоздания бытового фона художественного действия, реалий окружающей героев жизни имела достаточно устоявшиеся «нормативные» решения. Так, в сентиментальных повестях Н.Карамзина мир вещественно-предметный лишь символизировал и «оттенял» сферу интимно-душевных переживаний персонажей, а в нраво-описательных романах В.Нарежного трактовался как комичный и низкий по своей природе [4, 45].

В романтической литературе 1810-1830 годов (В.Жуковский, Н.Полевой и В.Одоевский) бытовая и духовная сферы оказывались разделенными и даже враждебными одна другой. Культура в их художественном творчестве «отмежевывалась от быта, порождая антитезу идеального и реального» [5, 12].

Анализируя повесть М.Погодина, важно определить, почему для писателя проблема взаимодействия культурного «слоя» и бытового в личности человека представляет собой интерес и решается принципиально иначе.

Дело в том, что в «письмах» героев «Сокольницкого сада» явственно ощущимо любовное отношение ко всему надежному и устойчивому, свойственное самому писателю. В повести М.Погодина не быт включен в культурную сферу, а культура рассматривается «как одно из слагаемых быта» [6, 27]. Культурный быт для писателя имеет особое место в иерархии ценностей человеческой жизни, но все же он остается именно бытом, и культурная сфера слагается для его героев из тех же прочных будничных и житейских оснований, как и всякая другая.

Далее погодинскую повествовательную манеру следует сравнить со стилем другого романтика 1 трети XIX века – Н.Павлова. Так, форма художественного описания в его повести «Именины»

строится на множественности образов-рассказчиков, находящихся в различном соотношении с образом самого автора. Интересно при этом выяснить различие фигур-повествователей в этой повести, рассмотрев их со следующих позиций:

- каким образом первый повествователь обосновывает перед читателем смысл и идейное содержание предлагаемой истории?

- с помощью каких приемов вызывается в читателе заинтересованное отношение к тексту, побуждая его к узнаванию в смысловом контексте преднамеренных сравнений, уподоблений и ассоциаций.

- как происходит смена психологических, душевных состояний главного героя в различные моменты его жизни?

- каков стиль повести и ее композиция?

- каково соотношение ее временных планов?

- как лирическая экспрессия в голосе повествователя, внимание к «мигу», мгновение бытия сочетаются в «Именинах» с постоянной типизацией, с социально-аналитическим подходом к изображаемому?

В литературно-речевом акте повествователь-романтик стремился не просто «навязать читателю свой тезаурус» [7, 12], т.е. дать определенное число сведений о мире, но и внушать ему те ценностные ориентиры, которые он как художник, творец, личность и член общества, считает важным для других людей и тем самым и для самого себя.

Внимание повествователя сосредоточено на смене душевных состояний своего героя в различные моменты его жизни, на контрастном характере их изображения, что составляет композиционную завязку повести.

Стиль рукописи соответствует всем правилам устного, спонтанного рассказа, рассчитанного на участие сочувственно настроенного слушателя. В повествовательный контекст включаются личные имена и географические названия, значение которых, якобы, заранее должен знать заинтересованный незримый собеседник.

Эти «индивидуально-предметные знаки» [8, 92] делают повествование обращенным к восприятию «своего человека», способствуя сокращению расстояния между повествователем и читателем и уничтожая «барьеры» на пути их сближения.

Динамика внутреннего состояния героя-рассказчика крайне важна и эстетически значима для писателя. Рассказ о прошлом ведется с позиции настоящего. Читатель смотрит на происходящее глазами рассказчика, находясь в настоящем времени, которое имеет открытый, разомкнутый характер.

Прошлое же время воспринимается как относительное и замкнутое в себе. Реконструкция картин прошлого грамматически оформляется в повести с помощью вариаций форм совершенного и несовершенного вида прошедшего времени. Если формы совершенного вида служат усилению динамики описываемых событий, как определенных этапов в автобиографии героя, то формы несовершенного вида останавливают время, выделяют события и ситуации, особенно значимые для рассказчика, выполняя «не только воспроизводящую, но и изобразительно-живописную, опиисательную функцию» [9, 103].

Лирическая экспрессия в голосе повествователя сочетается в «Именинах» Н.Павлова с постоянной типизацией, с социально-аналитическим подходом к изображаемому. Биографическое время складывается в его повестях из сюжетного времени, основанного на последовательности событий прошлого рассказчика и элементов биографического времени других героев. При этом постоянно подчеркивается субъективное восприятие времени повествователем, его отношение к воссоздаваемым фактам.

Завершая разговор об особенностях описания в прозах Н.Павлова и М.Погодина, следует подчеркнуть, что в повестях М.Погодина субъектный способ описания встречается как в сказовой, так и в эпистолярной разновидностях, отвечая каждый раз определенной авторской задаче.

В сказовой форме повествования писатель обращается к рассказчику из демократической среды, и в нем очевидно внимание писателя к стилистической выразительности речи персонажа, его речевому портрету, что свидетельствует о бережном отношении М.Погодина-стилиста к языку народной речи и знаменует определённый этап в становлении его художественной манеры.

В функции эпистолярной формы описания в прозе М.Погодина, с одной стороны, входит углубленный самоанализ «вспоминающего» рассказчика, мемуарный характер дневниковых «записей» героя, а с другой стороны – открытость, коммуникативность героинного рассказа, обращенность его «писем» к предполагаемому адресату.

В этих письмах психологическая глубина и достоверность «геройных» переживаний сочетается с

обостренным вниманием рассказчика к окружающему миру, благодаря чему духовная и бытовая, культурная и интеллектуальная сферы человеческой жизни оказываются соединенными, утверждая право отдельной личности на стремление к гармонии, к раскрепощенности и широте ее бытия.

У Павлова же образ исповедующегося рассказчика предполагает, прежде всего, его социальную мотивацию в художественном повествовании, когда развитие геройного характера, своеобразие душевных состояний персонажа мыслится через все многообразие его общественных связей с миром.

Список использованной литературы:

- 1 Лебедев Ю.В. Становление эпоса в русской литературе 1840-1860 годов (проблемы циклизации): Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – Л., 1979. – 17 с.
- 2 Слюсарь А.А. «Эпическая проза А.С. Пушкина и Н.В. Гоголя в типологическом сопоставлении: Автореф. дисс. ... доктора филол. наук. – Киев, 1992. – 18 с.
- 3 Сурков Е.А. Русская сентиментальная, романтическая и реалистическая повесть: автореф. дисс. ...канд. филол. наук. – М., 1989. – 18 с.
- 4 Лотман Ю.М. Пути развития русской прозы 1800-1810 годов // Учен. зап. ТГУ/ Труды русской и славянской филологии. – 1961. – Вып. 104. – С.3-58.
- 5 Вольперт Л.И. Пушкин и психологическая традиция во французской литературе конца XVIII – начала I трети XIX века. Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. – М., 1989. – 17 с.
- 6 Погодин М.П. Повести / Вступ. ст. М.Н. Виролайнен. – С.3-18. – М., 1984. – 430 с.
- 7 Панич А.О. Рецептивная установка литературного произведения в русской прозе XIX века: Автореф. дисс. ...канд. филол. наук. – Киев, 1980. – 18 с.
- 8 Ружицкий И.В. О некоторых проблемах комментария художественного текста // Понимание и интерпретация текста. – Тверь, 1994. – С.88-95.
- 9 Самвелян Г. Лингвистический анализ художественного текста. – М., 1991. – 190 с.

Е.А. Ломова¹, Н.М. Сапарғали²

*^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

М.ПОГОДИН ЖӘНЕ Н.ПАВЛОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӘНГІМЕЛЕУШІ-БАЯНДАУШЫНЫҢ РӨЛІ

Түйіндеме

Берілген мақалада М.Погодин мен Н.Павлов прозаларындағы баяндаушының маңызы қарастырылады, өйткені, олардың шығармашылығы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы романтикалық прозаның жетістіктері мен әдеби даму барысының тенденцияларын зерттеуде өте маңызды рөл атқарады. М.Погодин кейіпкердің ақтарылуы арқылы баяндалатын таңдап, оның бейнесіне стилистикалық ерекшелік беруге тырысады.

Жазушы өз кейіпкерінің шыққан тегін, оның тәрбилену және даумының әлеуметтік ортасын анықтай отырып психологиялық табиғатын сараптайды. Осылай М.Погодин мен Н.Павловтың прозаларында жазбаша түрде кейіпкердің өзін-өзі тану және бағалау үрдісі көрінеді. Алған әсерлері олардың одан әрі ойлауының негізіне айналады. Ауызша әңгімелеу барысында кейіпкердің басынан өткен оқиғалары еске алынады, олар кейіпкердің ішкі әлемін толық ашып сюжетті құрайды.

Жазушы үшін мәдени тұрмыс адамның сол өміріндегі бағалы тұсы ерекше орын алады, бірақ оның барлығы тұрмыс болып қалады да, оның кейіпкерлері үшін мәдени орта соны құрайтындардан тұрады.

Н.Павловтың повестінде биографиялық уақыт сюжеттік уақыт арқылы қалыптасады. Ал сюжеттік уақыт болса басқа кейіпкерлердің биографиялық уақыттарының жалғасуына негізделген.

Түйін сөздер: коммуникация барысы, романтикалық кейіпкер, психологиялық ынталандыру, баяндау құрылымы, әдеби дәстүр, шығармашылық әрекет, шығармашылық кеңістік, мәдени тұрмыс, шығармашылық уақыт, автордың ұстанымы, «карамзин» дәстүрі, әлеуметтік орта, индивидуалды тілдік сана, демократиялық кейіпкер, интроспективті жоспар, психологиялық мотивация, ішкі жан дүние

Е.Ломова¹, Н.Сапарғали²

*^{1,2}Kazakh national pedagogical university named Abay,
Almaty, Kazakhstan*

THE PART OF THE NARRATOR OF M.POGODIN AND N.PAVLOV

Summary

This article observes the part of the narrator in the novels by M.Pogodin and N.Pavlov, because their literature heritage is very importance for investigation of the trends and branches of literary process in the genre of romantic novel in the historic period of the first half of XIXth century.

M.Pogodin used the confession as narrative way for his fancied conversationalist and tried to describe his image by stylistic features and shades.

The writer investigated the psychiatric nature of his hero and defined his background, social level of live, upbringing, and growing up.

M.Pogodin solid and successfully represented epistolary and colloquial ways of fiction narrative. Thus, the process of self-consciousness and of the character self-actualization were recorded in written form, in consequence of which collecting the experience of the hero became as subject for his further identify and self-certification.

The structure the plot of novel proceeded during the private correspondence between the characters lighting up their inner life.

The culture and domestic human being way of life took the considerable value in the literary heritage of M.Pogodin, therefore intellectual and spiritual fields of fiction hero existence hero got together of their inner parts.

Biography time in the novels by M.Pogodin drew on the plot time, based on the experience of hero and others fiction characters, and contributed to deep, all round analysis of human being nature.

Keywords: communicative process, romantic hero, psychological motivation, narrative structure, literary tradition, fiction action, fiction space culture domestic reality, fiction time, view of author, Karamzin's tradition, social level, domestic live, fiction time, self-consciousness, democratic hero, epistolary way, written confession, introspective background, psychological motivation, structure of plot, inner life, moral novel, spiritual and domestic basic of fiction

FTAXP 17.01.09

Б.Матай¹

*¹Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

АЙ ЧИННІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Аңдатпа

Бұл мақалада әдебиеттен аластатылған айтулы қытай поэзиясының өкілі, ақын Ай Чиннің жаңа дәуірде қаламын қайта бастап, жаңа бір тебінмен, үлкен шабытпен жазған өлеңдері қарастырылған. Сондай-ақ ақын өлеңдері арқылы анасына деген сағынышы, екінші жағынан, қара түнек қоғамға болған өкпе-назы, кертартпа ескі қоғамда қытай халқының қараңғы дүниеде өмір сүргені бейнеленеді. Мақалада қытай поэзиясының өкілі, ақын Ай Чиннің өмірі мен шығармашылық жолы сөз болады. Сондай-ақ кек пен жалынға, арман мен үмітке, өр рухқа толы болуымен қатар оқырманын бостандыққа, батылдыққа жетелейтін, шақыратын ақынның өлең-жырларының ерекшелігі қарастырылған. Өз заманның шындығын бейнелеген қаламгер ұлттың рухани болмысын, мәдени өмірін, тұмыс-тіршілігін өлең арқылы жеткізген. Қытайдың біртуар ұлы, қоғам қайреткері, ақын Ай Чиннің өмірі мен шығармашылығы және оның арман мен үмітке, рухқа толы оқырманын бостандыққа, батылдыққа жетелейтін, ақынның өлең-жырларының ерекшелігі қарастырылған.

Түйін сөздер: поэзия, шығармашылық, лирикалық өлең, эпикалық өлең, халықтық жырлар, балалар жыры

Тарихтан белгілі болғанындай, ерте дәуірлердегі қытай қоғамында да поэзияның орны ерекше болғаны жасырын емес. Мәселен, шығыстың ұлы ойшылы, қытайдың әйгілі философы Конфуций «Жыр кітабы» антологиясында «Жырдан шабыттанам» дей отырып, поэзия жанрына «Поэзия жанры өзге жанрларға қарағанда жұрттың сана-сезіміне тезірек әсер етіп, тереңірек ұялайды», – деген.

Поэзия – қай халықта болмасын, әдебиеттің түп-тамыры, алтын қазығы болып есептеледі. Әр халық өзінің ұлттық салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, мәдениетімен асқақ. Бұл рухани құндылықтар ұрпақтан ұрпаққа ғасырлар бойы жалғасып келеді. Қытай әдебиетінде қытай поэзиясы да әлемдегі өзге де халықтардың поэзиясы секілді сонау ерте дәуірлерде туып қалыптасқан, ұлы тарих көші барысында толысып, пісіп-жетілген кемелді жанр. Жалпы қытай елін поэзия елі деп атауға да болады.

Қытай поэзиясының басты ерекшелігі – кез келген қытай ақындарының өлеңдерінде айтар ойы бөгетсіз, шырмаусыз айтылып, еркін бейнеленеді.

Бүгінгі қытай поэзиясының түрлеріне тоқталсақ, қытай поэзиясы да өз ішінен: лирикалық өлең, эпикалық өлең, сықақ өлең, халықтық жырлар, балалар жыры деген бес түрге жіктеліп жүр.

Қытай поэзиясының құрылымы мәселесіне келетін болсақ, ол қытай тілінің ерекшелігімен тікелей қатысты. Атап айтқанда, поэзиялық шығармаға көбірек астарлы, сырлы сөздер қызмет ете алады десек, бұндай сырлы да сырбаз, астарлы сөздерге қытай тілі өте бай. Ал енді поэзиялық шығарма өз

ойын көбінде образды да бейнелі сөздер арқылы жүзеге асырады дейтін болсақ, қытай тілін образды да бейнелі сөздердің кенішідесек артық айтқандық емес.

ҚХР құрылғаннан кейін, әсіресе 50-ші жылдардың орта тұсынан бастап «Партиялық бағыт ұстанбаған», «Пролетариат табын жырламаған» шығармалар мен олардың авторлары жаппай қудалана бастады. Себебі ол кезде қытай қоғамы демократиялық-феодалдық қоғамнан, компартия басшылығындағы социалистік қоғамға енді ғана аяқ басқандықтан, компартияның алғашқы тәтті уағыздарына сеніп, нағыз демократиялы қоғам орнайды дегенге бар ділдерімен иланды. Алайда 1955 жылдан басталған «Кері төңкерісшілерді аластау қозғалысы» ең алдымен қолына қалам ұстаған жұртқа бағытталды. Тура сол кезден бастап әдебиет пен өнерге кәріні төгіп, қаһарына мінген компартия өзінің «Пролетариат диктатурасы» дейтін өткір қаруын оңды-солды сілтеп, «Кері төңкерісшілерді» қырып-жоя бастады.

Қытай әдебиеті қазіргі кезеңінің даму барысын үлкен екі кезеңге бөлуге болады: Бірінші кезеңі – 1949-1979 жылдар аралығы. Екінші кезеңі – 1980 жылдан жаңа ХХІ ғасырдың басына дейін.

1949-1957 жылдар аралығында, қытай поэзиясында біраз жандану байқалды. ХХ ғасырдың 20-40 жылдары аралығында әдебиетке келіп поэзияның тұғырын биіктеткен, өзіндік тың тебінмен, жаңа ізденіспен келген бір топ ақындардың ішінен Ай Чиннің ізденісін ерекше атап өтуге болады.

Әдебиеттен аластатылған айтулы ақындар жаңа дәуірде қаламдарын қайта бастан қолға алып, жаңа бір тебінмен, үлкен шабытпен, жапалы ізденіспен өрелі өлеңдер жазуға кірісті. Олардың арасында түрмеден босап келгендер де, еңбекпен өзгерту лагерлерінен оралғандардың бірі – Ай Чин.

Ай Чин Қытай Халық Республикасының әйгілі ақын оның шын аты Жаңнайдың, бүркеме аты Е.Жйа, Қы А, т.б. Ай Чин 1910 жылы 27 наурызда (қытай күні есебімен 17 ақпан) Қытай Халық Республикасының Джи Жан өлкесі, Джин Хуа ауданы Фан Тянь Жень қыстағындағы бай-қуатты отбасыда дүниеге келді. Ай Чин дүниеге келер кезде анасы бірнеше күн қатты қиналып, Ай Чинді дүниеге алып келіп, өлім аузынан қалған. Олар туылған сәбиді дүниеге келмей жатып, отбасына алып келген қайғы-қасірет ретінде қабылдады. Ай Чиннің әкесі дінге деген наным-сенімі мықты отағасы болғандықтан, Ай Чинді сәби кезінде қарапайым, кедей отбасыға асыранды бала етіп береді. Осы тұрмыстың тауқыметі оның жазушылық жолына үлкен әсер етті. Бала кезінен бастап, осы тұрмыстың салдарынан ата-анасына қарсы көзқарас пайда болды. Өмірге тік көзбен қарау ұғымы ақырындап күшейе бастады.

Ай Чин 5 жасында ауылдық жеке оқу орнында оқып, 15 жасында Джин Хуа өлкесінде 7 орта мектепте оқыды. Ол сурет салуды қатты ұнататын еді. 1928 жылы Хан Джоу мемлекетінің Ши Ху өнер академиясында сурет салу факультетінде оқуын жалғастырды. Сол кездері сол академияның ректоры Лен Фын Миен еді. 1929 жылдың көктемінде Францияда оқу мен жұмысты бірге алып жүрді. Сурет салудың қыр-сырын білу барысында, көптеген Еуропалық классикалық және қазіргі заманғы әңгіме, өлеңдермен тереңірек танысты. Соның ішінде Бельгия мемлекетінің ақыны Фар Ха Лын өлеңдері оған үлкен әсер етті. Францияда оқып жүрген кезде ол «Дүниежүзілік императорға қарсы тұру» одағына қатысты. 1932 жылы шілде айында «莪伽» атпен «北斗» атты журналына алғаш рет «会合» – «Кездесу» атты өлеңі жарық көрді.

Ақын 1930 жылдан бастап өлең жаза бастады. 10 жыл бойы өзімен халықтың тағдырын, заман тағдырын бір түйінде тоғыстырды. Өлең кеңістігінде, оның шығармашылығы қанатын жайған қыран құстай самғады. Өзінің өлеңімен өнерді, тарихты, патриоттық сезімді айқара ашты. Оның өлеңдегі жарқылдаған найзағайдай, сұңқылдаған құстай, бірде жылап, бірде күліп мемлекетіне, еліне, отанына деген махаббатын өз шығармашылығымен жеткізе білді.

1932 жылдың 4-ші айында Шанхайға қайтып келіп, Қытайдың сол қанатты көркем өнер ұжымына мүше болып қабылданды. Әрі өзінің сурет үйірмесін ашып, патриотизмге балаларды оқыта бастады. Шілде айында осы себеппен оны тұтқынға алды. Бельгия ақыны Версайлестің 25 өлеңін түрмеде отырып аударды. Сол уақытта 大堰河-我的保姆 – «Да Ян өзені – менің күтушім» өлеңі «春光 – «Көктем шырағы» атты журналда алғаш рет Ай Чин деген атпен жарық көреді. Оның бұл өлеңдері «поэзия әлемін» дүр сілкіндірді. Бұл өлеңде автор өзінің күтушісінің күтуші ретінде емес, ана ретінде қабылдаған. Оған деген сағынышын, махаббатын, әйел қауымының орнының биіктігін жырлаған. Сондай-ақ ақын осы өлең арқылы бір жағынан анасына деген сағынышын, екінші жағынан, қара түнек қоғамға болған өкпе-назын, кертартпа ескі қоғамда қытай халқының қараңғы дүниеде өмір сүргенін бейнелейді. Осы өлең алғашқы өлеңдерінің бірі болып саналады.

«Поэзия әлемін» дүр сілкінткен бұл өлеңдері ақындық кезеңі ретінде өмірбаянынан ерекше орын

алады. 1935 жылы қазан айында ақын кепілдікпен босатылады. 1936 жылы 大堰河-我的保姆 – «Да Ян өзені – менің күтушім» атты алғашқы жыр жинағы жарық көреді.

Қытай тарихында Жапонияға қарсы тұру соғысы басталғаннан кейін ақын Ай Чиң «复活的土地» «Қайта жаңғырған жер», «雪落在中国土地上» «Ақ қар басқан Қытай» сияқты өлеңдерін жазды. Осы өлең жолдары арқылы мемлекетінің құрып бара жатқанын бейнеледі.

1938 жылы Ай Чин Гуй Линге барып Дай Уан Чумен бірге «Дин Ден» 《定点》 атты журнал шығарды. Осы кезде өлең жазудан басқа, тағы да басқа жұмыстармен айналысты. Мысалы, ол «诗论» – журналға жариялануға келген өлеңдерді сұрыптап, талдау жасап отырған. Ол өлең мазмұнына, құрылысына, теңеулеріне сипаттама беру туралы өз пікірін білдіріп сараптама жасады. Осы кезде тарихта елеулі орын алған өлең жинақтары шықты. «吹号者» («Кернейші»), «他死在第二次» («Оның екінші рет өлгені») «旷野» («Жазық дала») атты өлеңдер жинағы шыға бастады.

1940 жылы Ай Чиң Чун Чинде Уй Цай мектебінде филология кафедрасының меңгерушісі болып тағайындалады.

1941 жылы ол Янь Аньге (Қытай халық революциясы) базасы болып саналады. Шань Гань Нинь аймағында мәдени іс-шара көмекшісі болып жұмыс жасайды. Осы кезде ақынның өлең жазу стилі түбегейлі өзгереді. Сөзі өткір, ашық жарқын отанды жырлайтын, отаны үшін жанын беретін күреске жастарды өлең арқылы жігерлендіреді.

1944 жылы Ай Чинүздік қызметкер атағына ие болып, Қытай халық коммунистік партиясына мүше болып тағайындалады. 1945 жылы азаттыққа қол жеткізгеннен кейін, Ай Чин Хуа Бей мәдениеттік үйірмесімен бірге Джан Джа Куға келеді. Кейінгі жылдарда Хуа Бей бірлестік университетінде, мәдениет институтында басшылық қызметін атқарады. Ол «Көкек» (布谷鸟) атты өлеңін жазды. Осы өлең арқылы бостандық алған халықтың көңіл-күйін жеткізді. Көктемнің алғашқы жылулығын білдіретін, осы көкектің даусы сияқты, Ай Чиннің өлеңдері Қытайдың жер-жеріне тарады.

Қытай егемендігін алғаннан кейін ақынның дипломаттық тәжірибе алмастыру барысында көптеген өлеңдері жарық көрді.

1957 жылы «оңшылдық» деген атпен Хей Лун Джиан өлкесімен Шин Джиан, Ши Ху Дзы еңбекпен өзгерту ұжымының түрмесіне жабылды. Ол түрмеде жиырма жылын үнсіздікпен өткізді.

1979 жылдың аяғында ол ақталып шығып қайтадан өлеңдерін жаза бастады. Бұл жолғы өлеңдерін жаңа нұсқада жаза бастады. Мысалы «Жол бойындағы өлең» – 归来的歌», «Нұрға толған жыр» – 春光的赞歌», «古罗马的大斗技扬».

Өлең жазу стиліне қарағанда азаттықтан бұрын Ай Чин тұйық мінезімен заманға қарсы тұратын күш қуатпен өткір қалам ұшымен сол кезеңдегі қараңғылық қоғамға бостандықты аңсауды өлеңдері арқылы ойын жеткізеді. Азаттық бостандықты алғаннан кейін халқын сүйе білді. Халық үшін жырлады. Отаны үшін өмірін арнауға жастарға үндеу тастады. Ақынның қылқалам шеберлігі сурет салумен байланысады. Эстетикалық ұғымға көп мән берген. Өлеңдерінде шыншылдық, кіршіксіз кәусар, жинақылық өткір көзқарасымен өлеңнің шыңына шыққан.

Өлеңдерінде түр-түске басымдылық көрсетіп мән берген. Өлеңдері эстетикалық көркемділігімен де ерекшеленген.

«Қуаныш», «Қызыл нұрын шашқан жұлдыз», «Көктем», «Түске толған өлең», «Қарқалдақ» т.б. өлеңдерінде саналы ғұмырын күреспен өткізген жаужүрек ақынның жырлары кек пен жалынға, арман мен үмітке, өр рухқа толы болуымен қатар оқырманын бостандыққа, батылдыққа жетелейтіндігімен ерекшеленеді.

Сондай-ақ, Ай Чин өлең-жырларында елмен қоштасу, туған жердің өткенін аңсау сарыны да орын алған. Туған жердің табиғатына қарап тұрып, өткен күннің елесін іздеу жастық дәуреннің еске алу үрдісі ата қоныстың бүліншілікке түсіп, өзгенің ойранына айналған сәтте туындаған мұң-шермен астасып жатады.

Ай Чин шығармаларының – жаңалығы мол, өзгеше дәстүрі бар күрделі құбылыс ретінде қытай әдебиеттану ғылымының тұрақты зерттеу нысанасы болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 张永建: 《艾青的艺术世界》【M】武汉: 华中师范大学出版社, 1989年。 – 107.

- 2 骆寒超: 《艾青评论》【M】重庆: 重庆出版社, 2000年。- 67.
- 3 炼红著: 艾青《红色、绿色的歌》广西: 广西人民出版社, 1989年。- 56.
- 4 钟海宏编: 《色彩基础》上海: 东华大学出版社, 2010年。- 99.
- 5 张萍: 《艾青诗歌意象研究》, 南京师范大学, 2006年。- 98.
- 6 李健华: 《论艾青诗歌的艺术风格和新疆想象》, 天津师范大学2009年。- 360.
- 7 黄珊珊: 《色彩与文学》, 福建师范大学文艺学, 2003年。- 250.
- 8 赵蕾: 《汉语基本颜色词意义发展演变研究》, 河北大学, 2009年。- 157.
- 9 Maslova V.A. *Lingvokulturologiya: ucheb. posobie. - 2-e izd., ster. - M.: Akademiya, 2004. - 202 s.*
- 10 *Encyclopaedia Britannica 2008, Concepts in Linguistics, CD. 7.*
- 11 Yusup A.N., Mamieva A.N. *Ways of using innovative technologies in the educational process (On the base of teaching Language history course subjects) //Abai KazNPU Series of «Philological Sciences». - 2016. - №1 (15). - P.221-226.*

Б.Матай¹

¹Казахский Государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан

ТВОРЧЕСТВО АЙ ЧИН И ЕГО ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ СМЫСЛ

Резюме

В статье рассказывается о жизни и творчестве китайского поэта Ай Чин. Также изучалась поэзия поэта, которая приглашает читателя к свободе и мужеству, наряду с полнотой мести и пламени, мечтами и надеждами. Писатель, который представляет правду своего времени, написал стихи в духе нации. Отличительная черта стихов поэта заключается в великом мотиве Китая. Ай Чин был общественным деятелем, его книги были созданы для духовно мыслящих людей.

Этнические мотивы Китайского народа и важность духовности человека как нигде в поэзии Китая видны в стихах Ай Чина. Та манера, с которой он включает мотивы нравственности в повседневные ситуации из жизни простого Китайского народа, не может не удивлять.

Ключевые слова: поэзия, творчество, лирическая поэзия, эпическая поэма, народные песни, детские стихи

В.Матай¹

¹Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, Kazakhstan

THE CREATIVITY OF AI CHIN AND HIS EDUCATIONAL MEANING

Summary

This article discusses the poems of the famous Chinese poet Ai Chin, who was an exceptional person in the world of literature, wrote it in a new era. He wrote poems that inspired many readers for a new act. The article tells about the life and work of the Chinese poet Ai Chin. Poetic prose, which appeals to the reader for freedom and courage, is also seen in addition to cynicism and flame, dreams and hopes. The writer, who represents the truth of his time, wrote poetry in the spirit of the nation. A distinctive feature of poetry is the great motif of China. Ai Chin was a public figure, the life and work of the poet Ai Jing spoke of a dream and hope, his books were created for spiritually thinking people.

Ethnic motives of Chinese nation and the importance of spiritual side of a human being are seen as nowhere as in the poetry of Ai Chin. The way he implements the motives of a good behavior in the everyday life of simple Chinese people will as to wish you no matter what.

Keywords: poetry, creativity, lyrical poetry, epic poem, folk songs, children's poems

FTAXP 17.01.11

А.А. Найманбаев¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

МИФОЛОГИЯЛЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ОРТАҚ САРЫН

Аңдатпа

Мақалада мәтін мен шығарма, мәтін мен бейне, бейнелілікке жалпы сипаттама беріледі. Фабула мен сюжет, «тарих»-«дискурс» немесе «баяндау»-«дискурс» сияқты кең таралған терминдердің мәтін талдаудағы маңызына тоқталады. Мәтінді уақыт пен кеңістік тұрғысынан қарастырып, дискурсивті талдауға мән береді. Ә.Кекілбаев, Ш.Айтматов, М.Шаханов, М.Мағауин шығармаларындағы аңыздық желідегі ортақ сарындар мен көркемдік ізденісі жайлы ой қорытады. Автор бүгінгі филологиялық зерттеулерде мәтін мен шығарманы кеңістіктік-уақыттық аспектіде ғана емес, оның әрекеттік (кім не істеді?), сұхбаттастық (кім не деді?) табиғатын талдау арқылы таныту белсенді түрде қарастырғанды жөн санайды. Бұл – уақыт талабы, ғылымдағы жаңа ізденістер жемісі деген пікірді алға тартады. Сонымен қатар, дискурс ортақ тақырыпқа арналған бірнеше мәтіннің байланысынан туындайды деген ойды негізге ала отырып мифологиялық шығармаларды (М.Ысқақбаевтың, А.Мекебаевтың, Т.Ахтановтың, А.Алтайдың) қарастырады.

Түйін сөздер: миф, мифопоэтика, дискурс, таным, мифологиялық ойлау

Көркем мәтіннің ақпараттық деңгейін көркемдік, эстетикалық, танымдық тұрғыда талқылау – бүгінгі таңдағы әдеби зерттеу бағытындағы дискурстық талдаудағы маңызды мәселелерінің бірі. Мәтін – мәнмәтін – шығарма – дискурс желісінде талқылау осы ұғымдардың жақындығы мен алшақтығын, әрқайсысының ұғымдық аясын нақтылап алууды қажет етеді.

«Мәтін» мен «шығарма» ұғымдары синоним емес. Мәтін – бейне мен бейнелілікті материалды тұрғыда ұстаушы, ол қашан оқылғанда ғана шығармаға айналады. Ал, көркем шығарма болса өзін көркемдік тұтастықта танытатыны белгілі. Әдеби-көркем шығарма – үнемі қозғалыс үстінде болатын адам өмірінің қандай да бір шектеулі ортадағы көркем бітімі. Әдеби шығарма сонымен бірге – нақты ұғым. Себебі, біз оны оқимыз, санамен қабылдаймыз. Бір әдеби шығарма басқа өнер туындысының өмірге келуіне де ықпал етеді. Сонымен, біріншіден, әдеби шығарма әуелі өмірдің бейнесі, екіншіден, ақиқат өмірдегі нақты бір рухани зат болып табылады [1].

Көркем туындыға арқау болатын – тарихи оқиға немесе қоршаған ортада өтіп жатқан жағдай. Біз көркем туындыдағы тарих туралы дискурсқа қатысты айтар болсақ, С.Чэтман еңбегіндегі «жай сөзбен айтқанда, тарих дегеніміз – баяндалатын туындыдағы ненің суреттелетіні, ал, дискурс – қалай суреттелетіні» [2] деген тұжырымды еске аламыз. Мәтін мен дискурсты прагматикалық табиғаты жағынан зерделесек, дискурс-ашық коммуникативтік жүйе. Олай дейтініміз де заңды, өйткені дискурста пресуппозиция, интенция, коммуниканттардың әртүрлі стратегиясы мен тактикасы және т.б. сан алуан айтылым ерекшеліктері прагматикалық мақсатқа сай құрыла отырып, стилистикалық амал-тәсілдер, вербальды және вербальды емес сигналдарды диттеген мақсатқа жету үшін пайдаланылады. Сондықтан да дискурс-күрделі коммуникативтік-прагматикалық тілдік акт [3].

Постструктуралистер ұстанымы тұрғысынан келгенде, фабула мен сюжет «тарих» және «дискурс» немесе «баяндау» және «дискурс» сияқты кең таралған терминдермен аталғаны бізге зерттеу еңбектерден белгілі. Фабула – бұл түсіндірілімде нақты немесе ойдан шығарылған тарих. Әрине, айтылған қисынмен келісуге негіз бар. Көркем туындының өзегіне алынатын шынайы тарихи оқиғалар поэтикалық кеңістікте ойдан шығарылған, яғни жазушы фантазиясымен айшықталған «тарихпен» бірігіп, тұтасып кетеді.

Бүгінгі филологиялық зерттеулерде мәтін мен шығарманы кеңістіктік-уақыттық аспектіде ғана емес, оның әрекеттік (кім не істеді?), сұхбаттастық (кім не деді?) табиғатын талдау арқылы таныту белсенді түрде қарастырылуда. Бұл – уақыт талабы, ғылымдағы жаңа ізденістер жемісі. Мәселеге осы қырынан қарасақ, дискурсивті талдау мәнін тереңдей меңгереміз. Ғалымдар пікіріне сүйене отырып, «дискурс – мәтінді туындатып, оны танып, түсініп, қабылдау мақсатында жүйелі түрде жүзеге асырылатын үдеріс» [4] екенін қайталай кеткеніміз жөн. Ғылыми (академиялық) дискурс құрамында аталатын поэтикалық дискурс [5] көркем туындының құрылымындағы жоғарыда өзіміз атап өткен әрекеттік және сұхбаттастық желілерді кешенді түрде қамтуымен сипатталады.

Дискурсқа топтастырылған мәтін ортақ бір тақырыпқа арналады. Дискурс мазмұны бірнеше мәтіндердің сабақтастығы, байланысы арқылы танылады. Осы тұрғыдан келгенде, дискурс ортақ тақырыпқа арналған бірнеше мәтіннің байланысынан туындамақ. Ал ортақ тақырыпты әлем әдебиетінен бастап, қазақ әдебиетінен де кездестіруге болады. XX ғасырдың басында қазақ зиялылары ортақ тақырып болған «Әйел теңсіздігі» мәселесін көтерсе, әлемдік трагедия, экологиялық мәселелер, сол сияқты тарих сахнасында әлі күнге дейін талас тудырып жүрген Шыңғысхан бейнесі де жалпыға ортақ тақырып.

Ә.Кекілбаевтің 1967 жылдары жазылған «Ханша-дария хикаясы» мен Ш.Айтматовтың 1979-80

жылдары «Ғасырдан да ұзақ күн» романына бір тарауы ретінде жазылған «Шыңғыс ханның ақ бұлты» туындыларына ортақ нәрсе – ел жадында аңыз болып сақталған оқиғаларды көркемдік әлемде жаңғыртып, сол аңыз кейіпкеріне айналған тарихи тұлғаның қат-қабат күрделі болмысын – даңқты қолбасшылық және, одан да гөрі басымырақ көрінетін пенделік бейнесін таныту ұстанымдары. Яғни «нақты тарихтың» «ойдан шығарылған тарихқа» ұласатын тұсы осы өзіміз атап көрсеткен шығармалар. Бұл жерде нақты тарихи деректер мен оқиғалар көркем әдебиет материалының негізіне қалай арқау болса, аңыз да сондай деңгейде өзек болар алатынын айту керек. Фольклортанушы ғалым, академик С.Қасқабасов тұжырымдағандай, «Аңыздың түпкі мазмұны өмірдің танылған бір фактісі болып келеді. Әрине, ауыздан ауызға, біреуден біреуге айтылып жүргенде бұл фактінің кейбір деталдары, болмаса ол туралы жалпы хабар өзгеріске ұшырауы мүмкін, тіпті кейде жалған болып шығуы да ықтимал» [6]. С.Қасқабасовтың бұл тұжырымының шындығы Әбіш Кекілбаевтің «Ханша-дария хикаясы» повесінің эпиграфына алынған мына өлең (авторы – Е.Ібітанов) жолдарынан көрінеді:

Бұл өзі әлде шындық, әлде өтірік,
Ақиқатын білетін адамдарды
Жіберген уақыт өзі көрге тығып...

Қазіргі әдебиеттануда көркем туындыны интермәтінді талдау әдісіне де көп назар аударылатыны белгілі. Бұл талдау ұстанымдарына жүгінсек, шығарма эпиграфы параметінділік ұғымының аясына кіреді. Интермәтінді талдау әдісі ұстанымы тұрғысынан келгенде, «мәтін ішіндегі мәтін» бірнеше топқа жіктеледі де, оның ішінде параметінділік дегеніміз – мәтіннің атауына, соңғы сөзіне және эпиграфына өзге мәтін фрагменттерінің алынуы. Жерар Женетт: «Парамәтін дегеніміз мәтіннің кітап болу мүмкіндігі және осы тұрғыдан жалпылама мағынада алғанда оқырманға ұсыну. Парамәтін мәтіннің шекарасы немесе тосқауылы емес, керісінше шығармаға ену табалдырығы, Борхестің сөзімен айтсақ, «вестибюль» тәрізді, мәтін әлеміне енетін, я болмаса, қайта шығып кететін орын сияқты», – деп түсіндіреді [7].

Парамәтінділік ретінде түсіндірілетін эпиграфтың шығарма үшін маңызы ерекше екенін Ә.Кекілбаев повесіне алынған эпиграфтың бірінші жолынан-ақ аңғарамыз. Повеске арқау болған – тарихи негізі бар аңыз. «Аңыз анасы – шындық» дегенде, бұл оқиғаның шындығы – Шыңғыс ханның тарихи тұлға екендігі, оның ұлы жорыққа шығып, әлемнің біраз елдерін жаулап алғандығы. Ал, дәл осы оқиға дәл осы қалпында болды ма – ол анық емес. Сондықтан да суреткер «бұл өзі әлде шындық, әлде өтірік» деп басталатын өлең жолын шығарма «әлемінің» табалдырығынан ене бергенде-ақ алдымыздан көлденең тартады. Яғни «шығармаға ену табалдырығында» ескерту тұр.

Көркем әдебиеттегі Шыңғыс хан бейнесі бірсыпыра зерттеулерге арқау болғаны белгілі. Әлем және қазақ, қырғыз әдебиетінде бұл тарихи тұлғаның болмыс-бітімін сомдаған қаламгерлер өз көркемдік әлемінің Шыңғыс ханын бейнеледі. Ұлттық әдебиетімізге тоқталар болсақ, Шыңғыс хан образы Ә.Кекілбаевтің «Ханша-дария хикаясынан» басқа М.Шахановтың «Жазагер жады космоформуласы және Шыңғысханның пенделік құпиясы», М.Мағауиннің «Шыңғыс хан» романы жазылды. Бұл үш автордың Шыңғыс хан тұлғасын тануы және танытуы бірдей емес. Нарративтілік арқылы бір қаһарман әр қалыппен көрінеді. Ә.Кекілбаевтің «Ханша-дария хикаясы» мен әлемге танылған қырғыз қаламгері Шыңғыс Айтматовтың «Шыңғыс ханның ақ бұлты» повесі – даңқты қолбасшының көркем бейнесін жасауда бір-біріне үндес келген шығармалар деуге болады. «Эпикалық баяндауға кіріскенде, автор өзіне тарихтан мәлім материалдарды ұсынады... Ол эпикалық баяндаудың субъектісі ретінде қатысатын тарихи немесе ойдан шығарылған тұлғаларды жаңаша бітіммен таныта алады не оның ролін белсенді әрекетке бейімдейді» деп жазады зерттеуші Қ.Нұрғали [8]. Ә.Кекілбаев повесінің өзегіне алынған – тарихи тұлғаға қатысты бар таңғұт аңызының желісі.

Одан бөлек кейбір шығармаларда мифтік сарындар, образдар бір-бірімен үндесіп жатады. Мысалға айтар болсақ М.Ысқақбаевтың, А.Мекебаевтың, Т.Ахтановтың, А.Алтайдың мифтік сарындағы шығармаларынан ортақ сарын, ортақ ой, кейде кейіпкерлерді де байқауға болады.

М.Ысқақбаевтың «Ұят туралы аңыз» повесін фольклорлық таным пайымы сарынында жазылған жасампаздық мифке жатқызуға болады. Бұл мифтік повесте Тәңірі екі періштесін кезек тыңдап, ғаламда болып жатқан өзгерістерді солардың шар айналарынан қарап біліп отырады. Анда-санда жерге қарап, әуелде адамзат атаулы Адам ата мен Хауа ананы пейіштен қуғанда екеу-ақ еді, қазір ұзын саны бірер мың болыпты деп ой түйеді. Жалпы алғанда фольклорлық санамызға берік орын тепкен, қазіргі прозада ұлттық негізбен байланыстырылатын рухани байлығымыздың бір қайнар көзі мифтер екені анық. Қазіргі қазақ прозасындағы миф – бұл өте таңғажайып сан қырлы құбылыс. Ғалым С.А. Қасқабасов «Қазақтың көне мифінде болуға тиісті ілкі ата – демиург бейнесі Тәңір

образымен алмастырылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі саналған. Яғни Тәңір – ең жоғарғы Құдай, ол – аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі» [6], – деген пікірі орынды айтылған.

Ал жазушы А.Мекебаевтың «Жезтырнақ» повесі түрленіп, өзгеріп, жаңарып келген реминисценциялық үлгідегі жезтырнақ және авторлық танымға қызмет атқарып тұр. Жазушының «жезтырнағы» бір үйдің шаңырағын ортасына түсіріп, өш алу құралына айналған. Қазақы танымдағы зәрені алатын жезтырнақ образы қолдан жасалып, Тұрманқожа жезтырнақ кейпіне еніп, мола басында Құран оқып отырған Жұмағұлды жезтырнақ болып қорқытып, ақыры өлтіріп тынады. Автордың айтпағы – «жезтырнақ» деген суық сөздің өзі бір отбасына қаншама қайғы, мұң, зар әкелгендігі. Көркем шығармалардағы фольклорлық жанрлардың шығармашылықпен пайдаланылу үлгісі Т.Ахтановтың «Алыстан жеткен сарын» әңгімесінің тұтас желісіне арқау болған фольклорлық аңыздан байқалады. Жазушы фольклорлық әңгіме жанрына тән шарттылықтар мен әңгімешілдік қабілеттің қыр-сырын тани білгендігін көрсеткен. Бұл әңгімеде фольклорлық ұғымдар мен түсініктер авторлық айналымға түскен. Т.Ахтановтың талданып отырған туындысындағы әрбір оқиға нақтылы өмір шындығы іспетті баяндалады. Хан уәзірінің баласы мен елден ерек батыр тұлғаларының арасындағы сұлу қыз үшін тартыс – талай фольклорлық әңгіме-аңыздың сюжеттік негізі. Намыс алаңында айқасқан екі жігіттің сынға түскен ерлігі мен ездігінің, ақылы мен парасатының қозғаушы күші – Айбарша сұлу. Фольклорлық образдарды сомдаудың поэтикасына сәйкес Айбаршаның азғындық пейілі мен тұрақсыз көңілін шегіне жеткізе көрсету үшін автор жазба әдебиетке суреткерлікпен келеді. Тән сұлулығы мен әке байлығына және мансабына мастанған Айбаршаның адамдық болмысынан гөрі қанағатсыздық пен нәпсіқұмарлық ісі кең суреттелген. Ол ер-азаматқа ғана емес, туған жер мен ел-жұртына да қайырымсыз мінез иесі ретінде бейнеленген. Фольклордың басқа жанрларына қарағанда, ауызекі әңгіме қандай да бір оқиғаға негізделіп туындайды. Болған оқиғаны бейнелеп шығады. Жазушы фольклорлық жанрдың осы ерекшелігін сақтай білген. Аярлық пен қулықтың құрбаны болған жігіттің батырға тән аңғалдығымен қоса аңғырттығы эпостық жырлардағы батыр тұлғаларын еске түсіреді. Батырлық пен ерлік мінездермен жарыса өлермендікпен жасалған зұлымдық та шығарма соңына дейін сақталған. Қаламгер талантының бөлекше бітімі осы жазаға ұрындыру үшін кейіпкер мінезін қилы оқиғамен, шешуші іс-әрекеттермен сабақтастыра бейнелеудің амал-тәсілдерінде жатыр. Әңгіменің «Алыстан жеткен сарын» аталуының да мағынасы терең. Сол сарынның бүгінгі жас ұрпақ, жалпы адам баласы үшін де айтар ұлағаты мен тағылымы айқын. Ол – әділет үшін өмір сүру идеясы. Перзенттің ата-анаға, туған отаны мен еліне озбырлығы неге жеткізеді, сатқындық, аярлық түбі қайда апарады дейтін мәңгілік сауалдарға жауап беруде автор өзіндік шешім тапқан. Бұдан шығатын қорытынды шеберлікпен пайдалана білгенде аңыз, әңгімелер қашан да өміршен ой идеялар берудің құралы бола бермек. Белгілі жазушы А.Алтай өзінің «Алтай балладасы» атты шығармасының жанрына қатысты роман-миф терминін қолдануы тегін емес, өйткені онда қазақ халқының тотемдік, шамандық мифтері пайдаланылған, көне түріктердің, оның ішінде қазақтардың, үш сатылы әлем туралы наным-сенімдері кеңінен көрініс берген. Аю мен адамның арасындағы жақындық туралы халық шығарған, бізге ертегі немесе аңыз пішінінде жеткен және оның тотемдік миф болып табылатынын анық аңғартады. Аюдың дене-тұрқында және күн көру тәсілдерінде де, тұрмысында да адамға ұқсас жайттар көп екенін қарастырылып отырған туындымен танысу барысында айқын сезінеміз. Жазушының бұл туындысында ерекше көңіл бөлген мәселесі – Алтай өлкесінде бұрын болған қызыл қасқырлардың тағдыры. Қызыл қасқырлардың жер бетінен жоғалғаны да Ұлардың жанын жегідей жейтіні аңшы жігіттің: «Кешегі Марқакөлді мекен еткен қызыл қасқырлар секілді бұл ...Тұқым қалмаған», – деген ішкі монолог түріндегі естелігі арқылы аңғарылады. Қызыл қасқырлардың қайта оралуын «Алтай балладасының» бас кейіпкері де аңсайтыны сол туындыдағы Ұлардың көрген түстерінің бірінен байқалады. А.Алтайдың бұл туындысында қызыл қасқырлар мәселесін көтеруінің символдық мәні бар, себебі, роман-миф жарық көрген кезде түркі халықтарының басым көпшілігі егемендік алып, түркілік идеялар осы заманның ең өзекті мәселесі ретінде көтеріле бастағаны белгілі. Құрып кеткен қызыл қасқырлардың бір туындының бас кейіпкерінің түсінде, екінші бір туындының бас кейіпкерінің өңінде көрініп барып, көзден ғайып болуын бейнелеу арқылы автор түркі халықтарының ежелгі біртұтастығын қалпына келтіруге кедергі келтіріп тұрған шешуін таппаған мәселелердің молдығын меңзеп тұрғандай.

Сонда «көркем әдебиет дискурсы дегеніміз – өмір шындығын, табиғат көркін, жағдаятты, экстралингвистикалық жағдайды, бейвербалдық әрекеттерді, бүкіл болмысты тілмен жеткізу – оқырманмен диалогқа түсуі, оқырманның авторды түсінуі, баяндалушы нәрсені қатесіз қабылдау» [9]. Егер біз мәтінді, әдеби тұрғыда, көркем баяндаудың түрі ретінде түсінсек, дискурсты байланысқа

түскен бірнеше мәтіннің жиынтығы деп тануымызға болады. Дискурсты әдебиеттану аспектісінде зерттеу арқылы автор-туынды байланысы, сюжеттік үдеріс, кейіпкерлердің сұхбаты, қарым-қатынасы, психологиясы мәселелерін зерделеп, бағалауға болады.

Поэтикалық дискурс, сондай-ақ автордың құбылысқа, оқиғаға және көркем бейнелерге субъективті-эмоционалдық қарым-қатынасын білдіретінін ескерсек, туындыны талдау нысанына алғанда авторлық позиция тұрғысынан бастағанымыз жөн. Сондықтан, біз көркем туындыны талдаудың бастауында автор ұстанымы, оның қаламгерлік кредосы, суреткерлік танымы мен шеберлігі мәселелерін еске аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Кішкенбаева Ж.Қ. Қазіргі көркем прозадағы дискурс және нарратор. Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Астана, 2015. – 111 б.

2 Чэтман С. Chatman Seymour. История и дискурс – Story and Discourse: Narrative Structure in Fiction and Film. Ithaca. – London, 1978.

3 Есенова Қ. Академик Р.Сыздықова және дискурс мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы. – №4(58). – 2016. – 35 б.

4 Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – Москва, 2003. – 312 с.

5 Сүлейменова Э. Дискурс в дискурсе казахстанской лингвистики / Современные проблемы дискурса: теория и практика. – Алматы, 2006.

6 Мучник Г.М. Текст в системе художественной коммуникации. – Алматы: Балауса, 1996. – 192 б.

7 Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.

8 Женетт Ж. Фигуры. В 2-х томах. Том 2. – М.: Изд-во им. Сабашиных, 1998. – 944 с.

9 Нурғали К.Р. Трансформация художественности в аспекте современной компаративистики. – Астана: Фолиант, 2007. – 456 с.

10 Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Раритет, 2004. – 107 б.

А.А. Найманбаев¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ОБЩИЙ МОТИВ В МИФОЛОГИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ

Резюме

В статье дается общее определение образности, текста и произведения, текста и образа. Останавливается на важности разбора текста, таких часто используемых терминов, как фабула и сюжет, «история»-«дискурс» или «изложение»-«дискурс». Рассуждает текст с точки зрения времени и пространства и дает большое значение дискурсивному разбору. Резюмирует о художественном поиске и об общем мотиве в мифологических произведениях А.Кекильбаева, Ч.Айтматова, М.Шаханова, М.Мағауина. Автор рассматривает текст и произведение не только в аспектах времени и пространства, также активно разбирает его действия (кто что сделал?) в аспекте разговора (кто что сказал?). Останавливается во мнении, что это потребность времени, плоды новых научных исследований. Также рассматривает мифологические произведения на основе заключения (М.Ыскакбаева, А.Мекебаева, Т.Ахтанова, А.Алтай), как: «Дискурс появляется от контакта нескольких текстов, у которых общая тема».

Ключевые слова: миф, мифопоэтика, дискурс, познание, мифологическая мысль

A.Naymanbaev¹

*¹Kazakh National Pedagogical University after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

THE GENERAL MOTIVE IN THE MYTHOLOGICAL DISCOURSE

Summary

The article gives a general definition of imagery, text and work, text and image. He stops at the importance of parsing the text, such frequently used terms as fabula and the plot, "history"- "discourse" or "presentation"- "discourse". He considers the text from the point of view of time and space and gives great importance to discursive analysis. Summarizes about the artistic search and the general motive in the mythological works of A.Kekilbaev, Ch.Aitmatov, M.Shakhanov, M.Machauin. The author considers the text and the work not only in the aspects of time and space, but also actively analyzes his actions (who did what?), in the aspect of conversation (who said that?). He stops in the opinion that this is the need of the time, the fruits of a new scientific study. Also, he considers the mythological work

based on the conclusion (M.Yskakbaev, A.Mekebayev, T.Akhtanov, A.Altai) as: "Discourse appears from the contact of several texts in which the general theme".

Keywords: myth, mythopoetics, discourse, knowledge, the mythological idea

МНПТИ 17.09.91

Y.Sabriyya¹

¹Azerbaijan University of Languages

THE PROBLEM OF MAN AND SOCIETY IN THE NOVEL "ELIZABETH COSTELLO" BY J.M. COETZEE

Abstract

The most outstanding representative of XX century South African Literature in the English Language, a critic, scholar Nobel Prize winner on Literature (2003) John Maxwell Coetzee is the first writer, having won the Booker prize twice (1983, 1999).

The writer's accusation in his novels has been too severe against those, who degraded the manhood and personality, against those who supported racial and religious discriminations. John Maxwell's Novel "Elizabeth Costello" which came under his pen in 2003 is a novel version of lectures, and considerations of which he lectured at different higher educational institutions of the world. The investigators studying the literary activity of Coetzee consider the character of Elizabeth Costello as alter-egos, and as heralded of his thoughts. The novel "Elizabeth Costello" is a search for answering the questions on the man and society, the man and his place in the world and a man's mission in the world.

John Maxwell in the name of Elizabeth Costello tries to find answers to the questions on the existential state of modern man, describes the last days of a person who keeps away from manhood and society, and arises numerous questions before society. In the period of life in which good and bad, good and evil, value and unvalued have changed their places John Maxwell shows the troubles of total indifference, having embraced the whole society. Elizabeth Costello-Coetzee in the period of life, in which the human values are lost, the abyss among the peoples has deepened tries to understand the complications created by spiritual-moral crisis. The main idea of the book is to describe the troubles, numerated above, at the same time is a human search, able to prevent calamities, awaiting the society Coetzee describes the crisis, into which a person has fallen, but he never loses the confidence in the man. Coetzee trusts in the able man, and hopes for the victory of good on the bad.

Keywords: J.M. Coetzee, "Elizabeth Costello", man and society, novel

In the period of time in which social order has been lost, in which moral values have turned upside down, the cataclysms embracing the whole society compels the master of word to think, the men of pen see the danger which the human generation has coped with, and with their works they try to prevent the dangers.

The South African writer J.M. Coetzee, having won the most notable Booker Prize twice, in his works, the problem of the fate of human being attracts our attention with its sharpness. The sufferings which a man experiences as an existential being, his/her place in the society, the sense of life and other problems have been objectively described in his novel "Elizabeth Costello", which came under his pen in 2003. The author not only mocks at Manhood but also he sometimes mocks at himself, tries to convey to the readers that the writer has set up of "comedy", but he himself becomes the laughing stock of the existing invisible power. As it is with all his novels, the writer in this novel too, stresses the fact that feeling of guilt is undeniable and speaks of the fact that this absolute guilt belongs to all men and human society.

As to many of investigators, the work is an autobiographic novel and Elizabeth Costello is the woman alter egos of the writer [1, 2:3] Anton Least and Peter Singer, investigating the ethic beginning of J.M. Coetzee, in their works J.M. Coetzee and Ethics, "Philosophical Perspectives on Literature" come to such a conclusion that, the character of human beings which he created in his novels, in the true sense of meaning are the social worlds, bearing humane values and each of these personages is the person possessing his/her own world and each of these personages is an existing being, trying to preserve his/her place under the sun [3, 201-202]. The investigators, having special study of the novel "Elizabeth Costello", consider Elizabeth Costello as the narrator of the views of the writer in life, and also as the interpreter of his philosophical viewpoints. In the novel the ironic position of J.M. Coetzee, being given by postmodernist parody, till the end of the work the reader remains under the tension of the occurrences. This postmodernist style preserves the dilemma whether Elizabeth Costello is Coetzee himself or not.

Well-known investigator of post-colonial literature Jane Poyner too, valuing J.M. Coetzee's work "Elizabeth Costello" notes Elizabeth Costello as the alter-egos of the writer and stresses the fact that the writer violently opposes against the existing in his country national discrimination and against the society

having lost the human values and in all his works he highlights problems of human beings in self-belonging to him order. The investigator's work called "M.Coetzee and the Idea of the Public Intellectual" is considered to be the biggest work, devoted to the creative activity of Coetzee. Just in this work, he appreciates Coetzee as a writer of South African intellectual novelist, as a skillful writer being able to say his words against apartheid and post-apartheid regimes, as a writer describing confrontations taking place among the people [4:127].

Undoubtedly, J.M. Coetzee has included himself into the novel "Elizabeth Costello" by this character, and has "smelted" himself in the novel. All through the novel Elizabeth Costello as the writer himself gives lectures, speaks of her considerations on life, death and moral values. Australian writer Elizabeth Costello lectures now to scientists and students, to appearing tourists and now even to herself. The lectures being linked with animals, religion and conviction, with the nature of evil, the place of mankind in the world, the power of wisdom and faithfulness, with defense of the talent of a writer, can be valued as the consequences of lectures and interviews, given by J.M. Coetzee in different years. We may say that the work has no plot and the text is connected with a number of essays. One of the facts, causing our interest is that after each given lecture the writer's idea is distorted on the view of the hero upon life, her approach to the problems are subjected to mockery, the arisen questions, cause arguments among the readers. Coetzee for all given theses, introduces antitheses and leaves the answers to the problems for the readers to answer.

J.M. Coetzee with the exactness of a goldsmith, describes the problems of modern eclectic man and tries to show the fact that they can't agree with men and society. Such a person approximately does not possess exact looks upon life, and as there is no assurance for the problems which he raises, influences on the surroundings as well and are met with misunderstanding. Very often, or such people for an instant "trust" in something, fitting to their own spirits, very easily they loose their trust. The problems arisen in the work has no unanimous solution, is the manifestation of ambivalence of modern man.

In the life story of an invented writer, Coetzee describes a man's place, position and the thirst for understanding the life in the society. From the first view of the work, love for mother and sister, the life history of the women characters vivified in the works, turns to a complex notion as thinking on the existence of painful instances reflected all through his novels J.M.Coetzee as a man tries to find an answer seeming easier at the first look, to answer the question "what is the man necessary for life" but it is an extremely difficult question and having no unanimous answer.

The novel consisting of eclectic essay lectures is divided into 8 parts. Elizabeth Costello is a typical Coetzee personage and is the character of an old woman, bearing the physical and methotysical tiredness. She tours the world, takes part at the gatherings which are of use neither to her, nor to the others. She makes a report at the literary awarding of a prize, lectures to entertain the wealthy people, takes part at the workshops devoted against the evil forces, gets into polemics with the persons whom he does not understand and with the people who he is not interested in at all.

Elizabeth Costello's thoughts are set up on the works of great Kafka. The investigated Alexander Vyalsev, analyzing the write's works justifiably noted that J.M. Coetzee's novels are difficult to understand at the first view: "In Coetzee's novels there are always some plans, a covert meaning is existing, it is too difficult to understand them from the first view... That's why both the heroes and their conducts, both the condition and even the ground of the novel do not seem to be real" [5]. Just this approach brings the writer nearer to Kafka's creative activity. Coetzee too, as Kafka, tries to raise human problems, sees the "man" getting lost in the world, warns that a disease as loneliness, indifference which embraces the mankind shall catch any person in the world.

The work which has started with the feeling of realism, being set up on the attitudes of a son and mother, is the description of the looks of an old-aged woman in the world, people and society. Costello who gets into polemics with the story of Kafka on Monkey, speaks of reality and concept, speaks of the sufferings of the man being left between the truth and lie. The author tries to vivify the cause of this misunderstanding of a man trying to free himself from the pressing him the vice. *"We don't know. We don't know and will never know, with certainty, what is really going on in this story: whether it is about a man speaking to men or an ape speaking to apes or an ape speaking to men or a man speaking to apes. There used to be a time when we knew"* [6].

The plot which he brought from Kafka do not seem interesting for the participants gathered to take part at the ceremony of the presentation of the award, the character of a person's dilemma suffering between the truth and lie seems "unnecessary". Moreover Costello, during the break for dinner, having risen for the diffence of the animals goes "too far" and those, present in the hall "loose their temper". They accept the lecture of the writer on vegetarians, defending the living existences with all his heart, seemed as an

unnecessary “talk”. All his attempts to “revoke” the people and mankind ends with no result, the abyss between him and the people becomes still deeper. In the American college, at the meeting devoted to Holocaust, his answer to the telephone call ends with the metaphoric expression “fascist bitch”.

As O.Pavlov, investigating the categories of “history” and “memory in the novels of J.M. Coetzee, rightfully stressed the fact that the African novel in the English language created by the personal and collective memories cardinally differed from the European novels [8, 28]. Just in such a novel the problems of notional identity are highlighted, there appear the writers who keep away from the problems of mode of life, their desires and wishes of the modern man. From this viewpoint, the African writer Emmanuel Egad the personage of which was he himself, said that simple Africans have neither time, nor desire to read a novel, is understandable. We read in the novel: *“In the great, beneficent global system under which we live today, it has been allotted to Africa to be the home of poverty. Africans have no money for luxuries. In Africa, a book must offer you a return for the money you spend on it. What do I stand to learn by reading this story, the African will ask? How will it advance me? We may deplore the attitude of the African, ladies and gentlemen, but we cannot dismiss it. We must take it seriously and try to understand it”* [6].

Simple explanation of the writer from Nigeria is understandable. The simple African fighting with all his force for life, cannot understand rich people having tasted all the foods of the world. The European who have no problems for living, working, living human lives, cannot understand simple Africans who do not read novels. By the person of the Nigerian writer, Coetzee summons the Europeans to understand the people in his native land South Africa, who reside in different way from those who have different mode of life, who live in wealth and luxury. He shows the “reverse side” of humanity and calls the people for being more sensitive, more understanding beings of the fates of others. The spirit of this part of the novel is the same as he said in one of his interview: *“we may think that we love a certain writer for the reason that he has opened our eyes, but in fact we love him for the reason that he supports our initial fights”* [9, 36]. “For Coetzee, South African materials were the background to show his attitude towards the processes, going on in the world” [10, 29]. M.S. Kurbak who said all this, truthfully appreciated the human values in Coetzee’s creative activity. M.S. Kurbak’s attitude to the creative activity of Coetzee, taking place in his book “Africa: history and historians is analyzed in the context of mankind, human beings and their places in life, problems of man and society. The investigator notes that Coetzee in all his works shows all the pains and sufferings of the people in the context of the problems of the whole world and comes to the conclusion that any man of the world, irrespective of his language, race, the color of his skin has the same right as any generation of the world, living under the sun.

Though the comparison may sound too rough, the writer from Africa who is making a report before the science population is accepted as a Red Peter – a monkey. It is true that it is a very rough comparison, but the attitude of a European to the “black continent” is not valued as rudeness? [11]. The investigator A.Bezzubsev-Kondakov justfully expressing his attitudes to the problems raised by the writer notes the African in the creation of Coetzee as a person of the “second sort”.

In the center of danger stands the life story of the writer who looks back to analyze the way of life he has lived, but suffers from total loneliness. Elizabeth Costello is involved by endless numerous hesitations and feelings of loneliness. All the parts of the novel, without a plot consist of mutual existential problems, covering men and society. In spite of all his efforts the chief hero, not always wins sympathy, his emotional searches, and his indifference to everything, linked with loneliness, makes the novel complete from the view of the idea of the novel.

Despite the fact that there exists some tension in the parts of the novel, the development dynamics of the arisen problems are not observed. Novel consists of mainly of the meanings of the thoughts for life, the writer’s search for answers to the questions which are hard to deal with.

Рассказы Мир Джалала многочитаемые, написанные на понятном языке для любого гражданина, из которых молодежь может получить поучительный урок. Мы полагаем, что у каждого азербайджанского юного читателя должна быть настольная книжка гениального писателя Мир Джалала. В его произведениях есть очень важные события, связанные с жизнью и реальностью. В его рассказах невозможно столкнуться с фантастическим или выдуманным событием. Мир Джалал опирается на реальные истории. Каждый читатель открывает для себя что-то новое, даже отталкивается от ошибок, которые мог бы совершить. Одним словом, произведения Мир Джалала выводят читателя на верный путь. Написанные в те времена истории стали актуальны и рассказывают и о настоящей жизни. Он привнес новое измерение к произведениям Азербайджанской литературы XX века.

Список использованной литературы:

1 Абасов А. Великий писатель, могущественный ученый, замечательный человек // Мир Джалал: Воспоми-

нания современников и примеры творчества/Составитель и автор предисловия Т.Ахмедов. – Баку: Азербайджанская Энциклопедия, 1998. – 232 с.

2 Ариф М. Разгневанные рассказы // Литературная газета. – 1941. – 11 декабря. – С.2.

3 Гянджеви Н. Хосров и Ширин. – Баку: Издательство «Лидер». – 2004. – 509 с.

4 Мир Джалал. Произведения. – в 5 томах. – Т. III. – Баку: Издательство "Адилоглы", 2013. – 456 с.

5 Мир Джалал. Произведения. – в 5 томах. – Т. IV. – Баку: Издательство "Адилоглы", 2013. – 468 с.

6 Ибрагимов М. Война и литература // За Родину, 1943. – №3. – С.5-17.

А.А. Садыглы¹

¹Баку мемлекеттік университети,
Баку қ., Әзірбайжан

МИР ДЖАЛАЛ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ АДАМ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК БЕЙНЕСІ

Түйіндеме

Мақалада әйгілі жазушы Мир Джалал шығармашылығының бай мұрасы туралы баяндалады. Мақалада талданатын әңгімелер: «Өрік ағашы», «Эхтирам» («Сыйластық»), «Қуаныш туралы», «Жаксармады», «Жазу», «Өмірдің мәні», «Арабтық аға», «Леягет», «Сөздің мәні бар», «Тіл және іс-әрекет», «Гүлжамал», «Кім кінәлі?» және т.б. «Джалдың әлемі» әңгімелері әлеуметтік-саяси тәрбиелеу мәніне ие, сонымен қатар заманауи және көркемдік юмормен ершеленеді. Ол – ең бірінші кезекте әңгіме жанрының шебері.

Мир Джалал Әзірбайжан әдебиетінде тек жазушы ғана емес, ол көрнекті баспагер, зерттеуші ғалым, ұстаз, әлеуметтанушы және қоғам қайраткері ретінде танылды. Ол 300-ге жуық шығармалардың авторы. Мир Джалалдың бай мұрасы, жазу шеберлігі, бұдан барлық қасиеттері оның шығармаларында көрініс тапты.

Мир Джалалдың көркем туындыларында денсаулығы мықты адам, заң бұзушылықпен және әділетсіздікпен күрес, кедейлердің жай-күйі мәселелері көтерілген.

Түйін сөздер: Мир Джалал, жазушы, адам, әңгіме, шығармашылық, өмір.

A.Sadigli¹

¹Baku State University,
Baku, Azerbaijan

ARTISTIC REFLECTION OF HUMAN PSYCHOLOGY IN THE STORIES OF MIR JALAL

Summary

In the article is told about the rich creativity of the famous writer Mir Jalal. The article refers to the stories of "Apricot tree", "Ehtiram" («Respect»), "About Joy", "Not improved", "Printing", "The Meaning of Life", "Arab brothers", "Layagyat", "Meaning of the word", "Language and action", "Guljamal", "Who is the sin", etc. In the article analyzes these questions and more. He is, above all, a skilled master of the story and the story of the Soviet period in the genre of literature has shown in the development of various services.

One of the great figures of the 20th century Mir Jalal entered the literature of Azerbaijan and as the largest publisher, and as a scientist, an investigator, an outstanding teacher, and as a great sociologist, social activist. He is the author of about 300 works. Rich creativity, writing skills, and all the qualities were embodied in the remarkable writer Mir Jalal.

A healthy person, wants to provoke, injustice, violations of the fight against the adversity of life is an important component of quality education and artistic creativity Mir Jalal.

Keywords: Mir Jalal, writer, human, creativity, life

FTAXP17.82.20

Ж.К. Сұлтанбекова¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,

ДУЛАТ ИСАБЕКОВТЫҢ «ӘПКЕ» ПЬЕСАСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ-ИДЕЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жазушы-драматург Дулат Исабековтың «Әпке» пьесасының тақырыптық-идеялық ерекшелігі талданады. Пьесаның жазылу себебі нақтыланады. Дулат Исабековтың драмалық шығармалары – қоғам, өмір, заман ұсынған сан алуан мәселелердің сахна төріне ыңғайланып, драматургтың өзіндік стилімен жазылып, қалыптасқан туындылары. Драматург қаламынан туған пьесалардың тақырыптық болмысы алуан түрлі. Ол өз кейіпкерлерінің рухани болмысын, психологиясын еш боямасыз табиғи күйде беріп отырады. Адам тағдырының түрлі қиылыс-бұрылыстарын, оның ішкі әлемінің толқыныстарын зерделей көрсете түседі. Жазушы Дулат Исабеков шығармашылығының бәрінде де автор өмірінің ұшқындары жатыр. «Әпке» пьесасы – драматургтың тұнып тұрған шынайы өмірі. Ата-ана мейірімінен бір сәтте жырақ қалған жас бауырларына бар қамқорлығын салып, мейірім-махаббатын төге білген кейіпкер Қамажайдың шынайы өмірдегі түптұлғасы драматургтың анасындай болып кеткен үлкен әпкесі Бибіғали еді.

Түйін сөздер: драматургия, кейіпкер сөзі, әпке, отбасы, тәрбие, татулық, бауырмашылдық, бақыт

Бүгінгі таңда қазақ әдебиетінде драматургия саласы жан-жақты дамып келеді. Арнайы зерттеулердің нәтижесінде танымал драматургтеріміздің туындыларына талдаулар жасалынып, құнды еңбектер жазылып келеді. Қазақ әдебиеті тарихында ХХ ғасыр басында қазақ жазушылары М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповтің құнды көркем шығармалары драмалық нұсқамен театр сахналарында қойылып өз құндылығын көрсете алды. Бұл дәстүрді бертін келе Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, С.Жүнісов, Д.Исабеков, О.Бөкей секілді көркем сөз қаламгерлері лайықты жалғастырып, дамыта білді. Солардың ішінде драмалық шығармаларымен ойтолғаныстарын жеткізіп жүрген Дулат Исабеков жайлы сөз қозғасақ артық емес.

Жазушы-драматург Дулат Исабековтың драмалық шығармалары – қоғам, өмір, заман ұсынған сан алуан мәселелердің сахна төріне ыңғайланып, драматургтың өзіндік стилімен жазылып, қалыптасқан туындылары. Драматург қаламынан туған пьесалардың тақырыптық болмысы алуан түрлі. Мұндағы суреткердің ең көп мән беретін, назарын аударатын жайт – оның өз заманының көріністерін, өз қоғамын, өз замандастарының ішкі жан иірімдерін көрсете білуге деген талғампаздық пейілі. Ол өз кейіпкерлерінің рухани болмысын, психологиясын еш боямасыз табиғи күйде беріп отырады. Адам тағдырының түрлі қиылыс-бұрылыстарын, оның ішкі әлемінің толқыныстарын зерделей көрсете түседі. Дулат Исабеков пьесада өз кейіпкерлерінің бейнесін айқын көрсете түсуі үшін, ұлттық калоритті қолданысқа енгізу арқылы ұлттық болмысты жазушы екендігін дәлелдей түседі. Бұл жөнінде сыншы Әшірбек Сығай: «Дулат драматургиясына тән жақсы қасиет – оның халықтық калоритке, ұлттық мінез-құлық тегершіктеріне молынан назар аударатындығы. Диалогтарының оралымдылығымен, юморға жомарт тапқыр тілімен дараланып жатады» деп айрықша баға береді [1, 130].

Шығармашылық адамының барлық туындылары оның өмірімен тікелей байланысты. Тіпті ол фантастика жанрында жазса да, кейіпкерлерінің іс-әрекеті мен ой-санасы жағынан автордың жеке өмірінен алшақ кетпейді. Көптеген жазушылар өз шығармаларында өмірбаяндық сарын бар екенін айтып өткен. Ал шығармалары реалистік өмірді суреттеуге арналған жазушының барлық туындыларында өмірбаяндық ұшқындар жататыны ақиқат. Ұлы жазушы Лев Толстойдан: «Анна Каренинаның өмірде прототипі бар ма?» деп сұрағанда, ол ойланбастан: «Анна Каренина – мен» деп жауап беріпті. Демек, барлық шығармада автордың жан дүниесі шашылып жатады. Жазушы Дулат Исабеков шығармашылығының бәрінде де автор өмірінің ұшқындары жатыр. Оның өмірбаянын тыңдап, шығармаларына зер сала қарасақ, осы пайымдауымыздың рас екеніне көз жеткізе түсеміз.

Дулат Исабековтің аса зор ықыласпен жазған драмалық шығармаларының бірі – «Әпке» драмасы. «Әпке» пьесасы – 1977 жылы жазылған сахналық қойылымға арналған шығарма. Автордың бұл туындысы – тұнып тұрған өзінің шынайы өмірі. Ата-ана мейірімінен бір сәтте жырақ қалған жас бауырларына бар қамқорлығын салып, мейірім-махаббатын төге білген кейіпкер Қамажайдың шынайы өмірдегі түптұлғасы драматургтың анасындай болып кеткен үлкен әпкесі Бибіғали еді. Шығармадағы Қамажай артынан ерген үш інісі мен сіңлісінің бар қамын ойлап, әсіресе кішкентай Ермекке ана орнына ана бола білді. Бауырларының қамымен жеке өмірін де ұмыт қалдырды.

Драмада күнделікті тұрмыстың әр түрлі құбылыстары жан-жақты бейнеленеді. Сан алуан тартыстар драма қаһарманын Қамажайды ауыр шайқастарға салып, оның рухани-адамгершілік қуатын сынап көреді, алға қойған мақсат, белгілі нысана үшін күресу үстінде пьеса кейіпкерлері мінезінің неше түрі қырлары ашыла түседі.

Драмалық туындыларда кейіпкерлердің ішкі-сыртқы қарым-қатынасын, мінезін дәл басып, айқындайтын элемент – кейіпкер сөзі. Х.Кәрімов: «Драмалық шығармалардағы бірден-бір басым сөз кестесі – кейіпкерлер сөзі де, ара-тұра (бір шығармада аздау, екіншісінде көбірек) автор сөзі (ремарка) де қолданылады. Кез-келген шығармадағы кез-келген кейіпкер тіліне қойылатын басты талап – кейіпкер сөзінің мазмұны мен түрі жағынан кейіпкердің мінезіне, психологиясына лайық мәдени дәрежесіне сыйымды, өмір тәжірибесіне, өскен ортасына, кәсібіне, оқиға болып жатқан жағдайға т.б. сайма-сай етіп беріледі, ... кейіпкердің сөзінен оның мінезін тануға мүмкіндік туады» [3, 11-14], – дейді. Пьесадағы Темірбек, лақап аты Тимур – үйдің ортаншысы. Тік мінезді, қызу қанды, ашушаң, дөрекілеу, бірақ еш арамдығы жоқ, адал, қамқор жігіт. Кейбір сәттерде қызуқандылыққа салынып, мәселенің байыбына бармай, тез шешім қабылдайды. Әдемі киінгенді, қыдырыс пен той-томалақта көңіл көтергенді ұнатады. Жалындаған жас жүрегі махаббаттан басы айналып сүйіктісі Кәмиляны отбасынан, бауырларынан артық көріп кетеді.

Дулат Исабеков кейіпкерлерінің характері мен тағдырын тек таза тұрмыстық көзқараспен бағамдау мүмкін емес. Оның қай кейіпкерін болсын, бір жақты түсіндіру қиынға соғады, өйткені оның қазақы, аңқау да аңғал кейіпкерлерінің бойынан кәдімгі адамға тән барлық жақсылы-жаманды қасиеттерді табуға болады. Жазушы қаламының ерекшелігі де осында: ол өз шығармаларында жалаң дидактика ұсынбайды немесе кейіпкер іс-әрекетін талдамайды, бұның бәрін оқырман талқысына салады [4, 119].

Пьеса шиеленісті оқиғадан басталып одан әрі өрбиді. Алғашқы оқиға Темірбектің өзінің құрбысын, нақтырақ айтқанда болашақ жарын үйіне қонақ ретінде әкелуден басталады. Кәмила (Кама) – Темірбектің сүйген қызы, кейіннен әйелі болады. Темекі тартады, тілінің уы бар қыз. Өте өжет жан, жүрген жерінде ұрыс-керіске ұшырап жағымсыз кейіпкер ретінде көрінеді. Әдеттегідей сүйіктісінің үйінде де өзін тым еркін ұстап, құрбысы екеуі өмір сүру туралы философиялық ойларын білдіріп үлгереді.

Келген қонақтардың бұл қылықтары Нәзилаға әсте ұнай қоймады. Ерке, тікмінезді Нәзила келген бикештердің тым еркінсуін, Тимурдың тым әйелжандылығын жақтырмай, сөз арасында қағытып-тиісіп отырады. «Қазіргі заманда жұрттың бәріне ұнай беру шарт емес» деген Кәмиляның сөзін қағып алып, әп сәтте-ақ өзіне қайтарады. Ақырында, Кәмила сүйіктісінің ерке қарындасының қылықтарын көтере алмай үйден кетіп қалады.

Ақкөңіл Қамажай бәрінің қас-қабағына қарап әлек. Ата-анасының жоғын білдіртпей, бауырларының қуанышына бірге қуанып, қайғы-мұңында демеу болып жүрсе де, ашу-ренішке жиі соқтығыса береді. Кейде өзінің көңіліне ешкім қарамайтындығына ренжиді. Бірде Тимурдың костюмін үтіктеп отырып, Кішкентай Ермек мектептен жылап келеді. Соны жұбатамын деп әлгі костюм күйіп кетеді. Жиынға кеткелі жатқан Тимур мұны көріп «мамулясына» қатты ашуланады.

Тимур: Жамап? Енді жамау костюм киюім қалған екен ғой. Түу, осы үйден береке таппай-ақ қойдым ау.

Қамажай: Неге олай дейсің? Береке таптырмай жүрген кім саған? Аузыңа не келсе, соны айта салатыныңды қайдан шығарғансың?

Тимур: Жалғыз костюмім жанып кетсе, енді не демекпін?

Қамажай: Жанбаса, құрып кетсін. Костюм, костюм деп төбемді оятын түрің бар ғой. Керек болса, баратын жерің жалаңаш бар. Мен бір әдейі өртегендей... Осылар ренжімесін», «Осылар қабақ шытпасын», - деп жар құлағым жастыққа тимей жүргенде, естір сөзім осы ма? Даладан ашуланып келсеңдер – маған зіркілдейсіңдер, қуанып келсеңдер – маған еркелейсіңдер. Ал, мен кімге ұрысам. Кімге еркелеймін (*Жыламсырап*). Мен де адаммын ғой. Көңіл жырту мата жыртудан оңай ма сендерге. Ал кет, басыңның ауған жағына: Кет!

Тимур: Қит етсе, көзінің жасы дайын тұрады бұлардың [2, 68-69].

Қамажай үйде бос отыра бермейін деп жұмысқа да орналасады. Осы кезде Тимур үйленіп, шаңыраққа тағы бір жан қосылады. Аяғы ауыр болған Кәмила Тимурмен ақылдасып, әлі жаспыз деп баласын алдыртып тастайды. Мұны Қамажай естіп қатты ренжіп, ашу үстінде Кәмиляны шапалақпен салып жібереді. Аяқ асты жанжал шығып, ақыры Тимур мен Кәмила үйден кетіп тынады.

Кейіпкер сөзі драмалық шығармаларда образ жасау амалын, қаһарманның сөз саптау салмағын, табиғатын танытады. Пьесадағы сирек көрінетін кейіпкер Омар – Қамажайдың інісі. Лақап аты Ом, мамандығы жағынан ғалым, философ, көбіне ғылыми тілде сөйлейді. Бірақ жаны ізгі жандардың бірі, сыпайы, сабырлы, адамгершілігі мол, бойын ашуға билетпейді. Ұрыс-керіс, қылжақбастыққа жаны қас, көп сөйлегенді ұнатпайды. Пьесада Омар көп сөйлемейді. Тек өзіне қатысты жайттарға ғана араласады. Кейде тіпті салқынқандылық танытып, өзгенің ісіне бас ауыртқысы келмейтіндей көрінеді. Тимур мен

Кәмила үйден кеткелі жатқанда Қамажай жан ұшырып, кешірім де сұрап, жалына түседі.

Қамажай: Екеуі... екеуі кетеміз деп жатыр. Қой десендерші. Омар, сен неге үндемейсің?

Омар: Мен... осылай боларын білгенмін. Ақыл айтсаң, азғырғандай көріп, жүре тыңдайтын адамға сөз әуре ғып керегі жоқ. Мен бұл дауға араласпаймын. Бір күні өздері түсінеді.

Қамажай: Бәрі өз бетімен. Жүректерің мұз болып кеткен бе, түге? [2, 82].

Қамажайдың «Енді қайттім, енді қайттым?... Бір шаңыраққа ие бола алмағаным ба? «Теміржан мен келінімді неге сыйыстырмадың?» – десе, анама не деймін? Не бетімді айтам?» деп жанын жегідей жегені неткен аянышты десеңші?! Жалпақтап, бар айтқанын істеп, аялап-мәпелеп отырғанда неге мұның қадірін түсінбейді? Неге сырттан демеу іздейді? Бар жылулықтың осы шаңырақта екенін неге ұқпайды? Бұл тасбауырлыққа кім кінәлі? Автор осы сауалдардың жауабын оқырманға тастайды.

Дулат Исабековтың «Әпке» драмасы орыс жазушысы Александр Володиннің «Старшая сестра» пьесасымен сарындас. Жастайынан жетімдіктің зардабын тартып өскен драматургтың «Старшая сестра» пьесасында өз өмірінің ұшқындары жатыр. А.Володиннің «Әпкесі» Надежда да Қамажай тәрізді өзінің артынан ерген сіңлісі Лиданың болашағы үшін аянбай еңбек етуден жалықпайды. Сіңлісін қамқорлықтан кенде қылмай, өзі оқудан тыс жұмыс жасап, күнкөріс қамын жасайды. Лиданың кішкене кезінен театрға деген қызығушылығын байқаған соң оның болашақта актриса болуын, театр сахнасында өнер көрсетуін мақсат етеді. Алайда театр сахнасы Лиданы емес Надежданы талап еткендей болады. Надяның бойындағы таланты әйтеуір көрініс табуы заңды еді. Дегенмен жан қалауы әсте орындала бермейді; техникумда оқу бар, құрылыста жұмыс бар, бірінші кезекте күнкөрісті ойлау керек. Осылайша қылаң еткен шабыт кейінге ысырылып қала береді. Соңында Лиданың әпкесінің қамқорлығынан зардап шеккендей ашумен үйден кетуі, Надежданың Қамажай тәрізді «Енді қайттім?» деген сан сұрақтың астында қалуы адамгершілік мәселесінде үлкен ой туғызады. Расында Лида айтқандай толағай ақылдың әркез бақыт әкеле бермейтіні ақиқат та болар.

Адам жаны бірде қуанышқа, бірде қайғыға толы емес пе?! Бірде жақсылық, бірде жамандық, екеуі қатар жүреді. Бұл – тіршіліктің заңдылығы. Тек тағдыр басқа салған сынақтарға еш мойымай, қажымай, алға ұмтыла білсең ғана бақытқа қадам басасың. Сабырлылық, төзімділік, мейірімділік, адалдық, ақкөңілділік, осының бәрін бойына сіңірген Қамажай да бақыт есігін қағып, мәңгі сонда тұрақтағысы келеді. Жақындарының разылығы мен қуанышын, шаттығын көріп, жетімсіретпей, өз парызын өтей білгеніне шаттанады. Бір атадан, бір анадан туған болса да, мінездері әрқилы бауырларының бақыты үшін нәзік жүрегін мейірімге толы аналық жүрекке айырбастағанына налымайды.

Қамажайдың еңбегі еш кеткен жоқ. Үлкені Омар диссертациясын сәтті қорғап, Астанаға үлкен қызметке орналасады. Тимур Ақтауда жұмыс жасап, бригадирлікке сайланады. Нәзила да оқуын бітіріп, мұғалімдік қызметке кіріседі. Ермек те ержетіп келеді.

Көрші әйел: ... Қара шаңырақ оларды қайда жіберер дейсің. Әй, Қамажай, өз дегенінді орындап, бәрі жеткіздің. Омарың – ғалым, Тимурың – бригадир, Нәзилаң – мұғалім, Ермек – оқушы. Енді... өзінді де ұмытпасаңшы. Саған ешкім ренжи қоймас.

Қамажай: Қайдам, осылардың анасын жоқтатпаймын деп жүріп, шын ана боп кеткен сияқтымын. Бәрі жас баладай көрінеді де тұрады.

Көрші әйел: Түу, Қамажай-ай. Қызықсың-ау. Сенің орнында басқаны қайдам, мына мен төзе алам ба, жоқ па білмеймін. Білсем де, қолымнан келмес-ау деп қорқамын [2, 92].

Пьесада ара-тұра көрінетін жағымды кейіпкер бар. Қабен – бақытын іздеп жүрген ақкөңіл жан. Қамажайға деген іңкәр сезімімен оны қанша күтуге болса да даяр. Жанашырлық танытып, сүйіктісінің бауырларына да қамқор болуға әзір.

«**Қабен:** Қамажай, сен уайымшылсың. Қойшы, осындай сөздерінді. Екеуіміз үй болған соң кішкентай Ермекті қолымызға аламыз.

Қамажай: Маған қалғандары да кішкентай.

Қабен: Онда бәрін де қолға аламыз.

Қамажай (күліп): Жо-жоқ. Ол болмайды. Мүлде қисынсыз.

Қабен: Сен жасыңа жетпей егделікке бой ұрмасаңшы. Кәрілік қайда қашады дейсің?» [2, 76]. Қамажайдың осылай өзін-өзі құрбан етіп, өз қалауынан бас тартуын әсте ешкім бағалай қоймайды, оны міндетті нәрсе деп қабылдайды. Өмірдің әділетсіздігі де сол емес пе?! Дегенмен автор үмітін үзбейді, бүгін болмаса да, әйтеуір ерте ме, кеш пе, бұл мейірбан жанның қайсарлығы, өжеттілігі өмір ағысымен өзіне аса зор мейірім-шапағатпен оралады.

Дулат Исабековтің жазушылық стилі бойынша, әдеттегідей, драма сапырылысқан күйбең тіршіліктің жалғасуымен, ешкімді де, ештеңені де дәріптеусіз тәмамдалады. Марқұм аналарының 60 жасқа толу

күнінде Қамажай, Ермек және көрші әйелдің ғана болуы, әрине, Қамажайдың жанына қатты батты.

Қамажай: Өзіміз-ақ өткіземіз. Өзіміз-ақ! Олардың қолдары тимейді. Өзіміз-ақ... Өзіміз-ақ! Ол осыған лайық па еді?! Тіпті тағдыр Қамажайға, Қамажай секілділерге лайықты алғыс пен ілтипатқа бөленудің өзін көп көретіндей. Сірә, осылай мейірбан жандардың қайырымдылық арнасының беріктігін сынай түсетін шығар.

Дулат Исабеков туындыларының әрбір кейіпкерлері ұлттық болмысқа бейімделіп, сомдалып отыратындығын автордың кез келген шығармаларынан көре аламыз. Бұдан драматургтың ұлттық менталитетті берік ұстанған азаматтық позициясын көреміз. Ұлттық сана болмысын туындыларына әрқашан арқау етіп, осы құндылықты насихаттап отырады [5, 79]. Бір ата, бір анадан туса да мінездері әрқилы ұл-қыздарды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай бағып-қаққан шаңырақтың үлкені – **Қамажай (Әпке)** бауырларының бақыты үшін өмірлік қызығынан бас тартып, артынан ерген іні-сіңлілерінің жолына барлығын құрбан етуге даяр мейірімді жан, ұлттық типтегі образ.

Дулат Исабековтың үлкен әпкесі Бибіғали өз теңін тауып, тұрмыс құрса да, бауырларын қараусыз қалдырмай, үнемі қамқорлығын аямады. Ол кезде жазушының үлкен ағасы 10-сыныпта оқитын еді. Әкесіндей болған, тым ересек көрінетін ағасы өзінен 5-6 жас ғана үлкен екенін бала Дулат білмеген еді. Мектеп бітіргеннен кейін жоғарғы оқу орнына түсемін деп дайындалып жүрген ағасы кенеттен болған жағдаяттарға байланысты бұл ойын шетке ысырып, үйленуге мәжбүр болады.

Драматург Дулат Исабеков өткен балалық шағын былай есіне алады: «Әпке» деген менің өзімнің өмірім ғой. Әпкелеріміз тұрмыс құрып кетсе де, бізді қараусыз қалдырмады. Кезектесіп келіп, қамқор болып жүрді. Ағамыз үйленген соң да, келін үйренісіп кетсін деп назарларының тыс қалдырмады. Үлкен әпкеміз Бибіғали балаларын күйеуіне қалдырып, бірінші кезекте бізді ойлайтын. Бірде әпкем өз үйіне біраз уақыт бармай қалғанда, жездеміз келіп: «Сен бізді де ұмытпасаңшы, сенің де өз балаларың бар, үйде тамақ жоқ. Біз де әбіржіп кеттік. Сенің бауырларың бала да, біздің өзіміздің баламыз бала емес пе?» – деді. Сондағы әпкемнің айтқаны: «Баланы керек болса, өзің бақ. Маған баладан гөрі бауыр қымбат. Өйткені маған бауыр тауып беретін қазір шешеміз жоқ». Мен өзіме былай сауал қоямын. «Мен осы сөзді айта алам ба?» «Бүгінгі таңда осы сөзді айта алатын адам бар ма?» «Бауырларымыз балаларымнан артық қоя алам ба?» Қиын-қыстау кезеңде отбасының берекесін сақтап, ел қатарлы колхозда бір тиын еңбекақы алмай жұмыс жасап, бізді жеткізген Әпкем туралы қалайша мен жазбайын?! [6]. Міне, жазушы-драматург Дулат Исабековтың «Әпке» пьесасының жазылуына басты түрткі болған осы жағдаят еді.

Әпке деген – қанатымен су сепкен қарлығаштай, бауырлары үшін бар қызығын құрбандыққа шалған қазақ қыздарының типтік образы. Бауырына туған баласынан да артық қарау – қазақ қыздарына ғана тән мінез. Қанша жыл өтсе де, «Әпке» қоғамда өзінің актуалдылығын жоғалтқан жоқ. Бауырмашылық азайған заманда халықтың Әпкені қайта-қайта сағынатыны сол себептен болар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Сығай Ә. Күрделі жанрдың жауынгері. Театр тағлымы. – Алматы: «Парасат» журналы, 2003. – 320 б.
- 2 Исабеков Д. Жеті томдық шығармалар жинағы. 5-том. Пьесалар. – Алматы: Атамұра, 2012. – 352 б.
- 3 Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы, 1995. – 144 б.
- 4 Ибраева А.Д., Қадыров Ж.Т., Смағұлова Н.Қ. Дулат Исабеков шығармаларындағы ұлттық таным // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы. – 2016. – №1 (55). – Б.115-121.
- 5 Бегманова Б.С., Сейсенбиева Э.С. Д.Исабеков драматургиясының көркемдік ерекшелігі // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология» сериясы – 2015. – №4 (50). – Б.76-80.
- 6 Дулат Исабеков – Әпке. Білім және Мәдениет арнасы. 04.01.2016. [Электрон.ресурс]. <https://www.youtube.com/watch?v=YUOAvut0xDQ>.

Ж.К. Султанбекова¹

*¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмета Ясави,
г. Туркестан, Казахстан*

ТЕМАТИЧЕСКО-ИДЕЙНАЯ ОСОБЕННОСТЬ ПЬЕСЫ ДУЛАТА ИСАБЕКОВА «ӘПКЕ» («СТАРШАЯ СЕСТРА»)

Резюме

В данной статье ведется анализ на тематическо-идейную особенность пьесы «Әпке» («Старшая сестра») писателя-драматурга Дулата Исабекова. Драматические произведения писателя имеют свой неповторимый индивидуальный стиль, который охватывает жизненно важные вопросы. Он воссоздает своих героев

естественно, без излишеств описывает внутренние психологические переживания своих героев. Все произведения автора описывают личные жизненные опыты писателя. Пьеса имеет много общего с реальной жизнью писателя. Оставшиеся без родителей дети были под присмотром старшей сестры Камажай, которая ухаживала и присматривала за детьми со всей любовью, присущей только родной матери. Прототипом главной героини послужила родная старшая сестра драматурга Бибигали.

Ключевые слова: драматургия, монолог героя, сестра, семья, воспитание, взаимоотношение, дружелюбие, счастье

Zh.Sultanbekova¹

*¹Khoja Akhmet Yasawi International kazakh-turkish university,
Turkistan, Kazakhstan*

THEMATIC AND IDEOLOGICAL FEATURE OF DULAT ISABEKOV'S PLAY «APKE» («ELDER SISTER»)

Summary

In this article we apply the analysis on thematic and ideological features of writer-dramatist Dulat Isabekov's play «Apke» («Elder sister»). The concrete explanation is offered on an essence of this play's creation. Writer's dramatic works have the unique individual style which covers the vital questions. He recreates the heroes naturally, without excesses describes internal psychological experiences of the heroes. All works by the author describe personal life experiences of the writer. The play has much in common with real life of the dramatist. When the children lost parents, they were under supervision of elder sister Kamazhay who became them's own mother. Elder sister of the dramatist Bibigali has served as a prototype of the main character.

Keywords: dramatic art, hero's monologue, sister, family, education, relationship, friendliness, happiness

FTAXP 17.01.09

A.B. Таңжарықова¹, З.Е. Қуандық²

*^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР ХАДИСТЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақалада Мұхаммед (Ғ.С.) пайғамбарымыздың мінсіз тұлғасы, өмірбаяны және пайғамбарлық қызметінің қазақ халқы арасында ақын-жыраулар поэзиясы арқылы қалай тарап дәріптелгені, олардың танымдық және тағылымдық сипаттары қарастырылған.

Қазақ халқында ислам діні және пайғамбарымызды таныту жұмыстары әдеби жол арқылы жүзеге асқан болатын. Діни тақырыптардағы идеологиялық жұмыстардың жүргізілуі қатаң жазаланатын кеңес үкіметі шындықты айтудан тайынбаған ер жүрек ақындарымызды түрмемен де, айдаумен де қорқытып тоқтата алмағаны тарихтан мәлім. XV-XIX ғасырлардан әлі күнге дейін ақын-жырауларымыз Алланың атымен бастап, пайғамбарымыз Мұхаммед (Ғ.С.) және сахабаларына деген ыстық ықыластарын өлең жолдарымен халық арасында дәріптеп отырған.

Қазақ әдебиетінде шығармалары арқылы халық арасына ислам дінінің кең таралуына және Мұхаммед (Ғ.С.) пайғамбарымызды танытуда еңбек сіңірген ақын-жырауларымыз арасында Ш.Құдайбердіұлы, М.Ж. Көпейұлы, Т.Ізтілеуұлы, Н.Наушабайұлы, Ш.Жәңгірұлының жасаған еңбектері орасан зор. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы насихат, үлгі ретінде көрсетсе, Тұрмағанбет Ізтілеуұлы мінежат сарынында береді. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шәді Жәңгірұлы діни-пәлсапалық сарынына баса назар аударса, Нұржан Наушабайұлы шарифатты өз өлеңдеріне тірек еткен. Барлығының негізгі айтар ойы –Аллаға иман келтіру. Бірақ жеткізу ерекшелігі өзгеше.

Түйін сөздер: хадис, өлең, дін, Құран, қазақ әдебиеті

Қазіргі заманда кеңес үкіметі тұсында қараланып, айып тағылған ақындардың еңбектері енді ғана жарыққа шығып жатыр. Әрине олар туралы айтар сөз көп. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Нұржан Наушабайұлы, Шәді Жәңгірұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуұлы шығыстың әдебиетімен сусындап, ислам дінін барынша уағыздап, қазақ халқын дін арқылы адамдыққа жетеледі.

Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде ақын-жыраулар поэзиясындағы дін мәселесінің неліктен қарастырмағандығы жөнінде: «Көптің ішінде тағы бір көзге түсетін зор кетігі: қазақ әдебиетінде XIX ғасырдың аяқ кезінде үлкен ағым сияқты болған дін қиссалары кірген жоқ. Дін сарынымен айтылған үгіт-өсиет өлеңдері де тексерілген жоқ. Ол ағымға кіретін ақынның ешбірінің аты да аталған жоқ. Бұл түрдегі өлең жұрнақтары қазақ әдебиетінің тарихына кіру керек еді. Бірақ олардың бұл кітапқа кірмеген себебі: қазақ ескілігін тексерген тұңғыш қызметте біздің көздеген мақсатымыз, әуелі қазақ елінің өз қанынан туып, өз сүтімен өскен ескіліктің ұлы денесін тұрғызып алмақшы болдық. Дін өлеңдерін, қиссаларды алсақ, көбінің сарыны шеттікі болудан басқа, мазмұндары да түгелімен мұсылман ғалымынан келген көшпелі, қыдырма әңгімелер. Сондықтан оларды тексеріп ұғынып, түсіну үшін жалғыз ғана қазақ топырағындағы көлеңкесіне қарап тон пішу керек емес, әрқайсысын тудырған жағдай мен себепті әуелгі шыққан ұясынан бастап ұғыну керек. Қазақтан бұрын араб, парсы, өңтүстік түріктері, шағатай, татар әдебиеттерін шолып өту керек. Сондықтан бұл өлеңдерге бөлек бір қызмет арнамақ болып, мына кітаптың ішіне әдейі кіргізгеніміз жоқ» [1, 11-12], – дейді.

Белгілі ғалым Уәлихан Қалижанұлы «Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым» деген монографиясында былай дейді: «Ақмолла, Мақыш, Әбубәкір, Нұржан, Шәді, Мәшһүр Жүсіп, Ыбырай, Абай, Шәкәрім секілді ақындар өз уақытынан оза туған, қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың жаңа үрдістерін бойына жинақтаған жаңа тұрпаттағы адамдар болатын. Олар әдебиетті тек көңіл қошы деп емес, қоғамдық ой-санаға ықпал ету үшін пайдаланған алғашқы демократиялық көзқарастардың бастауы болды. Осылай басталған процестер бүкіл қазақ даласына жайыла бастады» [2, 17].

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы еңбектерінде дін Исламның ақиқаттылығы, құндылығы, қадір-қасиеті, адамзат өміріндегі пайдалары уағыздалған. Оның тақырыптарының басты нысанасы дін, ал ақын сол дін тақырыптарын жеңіл, түсінікті, өз еліне қолайлы поэзия тілімен мүмкіндігінше жеткізуге тырысқан. Мұхаммед (Ғ.С.) пайғамбарымыздың хадистерін өзінің мысалдары арқылы бейнелеген. Жалпы дінді әдебиет арқылы насихаттаудың өзіндік даму жолдары мен өзгешіліктері бар, ал осы мәселеге Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы ерекше үлесін қосқан қаламгер.

Құранды негізге алып жазылған хадистер жинағы мен Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өлеңдеріндегі өзара сабақтастықты байқаймыз. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы насихат, үлгі ретінде көрсетсе, Тұрмағанбет Ізтілеуұлы мінежат сарынында береді. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шәді Жәңгірұлы діни-пәлсапалық сарынына баса назар аударса, Нұржан Наушабайұлы шариятты өз өлеңдеріне тірек еткен. Барлығының негізгі айтар ойы – Аллаға иман келтіру. Бірақ жеткізу ерекшелігі өзгеше. Ақын-жыраулар поэзиясында Пайғамбарымыздың хадистерінің көрініс алуы орынды.

Хадистер – дін үйренуге, Ислам әдептері мен мұсылмандардың тұрмыс-тіршілігіне қатысты Құран үкімдерін түсіндіруге бағытталған пайғамбарымыз Мұхаммедтің (Ғ.С.) нақыл сөздері. Ал кеңірек мағынада қарастырсақ, олар Аллаһ елшісінің тек нақыл сөздерін ғана емес, мұсылмандардың тұрмыс-тіршілігіндегі түрлі мәселелерге байланысты нұсқауларын, оның мінез-құлқын, сахабаларына немесе жақтастары мен дұшпандарына қатысты мәмілесін, сондай-ақ іргелес мемлекеттердің басшыларына жолдаған хаттарын да қамтиды.

Алла тағала Құранда : «Ол (Пайғамбар) өз ойынан сөйлемейді», – дейді. Демек, Аллаһтың дінін жеткізу барысындағы Пайғамбардың барлық сөздері мен іс-әрекеттері оның нәпсі қалауынан туындамай, жоғарыдан басқарылған [3, 4].

Hız Peygamber Muhammed (s.a.s) «in hayati diğer peygamberlerin hayatına benzemez. O müstesna bir hususiyet taşır. O okundukça insanların nazarında daha büyük; yakından tanıdıkça daha çok heyecan verir. O'nun hayatı muhabbet, şefkat, fazilet, hulus ve samimiyyet dolu bir hayattır. O beşeriyete Allah'ın en mükemmel dini olan İslamiyeti tebliğ etmiş; Allah, kullarına olan ni'met ve ihsanını O'nunla tamamlamıştır» [10, 203], – деген пікірден Мұхаммед (Ғ.С.) пайғамбардың хадистерінің танымдық әрі тағылымдық сипаттары бар екенін көре аламыз.

Хадистерді әр-түрлі тақырыптық топтарға бөледі. Мысалы: шынайы ықылас пен ниеттің маңыздылығы, жомарттық, сабырлылық, шыншылдық, тақуалық, тәкаппарлық, тәубе, ізгі амалдар

жасауға ұмтылу, үлкенге құрмет, көрші ақысы, туыстық қарым-қатынас, достық пен өзара сүйіспеншілік, дүниенің фәнилігі, қиянат пен зұлымдықтың зардабы, ерлі-зайыптылар жауапкершілігі, ғылым-білім және т.б.

Исламның бес парызына қатысты туындылар Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының шығармашылығында көптеп кездеседі, соның бірі «Бес парыз» деген өлеңі:

Бес нәрсе бізге бұйрық бір Алладан,
Ықыласпен қылу керек білген адам.
Кетпейді күн туғанда көзі жастан,
Дүниеде бейпіл босқа күлген адам.

Исламның бес парызы: біреуі –иман,
Таппайды бұл бесеуін дүние жиған.
Ықтиқат, шын ниетпен жұмыс қылып,
Ерлерді айт Құдай үшін жанын қиған!

Аузыңда болсын дайым Құдай сөзі,
Таймасын қарарлықтан көңіл көзі.
«Бір!» деп «бар!» деп илану – бізге парыз,
Ғаламға он сегіз мың патша – өзі [4, 166]!

Хадистерде бұл туралы: « Аллаһ елшісі: «Ислам бес (тірекке) негізделген: Аллаһтан басқа ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед оның елшісі екеніне куәлік беру, намаз оқу, зекет беру, қажылық (жасау) және рамазанда ораза тұту», – деді», – деп айтқан. Аллаһ елшісінен «Қандай амал абзал?» – деп сұрағанда: «Аллаһқа және оның елшісіне иман келтіру» деп (жауап берген). «Сосын не?» – дегенде: «Аллаһ жолында күрес жүргізу» деген. «Сосын не?» деп (сұрағанда): «Қабыл болған қажылық» деп айтқан [3, 26] .

Белгілі зерттеуші Ә.Дербісалиев пайғамбарымыз Мұхаммед (Ғ.С.) айтқан сөздері мен тағлымдары қалай тарағаны туралы мынадай пікір айтады: «Мұхаммед өзін «Алланың жердегі өкілі», (пайғамбар) деп танытқаннан кейін ойлары мен пікір-толғамдарын жұртқа Алладан естігені ретінде жеткізген. Оның сөйлеген сөздерін оқушылары мен шәкірт ізбасарлары пальма талшықтарына, тасқа, жалпақ сүйектерге жазған, немесе жаттап алып жұртқа таратқан» [5, 42] .

Белгілі ғалым Уалихан Қалижан Нұржан Наушабайұлы шығармашылығы туралы құнды пікір айтқан ғалымдарымыздың бірі: «Нұржан өлеңдерінің біразы дін жайында: ислам дінінің мән-жайы, парыз-қарызы, заң-шаригаты, о дүние, бұ дүние, діндар адамдардың мінез-құлығы, жақсылық-жамандық жайында. Ақын бір сөзінде нұсқалап, дүние ақирет бәрін айттым», – дейді [2, 178] .

Қазақ ақыны Нұржан Наушабайұлы Алланың бір екенін, Мұхаммед (Ғ.С.) оның елшісі деп жырлайды:

Әуелі иман, ораза, намаз, зекет,
Сен бұған , бір Аллада сол берекет.
Әуелі иман жаратқан тәңірі бір,
Болды кітап Пайғамбарым иман қыл деп.

Он екі парыз осы, білсең, пәнда,
Ықыласың, көңілің болсын онда.
Үшеуі ғұсылда, төртеуі таһаратта,
Және де төрт парызы таямумда.

Нәжісті халың келсе бойыңнан қу,
Уақытыңда даяр болсын ғұсылыңа су.
Форныңа барша дүниенің су атасың,
Әуелі аузын шай да, қолыңды жу.

Дұрыстық айырылмаңыз міндетіңнен,
Табарсың не тапсаң да ниетіңнен.
Кәміл деп мұны-дағы білмек дұрыс,
Сұрайды төрт парызды дәретіңнен.

Әуелі жүзінді жу ашық қылып,
Өзінді хақ жолына ғашық қылып.
Қол-шыңтағын, аяғың мен дұрыс жуып,
Басыңның төрттен біріне мәсих қылып.

Жігіттер, алла білер, болса мінің,
Иманмен өтсің дей көр ақыр демің.
Сөзінде намаз қаза болмастыққа,
Фарызын түсіндірейін таямумның [6, 97].

Осы өлең жолдары арқылы Нұржан Наушабайұлы иманға келу арқылы мұсылман баласы қаншама ырзық-берекеге ие болатынын жырлап отыр. Нұржан Наушабайұлының, жоғарыда келтірілген бұл өлеңі, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының мына өлеңімен үндес келеді:

Қырық парыздан: намазда тағы да он екі,
Пақ сумен таһарат алып, намаз оқы,
Екінші – жақсы жайда намаз оқы,
Болмасын киіміңнің есіл боғы.

Уақытында оқы, ниет қыл, құбыла намаз,
Бұл алтауы намаздың тысындағы.
Алтының бірі қалса, намаз емес,
Әйтеуір Алла қабыл қылсын-дағы!

Ішіндегі: парыз – және де алты,
Болмасын намазыңның ешбір қаты.
Құлақ қағу, қыраат рукүғ сәжде,
Ақырғы үтір (отыр) суы, соңғы – арты.

Осымен он екінші болды тамам,
Намазды қалдырмағыл, оқы әман.
Намазды жорта қойса кәпір болар,
Ғазабы қиямет күн болар жаман.

Ғұсылда қырық парыздан үш парыз бар,
Ауыз, мұрын таза жу, ай, пірадар!
Үшіншісі – жуылсын барша тәнің.
Жуылмаса, көрерсің (не) зарарлар [7, 197-198]!

Екі өлеңде Құран мен пайғамбарымыз Мұхаммедтің (Ғ.С.) хадистерімен сәйкес келіп тұр. Намаздың парыздарын тізбелеп, өлең жолдарымен беруі, барша оқырман қауымға түсінікті болады. Б.Әзібаеваның еңбегінде өлең, қисса, дастандардың екі түрлі жолмен жеткендігін баяндайды: «Біріншісі, Ислам дінін таратушылардың іс жүзіндегі (мешіт, медресе) үгіт-насихат жүргізуі арқылы жүзеге асса, екіншісі – ақынжанды дала тұрғындарының жан-жүрегіне тасқа басылған жыр сөздермен әсер ету арқылы орындалған тәрізді» [8, 23].

Жәбір, ол Аллаһтың елшісінің (Ғ.С.) былай деп айтқанын жеткізді: «Бес уақыт намаз, күніне бес уақыт шомылатын, кез-келгеніңнің есігіңнің алдында ағып жатқан езен секілді», Абу Хурайра, ол Аллаһтың елшісінің (Ғ.С.) былай деп айтқанын жеткізді: «Күнделікті оқылған бес уақыт намаз және әр аптада оқылған жұма намазы, осылардың арасында жасалған кішігірім күнәлердің кешірілуіне себеп болады, әрине егер де олардың арасында ауыр күнәләр болмаса», Осман бин Аффан, ол Аллаһтың елшісінің, (Ғ.С.) былай деп айтқанын жеткізді: «Парыз намаздың уақыты кірісімен дұрыстап дәрет алып, ал намаз кезінде дұрыс бой ұсынып және барлық бүгілуді (рукух) дұрыстап орындаса, бұл намаз кез келген мұсылман үшін оған дейін жасалған күнәлердің кешірілуіне себеп болады, (әрине) егер олардың ішінде ауыр күнәлердің бірі болмаса болды, және бұл әруақытта солай болады», Хабар бойынша, Ибн Омар, ол Аллаһтың елшісінің, (Ғ.С.) былай деп айтқанын жеткізді: «Ислам бес дінгектен тұрады: Аллаһтан басқа құдай жоқ және Мұхаммад – Аллаһтың елшісі, деп куәлік беру, намаз оқу, зекет төлеу, Аллаһтың үйіне Қажылық жасау және Рамазан айында ораза ұстау» [9, 23-24].

Осы дүниеде адамдарды тура жолға бастап, бірақ өзі теріс жолда жүретін адамдар бар. Олар өздеріне қиянат қылып жүргенін сезбейді. Олардың тозақтағы халі өте ауыр болатының, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы былай айтады:

Келеді бір түрлісін періште айдап,
Аузынан ірің ағып, соры қайнап.
Салбырап тілі жетіп (түсіп) кеудесіне,
Тілдерін азуымен қыршып шайнап.

Бұлар сол: оқып ұқпай босқа қалған,
Шын болмай ықтиқаты болып жалған.
Жұртқа айтып насихатты, өзі тұтпай,
Дүниенің тұзағында тұтқын қалған.

Дүние үшін оқу оқып, болған молда,
Болғанда сәлде баста, кітап қолда,
Білгенін өз басына пайда етпеген,
Масқара көп алдында болар сонда [7, 325-326].

Хадистер жинағында, бұл туралы: Усама ибн Зәйдтен (Аллаһ әкесі екеуіне разы болсын). Ол: «Аллаһ елшісінің: «Қиямет күні бір кісі әкелініп, отқа лақтырылады. Отта оның ішектері ақтарылып, диірмен тасын айналдырған есектей айналып жүреді. Сол кезде, тозақтығылар оның қасына жиналып: «Ей, пәленше! Саған не болды? Бізді құпталғанға бұйырып, теріске шығарылғаннан қайтармайтын ба едің?» – дейді. (Сонда) ол: «(Иә,) мен сендерді құпталғанға бұйырып, оны өзім істемейтінмін және сендерді теріске шығарылғаннан қайтарып, оны өзім істейтінмін», – деп айтады», – дегенін естідім», – деген [3, 440].

Қазақ әдебиетінің XIX ғасыр және XX ғасырдың бас кезіндегі дамуында өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармашылығындағы Мұхаммед пайғамбар (Ғ.С.) хадистеріне туралы туындылар сөз өнерінің насихаттық-ағартушылық құралы ретіндегі қызметін күшейте түсті. Ақындардың діни туындылары сауаты бар адамдардың қолдарымен көшірілудің нәтижесінде осы күнге жетіп отыр. Осындай насихаттық-ағартушылық діни шығармалар халықтың ұлттық болмысы мен психологиясының, әдет-ғұрыптарының, тілі мен ділінің сақталуына зор ықпал жасады. Еліміз тәуелсіздігін мәңгілік баянды ету жолындағы сан салалы жұмыстардың орындалуына адамгершілік құнды мұраттарды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келген ақындардың діни туындылығын зерттеудің де өзектілігі айқын танылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әуезов М. *Жиырма томдық шығармалар жинағы. VI том.* – Алматы: Жазушы, 1985. – 400 б.
- 2 Қалижанұлы У. *Қазақ әдебиетіндегі діни-ағартушылық ағым.* – Алматы: Білім, 1998. – 256 б.
- 3 Сахих Әл-Бұхари. *Ауд. Спатай Қ.* – Алматы: Кәусар-саяхат, 2013. – 752 б.
- 4 Көпейұлы М.Ж. *20 томдық шығармалар жинағы. I том.* – Алматы: Алаш, 2003. – 504 б.
- 5 Дербісәлиев Ә. *Араб әдебиеті.* – Алматы: Мектеп, 1982. – 207 б.
- 6 Наушабайұлы Н. Алаш. – Қостанай, 1997. – 191 б.
- 7 Көпейұлы М.Ж. *20 томдық шығармалар жинағы. II том.* – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.
- 8 Әзібаева Б. *Қазақтың діни дастандары.* – Алматы, 2002. – 431 б.
- 9 Имам ән-Нәуәуи. *Хадистер жинағы.* – Алматы: Көкжсиек, 2013. – 656 б.
- 10 Тұрымбетова Ж.А. *Қазақ ақын-жырауларының шығармаларында хазіретті пайғамбарымыз // Абай ат. қазҰПУ-нің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы.* – 2016. – Т.3. №57. – 203 б.

А.В. Танжарыкова¹, З.Е. Куандық²

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

**ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ХАРАКТЕР И ВЛИЯНИЕ ХАДИСОВ
ПРОРОКА МУХАММЕДА НА ПОЭЗИЮ АКЫНОВ-ЖЫРАУ**

Резюме

В данной статье мы рассмотрим труды знаменитых представителей письменной литературы периода жырау и поэтов казахстанской литературы, выразивших свои чувства через поэзию почтеннейшему Пророку,

являющемся предметом всеобщей любви исламского мира и казахского народа.

Казахский народ узнал об исламском вероисповедании и пророке Мухаммаде (Г.С.) больше из исследований, проведенных литературным путем. Хотя не мало доблестных и мужественных поэтов было отправлено в ссылки и тюрьмы за труды такого рода, нашлось много храбрых поэтов с львиными сердцами не отказавшихся говорить правду и в те времена. Казахские поэты и жырау начинали свои работы с именем Аллаха и писали с большой любовью и уважением о Пророке Мухаммаде (Г.С.) и его сподвижниках с целью ознакомления народа работами XV-XIX веков.

Труды таких поэтов, как Шакарим Кудайбердиулы, Машхур Жусуп Копейулы, Шади Жангирулы, Нуржан Наушабайулы, Турмаганбет Изтилеулы, посвященные исламской теме и Пророку Мухаммад (Г.С.), имеют большое значение в казахской литературе и для нашего народа. Казахские поэты писали о Пророке в рамках общественного понимания казахов.

Ключевые слова: хадис, стих, религия, Коран, казахская литература

A.Tanzharykova¹, Z.Kuandyk²

*^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abay,
Almaty, Kazakhstan*

KNOWLEDGE AND INFLUENCE OF HADITH OF PROPHET MUHAMMED IN AKYN-ZHYRAU'S POETRY

Summary

In this article we look at how the glorious representatives of written Kazakh literature Jirau's and poets express their feelings through poetry to the Prophet who is the subject of universal love of the Islamic world and the Kazakh people.

Kazakh people have learned about the religion of Islam and the Prophet Muhammad more from researches carried out in the literature. However, there were many brave and courageous poets sent in exile and imprisoned for these type of writings, still many lionhearted, brave poets did not refuse to tell the truth at that time as well. Kazakh poets and jirau began their work with the name of Allah, and wrote with great love and respect to the Prophet Muhammad and his companions in order to introduce people with works of XV-XIX centuries.

Works of such poets as Shakarim Kudaiberdyuly, Mashur Jusup Kopeiuly, Turmaganbet Izteleuly, Noushabaev Nurzhan, Shadi Zhangiruly which teach about Islam and Prophet Muhammad, are of a great importance in Kazakh literature for our nation. Kazakh poets wrote about the Prophet within the public understanding of the Kazakh nation.

Keywords: Hadith, verse, religion, Koran, kazakh literature

МРНТИ 17.01.11

A.M. Tenbaeva¹

*¹Академия гражданской авиации,
г. Алматы, Казахстан*

О КУЛЬТУРНЫХ АСПЕКТАХ ТЕНДЕНЦИИ ВИЗУАЛИЗАЦИИ СОВРЕМЕННОЙ ПОЭЗИИ

Аннотация

В статье рассматриваются общекультурные причины тенденции визуализации современной поэзии. Автор указывает на то, что корреляция визуально зримых образов и переносных значений слов стала привычным явлением. А.Тенбаева обращается к знаковым трудам известных современных философов, психологов, филологов: Р.Арнхейма, Ж.Бодрийяра, Ю.Лотмана, Э.Тоффлера.

Акцентируется органичность визуальности для человеческой интеллектуальной деятельности в принципе. Выявлены основные предпосылки трансформации сознания современного индивида. Это – новая семантика вещи, влияние эстетики кино и парадигмы постмодернизма.

Анализ трудов философов Э.Тоффлера, Ф.Гиренка и К.Фрумкина выявил объединяющую их идею. Это идея о появлении качественно иной модели реальности, нового восприятия окружающей действительности. Новое сознание породило клиповое мышление – мышление, ориентированное на визуальные картины. Оно способно быстро переключаться с одного информационного фрагмента на другой. Клиповое сознание является закономерным этапом эволюции мышления индивида.

Ключевые слова: визуализация поэзии, культурные тенденции, информация, клиповое мышление,

переносное значение слов

На наш взгляд, в современной казахской поэзии последних десятилетий отчетливо прослеживается тенденция визуализации. Прямой план, зримые картины описания внешней обстановки коррелируют с переносными значениями тропов.

Так, например, у Гульнар Салыкбай – в постмодернистском тумане переплелись: город, чувства, образы бессознательного.

Ауа райының жанларында
Азайды сәттер бағалы.
Қалының қара тамырларында
Толассыз көлік ағады.

Көрместің тиіп таяғы бетке
Жаңылды аяқ долбары.
Тұманды қала жаяды көкке
Арсқан ағаш қолдарын.
Соқырлар ғана жасқанып өріп,
Көшеге сурет салды айқын.
Соқырлар ғана – басқаны көріп,
Тек өзін көре алмайтын.

Күмәнді қала,
Тұманды қала
Белгісіздіктің буынан.
Жанымда жүрген жыланды қара!
Сұрасам ба екен уынан...
(«Ауа райының жанларында...») [1].

Несомненно, процессы, происходящие в отечественной поэзии, отражают мировые культурные процессы. В данной статье – краткий анализ взглядов современных философов, психологов, филологов на основные тенденции изменения сознания человека новой эпохи.

Визуальное мышление вообще свойственно интеллектуальной деятельности. Американский психолог Р.Арнхейм указывал на то, что мышление – это большей частью визуальное мышление, поскольку зрение может воспринимать все, в том числе и сложные пространственные отношения [2].

Когда З.Фрейд показал психологические отношения на абстрактных рисунках, это был «не технический обучающий прием, применяемый им в лекциях с целью облегчить понимание процессов, о которых сам ученый думал на совсем другом языке. Нет, он изобразил процессы именно так, как сам о них думал, безусловно, хорошо понимая, что мыслит аналогиями» [2, 160].

Р.Арнхейм объясняет, почему так охотно в серьезных научных исследованиях применяются диаграммы, особенно содержащие круги, как, например, круги Эйлера. Главная причина состоит в том, что восприятие концентрируется на общих свойствах, поскольку мышление идет параллельно с восприятием [2].

Ученый указывает на принципиальные свойства науки и искусства в свете визуального мышления, так как перцептуальный опыт и теоретические исследования находятся в близком родстве. «Помимо чисто этимологических преимуществ слов, хорошее письмо в литературе, как в науке, отличается тем, что постоянно воскрешает в памяти живые образы объектов, обозначаемых словами» [2, 167].

На мировосприятие современных людей существенное влияние оказала семантика вещи. По мнению Ж.Бодрийера [3], ушедший век стал эпохой нового типа взаимодействия человека и вещи. Ключевым понятием в этой системе отношений является понятие «потребление». «Потребление – это виртуальная целостность всех вещей и сообщений, составляющих отныне более или менее связный дискурс. Потребление... есть деятельность систематического манипулирования знаками» [3, 213].

Вещественный мир, по замечанию Ю.Лотмана, имеет семиотическую природу. Изменения в семиотике вещей неминуемо влекут изменения семиотического пространства культуры. В мире все меньше остается уникальных вещей, то есть вещей, которые мы не представляем визуально. Многие вещи перешли в знаки бытия. Из литературы стали уходить прямые указания на психологические состояния. Читатель перестал верить описаниям чувств. Говорить о чувствах и настроениях опосредованно, через вещи, стало нормой. Вещи «обросли» символическими значениями. Символы

пронизывают культуру. По словам Ю.Лотмана, символы выступают как «отчетливые механизмы коллективной памяти» [4].

В.Руднев писал, что искусство кино определило образ XX века. Это пространство, где реализуется семантика возможных миров, поскольку оно создает иллюзию реальности [5].

Кино с момента своего появления связано с трансформацией пространства. Привычные представления о пространстве были в одиночасье разрушены фильмом «Прибытие поезда» братьев Люмьер. Поезд двигался по оптической оси взгляда, и это вызывало шок у зрителей [5].

Литературная кинематографичность является одной из доминант развития идиостилей XX века. Литературная кинематографичность – это монтажная композиция, организующую роль в которой играет динамическая ситуация наблюдения. Литературная кинематографичность отразилась не только на точке зрения, как писала И.А. Мартынова: «эстетическая манипуляция звуком в кино стимулировала изображение спонтанной устной речи, а тотальная зримость кинематографа усилила тенденцию показа в литературе, что заставило современных авторов в большей мере изображать поступки персонажей, а не объяснять их, повлияв тем самым на характер читательского восприятия, сделав его более творческим» [6, 40]. Фреймы кино расширили аллюзивность текстов XX века, концепт кино вписался в семантический ряд «сон, мираж, зеркало, виртуальная реальность, компьютерный мир» [6]. Как известно, мифология вписывается в этот ряд. Например, об этом – в статье А.А. Найманбаева [7].

По поводу соотношения мысли и визуального образа Бахытжан Канапьянов писал: «У каждого вида искусства есть нечто общее со всеми остальными, некое связующее звено. Я называю его четвертым измерением воображаемого мира, плазменным состоянием души, когда художественный образ обретает собственную жизнь. Это явление позволяет перекидывать мостик между искусствами, используя, например, в кино поэтические приемы в литературе – нечто более типичное для кино... Я ощущал за экраном монитора во время работы над своим видеофильмом «Бессонница: Париж, Пуркуа?» те же чувства, как когда садился за чистый лист бумаги. Это предчувствие образа, когда еще чуть-чуть – и возникает субстанция, доступная пониманию других людей, несущая в себе объяснение загадки нашего бытия. Вот такая своеобразная материя оживших образов воображения появляется на стыке искусств. По-моему, подобный синтез станет главной формой творческого проявления личности в XXI веке» [8, 73].

Morley rightly says, “Intelligible pronunciation is an essential component of communication competence” [3, 488]. Thus learning to pronounce the sounds of English in natural speech is a crucial part in English pronunciation learning. It is widely recognized that acquiring good pronunciation is very important because bad pronunciation habits are not easily corrected. Kelly states that a learner who consistently mispronounces a range of phonemes can be extremely difficult for a speaker from another language community to understand. This can be very frustrating for the learner who may have a good command of grammar and

lexis but have difficulty in understanding and being understood by a native speaker [4, 120].

Main body. The sound system of English is made up of phonemes, or individual sounds which carry the potential to make meaning, and these may be vowels, diphthongs (combinations of two vowel sounds), triphthongs (combinations of three vowel sounds) or consonants. These sounds are made using our tongue in different parts of the mouth.

Every syllable of every word in English has a vowel or vowel sound. Unfortunately, it doesn't play fair when comes to vowels. A vowel does not always have the same sound. Each vowel has both a long and a short sound. When vowels are next to each other on words, new sounds may occur. In words, surrounding consonants, such as l and r, may change vowel sounds.

There are six vowel letters in English: A, E, I, O, U, Y. The letter Y represents the vowel sounds [i], [ai] (mystery, type) and the consonant (semivowel) sound [y] (yes). Together, vowel letters represent from 15 to 22 vowel sounds.

In order to reveal the frequency of usage the words with combinations of vowels and show the diversity of vowel letters in reading and writing, we have analyzed two-letter vowel combinations in the novel by John Galsworthy "The Forsyte Saga" [5]. Many of these words are repeated in the same page several times.

aaeaiaoa ua ya
ae ee ie oi ue ye
ai eu io ou ui yo
au ey iu oy ay

The initial two-letter combinations

In the text of the novel "The Forsyte Saga" are found following ten two-letter combinations of vowels in the beginning of a word: *aa, ai, au, ea, oa, oi, ou, ya, ye, yo*.

The combination of aa

Phonetically – is one long vowel [a:]. The stress falls on the specified sound combinations in a word: aard-wolf ['a:d yvulf] 'earth wolf'.

The combination of ai

Phonetically:

1. The combination of two sounds: the vowel [e] + vowel [i].
2. The combination of the two sounds: According to [e] + vowel [e] (before the letter g) was put to one syllable.

In the initial position of the word combination *ai* recorded five times. For example: aid [eid] 'assist, to promote', ail [eil] 'harass'. Before the consonant *r* this combination is read as: [ee]. For example, air [ee] 'air'. The combination is unstressed.

The combination of au

Phonetically it is – one long vowel [a:].

The combination is met rarely, found only in the word: authorize. The stress falls on the first vowel combination.

The combination of ea

Phonetically it is – one long vowel: [i:].

This combination before consonants: *g, t* is read as one vowel [i:]. The stress falls on the specified vowel combination. For example: eager ['i: gə] 'desirous', eater ['i:tə] 'eater, eating fruits'.

The combination of oa

There are three options for the phonetic reading of this combination:

1. Phonetically it is diphthong [ou] transmitting one syllable. The combination is used in many words, the stress falls on the first vowel. For example: oaken 'oak', oaten 'oat'.
2. Phonetically it is a combination of the two diphthongs: [ou] + [ei], transmitting one syllable. The combination recorded in the word: oasis [ou 'eisis] 'oasis'. Stress falls on the second diphthong [ei].
3. Phonetically it is one long vowel [a:]. The combination is used in the word of the oar [ɔ:].

The combination of oi

Phonetically it is a diphthong [oi], transmitting one syllable.

The combination is met rarely, found in a word: oil [oil].

The combination of ou

There are two versions of the phonetic reading of this combination:

1. Phonetically it is a diphthong [au], transmitting one syllable. The combination is found in words like out [aut] 'outside, outside, outdoor', oust [aust].

2. Phonetically it is one long vowel [ɔ:]. This combination occurs before *ght* combination of letters and read as [ɔ:]. For example: ought [ɔ:t].

The combination of ya

There are two versions of the phonetic reading of this combination:

1. Phonetically it is a combination of two sounds: consonant [j] + vowel [a:]. Hit the first vowel in the word combinations: yard [ja:d].

2. Phonetically it is a combination of two sounds: consonant [j] + vowel [æ]. It occurs in the word yap [jæp].

The combination of ye

Phonetically it is a combination of two sounds: consonant [j] + vowel [e] transferred one syllable. For instance, yellowish ['jelouɪʃ].

The combination of yo

There are two variants of phonetic reading of this combination:

1. Phonetically it is a combination of two sounds: consonant [j] + vowel [a:]. Combination of unit occurs in the word yore [jo:] 'long ago'.

2. Phonetically it is a combination of consonant [j] + diphthong [ou] transferred one syllable. The combination is rarely met in the word, for example: yokel, stress falls on the first vowel.

Middle two-letter combinations

In the text of the novel "The Forsyte Saga" are found following thirteen two-letter combinations of vowels in the middle of words ai, ea, ee, ia, ie, io, iu, oa, oi, ou, ua, ui, yo.

The combination of ai

Phonetically it is a diphthong [ei], transmitting one syllable.

Stress in words: nail [neɪl], plain [pleɪn] falls on the first vowel combinations. But in borrowed words before the letter *v* is – a combination of two vowels [a:] and [i:], for example: naive [na:'i:v]. In this word the second vowel of this combination is a stressed.

The combination of ea

There are several variants of phonetic reading of this combination:

1. Phonetically it is a combination of two vowels: the vowel [i] + vowel [e]. In a word appearance, stress falls on the first vowel of the combination.

2. Phonetically it is one long vowel [i:]. Stress in words: heat [hi:t], neatly ['ni:tli] falls on the first vowel combinations.

3. Phonetically it is one vowel [e]. Before the letters *th*, *t*, *d*, this combination is read as one vowel [e]. For example: death, already [o:lredi], greatly. In all these words the stress falls on the first vowel combinations.

The combination of ee

Phonetically it – one long vowel [i:].

In words: seem [si:m], between [bi'twi:n], seeing ['si:ɪnj], here the stress falls on the vowel combinations.

The combination of ia

There are several options for combining pronunciation:

1. Phonetically it – a combination of two sounds: consonant [j] + vowel [e]. Combination of unit occurs in unstressed position: apiary ['eɪpjəri].

2. Phonetically it is a triphthong – a combination of the diphthong [ai] + vowel [e]. Stress in a word: appliance, here the stress falls on the first vowel combinations.

The combination of ie

There are three options for reading this combination:

1. Phonetically it – one long vowel [i:]. In a word: 'believing' accent falls on the vowel combinations.

2. Phonetically it is a triphthong – a combination of the diphthong [ai] + vowel [e]. The word: anxiety, stress falls on the first vowel combinations.

3. Phonetically it is a combination of two sounds: consonant [j] + vowel [e]. In the word 'convenience'.

The combination of oi

There are several variants of phonetic reading of this combination:

1. Phonetically it is a triphthong – a combination of the diphthong [ai] + vowel [e]. For example, riot [raɪət].

2. Phonetically it – a combination of two vowels: the vowel [i] + vowel [o]. For example, 'preciosity'.

The combination of iu

There are two variants of phonetic reading of this combination:

1. Phonetically it – a combination of two vowels: the vowel [i] + vowel [e:]. The combination is found only in the word: demiurge. This combination of the word is unstressed.

2. Phonetically it is a combination of the diphthong [ai] (one syllable) + vowel [i]. The stress with this combination falls on the second vowel. For example: triumphant.

The combination of ou

There are three ways of phonetic reading of this combination:

1. Phonetically it – diphthong [ai], transmitting one syllable. Stress in words: about, account [e'kaunt], accountant.

2. In words borrowed from the French language, the combination is pronounced as a long vowel sound [and:]: accoutre.

The combination of ua

Phonetically it is a combination of two sounds: a long vowel [u(:)] + vowel [e].

In a word: truant ['tru(:)ent], the stress falls on the first vowel combinations.

The combination of ui

There are two ways of reading the phonetic combinations:

1. Phonetically it – one vowel / U /. The combination is read as one vowel [i]. For example: building ['bɪldɪŋ].

2. Phonetically it – a combination of two sounds: consonant [j] + long vowel sound [and:]. Read as [ju:] before the letter v. For example, suit [sju:t], suitable. The stress falls on the first vowel combinations.

Final two-letter combinations

In this novel are found four two-letter combinations of vowels at the end of words, au, eu, ou, ou.

The combination of ay

Phonetically it – diphthong [ei], transmitting one syllable. For example, day [dei] 'day', may [mei], say [sei], stay [stei].

The combination of ey

There are two ways of reading the phonetic combinations:

1. Phonetically it – diphthong [ei], transmitting one syllable. It occurs in the word: they. It is unstressed.

2. Phonetically it – one vowel [i]. It is shock-free, is used in the word money.

The combination of oi

Phonetically it – diphthong [ai], transmits one syllable. The combination is met in the word 'thou'. The stress falls on the first vowel combination.

Conclusion. The analysis demonstrates that pronunciation of combinations of vowels can be a tricky area for students. So, vast majority of learners may have difficulties with particular sounds, sound combinations or with putting particular sounds in particular positions. Moreover, the quality of vowels can change dramatically depending on how much they are stressed. Having said this, it is certainly not necessary to have native-speaker-like pronunciation. Our accent is part of us as well as our culture, and there is no need to lose it entirely. English pronunciation is very different from Kazakh and Russian pronunciation. The number of letters and the sounds that they represent are not the same in English, Kazakh and Russian, and some English sounds do not have corresponding sounds in native language. The real key to having good pronunciation is what we call 'comfortable intelligibility'. Therefore, learning the English vowel sounds is a crucial part in achieving good pronunciation and intelligibility.

References:

- 1 Kenesbaev I., Musabaev G. *Modern Kazakh Language. Lexics. Phonetics.* – Almaty: School, 1975. – 304 p.
- 2 Kaidarova G., Sugirova S. *Sound combinations in the sound composition and combination ability // Bulletin of KazNPU after Abai, series of «Philological sciences».* – 2016. – №2(56). – P.84-88.
- 3 Morley J. *The pronunciation component in teaching English to the speakers of other languages // TESOL Quarterly.* – 1991. – №25(3). – P.481-520.
- 4 Kelly, Gerald. *How to Teach Pronunciation.* – Harlow: Longman, 2002. – 180 б.
- 5 John Galsworthy *“The Forsyte Saga”.* – United Kingdom, 1999. – 912 p.

А.Абзалбекқызы¹, А.Елеусіз²

^{1,2}АҚ «БАҒО» «Өрлеу» Педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты,
Тараз қ., Қазақстан

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ҮЙЛЕСІМДІ ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ОҚЫЛУЫ МЕН АЙТЫЛУЫНДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР

Түйіндеме

Бұл мақала айтылымның ағылшын тілін оқытудағы алар орнын қарастырады. Жұмыста сипаттау әдістері арқылы ағылшын тілінде кездесетін үйлесімді дауысты дыбыстар талданған. Бұл тілде дауысты дыбыстардың үйлесімділігі көп кездеседі, сондықтан бұл үйлесімдікті құрайтын дауысты дыбыстарға қарап оның дұрыс айтылуы мен оқылуын анықтау мүмкін емес. Мақалада сөздің басында, ортасында, соңында кездесетін дауысты дыбыстар үйлесімділігі зерттелген. Дауысты дыбыстар үйлесімділігінен тұратын сөздер Д.Голсуорси «Сага о Форсайтах» романынан алынған.

Ағылшын тілінің айтылымы – қиын, әрі болжауға келмейтін құбылыс. Сондықтан айтылымға қажетті көңіл бөлінбесе, ұсақ қателер әдетке айналуы мүмкін. Айтылымды не ғұрлым ұзақ елемесек, соғұрлым көп әдет қалыптасады. Мұнда ерекше көңіл үйлесімді дауысты дыбыстардың айтылымы кезінде жасалатын қателерге бөлінген.

Түйін сөздер: дауысты дыбыстардың үйлесімділігі, айтылуы, дауысты дыбыстар

А.Абзалбекқызы¹, А.Елеусиз²

*^{1,2}АО «НЦПК» «Өрлеу» Институт повышения квалификации педагогических работников,
г. Тараз, Казахстан*

ПРОБЛЕМЫ В ЧТЕНИИ И ПРОИЗНОШЕНИИ СОЧЕТАНИЙ ГЛАСНЫХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Резюме

Данная статья рассматривает роль произношения в обучении английскому языку. В работе использованы описательные методы, с помощью которых анализируется сочетание гласных на английском языке. Дело в том, что для этого языка характерно наличие большого числа сочетаний букв, произношение которых невозможно вывести из звуков, составляющих эти сочетания. В статье исследуются сочетания гласных букв в начальном, среднем и конечном положении в слове из романа Д.Голсуорси «Сага о Форсайтах».

Английское произношение сложное и иногда непредсказуемое. Если не уделять достаточное внимание произношению, то мелкие ошибки перерастут в привычки. Чем дольше мы будем игнорировать произношение, тем больше привычек будет сформировано. Особое внимание уделяется ошибкам в произношении сочетаний гласных английского языка.

Ключевые слова: сочетание гласных, произношение, гласные звуки

FTAXP 14.25.09

К.С. Алдашева¹

*¹М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Орал, Қазақстан*

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ОҚУЛЫҚТАРЫ МЕН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНДАҒЫ ЖАҢА СӨЗДЕРДІҢ ҚАМТЫЛУЫ

Аңдатпа

Қазақ тілінде білім беретін жалпы орта білім беру жүйесінде жаңа сөздерді меңгерудің әдістемесі біршама дәрежеде қарастырылған. Дегенмен ұзақ уақыт бойында және кеңестік кеңістіктегі биліктің ықпалымен білім мазмұнының қалыптасқан жүйесі, негізгі ұғымдардың өзге тілде берілуі және олардың белгілі бір әлеуметтік топтың тілдік санасында бекітілуі ұлттық дүниетанымының айрықша дереккөзі және нәтижесі ретіндегі қазақ тілінің ауқымды әлеуетін танып-түсінуге елеулі кедергі жасағаны белгілі.

Осыған байланысты және жалпы орта білім беру жүйесінде білім алушыларды лингвомәдени тілдік тұлға ретінде қалыптастыру мақсаттарында тілдің ішкі әлеуеті арқылы жасалған, қазақыландырылған жаңа лексикалық бірліктерді мектеп оқушыларының меңгеруі үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдерді игеру ісі пәрменді түрде жаңартылуда.

Мақалада жалпы орта білім беру жүйесіне арналған «Қазақ тілі» оқулықтарындағы жаңа сөздердің қамтылу деңгейі талданған.

Түйін сөздер: тіл саясаты, Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, «Қазақ тілі» оқулықтары, жаңа сөздер, қалыптану, дидактикалық база

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Тіл және әдебиет» білім саласы бойынша білім берудің нәтижесінде оқушылар «жеткілікті сөздік қорының, терминологиясының, грамматикасының және мәтіндік стилистикасының болуы, оларды сөздік қатынастың негізгі саласында пайдалана білуі тиіс» [1] деп көрсетілген. Бұл орайда оқушылардың коммуникативтік сапасын жоғары деңгейге жеткізудегі жаңа сөздерді меңгерудің маңызы ерекше екендігін атап өту керек. Жаңа сөздерді меңгертумен байланысты зерттеу проблемасын анықтау мақсатында 5-11 сыныптар бойынша «Қазақ тілі» оқулықтары мен типтік оқу бағдарламаларына талдау жасау қажеттілігі туындады.

Оқу бағдарламалары – әрбір сыныпта оқушылар меңгеруге тиісті пәндерді оқытудың мазмұны мен көлемін, білім мен дағды шеңберін анықтайтын мемлекеттік құжат. Бағдарламалар оқытудың білімдік, тәрбиелік, дамытушылық, танымдық, практикалық және т.б. негізгі мақсаттарын анықтайды. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған және жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген [2]. Бағдарламада тұтас оқыту үдерісінің бағытын анықтап беретін қазақ тілін оқытудың әр сынып бойынша мақсаты мен міндеттері көрсетілген, бұл мақсат-міндеттер оқушылардың тілдік және сөйлеу құзыреттіліктерін дамытуды және олардың қазақ тіліндегі коммуникативтік әрекет дағдыларын меңгеруін қамтамасыз етеді. Осымен байланысты ұлттық мектептерде оқушыларға мемлекеттік тілді, ұлтаралық келісім тілін – қазақ тілін практикалық тұрғыдан меңгерту тілді коммуникацияның мақсаты мен шарттарына, сөйлеу әдебіне сәйкес пайдалану дағдысын қалыптастыруы тиіс. «Қазақ тілі» пәні бойынша типтік оқу бағдарламаларында әрбір сыныптағы оқу материалдары нақты бөлімдерге бөлінген, мәтін мен тілдің стильдік нормалары негізінде тіл бірліктерінің мағынасы мен қызметін барынша толық ашуға бағытталған және тілдің құрылымдық жүйесіне тән заңдылықтар басшылыққа алынған.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің типтік оқу бағдарламасы «негізгі орта мектеп оқушысына тілді қатынас және таным құралы ретінде оқытуды, сөз, сөз тіркесі, сөйлемнің мәтін түзімдік қызметін танытуды, тілдік бірліктердің табиғатына сай мәтін құратуды, мәтін құраудағы заңдылықтарды үйретуді, тілдік жағдаяттарда ауызша және жазбаша сөйлеудің нормаларын меңгертуді, әсерлі сөйлеудің лексикалық-грамматикалық тәсілдерін игертуді көздейді» [2]. Сонымен қатар 5-9-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» пәнін оқытудың белгіленген міндеттерінің қатарында жаңа сөздерді меңгертумен байланысты мыналар маңызды деп танылады:

- тілдің қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсіндіру;
- тілдің танымдық, қатысымдық, кумулятивтік қызметтерін таныту;
- тілдік бірліктердің түрлі деңгейлердегі сипатын меңгерту;
- тілдің мәтін ішіндегі қолданысын игерту;
- тілдік бірліктердің қолданыстағы мағыналық реңктерін ажырату;
- тілдік бірліктердің ақпараттық мәнін ұғындыру;
- сөзді қолдану барысындағы табиғатын түсіндіру;
- оқушылардың логикалық ойлау қабілетін қалыптастыру;
- оқушылардың тілдік сауаттылығын арттыру;
- әдеби тіл нормаларын меңгерту;
- тілдік жағдаяттарда қарым-қатынас жасаудың амал-тәсілдерін үйрету;
- оқушылардың тілдік бірліктерді жұмсаудағы эстетикалық талғамдарын қалыптастыру;
- шығармашылық ізденіс бағытындағы жұмыс түрлеріне төселдіру [2].

Қазіргі білім беру жүйесіндегі мемлекеттік бағдарламаларда және мемлекеттік тілді дамытумен байланысты бағдарламаларда көрсетілген негізгі міндеттерге байланысты жалпы орта білім беретін мектептерде де, жоғары оқу орындарында мамандарды даярлауда да жаңа сөздерді оқыту мәселесі өзекті болып отыр. Мәселенің өзектілігі мұғалімдер тарапынан білім беруде (тілді оқытуда) оқушылардың сөздік қорын байытудағы жаңа сөздердің маңыздылығы ескерілмейтіндігімен және неологизмдер жеткілікті деңгейде қолданысқа түспейтіндігімен, сондай-ақ қазіргі қазақ тіліндегі жаңа сөздерді зерттеуге деген қызығушылықтың артуымен байланысты. Кез келген тіл сияқты қазақ тілінің сөздік қорының жаңғыруы – үздіксіз үдеріс. Тіл – күрделі қоғамдық феномен. Ол адамдардың

қарым-қатынас құралы бола отырып, үздіксіз қозғалыста болады. Қоғамның дамуы лексикалық инновациялардың пайда болуына және тілдің өзгеруіне әкелетін қоғамдық қатынастар мен өзгерістерді анықтайтын сан мыңдаған лексикалық бірліктерден көрініс табады. Бұл үдеріс – тек қазақ тілінде ғана емес, сонымен қатар барлық тілдерде орын алатын құбылыс. Тіл дамуының заманауи сатысы лексикадағы өзгерістер жылдамдығының қарқындылығымен сипатталады.

Орта білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытудың әдіснамасы мен әдістемесі лексикология (тілдік бірлік ретіндегі лексикалық жүйені зерттейді) және лексикография (сөздіктер түзудің барлық аспектілерін қарастырады) салаларының теориясы мен практикасына тікелей байланысты.

Лексикологияның барлық ұғымдары мектеп бағдарламаларында былайша сипатталады: а) ұғымның анықтамасы; ә) қызметі; б) сөздіктегі көрінісі.

Осындай байланыста қазақ тілі пәні бойынша лексикалық негізгі бірлік – сөз туралы мағлұмат беріледі; бұл мағлұматта лексикалық мағына, сөз атайтын ұғым мен түсініктің ерекшелігі, полисемия және бір мағыналылық, тура және ауыспалы мағына, сөз мағыналарының өзара байланысы, лексикадағы жүйелі қатынастар – синоним, антоним және омоним, көнерген сөздер мен неологизмдер, лексиканың толығы көздері туралы мағлұмат және басқа мәліметтер беріледі.

Зерттеуді жүзеге асыру барысында қазақ мектептеріне арналған «Қазақ тілі» оқулықтарының материалдарына толық талдау жасалды. Соның нәтижесінде нақты фактілер анықталды.

Мәселен, 10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі: сөз мәдениеті» оқулығы (авт.: Н.Уәли, Ө.Қыдырбаев) «сөз мәдениетін жеке адам мәдениетінің аса мәнді құрамдас бөлігі» ретінде жан-жақты әрі біртұтастықта меңгертуге бағытталған білім мазмұнын қамтиды. «10-11-сыныптарда оқытылатын сөз мәдениеті және шешендік тілдің жоғарыда айтылған қызметтерін тереңдеп оқытуға бағытталған. Мұнда адамдардың өзара түсінісуі белгілі бір жағдаяттарда, нақтылы тіл бірліктерінің қызмет етуі нәтижесінде толыққанды ақпараттар жүйесі арқылы жүзеге асатынын, адамның тіл байлығы және жандүниесі, мінез-құлқы сөйлеу барысында, тілдік қарым-қатынас үстінде көрінетіндігі зерделенеді» [2]. Сонымен қатар пәннің типтік оқу бағдарламасында «пәнді оқытудың басты мақсаты – ұлттық және әлемдік құндылықтарды салыстыра түйін жасай алатын, Қазақстан Республикасы халықтары мен әлемдік қоғамдастықтың мәдениетін игерген, қоғамда қолдануын талап ететін тілдердің коммуникативтік құзыреттіліктерін игерген Тұлғаның даралануы мен әлеуметтенуіне мүмкіндік жасайтын тілдің лексика-фразеологиялық, грамматика-стилистикалық, мәдени-этикалық және шешендік нормаларын меңгерту, жоғары деңгейде күрделендірілген түрлі жанрдағы мәтінді салыстыру, талдау, ойқорыту әрекеттерін жетілдіру, мәтін түрлеріне сай тілдік бірліктерді қолдана алу біліктілігін арттыру» [198], – деп көрсетілген. «Тіл – жалпыадамзаттық құндылық» деп аталатын бірінші бөлімде мыңдаған жылдық тарихы бар тіл адамзаттың ең бағалы құндылығы ретінде танытылып, «әрбір тіл – бізді қоршаған ортаның, ақиқат өмірдің өзінше қайталамасы; әрбір халық өзінің тілі арқылы дүниені, ақиқатты өзінше таниды; тілдік ұжым өзінің танып-білген нәрсесіне ғана ат қояды, оған деген сезім күйін білдіреді; сондықтан ұлылы-кішілі тілдердің бәрінде өзді-өзіне тән логикалық, эстетикалық танымның, жаңалықтың белгілері мен іздері жатады» деп көрсетіледі. Бұл ретте тілдің қарым-қатынас үшін қажеттелігін ғана емес, оның ұлтқа тән рухани мәдениетті «жасаушы, сақтаушы және сабақтастырушы қызметін» де ескерудің маңыздылығына назар аударылады. Әлемдегі «саламатты тілдердің» ерекшелігі нақтыланып, қазақ тіліне де осы сипаттың тән екендігі дәйектелген. Бұл оқушылардың өз ана тіліне деген мақтаныш сезімін арттыруға ықпал етеді. Негізгі тақырып аясында ұсынылған А.Байтұрсынов пен Б.Момышұлының тіл туралы тұжырымдары (1, 2-тапсырмалар) оқушылардың өз ұлтының тіліне деген жоғары деңгейдегі қатынасын қалыптастыруға септігін тигізеді. «Қазақ тілі қандай тіл?» (10 сағат) деп аталатын екінші бөлімде «қазақ тілі – түпкі түрін сақтаған байырғы тіл» ретінде, «қазақ тілі – жазба мәдениеті бар тіл» ретінде, қазақ тілі – кемел тіл» ретінде, «қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі» ретінде, «қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі» ретінде талданады. Осымен байланысты оқушылардың жаңа сөздерді меңгертуге маңызды деп танылатын мынадай бағыт бойынша білімдері жетілдіріледі:

- қазақ тілінің түркі тілдер жүйесіндегі орны туралы;
- ескі қазақ жазба тілінің қалыптасуы мен оның қазақ қоғамы үшін маңызы;
- ескі жазба тілдің әлеуметтік мәні жайында, жазу-сызуды демократияландырудағы

А.Байтұрсынұлының реформасы;

- тұңғыш қазақ әліпбиі, тілдің заңдастырылған жазу нормалары туралы;
- тіл кемелдігін айқындайтын межелер.

Сондай-ақ сөз байлығы – тіл дамуының басты белгісі; қазақ тілі – ұлт тұтастығын нығайтудың

кепілі; ұлттық тілге тән белгілер; қазақ тілінің әлеуметтік мүмкіндіктері; жалпыхалықтық тілдің ең жоғарғы формасы – әдеби тіл; әдеби тілдің қайнар көздері; әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуындағы сөз зергерлерінің рөлі; қоғам дамуындағы тілдің қызметі, тіл мен қоғам дамуының өзара әсері; қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін бекітетін құжаттар; мемлекеттік тілдің қызмет етуінің алғышарттары, сыртқы және ішкі факторлар; мемлекеттік тілдің қоғамдық қызметі; мемлекеттік тілдің өз қызметін толық атқаруының шарттары; тіл мәдениетін арттырудың мәні [198] туралы лингвистикалық-танымдық білім қоры кеңейеді. «Әдеби тілдің стильдік тармақтары және олардың айырым белгілері мен нормалары» деп аталатын үшінші бөлімде «қазақ әдеби тілінің белгілері; әдеби тілдің стильдік тармақтары; кітаби тілдің ерекшеліктері, ауызша және жазбаша түрлері; кітаби тіл мен сөйлеу тілінің ортақ белгілері» жайындағы білім жаңа сөздерді меңгерудің лингвистикалық маңызды алғышарты ретінде аса маңызды. Бөлім бойынша жаңа сөздердің қамтылуына тоқталар болсақ, ресми ісқағаздар стиліне қатысты атаулар кездеседі. Кітаби тілдің ауызша және жазбаша нормаларымен байланысты ұсынылған 76-тапсырмадағы сөздер қатары жаңа сөздер болып табылады. Тапсырма бойынша «емле ережелерін пайдалана отырып, берілген сөздердің неге бірге жазылатынын түсіндіру» керек [3]. Ұсынылған сөздер: *өнержай, мұражай, ілеспехат, отбасы, өнертану, абайтану, қоғамтану, мүйізтұмсық, мұзойнақ, микроаудан, Елбасы*. Дұрыс жазылу ережесін сақтай отырып, оқушылар сөздің мағынасына назар аударады. Бұл олардың жаңа атауларға деген қызығушылығын тудырады. «Әдеби тіл нормалары» (8 сағат) деп аталатын төртінші бөлімдегі тілдік жүйе, тілдік норма, дағды, босаң норма, қатаң норма ұғымдарына арналған тақырыпшалар оқушылардың норма туралы білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Одан кейінгі «Тілдік норма және жаңа қолданыстар» тақырыбы оқушылардың жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптануына қатысты нақты анықтама береді. Неологизмдердің орнына жаңа қолданыстар деген термин қолданылған; жаңа сөздердің нормалану үдерісіне сипаттама берілген. Алайда дәлелдеу үшін алынған тілдік фактілердің тілдің қазіргі сипатымен сәйкес келмейтіндігі байқалады, атап айтқанда нормадан ауытқу мәселелері талданған; жаңа қолданыстар ретінде ұсынылған тілдік фактілер (*оқырман, көрермен, гарыш, гарышкер, гарыш айлағы*) өткен ғасырдың жетпісінші жылдарындағы тіл практикасындағы жаңа сөз болып табылады, 1988 жылғы орфографиялық сөздікке енгізілгендіктен, мысалы, *оқырман, көрермен* сөздері қазіргі кезеңде неологизмдер болып саналмайды. Оқушыға меңгерту үшін кейінгі өзекті жаңа сөздер тілдік факті ретінде көрсетілу керек еді деп есептейміз; жаңа қолданыстарды түсіндіруде бұл оқулықта негізінен окказионал сөздерге мән берген (*төбелесермен, атарман, аларман, ішермен* деген сөздер талданған); сондай-ақ тілдік норма мен жаңа сөздердің байланысын түсіндіруде негізгі ұғым-категория ретінде «нормалану» және «қалыптану» туралы ақпарат берілмеген, жас кезеңіндегі оқушылардың қабылдауы мен танымдық деңгейінің ерекшеліктерін ескерсек, бұл ұғымдар тақырыптың мәнін ашады. Қазіргі тілімізде «қазақыландыру» үрдісінің жүріп жатқандығы, жаңа сөздердің пайда болуының терминқормен байланысы туралы ақпарат тыс қалған. Жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған 6 тапсырма берілген: 100-тапсырма бойынша *оқушы* мен *оқырман* атауының мағыналық айырмашылықтарын көрсету керек. Мұндағы жаңа сөз ретінде алынған тілдік фактілер туралы жоғарыда айттық. Ал 101-тапсырмада қамтылған жаңа сөздердің көлемі біршама көбірек: *гарыш, гарышкер, гарыш айлағы, құжат, төлқұжат, елтаңба, әнұран, галамдастыру, оралман, сынып, егемен, егемендік*. Тапсырманың мазмұндық көлемі: «Мәтінді оқып шығыңыз. Шеттілдік «сөз тасқыны» туралы айтыңыз. Ғылым мен техника, медицина, спорт салаларында қолданылып жүрген шеттілдік атауларды көрсетіңіз. Өзіңіз қалаған бір газетті алып, ондағы шеттілдік сөздерді теріп жазып, қоғамдық өмірдің қай саласында қолданылатынын көрсетіңіз» [3, 138]. Бұл тапсырма әрекеттері мәтіннің мазмұнында берілген жаңа сөздермен байланыстырылмаған. Сондай-ақ тақырыпқа сай оқушылардың назарын газет беттеріндегі жаңа атаулардың шеттілдік баламаларына емес, қазақша баламасына аударту мақсат етілу керек. Осы ретте берілген жаңа сөздердің қатарында нормалық сипаты айқын тілдік бірліктерді ажырату ұсынылса, сабақ тақырыбына сай тілдік норма мен жаңа атаулардың байланысы ашыла түсер еді. 102-жаттығудың мазмұны жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптану үдерістерін дәлелдейді: «Мына сөйлемдерден жаңа қолданыстағы сөздерді теріп жазып, мағыналарына түсінік беріңіз. Бұл сөздердің сөздіктерге, оқулықтар мен анықтағыштарға енген еңбегіне талдау жасаңыз» [3, 139]. Берілген сөйлемде мынадай жаңа сөздер де кездеседі: *демеуші, дерекнама, делдал, дәрісхана, дәмқосар, әуежай, аспансерік, сыйақы*. Жаңа сөздердің мағынасын, сөздіктерге тіркелуін анықтау оқушылардың оларға деген қызығушылығын, сөйлеу тіліндегі белсенділігін арттырады. 103-тапсырмада *оралман* сөзінің қазақ тіліндегі және шеттілдік баламаларын салыстыру туралы мәтін берілген [3, 140-141]. Бұл ретте тапсырма бір сөз

көлемінде шектеледі. Ал 104-тапсырмада берілген сөздердің қатарынан жаңа сөздерді теріп жазу керек. Берілген 22 сөз / сөз тіркесінің 7-еуі ғана жаңа сөз (*тәлімгер, баспагер, ғарыш, ғарышкер, теледидар, зейнеткер, хабарлама*) [3, 141]. Бұл жаттығудың мазмұны жаңа сөздердің нормалануы мен қалыптану жай-күйін анықтау дағдыларына толықтай бағытталмаған. 105-тапсырмада берілген жаңа сөздер қатары: *жадуал, зейнетақы, зейнеткер, тұғырнама, өкілеттік, дәйектілік, ізашар, жекешелендіру, сыбайлас, бағдарлама, салым, жарнама, сөзтізбек, салауаттылық, бейнетаспа, өтемақы* [3, 141]. Тапсырма жаңа сөздердің құрамына, жасалу жолына оқушылардың назарын аудартады. Қосымша «жиі еститін жаңа сөздерді пайдаланып, бірнеше сөйлем жазу, жаңа қолданыстағы сөздерге байланысты тест сұрақтарын құрастыру» тапсырмасы берілген. Осы арқылы оқушылардың жаңа сөздерді қолдану дағдысы қалыптасады. 10-сыныпқа арналған «Қазақ тілі: сөз мәдениеті» деп аталатын оқулықты талдаудың нәтижесінде білім мазмұнындағы жаңа сөздер мәселесі айтарлықтай қамтылған деп бағалауға болады. Алайда жаңа сөз ретінде ұсынылған тілдік бірліктердің тілдің қазіргі кезеңінде жаңа сипатынан айырлығандығына назар аударылмаған, осы жас кезеңіндегі жеткіншектердің танымдық мүмкіндіктерін ескерсек, бұдан да толығырақ теориялық білім мен өзектілігін дәлелдейтін зерттеулерді келтіруге болады және тілдік факті ретінде жаңа сөздердің көлемін ұлғайтуға, әсіресе қолданыстағы норма сипаты басым, жарыспалы сипатқа ие, қалыптануға түскенімен, нормалануға түспеген және керісінше сипаттағы, сондай-ақ нормалану мен қалыптану үдерістерін нақты таныта алатын, белсенді қолданыстағы жаңа сөздердің қатарын арттыруға болады. Сонымен қатар қазақ тілі пәнінің жаратылыстану цикліндегі пәндермен байланысындағы «басқа пәндермен сабақтастыра оқыту қазақ тілінің терминдер жүйесімен тығыз байланысты» деген тармағына сәйкестілдегі жаңа қолданыстардың елеулі үлесі тек қоғамдық-әлеуметтік сипатқа ие сөздерге ғана емес, қазақшаланған ғылыми-техникалық атауларға да тиесілі екендігі, оны дәйектеу, тапсырмалар кешені арқылы сол туралы білімді бекіту, жалпы алғанда интеграциялық талаптарды қанағаттандыру міндеті назардан тыс қалған.

Мектеп оқулықтарын талдай келе, арнайы жаңа сөздер туралы білім 5-інші және 10-сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқулықтарында жалпы лексика мәселелері қатарында және әдеби тіл нормалары көлемінде ғана қамтылғандығы анықталды. Ал 11-сыныпқа арналған пән оқулығының білім мазмұны алдыңғы сыныптарда оқушылардың игерген білімін біртұтастандыруда заңды әрі жүйелі жалғасы деп бағалауға болады.

Алайда талдау нәтижесінде көрсетілген мәлімет және жаңа сөздерді меңгертуге бағытталған әдіс-тәсілдер бүгінгі тіл саясатының талаптарына – заңнамалық құжатта берілген «қоғамдық санада мемлекеттік тілде сөйлеушінің беделді бейнесін қалыптастыру және орнықтыру» [4] үшін жеткіліксіз болып табылады. Бағдарламада айтылғандай, қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгерудің әрқелкі деңгейін реттеу және елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тілдің жеткілікті енгізілуі үшін атқарылатын жұмыстардың бірі – жаңа сөздер туралы мағлұматты және оны меңгерту әдістемесін кеңейту, дамыту, жетілдіру. Нақты айтқанда, қазақ тілі және әдебиеті пәндері бойынша білім беруде жаңа сөздердің табиғатына, олардың жасалу жолдарына ұдайы мән беріп отыру өзекті болып табылады. Аталған пәндер бойынша күнделікті білім беру практикасында және олардың лингводидактикалық базаларындағы әдіс-тәсілдерде жаңа сөздерді оқушы санасына орнықтыру, оларды күнделікті сөйлеу практикасында белсенді қолданудың қоғамдағы тілдік тұлға үшін маңызды екендігін мойындату, осылар арқылы ұлттық рухани құндылықтарды бағалай білетін жеке тұлғаны қалыптастыру маңызды. Осы себепті жаңа сөздерге қатысты әдеби тіл нормаларына, сөз мәдениетіне арналған тақырыптарда шағын мәтін көлемімен шектелу жеткіліксіз, мәтін негізінде оқушыны қызықтыратын және оның білімін арттыратын әдістер кешені мен тапсырмалар жүйесі қажет болады және тілдің басқа қабаттарына қатысты білім мазмұнын бекітуге арналған жаттығулар мен тапсырмалар кешенінде жаңа сөздердің қамтылуына көңіл бөлу керек.

Мемлекеттік тілдің функционалдық аясын кеңейту білім беру жүйесінде тек қазақ тілі пәнін оқыту барысында ғана емес, басқа да гуманитарлық және жаратылыстану пәндерін оқытуда да жүзеге асырылуы тиіс. Бұл тұрғыда тілдің ішкі ресурстары арқылы жасалған жаңа сөздер лексикалық қорды толықтыратын негізгі көз болғандықтан, мемлекеттік тілді жоспарлауды жүзеге асырудың негізгі бағыттарының бірі болып саналады. Сондықтан да жалпы орта білім беру жүйесіндегі барлық пәндерді оқытқан кезде олардың дидактикалық базасында қолданылған жаңа сөздерді, ғылыми аталымдарды меңгерту мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асырудың бір тетігі ретінде маңызды. Айталық жаратылыстану пәндерін оқыту барысында осы салаға қатысты жаңа аталымдарды интеграциялық сипатта түсіндіру айрықша қажет. Бұл мәселенің жоғарыда талданған «Қазақ тілі» оқулықтарында қарас-

тырылмауы және қамтылмауы жаратылыстану бағытындағы пәндерде кездесетін жаңа атаулардың лексикалық қордағы үлес салмағын айқындау және дәйектеуде біршама кедергілер тудырады.

Жаңа сөздің есте сақталуы, оқушының тілдік санасында тұрақталып, қолданысына енуі сәйкес өтілген тақырыптың есте қалуына және тақырыпты терең түсінуіне белгілі бір деңгейде ықпалын тигізеді.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер бойынша жаңа сөздерді интеграциялық сипатта оқытып, үйретуде мынадай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- білім алушының қазақ әдеби тілі және қазақ сөз мәдениеті бойынша білім деңгейі жоғарылайды;
- қазақ тілін коммуникативтік актіде қолдану құзыреттілігі жоғарылайды;
- оқушының тілдік тұлғасы – лингвомәдени құзыреттілігі жетіледі;
- білім берудің интеграциялық талаптары қанағаттандырылады;
- оқушының тіл тазалығы мен тіл мәдениетін сақтау сауаттылығы артады.

Осы аталғандардың нәтижесінде жаңа сөздерді қалыптандыру мен нормаландыруға мүмкіндіктер жасалады.

Жалпы алғанда жаңа сөздерді жалпы орта білім беру жүйесіндегі барлық дерлік пәндермен интеграциялық тұрғыдан меңгертуге болады. Қазақ тілі жаңа сөздерді теориялық тұрғыдан меңгерудегі негізгі пән болса, басқа пәндер оларды практикалық жағынан меңгерудің негізгі құралы болуы тиіс. Бұл жалпы ғылым дамуындағы, соның ішіндегі білім берудегі интеграциялық үрдістің және үдерістің өзектілігін айқындай түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы. – <http://adilet.zan.kz>. 20.08.2017.

2 Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары // Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі №115 Бұйрығына 26-қосымша; 59-қосымша. – <http://adilet.zan.kz>. 20.08.2017.

3 Уәли Н., Қыдырбаев Ө. Қазақ тілі: Сөз мәдениеті. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманит. бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2014. – 272 б.

4 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қазандағы №1128 Қаулысы. – <http://adilet.zan.kz>. 20.08.2017.

К.С. Алдашева¹

*¹Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова
Уральск, Казахстан*

ОСВЕЩЕНИЕ НОВЫХ СЛОВ В УЧЕБНИКАХ И ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММАХ «КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК»

Резюме

В среднеобразовательной системе с казахским языком обучения в некоторой мере предусмотрена методика усвоения лексических инноваций. Однако, следует отметить, что в течение долгого времени и под декларацией допостсоветского пространства сформированная система содержания образования, систематизация основной понятийной базы наименований на другом языке и ее закрепление в языковом сознании определенных социальных групп общества, послужили существенным препятствием для осознания огромного потенциала казахского языка как результата и источника национального мировоззрения.

В связи с этим, а также в целях формирования у учащихся лингвокультурных языковых личностных качеств в среднеобразовательной системе, действительно возрождается применение различных методов и способов по усвоению учащимися казахизированных лексических инноваций, созданных с использованием внутреннего потенциала языка.

В статье анализируются новые слова, включенные в учебники «Казахский язык» для среднеобразовательной системы.

Ключевые слова: языковая политика, Государственные общеобязательные стандарты образования соответствующих уровней образования, учебники «Казахского языка», новые слова, кодификация, дидактическая база

К.Аldasheva¹

¹M.Utemisov West Kazakhstan State University,

NEW WORDS REPORTING IN WORKBOOKS AND EDUCATIONAL PROGRAMS “KAZAKH LANGUAGE”

Summary

A technique of mastering the lexical innovation is, to some extent, provided in the secondary education system with the Kazakh language of study. However, it should be noted that for a long time and under the declaration of the former Soviet Union the content of education system formed, arrangement of the main conceptual basis of names in another language and its fixation in the linguistic consciousness of certain social classes had presented a significant obstacle to the awareness of the vast potential of the Kazakh language as a result and a source of national ideology.

Thus, the use of different methods and techniques enabling students to master Kazakh lexical innovation created by using the internal potential of language has been effectively revived to form students' linguocultural personality in secondary education system.

The article analyzes new words included in the textbooks of the Kazakh language for the secondary education system.

Keywords: language policy, state compulsory education standards for the corresponding levels of education, textbooks of the Kazakh language, new words, codification, didactic basis

МРНТИ 16.31.51

Г.Ш. Ахметова¹

¹Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан

ФОРМИРОВАНИЕ ЭМПАТИИ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛЬНОСТЕЙ В ФОКУСЕ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОЙ МЕТОДОЛОГИИ

Аннотация

Статья посвящена необходимости развития и стимуляции эмпатических способностей у студентов языковых вузов. Статья содержит общее описание самого феномена «эмпатия», его составляющих и его роли в межкультурном общении. Студенты с развитыми эмпатическими свойствами способны выстраивать гармоничные взаимоотношения с окружающими не только в рамках урока иностранного языка, но и в дальнейшем успешно общаться на высоком профессиональном уровне, включая иностранных коллег.

Также в статье приводятся обоснования для внедрения методик, имеющих эмпатическую направленность, и ряд методических рекомендаций по реализации этого вопроса в современной педагогической деятельности. Наиболее эффективными в качестве основы профессионально-ориентированного обучения с учётом принципа эмпатического отношения к участникам межкультурного коммуникативного общения являются аутентичные аудио-видеоматериалы. Аутентичные аудио и видео материалы в учебном процессе являются теми средствами, благодаря которым студенты получают информацию о лингвистических, социокультурных, интерсоциальных характеристиках акта иноязычного общения, приобретают опыт адекватной интерпретации достаточно большого количества стереотипных ситуаций. Уникальная ценность таких материалов состоит в том, что межъязыковая, межличностная и межкультурная реальность является здесь не статичной, а динамичной, так как разворачивается непосредственно перед глазами студентов.

Ключевые слова: ключевые стратегии, инновационное развитие, когнитивно-лингвокультурологическая методология, методологическая категория, эмпатическое отношение, межкультурное коммуникативное общение, коммуникативно-профессиональная иноязычная компетенция

Глобализация образования и формирование единого образовательного сообщества является одной из ключевых стратегий третьего тысячелетия, где высшее образование является реально движущей силой. Подтверждением этому являются системные и масштабные меры по ключевым стратегиям системы образования РК, направленные на реализацию Концепции инновационного развития РК до 2020 года. Когнитивно-лингвокультурологическая методология как универсальная концептуальная основа современной теории иноязычного и полиязычного образования «обеспечивает новационный подход к моделированию языкового образовательного процесса, к созданию отечественных международно-адаптивных уровневых моделей языкового образования в условиях трехязычия»[1, 47]. Методологической категорией, обеспечивающей интеграцию в дидактическое целое «язык – культура – личность» является «лингвокультура». В условиях отсутствия лингвокультурной и социокультурной среды конечным результатом является формирование личности «субъекта межкультурной коммуникации», способного осуществлять межкультурную коммуникацию в различных профессиональных и жизненных условиях, проявлять соответствующую коммуникативно-

поведенческую культуру и национально-специфическую ментальность, характерную для носителей изучаемого языка и культуры [2, 119].

Среди принципов формирования межкультурной коммуникативной компетенции, как важнейшей составляющей профессиональной готовности будущего учителя иностранного языка, необходимо выделить принцип эмпатического отношения к участникам межкультурного коммуникативного общения [3, 238.]. Специфика межкультурной коммуникации заключается в желании понять о чем думает партнер. Поэтому при межкультурной коммуникации, чтобы понять коммуникативное поведение представителя другой культуры, необходимо рассматривать его в рамках их культуры, а не своей. Следует проявлять только эмпатическое отношение к партнеру по коммуникации. Это отношение означает интеллектуальное и эмоциональное проникновение во внутренний мир партнера, его чувства, мысли.

Несмотря на то, что сущность явления «эмпатия» пока все еще остается неисчерпанной проблемой, которую пытаются разрешить современные психологические, философские и лингвистические науки, за последние десятилетия уже написано довольно много научных трудов на эту тему, а интерес к этому феномену продолжает возрастать.

Впервые термин «эмпатия» был введен Э.Титченером, который интегрировал идеи о симпатии с теориями вчувствования Э.Клиффорда и Т.Липпса. «Эмпатия (от греч. *empathia* – ‘сопереживание’) – постижение, способность проникновения, вчувствование в переживания и эмоциональное состояние другого человека» [4, 5].

Говоря об эмпатии, необходимо отметить, что общепринято выделяют следующие виды эмпатии: «Эмоциональная эмпатия, основанная на механизмах проекции и подражания моторным и аффективным реакциям другого человека. Когнитивная эмпатия базируется на интеллектуальных процессах – сравнение, аналогия и т.п. Предикативная эмпатия проявляется как способность человека предсказывать аффективные реакции другого человека в конкретных ситуациях» [5, 162].

В качестве особых форм эмпатии выделяют сопереживание и сочувствие: «Сопереживание – это переживание субъектом тех же эмоциональных состояний, которые испытывает другой человек, через отождествление с ним. Сочувствие – это переживание собственных эмоциональных состояний по поводу чувств другого человека» [6, 56].

Эмпатия характеризуется такими процессами, как способность понимания другого человека, идентификация, принятие ролей, децентрация, рефлексия, эмоциональный отклик, проявление чувственной мудрости и, разумеется, толерантность как одна из главнейших составляющих эмпатии.

Студенты с развитыми эмпатическими свойствами способны выстраивать гармоничные взаимоотношения с окружающими не только в рамках урока иностранного языка, но и в дальнейшем успешно общаться на высоком профессиональном уровне, включая иностранных коллег.

Именно поэтому мы видим целесообразным внедрение различных методик и технологий, нацеленных на развитие и стимуляцию эмпатических свойств у студентов языковых вузов.

Для развития и стимуляции механизмов эмпатии у студентов мы рекомендуем применять в работе со студентами методические игры и упражнения, способствующие развитию познавательно-когнитивной сферы, расширению и осознанию эмоционально-чувственного опыта человека. Наиболее эффективными в качестве основы профессионально-ориентированного обучения с учётом принципа эмпатического отношения к участникам межкультурного коммуникативного общения являются аутентичные аудио-видеоматериалы. Язык сам по себе еще не делает текст аутентичным, поэтому необходимо акцентировать внимание именно на его содержательной стороне с тем, чтобы обучающиеся могли усваивать язык в контексте значимой, осмысленной коммуникации. Работа над аутентичными текстами, содержащими информацию социокультурного характера, позволяет создавать в учебной аудитории ситуации, максимально приближенные к реальным, увидеть страну изучаемого языка глазами представителя другой национальности и в то же время не формирует у обучающихся ложные стереотипы о культуре этой страны. Использование аутентичных текстов является одним из основных условий для того, чтобы студенты могли свободно ориентироваться в иноязычной среде, применять свои знания, умения и навыки в конкретной жизненной ситуации, понимать, ценить и уважать как чужую культуру, так и свою собственную [7, 13]. Одним из фундаментальных критериев выбора обучающих документов является их информативное качество. Информативное качество документа может быть гарантировано присутствием элементов, позволяющих раскрыть различные стороны одной и той же действительности: интерес представляют противоречивые представления, которые могут помочь разобраться, что различает разные системы

ценностей, каковы правила игры в тех или иных социальных группах, почему то, что не имеет значения для тех, кто не принадлежит к данной группе имеет силу для ее участников [7, 14]. По этому критерию тексты, предлагаемые обучающимся, должны: 1) представлять конфликтные, противоречивые, неожиданные ситуации, которые требуют многократного чтения для их понимания; 2) содержать различные точки зрения, которые представляют перекрестные взгляды на одни и те же факты общественной жизни со стороны автора, читателя и персонажей; 3) содержать лингвистические маркеры, придающие большее или меньшее значение поведению той или иной социальной или этнической группы; 4) фокусировать внимание на использовании предметов культуры, а не только на самих предметах. Большая роль отводится использованию аудиовизуальных документов, которые существенно обогащают социокультурные представления студентов о стране изучаемого языка.

Аутентичные аудио- и видео-материалы в учебном процессе являются теми средствами, благодаря которым студенты получают информацию о лингвистических, социокультурных, интерсоциальных характеристиках акта иноязычного общения, приобретают опыт адекватной интерпретации достаточно большого количества стереотипных ситуаций. Уникальная ценность таких материалов состоит в том, что «межъязыковая, межличностная и межкультурная реальность является здесь не статичной, а динамичной, так как разворачивается непосредственно перед глазами студентов» [6, 37]. Они содержат такие культурные элементы, недостаток в которых обучающийся, находясь вне соответствующей страны, безусловно, испытывает: это не только визуальное представление об окружающей инофонной действительности, но также, например, условия проксемики (расстояние между собеседниками), движение телом, выражение глаз, значение некоторых ритуальных жестов, что представляет трудности для восприятия при отсутствии реальной картинки. Возможно выделение следующих аудиовизуальных документов, использование которых представляется продуктивным для формирования интеркультурного сознания студентов, изучающих иностранный язык. Они способствуют развитию эмпатии и критического мышления.

Содержание понятия «межкультурно-коммуникативная компетенция» подводит к понятию «профессионально-иноязычная компетенция» и «международно-профессиональная иноязычно-коммуникативная компетенция», что придает обязательность наличию и сформированности этого блока коммуникативно-профессиональной иноязычной компетенции [8, 97], необходимого для профессиональной готовности будущего учителя иностранного языка.

Список использованной литературы:

- 1 Кунанбаева С.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. – Алматы, 2014. – 208 с.
- 2 Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. – Алматы, 2010. – 344 с.
- 3 Елизарова Г.В. Культура и обучение иностранным языкам. – СПб.: КАРО, 2005. – 325 с.
- 4 Елеференко И.О. Подготовка специалистов социометрических профессий с учётом рациональности эмпатии // *Фундаментальные исследования* // https://ru.wikipedia.org/wiki/Эмпатия#cite_note-fs-9.
- 5 Джэрназян Л.Н. Механизмы эмпатии в межличностных отношениях. – М., 1996. – 376 с.
- 6 Воронкова Т.Е. Работа с аутентичными текстами, содержащими интеркультурный компонент // *Иностранные языки в школе*. – 2004. – №7. – С.37-40.
- 7 Кунанбаева С.С. Стратегические ориентиры высшего иноязычного образования. – Алматы, 2015. – 208 с.
- 8 <http://psychology.net.ru/dictionaries/psy.html?word=1143> дата доступа 13.02.17.

Г.Ш. Ахметова¹

*¹Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ӘДІСНАМА НЕГІЗІНДЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАМАНДЫҚ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ЭМПАТИЯЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Түйіндеме

Мақала тілді оқытатын жоғары оқу орындары студенттерінің эмпатикалық қабілеттерін дамыту және ынталандыру қажеттілігін айқындауға арналған. «Эмпатия» феноменінің жалпы сипаттамасы, оның компоненттері және мәдениетаралық қатысымдағы ролі қарастырылады. Эмпатикалық қасиеттері дамыған студенттер шетел тілі сабақтары аясында басқалармен үйлесімді қарым-қатынаста болып қана қоймай, болашақта шетелдік әріптестермен де жоғары кәсіби деңгейде қарым-қатынас жасай алады.

Сондай-ақ, эмпатикалық бағдарлы әдістерді енгізуге негіздеме беріледі және осы мәселені қазіргі

педагогикада жүзеге асыру бойынша бірқатар әдістемелік нұсқаулық ұсынылады. Мәдениетаралық қарым-қатынасқа қатысушылардың эмпатикалық қарым-қатынас ұстанымын ескерсек, аутенттік аудио және видео материалдар кәсіби-бағытталған білім берудің негізі ретінде ең тиімдісі болып саналады. Оқу үрдісінде аутенттік аудио және видео материалдар арқылы студенттер шеттілдік қатысымында лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, интер-әлеуметтік сипаттамалары жайлы ақпарат алу, көптеген стереотиптік жағдайларда мәселені түсіністікпен қабылдау жайлы тәжірибе жинаудың тәсілі болып табылады. Осындай материалдардың бірегей мәні тіларалық, тұлға-аралық және мәдениетаралық шындықтың статикалық емес, динамикалық екендігін көрсетеді, себебі ол студенттердің қатысуымен орын алады.

Түйін сөздер: негізгі стратегиялар, инновациялық даму, танымлық-лингвомәдениеттанулық әдіснама, әдіснамалық категория, эмпатикалық қарым-қатынас, мәдениетаралық коммуникативтік қатысым, коммуникативтік-кәсіби шеттілдік құзыреттілік

G.Akhmetova¹

*¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

FORMATION OF THE EMPATHY OF THE PEDAGOGICAL DEPARTMENT STUDENTS IN THE IN FOCUS OF LIGUOCULTURAL METHODOLOGY

Summary

This article is concerned with the necessity of development of empathic competence in students of linguistic faculties. It contains general description of the phenomenon 'empathy', its components and its role in cross-cultural communication. Students with developed empathic competence are able not only to provide constructive intercultural dialogue during classroom communication, at the high professional level but also in real life conditions with foreign colleagues.

The article also provides reasoning for implementing the methodologies aimed at developing empathical potential in students and a range of methodological recommendations on implementing this issue in modern pedagogics. The most effective as the base of professionally-oriented education that take into consideration the principle of empathic attitude to the participants of the intercultural communicative communication could be authentic audio-video materials. Thanks to these materials students could get an important information about linguistic, socio-cultural, inter-social characteristics of of cross-cultural communication, take the experience of real interpretation of the large number of stereotyping situations. Intercultural reality of such materials is dynamic because it takes place just before students eyes.

Keywords: key strategies, innovative development, cognitive-linguocultural methodology, methodological category, empathic attitude, intercultural communication, communicative and professional competence

МРНТИ 13.00.08

A.T. Ашенова¹, Қ.А. Ахметова²

*^{1,2}Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана, Қазақстан*

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДАҒЫ КЕШЕНДІ ҚАДАМДАР

Аңдатпа

Тіл арқылы студенттер білім негіздерінен хабардар бола алады, қарым-қатынасқа түседі, коммуникативтік құзіреттілігі артады. Кез-келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің, оқыту үдерісінің белсенділігін арттырып, жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына бағытталады. Жоғары оқу орындарында білім алушылардың тілдік құзыреттілігін дамыту тәсілдері жетілдіріліп келеді. Егер мәтін арқылы тілдік тұлғалардың байланысы оқытылып, тілдік қатынастардың барлық түрі үйретілсе, өздік жұмыстар арқылы білім алушы өзінің шығармашылық келбетін дамытады. Сөйлесім, оқылым, жазылым, тыңдалым әрекеттері арқылы жұмыс түрлерін түрлендіріп отыру оқытушының біліктілігін талап етеді.

Қазақ тілін қатысымдық әдіс бойынша оқытуда дұрыс ұйымдастырылған кешенді жұмыс түрлері студенттердің ауызекі сөйлеу тілін дамытуға, ой-өрісі мен дүниетанымын жетілдіруге, алған теориялық білімдерін іс жүзінде пайдалана білуге қызығушылығын арттырады. Сөйлесім әрекеттері де, жазылым әрекеттері де тыңдалым әрекеттерінің негізінде қалыптасады. Ал тыңдалым әрекеті оқылым әрекетімен тікелей байланысты. Тіл

үйренуші күнделікті өмірде түрлі ақпаратты тыңдау арқылы алады. Ақпаратты оқылым арқылы қабылдайды. Алған ақпараттарын басқаға жеткізу арқылы сөйлеу әрекетін және жазылым әрекетін қалыптастырады.

Түйін сөздер: қатысымдық әдіс, кешенді қадам, дағды, вербалдық қарым-қатынас, оқу-танымдық әрекет, қатысымдық ойындар, интегративті бөлік, тілдік құрылымдар

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне байланысты оның қоғамдық-әлеуметтік қызметі мен қолданылу аясы өрістей бермек. Қазақстан Республикасының қай ғылым саласында болсын мемлекеттік тілге деген сұранысы күн сайын күшейіп келеді. Тілді білу тек қарым-қатынас құралын меңгеру ғана емес, ол ең алдымен, өзі өмір сүріп отырған мемлекетке деген, оның өзіндік заңнамалары мен талаптарына деген құрмет болып та саналады. Оны барынша еркін меңгеруге өзге тілді болашақ мамандардың да мүдделілігінің арта түсуі заңды. Мұндай мәселенің туындауы үздіксіз білім берудің барлық сатысындағы мемлекеттік тілді оқытудың сапасын арттырудың жолдарын қарастыруды қажет етуде. Сондықтан да соңғы жылдары бұл бағыттағы ізденістер ауқымы да кеңейе түсуде.

Жоғары оқу орындарында қазақ тілін жалпы білім беру пәні ретінде қатысымдық әдіс бойынша оқытуда кешенді қадамдардың: сөйлесім, оқылым, жазылым, тыңдалымдардың алар орны ерекше. Себебі, қатысымдық әдіс – сөйлеуге оқытудың құралы, ал сөйлеу – қарым-қатынас құралы.

Сөйлеу барысында адамның мінезі мен тілдік қоры байқалады. Сондықтан тіл үйренушінің ең бірінші, сол сөйлейтін тілінде біршама сөздік қоры болуы керек. Сонымен қатар, тіл үйренушінің сөйлеу мәдениетіне де ерекше мән берген дұрыс.

Әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал-тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орнымен қолдана білу, сөйлеуде мәдениеттілік, әдептілік танытуды сөйлеу мәдениеті дейді. Сөз мәдениетіең алдымен мінез-құлық мәдениетіне әсер етеді. Осы орайда ғалым Ф.Оразбаеваның «Сөз мәдениеті орыс. Культура речи – әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал-тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орнымен қолдана білі, сөйлеуде мәдениеттілік, әдептілік таныту» деген пікірін еске алу орынды болар еді [1, 377].

Қазақ тілін орыс бөлімдерінде оқытудың басты мақсаты – білімді, білікті, айтар ойы мен дәлелін дұрыс әрі шебер жеткізе білетін, мемлекеттік тілді меңгерген, мәдениетті жастарды даярлау. «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқулықтарында Н.Оралбаева мен К.Жақсылықова «Қазақ тілін ұлт мектептерінде оқытудың негізгі мақсаты – тілді үйрету, яғни оқушыларға қазақша дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдысын қалыптастыру, грамматикалық формалар мен сөйлем құрылысын меңгерту» деп атап көрсеткен [2, 53].

Сөйлеу үшін студент тілдік көрсеткіштер мен сөйлесімде жұмсалатын қатысымдық тұлғалардың тіркесу заңдылықтарын білуі, тілдік құралдарды қолданудың амал-тәсілдерін меңгеруі қажет.

Білім алушыларға қазақ тілінің байлығын, оның өзіндік көркемдігі мен ерекшеліктерін, сөз өрнегін, көпшілік арасында, қоғамдық ортада айтайын деген ойын, айқын жеткізе білу тәсілдерін үйрету қазіргі заман талабы болып отыр. Студенттер қарым-қатынасты ауызша немесе жазбаша түрде жүзеге асырады. Ауызша қарым-қатынаста сөйлеуші сөйлеу әрекеттерінің түрі ретінде сөйлесім мен тыңдалымды меңгеруі керек. Ал жазбаша қарым-қатынаста жазылым мен оқылымды меңгеріп, жүзеге асыруы тиіс. Сөйлесім әрекеттері барысында тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым әрекеттері қоса қалыптасады. Жалпы тіл үйренуде оқу-танымдық әрекеттер қалыптасады да, оның барысында тіл үйренуші тілді үйренеді, сол тіл арқылы басқалармен қарым-қатынас жасайды. Тілдік әрекеттердің нәтижесі ретінде диалогтар, әңгіме, мәтіндер, ауызша, жазбаша сөйлесім тапсырмалары жүзеге асады. Сөйлесім әрекеттеріне дағды мен шеберліктер арқылы қол жеткізуге болады. Сол себепті де студенттердің қазақ тілін меңгеруін сөйлесім, оқылым, тыңдалым, жазылым әрекеттерінсіз қалыптастыру мүмкін емес.

Сөйлесім – адамдардың ұжымдық тобына тән басты құбылыс. Себебі сөйлесім болу үшін бірнеше адамның пікір алысуы қажет. Ол тек бір адамға қатысты болмай, екі адамға не адамдар тобына байланысты болады да, әлеуеттік сипат алады. Ал осының сыртында сөйлесім – ойдың сыртқа шыққан көрінісі [3, 90]. Сөйлесімнің мақсаты – ауызша түрде өз ойын жеткізу. Сөйлесім барысында тіл үйренуші дыбыстарды таза, қатесіз айтуға жаттығады, жаңа сөздердің мағынасын түсініп, өз сөзінде қолдана білуге және грамматикалық ережелерді орынды қолдана білуге дағдыланады.

Сөйлесімнің түрлері суреттеу, әңгімелеу, пікір айту, дәлелдеу, анықтау, түсіндіру, шешім іздеу және шешім қабылдау, пікір таластыру сияқты бірнеше түрге бөлінеді. Студенттер осыларды меңгеру арқылы сөйлеу шеберлігінің деңгейін көрсетеді. Сонымен қоса, студенттердің сөйлеу деңгейінің көтерілуіне қатысымдық ойындардың, жобалар жасау мен презентациялардың әсер етер орны да ерекше. Өйткені студент өзіне берілген тапсырмаларды орындау үшін көп ізденеді және өзі

дайындаған жұмыстарды қорғап шығу үшін бар ынтасын салады. Қазақ тілі сабақтарындағы сөйлесім әрекеттерін іске асыру барысында сөздер мен сөз тіркестерімен танысу, ойтүрткі сұрақтарға жауап беру арқылы студенттер өз ойын айтуға, түсіндіруге тырысады да, сөйлеуге жаттығады.

Сөйлесім әрекеті монолог және диалог деп те бөлінеді.

Біз сабақ барысында сөйлесімнің көбіне диалог түрін көп қолданамыз. Өйткені тіл үйренушілердің бір-бірімен пікір алысуы, сұрақ-жауап арқылы тілдесуі қызықты болады.

Диалог – екі немесе бірнеше адамның өзара тіл қатысуы, пікір алысуы [1, 114]. Диалогтің ерекшелігі: көбінде ауызекі тілге негізделеді, айтылатын ой-пікір қысқа болады. Сонымен қатар сөйлесімнің монолог түрін де пайдаланып, тіл үйренушінің тілін дамытуға болатыны белгілі жайт.

Монолог (грек. *monos* – бір, жалғыз, латын. *logus* – сөз) – монологтік сөйлеу. Монологтік сөйлеу – сөйлеу формасының бір түрі, тыңдаушының пассив қабылдауына байланысты белсенді сөйлеу әрекеті [1, 272]. Монолог тек қана ауызша сөйлеу ыңғайында бола бермей, жазбаша түрде де кездеседі. Екі жағдайда да (ауызша және жазбаша) негізгі ерекшелігі – бір адамның сөйлеуі немесе бір адамның ойы.

Сөйлесім кезінде сөйлеп тұрған адам мен тыңдап тұрған адам арасында тікелей қарым-қатынас орнайды. Мұндай жағдайда сөйлеуші тыңдаушының өз ойын, сөзін қалай қабылдағанын бірден көріп отырады. Бұл сөйлеушінің өз ойын түрлендіруіне жағдай жасайды [3, 116].

Жоғарыда аталғандай сөйлесімде де, тыңдалымда да бірдей қолданылатын тілдік тұлғалар жазылымда бар. Дегенмен сөйлесім, тыңдалым әрекеттері мен жазылым әрекеттерінің арасында ешқандай айырма жоқ деуге болмайды. Сөйлесім барысында тіл үйренуші өз ойын бірден білдіреді, ал қате айтқан болса түзете алады. Сонымен қатар сөйлесім барысында адамның көңіл-күйіне байланысты дауыс ырғағы, бет құбылысы өзгеріп экспрессивтік реңк қосылады. Ал жазылым әрекеттерінде бұндай өзгешелік жоқ. Дегенмен жазылым әрекеттерінің өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Жазылым барысында тіл үйренуші әбден ой елегінен өткізген, тексерулерден өткен материалдары арқылы өз ойын өзгелердің тыңдауына ұсына алады. Жазылым барысында тіл үйренуші күрделі тілдік құрылымдарды пайдаланып, өз ойын дамытады және сауатты жаза білуге дағдыланады. Тіл үйренуші жазылым тапсырмаларын жақсы меңгеруі үшін көп оқуы тиіс. Жазылым тапсырмаларын орындауға тіл үйренушінің сөздік қорының бай болуы әсер етеді. Ал сөздік қорды байыту үшін ол көп оқуы, тыңдауы тиіс.

Жазылым әрекеттерін орындау үшін тіл үйренушінің сөздік қоры бай болуы керек. Сонымен қатар тіл үйренушінің сауаттылығын байқау құралы. Сол үшін де тіл үйренушінің жазба жұмыстарына дағдылануына көңіл бөлген дұрыс. Ол үшін тіл үйренушінің грамматикалық сауаттылығына назар аудару қажет. Қазақ тілін меңгеру үшін грамматиканың маңызы зор екендігін естен шығармау керек. Бізде көп кездесетін жайттардың бірі – тіл үйренушілердің қазақ тілі грамматикасын жақсы білгенімен, дұрыс қолдана алмайтындығы. Қазіргі кезде біздің алдымызға келетін студенттердің грамматиканы жетік білуі – ҰБТ-ға дайындалудың нәтижесі. Бірақ олар грамматиканы жаттап алғанымен, дұрыс қолдана білуге дағдыланбаған. Бұл да өз кезегінде біршама қиындық келтіреді. Бұл мәселені басты назарда ұстай отырып, тілдік тұлғаларды дұрыс пайдаланып, сөздердің мағынасын түсініп сөз тіркестерін құрауға, сөз тіркестерінен сөйлем құрауға жаттықтыру қажет.

Жазылым әрекеттеріне дағдылану арқылы тіл үйренуші шағын әңгіме, мәтін, ертегі, әңгімені өз бетімен аяқтай алады. Тіл үйренушіні өз бетінше жұмыс істей білуге үйретеді. Сонымен бірге олардың есте сақтау, көру, ойлау қабілеттерін дамыта отырып, қазақ тілінің грамматикалық құрылымын оңай меңгеруіне мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, «Жазылым» термині «жазу» деген мағынаны емес, «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді [4].

Сөйлесім әрекеттері де, жазылым әрекеттері де тыңдалым әрекеттерінің негізінде қалыптасады. Тіл үйренуші күнделікті өмірде түрлі ақпаратты тыңдау арқылы алады. Алған ақпараттарын тыңдай отырып, ондағы мәліметтерді түсінеді және сол мәліметтерді басқаға жеткізу арқылы сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Міне, осылайша бір-біріне жалғаса береді.

Тыңдалым – есту арқылы түсіну. Айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғымды білдіреді [3, 115]. Тыңдалымның негізгі мақсаты – хабарламаның негізі құрылымын түсіндіру. Тыңдалым әрекеттерін іске асыру барысында студент қазақ тілінің орфоэфиялық ерекшеліктеріне назар аударып, тыңдаған мәліметтерін есте сақтауға үйренеді.

Тіл үйренушіні тыңдауға үйрету үшін тыңдалым мәтіні, оқытушының сөзі немесе басқа біреудің

сөзі анық, дауыс ырғағы құлаққа жағымды естілетіндей болғаны дұрыс. Сол себепті де тыңдалым мәтінін магнитофон таспасына жазып алып тыңдатқан дұрыс. Тыңдап біткен соң олардың қалай түсінгендіктерін анықтау үшін мынадай бірнеше тапсырмаларды орындату қажет:

- тыңдаған мәтіннің мазмұнына назар аударту;
- мәтін бойынша бірнеше сұрақтар қою;
- мәтінді бірнеше бөлікке бөлгізіп, тақырып қою;
- жоспар жасату.

Осы тапсырмаларды орындау барысында студенттердің есте сақтау қабілеттері мен басқанын сөзін тыңдай білу сияқты дағдылары қалыптасады. Тыңдалым әрекеттері қашан да оқылым, сөйлесім, жазылым әрекеттерімен қоса жүргізіледі. Тыңдалым тапсырмалары көбінде тестік тапсырмалар мен сұрақтарға жауап беру, жоспар бойынша шығарма жазу түрінде де беріледі.

Оқылым – мәтіннен қажетті ойды алу, ой елегінен өткізу әрекеті. Ол графикалық белгілерді қабылдаудан, түсінуден тұрады. Тіл үйренушінің тілін дамытудың басты құралдарының бірі – мәтінді оқу. Мәтінді оқи отырып, тіл үйренуші дүниетанымын кеңейтеді, сөздікпен жұмыс істей білу дағдысын қалыптастырады. Оқылым мәтіндерін іріктеу барысында оның мазмұнына, тәрбиелік мәніне назар аудару қажеттілігі аз айтылып жүрген жоқ. Бұл мәселені қазір көп әріптестеріміз жақсы ескеріп жүр деп ойлаймын.

Оқылым әрекеті тыңдалым, жазылым әрекеттерімен тығыз байланысты. Сондықтан да бұл әрекеттерді сабақ барысында бір-бірімен ұштастыра білу де үлкен шеберлікті қажет етеді.

Оқылым әрекеттері арқылы тіл үйренушінің сөздерді дұрыс айта білу, ой екпінін, сөз екпінін дұрыс қоя білу дағдылары қалыптасады. Ең бастысы оқылым әрекеті арқылы тіл үйренушінің сөздік қоры дамып, сөздікпен жұмыс істей білу дағдысы қалыптасады.

«Шет тілдерді игерудің жалпыеуропалық құзыреттері: зерттеу, оқыту, бағалау» стандартында бұл «қатысымдық тұлғалар» – тілдік дағдылар деп аталған. Тілдік төрт дағды (айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым) оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Қазақ тілінің жаңа оқыту әдістері арқылы біз білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, тіл арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелейміз. Оқушылар оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастыра отырып, еркін қарым-қатынас жасауға, сын тұрғысынан көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыланады. Қазақ тілінде берілген кез келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Өрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады. Тілді кіріктірілген бағдарлама арқылы оқытудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) меңгерте білу [5].

Жалпы айтқанда, тіл үйренушінің қазақ тілін жақсы игеруі үшін осы біз тоқталған оқылым, жазылым, тыңдалым, сөйлесім әрекеттерін кешенді түрде жүргізу қажет. Өйткені қазақ тілін оқыту барысындағы бұл әрекеттер бірін-бірі толықтырып, біріндегі кемшін түсіп жатқан мәселелерді қамтып, студенттің сабақ барысында алған білімін бекітіп, сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Студенттерді қазақша сөйлеуге үйретіп қана қоймай, кәсіби бағытта жұмыс жасауларына және болашақ мамандардың жеке тұлға ретінде жетілуіне, ішкі-жан дүниелерінің дамуына ықпал жасау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақ тіл білімінің антологиясы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2010. – 548 б.

2 Оралбаева Н., Жақсылықова К. Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әлістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 208 б.

3 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас негіздері: Оқулық. – Алматы: Print-S, 2005. – 147 б.

4 Шарипова Ж.Т. Жазылым дағдысын қалыптастыруда қолданылатын инновациялық технологияның тиімді жолдары <http://oqu-zaman.kz/> 23.11.2017.

5 Жиенбаева Ж.Ж. Қазақ тілін оқытуда тыңдалым дағдысын қолдану әдістері. http://rusnauka.com/15_23.11.2017.

А.Т. Ашенова¹, К.А. Ахметова²

*^{1,2}Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
г. Астана, Казахстан*

КОМПЛЕКСНЫЕ МЕТОДЫ ПРИ ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

Резюме

Посредством языка студенты узнают об основах знания, могут общаться, совершенствовать коммуникативные навыки. Каждая учебная технология направлена на развитие активности действий и учебного процесса, на становление и развитие личности. В высших учебных заведениях совершенствуются способы развития языковой компетенции студентов. Если с помощью текста будут изучаться связь языковых личностей и все виды языковых отношений, то учащиеся будут развивать свои творческие способности посредством самостоятельной работы. Периодическое осуществление разнообразия работ через прослушивание, чтение, письма и аудирование требует квалификации преподавателя.

В коммуникативном методе изучения казахского языка виды правильно организованных комплексных работ повышают интерес студентов к развитию устной речи, совершенствованию мышления и кругозора, а также использованию полученной теории на практике. И речевые навыки, и навыки письма формируются на основе прослушивания. А прослушивание напрямую связано с чтением. В повседневной жизни человек, изучающий язык, получает различную информацию с помощью прослушивания, посредством чтения принимает информацию. При передаче полученной информации формирует навыки речи и письма.

Ключевые слова: коммуникативный метод, комплексный подход, навык, вербальные взаимоотношения, учебно-познавательная деятельность, коммуникативные игры, интегративная часть, языковые конструкции

A.Achenova¹, K.Ahmetova²

*^{1,2}L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, Kazakhstan*

COMPLEX METHODS FOR LEARNING OF KAZAKH LANGUAGE

Summary

Using language students can learn about the foundations of knowledge, to communicate, to improve communicative skills. Each learning technology aimed at the development of the activity and the educational process, the formation and development of personality. It improves the ways of developing linguistic competence of students in higher education.

Students will develop their creativity if they are taught the relationship of linguistic entities and all types of linguistic relationships by text.

Periodic implementation of diversity works through (by) listening, reading, writing and listening skills requires the qualification of teacher.

In the communicative method of learning the Kazakh language types of properly organized complex works increase the interest of students to develop oral language, improve thinking and their outlook as well as using the acquired theory in practice.

Verbal skills and skills of writing are based on listening. Listening directly connected with reading. In everyday life man who learns language receives various information by listening.

Receives information through reading when transmitting the received information forms the skills of speed and writing.

Keywords: a communicative method, an integrated approach, a skill, verbal relationships, an educational and sequential activity, communicative games, an integrative part, language constructs

МРНТИ 14.35.09

Г.М. Әбжан¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ОТАНСҮЙГІШТІК ТӘРБИЕНІҢ ЖАС ҰРПАҚҚА БЕРЕР ТӘЛІМІ

Аңдатпа

Мақалада автор Отан ұғымының мәні, отансүйгіштік тәрбиенің тұлға үшін маңызын қарастырады. Жерге, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру жолдары әлеуметтік проблема ретінде қарастырылады. Тұлғаны тәрбиелеуде отансүйгіштік қасиеттің рухани-адамгершілік сапаны дамытудағы орны сөз етіледі. Мектептердегі әдебиет пәнін оқыту, оқушылардың кітап оқу мәдениеттерінің өсуі ерекшеліктерін анықтау. Қазақ мектептерінде әдеби шығармаларды оқу және талдау, оқыған материалды қабылдау қабілеттерін анықтау мақсатымен бақылау, шығарманың кейіпкер бейнелері жүйесін зерттеу, проблемалық талдау.

Сондай-ақ, оқу нәтижелерін, біліктіліктері мен қосымша машықтарын бағалаудың атқаратын рөлі атап көрсетіледі. Көркем әдебиетті шынайылықты танудың өзіндік ерекшелігі бар иллюстрация ретінде қабылдау

амалдары қарастырылады.

Мақалада оқыту қорытындыларының ғылымилық, тарихилық, халықтық ұстанымдары, жүйелілік, өлшемді жоспарлық пен мазмұндық бірлігі, ұстаздың атқаратын рөлі, көркемдік, шынайылық деңгейі қарастырылады.

Түйін сөздер: көркем әдебиет, оқыту әдістемесі, оқуға деген қызығушылық, оқу мәдениеті, талдау, ұстаным, оқыту үрдісі

Жаңа қоғамның дамуындағы ең маңызды нәтиже – оның барысында қалыптасқан жаңа адам бостандық үшін күш жігерін аямайтын, оны ауыр күрестерде қорғай білген, барлық сын-сынақтардан өтіп, өзінің бұрынғы қасиеттеріне саяси мұраттылықты қосып, өмір сүрудің тәжірибелерінен қуат алып, өзінің жеке басының мәдениетін, білімін кәдеге жаратып, мәреден көріне білетін адам.

Ұлттық дәстүрге берік, елін, жерін сүйетін азамат тәрбиелеу, жеке тұлғаның бойына қазақстандық отансүйгіштік қасиетін қалыптастыру өскелең өмір талабынан туындап отыр.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қашанда өзекті мәселелер талқыланған биік мінбелерден замананың түйткілді тұстарын тарқатуға қатысты өзінің өміршең ой-пікірлерін батыл ортаға салып келеді. Өз еліне деген сүйіспеншіліктің көрінісі, әлем жұртының көкейіндегі арман да, мақсат та біздің Елбасымыз арқылы айтылды.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Отансыз адам – қай жерде жүрсе де бейшара адам. Өзіңнің еліне, Отаныңа, жеріңе, ата-бабаңның төккен қаны мен теріне адал болуың керек. Қайда жүрсе де, не істесе де қазағын-елін ойлап, осыны көркейтсем, кіндік қаным тамған елім аман болып, оның дәрежесі жоғары болса, қай мемлекетке барсам да мені сыйлайды деген түсінікте болу керек», – деп атап өткен болатын.

Елбасы өз жолдауында: «Біздің балаларымыз бен немерелеріміз сырт елден гөрі Отанында өмір сүргенді артық көретіндей, өз жерінде өзін жақсы сезінетіндей болуға тиіс. Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс. Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады» деген болатын.

Бауыржан Момышұлының «Лениншіл жас», 3 қараша, 1967 жылғы жазған «Отан» атты мақаласында: «Отан деген түсінік адамның ұғымына ананың ақ сүтімен бірге сіңеді. Ата баласын әлдилейді. Ағалары мен апалары баланы аймалайды. Тіл үйретеді. Сүйінуді үйретеді, күйінуді үйретеді. Бұл – ұя. Ұяда не көрсең – ұшқанда соны аласың. Отан – ошақ басынан басталады. Менің Отаным әуелі – менің зергерлікті кәсіп еткен әкем, мені ана орнына арқасына салып көтеріп өсірген әпкелерім еді. Ауылдас ағайындар. Көкпар тартысқан шалдар. Айнала асқар таулар. Сылдырап аққан бұлақтар. Азынап соққан ақ боран. Көмкерілген кемпірқосақ. Бұл – менің туған ауылым. Бұл менің Отаным еді. Ес білгенде мен осыны түсіндім. Еңбектеуге жараған балаға ит жейдесі тар болады. Тірлікте де сондай той. Туған ауылдан басқа жерлер барын біле бастайсың. Туған аудан, облыс, республика... ұлы Отан», – деп түсіндіреді.

“Отан” арабтың “ватан”, яғни “өлке” деген сөзінен шыққан [1].

Асыл дініміз Исламда бес нәрсені: Отаныңды, дініңді, ұятыңды, жаныңды, дүниенді қызғыштай қорғау – салиқалы һәм сауапты амал, ізгі іс, – деп атап көрсетеді. Тәлімі мол бір хадисінде пайғамбарымыз Мұхаммед (*Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын*): «Екі көз ақыретте тозаққа күймейді: біріншісі, күнәсына өкініш білдіріп, оңашада егіліп жылаған көз, екіншісі, Отанды қорғап, шекара күзеткен көз», – деген. Бірде сахаба пайғамбарымыз Мұхаммедтен (*Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын*): «Уа, Расулалла, ең абзал амал не?» – деп сұрағанда, Алла Елшісі: «Шекараны, Отанды қорғау үшін бір күн, бір түн күзетте тұру...», – деп жауап берген [2].

Профессор Құлбек Ергөбектің «Туған жердің топырағы» тақырыбында namys.kz порталында жарияланған мақаласында туған жердің қадіріне жету үшін эфиопия елінің дәстүрін баяндайды: Еуропалық екі оқымысты Эфиопияға арнайы сапармен келіпті. Олар Эфиопияның тау-тасын қалдырмай аралап танысыпты. Асқар тауын, жосылған жолын, өзен-көлдерін мұқият картаға түсіріпті.

Қауесет жерде жатқан ба, хабар императорға жетіпті. Еуропалықтардың өз елін картаға түсіріп жүргенін білген император олардың қасынан екі елі қалмайтын қосшы қосыпты. Еуропалықтар араға жылдар салып ісін аяқтайды. Сол сәтте баяғы қосшы императорға келіп, мән-жайды баяндайды:

– Оқымыстылар бар көрген-білгенін қағазға түсірумен болды, – дейді ол. – Ніл өзені бастауын, өзендердің таудан қалай құлап ағарын бақылады. Тауда алтын мен күмістің қаншалық екенін байқады. Жосылған жолдар түгілі соқыр сокпақтарға дейін картаға түсіріп алды.

Император қонақтардың қандай іс тындырғанын түсінді. Елдеріне аттанғалы тұрған еуропа-

лықтарды көргісі келгенін айтып, шақыратын шапқыншы жіберді. Оқымыстыларды жылы жүзбен қарсы алған император оларды аста-төк дастарханда күтіп, қонақ етіп, баға жеткісіз қымбат сыйлықтар тартады. Жағалауға дейін олардың аяғын жерге тигізбей император қызметшілері аса зор құрметпен жеткізіп салды. Қонақтардың да көңілі шат еді.

Еуропалықтар корабльге отырар сәтте оларды императордың қызметшілері тоқтатты. Аз аялдап, аяқ киімдерін шешуді өтінді. Сөйтті де қонақтардың бәтеңкелерін қағып-сілкіп, мұнтаздай етіп тазалап, өздеріне қайтарды. Ғаламда жоқ тосын дәстүрге таңқалған қонақтар:

– Бұлардың қандай дәстүр? – деді.

– Сіздер мұнда алыс та алып мемлекеттен келдіңіздер, – дейді сонда императордың қызметшісі, – Эфиопияның әлемдегі ең сұлу ел екенін көздеріңізбен көрдіңіздер. Туған жер – біздің асылымыз. Туған жер топырағына егін егіп, тіршілік етеміз. Малымызды туған жер нәріне жаямыз. Шаршап-шалдықсақ туған жер төсіне аунап-қунап демаламыз. Бауырлар көз жұмса – туған жер қойнына тапсырамыз. Сіздер тау-тасты аралағанда, орман-тоғайды кезгенде көрген жолдар мен сан түрлі соқпақтарда ата-бабаларымыздың ізі жатыр сайрап. Біз де, біздің ұрпақтарымыз да сол жолдармен жүреді, сол соқпақтармен армандарға беттейді.

Эфиопия жері – біздің Анамыз. Эфиопия жері – біздің Атамыз. Туған жер – біздің Бауырымыз. Эфиопия топырағы – соның бәрінен де жоғары, бәрінен де асыл, біздегі бар байлықтан да қымбат. Туған жер топырағына баға жетпейді. Сондықтан да туған жер – туған топырақтың титімдей қиыршығын да жат жұрттықтарға қимаймыз. Бәтеңкелеріңізді қағып-сілкіп жатқанымыз сол...[3].

Ұлы педагог В.А. Сухомлинский «Патриоттық сезім мен моральдық ерік-жігерлік қасиет – Отан идеяларын түсіну, оның бүгінгісі мен болашағын ойлау, оған деген сүйіспеншілік, мақтаныш, алғыс сезімі, жауына деген өшпенділік, Отаны үшін жанын беру сезімі арқылы жасөспірім шағында өзін-өзі таниды, өз беделін бекітеді осы арқылы тәрбиеленеді», – деп есептейді.

Қорыта келгенде, Отансүйгіштік сезім жеке адамда өмір бойы қалыптасып, Отанды қорғаудан және қоғамда алатын өз орныңның маңыздылығын сезінуден басталады. Адамға жеке құндылықтардан басқа да жалпы азаматтық құндылықтар қажет. Соның бірі отансүйгіштік қасиет болып табылады. Бүгінгі күні біз Қазақстан Республикасының тәрбиелік білім беру жүйесінде бұл бағытсыз болашақ жоқ екеніне көзіміз жетіп отыр. Бұл біз үшін жастардың келешекте қандай азамат және қандай патриот болып шығатыны толғандыратын мәселе. Патриотизмді халықтың табиғатына жақын, өмір сүру салтымен ұштастырғанда ғана ол сіңімді, әрі әсері мол болады. Халқымыздың ғасырлардан бергі тарихы, қалыптасқан салт-санасы бар, патриотизм сонымен үйлескенде ғана қазақ елінің жастарының отансүйгіштік қасиеті артады. Осы орайда Елбасымыздың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалдар: өсу, реформалар, даму» атты Елбасы жолдауынан үзінді келтірсек:

Қымбатты қазақстандықтар!

Дағдарыстардың бәрі өткінші, өтеді де кетеді. Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана мәңгі. Мен айтып өткеннің барлығы жеңуге болатын, біз жеңе алатын бөгеттер. Біз көлденең шыққан кедергілерге кідірмей, дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына қадам басамыз.

Рухы биік, еңбегі ерен, бірлігі мығым Мәңгілік Ел болу үшін бізде бәрі бар. Тәуелсіздіктің туын желбіретіп, тұғырын нығайтқан біздің тарих алдында жүзіміз жарқын! Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік!

Мен халқыма сенемін. Көк байрағымыздағы алтын қырандай еліміз қанатын кеңге жайып, асқар биіктерден көрінсін! Барды бағалап, жоқты жасай білген жасампаз жұртымыздың көк байрағы әрдайым биікте желбіресін! Алға, Қазақстан [4]!

К.Маркстің ойынша, әрбір дүниеге келген жаңа ұрпақ бұрынғы бабалардан қалған қоғамның материалдық өмірімен кез болады. Ол өндіргіш күштерді жаңа ұрпақ өз еркімен ысырып тастап, өмірді "таза беттен" әрі қарай жалғастыра алмайды. Ол сол материалдық игіліктерді игеруге және өз өмір шеңберінде оны әрі қарай дамытуға мәжбүр болады. Сол өндірістік қатынастарды игеруде жаңа ұрпақ өз сана-сезімін соған сәйкес қалыптастырады. Яғни, қоғамдық болмыс қоғамдық сана-сезімнің қалыптасуына шешуші ықпал жасайды, – деп атап өткен болатын.

Қорыта келгенде, Отан деген не? Ол халықтың өткені, бүгіні және келешегі. Өткенімізді бағамдап, бүгінімізді жаңғырта алсақ, келешектен жарқын болашақ қана көре аламыз. Өз еліңнің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени саладағы жетістіктерін мақтан ету, өз Отаныңның бостандығы мен тәуелсіздігін қорғау, ата-бабаларың мен Отаныңның тарихына құрметпен қарау, сондай-ақ, өзіңнің табанақы, маңдай теріңді туған еліңнің гүлденуіне арнау – бұлардың барлығы да қазақстандық

патриотизм деген ұғымның ішіне сыяды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Сматаев Т.Х. *Дәстүр – дәріс: қазақ тілі пәнінен студенттерге арналған оқу құралы.* – Павлодар: Кереку, 2010. – 85 б.

2 Ержан қажы Малғажыұлы. *Отан – ұлағатты ұғым, қасиетті сөз.* taglym.kz/component/k2/item/1389... *копия*, 20.09.2017.

3 *Туған жердің топырағы.* Құлбек Ерғөбек. namys.kz.bilim-all.kz/tag/olen?tag=... *копия* 20.09.2017.

4 <http://baq.kz/kk/news/prezident/el-prezidentinin-kazakstan-halkina-zholdaui-kazak-tilindegi-tolik-nuskasi-75494baq.kz/kk/news/prezident/el>. 20.10.2017.

Г.М. Абжан¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ПАТРИОТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ МОЛОДЕЖИ

Резюме

В статье автор рассматривает вопросы формирования любви к родине, объясняет важность патриотического воспитания в развитии личности. В статье говорится о роли патриотизма в духовно-нравственном воспитании личности. Целью данной статьи является определение специфики преподавания литературы в казахских школах, повышение читательской культуры учащихся, прежде всего это связано с подбором материала и национальным своеобразием учеников казахских школ, определением путей анализа литературных произведений в школе: чтение и анализ, читательское восприятие и способы его выяснения, разбор «вслед за автором», изучение системы образов произведения, проблемный анализ как путь школьного разбора. Также подчеркивается особое значение учета знаний, умений и навыков. Рассматривается и отношение к художественной литературе как к своеобразной иллюстрации, особому способу познания действительности. В статье исследуются принципы научности, историзма, народности, единства формы и содержания, системности и планомерности, роль учителя, доступность, наглядность, прочность и действенность результатов обучения.

Ключевые слова: художественная литература, методика преподавания, читательский интерес, читательская культура, анализ, принципы, интерес к чтению, процесс обучения

G.Abzhan¹

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

PATRIOTIC EDUCATION OF YOUNGER ONES

Summary

In the article an author examines importance personality importance concept of motherland, motherland education. Love, that said, on social time of problem examines lines increase into place, on Motherland. Personality on to bring up motherland quality spiritual morality quality place on develops examined. The purpose of this article is to define the specifics of teaching literature in Kazakh schools, increase readership culture of pupils. Above all this is due to the selection of material and national originality of of pupils of Kazakh schools find ways to analyze literary works in the school. Reading and analysis of reader's perception and how to find out the analysis "after the author", the study of images of the system work, problem analysis as a way to parse the school.

Also emphasizing the special importance of accounting knowledge and skills. Consider the attitude to literature as a kind of illustration, a special way of understanding reality.

The article explores the principles of science, historicism, ethnic, unity of form and content, systematic and planned development, the role of teachers, accessibility, clarity, strength and effectiveness of the learning outcomes.

Keywords: literature, teaching methods, the reader's interest, the reader's culture, analysis, principles, interest in reading, learning

Ж.Қ. Балтабаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ОЙШЫЛ ҒАЛЫМНЫҢ ӨМІРШЕҢ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Аңдатпа

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде дамып, қазіргі дәрежеге жетуі жолында елеулі еңбек еткен, өз заманының дәрежесіне, талабына сай үлес қосқан ғалымдардың еңбектеріне, ғылыми тұжырымдарына қайта оралу әдістеме ғылымының бүгінгі қалпын түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді. Оның үстіне, озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажеттігі туындап отырған кезеңде ғылыми мұралардың өміршеңдігін көрсету – елеулі міндет. Осы ретте қазақ тіл ғылымында өзіндік елеулі орны бар, көрнекті ғалым, профессор А.Ысқақовтың еңбектеріне арнайы тоқталу қажет деп есептейміз.

А.Ы. Ысқақов – 1940 жылдардағы алғаш мектеп оқулықтарының авторы, түркологияда ғылыми грамматика жасаудың алғаш үлгісі жоғары оқу орындарының филология факультетінің студенттеріне арналған “Қазіргі қазақ тілі морфологиясының” авторы. 1964 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» (морфология) жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқулығы – қазақ тілі ғана емес, түркологияда сөздердің морфологиялық құрылымы, сөз таптары теориясы жөніндегі құнды туынды. Ғалым қазақ тіл білімінің теориялық жағынан ғана емес, әдістемелік жағынан да қалыптасуына көп еңбек сіңірді. Бұл мақалада А.Ысқақовтың әдістемелік көзқарастары сөз болмақ.

Түйін сөздер: әдістемелік мұра, жаңғыру, оқулық, оқу бағдарламалары, әдістер

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Сонымен бірге, рухани жаңғыру ұлттық сананың түрлі поллюстерін қиыннан қиыстырып, жарастыра алатын күдіретімен маңызды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы» [1], – деген сөзі қазақ тілін оқыту әдістемесіне де қатысты деп есептейміз. Сондықтан қазақ тілін оқыту әдістемесінің қалыптасуында өшпес із қалдырған аға буын ғалымдардың еңбектерін бүгінгі мәдени жаңару кезеңіне орай білім алушы жастар назарына ұсыну – бұл әдістеме ғылымының даму жолының тарихын білу үшін де маңызды. Оның үстіне, университетіміздің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында Ахмеди Ысқақұлы Ысқақовтың 1942-47 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазПИ-де проректор, ректор қызметін атқарғандығын да айта кеткіміз келеді.

Қазақ тіл білімінің дамуында өзіндік орны бар көрнекті ғалым, ҚазССР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, мемлекеттік сыйлықтың иегері, ҚазССР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, профессор Ахмеди Ысқақов екі жүзден астам ғылыми еңбек жазған. Ғалымның қазақ тілінің морфология, лексика, тіл тарихы, қазақ тілінің орфографиясына қатысты еңбектері бар. Ахмеди Ысқақұлы тек қана тілдің теориялық мәселелерімен ғана айналысып қойған жоқ, қазақ тілін оқытуға да көңіл бөлді. Біз бұл мақалада ғалымның «Ана тілін оқытуды жақсартайық», «Ана тілін оқытудың түйінді мәселелері» атты мақалаларындағы ой-тұжырымдарына тоқталмақпыз. Ғалымның аталған мақалаларында мектепте қазақ тілін оқытудың жағдайы туралы ой-пікірлері көрініс тапты.

Орта мектепке арналған бағдарламаны жетілдіру жайына арналған «Ана тілін оқытуды жақсартайық» атты мақаласында Ахмеди Ысқақұлы «ана тілі халқымыздың саяси-экономикалық, қоғамдық-тұрмыс және мәдени-рухани өміріне лайықты қызмет ететін негігі қатынас құралы екендігі баяндалғаны жөн... Сонда ғана оқушы тілдің және тіл жайындағы білімнің өмірде қандайлықты маңызы, орны, қызметі барлығы туралы тыңғылықты ұғым алатын болады» [2, 77], – дей келіп, дағдыларды меңгерту ісінде балалардың логикалық ойын дамытуға ерекше зер салу, сондай-ақ оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерін жетілдірумен бірге, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру қажеттігін көрсеткен. «Осыншалық мол мәліметті программаға тарамдап беру де, оны саралап білдіріп шығу да жеп-жеңіл жұмыс еместігін» ескерте келіп, программада және жалпы ана тілін оқыту жұмысындағы кемшіліктерді де атаған: «программада, оның үлкен-үлкен, түйінді-түйінді тақырыптары я арнайы тексеру арқылы, я эксперимент жүргізу арқылы сыннан өтіп көрген емес» [2, 78]. Ғалымның бұл ойлары қазіргі жаңартпалы білім бағдарламасын және соған сай оқулықтарды жазуда

да ескерілуге тиісті жайт.

Профессор А.Ысқақов «бағдарламада білім де таныстығы мен таныс еместігіне, жеңілдігі мен ауырлығына, оңайлығы мен қиындығына қарай баспалдақталып, өлшеніп берілуі қажет», – деп түйіндейді. Одан әрі ғалым бағдарламаға қойылар негізгі талап тіліміздің өзіндік табиғатына, өз заңына лайық және сол заңдардан туып қалыптасқан табиғи ерекшеліктерін дұрыс танып, дұрыс түсіндіру болуы керектігін басты назарда ұстаған.

Осы мақаладағы тағы бір көңіл бөлерлік мәселе техникалық құралдар, әдіс-тәсілдерге қатысты. Техникалық құралды пайдалану сабақты жандандырудың тілегінен туғаны, бірақ «бұрынғы үйреншікті әдіс-тәсілдерді біржола жоя я қолданбау деген ұғым тумасқа тиіс, керісінше, оны балалардың белсендігін көтерерліктей, тез түсінуге жәрдемші боларлықтай дәрежеде қосымша дәнекер етіп пайдалану қажет», – деген әдістемелік пікір айтады. Қайткенде де, мұғалімнің «берген білімі берік және байсалды болуын», «білім беретін нәрсе техникалық құрал да емес, басқа құрал да емес – мұғалімнің өзі, оқулық екені аян», – деп ескертеді. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған әдіскер ғалым А.Байтұрсынұлы да кезінде «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болу керек» [3, 334], – деп, бала өміріндегі мұғалім рөлін жоғары бағалаған еді. Олай болса, ғалымдар пікірлеріндегі сабақтастықтан үлкен жүректі мұғалім мен сапалы оқулықтың мектеп өміріндегі орны айқындала түседі.

А.Ысқақов мұғалімдердің республикалық педагогикалық оқуларында жасаған «Ана тілін оқытудың түйінде мәселелері» атты баяндамасын:

- ана тілі және баланы өмірге баулу мәселесі;
- ана тілі оқулықтары жайында;
- ана тілі және методикалық жұмыс;

- ана тілі және мұғалім, – деген төрт мәселеге арнаған. Ғалым: «...ұлт мектебінің негізі де, арқауы да – ана тілі. Олай болса, ұлт мектептеріндегі жұмыстың нәрлі, нәтижелі болуы ана тілін оқытуды ұйымдастырудың дәрежесіне, оның дұрыс жолға қойылуына байланысты», – дей келіп, ана тілінің, сондай-ақ ана тілінде оқытылатын өзге де пәндердің сабақтарында балалардың тілдеріндегі әр қилы кемшіліктер қырнанып, түзетіліп, олар әдеби тілді еркін меңгерулеріне мүмкіндік болатындығын айтқан [4, 17]. Оқушыларды өмірге баулу жөніндегі міндеттерді тілдің негізгі қоғамдық қызметінен, яғни «түпкіліктік коммуникативтік (байланыс, қатынас құралы болу) қызметі мен экспрессивтік (эсер, ықпал етуге дәнекер болу) қызметінен тууға тиісті де, соған орай жүзеге асырылуға лайықты» екендігін атап көрсеткен.

Одан әрі ғалым бағдарламалардағы «тіл дамыту» деп аталатын жұмыстың да өмір талабынан, тұрмыс қалауынан туған нәрсе екендігін, қауымның жалпы мәдениеті көтерілген сайын өмірдің сала-саласында қолданылатын тілдің мәдениетін де көтеріп, сөйлейтін я жазатын адамнан ойды әрі айқын, әрі жатық, әрі әуезді етіп құруды қалайтындығын, бұл үшін әрине, оқушының тілін ауызша да, жазбаша да дамытуға тоқтала келіп, «грамматиканы дұрыстап оқытудың өзі де балаларға ана тілінің негізгі заңдарын білдірумен бірге, ережелерін оқу, түсіну, талдау үстінде олардың логикалық ойын кеңейтуге, дамытуға жетекші болады», – деген тұжырым жасайды. Ал профессор А.Ысқақовпен үзеңгілес, әріптес болған ғалым М.Балақаев: «Ғылым салалары мен тіл дамыту арасында тұрақты әрі табиғи байланыс болуға тиіс. Бұл – өскелең жаңа өмір мұқтажы» [5, 77], – деген пікір айтады. Ғалымдардың бұл пікірлері қазір де орта мектептегі оқу үдерісінде басты назардағы мәселелердің бірі, өйткені грамматикалық тақырыптарды оқыту мен тіл дамыту жұмыстары бір-бірімен тығыз бірлікте жүргізілгенде ғана, оқушы білімінің сапалы болатындығы кейінгі зерттеулерде де жалғасын тапты. Мысалы, әдіскер ғалым Б.Кәтембаева: «... мектеп балаға терең білім берумен қатар, олардың ауызекі тілде ойын шебер айта білуін және жүйелі сөйлей білуін талап етеді» [6, 3], – дей келіп, тіл дамытудың ойды жүйелеп айтуға, айтқанды жазбаша түрде жеткізе білуге дағдыландыру жолындағы амал-тәсілдерді қарастыратын және осы мақсатта мұғалімдердің шеберлігін аса қажет ететін күрделі процесс екендігін ескертеді. Ал Н.Құрманова «Грамматикалық тақырыпты оқыту барысында оқушылардың тілін дамыту дегенміз – тіл білімінің теориялық заңдылықтарын оқыту мен тіл дамыту жұмыстарын тығыз бірлікте жүргізу» [7, 23], – деп есептейді.

А.Ысқақов сондай-ақ «балаға берілетін (материал) аясы балаға түсінерліктей болумен қатар, оны ойландырарлықтай, түсіну үшін іждаһат қоярлықтай болуы керек. Олай болмаса, оқу да, оқыту да, білім беру де үдеп отырарлықтай болмайды» [4, 20], – деген пікір айтады. Бұдан ғалымның қазіргі

айтылып жүрген жаңа технологиялардың бірі – дамыта оқытудың мақсатын сол кезде-ақ ескергендігін байқауға болады. Жаңа технологияларды, әдістерді орынды пайдалана білу мұғалімнен үлкен жауапкершілікті талап етеді [8, 227].

Профессор А.Ысқақовтың әдістемелік көзқарасының тағы бір қыры – оқулықтарда берілген анықтамалар мен грамматикалық ережелерді байыбына бармай, ұғынбай, тек құрғақ жаттамаға салатын формализмге қарсы күресе отырып, тілдің өзін, рухын, сырын, қызметін жетік білуді саналы оқу деп, ал ережелерді «жинақтайтын, жүйелейтін топшылама» деп есептейді. Ғалымның осы бір ойы сабақтың талапқа сай сапалы өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты екендігін аңғартады. Ғалым бұл мәселеде мұғалімдерге методикалық жағынан жәрдем беру керектігін, ол жәрдем курс, семинар, методикалық кеңес, консультация түрінде ғана емес, оқулыққа қосымша методикалық нұсқаулар, дидактикалық материалдар, көрнекі құралдар т.б. қажеттігін де ескертеді.

А.Ысқақовтың тағы бір көңіл аударғаны – ана тілі оқулықтары жағдайы. Ғалым оқулыққа «жер-жердегі мектептерде оқитын оқушылардың бәріне де бірдей, белгілі бір жүйе бойынша белгілі бір көлемде берілетін білімнің нақтылы мазмұнын, көлемін, жүйесін тағайындайтын жетекші құрал», – деген анықтама бере отырып, «қандай жақсы оқулық болса да, білім шебері, ой өрісі, түсіну қабілеті қилы-қилы, білімге ынтықтығы, еңбекке құнттылығы түрлі-түрлі шәкірттердің ондағы материалды ұққанын я ұқпайтынын есепке алмайды...», – дей келе, тағы да мұғалімге қойылар талаптың жоғары екендігін, «осылардың бәрін атқаратын адам – тек мұғалім ғана», – деп түйіндейді. Талапқа сай жазылған оқулық, өз ісін жетік меңгерген, әдіс-тәсілдерді орынды да тиімді пайдаланып сабақ өткізетін шебер мұғалім қай уақытта да оқу үдерісінің негізгі күші екендігі белгілі. Олай болса, ғалымның өткен ғасырдың жетпісінші жылдарында айтылған пікірлері қазір де құнды екендігі даусыз.

Кезінде Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтында басшы болған А.Ысқақов қазақ тілін сапалы оқытудың бір тетігі – ғылымның соңғы табысына орай жүргізу үшін, әрі мұғалімнің еңбегін жетілдірумен қатар, эффектілі ету үшін, методикалық, дидактикалық, техникалық құралды да, эксперимент материалдарын да бір ортадан жоспарлы түрде шығаруды қолға алу қажеттігін ескерткен. Әрине ғалым бұл жерде мектепке арналған жаңа оқу бағдарламаларына қатысты эксперимент жайында айтып отырса, егемендік алғалы қазақ тілін оқытуға қатысты жүргізілген эксперимент бойынша қаншама диссертациялық жұмыстар жазылып, қорғалуда. Сол қорғалған диссертациялардың нәтижелерін, әдістемелік тұжырымдарын мектеп мұғалімдерінің күнделікті ісінде пайдаланатындай жағдай жасау қажеттігі де – ойланарлық жағдай, ғалымның өз сөзімен айтқанда, «ғалымдар еңбектерін кабинеттің жемісі ғана етпей,... айналаларына тәжірибелі мұғалімдерді шоқтандыра отырып, ана тілінің түйінді-түйінді мәселелерін тезірек шешуді, методикалық, дидактикалық материалдарды жедел құрастыруды түпкі мақсат тұтса екен дейміз» [5, 26].

Ғалым осы баяндамасында әлі күнге дейін күн тәртібінен түспей келе жатқан тағы бір мәселеге көңіл бөлген: «Егер қазақ тілін оқыту жұмысын жақсартуды, көтеруді мақсат тұтатын болсақ, бұл жұмысты бастауыш мектептен бастау қажет. Өйткені бастауыш мектептің жұмысын жолға қоймайынша, біз жоғары кластардағы жұмысты, қанша тырыссақ та, ойдағыдай ілгері бастыра алмақшы емеспіз», – деген пікір айтады. Шындығында да, бастауыш мектепте дұрыс меңгерілген білім – келесі сыныптарда оқушылар білімінің тиянақты болуының алғы шарты.

Бағдарлама жақсы тізілгенімен, оқулық көңілдегідей болып жасалғанымен, мектеп методикалық, дидактикалық, техникалық құралдармен ойдағыдай жабдықталғанымен, оқушылардың көкейіне білім өздігінен құйыла салмайтындығын, оларға білім ана тілін толық игеруді ауызша да, жазуша да мүдірмей дұрыс сөйлеуді, шетінен сауатты етіп шығаруды қамтамасыз ететін мұғалім арқылы берілетіндігін айта келіп: «Мұғалім ізденсе, үнемі білімін көтерсе, оқудың да сапасы көтерілетіні аян... арқа тұтып, сабақты әйтеуір «өткізіп» жүретін мұғалімдер де кездеседі», – деп қынжылады ғалым. Мұндай келеңсіз жағдайды болдырмау үшін жұмыстану – қазіргі мектептер ұжымы алдында да тұрған жауапты, негізгі мәселе екені белгілі жайт.

А.Ысқақовтың баяндамасындағы тағы да бүгінгі күннің талабына тікелей қатысы бар мынадай маңызды мәселені кездестіреміз: «ана тілінен мұғалімдер даярлайтын оқу орындары да өз студенттерін мұғалімдікке бейімдеуді күшейтулері керек» [4, 27]. Студенттерді болашақ мамандықтарына бейімдеуде кейінгі кезде мемлекеттік білім стандарттарында үздіксіз педпрактикаға сағат бөлініп, студенттер бірінші курстан бастап мектептерге барып, болашақ мамандықтарына қатысты мәліметтер алып, мектеп өмірімен танысады. Сондай-ақ мемлекеттік педпрактикада да өздерінің теориялық білімдерін сарапқа салып, мұғалімдік мамандықтың сырларымен танысады. Осы ретте педпрактиканың талапқа сай, ойдағыдай ұйымдастырылуы басты міндет болып табылады. Қысқасы, ғалым Ахмеди Ысқақовтың ана тілін оқыту жайындағы идеялары, ой-тұжырымдары қазір де өз көкейкестілігін жоғалтпаған пікірлер деп есептейміз.

Ойшыл ғалымның айтқан әдістемелік пікірлерін өз сөзімен түйіндеуді жөн көрдік: «мектепте қазақ

тілін оқытуды жақсарту талаптары – өмір талабы. Қазақ тілінен жүйелі білім беру – оқушылардың өзге пәндерді дұрыс игеруіне, осылардың негізінде дүниетанымын, күрделі ұғымдар туралы түсінігін, пайымдауын дамытуға жүйелеуге көмектесу».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. www.akorda.kz. 10.09.2017.
- 2 Ысқақов А. Ана тілін оқытуды жақсартайық // Қазақстан мектебі. – 1966. – №9. – Б.77-82.
- 3 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 4 Ысқақов А. Ана тілін оқытудың түйінді мәселелері. Қазақ тілі мұғалімдерінің іс тәжірибесінен. – Алматы: Мектеп, 1972. – 159 б.
- 5 Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989. – 95 б.
- 6 Кәтембаева Б. Тіл ұстарту жұмыстары бойынша методикалық жұмыстар. – Алматы, 1991. – 95 б.
- 7 Құрманова Н. Сын есімді оқыту барысында тіл дамыту әдістемесі. – Ақтөбе, 1999. – 125 б.
- 8 Vaibossynova A. Peculiarities of interactive teaching and learning methods// Абай атындағы ҚазҰПУ, Хабаршы, «Филология ғылымдары» сериясы. – 2017. – №1(59). – Б.226-231.

Ж.К. Балтабаева¹

*¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

ЖИЗНЕСПОСОБНЫЕ ВЫВОДЫ УЧЕНОГО-МЫСЛИТЕЛЯ

Резюме

Возвращение к научным трудам, научным выводам ученых, внесших значительный вклад в становление и развитие методики обучения казахскому языку как науки, достижение ее современного уровня, в соответствии со степенью и требованиями современности, способствует пониманию, оцениванию сегодняшнего облика науки методики в целом. К тому же в период, когда возникает необходимость превращения передовых традиций в важнейшие предпосылки успешного обновления, показать жизнеспособность научного наследия – это дело чести. Поэтому в данной статье анализируются методические взгляды известного видного ученого Ахмеди Искакова, внесшего существенный вклад в становление казахского языкознания как с теоретической, так и с методической стороны. У ученого есть большое количество ценных методических статей по вопросам обучения казахскому языку.

Ключевые слова: методическое наследие, обновление, учебник, учебные программы, методы

Zh.Baltabaeva¹

*¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

VIALE CONCLUSIONS OF THE THINKER SCIENTIST

Summary

The return to scientific works, scientific conclusions of scientists who made a significant contribution to the formation and development of the methodology of teaching the Kazakh language as a science, the achievement of its modern level, in accordance with the degree and requirements of the present, contributes to understanding and assessing the current appearance of science in general. Moreover, at a time when it becomes necessary to turn advanced traditions into the most important prerequisites for successful renewal, to show the viability of the scientific heritage is a matter of honor. Therefore, this article analyzes the methodological views of the prominent scientist Ahmedi Isakov, who made a significant contribution to the formation of Kazakh linguistics both from the theoretical and from the methodological approach. The scientist has a large number of valuable methodological articles on the teaching of the Kazakh language.

Keywords: methodical heritage, updating, textbook, curricula, methods

FTAXP 16.31.41

Н.Ж. Бекеева¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

**КӘСІБИ ТІЛДІК ДАҒДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БЕЙНЕМАТЕРИАЛДАРДЫ
ПАЙДАЛАНУДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІК ПЕН УӘЖДЕМЕ ТУДЫРУ ӘСЕРІ МЕН**

ИНТЕГРАЦИЯЛЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бейнематериалдармен жұмыс жасаудың өзіндік қиындықтары мен артықшылықтары бар. Мақалада кәсіби тілдік дағды қалыптасырудағы бейнематериалдардың маңыздылығы қарастырылған. Бұл мәселе Қазақстанда мемлекеттік тілді оқыту жүйесінде толық жетілдірілмеген. Тіл үйретуге қатысты арнайы оқу-үйрету бейнематериалдар қоры жасалмаған. Осы зерттеу мақалада бейнематериалдарды тіл үйретуде қолданудың тәжірибеде сынақтан өткен ерекшеліктері айтылады. Бейнематериалдарды тілді оқытуда пайдаланудың жаңа технологияға негізделуі сөз болады. Осы саланы зерттеуші ғалымдар теориясы басшылыққа алынып, өзіндік тәжірибеде дамытып, түрлендіріп, болашақ маманды кәсіби тілмен қамтамасыз етудің тиімді жолдарын ұсынған. Сондай-ақ, сабақ барысындағы нақты қызметтері де айқын көрсетіледі.

Тіл үйретуде бейнефильмді қолданудың нәтижелері нақтыланған: белсенділіктің артуы; зейіннің жоғарғы дәрежеде шоғырлануы; бірлескен танымдық қызметтің оянуы; лексикалық минимумның ұлғаюы, баюы; жағдаяттарды есте сақтау арқылы түрлі оралымдар мен клишелерді есте сақтап қалу.

Бейнематериалды қолдануда әрекет түрлері қатар жүріп отыратындықтан, естіп-көру синтезі сияқты бірнеше процесстің тоғысуы болатыны айтылады.

Түйін сөздер: кәсіби тілдік дағды, бейнематериалдар, естіп-көру синтезі, тыңдалым, бәсекеге қабілетті маман, күзінретті маман

Жаңа заман әкелген оң үдерістер білім жүйесінің барлық салаларына қатысты. Инновациялық технологиялар тек күнделікті сабақ мазмұнын ғана өзгертіп қоймай, жаңаша әдіс-тәсілдермен сабақтың жаңаша формаларын тудырып жатуы заңдылық. Нарық заманында тіл үйрету мәселесі тек білім беру саласының объектісі емес, сондай-ақ нарықтағы қызмет көрсетудің бір түріне де айналып отыр. Қазақ тілін үйрету мәселесі сөз бола қалса, бұрынғы кеңес одағы елдеріне жаппай тараған орыс тілін үйрету әдістемесі емес, міндетті түрде шет тілдерін оқыту әдістемесінің жетістігі алға тартылып, үлгі ретінде ұсынылады. Шет тілдерін оқыту әдістемесі әкелген белсенді әдістің бірі – сабақта ұнтаспа материалдарын, бейнематериалдарды, мультимедия құралдарын пайдалану. Қазіргі қазақ тілін оқыту әдістемесінде сөйлесім әрекетінің 5 түрлі: оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым және тілдесім деген қалыптасқан түрлері бар. Бұл әрекеттердің адамның басқа да түрлі тілдік әрекеттер сияқты жұптасып, қатарласып орындалатын сәттері бар. Солардың бірі – естіп-көру әрекетінің бір уақытта қатарласа орындалуы. Осы әрекеттер арқылы тіл үйренеді, тілді үйретеді. Адамның жанды қимыл-қозғалысынан бөлек, бейнетаспа материалдары арқылы да тіл үйренуге және үйретуге болады. Бейнематериалдар арқылы тіл үйрету әдістемесі де жалпыдидактикалық қағидаға негізделетіні белгілі. Әрекет түрлері қатар жүріп отыратындықтан, **естіп-көру синтезі** деп атасақ болады. Бұл жерде бірнеше процесстің тоғысуы болатыны белгілі: бірінші кезекте – көріп-тамашалау, екінші – есту, сезу т.б. Осылардың ішінде естіп-көру әрекеті де бар. Өйткені екі әрекеттің де қатарласып отыратын тұстары басым. Бұл процесті зерттеуші ғалымдардың «семиотикалық жүйелер тоғысы», ғалымдар сөздерімен беретін болсақ, В.А. Толоконников: «Синтез двух повествовательных тенденции – изобразительной и словесной, соединение двух принципиально отличных семиотических систем» [1, 20] дейтін болса, Ю.М. Лотман: «слова начинают вести себя как изображения, а изображения приобретают свойства слов...» [2, 52] деп әдеби тіл формасындағы нақты анықтамасын берген. Бейнематериалдармен жұмыс жасаудың өзіндік қиындықтары мен артықшылықтары бар.

Шет ел әдіскерлері (R.Cooper, M.Lavery, M.Rinvolveri, M.Allan, C.Leany, P.Viney, S.Stempleski, J.David) бейнематериалдармен жұмыс жасауда тапсырмалардың төмендегіше үш негізгі түрін ұсынады:

- белсенді түрде көріп-тамашалау (active viewing);
- өз бетінше бейнематериалдар түсіру, дайындау (making your own videos);
- негізгі оқу құралына бейнематериал қосымшасын жасау (video your coursebook) R.Cooper [3, 5].

Республикада мемлекеттік тілді үйретуде бейнематериалдарды пайдалану мәселесі әлі де кенжелеп, дамымай отырғаны белгілі. Оған екі түрлі себеп бар, деп ойлаймыз. Бірінші – арнайы бейнетаспа материалдары мен оқу фильмдерінің, оқу дискілерінің аздығы. Екінші – оқу аудиторияларының техникалық жағынан әлі де болса толық жабдықталмауы.

Күнделікті тәжірибе көрсетіп жүргендей, біздің тілдік курстарға тіл үйренуде машығы қалыптасқан, лингвистикалық тәжірибесі бар студенттер келеді. Тыңдаушының жоғарғы деңгейдегі сұранысы, белсенді ынта-ықыласы, арнайы мақсаты бар. Бұл дегеніміз – өткізілетін сабақтарға деген талапты күшейтіп қана қоймай, тіл үйрету әдістемесінің жаңаша технологияларын қолдану талаптарын алға тартады. Осы тұрғыдан келгенде, сабақта бейнематериал түрлерін қолдану осы жаңаша технология жетістіктері әкелген әдіс деп айта аламыз. Тіл үйретуде бейнематериалдардың кәсіби тілдік дағды қалыптастыруда өзіндік ерекше үйретушілік мүмкіндігінің жоғары екендігін де ай-

туымызға болады. Ол техникалық жетістік арқасында болатын – ести отырып, көре алу мүмкіндігі және сезіндіру, әсер ету ерекшелігі. Біз өз тәжірибемізде осы мүмкіндіктерді сабақ барысында мүмкіндігінше пайдалануға тырыстық. Бұл жұмыс түрі оң нәтижесін берді. Бейнематериалдармен тәжірибелер арнайы ақпараттық сипаттағы материалдар, компания тарихы мен қызметі, жарнамалық роликтер, кәсіби маман интервьюлері, сұхбаттары, көркем фильмдерден тақырыпқа сай эпизодтар және студенттердің өздері түсірген бейнематериалдары негізінде жүргізілді. Осы саланы зерттеуші ғалымдар тәжірибесі басшылыққа алынды. Атап айтқанда, бейнематериалдарды қолдану бойынша жан-жақты ғылыми зерттеу жүргізген В.Г. Писаренконың [4, 124] ғылыми негізде дәлелденген ұсыныстары негіз болды. Ғалымның өз зерттеуі бойынша, тіл үйретудің бастапқы кезеңінде мультфильмдерді пайдалануды ұсынады. Бұл әрине, ересек болып қалған студентті бір сәтке болса да балалық шаққа қайта оралтады, **тіл үйретудегі жағымды әсерді қалыптастыру** деп айта аламыз. Кәсіби дағды қалыптастыру барысында студенттерге ұсынылатын материалдар арасында бейнематериалға деген белсенділік, зейіннің шоғырлануы ерекше екенін арнайы атап кеткеніміз жөн. Оған себеп – басы артық ақпараттардың болмауы. В.Г. Писаренконың бастапқы деңгейлерде мультфильмді ұсынуы – мультфильм кейіпкерлерінің әрекетінің, мінезінің нақты бір іске бағыттала отырып танылуы. Оған қоса, мультфильмдердің студенттер үшін жағымды эмоция туғыза алу қасиеті.

Ғалым біз қарастырып отырған кәсіби тілді үйретудегі ұсыныстарын төмендегіше бірнеше топқа бөліп, топтасырып ұсынуды дұрыс деп тұжырымдайды:

Бірінші топтағы жаттығулар: бейнематериалды көруге деген ынта мен қызығушылық тудыру мақсатын алға қоюы тиіс. Бұл мәселе екінші топтағы жаттығуларға да қатысты.

Аталған автор және басқа да зерттеушілер пікірі бастапқы кезеңде студент бейнематериалдың сюжетін толық біліп алмағанын дұрыс көреді. Себебі, студент қызығушылығының бәсеңдеуіне немесе мүлдем қызықпауына алып келіп, тіл үйрету нәтижесіне кері әсер етуі мүмкін.

Екінші топтағы жаттығулар: бұл жаттығуларға бейнематериалдың келесі көріністерін ұсыну кезеңі кіреді. Көріністі көру, қабылдау алдында *қатысымдық тапсырма* анық қойылуы қажет: студент қалай және қандай мақсатпен осы көріністі қарауы, тамашалауы тиіс.

Үшінші топтағы жаттығулар: тілдік дағды қалыптастыруға бағытталуы қажет. Фильмге комментарий жасай алу; талдау жасау; пікір білдіру.

Бұл топтағы жаттығуларда:

- арнайы жоспар бойынша бейнематериал мазмұнын рет-ретімен жалғастықта айту;
- алдағы қойылмақшы бейнематериал мазмұнына, оқиғасына болжау жасау;
- қызықты, қызықсыз тұстарына комментарий беру, студент үшін жаңа нәрсе бар ма?
- тірек сөздерге сүйене отырып, оқиғаға баға беру, кейіпкерлер қылығы, мінезі әрекеті, ісі т.б.;
- фильм көре отырып, сұрақтарға жауап беру: кесте бойынша, ассоциограмма т.б.

Төртінші топтағы жаттығулар: фильмде көтерілген мәселелерге комментарий жасау, талқылау. Бұл жаттығулар тобына сондай-ақ, интервью жасау, дискуссия, «дөңгелек стол», рөлдік ойындар, драматизация, фильмде көтерілген мәселеге өз пікірін білдіру сияқты жаттығулар кіреді [4, 86].

Біз де өз тәжірибемізде аталған жаттығу түрлерін жүйелі және қажет жағдайда әр топтағы жаттығуларды өзара жүйелі байланыста пайдалануға тырыстық. Оған қоса өз тарапымыздан деңгей ыңғайына қарай бейнематериалдармен сабақтарды өз тарапымыздан түрліше жаттығулармен түрлендірдік. Студент үшін бейнематериалдар қолданылған сабақтардың жағымды әсері мен берер нәтижесінің ерекше екенін айтуымызға болады. Студенттер түрлі компанияларға барып, өз кәсіби саласындағы арнайы маман-қызметкерлерімен сұхбат жүргізіп, сол бейнематериалдарды аудиторияда бөлісуі ерекше қызықты және лексикалық қордың толығуына жағымды әсер етті. Өз болашақ мамандығына деген қызығушылық пе жауапкершіліктерін оятты. Бұл жұмыстар қатарында «Кәсіби қазақ тілі» курстарының барлық деңгейлерінде бағдарлама аясында күнделікті сабақ тақырыптары бойынша, сабақтан тыс уақытта орындауы тиіс студенттің түрлі өздік жұмыстары бойынша, тұсаукесерлері бойынша арнайы түсіріліп, жинақталған бейнематериалдар тәжірибеден өтті.

«Іскерлік қазақ тілі-1-2» сияқты жоғарғы деңгей курстарында бейнематериалдар үшін түрлі теле және радиоарналардың біздің қолданысымызда «Хабар», «Қазақстан» арнасы, «NS радиосы», «Қазақ радиоларының» ақпараттық, танымдық бағдарламалары пайдаланылды. Ақпараттық және танымдық мазмұндағы тікелей эфир материалдары да қолданылғанын айта кетуімізге болады. Тақырыптық қамту аясы сан алуан салада, атап айтқанда, саяси, қоғамдық, қаржы, менеджмент, маркетинг, экономикалық, әлеуметтік, мәдени т.б. Сондай-ақ түрлі көркем фильмдерінен үзінділер де қолданылды.

Кәсіби тілдік дағды қалыптасыруда арнайы ғалымдар зерттеулері әрқашан негізгі ұстанымыз

болды. Естіп-көру синтезі кезеңіне көптеген ғалымдар арнайы зерттеу эксперименттерін жасаған, атап айта кетер болсақ, С.Л. Рубинштейн[5], И.А. Зимняя [6], Дж.Гибсон [7], Н.И. Жинкин [8], В.П. Зинченко [9] т.б. Естіп-көру кезеңінің тіл үйренуде маңызы зор.

Тіл үйрену дегеніміз де – есте сақтау. Есте сақталған сөздерді, тіркестерді келешекте коммуникацияда қолдану. Зерттеуші ғалымдар Вeyer [10, 10] есте сақтауға байланысты мынандай мәліметтерді мысалға келтіреді:

- 10% – оқығаннан есте сақталады;
- 20% – тыңдағаннан есте сақталады;
- 30% – көргеннен есте сақталады;
- 50% – естігеннен және көргеннен есте сақталады;
- 70% – өзіміз айтқаннан, сөйлегеннен сақталады;

90% – өзіміз жасағаннан дейтін болса, В.А. Бухбиндер [11, 57]: адам өз әсерінің 80%-нан көбін көру арқылы, 20%-ын естігені арқылы есте сақтайтынын айтады. Е.И. Фокина [12, 172]: өз эксперименттерінде көру сезімдері арқылы сыртқы әлемнің немесе қоршаған ортаның 80-90%-ы есте қалатынын дәлелдейді. В.А. Толоконников [1, 85] – мәліметті өңдеуге қатысты өз зерттеулерінде 85-90% адамның ми қабатындағы көру анализаторы арқылы есте сақталатынын дәлелдеген.

Бұл сандық мысалдар естіп-көру әсерінің психологиялық жақтары. Қабылдаудың барлық мәні оны қандай жағдайда өтіп жатуына тікелей байланысты. Сабақ мақсатына негізделген динамикалы түрдегі дыбыспен қоса /мүмкін әуен, мүмкін сөз/ ұсынылатын көркем дүниенің, бейнематериалдың студент үшін әсері күшті екені белгілі. Кей жағдайда алғашқы кезең әсері де әр түрлі болуы мүмкін екенін де естен шығармаған дұрыс:

- бейнематериалдың ұнауы – бірден баурай тартып, қызықтырып әкетуі;
- ұнамауы – кері әсері.

Психологтар терминімен айтар болсақ, бұның бәрі *апперцепцияға* байланысты. Демек, ми қызметінің толықтай сол материалды қабылдауға бағытталуы. Апперцепция – материалды белсенді, саналы түрде қабылдау. Ол алдын ала дайындық нәтижесінде ғана болады. Бұдан шығатын қорытынды – бейнематериалдарды ұсынуда да арнайы дайындық, жақсы іріктеп таңдалған, кәсіби бағытталған материал қажет. Бейнематериалдар қызметінің әмбебаптық сипаты да бар.

Сабақ процесінде бейнематериал қандай қызметтер атқара алады:

- Ақпараттық-танымдық қызмет;
- Иллюстративтік-көрнекілік қызмет;
- Білімдік қызмет;
- Тәрбиелік қызмет;
- Интеграциялық қызмет;
- Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі.

Ақпараттық-танымдық қызметі – фильмнің сюжеттік желісі бойынша мол ақпараттың болуы, ол материалды сабақ процесінде пайдалану.

Иллюстративтік-көрнекілік қызметі – қатысушы /ойнайтын/ тұлғалардың көркем формада ұсынылатын образы немесе рөлдер, оқиға орны, табиғат.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі – студент зейінін шоғырландыру, назарын фильм сюжеті желісі арқылы тарта алуы.

Тәрбиелік қызметі – студенттің көркем формада ұсынылған түрлі идеяларды сабақта өзіндік пікірімен, сыни көзқарасымен талдауы.

Интеграциялық қызметі – тілдік қызмет түрлерінің интеграциялануы: тыңдалым, тілдесім, жазылым, оқылым, сөйлесім. Тілдің түрлі аспектідегі көрінісі: фонетикалық, лексикалық т.б.

Ал білімдік қызметі осы аталған қызметтердің бәрі бірігіп, білімдік қызметті толықтырады.

Оқу процесінде бейнефильмді пайдалану кезеңдері қалай болуы мүмкін?

Өз зерттеуімізде бейнематериалдарды пайдаланудың 4 кезеңі бар екенін анықтадық:

- дайындық кезеңі;
- көру /қабылдау/ кезеңі;
- негізгі мазмұнды, кәсіби түсінгенді бақылау кезеңі;
- ауызекі тілдік дағдыны қалыптастыру кезеңі.

Дайындық кезеңінде – фильм аты, қай жерде өтетін оқиға, оқиғаға қатысушылар. Жаңа лексика, фразеологизмдер /міндетті түрде/, фраза-клишелер, елтанымдық, дүниетанымдық түсініктемелер ұсыну – бұл материалдар фильмді белсенді түрде көру мақсатында /түсініп-ұғынып қабылдау

мақсатында/. Жаңа сөздер әр көрініс бойынша бөлек болғаны дұрыс деп есептейміз.

Көру /қабылдау/ кезеңінде /көрініс бойынша/ – фильмнен көріністі көріп болған соң көріністі тамашалар алдында қандай сұрақтарға жауап берілу керектігі немесе қандай тапсырмалар орындау керектігі ұсынылуы.

Негізгі мазмұнды түсінгенді бақылау кезеңі – түрлі тапсырмалар ұсыну арқылы.

Мысалы: қатысушылар кімдер? Сөйлемдерді фильм сюжеті желісі бойынша орналастыру; Кімнің сөзі? т.б.

Ауызекі тілдік дағдыны қалыптастыру кезеңі – қатысымдық белсенділікті түрлі тапсырмалар арқылы:

- Оқиғаның өту орнын суреттеңіз;
- Басты кейіпкерлерді суреттеңіз мінездеме беріңіз;
- Фильм оқиғасына ары қарай өз болжамыңызды жасаңыз;
- Сіз режиссер болсаңыз, бұл көріністі немесе оқиғаны қалай құрар едіңіз?
- Фильм жайлы өз пікіріңізді білдіріңіз
- Фильмдегі көтеріліп отырған мәселеге көзқарасыңыз т.б.

Оқу процесі барысында қолданылатын, пайдаланылатын бейнематериалдар қандай талаптарға жауап бере алуы керек?

- оқу бағдарламасы талаптарына жауап бере алуы;
- курс тыңдаушының талап-тілектеріне жауап бере алуы;
- кәсіби тілдік құзірет қалыптастырушылығы;
- кәсіби функционалдылығы;
- қолданыстағы бейнематериалдардың арнайы кәсіби салалық лексиканы қамтамасыз етуіне басымдық берілуі.

Тіл үйретуде бейнефильмді қолдану қандай нәтиже бере алады?

Қорыта айтқанда, бейнематериалдарды қолданудың кәсіби тілдік дағды қалыптастыруға төмендегіше көмегін тигізе алатынына өз тәжірибемізде көз жеткізе алдық:

- белсенділіктің артуы;
- зейіннің жоғарғы дәрежеде шоғырлануы;
- бірлескен танымдық қызметтің оянуы;
- лексикалық минимумның ұлғаюы, баюы;
- жағдаяттарды есте сақтау арқылы түрлі оралымдар мен клишелерді есте сақтап қалу;
- бейнематериалдағы тілдік ситуацияны болашақ кәсіби қызметінде өз қажетіне қарай икемдей, модельдей алуы;
- функционалдылығы: біздің қолданысымыздағы бейнематериалдардың басым көпшілігі оқыту, үйрету мақсатын көздемей түсірілген, шынайы өмірден алынған. Осы шынайылық кәсіби тілдік қатысымдық сәттілікке жетелеп, болашақ бәсекеге қабілетті маманның арнайы салада кәсіби тілдік қажеттілігін қамтамасыз ете алады;
- болашақ маманды жаңа біліммен толықтыра алады;
- видеоматериалдардың дидактикалық функционалдылығы;
- ұсынылған бейнематериалдардың лексикалық қорының әмбебаптылығы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Толоконников В.А. Влияние формы аудиовизуальной информации на усвоение учебного материала: дисс.на соиск.уч.ст.к.п.н. – М., 1992. – 184 с.
- 2 Лотман Ю.М. Семиотика кино и проблемы киноэстетики. – Таллин: ЭЭСТИ раамат, 1973. – 140 с.
- 3 Cooper R., Lavery M., Rinvoueri M. Video. – Oxford University Press, 1996. – 112 p.
- 4 Писаренко В.Г. Метод использования видеоматериалов в обучении второго иностранного языка: дисс.на соиск.уч.ст.к.п.н. – Таганрог, 2002. – 184 с.
- 5 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – Питер, 2000. – 512 с.
- 6 Зимняя О. О слуховой и зрительной наглядности в обучении иностранным языкам // Проблемы зрительной и слуховой наглядности. – М., 1970. – С.11-15.
- 7 Гибсон Дж. Экологический подход к зрительному восприятию. – М.: Прогресс, 1988. – 462 с.
- 8 Жинкин Н.И. Речь как проводник информации. – Москва, 1982. – 157 с.
- 9 Зинченко В.П. Теоретические проблемы психологии восприятия задачи генетического исследования. В кн: Хрестоматия по психологии/Сост. В.В. Мироненко. Под.ред. А.В. Петровского. – М.: Просвещение, 1987. – 205 с.
- 10 Beyer E. La perception humaine. – Paris: Hachette, 1986. – 343 p.

11 Основы методики преподавания иностранных языков . Под редакцией В.А. Бухбиндера, В.Штраусса. – Киев: «Вища школа», 1986. – 335 с.

12 Фокина Е.И. Психология и педагогика. Уч. пособие. – Хабаровск: РИЦ ХГАЭП, 1998. – 196 с.

Н.Ж. Бекеева¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

АКТИВИЗАЦИЯ, МОТИВИЗАЦИЯ И ИНТЕГРАЦИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВИДЕОМАТЕРИАЛОВ В ФОРМИРОВАНИИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ЯЗЫКОВОГО НАВЫКА

Резюме

Работа с видеоматериалами имеет свои преимущества и недостатки, иначе говоря, трудности. В статье рассматривается важность использования видеоматериалов в формировании профессиональных языковых навыков. В Казахстане данная проблема не до конца усовершенствована в системе обучения государственному языку. Не создан фонд учебно-обучающих видеоматериалов по изучению языка. В этой исследовательской статье рассматриваются преимущества и трудности, встречающиеся в работе с видеоматериалами, а также говорится об использовании новых технологий в работе с ними. Руководствуясь теорией ученых исследователей, в статье приводятся апробированные на практике проблемы данной сферы.

Уточнены результаты использования видеофильмов в обучении языку: активность; внимательность; познавательность; расширение лексического минимума; сохранение в памяти ситуативно-речевых оборотов и клише.

А также в статье упоминается о том, что наряду с видеоматериалами применяются все виды речевой деятельности, поэтому на практике могут встретиться несколько процессов, таких как: визуально-слуховой синтез.

Ключевые слова: профессионально-языковой навык, видеоматериалы, визуально-слуховой синтез, аудирование, конкурентноспособный специалист, компетентный специалист

N.Bekeyeva¹

*¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

ACTIVATION, MOTIVATION AND INTEGRATION OF THE USE OF VIDEO MATERIALS IN THE FORMATION OF A PROFESSIONAL LANGUAGE SKILL

Summary

Working with the video materials has its own difficulties and advantages. It is said about the importance of the use of video materials in formulation of professional language skills in this article. This issue is not developed in Kazakhstani teaching state language system. There is no fund of language teaching special video materials. It is considered the use of video materials in language learning based on new technologies in the research. Guiding the theory of the scientists in this sphere, it is discussed experienced issues. It is shown specific functions during the lesson procedure. It was refined the outcomes of the video material use in teaching language: increasing of activity; focusing on a high attention level; the increasing of cognitive joint activities; expanding vocabulary through situations memorize different phrases and clichés. The use of video materials can give the chance of using the confluence of several synthesis processes as listening, seeing.

Keywords: professional language skills videos, listening, watching synthesis, listening, competitive specialist, competent professional

FTAXP 14.25.09

Р.Б. Бораш¹, С.Т. Баусариева²

*^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

ЛИРИКАНЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада лирикалық шығармаларды орта мектепте оқытудың сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқыту әдістері қарастырылған. Келтірілген дәлелдер мен лирикалық шығармалардың табиғатын ашу арқылы,

болашақта ақын лирикасын оқытудың жолдары нақты белгіленген. Мақалада сонымен қатар лирикалық шығармаларың түрлері топтастырылып берілген: *саяси-азаматтық лирика, махаббат лирикасы, көңіл күй лирикасы, табиғат лирикасы, философиялық лирика, сатиралық лирика*.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» кезеңдері: **қызығушылықты ояту кезеңі** оған қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» стратегияларын пайдаланады. Ал **мағынаны тану (түсіне білу)**. INSERT стратегиясы – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Тақырып туралы *ой-толғаныс* – сабақтың үшінші кезеңі. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіруге үйренеді.

Түйін сөздер: сын тұрғысынан ойлау технологиясы, қызығушылықты ояту, мағынаны тану, тақырып туралы ой-толғаныс, лириканы оқыту, лириканың түрлері, лирикалық шығарма

Лирика жанрының қазақ әдебиеттану ғылымында әдеби үдерістегі алатын орнына, поэтикасына, жалпы лирика табиғатына қатысты әртүрлі ғылыми еңбектер жазылғаны белгілі. Атап айтсақ, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмаилов, М.Дүйсенов, М.Базарбаев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Ә.Нарымбетов, Ә.Тәжібаев, Т.Әбдірахманова, Б.Көрібаева, Ж.Дәдебаев, Қ.М. Пазылов, Т.Шапай және тағы басқа ғалымдар еңбектерінде [1] қазақ өлеңінің мәселелері әр қырынан жан-жақты зерттеу нысанына айналып, қазақ лирикасының тарихи даму жолдары, ақындық өнердің сыры мен сипаты қарастырылып отыр.

Академик Қ.Жұмалиев пікірінше: «Лирика – өмір құбылысына ақынның көзқарасы, түсіну, сезімі, күйініші-сүйініші, онда адам өмірінің асқақтығы да кейде қоңыр күйі де көрінеді» [2, 69].

Қазақ әдебиетінде небір майталман сөз зергерлері болды. Олардың шығармашылығын оқытудың қазіргі қазақ әдебиетінде түрлі жолдары ұсынылуда. Біздің мақаламызға арқау болған қазақ лирикалық шығармаларын сын тұрғысынан ойлау арқылы оқытудың әдістерін пайдалана отырып оқытуды көрсету. Әдебиеттанудың жанрларының ішінде лирика жанры ерекше ықшамды әрі айтуға ыңғайлы, сонымен қатар өмір сүріп отырған қоғамдағы келелі мәселелерге ақынның көзқарасы, сезімі, қабылдауы, жалпы қабілеті көрінетін поэзияның түрі.

Лириканың басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикалық шығармалар өлеңмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге көзқарасы, оның сезімін, нақты ойы, көңіл-күйін суреттеу, әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі. Кез келген сезіну мен толғаныс лирика тудыра алмайды, әлеуметтік-толғаныстар лирика тудырады. Эпика жанры баяндауға негізделсе, лирикалық шығарма адамның түрлі құбылыстан алған әсерін бейнелеп жеткізу шеберлігімен ұштасады. Әр халықтың лирикалық өлеңдері оның ауыз әдебиетінен басталған. Мәселен, қазақ лирикасының басы тұрмыс-салт өлеңдерінде – тойбастар мен жар-жарда, сыңсу мен беташарда немесе мұңшер өлеңдерінде, қоштасу мен көңіл айтуда, естірту мен жоқтауда жатыр. Онан бергі қазақ поэзиясында Шалкиіз, Махамбет толғауларында лирикалық толғаныстар арқылы бүкіл қазақ халқының аңсаған арман-мұраттары көрсетілген. Лириканың бас қаһарманы – ақынның өзі. Ақын ең алдымен, өз жайын, мұңын, арманын, қуаныш сезімін жыр ету арқылы халықтың тағдырын, қайғысын, күйзелісін, қуаныш-шаттығын, тілек-мақсаттарын білдіреді. Нағыз лирикалық туындылар жеке адамның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Лирика көлемі жағынан өте ықшам келеді. Оқиғадан гөрі отты сезім басымдау, күллі сурет сол сезім маңына, бас-аяғы тұжырымды бірер философиялық ой маңына жинақталады. Лирикалық шығармалар кейде шығарманың тақырыбына, мазмұнына қарай бөлінеді: 1. Саяси-азаматтық лирика. 2. Махаббат лирикасы. 3. Көңіл күй лирикасы. 4. Табиғат лирикасы. 5. Философиялық лирика. 6. Сатиралық лирика.

Қазақ ақындарының ішінде сатиралық лириканы көп жазған адам Абай болды. Ол елдегі болыс, билерді шенеп-мінеп, сынға алып, мысқылдап жазған «Дүтбайға», «Болыс болдым, мінекей» деген өлеңдері сатиралық лирикаға жатады. Енді «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» кезеңдерін қарастырайық.

1. **Қызығушылықты ояту.** Үйрену үдерісі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау» т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру.

2. **Мағынаны тану (түсіне білу).** Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік

көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал.

Адамның психологиялық көңіл-күйі өзінен-өзі құбылып өзгермейді. Көңіл-күйдің, шаттық сезімнің, қуаныштың, мысқыл кекесін, ашу-ызаның, адам бойын билеген ой-арманның пайда болуы өмірдің оралуан көрінісіне, жағдайға, табиғатқа, әлеуметтік ортаға байланысты туады. Мәселен, «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны» хан-сұлтандарға деген кекті ашу-ызадан туған сөздер. Өлеңді оқығанда ақынның қандай көңіл-күйінен туындаған не сол сөзді айту үстінде оның жанын тербеген сезімнің көрінісі байқалғандай болады.

Өзекті жанға бір өлім,
Орданды талқан қылып шабармын...
Күндердің күні болғанда,
Бас кесермін, жасырман...

деген жолдарынан Баймағамбет сұлтанның алдында тұтқын дәрежесінде тұрып-ақ қаймықпай, көтеріліс бағдарламасына сай халықтың қайнаған кегі мен өшпенділігін білдіретін ерлікті айқын аңғаруға болады. Сол дәуірде бұл мәселеге Махамбетпен ешкім таласа алмайды. Академик З.Қабдолов лириканы: «Нұрлы ой, ішкі сырлы дүние жанры. Бір өлеңде бірнеше сөз болуы мүмкін. Лирикадағы бас қаһарман -ақынның өзі. Лирикалық кейіпкер, әдетте ұнамды кейіпкер. Лирикада тартыс та болады. Лирикада негізінен мінез болады» [3, 70] – деп бағалайды.

3. *Тақырып туралы ой-толғаныс* – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту үдерісінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіруге үйренеді [5].

Зерттеуші-ғалым С.Мақырұлының «Әдебиеттің тектері мен түрлері» атты әдістемелік талдау еңбегінде лирикалық шығармалардың түрлерін (жанрларын) ақынның қоршаған орта, қоғамдық шындық туралы толғаныс сезімдерін, оны танып, бағалауын, жалпы көңіл-күйін таныту тәсілдерінің сипатына қарай талдап көрсетеді: *ән өлеңі, ода, элегия, сонет, сатира, арнау, эпиграмма* [4].

Адамзаттың тіршілік әрекеттерінің негізгі тұғырнамасы – білім. Қазіргі заман педагогі білім беруде тек өткен тарих пен бүгінгі күннің проблемаларын емес, болашақтың жайын ойлауға, болжауға, алдың алуға, тиісті шешімдер қабылдап, оған өзінің оң үлесін қосуға қалыптастыруда үлесі зор болса керек.

Мәтін талдау барысында лириканың күрделі ішкі құрылымына, стильдік бітіміне, өлең сырына бойлату, ондағы философиялық-эстетикалық, поэтикалық ой арқауын оқушыларға түсіндіру, шынайы адамдық сезім биігін ұғындыру арқылы оқушыларға эмоциялық, эстетикалық ләззат, әсер беру жолдарын қарастыру.

Лириканы оқыту байланысты зерттеудің басты мақсаты – ақынға рухани жақындау, оны сезіну, ақынның сезім мен ой тереңдігіне бойлау, сол арқылы оқушының оқырмандық сапасын арттырып, көркем сөздік құдіретін түсіне білуге тәрбиелеу, оқушылардың өлеңге деген қызығушылықтарын оятып, құмарлығын арттыру арқылы олардың жан дүниесін байыта отырып, эстетикалық, адамгершілік, ізгілік, инабаттылық тәрбие беру.

Лирикалық шығармалардың әрқайсысы жеке құрылымдық жүйе екендігін белгілі. Оларды оқытуда қолданатын әдістерді жинақтап айту күрделі. Солай бола тұра біздің тарапымыздан, лирикалық шығармаларды талдауда, оқытуда жүйеленген жұмыс түрін ұсынамыз: 1. Шығарманың басты және қосалқы тақырыптарын табу. 2. Шығармадағы күрделі сөздер мен күрделі ұғымдарды анықтау, сөздік жұмысын жүргізу. 3. Өлеңнің құрылысын талдау. 4. Өлеңдегі көркем сөз айшықтарын (троп, фигураның түрлері) табу, мәтіндегі қызметін айқындау. 5. Шығарманың композициялық құрылымын анықтау, жоспар құру. 6. Шығарманың синтаксистік құрылым жүйесіндегі ой ағынын, тірек ұғымдар арқылы айқындау. 7. Шығарма идеясын тану. 8. Авторлық ұстанымды аңғарту.

Я.А. Коменский оқу үдерісіндегі оқушыға білім мен тәрбие беру жұмысын мынадай төрт кезеңге бөледі: 1. Сыртқы сезімді тәрбиелейтін жаттығулар. Бұл мақсаттағы жаттығулар арқылы бала өзін қоршаған ортаны, өмірді танып, олармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйренеді. 2. Ішкі сезімді ой-қиял арқылы елестету мен есту, қол мен тілді тәрбиелейтін жаттығулар. 3. Нақты зат пен нәрселердің көлемі мен барлық заттық нәрселерді, құбылыстарды сезіну, осы сезіну арқылы жиналған материалдар негізінде ой-пікір мен түйсікті дамыту. 4. Ерікке қатысты; ұстамдылық, еңбек құмарлық, қабілетті дамытуға бағытталған жұмыстар. Осы бағыттағы жаттығулардың барлығын да лирикалық

шығармаларды оқытқанда қолану маңызды. М.Мақатаевтың «Мен таулықпын» өлең мәтініндегі ойды айқындау, жинақтау, жүйелеу, қорыту үшін төмендегідей тапсырмалар ұсындық: 1. Өлеңдегі тауды сипаттайтын сөздерді белгіле, сол сөздерді теріп жазып жүйеле. 2. «Асқар шыңдар желпиді бесігімді, Бір орамын ағытып сәлдесінің», деген тармақтарды қайталап оқы, көз алдарыңа қандай бейне елестейді? «Сәлде» сөзі қай заттық ұғымның орнына жұмсалып тұр? Асқар шыңның түсі қандай? Сөз образын, көріністі, бейнені сипаттап айтып көр. 3. «Күн алғашқы сәулесін маған шашып, Маған келіп түнейді кара тұман» – деу арқылы ақын нені меңзейді? Осы тармақтарда уақытқа қатысты сөз қолданыстары бар ма? Тауып белгіле, өз түсінігіңді айт. 4. Мәтіндегі Ана сөзінің қолданысына назар аудар. Өлеңде ақын Ана сөзін қандай ұғымда қолданған деп ойлайсыңдар? 5. Өлеңде табиғаттың тағы қандай перзенттері аталады. 6. Өлеңді тұтас қайталап оқи отырып, тауға деген ақынның қарым-қатынасы мен сезімін түсінуге күш сал. 7. Таудың қай қасиетін ақын ерекше қастарлейді? 8. «Тау ұлы» тақырыбына ой толғау жаз. Мектеп оқулығында осы өлең мәтініне қатысты мынадай тапсырма берілген екен: «Өлеңді мәнерлеп оқы, жаттап ал», «Ақынның ой-арманын әсірелеп, ақын қиялын қалықтататын бейнелі сөздерді дәптерлеріңе жазып алып, есіңе сақтауға тырыс», «Өлеңнен тау ұлында болуға тиіс қандай қасиеттерді аңғаруға болады» [4]. Бұл тапсырмалар дәстүрлі талдауларда мақсат етіліп жүрген мәтіннің тақырыбы мен өзекті ойын танытуға да жетімсіздік етеді. Оның үстіне ақын тау ұлының қасиеттерін сипаттауда басты мақсат етпейді. Тау ұлыны қатысты сындық ұғымдағы сөздер, эпитеттер мәтінде жоқтың қасы. Бұндай дидактикалық жағынан кемшін сұрақ-тапсырмалар оқушыны мейлінше тығырыққа тіреп, ой-қиялын шектейді [5].

Құзырлы тұлғаны дамыту және оған жан-жақты терең білім беру мақсатында көптеген білім беру технологиялары ұсынылуда. Соның бірі – Сын тұрғысынан ойлау («СТО») технологиясы.

«СТО» технологиясын тәрбиеге енгізген американдық ғалымдар Женни Стил, Куртис Мередит, Чарльз Темпл. Бұл технологияның философиясы мен теориясы ресейлік ғылым Л.С. Выготский мен американдық ғалым Джон Дьюидің еңбектеріне сүйеніп жасалынған. Бұл озық педагогикалық технология қазіргі әлемнің 52 мемлекетінде жүзеге асуда.

Сын тұрғысынан ойлау сабақтары және кез келген осы бағдарлама негізіндегі жасалатын шаралар білім алушылардың өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу, құбылыстар арасынан тиімдісін таңдай білу, мәселені шеше білу, пікірталас жүргізе білу, басқалармен қандай деңгейде болса да қарым-қатынас жасай білу, қажет жерде өз көзқарасын өзгерту, топ алдында өз тұжырымын айта білу, ойын қорғай білу қабілетін дамытады. Осының бәрі әрбір білім алушының өздігімен білім ала білуін, сын тұрғысынан ойлау іскерлігін, зерттеу жұмыстарын жасауға мүмкіндік ашады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы ынтымақтастық орнайды.

Оқытушы: 1) Оқушының дербес таным іс-әрекетін кіргізуші. 2) Коррекция жасайды. 3) Ықпал етуші, көмекші, ақылшы. 4) Психологиялық жағымды ахуал. 5) Эмоция тудырушы. 6) Мадақтаушы.

Білім алушы: 1) Ізденуші, зерттеуші. 2) Табушы, жаңа өнім жасаушы. 3) Білімді өз бетімен алушы. 4) Өзін-өзі, достарын тексеруші. 5) Бағалаушы, сараптаушы.

Қызығушылықты ояту кезеңінде қолданылатын әдістер білім алушылардың тақырыпқа байланысты бұрынға алған білімдерін қолданып, қайта жаңғыртып, естеріне түсіруін қажет етеді. Бұл кезеңде ассоциациялар жүйесін құрастыру – «*кластер*» стратегиясы, «*ой шақыру*» т.б. стратегияларды қолданамын.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүнитанымның, рухани мәдениетті жасаудың, ұлттық ұжымдық тәжірбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға білім мен ғылымды үйрету тіл арқылы жүзеге асады.

Білім алушының өзін жеке тұлға ретінде сезінуіне, елінің сенімді азаматы болуына, алға қойған мақсатын білуіне көмектесетін бұл ойлау процесінен тұратын жобаның алатын орны ерекше. Ал күзiреттiлiгi дамыған оқушы келешекте *дарынды тұлға* болатына анық.

Әрбір сабақ басынан аяғына дейін балаға деген мейірімге толы болу керек. Осы бағытта Ш.А. Амонишвили: «Білім ошағындағы әрбір күн, әрбір сабақ мұғалім тарапынан оқушыға сыйлық болуы керек. Әрбір білім алушының мұғалімімен тілдесуі бала бойына қуаныш пен құлшыныс беруі тиіс» деген. Сондықтан да сабақты жоспарлау кезінде қолданылатын көрнекіліктерді эстетикалық талаптарға сай, білім алушы қызығатындай дәрежеде даярлауы қажет. Тірек плакаттарды топтық жұмысқа қолдансақ, тірек схемалары жасалған парақтар жеке білім алушымен жүргізілетін жұмыстарға арналып жасалады. Яғни бұл тірек схемалары жеке оқушыларға үлестіріліп беріледі. Білім алушы схема бойынша ауызша, жазбаша түрде жұмыс жасайды.

Сын тұрғысынан ойлау сабағы:

1. Ой ашар (*ассоциация, ми шабуылы, кубик* және т.б. әдістер арқылы орындалады).
2. Іске асыру (*инсерт, кластер* әдістері арқылы іске асады).
3. Рефлексия (қорытындылау және білімдерін бағалаудан тұрады).

Қорыта келгенде, «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы әдебиет пәніне қызығушылықтарын дамыту» жобасын қолдану тиімді, өйткені білім алушылар өз ойын ашық айтады және осы ойын айту үшін жаңа сөздерді үйренуге талпынады. Оқушылар өзара пікір алмасу арқасында сабаққа деген қызығушылықтары артады. Әрбір білім алушы шығармашылық тұрғыда жұмыс істейді, себебі олар қорытынды кезеңде рефлексия түрінде өз ойларын не ауызша не жазбаша күйінде жеткізеді. Әдіскер Қ.Бітібаева өзінің «Педагогикалық технология талаптары» деген мақаласында: «Педагогикалық технология деген не?» деген сұраққа педагог-ғалым В.П. Беспальконың «Оқу тәрбие үдерісінің алдын-ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның тәжірибеде жүзеге асуы – белгілі бір педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асу жобасы» – деген анықтамасымен жауап береді [6].

Қорыта келгенде, «Өркениеттіліктің басты міндеті – адамды ойлай білуге үйрету» – деп Эдисон айтпақшы, оқушылардың әдебиет сабақтарында ойлау іс-әрекеттерін дамытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясының маңызы ерекше, себебі бұл технология оқушыларды дербес ізденіске, білімді өз бетімен алуға тиімді ықпал етеді еп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Жұмалиев Қ. *Әдебиет теориясы*. – Алматы, 1969. – 244 б.
- 2 Әуезов М. *Уақыт және әдебиет*. – Алматы, 1962. – 427 б.
- 3 Қабдолов З. *Сөз өнері*. – А.: Қазақ университеті. – 350 б.
- 4 Мақпырұлы С. *Әдебиеттің тектері мен түрлері*. – Алматы, 1993. – 796 б.
- 5 Жұмақаева Б.Д. *Лирикалық шығармаларды оқыту арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыру жолдары // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы «Филология ғылымдары сериясы*. – №2 (56). – 2016. – Б.201-205.
- 6 Бітібаева Қ. *Әдебиетті оқыту әдістемесі*. – Алматы, 1997. – 271 б.

Р.Б. Бораш¹, С.Т. Баусариева²

*^{1,2}Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

МЕТОДЫ ИЗУЧЕНИЯ ЛИРИКИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ТЕХНОЛОГИИ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ

Резюме

В статье рассматриваются методы преподавания лирической поэзии с использованием технологии критического мышления в старшей школе. Благодаря открытию природы этих аргументов и лирических произведений, четко определены способы преподавания поэтических текстов в будущем. В статье также представлены различные лирические произведения: *политико-гражданская лирика, лирика любви, лирическая лирика, философская лирика, сатирическая лирика*.

Этапы технологии критического мышления: *период осознания пробуждения* использует стратегии *группирования, обнаружения, мышления, пар, прогнозирования и глобальной навигации*, которые его обслуживают. Стратегия INSERT – это рациональный инструмент, который учит вас понимать, что вы изучаете, руководить своими мыслями и выражать свои мысли. Мысли о теме – это третий этап урока. На этом этапе студенты учатся эффективно взаимодействовать друг с другом.

Ключевые слова: критическая технология мышления, осознание пробуждения, распознавание смысла, разговоры о предмете, преподавание текстов, типы лирических текстов, лирические произведения

R.B. Borash¹, S.T. Bausarieva²

*^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

METHODS OF TEACHING THE LYRICS IN TENNS OF CRITICAL THINKING TECHNOLOGY

Summary

In the article methods of teaching lyrical poetry with use of technologies of critical thinking in the senior school are

considered. Thanks to the discovery of the nature of these arguments and lyrical works, the ways of teaching poetic texts in the future are clearly defined. The article also presents various lyrical works: politico-civic lyrics, love lyrics, lyrical lyrics, philosophical lyrics, satirical lyrics.

Stages of critical thinking: the period of awareness of awakening uses the strategies of grouping, detection, thinking, pairs, forecasting and global navigation that serve it. And knowing (understanding). The INSERT strategy is a rational tool that teaches you to understand that you are learning, guiding your thoughts and expressing your thoughts. Thoughts about the topic are the third stage of the lesson. At this stage, students learn how to effectively interact with each other.

Keywords: critical technology of thinking, awareness of awakening, recognition of meaning, talk about the subject, teaching texts, types of lyrical texts, lyrical works

MPHTI 14.35.09

A.Golovchun¹, G.Zhumabekova²

^{1,2}*Ablai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

CONTEMPORARY TECHNOLOGIES FOR TEACHING ENGLISH LANGUAGE IN KAZAKH AND RUSSIAN-SPEAKING GROUPS OF UNIVERSITY STUDENTS

Abstract

Relevance is the case that ‘children’s literature features themes and content that are relevant to young learners and addresses their concerns, fears and aspirations and thus can provide a motivating and engaging medium for instruction [12, 52]. However, while doing research on poetry preferences of children in the fourth, fifth and sixth grades of primary school, Terry (1974) found that teachers’ selection of poetry was often in discrepancy with the pupils’ preferences [13, 53]. Because of this, it is important not to limit children’s repertoire of texts to only the teacher’s choice and to build upon the out-of-school interests of the children themselves [14, 28]. Mc.Clure (2003) makes a recommendation to teachers to begin expanding their poetry selections, moving beyond what they think children *should* like; to choosing poetry they think children *would* like [15, 78].

Age is a significant factor that needs to be taken into account when deciding on children’s interests, as well. Fisher and Natarella examined poetry preferences of first, second and third graders, and found that they preferred traditional over modern poetry [16, P.106-109]. However, nuances in their development should be paid attention to as well, and one should not use the rhymes that are either above or below the developmental stage of the children. On the other hand, very young learners, being in the pre-operational stage characterized by egocentrism in Piagetian sense of the word, the inability to distinguish one’s own view from the viewpoints of others [17, 317], would have a hard time understanding the main point of the following rhyme:

*A wise old owl lived in an oak;
The more he saw the less he spoke;
The less he spoke the more he heard.
Why can't we all be like that wise old bird* [10, 403].

When choosing rhymes to use in a young learner classroom, teachers should pay attention to how well they lend themselves to the exploration of different values through their content. Power relations, for example, are a frequent issue in all of literature, and they play their role within the realm of nursery rhymes as well. Thus, for example, if a society has racist tendencies, its nursery rhymes might also contain them, in an effort to produce new, well-conformed members of that society [18, 431].

CONCLUSION. It is understood that rhymes promote the acquisition of the foreign language. To conclude we present the following recommendations for the teachers of foreign languages at school. Accompanying illustrations represent an important part of children's experience of a rhyme, especially when it is in a foreign language, as pictures support understanding and can serve the purpose of scaffolding. Therefore, because of the huge potential of learning by looking [19, 79], criteria for illustration use should also be set, concerning the representation of characters, both human and animal ones, the settings and activities they engage in, and synchronization of illustrations with the text [20, p. 69]. Color use is also a significant factor in presenting characters of different races and ethnicity. Wherever the text of the rhyme does not limit the representation, illustrations should feature a diverse set of characters, regardless of whether or not children in a given country do or do not have the opportunity to actually meet the representatives of the races or nations concerned [21, 432], as such a practice would broaden their views and help develop tolerance towards those groups within their immediate surroundings that differ from themselves. It goes without saying that any stereotypical or negative representations should be avoided here as well. The same is true for images of old or disabled people, or those that belong to a lower socio-economic class, since some popular rhymes, often reprinted in modern collections, do feature characters that belong to these groups. Therefore, if these criteria are observed, the illustrations that accompany the rhymes can serve as a tool for developing a solid base for tolerance in the classroom, which is especially important in environments with special needs students. Nursery rhymes frequently feature animal characters, and can therefore be a useful asset when teaching children animal-related words, contextualizing new vocabulary in a fresh way and providing children with new possibilities of applying the acquired knowledge. Research has shown that 'children's learning from picturebooks is facilitated by realistic illustrations and should be used more frequently in teaching, at least during the beginning stages of instruction.

References:

- 1 Temple C., Martinez M. & Yokota J. *Children's books in children's hands: An introduction to their literature (4th ed.)*. – New York: Pearson, 2011. – 384 p.
- 2 Zipes, Jack, Liss Paul, Lynne Vallone, Peter Hunt, and Gillian Avery. *The Norton Anthology of Children's Literature: The Traditions in English*. W.W. Norton & Company, Inc. – New York, 2005. – 2512 p.
- 3 Bodden V. *Poetry basics: Nursery rhymes*. – Mankato, MN: Creative Education, 2010. – 32 p.
- 4 <http://abckidsinc.com>. 20.08.2017.
- 5 Norton, Donna E. *Through the Eyes of a Child: An Introduction to Children's Literature (8th ed.)*. – Pearson, New York, 2011. – 640 p.
- 6 Phillips S. *Young Learners*. – Oxford: Oxford University Press, 1993. – 192 p.
- 7 Orlava N.F. *Developing speech habits with the help of songs*. *English Teaching Forum*. – 1997.
- 8 Murphey T. *Music and Song*. – Oxford: Oxford University Press, 1992. – 151 p.
- 9 Iona and Peter Opie. *Children's Games with Things*. – Oxford University Press, 1997. – 366 p.
- 10 Reilly V. and Ward S. *Very Young Learners*. – Oxford: Oxford University Press, 2003. – 208 p.
- 11 Ghosn I. *Humanizing teaching English to young learners with children's literature*. *Children's Literature in English Language Education Journal*. – 1(1). – 2013. – P.69-82.
- 12 Terry A. *Children's Poetry Preferences: A National Survey of Upper Elementary Grades*. Urbana, IL: National Council of Teachers of English. – 1974. – 72 p.
- 13 Horner C. & Ryf V. *Creative Teaching: English in the Early Years and Primary Classroom*. – New York: Routledge, 2007.
- 14 Mc Clure A.A. *Children responding to poetry: A century of research and commentary*. In L.Pavonetti (Ed.), *Children's Literature Remembered: Issues, Trends, and Favorite Books*. Santa Barbara, CA: Libraries Unlimited, 2003. – P.73-89.
- 15 Fisher C.J. & Ntarella M.A. *Young children's preferences in poetry: A national survey of first, second and third graders*. *Research in the Teaching of English*. – 1982. – P.139-54.
- 16 Hauser-Cram P., Nugent J.K., Thies K.M. & Travers J.F. *The Development of Children and Adolescents*. – Hoboken, NJ: John Wiley & Sons, 2014. – 784 p.
- 17 Prosic-Santovac D. *English Fairy Tales and Nursery Rhymes: An Insight into the Way of Life in the Past*. (Unpublished doctoral dissertation). – Faculty of Philosophy, Novi Sad, 2012.
- 18 Salisbury M. & Styles M. *Children's Picture Books: The Art of Visual Storytelling*. – London: Lawrence King Publishing, 2012. – 192 p.
- 19 Wong I.W. & Hines M. *Effects of gender color-coding on toddlers' gender-typical toy play*. *Archives of Sexual Behavior*, unpaginated. – 2014.
- 20 Prosic-Santovac D. *Negative pedagogical messages in Mother Goose nursery rhymes*. In V.Lopicic & B.Miscilic (Eds.). – *Language, Literature, Politics*, 2007.
- 21 Toxanbayeva S. *Abai KazNPU Series of "Philological Sciences"*. – №1 (15). – 2016. – P.219-222.

Г.Б. Жумабекова¹, А.А. Головчун²

^{1,2}Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН МЕҢГЕРУ ҮРДІСІНДЕ РИФМДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Түйіндеме

Мақала жалпы білім беретін мектепте ағылшын тілі сабақтарында балалар рифмдерін пайдалануды талдауға арналған. Балалар шынайы материал (рифмдер, әндер және т.б.) негізінде шет тілін ерекше ынтамен үйренеді. Шынайы материалдар балалардың оқу материалына ойын шоғырландырады. Шет тілі сабағында рифмдерді пайдалану сыныпта немесе сыныптан тыс балалардың өзара қарым-қатынас жасауына мүмкіндік бере отырып, шынайылықты қалыптастырады. Авторлар жалпы білім беру мектебінің бастауыш деңгейінде оқушыларды шет тіліндегі қарым-қатынасқа дайындауда рифмдерді пайдалану тиімді технология деген қорытындыға келеді. Ең алдымен, қарым-қатынастың лексикалық аспектілері қалыптасады. Қабылдаудың ыңғайлылығы үшін рифмдер қарапайым сөйлемдермен берілуі мүмкін. Рифмдер оқушылардың лингвистикалық және мәдени көзқарастарын кеңейтеді, сонымен қатар шет тіліндегі лексикалық дағдыларды, тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытады. Күнделікті өмірде кездесетін тіркестер болғандықтан, рифм негізінде екі мәдениеттің (отандық және шетелдік) салыстырмалы талдауын жүргізуге болады. Осылайша, біздің зерттеуіміздің мақсаты жалпы білім беру мектебінің бастауыш деңгейінде ағылшын тілі сабақтарында рифмді қолдану тиімділігін көрсетуде жүзеге асырылды.

Түйін сөздер: рифм, шет тілін меңгеру, бастауыш деңгей, жалпы білім беретін мектеп, тыңдау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру

Г.Б. Жумабекова¹, А.А. Головчун²

^{1,2}Казахский университет международных отношений и мировых языков им. Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ РИФМОВОК НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА НАЧАЛЬНОЙ СТУПЕНИ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЫ

Резюме

Статья посвящена анализу использования детских рифмовок на уроках английского языка в общеобразовательной школе. Дети с удовольствием изучают иностранный язык на основе аутентичного материала (рифмовки, песенки и т.д.). Аутентичный материал помогает им концентрироваться на изучаемом материале. Использование рифмовок на уроках английского языка способствует общению как внутри классной атмосферы, так и за ее пределами. Авторы приходят к справедливому выводу в отношении того, что рифмовки являются эффективной технологией в подготовке учащихся к иноязычному общению на начальной ступени общеобразовательной школы. Прежде всего, формируются лексические аспекты коммуникации. Для удобства восприятия, рифмовки могут быть разделены на коллокации и сконструированы в простые предложения. Рифмовки расширяют лингвокультурологический кругозор учащихся, помимо иноязычных лексических навыков развиваются умения аудирования и говорения. На базе рифмовок можно осуществлять сравнительный анализ двух культур (родной и иностранной), поскольку там представлены фразы из обиходной жизни. Таким образом, цель нашего исследования реализовалась в демонстрации эффективности использования рифмовок на уроках английского языка на начальной ступени общеобразовательной школы.

Ключевые слова: рифмовки, овладение иностранным языком, начальный уровень, общеобразовательная школа, формирование умений аудирования и говорения

FTAXP 14.01.11

К.Қ. Күркебаев¹, Д.Н. Еселбаева²

^{1,2}әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының тіл саясатына социоллингвистикалық ұстанымдар негізінде талдау жасалады. Тіл саясаты белгілі бір мемлекетте өмір сүріп жатқан азаматтар еркін сөйлей алатын, рухани және материалдық қажеттіліктерді өтейтін, әкімшілік, әлеуметтік, білім беру, денсаулық сақтау, ғылым салаларында кеңінен қолданысқа ие, мемлекет тұтастығының іргетасын қалаушы негізгі коммуникативтік фактор ретінде қызмет атқарады. Тіл саясатының негізгі қағидасы – *бір мемлекеттегі азаматтарды ұлтына, діни ұстанымы мен наным-сеніміне, лауазымына, жасына, жынысына, әлеуметтік топтық жіктелісіне қарамай ел мұраты мен ортақ мақсатқа топтастырып біртұтас идеологияға қызмет ететін нысанды ұстану*.

Тіл саясаты – тілдік жоспарлау, тіл туралы заң, тілдік ахуал, тілдік статус, тілдік жағдаят, тілдік құқық, тілдің өміршеңдігі, тілдік қақтығыстану, тілдік теңсіздік, көптілділік, көптілділік сияқты социоллингвистикалық іргелі ұғымдар жүйесімен құрылымдық-мазмұндық сабақтастықта сараланады.

Мақалада көпұлтты мемлекеттердің тілдік жағдайы біртүрлі немесе көптілді мемлекеттермен салыстырғанда күрделі екені нақты мәліметтер негізінде ғылыми айналымға түседі.

Түйін сөздер: тіл саясаты, саяси ұтымды шешім, тілдік мәртебе, тілдің өміршеңдігі (витальность языка), үштілділік, тіл туралы заң

«Патриотизммен тығыз байланысты мемлекеттік маңыздағы мәселе – мемлекеттік тіл мәселесі. Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді дәл сондай нышан. Және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс»

Елбасы, Н.Ә. Назарбаев

Тіл саясаты – мемлекет нығаюы мен бақуаттылығы артуына айрықша әсер ететін мемлекет ұстанымдарының маңыздысы. Тіл саясаты – мемлекеттік саясат, ол егеменді еліміздің берік арқауы, демографиялық, әрі саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз ететін ықпалды күш. Мемлекет біртұтастығы мен ынтымағын ұйытқы ретінде қалыптастыруда, әсіресе көпұлтты мемлекеттер үшін тіл саясаты шешуші мәселе. *«Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады»*, – деп А.Байтұрсынұлы айтпақшы, аласапыран заманда кез келген халық өз ана тілін сақтап қалуға барынша тырысады. Тіл ұлтпен бірге өмір сүруші, рухани құндылықтарды қайсар тамырына ғасырлар бойы сіңіруші, ұлттық сана мен болмысты тәрбиелеуші сарқылмас қазынасы немесе Гумбольдше айтсақ, *«Тіл – халықтың рухы»*.

Тұрақты даму барған сайын қазіргі әлемдегі қоғамдық процестердің ұтымды жүруінің негізгі өлшеміне айналып келеді. Ал тұрақты дамудың шарттарының бірі – ұлтаралық қатынастардың тұрақтылығы болып табылады. Көпұлтты мемлекетте этностардың жарасты өмір сүруіне, ұлтаралық бейбітшілік пен келісімнің сақталуына тіл саясаты ықпал етуге тиіс [1, 176].

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың: *«Тәуелсіздік – Алтын күмбез дейтін болсақ, сол күмбезді тіреп тұрған төрт белгіміз бар, оның біріншісі – Елтаңба, екіншісі – Әнұран, үшіншісі – көк байрақ, төртіншісі – қазақ тілі»* деген сөзі кім кімді болмасын, ойға қалдырады. Тіл саясаты – мемлекеттің саясаты, ол егеменді еліміздің берік арқауы.

Жаһандану заманында тіл үшін күрес өте белсенді түрде жүріп жатыр. Тілдік талас, ана тілді сақтап қалу, алпауыт тілдердің ұсақ тілдерді жұтып қою үрдісі ХХІ ғасырдағы тілдік жағдаяттың шынайы көрінісі. Сол үшін әрбір мемлекет неғұрлым жақсы, саяси ұтымды тіл саясатын ұстануды көздейді. Ал тіл саясаты өздігінен жасалмайтыны белгілі. Дамыған елдерде әлеуметтік лингвистиканың талдаулары мен зерттеулерінің нәтижесінде тіл туралы заң қабылданады. Қазақстан Республикасында тілдерді қолданудың құқықтық негіздері, еліміздегі тіл саясатын құқықтық тұрғыдан реттеп, оны тиімді жүргізуге қатысты қабылданған заң актілері, бағдарламалар және қаулы-қарарлар топтастырылған. Тіл туралы заң – тіл саясатының ең негізгі іргетасы, сүйенетін тірегі. Себебі түрлі тілдік қақтығыстар мен проблемалар, тіл туралы заң жүзінде шешіледі. Тіл туралы заң мемлекетте өмір сүретін барлық этникалық топтардың наразылығын тудырмайтындай болуы тиіс. Американдық әлеуметтік лингвистикасының көрнекті өкілі Дж.Фишманның пікірі бойынша, *«қандай да бір мемлекетте өмір сүріп жатқан этникалық топтар өздерін толыққанды ұлт ретінде емес, мемлекет тарапынан бақылаулы сезіне бастаса, мемлекетте ынтымақтық қалыптық құлдырай бастайды»*, – дейді [2, 39].

Қандай да бір тілдің көсегесін көтертіп, сол тілдің қоғам өмірінің барлық саласындағы қызметін мүлтіксіз атқара алатындай дәрежеде болуын көздейтін мемлекеттің тіл саясаты өте ұтқыр болуы қажет. Бұл – өте күрделі мәселе.

Мемлекеттің тілдік саясат тұрғысынан көздейтін басты мақсаты – сол мемлекетте өмір сүріп жатқан әрбір азамат еркін сөйлей алатын, рухани және материалдық қажеттіліктерін өтей алатын, білім-ғылым мен шығармашылығын дамыта алатын, мемлекет тұтастығының іргетасын қалаушы, қоғамның барлық салаларында коммуникативтік қолданысқа ие бір тілді қалыптастыру. Мемлекеттік

тіл саясатын жүргізудегі қарқынды дамуларға мемлекеттің өзі тікелей ықпал етеді.

Білім-ғылым, мәдениет пен өркениет, эмиграциялық қоныс аударыстар, одақтас мемлекеттер мен империялардың құрылуы мен құлауы, соғыс-бейбітшілік келісімдер, түрлі тарихи-қоғамдық, саяси-экономикалық жағдаяттарға байланысты, бір мемлекетте бірізді этникалық топ өкілдері кездеспейді. Десе де бір ұлттың негізінде құрылған мемлекеттер ретінде *Жапония, Оңтүстік және Солтүстік Корея, Италия, Португалия, Бангладеш, Дания, Бразилия, Польша, Исландия және Венгрия* танылады. Көп жағдайда этникалық топтар мен олар шоғырланған жердің тілдік типологиясы бір-бірімен сәйкес келе бермейді. Сол үшін кейбір мемлекеттердің тілдік саясаты осындай жағдаяттарға байланысты саяси ұтымды шешім тауып жатса, енді біреулері тілдік қақтығыстардың орын алуына себеп болып жатады.

Көпұлтты мемлекеттердің тілдік жағдайы біртүрлі немесе қостілді мемлекеттермен салыстырғанда күрделі. Ондай мемлекеттер барлық ұлттарды біріктіруші ортақ, бірізді идеяны іздейді.

Көптілді мемлекет деп танылуы үшін, мемлекетте үш немесе одан да көп тіл қоғамның барлық салаларында тең дәрежеде қызмет етуі керек. Мәселен Европадағы *Бургенланд дейтін мемлекетте хорват, венгер, сыган, словен тілдері; Швейцарияда неміс, француз, итальян, реторман тілдері; Үндістанның астанасы Делиде – хинди (бірінші ресми тіл), панджаби және урду (екінші ресми тілдер) тілдері; Сингапурда – малай (ұлттық), ағылшын, қытай, тамиль (ресми) тілдері; Зимбабведа – ресми тіл ретінде 16 тіл бекітілген; Конго Республикасында – француз (ресми), китуба (конго; ұлттық), лингала (ұлттық) тілдері бекітілген* [3].

Көптілді мемлекеттер сол мемлекетте өмір сүретін этникалық топтардың пайыздық үлесі мен негізгі ұйытқы халықтың негізінде «мемлекеттік», «ресми», «ұлттаралық» т.б. тілдерді бекітеді. Тілдерге берілген мәртебелерге сәйкес, мемлекет ішінде ұлттаралық қақтығыстар та мәселені айналып өтпейді. Десе де Швейцария мемлекеті заң жүзінде 4 мемлекеттік тілді қатар алып жүрген үлгілі мемлекет ретінде танылып отыр: *неміс тілі (сөйлеушілер көрсеткіші 64%), француз (18%), итальян (10%) және реторман (0,8%)* [2, 43]. Мұндай тілдік саясаттың ар жағында, көптілді мемлекеттерде екінші, үшінші тілді мойындау мәселесі тікелей сол халықтың өзін мойындауымен астасып жатыр.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл саясатына қатысты ғалым Д.Әлкебаева мынандай пікір айтады: *«1989 жылдан бері қазақ тілінің тәуелсіздік алған уақыт ішінде тіл саясатының екі үлкен кезеңін атап өтуге болады. Алғашқысы – тілдің мемлекеттік статусына ие болған кезеңі. Бұл кезең тіл саясатының заң арқылы толық мақұлданып, ұлттық идеологияның нағыз мәнін айқындайтын шын мәніндегі міндеті – тіл заңы болып есептелінді... Екінші кезеңі – ХХІ ғасырдың басындағы тіл заңы болып есептеледі. Бірақ бұл кезеңдегі тіл саясаты алғашқы тіл саясатының күшіне ие бола алмады»* [4, 66].

Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында «қазақ тілін мемлекеттік тіл деп», ал орыс тілін «ресми тіл» деп бекіттік. Себебі бұл еңсесін енді-енді көтеріп келе жатқан 130-дан астам этникалық топтарды біріктіріп отырған еліміздің ынтымақтастығы үшін жасалған саясат еді. 25 жыл өткеннен кейінгі қазақстандықтардың тіл мәселесіне көзқарасы біршама өзгергенін байқауға болады. Әлбетте, мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ерте ме кеш пе түбінде қазақ тілінің тұғыры биік, мерейі үстем болатыны сөзсіз еді. Қазақстан Республикасының тіл заңнамаларында көрсетілгендей, мемлекетімізде өмір сүретін ұлттардың ана тілдерінің дамуына кері әрекет жасалған жоқ. Қазір 70% өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін оқуда бар күш-жігерін жұмсап, балаларын қазақ балабақшасы мен қазақ мектептеріне беру науқаны аса байқалады. Демек, тілдік сана өзгерген, мемлекеттік тілге деген құлшыныс пен сұраныс күннен-күнге артуда. Соған орай, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде мәртебесі айқын және болашағы зор деп айтуға толық негіз бар.

«Үштұғырлы» тіл саясатын ұстанып отырған бүгінгі Қазақстан үшінші, тілдік-саяси кезеңді бастан өткеруде. Бүгінгі Жаңа Қазақстанның тіл саясаты «үштілділік» үдеріспен дамуға бет бұрып отыр.

«Үштілділік» идеясы 1995 жылы Еуро Одақты құру кезеңінде сөз етіліп, арнайы баяндамалар мен алғашқы жобалар жасалынып, жүзеге асыру реформалары қарастырыла бастады. Ақпараттық ғасырда ортақ нарықты көздеген еуропа азаматтары үш тілді тең дәрежеде білу керек деген ұстаным жаппай енгізілді. Ал елімізде «үштілділік» идеясын 2004 жылы елбасымыз Н.Ә. Назарбаев алғаш сөз етті. 2006 жылы Қазақстан Халықтары Ассамблеясында *«Үш тілді білу біздің болашағымыз үшін қажет. Әлем барған сайын жаһандана түсуде, келешек ұрпаққа үлкен тілдік орталарға бейімделе білудің маңызы зор»*, – деп атап өтіп, 2007 жылы «Жаңа замандағы Жаңа Қазақстан» жолдауында елбасы «Үштілділік» мәдени жобасын кезең-кезеңмен жүзеге асыруды ұсынды. Осыдан бастап, Қазақстан Республикасының жаңа тіл саясаты басталды. Көптілді білім алу «Қазақстан Республикасының Конституциясымен», «Тілдер туралы заңдармен», «Білім туралы заңдармен», «Тілдерді дамыту мен

қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламалармен» бекітілді.

Әлем елдерінің техника, ғылым-білім, экономика, бизнестен алға озып кетулерінің бірден бір себебі – білімге деген көзқарас, талпыныс, қарым-қатынас басқаша болуында. Қазақ даласының ұлы перзенті, әлемнің екінші ұстазы әл-Фараби 77 тіл білді. *Қостілділік пен үштілділік – Қазақстанға ежелден белгілі құбылыс. Әлбетте, еліміздегі Қазақстан аумағындағы қостілділік пен үштілділіктің бір сыңары ертеден келе жатқан қазақ тілі болды. Оның арғы атасы түркі тілдері, оның ішінде қыпшақ тілі болған. Қазіргі Қазақстан аумағындағы қалалар қай заманда да көптілді болған. Осыдан 10 ғасыр бұрын М.Қашғари қала тұрғындарының тілі қоспа, тіпті «бұзылған» деп атап көрсеткені белгілі. Сол бір тозығы жеткен «ұлы дәстүр» біздің заманымызда дамыған жалғасын табуда* [5, 29].

Десе де «үштілділіктің» идеясы зор болғанымен, оның формасын, жүзеге асыру стратегиясын жақсылап қарастыру қажет. Бірнеше тілдің бір мемлекетте қатар өмір сүруі тілдік қақтығысты тудыртпай қоймайды. Тіл «өз ішінде, өзі үшін» деп зерттелетін дәуір өтіп, антропоэлекті парадигмаға сәйкес тіл иесі субъект ретінде қарастырыла бастады. Субъект тілді қолданушы адам болса, адам санасы қалай өзгерсе, тіл де солай өзгереді деген тұжырымға ғалымдар бірауыздан келісіп отыр. «Үштілді» мемлекетте өсіп-өркендеуші жас ұрпақтың тілдік санасын қалыптастыру айтарлықтай зор еңбекті қажет етеді. Тұлға болып жетілудің тетігі туған тілі – қазақ тілінде екендігін жас ұрпақ жастайынан бойына сіңіріп өсуі қажет.

Елбасының: *«Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді»* деген ашық пікірін осы «үштілділік» саясатының басты қағидасы етіп алуымыз керек. *«Мемлекеттік тіл үштұғырдың құрылысында қай жерінен орын алуы тиіс? Жауап – біреу: ол іргетасын қалауы тиіс. Неге? Біріншіден, мемлекетке үш тіл де керек, бірақ тірегі мемлекеттік тіл болуы шарт* [5, 26], – деген ғалым Б.Хасановтың пікірі өте дұрыс.

Көпұлтты мемлекеттердің қатарында Қазақстан ғана бар емес. Әлем бойынша Америка, Германия, Франция, Үнді, Ресей және т.б. ірі мемлекеттерді алайық, әр елдің мемлекеттік тілі бар және сол елдердің азаматтары сол мемлекет бекіткен тілдік заңға бағынады. Сол елдерге көшіп келген эмигранттар туралы айтпағанда, тұрғылықты халықтың өзі мемлекеттік тілді білмесе, жұмыс түгілі күнділікті өмір сүрулерінің өзі қиын. АҚШ-ты алайық, 2016 жылғы санақ бойынша мемлекетте 320 млндай адам өмір сүреді және олардың бәрі біркелкі ағылшын тілінде сөйлейді. «Біз қытайлықтармыз, үндістерміз, африкалықтармыз» деп жатпайды, бірауыздан «америкалықтармыз» деп зор мақтанышпен айтады. Тіпті ағылшын тілі қос тіл ретінде бекітілген Канада, Ирландияның өзінде француз, ирланд тілдеріне америкалық-ағылшын элементтерін қоспауды қадағалау мақсатында арнайы «тіл полициясы» жұмыс жасап қажет жағдайда шаралар қолданады.

1991 жылы КСРО-дан өз егемендігін дербес алып кеткен, біз тәріздес республикалар – Грузин, Әзірбайжан, Армения, Латвия, Литва, Түрікменстан, Өзбекстан, Эстония туралы ғаламтордағы википедия сайтындағы мәліметтер бойынша, мемлекеттік тіл деп өз ана тілдері көрсетіліп тұр.

Сонда, «үштілділік» идеясы Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілгендей, *«қазақ тілі – мемлекеттік тіліне» ешбір зиянын тигізбеу керек.* Орыс тілі мен ағылшын тілі қазақ тілінің өміршеңдігіне ешбір қауіп төндірмеу керек. «Қостілділдіктен» «үштілділікке» ауысуымыз – Қазақстан Республикасының мерейін арттыратын сарабал саясат деп елбасымыз айтып өтті. Ағылшын тілін білу – жаһандық экономикаға аса қажетті тіл болып отыр, ағылшын тілінде әлем сөйлейді. Білімнің кілті қазір орыстарда емес, ағылшындарда (ағылшын тілділерде) болып отыр. Ағылшын тілі – БҰҰ-ның бекіткен алты тілдерінің негізгісі, халықаралық қарым-қатынас жасаудың, экономика мен бизнестің, ғылым-білімнің тілі.

Мемлекетіміздің өзге елдермен қарым-қатынасының арқасында қазіргі таңда жетіп жатқан жетістіктері қаншама... Ал сол жетістіктерге қол жеткізу үшін өзге тілді меңгеру қажеттілігі күннен күнге маңыздылығы артпаса кемімесі анық. Бүгінгі таңда үш тілден, яғни қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен өзге, тағы да басқа тілдерді білу біздің қоғамымызға, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосары сөзсіз. Ең бастысы көптілділік адамның есте сақтау, ойлау қабілетін арттырып, зейінді, тапқыр болуына тигізер әсері зор екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Көптілділік біздің елімізде Елбасының «үш тұғырлы тіл» саясатынан бастау алған. Осыған орай бүгінгі таңда қоғамымыздың қай саласы болмасын көптілді мамандардың қажеттілігі артуда. Оның өзіндік себептері бар [6, 17].

Бірақ мына нәрсені мықтап есте ұстаған дұрыс, академик, ғалым Әбдуәли Қайдар ағамыз айтпақшы: *«Бір мемлекеттегі адамдарды бір мақсат-мұратқа топтастыратын, бір идеологияға қызмет еттіретін күш – тіл».* Үш түрлі тіл халықты бір арман-мұратқа қаншалықты дұрыс жеткізе алады? Халықтың өзі үш жікке бөлініп кетпеу кепілдігі бар ма? «Қостілділіктің» бір ұшқыны *«Ана*

тілінен қол үзген әлеуметтік жіктің» (Ә.Қайдар) пайда болуына әкеп соқты емес пе?

«Үш тілді бірдей білу керектігін, реформасын дұрыс түсінбей, түсінсек те, басымдықтың қай тілде екенін мойындамай жүргендер көп. Жалпы өзі «үш тұғырлы тіл» деген сөз тіркесінің өзі сәтсіз құрылған. Тұғыр сөзі тек қана қазақ тіліне қолданылуы тиіс. Қазақ тілі ана тілі ретінде бір жүк арқаласа, мемлекеттік тіл ретінде тағы бір жүк арқалайды. Тіл ортақ болмай, қоғамның ортақ проблемалары да шешілуі мүмкін емес» (Асылы Осман). «Үштілділік дегеніміз – бір тіл, яғни қазақ жеріндегі қазақ тілінің негізінде қалған орыс пен ағылшын тілін қоса пайдалану, тағы да қайталап айтамын, тек ана тіліміздің негізінде. Ал, үш тұғырлы тіл деген мүлдем басқа мағына береді. Тұғыр біреу ғана болуы тиіс, үш тұғыр болмайды. Ең бастысы қазақ тіліне басымдық берілуі керек, тек осы принципте ғана қосымша екі тіл қосалқы қолданыс тілдер ретінде қабылдануы тиіс» (Бақытжан Хасанов). «Не десек те, үш тілді үйрену, қолдану аясын бір сызықтың бойына емес, ең болмаса үш сызыққа, әрқайсысының өз орнын көрсетіп қоятын ереже керек. Мүмкін, ондай тілдік саясаттың да оң нәтижесі көрініп қалар» деп пікір ашық пікір білдірген қоғам қайраткерлеріміздің ұстанымдары ұлт үшін де, саяси тұрақтылық үшін де көп қолды қолдауды қажет етеді [7].

Сонда «үштілділіктегі» әр тіл өз қызметін адал атқаруы тиіс: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық тіл, ал ағылшын тілі – жаһандық экономикаға кіру тілі. Мемлекет ішінде қоғамның барлық салаларында бір-ақ тіл, ол – мемлекеттік тіл қызмет ету керек те, ал мемлекет сыртында он тіл қызмет атқарса да дау тудырмайды. Расында мемлекет «үштілділік» пен «үштұғырлылық» деген ұстанымдарды бір-бірінен айқын ажырата алу керек. Себебі екі ұғымның жетелер түпкі идеясы екі басқа.

Қазақ тілінің тағдырын А.Байтұрсынұлындай артық ойлаған азамат кемде-кем. «Қазақ» газетінің бір санында: «Арамызға әр түрлі жұрт кіріскенде солармен қатар атымыз жоғалмай, қазақ ұлты болып тұра аламыз ба? Осы – біздің төсекте дөңбекітіп, ұйқымызды бөлетін нәрсе. Басқа жұртпен араласқанда өз алдына ұлт болып, өз алдына тілі бар, өз тілінде жазылған сөзі (әдебиеті) бар жұрттар тұрады. Өз тілімен сөйлескен, өз тілінде жазған жұрт еш уақытта жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер, әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады. Егер де біз қазақ деген ұлт болуды тілесек, қарын ашпау қамымен бірге, тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек» – деп дабыл қаққан болатын.

«Алайда Қазақстандағы жастар мынаны білуге тиіс: мемлекеттік тілді білмейінше, мемлекеттік органдарда, қызмет көрсету саласында, құқық қорғау органдарында немесе сот саласында жұмыс істеу мүмкін болмайды. Уақыт бар, мүмкіндік бар, мемлекеттің қолдауы бар – өз функцияларында қажетті деңгейде жүзеге асыру үшін тілді үйрену керек» [1, 206], – деп елбасы Н.Ә. Назарбаев 2006 жылы Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында ашық түрде, қатаң қолға алынуды тапсырған болатын. Арада 10 жылдан астам уақыт өтті. Уақыт бар, мүмкіндік бар деген елбасы сөзін тағы да негізге ала отырып, тек жастар емес, аға буынға да айтарымыз сол – әлі де уақыт бар. Себебі Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының 2017-2020 жылдар аралығындағы үшінші кезеңіне сәйкес, мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесін «Қазтест» тапсырудың нәтижесі бойынша 2020 жылға қарай – 95% құрау қажет.

Соңғы 2-3 жыл еліміз үшін тарихи күрделі құбылыстарды бастан өткерген, жаңа бетбұрыстарға толы жыл болды. Елбасымыздың «Мәңгілік ел» идеясы, «Үштілділік» мәселесі – бір-бірімен бас-аяғы ұштасып жатқан жалпы халықтың, қазақ халқының жаңа белеске шығуына ықпал етуші, батыл қадамдардың ілгері бастауларына жол тартар сындарлы саясат болып отыр. «Үштілділіктің» мақсаты Қазақстан Республикасының негізгі ұйытқысы қазақ халқының мүддесі үшін шешілу қажет.

«Мәңгілік ел – қазақ халқының ұлттық идеясы» деп ұлтты ұлы идеяға ұйыстыратын елбасы үндеуінде қазақ халқымен бірге ажырамасыз өмір сүріп келетін ана тіліміз қазақ тілінің де идеясын мәңгіге меңзеді.

Бұл – тек қазақ халқының ғана емес, барша Қазақстан азаматтарын алға жетелейтін, жаппай «қазақстандыратын», «біріздендіретін» саясат деп түсінеміз.

Бұл – Қазақстанда өмір сүретін әр ұлт тарихы мен мәдениетін ұмыттыру деген сөз емес, керісінше, Қазақстанда тұратын этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын қамтамасыз ететін үйлесімді тіл саясатын жасау болып табылады.

Бұл – тәуелсіз елдің барша азаматтарының ынтымақта, бірлікте, татулықта өмір сүрудің бірден-бір кепілі деген сөз.

Бұл – ұлт бірегейлігі мен ұлттық қауіпсіздіктің негізі нышаны. Ұлт бірегейлігін көксеген еліміздің ұстанып отырған саясаты тіл бірегейлігін де меңзейді. Себебі тіл бірегейлігі – барша қазақстандықтардың өміршеңдік пен ынтымақтың берік кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Мемлекеттік тіл саясаты (нормативтік-құқықтық актілер жинағы). – Астана: «Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы», 2014. – 17 б.

2 Вахтин Н.В., Головки Е.В. Социоллингвистика и социология языка. – СПб., 2004. – 39 б.

3 Исследования официальных языков по странам.

https://ru.m.wikipedia.org/wiki/Официальные_языки_Европейского_союза 07.11.2007.

4 «Мемлекеттік тіл саясаты: терминология, аударматану, ресми құжат тілі» атты халықаралық ғылыми-теор. конф. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 66 б.

5 «Мемлекеттік тіл саясаты және тіл мәдениетінің өзекті мәселелері» атты II Халықаралық ғылыми-практ. конф. материалдары. – Орал: «Азартушы» баспасы, 2008. – 26 б.

6 Баймұрзина А.А. Қазақстандағы көптілділік ғылым призмасы арқылы. // Абай ат. ҚазҰПУ. Хабаршы. Филология ғыл. сер. – 2016. – №4 (58). – Б.17-21.

7 Асылы О., Хасанов Б., Әшімханов Д. «Қазақ тілі тек қазаққа ғана керек» // Жебе, 21 ақпан, 2017. – Б.2-3.

К.К. Куркебаев¹, Д.Н. Еселбаева²

^{1,2}Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан

ГОСУДАРСТВЕННАЯ ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Резюме

В этой статье проводится анализ языковой политики с точки зрения социолингвистических убеждений. Языковая политика – это основной коммуникативный фактор какого-либо государства, граждане которого свободно владеют государственным языком, язык этот свободно используется в административной, социальной, образовательной, здравоохранительной и научной деятельности, а также является фундаментообразующим составляющим языковой политики. Основной принцип языковой политики – придерживаться единой идеологии в отношении общей цели, несмотря на национальность, религиозные предпочтения, статус, возраст, пол и социальные различия граждан.

Языковая политика в структурно-смысловом аспекте связана с такими основными социолингвистическими терминами и определениями, как: языковое планирование, закон о языке, языковая ситуация, языковое право, витальность языка, языковой конфликт, языковое неравенство, полилингвизм, билингвизм.

В статье с помощью фактического материала показываются различие и сложность языковой политики многонациональных государств в отличие от государств, где привалирует двуязычие или моноязычие.

Ключевые слова: языковая политика, политически выгодное решение, языковой статус, витальность языка, триязычие, закон о языке

К. Kurkebayev¹, D. Yeselbayeva²

^{1,2}Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan

STATE LANGUAGE POLICY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Summary

This article analyzes language policy from the point of view of sociolinguistic convictions. Language policy is the main communicative factor of any state whose citizens are fluent in the state language, this language is freely used in administrative, social, educational, health and scientific activities, and is also the fundamental component of language policy. The basic principle of language policy is to follow a common ideology in relation to a common goal, despite nationality, religious preferences, status, age, gender and social differences of citizens. Language policy in the structural and semantic aspect is associated with such basic sociolinguistic terms and definitions as: language planning, language law, language situation, language vitality, language conflict, linguistic inequality, polylingualism, bilingualism. In the article, with the help of factual material, the difference and complexity of the linguistic policy of multinational states is shown, unlike states where bilingualism or monolingualism is brewing.

Keywords: language policy, politically advantageous solution, language status, language vitality, trilingual, law on language

Ф.Ш. Оразбаева¹, А.Абдреш²

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

ЖАЗЫЛЫМ ӘРЕКЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Тілдік қатынас – тіл арқылы сөйлесім әрекеттерін игеру үдерісі болып табылады. Яғни, тілдік қатынас арқылы субъектілер бір-бірін түсінеді, өзара ақпарат алмасады, ой бөліседі. Ал, қарым-қатынас дегеніміз – сөйлеу мен сөйлесім әрекеттері арқылы көрінетін негізгі қатынастың түрі. Соған сай сөйлесім әрекеті әлеуметтік қоғамдағы белгілі бір ақпаратты, көзқарасты, пікірді, ойды саналы түрде екінші адамға жеткізу дегенді білдіреді. Сөйлесім әрекеті «оқылым», «жазылым», «тыңдалым», «айтылым» арқылы жүзеге асады. Сөйлесім әрекетінің ішіндегі ең қиыны да, күрделісі де – жазылым. Сол себепті жазылым әрекеті арқылы тіл дамыту жұмыстарын нәтижелі жүргізу білім беру үдерісінде оқушының ойлау жүйесі мен функционалды сауаттылығын дамытады, сөздік қорын молайтады, өз ойын жүйелі, нақты, тұжырымды жеткізуге әкеледі, орфографиялық нормалардың қатаң сақталуын қамтамасыз етеді. Ал жазылым әрекеті арқылы оқушылардың тілін дамыту әдістемесі бүгінгі таңдағы өзекті мәселелердің бірі. Өйткені қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқушылардың сөзді дұрыс қолдана білуі үшін, өз ойын тұжырымдап жеткізуі үшін тіл дамыту жұмыстары жиі жүргізіледі.

Бұл мақалада жазылым әрекеті арқылы тіл дамыту жұмыстарын жүзеге асыру әдістемесінің жүйесі беріледі.

Түйін сөздер: тілдік қатынас, жазылым, жазбаша жұмыстар, жаттығу, шығармашылық жазба жұмыстары

Әлеуметтік қоғамда адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы тілдік қатынас арқылы жүзеге асады. Өйткені тіл – адамзаттың бірі-бірімен пікір алмасатын, өзара түсінісетін, ой бөлісетін басты құралы. Сол себепті әдіскер-ғалымдар өз зерттеулерінде тілдің қатынас құралы ретіндегі қызметін жан-жақты зерттеуде.

Негізінен қарым-қатынастың түрлері өте көп. Ал тілдік қарым-қатынас екі формада жүзеге асады: ауызша және жазбаша. Ауызша тілдік қатынас сөйлеу арқылы игерілсе, жазбаша тілдік қатынас жазу арқылы жүзеге асады. Тілдің қатысымдық қызметін зерттеген әдіскер-ғалым Ф.Оразбаева қатынас теориясына мынадай анықтама береді: «Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсіну, айту, пікірлесу, т.б. әрекеттеріне тікелей қатысты құбылыс» [1, 15]. Ғалым тілдік қатынасқа сипаттама бере келе, оның әрқайсысын жіктеп көрсетеді. Мәселен, ауызша тілдік қатынас дыбыстық қатынас арқылы өрбиді, яғни айту және тыңдау арқылы игеріледі, ал жазбаша тілдік қатынас таңбалық қатынас болып табылады. Ол жазу және оқу арқылы игеріледі. Ауызша қатынаста тілдік тұлғалардың естілуі басым түссе, жазбаша қатынаста тілдік тұлғалардың естілуінен гөрі, көзге көрінуі басым рөл атқарады. Ғалымның сөзімен айтар болсақ, «Мұндай қарым-қатынас таңбалардың жүйесі арқылы іске асады, оны адам өз бетінше өзгерте алмайды. Жазбаша тілдік қатынаста басты рөл атқаратын – тілдік тұлғалардың таңбалық көрінісі» [1, 48].

Дәстүрлі оқыту жүйесінде тілдік қатынас формалары тек бір жақты ғана қолданылып келді. Мәселен, жазбаша тілдік қатынас көп жағдайда оқушы үшін қолданылса, ауызша тілдік қатынас көбінесе мұғалімнің іс-әрекетінде ғана жүзеге асырылды. Қазіргі интербелсенді әдістеменің кең етек жаюына байланысты тілдік қатынастың осы екі түріне деген көзқарас түбегейлі өзгерді. Оқушы мұғаліммен бірлесе келе тілдік қатынастың екі түрінде де оқу үдерісіне белсенді араласа бастады. Сол себепті біз өз мақаламызда негізінен қазақ тілі сабақтарында жазылым әрекетін жүзеге асыруға қатысты ойымызбен бөлісуді жөн көрдік.

Тілдік қатынас барысында мұғалім де, оқушы да белсенді рөл атқарады. Қарым-қатынасқа түсуші субъект+субъект ретінде, екеуі де жазады, дауыстап айтады, естиді, көзімен көреді, естіген нәрсені есінде ұзақ сақтайды. Ол туралы Ж.Аймауытовтың мына пікіріне жүгінсек болады: «Бір нәрсе туралы адамның саңлау мүшелері жапа тармағай қызмет етсе, соғұрлым ол нәрсені тезірек, нығырақ меңгеріп алмақ. Білімнің қиқымы бейне бір суда жүзген жеміс: бес бармақты батырып, шеңгелдемесең, уысына түк ілінбейді, іліксе де аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – саңлау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол-дене). Балаға сөйлеңіз (тыңдасын), жазыңыз (көрсін), айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін). Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады. Мүшелері жегілсе, оқушы тез меңгеріп, тоқып алады. Сабақ сайын оқушының есінде болатын бір мықты әдісі осы болу керек» [2, 196].

Сөйлесім әрекеттерінің ішіндегі ең күрделісі – жазылым. Негізінде жазбаша тілдік қатынас осы жазылым әрекеті арқылы туындайды. Ал жазылым әрекетінің басты қызметі – графикалық таңбалар арқылы өз ойын қағаз бетіне түсіру және қарым-қатынас орнату. Жазылым әрекеті арқылы оқушылардың тілін дамыту қаншалықты күрделі болса, нәтижесі соншалықты жоғары болады. Себебі, жазылым әрекеті – тіл дамытудың өзегі. Ал тіл дамыту – мектеп үдерісінде жүйелі түрде үнемі жүргізіліп отыратын оқу жұмысы. Жазылым әрекеті арқылы жүргізілетін тіл дамыту жұмыстары оқушының білімі мен білігін ғана жетілдіріп қоймайды, сонымен бірге оның өзіндік ой қорытуына, сыни тұрғыдан ойлауына, шығармашылық қабілетінің ұшталуына жол ашады. Тіл дамыту арқылы жан-жақты жетілген тілдік тұлға қалыптастыруға болады. Бұл туралы А.Бөгенбаева былай дейді: «Білім беру үрдісінде тілді дамыту көптеген сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен болатыны белгілі. Ең маңызды ықпал тілді дамыту ой арқылы жүзеге асады» [3, 43 б.]. Өз зерттеуінде Ф.Ш. Оразбаева жазылымға мынадай анықтама береді: «Жазылым – тіл үйретуге қатысты қиын да күрделі жұмыс. Жазылым тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет. Жазылым біріншіден, әріптiң, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады, үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады; бесіншіден, жазылым қағаз бетіне тускен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады» [1, 59]. Ғалымның ойын ары қарай сабақтар болсақ, жазылым бұл оқушылардың белгілі бір тақырыпты игеру барысында үйлесімді мәтін құру үшін көптеген күрделі білік-дағдыларды меңгеруді талап ететін міндеті болып табылады.

Жалпы жазу – адамзат баласының ойлап тапқан ең ірі әрі маңызды жетістігі. Жазу тілі ауызша сөйлеуден кейін шықты. Жазудың құрамына әліпби, графика және орфография енеді. Жазба тілінің өзіне ғана тән ерекшеліктері де бар. Бұл туралы Н.Оралбаева былай деп ой қозғайды: «Жазу тілдің дыбыстық системасын белгілейді, сол арқылы ол сөз құрамындағы тілдік элементтерді, сөзді белгілейді, сөз арқылы сөйлем, абзац, мәтін, шығарма қағаз бетіне түседі. Тілдің сөз құрамындағы дыбыстарынан бастап, буын, морфема, сөз, сөйлем, абзац, мәтін сияқты тіл элементтерін жеткізуге арналғандықтан, жазуды тілдің көмекші құралы деп санау орынды... Жазу адамның ойды тиянақты жеткізуіне, ойланып түзетуіне, толықтыруына мүмкіндік береді [4, 281 б.]. Яғни, әлеуметтік қоғамның дамуы үшін жазудың атқаратын қызметі өте зор. Бұдан шығатын қорытынды: қазіргі мектептегі білім беру үдерісінде сабақ барысында жазылым әрекеті арқылы жүзеге асырылатын жазба жұмыстары оқушының ойын дамытады, өз ойын жеткізуде байланыстырып сөйлеуге машықтандырады. Түрлі жазба жұмыстарын орындау барысында оқушының пәнге деген қызығушылығы артады, жазу дағдысы қалыптасады. Соған сай мұғалім жаңа тақырыпты бекіту кезеңінде оқушының сабақ барысында алған мағлұматын одан әрі тереңдету үшін эссе, сурет бойынша әңгіме не суреттеме жаздыруына, болмаса аяқталмаған өлең жолдарына ұйқас тауып аяқтауларына тапсырма беруіне болады.

Қазіргі кезде ғалымдар жазбаша жұмыстардың бірнеше түрлерін жіктеп көрсетіп жүр. Олар:

1. Жазбаша жаттығу жұмыстары (талдау жаттығулары).
2. Жүйелі жазба жұмыстары.
3. Жазбаша бақылау жұмыстары.
4. Диктанттар (жатжазу).
5. Жазбаша ойындар.
6. Шығармашылық жазба жұмыстары.
7. Ис-қағаздардың үлгілері, т.б.

Жазба жұмыстарының бұл түрлері оқушылардың алған теориялық ақпараты мен мағлұматын бекіту мақсатында жүргізіледі. Оларды әр тақырыптың мазмұны мен жүйесіне қарай мұғалім өзі іріктеп алады. Әсіресе, жазба жұмыстары бұрынғы өтілген грамматикалық материалдарды оқушының санасында қайта жаңғырту үшін, өткен тақырыптарды есіне түсіру үшін тиімді қолданылады. Берілетін жазба жұмыстарының қай-қайсысы да оқу сыныбының бағдарламасына, сағат санының көлеміне, оқушының жас ерекшелігіне сай даярланады. Соған сәйкес сабақ барысында жазылым әрекеті арқылы ұйымдастырылатын жазба жұмыстарына мынадай талаптар қойылады:

1. Сыныпта орындалатын кез келген жазба жұмыстары оқушының жас ерекшелігіне сай болуы қажет.

2. Алынатын жазба жұмыстарының тәрбиелік мәні болуы тиіс (ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, тұлғаның рухани жаңғыруына әсер ететін т.б. мазмұндағы мәтіндер).

3. Жазба жұмысында берілетін тілдік тапсырма нақты, түсінікті, айқын болуы қажет (екіұдайлы тапсырмалар берілмеуі керек).

4. Берілетін жазба жұмысы тіл дамытумен байланысты болуы керек.

5. Берілетін жазба жұмыстары оқушының шығармашылық қабілетін арттыруға бағытталуы тиіс.

Қазіргі кезде қазақ тілі сабағында көп көңіл бөлінетін жазбаша жұмыстардың бірі – жазбаша жаттығу жұмыстары. Әдіскер Г.Іскендір тілді үйретуде жаттығу жұмыстарының маңыздылығын былай атап өтеді: «Тілді үйрететін негізгі құралдардың бірі – жаттығулар. Әдетте, жаттығулар дидактика заңына сәйкес жеңілден басталып, барған сайын күрделене, қиындай береді. Жаттығу жұмыстарының мәні өте зор» [5, 345 б.]. Сабақта жүргізілетін жаттығу жұмыстары оқушылардың қандай грамматикалық материалды игеруіне де байланысты болады (фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, т.б.). Әрбір мұғалім оқушылардың алған білімін бекіту мақсатында жазбаша жаттығу жұмыстарын жүргізеді. Мұндай жұмыстарды өнімді жүргізу үшін мұғалім алдына мынандай талаптарды қоюы керек:

1. Кез келген жаттығу жұмысы өтілген тақырыпты бекітуге, пысықтауға бағытталуы қажет.

2. Белгілі бір жаттығуды орындату үшін оқушылардың сол жаттығуларды орындай алатындай білімі болуы шарт.

3. Мұғалім тарапынан орындатылатын жаттығу оқушыны қызықтыра алатындай болуы шарт.

4. Жаттығу жұмысы оқушының өз бетімен жұмыс істеуіне дағдыландыра алуы керек.

5. Жаттығу жұмыстары оқушының шығармашылық қабілетін шыңдай алатындай болуы қажет.

Ал осындай алға қойылған талап-тілектердің орындалуы мұғалімнің жеке қабілеті мен дарынына, кәсіби шеберлігіне және де оқулықтағы жаттығудың сапасына тікелей байланысты. Сыныпта орындалатын жаттығу жұмыстары көбінесе мұғаліммен бірге орындалады, бірге талданады. Егер оқушы бір жаттығудың шартын түсінбесе, мұғалім өз тарапынан оны түсіндіруге тырысады, қалай орындалу қажеттігі жайлы бағыт-бағдар береді. Сабақта өтілген тақырыпқа қатысты әбден пысықталған жаттығудың негізінде үйге тапсырма беріледі. Мұғалім жұмысының жетістігі оқушының үйде орындалған жаттығуынан көрінеді. Жаттығу жұмыстарының осындай маңызы мен нәтижелігі туралы К.Түсіпова былай дейді: «Әрбір ұстаз оқушыларға керекті дағдыларды қалыптастыратын немесе қалыптасқан дағдыны тілдің басқа да ұқсас құбылыстарында қолдана алатын жаттығу әдістерін білгені жөн. Жаттығу арқылы балалардың алған білімдері нығайтылып, нақтыланып қана қоймайды, сонымен қатар өз беттерінше жұмыс жасауға, ойлау қабілетін дамытуға дағдыланады. Оқушылар жаттығу кезеңінде үздіксіз талдау, жинақтау, бір тұлғаны екінші тұлғамен салыстыру, абстракциялау, жалпылау жұмыстарын жүргізеді» [6, 14]. Сондықтан да, аса тәжірибелі мұғалімдер жаттығу жұмысына сол себепті көп көңіл бөледі.

Жазылым әрекеті бойынша жиі жүргізілетін тіл дамыту жұмыстарының тағы бір түрі – шығармашылық жазба жұмыстары. Негізінен бүгінгі таңда шығармашылық жазба жұмыстары оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, танымдық белсенділіктері мен ойлау қабілеттерін шыңдайды, сабақ барысында алған мағлұматтары бойынша өзіндік ой-пікірдің қалыптасуына әсер етеді. Өз бетімен орындалған шығармашылық жазба жұмыстарының нәтижесінде оқушы түрлі жағдайларда ой қорытындысын жасай алады, өзінің орындаған жұмыстарына баға береді. Кей оқушылар тіпті тапсырманы орындау барысында өзіндік жаңалық ашып, жауабы жоқ сұрақтардың шешімін табуы да ықтимал. Тек мұғалім оқушының осындай жазба жұмыстарды сапалы орындауы үшін жағдай жасап, әрдайым оны қолдап, осындай тапсырмаларды нәтижелі орындау үшін мотивация туғызуы қажет. Нәтижесінде оқушының тілі дамиды, сөздік қоры молаяды, өзіндік түйін жасау қабілеті артады.

Қазіргі кезде шығармашылық жазба жұмыстарының бірнеше түрі бар. Атап айтқанда, реферат, баяндама, жағдаяттық жаттығулар, ойтолғау, эссе, шығарма кейіпкеріне мінездеме немесе өзінің атынан хат жазу, т.б. Мәселен, жаңа білім беру мазмұнына сай «Атамұра» баспасынан шыққан 7-сынып оқулығында «Ауа және тіршілік» тақырыбын өткенде авторлар 11-тапсырмада оқушылардан ғаламтор материалдарын пайдаланып, дүние жүзінде болып жатқан климаттық өзгерістер жайында эссе жазуларын сұрайды [7, 30 б.]. Дәл осы баспаның мұғалімдерге арналып шығарылған әдістемелік нұсқаулығында авторлар тақырып бойынша эссе жазудың талаптарын, мұғалім орындайтын шарттарды атап көрсетеді. Оқу-әдістемелік кешен авторлары эсеге мынадай талаптар қойылуы керек деп санайды. Мәселен, *эсеге қойылатын талаптар*: нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құралуы шарт; шынайы өмірмен байланыс болуы тиіс; өзіндік тың пікірлер

келтіру керек; баяндау стилі нақты болуы шарт; эссе мәтіні орфографиялық нормаға сай жазылуы қажет; көлемі – 100-150 сөз (*Ескерту: кіріспе бөлімде оқушы өзінің ойын 3-4 сөйлеммен берсе жеткілікті. Тақырыпқа қатысты не айтқысы келетінін соңғы сөйлемінде береді. Негізгі бөлімде оқушы өзінің айтқан әр ойына дәлел келтіріп отыруы қажет. Қорытынды бөлімде кіріспеді айтылған соңғы сөйлемдегі ойына қатысты және де негізгі бөлімдегі дәлелдемелеріне байланысты нәтиже көрсетілуі тиіс*) [7]. Жазбаша шығармашылық жұмыстарын орындау барысында тапсырмалардың бұлай нақты берілуі және де оның әдістемелік нұсқаулықта таратылып айтылуы мектеп мұғалімі үшін өте үлкен көмек болары сөзсіз. Әсіресе, жас мамандар үшін мұндай ұсыныс пен талап-тілектер өте қажет-ақ.

Қорыта келегенде, кез келген жазылым әрекеті негізінде орындалатын жазбаша жұмыстар оқушылардың пән бойынша білімдерін бекітіп, өз беттерімен жұмыс жасауға талпындырады, яғни ол өзіндік ой қорытуға дағдыланады. Мұғалімнің міндеті тақырыпты түсіндірумен шектелмейді. Ол осындай жазбаша жұмыстарды орындату үшін әр оқушының білік-дағдысын, білім деңгейін, дара қабілетін әрдайым есепке алып, аталған жұмыстардың нәтижелі орындалуы үшін жағдай туғызуы қажет. Яғни, әр жазбаша жұмысқа аса мән беріп, оқушыны соған сай бағалауы қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 272 б.
- 2 Аймауытов Ж. *Бес томдық шығармалар жинағы. ІУ том.* – Алматы: Ғылым, 1998. – 437 б.
- 3 Оралбаева Н. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Павлодар: Типография Сытина, 2011. – 424 б.
- 4 Бөгенбаева А. Креативті ойлаудың тіл дамытудағы маңызы // Абай ат. ҚазҰПУ-дің Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – №2 (56). – 2016. – Б.43-47.
- 5 Әдістеме әлемінде. Ғылыми-әдістемелік жинақ. – Алматы: «Сардар», 2008. – 368 б.
- 6 Түсіпова Қ. Қазақ тілін оқыту. (Жазба жұмыстар). – Павлодар, 2006. – 119 б.
- 7 Қосымова Г., Рахметова Р., Юсуп А. Қазақ тілі: Оқыту әдістемесі. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбының мұғалімдеріне арналған. – Алматы: Атамұра, 2017. – 178 б.

Ф.Ш. Оразбаева¹, А.Абдреш²

^{1,2}Казакский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

МЕТОДИКА ОСВОЕНИЯ ПИСЬМЕННОГО ДЕЙСТВИЯ

Резюме

Языковое общение – это процесс освоения речевой деятельности с помощью языка. Это когда субъекты через языковые коммуникации понимают друг друга, обмениваются информацией и мыслями. А взаимоотношение – это основной вид общения, проявляющийся с помощью разговора и речевой деятельности. Поэтому речевая деятельность означает сознательную передачу какой-нибудь общественной информации, точки зрения, мысли и мнения другому человеку. Речевая деятельность осуществляется через «чтение», «письмо», «слушание», «говорение». «Письмо» – это самое сложное и трудное по характеру исполнения задание. Поэтому результативное применение письменных работ по развитию языка способствует развитию у учеников свободного мышления и функциональной грамотности, улучшает словарный запас, помогает системно выражаться, сохранить орфографические нормы.

Методика развития языковых навыков учеников с помощью письменных работ актуальная проблема сегодняшнего дня. Поэтому для достижения желаемого результата, то есть для развития речевой деятельности учеников, очень часто проводятся работы по развитию языка.

В этой статье рассматривается системность методики реализации работы по развитию языковых навыков с помощью письменных работ.

Ключевые слова: языковое общение, письменность, письменные работы, упражнение, творческая письменная работа

F.Orazbaeva¹, A.Abdresh²

^{1,2}Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

THE TECHNIQUE OF REALIZATION OF THE SUBSCRIPTION

Summary

Linguistic communication is a process of assimilation of speech activity using the language. This is when the subjects through the language of communication to understand each other and exchange information ideas. But the relationship is the main mode of communication manifested by using conversation and language activity. Therefore, the speech activity means a conscious transfer of some public information, point of view, thoughts and opinions to another person. Speech activity is carried out through "reading", "writing", "listening", "speaking". "Letters" is the most complex and difficult by the nature of the performance task. Therefore, effective use of writing, language development contributes to the development of the students free thinking and functional literacy, improves vocabulary and helps systematically to Express, preserve spelling rules.

The methodology of the development of language skills of the pupils through written work the actual problem of today. Therefore, to achieve the desired result, this means for the development of speech activity of students very often work on the development of language. This article examines the consistency of the methodology implementations work on the development of language skills through written work.

Keywords: communication, writing, written work, exercise, creative writing

FTAXP 14.35.01

Р.С. Рахметова¹

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

СТУДЕНТТІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру мәселесі сөз болады. Кредиттік оқу жүйесінде өздік жұмыс ерекше рөл атқарады. Студент түрлі қалыптағы өздік жұмыстарды орындай отырып, кәсіби білімін, танымдық қабілетін жетілдіруге мүмкіндік алады. Сонымен бірге өздік жұмыс білім алушының шығармашылық қабілетін арттыруға да ықпал етеді. Өздік жұмыс студенттің кәсіби біліктілігін арттыруға көмектеседі. Студент сабақ үрдісінде түрлі СӨЖ тапсырмаларын орындау арқылы өзінің теориялық және кәсіби білімін дамытады. Өздік жұмыс студенттің кәсіби даярлығын арттыруға септігін тигізеді. Сондықтан студенттің кәсіби даярлығын арттырудың міндеттерінің бірі студентке өздік жұмыста пайдалана алатындай тиықтық білім беру болып табылады. Оқытушы студентке ұсынылатын өздік жұмыс тапсырмаларын пән силлабусында анықтап көрсетіп, олардың әрқайсына қойылатын талаптар мен бағалау критерийлерін беруі тиіс. Сонда ғана СӨЖ тапсырмасы нәтижелі болады. СӨЖ тапсырмаларын шартты түрде репродуктивті және реконструктивті жұмыстар деп бөліп алуға болады.

Түйін сөздер: өздік жұмыс, кәсіби білім, кәсіби біліктілік, реферат, бағалау критерийлері

Сапалы білім беру мен студентті жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мұғалімнің кәсіби дағдысына, біліміне, мәдениетіне, балалармен қарым-қатынас орната білу қабілетіне, оқу үрдісін дұрыс та ұтымды ұйымдастыруына және т.б. байланысты. Кәсіби біліктіліктің тек педагогтің ғана емес, кез келген адамның өмірінде алатын рөлі айрықша. Кез келген салада кәсіби біліктілікті жетілдіруге көңіл бөлген жөн. Қазіргі таңда әр адамның жауапкершілігіне, ұйымдастыру қабілетіне, коммуникабельдігіне, нарықта өзін көрсете білуіне, жеке тұлғалық қасиетіне мән беріліп, басты назарға алынып отыр. Кез-келген мемлекеттің үдемелі дамуының қозғаушы күші – мұғалім. Сондықтан бүгінгі күні ғылым мен білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған басты міндет – білікті, шығармашыл, кәсіпқой мұғалімдерді даярлау [1, 177]. Кәсіби-педагогикалық даярлық белгілі бір мақсатты ұстанып, жалпы ұстанымдарды негізге алады. Ол интегративті бүтіндікті құрайды. Жоғары оқу орнындағы оқытушының білім беру жүйесіндегі ең маңызды міндеттерінің бірі оның әдістемелік даярлығы болып табылады. Болашақ маманның кәсіби-педагогикалық даярлығы көп уақытқа дейін, жоғарғы педагогикалық мектепте өзіндік сипаттамаларға ие болған жоқ. Ол мұғалімнің сабағындағы қорытындылаушы сатының маңызды үлгісі ғана болды. Кәсіби-педагогикалық даярлау – қоғамның әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының қажеттілігіне байланысты өзгеріп отыратын үдеріс. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің кәсіби даярлығы лингвистика, психология, педагогика, әдістеме және т.б. пәндермен тығыз байланысты.

Ғалым-әдіскерлер кәсіби-педагогикалық дағдыға оқытушының кәсіби құзіреттілігін; алған білімін әдістеме, педагогика, психология, лингвистикада қолдана білу шеберлігін; қазақ тілі сабағын және оқу үдерісін ұйымдастыру межесі мен ережесін сақтауын; педагогикалық тактінің, педагогикалық

техника мен шеберліктің пайда болуын; педагогикалық сауаттылық пен білімділікті жатқызады. Студенттің кәсіби дағдысы оның міндетті пәндерді игеру дәрежесінен де байқалады. Міндетті пәндер студенттің кәсіби-педагогикалық даярлығын жетілдіруде айрықша орын алады. З.Бейсембаева әдістеме пәнінің мақсаты «студентті болашақ мамандығына бейімдеу, мектеп зертханасына енгізу, қазақ тілін оқытуға байланысты практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға негіз болатын теориялық және практикалық мағлұматтар беру» екенін айта келіп, студенттің «кәсіби-әдістемелік дайындығы пәннен берілетін теориялық материалдың көлеміне, мазмұнына, оны игертудің амалдарына, оқытудың әдістеріне, әдістемелік біліміне, мектепте қазақ тілін оқыту үрдісі туралы толық мағлұматына» байланысты болатынын атап көрсетеді [2].

Қазіргі ғылымда адамды «тіл – мәдениет – ойлау» ұштағанының айналасында қарастыру туралы зерттеулер көп. Адамның іс-әрекетін, интелектісін бұлай бағалау мұғалімнің кәсіби қабілетін дамыту мен жетілдіруге басқаша тұрғыдан қарауды қажет етеді. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі мен біліктілігін анықтау туралы мәселе педагог, психолог, философ, физиологтардың және т.б. арасында пікір қайшылықтары мен жаңа ойлар тудырды. Тұлғаның кәсіби үдерісі көп жағдайда оның біліктілігімен, кәсіптік құзіреттілігімен байланыста қарастырыла бастады. В.А. Адольф, Н.В. Кузьмина, А.К. Маркова, Э.Ф. Зеер, В.А. Слостенин [3], Т.Ф. Лошакова [4] және т.б. ғалым-әдіскерлер педагогикалық зерттеулерінде педагог кадрлардың кәсіби құзіреттілігі туралы мәселеге көп қызығушылық пайда болғанын айтса, Д.Дьюи, У.Уоллер, М.Мид, К.Юнг, П.Сорокин, Ф.Знанецкий сынды философтар кәсіби біліктілікті адамның ортаға үйренуіне қажетті әрекеттер түрі ретінде қарастырды. Олар адамның мамандығы оның белгілі бір нәрсеге деген қызығушылығын тудыратынын, көз-қарасын қалыптастыратынын, мақсатқа жетуге талпындыратынын, ортақ пікір алмасуға жетелейтінін дәлелдеді. Д.Л. Томпсон, Д.Пристли кәсіби біліктілікті жүйелі түрде алынған білім мен жоғары моральдық нормалар мен педагогтік кодекстің нәтижесі ретінде анықтады.

Әлеуметтанушылар кәсіби біліктілікті адамның кәсіби борышы, парызы түрінде айқындайды. Олар адамның әлеуметтік статусы білімі мен мамандығы және өмір сүру деңгейінің бірлігі арқасында қалыптасатынынын дәйектейді. И.Н. Шпильриен, С.Г. Геллерштейн, Е.А. Климов және т.б. психологтар біліктілікті дара қабілет деп есептеп, оны күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі мәселелерді шешуге көмектесетін іскерлік, қабілет деп таниды.

Білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңарулар студенттен кәсіби біліктілігін үнемі көтеруді талап етеді. Қазіргі білім беру жүйесі өткен тарихымызды сақтайтын, қоғам мен мемлекетті дамыту мен жаңартуға өзіндік үлес қосатын, өзін-өзі үнемі дамытып, жетілдіріп отыратын маман талап етіп отырғандықтан, студенттің кәсіби біліктілігін қалыптастыру мен дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Осымен байланысты олардың кәсіби біліктілігін дамыту үшін төмендігідей жұмыстарды жолға қойған дұрыс болар еді:

- зерттеушілік жұмысты жандандыру;
- педагогикалық инновацияларды меңгеру;
- мұғалімге әр түрлі формада педагогикалық көмек көрсету;
- педагогикалық жарыстарды жүйелі ұйымдастыру;
- педагогикалық іс-тәжірибелермен алмасу және т.б.

Студенттің кәсіби біліктілігі мен кәсіби құзіреттілігін жетілдіруге, қалыптастыруға көмектесетін – студенттің өз бетімен істейтін өздік жұмыстары. Өздік жұмыс студенттің шығармашылық қабілетін шыңдаумен бірге, іскерлік, ізденушілік қасиетін де қалыптастыруға көмектеседі. Өздік жұмыс пәнді меңгертумен бірге, студентті ғылыми, кәсіби іскерлікке үйретеді. Жауапкершілікті сезіне білуге жетелейді. Өздігінен, дербес жұмыс істеуге баулиды. Өздік жұмыс білікті де білгір маман дайындаудың бір жолы болып табылады. Өздік жұмыстың студенттердің өз бетінше білімін толықтыруда алатын орнының айрықша екендігін С.И. Архангельский, С.И. Зиновьев, Р.А. Низамов, Н.Д. Никандров, С.Г. Тәжібаева, Ж.Е. Сәрсекеева, В.А. Слостенин, Х.Сүлейменов және т.б. ғалымдар өз еңбектерінде сөз еткені мәлім. Олар өздік жұмысты оқу үрдісін ұйымдастырудың басты формасы ретінде көрсетеді. Яғни өздік жұмыс оқу пәнін тереңдете игертудің, студенттің ойлау әрекетін дамытудың негізгі құралы болып саналады.

Жоғары оқу орнында өздік жұмыс – студенттің өз белсенділігін көрсете алатын іс-әрекеті. Оның ұйымдастырылуына қарай студенттің кәсіби дайындығының нәтижесі көрінеді. Студенттің өздік жұмысы танымдық әрекеттің құралы ретінде тек педагогикалық құбылыс қана емес, сонымен қатар гносеологиялық, яғни, ішкі мазмұны жағынан студенттің алдына қойған мақсатына жету тәсілі болып табылатын оқу және ғылыми танымның ерекше бір формасы ретінде саналады [2]. СӨЖ жеке,

ұжымдық және фронтальды болып бөлінеді. Орындалу орнына қарай дәрісхана немесе дәрісханадан тыс жерде іске асырылады. Студенттің өздік жұмыстары конспект жазу, семинар не практикалық сабақтарға дайындалу, реферат, және т.б. жазу арқылы орындалады. СӨЖ мазмұны курс тұжырымдамасы, ЖОО-ның техникалық мүмкіндіктері, кітапхананың кітаптармен қамтамасыз етілуімен анықталады. СӨЖ-дің нәтижесі бақылаудың жазбаша формалары: конспект, реферат, баяндама, эссе, шығармашылық жұмыс, бақылау жұмысы, жаттығу жұмысы, ғылыми мақала, аудио, видео есеп және т.б. түрінде ресімделеді және ақпараттың әр түрлі көздерін еркін пайдалана алу мен оқытудың электрондық құралдарын қолдануға тиімді жағдайлар жасалуына байланысты. Оқу жоспарына сай СӨЖ барлық пәндер бойынша ұйымдастырылады [5]. Орындалу деңгейіне қарай бейнелі, вариативті, эвристикалық және шығармашылық болып бөлінеді. З.Бейсембаева өздік жұмысқа берілетін тапсырмаларды студенттердің орындау әрекетіне қарай репродуктивті, іздену деңгейі және зерттеушілік деңгей деп үшке бөліп қарастырады. Түріне қарай жұмысты білімді бекітуге арналған, білімді толықтыруға арналған және білімді жаңғырту мәніндегі өздік жұмыстар деп саралайды [6, 194].

Соңғы жылдары еліміздің біртұтас жалпыевропалық білім берудің Баллон үдерісіне қол қоюы жоғарғы мектептегі өздік жұмыстарды басқаша ұйымдастыруға жол ашты. Дәрісханадан тыс жұмыстарды және студенттердің оқытушымен бірлескен өздік жұмыстарын орындауға ерекше мән берілді. Студенттердің өздік жұмыстары факультет қабырғасында қалыптасады. Бірақ дәрісханадағы сабақтардан өзгешелігі, олар, бір жағынан, студенттің толық тәуелсіз әрекетін, уақыт қалауын, жұмысты орындау бағытын, әдісін, орындау тәсілдері мен құралдарын, ал екінші жағынан – белгіленген жұмыс көлемін орындау міндетін анықтайды. Сондай-ақ, өздік жұмыстың бұл түрі жоғарғы оқу орнының оқытушысынан студенттің әрекетін үнемі бақылауда ұстауды талап етеді. Өздік жұмыстарды жүргізу оқытушыдан әрдайым білім беру үрдісінде оқу пәніне қойылатын мақсат пен тапсырмаларды жете түсінуді, оны әдістемелік тұрғыдан ұйымдастыруды қажет етеді. Тапсырмалар әр түрлі болып, студенттің сапалы білім алуын қамтамасыз ететін, олардың шығармашылық қабілетін, тұлғалық, даралық стилін дамытуға әсер ететіндей болуы шарт. Әр тапсырманы орындауға қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері көрсетілуі тиіс. Сонда ғана кәсіби біліктілікті жетілдіріп, студенттердің нәтижеге жетуіне ықпал етуге болады.

Теориялық талдаулар маманды ғылыми талданған, қазіргі кезеңнің өзекті мәселесі деп танылған жана идеялармен қаруландырады. Психолог С.Л. Рубинштейн «По настоящему видеть крупные теоретические проблемы – это значит видеть их в соответствии с коренными вопросами жизни», – деп, келелі теориялық мәселелерді шын мәнінде түсіндіру үшін оларды өмірлік жағдаяттармен байланыстыру қажеттігін айтады [7]. Жұмысты бұлай ұйымдастыру нақтылы бар материалды бағалауға және оны белгілі бір үлгіде талдап беруге, ғылыми теорияның жаңашылдық бейнесін дәл тануға мүмкіндік береді.

Ғалым-әдіскерлердің өздік жұмыс туралы пікірлерін сараптай келе, өздік жұмыстарды репродуктивті және реконструктивті жұмыстар деп бөлуге болады. Репродуктивті өздік жұмыстарға конспект жазу, картотека түзу, тезис, реферат жазу, тезаурус құру, глоссарий жазу және т.б., ал реконструктивті өздік жұмыстарға аннотация, сын-пікір, түйіндеме жазу және т.б. жұмыстарды жатқызуға болады.

Репродуктивті өздік жұмыстың мақсаты – білімді бекіту, қабілеті мен дағдысын қалыптастыру. Репродуктивті өздік жұмыс студенттердің өткен білімдерін еске түсіріп, ой елегінен өткізіп қолдануларына мүмкіндік туғызады. Бір қарағанда оңай тәрізді көрінгенмен репродуктивті өздік жұмыстар логикалық ойлауды қажет етеді. Егер студенттің білімі жеткілікті болмаса, қарапайым осы өздік жұмыстарды да орындай алмауы мүмкін.

Өздік жұмыстың бұл түрі тақырыпқа байланысты түрлендіріліп отырылғаны жөн. Берілген мәтін, реферат тақырыбы бойынша жоспар жасау; мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, жоспар құру; еңбектерді жинақтап картотека жасау, тақырып бойынша тезаурус құру; ғалымдардың еңбектері мен жарияланған мақалалар бойынша қысқа тезис дайындау және т.б. жұмыстарды орындатуға болады.

Өздік жұмыстардың ішінде жоғары оқу орнында ең жиі қолданылатын – реферат жазу. Студенттермен реферат жұмысын ұйымдастыру студенттердің қандай мектепті бітіріп келгеніне, қай курста оқитынына, студенттердің психологиялық даму ерекшеліктеріне, пәндердің өзіндік ерекшелігіне, оқытушының қойған талабына және т.б. көптеген факторларға байланысты болады. Реферат студентті пән бойынша қамтылатын тақырыптарды тереңірек меңгеруге жетелейді. Реферат мазмұны көбінесе теориялық материалдарға негізделеді. Кәсіби маңызды шешімдердің нақтылығы студенттің жеке психологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Бірақ бұл ерекшеліктердің ішінде оның ойлау

мәдениеті мен танымдық қабілеті маңызды орын алады.

Қазіргі заман адамы нарықтық қоғамда көп қырлы және бәсекеге қабілетті болу үшін оның жан-жақты дамыған, білім-білік, дағды қоры бай болуы қажет. Осыған байланысты қазіргі заманғы оқыту үдерісінде студенттердің өздерінен интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамытуды талап етіп отыр. Олар өздерінің іскерлік қабілеттерін жетілдірумен қатар, ойлау мәдениетін де қалыптастыруы керек. Оқу қызметі де студент тұлғасының интеллектуалдық мүмкіндіктеріне жоғары талап қойып отыр. Қазір таңда ақпараттар ағымының көптігі студентке болашақ кәсіби қызметін бағдарлауға қажетті барлық ғылыми ақпаратты қабылдауда қиындық туғызады. Өзіне қажетті білім мен ғылыми мәліметті сұрыптап ала білу, студенттен ойлау дәрежесі мен интеллектісінің жоғары болуын және өзінің бейімділік қабілетін дамытуын қажет етеді.

Реферат жазуға үйрету көбінесе академиялық мәтінге сүйенеді. Рефератты дұрыс жаза білу студенттердің ойлау белсенділігіне, кәсіби ақпаратты өңдеуіне, салыстырмалы түрде талдап, сұрыптай білуіне және ізденушілік қабілетіне, тәжірибесіне байланысты. Студент интеллектуалды ойлайтын және дербес, өз бетімен әрекет етуші индивид болып саналатындықтан, оның тілдік қызметі үнемі даму үстінде болады. Студент тағы бір ортаға қажетті қатынас құралын меңгеріп қана қоймай, өзі іздеп тапқан кәсіби маңызды ақпаратты саралап, мағынасын ұғумен бірге, оның танымдық сипатын да аша білуі қажет. Сонымен бірге материалдарды сұрыптап, екшелеп алған соң, алдына қойған белгілі бір қатысымдық міндеттерді шешуге тырысады. Яғни реферат жазу кезінде таным елегінен өткізген дүниесі, енді оның осы материалды дұрыс қатысымдық тұрғыдан жеткізе білуімен ұштасады. Реферат – түпнұсқадан көлемі шағын, бірақ мазмұны оған барабар, құрылымы тұрақты, ақпараттық қызмет атқаратын ғылыми еңбек түрі. Реферат еңбекте көтерілетін мәселені тек атап қана қоймайтын, олардың әрқайсысының мазмұнындағы басты нәрсені бөліп көрсететін жұмыс деп саналады. Реферат мақсатына қарай төртке бөлінеді. Реферат жұмысы студенттердің ұсынылған тақырып бойынша ақпараттар жинап, сол ақпараттарды талдап, қорытып, өз мақсатына сай қолдана алуын (ақпараттық күзиреттілік); жиналған мәліметтерді жүйелеп, жоспар құруын, соған сай тезис жазуын, оның негізінде сөз құрылымы бойынша реферат мәтінін құрауын, жазылған мәтінді көпшілік талқысына ұсыну әдептерін сақтай отырып реферат қорғауын (коммуникативтік күзиреттілік), қойылған проблеманы шешу үшін өздігінен ізденіп, өзіндік жол табу, рефератты сапалы дайындау, оны жеткізу, талдау мен талқылау барысында айтылған сын-пікірлер мен сұрақтарға жауап бере алу дағдыларын меңгеруін (проблеманы шешу күзиреттілігі), тақырыптың тағылымдық мәнін түсіну, оны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтармен сабақтастыра алу, жиналған мағлұматтарды өз көзқарасымен бірлікте дәйектеп айта алу дағдыларын меңгеруін (мәдени-танымдық күзиреттілік) талап етеді. Рефераттың құрылысын төмендегідей көрсетуге болады:

Кіріспе бөлімде қамтылатын мәселелер: еңбектің аты, авторы, жылы, баспасы, көлемі; еңбекте қандай мәселе, қалай, не үшін немесе не себепті көтерілген; неге зерттеу, талдау жасалған және т.б.

Негізгі бөлімде қамтылатын нәрселер: еңбек қандай бөлімдерден, тараулардан тұрады? еңбектің мақсаты мен міндеттері қандай? еңбекте көтерілген мәселе туралы толық ақпарат (қандай мәселе, неге сүйеніп берілген, дәлел, тұжырым және т.б.);

Қорытынды бөлімде авторы қандай тұжырымға келді; автордың тұжырымы бізді нені, қалай ойлауға әкелді деген мәселелер айтылуы қажет.

Рефераттың көлемі әртүрлі болады. Реферат 500-ден 12 мың сөзге дейін болуы мүмкін (10-12 бет).

Рефераттың бірнеше түрі бар. *Аспекттік реферат* – еңбектегі бір немесе бірнеше мағыналық, түйінді аспектілер туралы жазылатын рефераттың түрі. *Монографиялық реферат* бір ғана әдебиет бойынша жазылса, *құрама-рефератта* бірнеше еңбек пайдаланылады. *Реферат-үзінді* – еңбектің бір тарауы немесе бөлімін ғана қамтып жазылатын реферат түрі. *Реферат-конспект* зерттеу әдістері, зерттеу нәтижелері және оны қолданудың жолдары туралы ақпаратты қамтып жазылады. *Реферат-түйіндемеде* қарастырылып отырылған мәселе тезис түрінде ұсынылады. *Реферат-шолуда* қарастырылып отырылған мәселе туралы бірнеше пікірді өзара салыстыра отырып жазылады. *Реферат-баяндамада* қарастырылып отырылған мәселеге жан-жақты талдау жасалып, өзіндік көзқарасын, пікірін білдіруге баса мән беріледі.

Қорыта келгенде, СӨЖ студенттерді негізгі ғылыми мәселені іздеуге, оның міндеттері мен мақсаттарын айқындай білуге баулиды. СӨЖ арқылы студенттер жаңа мәтіннің мазмұнын құрайды; зерттеудің ғылыми мәселесін шешудің мақсаттары мен міндеттерін айқындауға төселеді; тақырыптың өзектілігін анықтайды; ғылыми мәселені шешудің әдістерін таңдайды; мәтінде берілген мәселенің ғылыми жаңашылдығын, теориялық және практикалық маңыздылығын анықтауға

дағдыланады; қажетті материалдарды сұрыптап алуға, негізгі ойларды жинақтап, саралайды; терминдерді нақты қолдануға тырысып, мәтінде берілген негізгі мәселені іздеп табуға, маңызды және шешуші ақпаратты анықтауға, ортақ мәселелерді біріктіруге жаттығады; барлық ақпаратты логикалық біртұтастылықпен жүйелеуге, аталған мәселеге қатысты әртүрлі көзқарасты түсініп мен сыни талдау жасауға, тілдік фактілерді ұтымды қолдануға дағдыланады; мазмұнына байланысты материалдардың орнын ауыстыру, т.б. әрекеттерді жүзеге асырады; мәтіндегі ақпаратты жеңілдетіп қолдануға, түпкі мәтіннің қарапайым нұсқасын дайындауға үйренеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Базарбекова Р.Ж. Болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындауда педагогикалық рефлексияның маңызы // «Хабаршы», Педагогикалық ғылымдар сериясы. – №1(49), 2016. – 172 б.

2 Бейсембаева З.Б. Жоғарғы оқу орындарында қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: ҚазМемҚызПУ, 2009. – 278 б.

3 Слостелин В.И., Каширин В.П. Психология и педагогика. – М., 2001. – 480 с.

4 Лошакова Т.Ф. Педагогическое управление созданием комфортной среды в образовательном учреждении. – Екатеринбург: Дома учителя, 2001. – 255 с.

5 Ахметова Т.Ә. Оқытудың кредиттік жүйесінде студенттердің қазақша сөйлеу тілін өздік жұмыс арқылы дамыту әдістемесі (экономика мамандығының орыстілді топтары үшін): пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2008. – 120 б.

6 Бейсенбаева З. Жоғарғы оқу орындарында сөзжасам пәнін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері: пед. ғыл. докт. ... дис.: 13.00.02. – Алматы: ҚМҚПИ, 2005. – 360 б.

7 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии // Сб. мастера психологии. – Изд. 4. – СПб., 2000. – 720 с.

Р.С. Рахметова¹

*¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан*

ОРГАНИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ

Резюме

В статье обсуждается организация самостоятельной работы студентов. Самообучение играет особую роль в системе кредитного образования. Студент сможет улучшить свои профессиональные знания, познавательную способность, выполняя самостоятельную работу разных форм. В то же время самообучение также помогает повысить творческие способности ученика. СРС помогает улучшить профессиональные навыки студента. Студент развивает свои творческие способности, выполняя различные задачи СРС в процессе обучения. Самостоятельная работа студентов помогает развивать профессиональную подготовку у будущих учителей. Поэтому одной из целей профессиональной подготовки специалиста является необходимость дать студенту прочные фундаментальные знания, на основе которых он смог бы обучаться самостоятельно в нужном ему направлении. Преподаватель должен показать критерий оценки самостоятельной работы студента в силлабусе и дать точное указание по выполнению СРС. Тогда задача СРС будет эффективной. СРС можно условно разделить на репродуктивные и реконструктивные работы.

Ключевые слова: самостоятельная работа, профессиональные знания, реферат, критерий оценки

R.Rakhmetova¹

*¹Abay Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

ORGANIZATION INDEPENDENT WORK OF STUDENTS

Summary

Article is about organization independent work of students. In credit unit education independent work plays special role. After doing independent work student get opportunity to enhance his professional knowledge. Also independent work helps student to enhance creative ability. Independent work helps improve professional qualification of student. Performing different independent work student improve his creative skills. Independent work of students helps develop professional training for future teachers. Therefore, one of the goals of professional training of a specialist is the need to give the student a solid fundamental knowledge on the basis of which he could be trained independently in the direction necessary to him. Teacher is obliged to show his student offering subjects for independent work and tell about requirement for independent work and criteria ratings. The task of independent work of student can odder on

reproductive and reconstructional work.

Keywords: independent work, professional work, professional qualification, abstract, criteria ratings

МРНТИ 14.25.09

С.К. Серикова¹, Д.А. Сабирова²

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

²Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан

ИНТЕРАКТИВНАЯ МОДЕЛЬ ОБУЧЕНИЯ ЛИТЕРАТУРЕ В ШКОЛЕ

Аннотация

Статья посвящена разработке интерактивной модели обучения литературе в школе. Сегодня, редкое выступление лидеров государства обходится без обращения к теме инноваций. В Казахстане, как и в странах СНГ, проблематика инноваций на протяжении многих лет исследуется в основном в русле экономики научно-технического прогресса. Интерактивная модель обучения литературы в школе предполагает не только взаимодействие школьников и учеников, но и друг с другом. При этом роль преподавателя сводится к направлению деятельности школьников на достижение целей занятия. Участие всех учащихся группы без исключения является обязательным.

Ключевые слова: школа, ученик, литература, модель

Само понятие «инновация» («нововведение») произошло от латинского – новое и вмещает в себя два смысловых аспекта:

- 1) Процесс внедрения новшеств в какую-либо деятельность.
- 2) Конечный результат творческой деятельности, получившей воплощение в виде новой или усовершенствованной продукции, реализуемой на рынке, либо нового или усовершенствованного технологического процесса, используемого в практической деятельности.

В.Л. Аношкина утверждала, что если, разработанная новая идея, отраженная на схемах, чертежах или досконально описанная, но ее не используют ни в одной отрасли или сфере, и на рынке она не может найти потребителя, данная идея не является инновацией [1]. В свете сказанного алгоритм действий представляется следующим образом:



Принято считать, что современное образовательное пространство состоит из двух типов педагогических процессов – инновационных и традиционных. По мнению А.Тоффлера, от этой антиномии трудно избавиться уже в силу того, что традиционный учебный процесс несет на себе следы конвейерной организации труда раннего этапа индустриального производства [2].

Инновационное образование основано на новых знаниях и инновационной динамике информационного общества.

Основные признаки инновационного образования:

- антропоцентризм;
- самоуправление;
- профессионализм.

Инновационный процесс в теории инноватики определяется совокупностью работ инновационной деятельности, которые регламентированы этапами их организации, ресурсного обеспечения от зарождения перспективной идеи до создания новых продуктов, услуг или техники, их коммерциализации в условиях конкуренции [3].

Инновационный процесс – это, по существу, процесс преобразования научных знаний в инновацию. Он связан с созданием, освоением, распространением инноваций. Поэтому необходима целостная система управления инновациями.

Факторы, влияющие на инновационный процесс

На инновационный процесс влияют как положительные, так и отрицательные факторы [4]. К факторам, негативно влияющим на инновационный процесс, можно отнести:

- недостаток средств финансирования инновационных проектов;
- слабость материально-технической и научной базы организации;
- сопротивление сотрудников к изменению способов деятельности;
- излишняя централизация организационной структуры;
- жесткость планирования инновационной деятельности;
- ориентация на сложившиеся рынки;
- ориентация на быструю окупаемость инновационной продукции;
- сложность согласования деятельности участников инновационного процесса.

Признаки, характерные для инновационного процесса [5]

1. Системность инновационного процесса является следствием его целенаправленности, поэтому все организационные единицы инновационного процесса строятся на принципе баланса интересов, определяющем общий вектор развития.

2. Цикличность инновационного процесса обусловлена многократной обратной связью. Инновация – это такой технико-экономический цикл, в котором использование результатов сферы исследований и разработок непосредственно вызывает технические, организационные и экономические изменения, что оказывает обратное воздействие на деятельность этой сферы. Обратная связь имеет другой характер, если инновация внедряется, но не дает нужного экономического эффекта. В этом случае экономическая ситуация ухудшается, объем ресурсов, за счет которых развивается инновационный процесс, сокращается, и в результате процесс останавливается.

3. Вероятностный характер инновационного процесса проявляется в том, что не всякая начатая программа исследований и разработок имеет шансы на успех, не гарантирован и успех на рынке, неопределены перспективы распространения.

Время между появлением изобретения и его использованием (инновационный цикл) меняется в зависимости от технологического уровня, адаптационной способности среды и внешних экономических условий. Если в высокоразвитых странах продолжительность инновационного цикла составляет 5-6 лет, то в развитых – 5-25, а в развивающихся – 15-25 лет.

4. Инновационный процесс имеет социальную значимость, так как происходит в социальной среде, вызывает к жизни социальные потребности и сопровождается социальными изменениями. При исследовании, планировании и управлении инновационными процессами необходимо учитывать их социальные последствия. Рассматривать инновационный процесс можно с различных позиций и с разной степенью детализации, а именно:

а) как параллельно-последовательное осуществление научно-исследовательской, научно-технической, инновационной, производственной деятельности и маркетинга;

б) как временные этапы жизненного цикла нововведения – от возникновения идеи до ее разработки и распространения;

в) как процесс финансирования и инвестирования разработки распространения нового вида продукта или услуги. В этом случае он выступает в качестве частного случая, широко распространенного в хозяйственной практике инвестиционного проекта.

В общем виде инновационный процесс состоит в получении и коммерциализации изобретения, новых технологий, видов продуктов и услуг, решений производственного, финансового, административного или иного характера и других результатов интеллектуальной деятельности.

Кибернетическая модель инновационного процесса

1. В работе академика Р.С. Каренова [6] подробно раскрыта сущность кибернетической модели инновационного процесса.

Известно, что важное значение в создании нововведений имеют обратные связи. Обратная связь в инновационном процессе представлена информацией о результатах работы на его этапах, передаваемой на предыдущие этапы.

2. Результатом инновационной деятельности на этапах фундаментальных, поисковых, прикладных исследований и разработок является интеллектуальный продукт, становящийся объектом интеллектуальной собственности и товаром [6].

В последнее время в педагогике происходит перестройка практики и методов работы, все более широкое распространение в школе получают не пассивные, а активные и интерактивные методы и формы обучения.

Необходимость повышения уровня культуры общения школьников в дидактическом процессе диктуется необходимостью повышения познавательной активности школьников, стимулирования их интереса к изучаемым предметам. Решить эти задачи помогают интерактивные методы и формы обучения. Использовать такие формы работы можно на разных этапах обучения. Школьники всегда с интересом и удовольствием работают на таких занятиях.

В настоящее время применяют три модели обучения: пассивную, активную и интерактивную.

При пассивной модели обучения, которая широко используется в настоящее время, преподаватель – основное действующее лицо, а школьники – пассивные слушатели. Связь учителя с учениками осуществляется посредством проведения опросов (на модульном контроле – МК, зачете, экзамене), проверке контрольных и домашних работ. Исключать такой метод обучения полностью нельзя, поскольку он имеет ряд достоинств:

- методическая подготовка к занятиям не требует больших временных затрат, особенно когда подготовлены конспекты лекций, упражнений, лабораторных работ и т.д. [7];

- имеется возможность представить обучающимся большое количество учебного материала;

- получение школьником большого объема знаний, если при этом он имеет четкие цели и добросовестно относится к изучаемому предмету.

Благодаря этим достоинствам, пассивный метод обучения широко распространен в учебном процессе [8].

Активная модель обучения предусматривает взаимодействие учителя и ученика друг с другом в ходе занятий, т.е. они являются активными участниками учебного процесса [9].

Интерактивная модель обучения предполагает не только взаимодействие школьников и учеников, но и друг с другом. При этом роль преподавателя сводится к направлению деятельности школьников на достижение целей занятия. Участие всех учащихся группы без исключения является обязательным. Каждый вносит свой особый индивидуальный вклад, в ходе работы идет обмен знаниями, идеями, способами действия. (Тот же пример – но каждый ученик предлагает свой метод транспортировки угля, дает ему полный анализ, отмечая преимущества и недостатки).

Зачастую решение проблемной ситуации осуществляется с помощью мозгового штурма [10].

Изучив научно-методическую литературу по инновационным методам обучения, нами была разработана модель интерактивного обучения литературы, которая как нам показалось, наиболее приемлема на сегодняшний день при обучении школьников и формирования в них культуры литературоведческой работы.

Список использованной литературы:

1 Аношкина В.Л., Резванов С.В. *Новаторство и традиции – две стороны развития культуры и образования // Образование. Инновация. Будущее: (Методологические и социокультурные проблемы).* – Ростов н/Д, 2001. – 180 с.

2 Тоффлер Э. *Третья волна.* – Москва, 1999. – 143 с.

3 Гунин В.Н. и др. *Управление инновациями: 17-модульная программа для менеджеров «Управление развитием организации». Модуль 7.* – М.: ИНФРА, 1999. – С.6.

4 Васильева Л.Н., Муравьева Е.А. *Методы управления инновационной деятельностью: Учеб. пособие.* – М.: КНОРУС, 2005. – 120 с.

5 Ермасов СВ., Ермасова Н.Б. *Инновационный менеджмент: Учебник.* – М.: Высш. образование, 2007. – С.54-56.

6 Бовин А.А., Чередникова Л.Е., Якимович В.А. *Управление инновациями в организации: Учеб. пособие.* – М.: Омега-Л, 2009. – С.79-82.

7 Данилов М.А. *Теоретические основы обучения и проблемы воспитания познавательной активности и самостоятельности.* – Казань, 2005. – 120 с.

8 Загвязинский В.И. *Теория обучения. Современная интерпретация.* – М.: Академия, 2006. – 192 с.

9 Краевский В.В., Хуторской А.В. Основы обучения. Дидактика и методика. – М.: Издательский центр «Академия», 2007. – 352 с.

10 Макарова Е.Л. Использование интерактивных форм обучения для повышения эффективности образовательного процесса. Режим доступа: <http://www.smtueco.ru/en/items/interactive-forms-of-learning>, 14.12.2017.

С.К. Серикова¹, Д.А. Сабирова²

*¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

*²Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

МЕКТЕПТЕ ӘДЕБИЕТ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ МОДЕЛІ

Түйіндеме

Мақала мектепте әдебиет пәнін оқытудың интерактивті моделін әзірлеуге арналады. Бүгінде мемлекет басшылары сөз сөйлегенде инновация тақырыбына соқпай өтпейді. Қазақстанда, ТМД елдері сияқты инновация мәселесі көптеген жылдар бойы негізінде ғылыми-техникалық сала жағында болып келеді. Мектепте әдебиетті оқытудың интерактивті моделі тек мектеп оқушылары мен білім алушылардың өзара әрекетін ғана емес, сонымен бірге бір-бірмен қарым- қатынасына үйретуді мақсат етеді. Бұл жерде оқытушының рөлі мектеп оқушыларын сабақ мақсатына жеткізуге бағытталған. Оған топтағы барлық оқушылардың қатысулары міндетті болып табылады.

Түйін сөздер: мектеп, оқушы, әдебиет, модель

S.Serikova¹, D.Sabirova²

*¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

*²Kazakh State Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

INTERACTIVE MODEL LEARNING OF LITERATURE IN SCHOOLS

Summary

The article is devoted to the development of an interactive model of learning literature in school. Today, a rare performance of state leaders in costs today without referring to the topic of innovation. In Kazakhstan, as in the CIS countries, the problems of innovation for many years studied largely in line with the economy of scientific and technical progress. Interactive learning model literature at school involves not only the interaction between pupils and students, but also with each other. In this case the teacher's role is to the direction of the activities of students in achieving the objectives of employment. The participation of all groups of students, without exception, is a must.

Keywords: school, student, literature, model

МРНТИ 14.25.09

E.Urazayev¹, A.Adibayev²

^{1,2}Academy of Border Guard Service of National Security Committee of the Republic of Kazakhstan

INTERACTIVE METHODS IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE IN SPECIALIZED (MILITARY) EDUCATION INSTITUTIONS: CASE STUDY OF CADETS' GROUP DISCUSSION AS AN EFFECTIVE VOCABULARY USAGE APPROACH

Abstract

The article represents a thesis points on the importance of interactive activities in English language teaching methods in specialized (military) education institutions. Foreign language is a subject which claims the most flexible and wide use of various of the means of teaching due to its specificity (creating for the students an artificial language environment because of the absence of the natural one). Therefore, it is not surprising that in the teaching of foreign language, the new possibilities opened by contemporary means have found the most diverse application. Today, many

main methodological innovations are connected with the use of interactive teaching methods. The word "interactive" came to us from English word "interact". "Inter" is "mutual", "act" is to act. Interactive means the ability to interact or to be in conversation process – dialogue with something (for example, a computer) or someone (person). Therefore, interactive learning is, first of all, is conversation learning process, in the course of which the teacher and learner interact. Discussion of topic-settled themes by the cadet groups is one of the most efficient methods to exercise the vocabulary by cadets.

Keywords: discussion, interactive, military terminology, professional vocabulary, cadets

The importance of interactive activities in language teaching methods is at its peak of scientific interest and piratical approbation worldwide. The educational system of the Republic of Kazakhstan, being a part of the international Bologna system, is not an exception in implementing and searching for new methods of teaching. A number of the latest methods are elaborated internationally as well as successfully approbated in most world universities' practice.

Among the latter, students' discussion is one of the most approved to be effective approaches in language teaching. Applying that, several aims could be achieved, such as speaking skills, listening abilities, and vocabulary usage.

Literature review on the topic.

The given method is widely discussed among the scientists and linguists researchers at present. Worldwide the approach is being implemented as a part of the conversation skills techniques, added by an interactive environment factor. The authors and practicing teachers of English language provide a proper attention to the topic.

Thus, such researchers as Lee H.-Y., Clarin M. are researching the area of the innovative methods in foreign language learning in general, while Bernard J. studies the environmental and motivating factors affecting the foreign language learning success. Additionally, the discussion method in English language learning process is carefully studied by Morozova I., Sliyeva Z., who provide explicit samples and principles of the discussion as a component of interactive education.

Specifics of the military educational institution language learning process. Military academies (higher education institutions) are having special status institutions, possessing a number of specific characteristics and requirements. In the Republic of Kazakhstan, Military academy structurally is a subject of the Ministry of Defense and National Security, as well as Ministry of Education and Science [1, 3]. This factor plays a key role in the definition of the main aims of the learning process of the university, ranging from professional military preparation, moral and patriotic orientations and multilateral higher education skills.

The latter reflects on learning progress of cadets in English language studies. Apart from the standard foreign language foundations, the cadets are to obtain a set of specialized military vocabulary as a daily speech articulation. While providing of the terminology is normally a task for a teacher (instructor) and textbooks, a usage of that ultimately becomes a priority and task for cadets. To perform this dual process successfully, the given article offers an approach of in-class cadets' discussion as check-in-class interactive activities for absorption of the military vocabulary amongst the cadets of the 1st-2nd year.

It should be also noted here that the 1st and 2nd year cadets are normally the beginners in learning English. This factor in many ways limits the possibility to implement some interactive methods due to the cadets' vocabulary lack [2, 216]. However, the latter should not, of course, exclude the possibility of implementation of professional military vocabulary at early stages of English language learning.

On the contrary, we assume, it facilitates an instructor to search for new methods of proving and receiving the material by cadets. Apart from the adapted texts, exercises and grammar material, a task for students to discuss a certain topic with each other with the terminology creates a fair atmosphere motivating cadets to speak.

Method of the in-class Students' (Cadets') Discussion with the settled terminology. Along with classic (traditional) methods of foreign language learning such as reading, writing and listening, speaking becomes an essential manner of reflection of the absorbed knowledge. Undoubtedly, motivating students to express themselves in foreign language is one of the most challenging tasks for an instructor. Eventually, self-expression in the language learnt is the main aim of the whole study progress. It is worthwhile to mention that often speaking becomes a corner-stone for both – an instructor and a student – to operate the class. In fact, speaking is a connection of those two parts, but sometime a deficit of such communication crates a vacuum in students' knowledge system. How would the discussion method facilitate the latter?

First, the discussion normally comes as the concluding task of the class process. At any level, including the early (beginning) stage of foreign language learning, the lesson starts with the explanation of the mate-

Поскольку англоязычные финансово-экономические метафоры первичны по своему происхождению, в большинстве случаев, они представлены в англо-русских словарях и справочниках путем калькированного перевода (полного или частичного) и сопровождаются толкованием для того, чтобы предоставить развернутую информацию об описываемом предмете и явлении русскоязычной аудитории. Следовательно, замена калькированного перевода поиском лексического эквивалента в переводимом языке в ряде случаев может ввести русскоязычного реципиента в заблуждение, как в лингвистическом, так и в когнитивном планах. Поэтому следует в равной степени учитывать множество факторов и особенности исходного и переводимого языков.

Список использованной литературы:

- 1 Тер-Минасова С.Г. *Язык и межкультурная коммуникация: Учеб. пособие для студентов, аспирантов и соискателей по спец. "Лингвистика и межкультурная коммуникация"*. – М., 2000. – 262 с.
- 2 Кубрякова Е.С., Шахнарович А.М., Сахарный Л.В. *Человеческий фактор в языке: Язык и порождение речи*. – М., 1991. – 240 с.
- 3 Вильгельм фон Гумбольдт. *Язык и философия культуры*. – М., 1985. – 452 с.
- 4 Алмабаева Г.Б., Артыкова Е.О. *Метафоризация значения слова // Вестник. КазНПУ им. Абая. Серия филологическая*. – 2016. – №4 (58). – С.5-8.
- 5 Петров В.В. *Язык и логическая теория: в поисках новой парадигмы // «Вопросы языкознания»* – 1988. – №2. – С.41-46.
- 6 Лакофф Дж., Джонсон М. *Метафоры, которыми мы живем. / Под ред. А.Н. Баранова*. – М.: Едиториал УРСС, 2004. – 256 с.

Т.А. Мырзаханов¹

*¹Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

АҒЫЛШЫН ТІЛДІ ЕЛДЕРДІҢ ҰҒЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТІЛДІК ТАНЫМЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИСКУРСТА КӨРІНІС ТАБУЫ

Түйіндеме

Аталмыш мақала ағылшын тілді елдер өкілдерінің ұғымдық және тілдік танымын қаржы-экономикалық дискурсы аясында қарастырады. Ағылшын тілді әлемнің ұғымдық және тілдік танымы (ұжымдық және жекеше тұрғыда) олардың мәдениетімен тығыз байланыста қарастырылады. Мақалада ағылшын тілді елдердің әлемдік одақтастықта алатын басымдық орнына да ерекше көңіл бөлінеді. Ағылшын тілді елдердің басқа ағылшын тілді емес елдерге ықпалы ол елдердің әр түрлі дискурстарында, әсіресе, қаржылық және экономикалық дискурстың метатілінде толығымен қамтып көрсетілген.

Аталмыш дискурс эмоциялық лексиканың, яғни метафораның онда кең қолдануымен ерекше сипатталады. Мақалада метафора бұрынғы қалыптасқан дәстүрлі тәсілдемеден мүлдем бөлек ділдік құбылыс ретінде қарастырылады. Мақалада көрсетілген барлық ағылшын тілді метафоралар тұжырымдық метафора теориясы тұрғысынан қарастырылып, олардың шығу аясы мен қолдану аясының өзара әрекеттестігі толығымен талданады. Мақалада ағылшын тілді метафораларды орыс тіліне сай аудару жолдары мен тәсілдері де қарастырылады.

Түйін сөздер: ақиқат шындық, ұғымдық таным, тілдік таным, қаржылық және экономикалық дискурс, тұжырымдық метафора, шығу аясы, қолдану аясы, тұжырымдық тасымал

Т. Myrzakhanov¹

*¹Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Almaty, Kazakhstan*

CONCEPTUAL AND LINGUISTIC WORLD VIEW OF THE ENGLISH-SPEAKING COUNTRIES REFLECTED IN THE FINANCIAL AND ECONOMIC DISCOURSE

Summary

This article considers conceptual and linguistic world view of the representatives of the English-speaking world within the framework of the financial and economic discourse. The conceptual and linguistic world view of the English-

speaking world (taken collectively as well as individually) is considered in close relations with their cultures. The article also focuses on a leading role of the English-speaking countries in the world community. The influence of the English-speaking countries on non-English-speaking countries is reflected in the metalanguage of various discourses, particularly, in the financial and economic discourse. This discourse is characterized by the abundance of emotionally charged words, i.e. metaphors. Unlike a traditional approach, the metaphor is regarded as a mental phenomenon. All the metaphors presented in the article are discussed from the perspective of the theory of conceptual metaphor and the interaction between the source-domain and the target domain of these metaphors are thoroughly analysed. The article also deals with ways and tactics of adequate translation of English-speaking metaphors into Russian.

Keywords: reality, conceptual view, linguistic view, financial and economic discourse, conceptual metaphor, source domain, target domain, metaphorical mapping

ЖУРНАЛИСТИКА JOURNALIST

МНРТИ 19.61.09

А.Н. Ахмедова¹

*¹Бакинский Государственный университет,
г. Баку, Азербайджан*

ИСТОРИЧЕСКИЕ ТЕНДЕНЦИИ РАЗВИТИЯ АЗЕРБАЙДЖАНСКОГО ТЕЛЕВИДЕНИЯ И РАДИО

Аннотация

В статье рассматриваются исторические тенденции развития азербайджанского телевидения, поскольку в истории развития любого народа пресса, а также радио и телевидение, играют весьма важную роль. В большинстве стран мира, в том числе и в Азербайджане, пресса была создана в просветительских целях. Создание, формирование и развитие азербайджанской прессы как системы прошли долгий исторический путь. Прослеживание процесса формирования и развития системы телевидения в Азербайджане без учёта пути, пройденного национальной информацией, с научно-методологической точки зрения неправомерно, т.к. появление и развитие печати являются одними из основных факторов, обуславливающих трансформацию радио, изначально созданного как техническое средство, а также телевидение, в журналистику.

В статье делаются экскурсы в историю радио, телевидения, Интернета, проводится сравнение между Интернет-телевидением и традиционным телевидением. Отмечается, что интенсивное развитие Интернета привело к тому, что традиционные средства массовой информации не выдерживают конкуренции с ним. В статье дается информация об особенностях функционирования Интернет-телевидения не только в Азербайджане, но и в других странах (США, Англия и др.)

Ключевые слова: история журналистики, азербайджанская журналистика, телевидение, радио, печать, формирование и развитие телевизионной журналистики

Известно, что журналы, газеты, средства массовой информации оказывают сильное влияние на общество. Для телевидения же нет вообще понятия «граница» и «расстояние» [1, 40]. Это средство информации повсюду: в университете, театре, концертном зале, на стадионе, одним словом, на любом пространстве. Телевидение стало трибуной миллионов людей. Телевидение является незаменимым средством рациональной организации досуга населения [2, 124].

Все эти неповторимые особенности телевидения формировались на протяжении долгих лет. Однако в 50-е гг. XX века, когда азербайджанское телевидение делало свои первые шаги, осознать преимущества этого средства массовой информации было не так легко. 14 февраля 1956 г., когда Азербайджанское телевидение начало свою деятельность, оно вступило как мощное оружие в систему государственной и коммунистической идеологии и начало служить существующему режиму.

Точное определение его социально-политической функции как средства массовой информации словно было забыто. Примеры из однотипных газет, журналов и радиожурналистики транслировались и по телевидению [3, 55].

Следует отметить, что Азербайджанское телевидение выступало как продолжение Центрального телевидения СССР. Факторы мощной централизации проявлялись во всех проблемах и оказывали негативное воздействие на творческий процесс. Поэтому для определения и исследования этапов развития Азербайджанского телевидения весьма важно обратить должное внимание и на историю Центрального телевидения. Исследователи телевидения историю республиканского телеэфира делят на два больших периода: а) 1956-1991 годы – советский период; б) с 1991 года – период независимости [1, 79].

В 70-80-е гг. журналисты, трудившиеся в области тележурналистики, пытались уже демонстрировать новую форму и стиль. В 80-е гг. по азербайджанскому телевидению транслировались передачи под 50-тью различными названиями.

После 1991 г., под влиянием процессов, происходящих на телепространстве, на АзТВ также были проведены реформы: редакции были заменены студиями, дикторы ведущими. Хотя это было сделано с целью приближения к разговорному языку, стало возможным частично выйти за рамки долгих лет, и то за счёт некоторых телеведущих [6, 139].

Произошли изменения в содержании и форме информационной программы «24 часа»; вышли в эфир ночная информационная программа «1000 секунд», «215 КЛ представляет», «Добро пожаловать» и другие. В начале 1992 г. обострение общественно-политической ситуации в стране, расширение масштаба боевых действий в Нагорном Карабахе и в близлежащих районах привело к изменению власти в Республике. Это изменение проявилось прежде всего в информационно-аналитических программах «Вести», «Пульс дня» и «Неделя». 2007 год стал для Азербайджанского телевидения годом новшеств: появились новые программы, передачи, спектакли; на конкурсной основе к работе были привлечены молодые ведущие и репортёры; началось планомерное вложение капитала в эфир и инфраструктуру каналов.

АзТВ снова пытается стать самым профессиональным телевидением и законодателем телевизионной моды на телепространстве. В настоящее время на Азербайджанском телевидении демонстрируются ток-шоу, портретные зарисовки, музыкально-развлекательные программы, телеспектакли на самые различные темы. Хотя привлекается широкий переводческий и актерский потенциал для оригинального озвучивания на азербайджанском языке зарубежных фильмов, купленных с сохранением авторских прав, всё ещё остаются проблемы, связанные с литературным языком, с разговорными нормами. ЗАО АзТВ не забывает и своих маленьких зрителей, постоянно держит их в центре внимания. Однако имеется немало недостатков и в языке наиболее интересных для малышей запоминающихся персонажей мультипликационных фильмов [5, 226].

Здесь, наряду с просветительством, краеведением, историей, отдельными историческими личностями представлены самые интересные сведения о жизни кинозвёзд, режиссёров, музыкантов и т.д. Редакция, учитывая национальные интересы и вкусы азербайджанских зрителей, обращается к этим разделам и, дублируя их, демонстрирует своим зрителям.

Сотрудники АзТВ стараются максимально использовать словесные ресурсы азербайджанского языка, строить предложения согласно закону сингармонизма. Однако, к сожалению, для этого переводческий и редакторский персонал максимально не используется.

После восстановления Азербайджанской Республикой государственной независимости проблема сохранения и развития азербайджанского языка стала ещё более актуальной. Азербайджанский Национальный Совет телевидения и радио сделал первые шаги для сохранения и развития азербайджанского языка. Так, на какой-то период даже был наложен запрет на показ зарубежных сериалов и фильмов по азербайджанскому телевидению без дубляжа. В «Законе о телерадиовещании», принятом 25 июня 2002 г. и вступившем в силу 8 октября того же года, данная проблема нашла своё отражение: «должно быть обеспечено употребление государственного языка в программах (передачах)» (статья 32.0.6) [4, 146].

В соответствии со статьей 21 Конституции Азербайджанской Республики, принятой в 1995 году, государственным языком Азербайджана является азербайджанский язык, т.е. согласно Конституции, любой неазербайджанский язык является иностранным. В Азербайджане, наряду с Конституцией, основную законодательную базу телерадиовещания составляют законы «О СМИ», «О государственном языке Азербайджанской Республики» и «О телерадиовещании» [1, 79].

В пункте 2 статьи 18 под названием «Сохранение и развитие государственного языка» «Закона Азербайджанской Республики о государственном языке», вступившего в силу 30 сентября 2002 г., говорится: «На территории Азербайджанской Республики все средства массовой информации (пресса, телевидение, радио и др.), структуры, занимающиеся книгопечатанием и другой издательской деятельностью, должны обеспечивать соблюдение норм азербайджанского языка» [2, 55].

Азербайджанский Национальный Совет Телевидения и Радио, опираясь на Конституцию и законодательные акты, 25 июня 2005 года определил «Специальные правила», которые регулируют отношение к употреблению государственного языка во время эфира. В пункте 1 «Специальных правил» указывается, что телерадиовещание ведется на государственном языке». В пункте 3, представленном к новой редакции с января 2008 г., говорится, что передачи (программы), транслируемые посредством телевидения и радио, в полном объеме должны быть на азербайджанском языке. Выполнение этих правил, принятых АНСТР, телерадиотрансляторами необходимо. Сегодня мы во время встреч с государственными и правительственными официальными лицами, деятелями науки и культуры с гордостью демонстрируем успехи, достигнутые Азербайджаном, уверенную линию интеграции в мировое содружество.

В настоящее время у азербайджанцев, проживающих за пределами Родины, свои проблемы. Одной из них является обучение детей и молодежи, родившихся и выросших в зарубежных странах, родному языку, древним обычаям и традициям, богатейшей культуре, многовековой истории, одним словом, национально-духовным ценностям. Отсутствие в странах, где проживают наши соотечественники, азербайджанских школ, наглядных пособий, является серьезной проблемой. Поэтому Азербайджанское телевидение, транслируемое по всему миру посредством спутниковой связи, выступает в роли настоящей школы для детей и молодежи [7, 69].

В последнее время показ по Азербайджанскому телевидению национальных фильмов, народных песен, передач, отражающих военный патриотизм и духовные ценности, оказывает значительное влияние на воспитание молодого поколения в национальном духе. Принимая во внимание интересы азербайджанцев, проживающих в зарубежных странах, руководство АзТВ демонстрирует в ночные часы национальные фильмы, доказывая тем самым, что Азербайджан владеет не только природными богатствами, но и национально-духовными ценностями. Азербайджанское телевидение достойно выполняет свою миссию, находясь на страже национально-духовных ценностей азербайджанского народа.

Телевидение, вошедшее в эту систему в середине прошлого столетия, по интенсивности развития было более глобальным, и по силе воздействия играло важную роль в общественной жизни. Конечно, история радиожурналистики связана с созданием радио. Подобно тому, как история газеты связана с появлением книгопечатания, история радиожурналистики связана с созданием радио. Через 20 лет после изобретения радио появилось телевидение [4, 146].

Радиожурналистика сразу не сформировалась с появлением радио как технического изобретения. Радиожурналистика как понятие и сфера деятельности является результатом последующего периода. Ещё до этого этапа азербайджанское радио прошло весьма интересный путь развития.

Регулярные радиопередачи в Азербайджане начались с 6 ноября 1926 г. Именно из-за этой «регулярности» история создания радио в Азербайджане начинается с этой даты. Однако правительство Азербайджанской Демократической Республики, функционировавшее в 1918-1920 гг., заложило основы радио в стране [2, 103]. В рамках общественных, политических и культурных связей между Францией и независимым Азербайджаном при особой помощи Франции ещё в ноябре 1919 г. в Азербайджане начала действовать первая радиостанция [7, 116]. Однако после распада Демократической Республики всё остановилось на полпути. Как отмечают исследователи, после этого периода создание радио в Азербайджане было связано с развитием этой области в России. Коммунисты, осознавая неопределимую роль радио в деле пропаганды и агитации, вынуждены были уделить особое внимание его развитию как в самой России, так и на окраинах империи. Таким образом, созданная в Москве 21 августа 1922 г. Центральная Радио-телефонная станция, начавшая радиовещание по всей России, послужила основой создания радио в других республиках. 6 ноября 1926 г. азербайджанские слушатели начали регулярно слышать голос азербайджанского радио [3, 124].

Радио как средство массовой информации вступило на путь развития во всех уголках мира. По мере совершенствования информативной деятельности радио стали проявлять себя и первые представители радиожурналистики.

Радио прошло различные этапы развития. Период с 1927 г. до конца второй мировой войны можно считать периодом его формирования. В этот период радио уже приобрело статус весьма серьезного

средства информации. В период войны между СССР и Германией все официальные сведения Советского информбюро передавались по радио. Скорость, живость и прямая передача радионовостей сделали радио незаменимым средством информации. Это – этап появления радиожурналистики. Он характеризуется быстрой передачей информации, созданием нового типа репортёра в журналистике. В этом плане именно радио создало большую базу и сыграло роль переходного периода. Поэтому период с 1950 г. может характеризоваться как период конкуренции радиожурналистики и радио в целом с тележурналистикой, а также с телевидением [5, 79].

В этот период люди предпочитают видение слушанию, т.е. те, кто ещё вчера воспринимали радио как чудо, отдают предпочтение телевидению. Радио пережило период серьезной борьбы, и в этой борьбе оно нашло новые формы и способы передачи информации, обогатило свои технические средства и, по мнению многих исследователей, выстояло перед телевидением. Это противостояние продолжается и в настоящее время. Сейчас невозможно представить мир без радио.

Благодаря компактным радиостанциям – FM мир словно проникает в дома слушателей. Все эти технические средства – результат деятельности творческих личностей, значительную часть которых составляют журналисты. Такая серьезная профессиональная сфера, как радиожурналистика, связана с их именем.

Таким образом, как и во всем Советском Союзе, в Азербайджане телевидение со дня появления находилось в монополии государства. В условиях существования запретов на частные телеканалы ни о каком развитии телевидения или тележурналистики не могло быть и речи. В последнее время в постсоветском пространстве делаются попытки создания словарей в области журналистики [9, 229].

В начале 1990-х гг. Азербайджан стал независимым государством, и с того же времени началось развитие функциональных стилей журналистики, в том числе и телевидения. В начале появилась Медиа-компания ANS, затем телеканалы Space, ABA, Lider, ATV. Процесс продолжается. Таким образом, телевидение вошло в систему средств массовой информации. «Вхождение телевидения в систему средств массовой информации вызвало революционные изменения в жизни человечества. Люди получили возможность воочию видеть события, происходящие далеко». Развитие телевидение в Азербайджане, как медиа-системы увеличило активность общества, сильно повлияло на мировоззрение людей». В настоящее время каждый гражданин Азербайджана, живущий в независимом государстве, в обществе, где существуют свобода слова и печати, демократические институты, политический плюрализм и желающий участвовать в процессе юридического, демократического мирового государственного строительства, узнаёт о процессах, событиях, происходящих в стране, в основном посредством телевидения.

В настоящее время телевидение Азербайджана, характеризующееся богатством и разнообразием палитры, приобретает всё больший вес в системе СМИ. Азербайджанское телевидение наряду с выполнением общественной функции оказывает достаточно сильное воздействие на общественную жизнь. Будучи зеркалом жизни, оно играет незаменимую роль в социально-культурном развитии азербайджанского народа, и поэтому исследование особенностей создания и развития Азербайджанского телевидения приобретает особую значимость и актуальность. Без этого невозможно дать общую панораму национальной тележурналистики, определить тенденции её развития и рациональность намеченных работ.

Список использованной литературы:

- 1 Ализаде Я.М., Магеррамлы Г.М. *Азербайджанский эфир: история и современность*. – Баку: Нурлан, 2006. – 182 с.
- 2 Гулиев Э. *Телевидение: теория, тенденции развития*. – Баку: Восток-Запад, 2004. – 364 с.
- 3 Магеррамлы Г. *Язык телевидения*. – Баку: Элм, 2002. – 302 с.
- 4 *Роль средств массовой информации и пропаганды в духовном воспитании*. – Баку, 1982. – 296 с.
- 5 Магеррамлы Г. *Аудиовизуальная речь*. – Баку, 2000. – 443 с.
- 6 Прохоров П.П. *Введение в теорию журналистики: Учебное пособие*. – Москва, 1998. – 356 с.
- 7 Ворошилов В.В. *Журналистика: Учебник. 4-е издание*. – СПб., 2002. – 275 с.
- 8 Юровский А.Я. *Телевизионная журналистика*. – Москва, 1998. – 379 с.
- 9 Баймолда Д. *Значение создания словаря в области журналистики. Журналистика саласына қатысты сөздік жасаудың маңызы // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Филологические науки». – №2(56). – 2016. – С.229-233.*

А.Н. Ахмедова¹

¹Баку мемлекеттік университети,

ӘЗІРБАЙЖАН ТЕЛЕВИДЕНИЕСІ МЕН РАДИОСЫНЫҢ ТАРИХИ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Түйіндеме

Мақала Әзірбайжан теледидарының дамуындағы тарихи үрдістерді қарастырады, өйткені кез келген адамның даму тарихында баспасөз, радио және теледидар маңызды рөл атқарады. Әлемнің көптеген елдерінде, соның ішінде Әзірбайжанда, баспасөз білім беру мақсатында құрылған. Әзірбайжан баспасөзін құру, қалыптастыру және дамыту жүйесі ұзақ тарихи жолдан өтті. Әзірбайжандағы телевизиялық жүйенің қалыптасуы мен дамуы үрдісін ұлттық ақпаратпен, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан байланыссыз қарастыруға болмайды. Баспаның пайда болуы мен дамуы радиомәдениетті трансформациялауды бастаулардың бірі болып табылады, ол бастапқыда техникалық құрал ретінде, сондай-ақ теледидар, журналистикада жасалды.

Мақала радио, теледидар, Интернет тарихына экскурсия жасайды, Интернет теледидары мен дәстүрлі теледидар арасында салыстыру жүргізіледі. Мақалада Әзірбайжанда ғана емес, сонымен қатар басқа елдерде (АҚШ, Англия және т.б.) Интернет-теледидардың жұмыс істеу ерекшеліктері туралы ақпарат келтірілген.

Түйін сөздер: журналистика тарихы, әзірбайжан журналистикасы, телевидение, радио, басып шығару, телевизиялық журналистиканың құрылуы және дамуы

A.Ahmedova¹

¹Baku State University,
Baku, Azerbaijan

HISTORICAL TRENDS IN AZERBAIJAN TELEVISION AND RADIO

Summary

Azerbaijani audience can watch both television functioning in the republic and foreign channels. “It is known that at present in such a highly-developed country as the USA in the big cities the number of ether TV – channels doesn’t exceed 80-90. Video news for net can be prepared and distributed by anyone”. It gives great perspectives to audience to use archives, to broadcast to concrete address, to spend less money on broadcasting from ether – TV, to gain plenty of advertisements. We must be ready to catch a pulse of modern development of information technology and for further requirements of such a perspective information mean as internet-television.

In the article is traced and analysed the history of television in the whole and the Azerbaijanian television specifically. Is given the most interesting information about the history of radio, television, their inventors, scientists are studied the main stages of formation and development of radio- and telejournalism: are appreciated the scientists who made a valuable contribution to physics science and their scientific and technical achievements especially in the sphere of electrodynamics. Is also given comparative description of the Azerbaijanian television during the soviet power and nowadays: are emphasized wealth and variety of its channels, role of electronic mass media. On the basis of the concrete facts it is proved that the Azerbaijanian television is going on developing successfully and becomes more and more influential in the mass media system.

Keywords: history of journalism, the Azerbaijani journalism, television, radio, print, the formation and development of television journalism

МРНТИ 19.61.31

Қ.Ж. Тұрсын¹, А.Н. Байбеков²

¹Сулейман Демирель университеті,
Қаскелең қ., Қазақстан

²Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясы,
Алматы қ., Қазақстан

ЦИФРЛЫҚ ТЕЛЕВИЗИЯ: ДАМУ ҮДЕРІСТЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Аңдатпа

Мақалада әлемдік телевидениенің бүгінгі таңдағы даму перспективалары мен сандық таралымға көшу жолындағы тағылымды жолдары отандық телевизияның негізінде қарастырылған. Жаһандану кезеңінде сандық телевизияның әлемдік және Қазақстандық телеарналарда сатылай даму процесі зерттеуде нақтылана отырылып, оның тиімді және кемшін тұстары зерделенеді. Сандық телевидение дамуының бірінші кезеңі телеарнаның

жекелеген бөлігінде байланыстың аналогтық арналарын сақтай отырып, сандық техниканы пайдаланумен сипатталады. Бұл кезеңде студиядағы барлық құрал-жабдықтар сандық сигналға ауыстырылады. Сандық телевидениенің дамуының келесі кезеңіне қарапайым телевидение стандарттарында қабылданған параметрлерден өзгеше гибриді аналогтық-сандық телевидение жүйелерін құру жатады. Сандық телевидениенің дамуының соңғы кезеңі – толық сандық телевизиялық жүйе құру және соған толықтай көшу. Сандық хабар таратуға көшу негізінен жерүсті және кабельдік желілерде айрықша қарқынмен үрдіс алады. Гибриді телевизиялық жүйелердің мысалы ретінде анықтылығы жоғары жапондық телевидение (ТВЧ MUSE және MAC тобының батыс еуропалық жүйесі) жүйесін айтуға болады. Барлық осы жүйелердің тарататын және қабылдайтын бөліктерінде сигналдар сандық құралдармен өңделіп, ол байланыс каналдарында сигналдар аналогтық формада берілетіндігі мақалада қарастырылған.

Түйін сөздер: сандық телевизия, ақпараттық қоғам, жаңа ақпараттық технология, телекоммуникация, интерактивті, мультифункциональды, аудиосигнал

XXI ғасыр тарихқа “ақпарат ғасыры” ретінде еніп отыр. Әлемдегі кез келген ел ақпараттық қоғамға елдегі тарихи, саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени жағдайларды ескере отырып, жақындауда. Ақпараттық қоғамға өту кезеңінде алуан концепциялар мен бағдарламаларға талдау жасау кезеңінде мына мәселелерге көңіл аударған орынды:

- ақпараттық қоғамға өту кезеңіндегі концепцияны жасауда мемлекет, қоғам, бизнес секторы және жекелік сынды мәселелерді басшылыққа алу;

- ақпараттық қоғамдағы экономика – ақпарат пен білімге негізделген экономика болуы;

- ақпараттық қоғамда үздіксіз білім алу;

- ақпараттық қоғам концепциясының адамгершілік бағытты ұстануы [1, 89 б.].

Қазақстан 2015 жылы толықтай сандық хабар таратуға көшу үшін алдымен елдегі технологиялық, әлеуметтік-экономикалық және ең бастысы мәдени-ақпараттық үрдістерге талдау жасады. Егер коммуникация саласындағы техникалық проблемалар халықаралық стандарттарға сәйкес болса, ондай жағдайда сандық байланысқа көшу аса көп қиындық туындатпайды. Соған сай жаңа ақпараттық технологиялардың тез қарқынмен өндіріске енуі де елдегі ақпарат құралдарының бет-бейнесіне өзгеше әсер етуде. Осы жерде, ең бастысы ұлттық ерекшеліктер мен қоғамның өзіндік мәдени ерекшелігін және жаһандану заманында республикадағы телекоммуникацияның дамуын ескеру лазым.

Қазіргі кезеңде елімізде телевидение және радионың тез қарқынмен дамуы да ақпаратты әлемдік сандық революция ғасырына жақындата түсуде. Телерадиохабарларын сандыққа көшіру үрдісі әлемдік телекоммуникацияның дамуына да өзгеше рең беруде. Бүгінде сандық телевидение және радионың жаңа мүмкіндіктері – интерактивтілік және мультифункциональды өмірге енуде. Осы бағытта республикада сандық хабар таратуға көшудің 2008-2015 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы жасалды. Осы бағдарламаның жүзеге асуы үшін мемлекет тарапынан – 36,165 млн. теңге қажет болды. Соған сай бағдарламаны жүзеге асырудың төрт кезеңі айқындалды: 1. Дайындық кезеңі – 2008 жылдың алғашқы жарты жылдығы. 2. Ұйымдастыру кезеңі – 2009 жыл. 3. Бағдарламаны жүзеге асыру – 2009-2014 жылдар аралығы. 4. Бағдарламаны аяқтау – 2014-2015 жылдар.

Сандық телевидение (ағыл. Digital Television, DTV) – сандық модуляцияны және мәліметтерді беру үшін сығымдау жолымен бейне және аудиосигналды транслятордан теледидарға беру. Сандық телевидениенің дамуын шартты түрде бірнеше кезеңдерге бөлуге болады. Әр кезеңде ең алдымен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік жұмыстар жүргізіліп, эксперименттік құрылымдар мен жаңа жүйелер жасалынып, сонынан телевизиялық хабарлар жүргізетін және бейнебағдарламалар дайындаумен шұғылданатын мекемелер мен аппаратуралар шығаратын фирмалармен бірлікте халықаралық стандарттар қабылданады.

Сандық телевидение дамуының бірінші кезеңі телеарнаның жекелеген бөлігінде байланыстың аналогтық арналарын сақтай отырып, сандық техниканы пайдаланумен сипатталады. Бұл кезеңде студиядағы барлық құрал-жабдықтар сандық сигналға ауыстырылады. Орталықта олардың өңделуі мен сақталуы телеорталық шебінде сандық құралдармен іске асырылады. Телевизиялық сигнал алдымен аналогтық формаға ауысады да, кәдімгі қарапайым байланыс арналары арқылы эфирге беріледі. Сонымен қатар кадрдың кескіні мен дыбысының сапасын жоғарылату және функциялық мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында телевизиялық қабылдағыштарға сандық блогтар енгізу де осы кезеңге тән жұмыстар болып табылады. Мұндай блогтардың мысалдары ретінде сандық сүзгілерді, қатар аралық жайылмадан квазипрогрессивті жайылмаға өтуді, өріс жиілігінің 100 Гц-ке дейін жоғарылатылуын, «стоп-кадр» және «кадр» функцияларының іске асырылуын және т.с.с. атауға болады.

Кез-келген технологиялардың даму кезеңіне сәйкес, телевидениенің дамуында да стандарттардың атқаратын рөлі маңызды. Әлемдік деңгейде адамзат іс-әрекетінің әртүрлі салаларында стандарттарды

қабылдайтын және бекітетін негізгі орган ISO – International Standard Organization (Халықаралық Стандарттау Ұйымы). Ол өз қатарына әлемдегі 100-ден аса мемлекеттің ұлттық комитеттерін біріктіреді. ISO стандарттар жобасын дайындайтын комитеттер, кішікомитеттер және жұмысшы топтарын құрады. Дайындалған жобаларды кейін ISO бекітеді. Ақпараттық технологиялар саласындағы стандарттарды ISO мен Халықаралық Электротехникалық Комиссия (International Electrotechnical Commission – IEC) құрған ISO/ IEC JTS1 біріккен комитеті қабылдайды. Телекоммуникация саласында стандартизациямен айналысатын тағы бір халықаралық орган – ол Халықаралық Электр байланысы Одағы (International Telecommunication Union – ITU). Теледидарды стандарттаумен ITU-R (R-радио) секторы шұғылданады. 1993 жылға дейін бұл функцияны Радио Халықаралық Консультативтік Комитеті (МККР немесе CCIR) атқарып келген. Әртүрлі елдердің мамандарының жұмыстарының нәтижесі ITU-RBT 601 Ұсынымында бекітілген (Ұсынымның бұрынғы аталымы – 601 МККР немесе CCIR-601). Аталған құжат 1982 жылы қабылданған және олар осы күнге дейін сандық студиялық аппаратураның негізгі параметрлерін анықтайды. Бұл жетілдірулер шешілім стандарты мен телевизиялық сигналдардың байланыс каналы арқылы берілу принциптеріне қатысты еместігін айту керек.

Сандық телевидениенің дамуының келесі кезеңіне қарапайым телевидение стандарттарында қабылданған параметрлерден өзгеше гибриді аналогтық-сандық телевидение жүйелерін құру жатады. Осы орайда, телевизиялық стандарттардың өзгеруінің негізгі екі бағытын бөліп айтуға болады: бірмезгілде жарықтық және әртүстілік сигналдарды бірдей беруден де оларды бірінен соң бірін беру және кадрдағы жолдар саны мен бір жолдағы кескіннің элементтерін көбейту жолдары. Екінші бағытты іске асыру – телевидение сигналдар спектрін байланыс каналдары арқылы жиіліктерді мүмкін жолдарымен қабылдауға боларлық өріспен оларды беру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін әлі де сығымдау қажеттілігімен байланысты болады.

Сандық телевидениенің дамуының соңғы кезеңі – толық сандық телевизиялық жүйе құру және соған толықтай көшу болып табылады.

Жапония мен Еуропада айқындылығы жоғары телевидениенің (MUSE и HD-MAC) аналогтық-сандық жүйесі пайда болғаннан кейін 1987 жылы АҚШ-та ұлттық стандарт ретінде бекіту мақсатында жоғары шешімі бар телевидение жүйесінің үздік жобасына конкурс жарияланды. Алғашқы жылдары бұл конкурсқа түрлі аналогтық жүйелер ұсынылды. Жоғарыда аталған спутник арқылы сигналдар беруді қарастыратын гибриді телевизиялық жүйелер көп кешікпей жоспардан алынып тасталынды. Бір стандартты канал арқылы екі сигнал – қарапайым теледидар сигналы мен белгілі декодерлі қабылдағышта көп жолақта және жеке жолақта таралатын элементтері бар кескін алуды қамтамасыз ететін қосымша сигнал беруді қарастыратын аналогиялық жүйелер жобалары да бірмезгілде қатар қарастырылуда.

1990 жылдардан бастап телевидениенің сандық жүйелерінің алғашқы нұсқалары пайда болды. Жылдан жылға осындай жобалардың саны артып және олардың сипаттамалары жаңаланып отырылды. 1993 жылдың басында соңғы аналогиялық жүйелер жоспардан алынып тасталды. Ал 1993 жылдың мамыр айында мәні мен маңызы жағынан бір-біріне жақын жобалар ұсынған компаниялардың төрт тобы бірігіп, бірыңғай жоба ұсынды. Кейін ол жоба АҚШ-тың толық сандық телевизиялық жүйесінің стандартының негізін құрады. Сол кезеңде әлі бекітілмеген MPEG-2 стандарты бұл жобаның негізі болып қаланды.

Еуропада 1993 жылы сандық телевизия жүйесінің болашағы мол екені белгілі болғанда DVD (Digital Video Broadcasting – Сандық Бейне Таратылым) жобасы қабылданды. Ол MPEG-2 стандартына негізделді. Бұл жерде ең алдымен қарапайым тәсілдегі телевидение арқылы берілетін бағдарламалар санын едәуір көбейту міндеті қарастырылып, өз шешімін табуда. Себебі, ол өз кезегінде коммерциялық тиімділікке ие. Көптеген елдерде ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында аналогтық телевизиялық таратылымдарды тоқтатып, толықтай сандық телевидениеге көшу жоспарланған.

Әлемде сандық телевидениеге көшудің пионері ретінде алдымен Германияны атауға болады. 1996 жылдың мамыр айында DF 1 компаниясы DVB-S стандартында өз бағдарламасын тұрақты таратуды бастады. Ол ел аумағында ақылы бола тұра, Берлинде өткізілген “IFA-97” халықаралық көрмесінің негізгі “тұғырнама” айналып, әйгілілікке ие болды. Көрмені ұйымдастырушылар өте қарапайым, әйтсе де аса көрнекті әдісті ойластырған. Олар телеаппарат антеннасын ойыншық поезддың макетіне орналастырған. Поезд бортындағы аналогтық және сандық қабылдағыш антенна көрме қабырғасында алға және артқа қарай қозғалыс жасап, келушілерді таңдандырған. Шын мәнінде, аналогтық жәшіктегі экрандық картинаны қызықтау көрермендер арасында сүреңсіздік тудырса, ал керісінше

DVB-T картинасы экранда үзіліссіз “кристалдық мөлдірлік” әсерін туындатқан. Немістердің осы әрекетінен кейін Францияның Canal Plus телевидениесі сандық хабар тарату үдерісін бастады. Олар ақылы бола тұра, бұл үдеріс ел аумағынан асып, бір мезгілде іргелес Испания, Италия, Белгия, Люксембург, Польша және Скандинавия елдерін де қамтыды.

Мамандар есебі бойынша, сандық хабар таратуға көшу негізінен жерүсті және кабельдік желілерде айрықша қарқынмен үрдіс алады деген болжам бар. Осы орайда, Еуропадағы “сандық көпсатылылық” біріншілігі ағылшындар үлесіне тиесілі екен. Себебі олар 1998 жылдың 15 қарашасында DVB-T (Digital Video Broadcasting Terrestrial) стандарты жүйесінде тұрақты хабар таратуды бастады. “Еуропалық сандық клубқа” мүше болған екінші ел Швеция сандық хабар таратуды 1999 жылдың 1 сәуірінде бастаса, Франция мен Италия 2001 жылы, ал Германия мен Нидерландия DVB-T жүйесіне көшуді 2002 жылдарға жоспарлаған.

Гибридті телевизиялық жүйелердің мысалы ретінде анықтылығы жоғары жапондық телевидение (ТВЧ MUSE және MAC тобының батыс еуропалық жүйесі) жүйесін айтуға болады. Барлық осы жүйелердің тарататын және қабылдайтын бөліктерінде сигналдар сандық құралдармен өңделіп, ал байланыс каналдарында сигналдар аналогтық формада берілетін. ТВЧ MUSE және HD-MAC жүйелерінде 16:9 кескіндеу форматы бар, кадрдағы жолдар саны 1125 және 1250, кадр жиілігі, сәйкесінше, 30 және 25 Гц-ке тең келеді. Сандық кодтаудың көмегімен бұл жүйелердің сигналдар жиілігінің бастапқы жолағы 20 МГц-тен шамамен 8 МГц-ке дейін сығымдалады. Ол өз кезегінде бұл сигналдарды жиілік модуляциясымен (ЖМ) байланыстың жолақ ені 27 МГц болатын спутниктік каналдар арқылы берілуін қамтамасыз етеді.

Ресей сандық телевидениеге 1999 жылдан бастап көшті. Осы жылы РФ Мемлекеттік Байланыс комитеті «Ресейде жер бетіндегі сандық, дыбыстық және телевизиялық таратылу жүйесін ендіру Концепциясын» қабылдады [2, 32 б.]. Концепцияның негізінде тарату желілерінде хабарлар таратумен қатар мультимедиялық және басқа да ақпараттарды беруге арналған шоғырланған тасымалдау ағымын жасау принципі жатыр. Ресейде сандық телевидениені өндіріске екі кезеңмен енгізу көзделген. Бірінші кезеңінде әдістер мен параметрлерді іс жүзінде таңдау үшін аралас (аналогтық және сандық) таратылымдағы бірнеше тәжірибелік учаске құрылды. Бірінші кезеңнің нәтижесінде халықаралық стандарттарды Ресей жағдайларына бейімдеу және сандық таратылымға уақытша нормалар дайындау міндеті қойылды. Екінші кезеңінде сандық теледидарлар мен дыбыстық таратылымға стандарттар бекітілуі тиіс. Кейін оларды көпшілікке арнап ендіру басталады. Ресейде сандық телевидениеге толық көшуді 2015 жылы аяқтау жоспарланған.

Ресейде әралуан қуаттылықтағы 90 мың эфирлік хабар таратқыштар жұмыс істейді. Ал оларды сандық рельске көшіру үшін мамандар болжамы бойынша шамамен 27 млрд. рубль керек екен. Осы қаражаттың едәуір бөлігін отандық кәсіпорындар игеруі мүмкін. Қабылдау аппаратураларының жаңа ұрпағын өмірге әкелу үшін шамамен 225 млрд. рубль керек және осы бағытта ресейлік өнім өндірушілердің үлес салмағы 60%-ды қамтиды деген болжам бар. Осы істі жүзеге асыру үшін Ресей 2008 жылы ғана 150 млн. рубль қаражат жұмсады. Мамандар есебі бойынша отандық ТВ қабылдағыштар шетелдік құрылғылардан 30-40%-ға арзанға түседі екен. Ресей аумағында сандық хабар тарату жүйесі кезеңінде қабылдағыштар синхрондық желі құрамында жұмыс істейді. Ал осы жобаны жүзеге асыру үшін отандық навигациялық “ГЛОНАСС” жүйесін тез арада өз деңгейіне жеткізу керек. Алайда мамандар пікіріне сүйенсек, осы жүйе ертелі-кеш Ресейді технологиялық оқшаулануға соқтырмай ма деген қауіп те жоқ емес.

2013-2015 жылдары еліміздің бүкіл аумағы сандық телеарнамен қамтылады, – деп мәлім етті 2010 жылдың 6 желтоқсанында ҚР Парламенті Мәжілісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту тақырыбында өткен Үкімет сағатында сол кездегі Байланыс және ақпарат министрі Асқар Жұмағалиев. «Бүгінгі күні республика аумағын мемлекеттік телерадиохабарымен қамту 65%-ға жуық қана болып отыр. Мемлекет халқының жартысы тек 4 телеарнаны ғана көре алады. 220 шетелдік телеарналар Қазақстанда спутник байланысы және кабельдік желілер арқылы көрсетілуде. Ал жалпы отандық телеарналар саны 52. Сондықтан да, Парламенттегі заң жобасымен «Байланыс туралы» заңға өзгерістер енгізіп жатырмыз. Соған сәйкес, спутниктік байланыс арқылы отандық телеарналардың барлығын ел аумағына толық таратамыз деген үміт бар», – деді А.Жұмағалиев. Эксперттің айтуынша, сандық телеарна кезеңдері бойынша 2011 жылы Қарағанды облысы ілкі аймақ ретінде таңдалынды. Ал 2012 жылы Алматы, Астана қалалары, 2013-2015 жылдары бүкіл республика аймақтары сандық телеарнамен толықтай қамтылады. «Осы мақсатта ескі жабдықтарды заманауи технологиялық жаңа техникамен ауыстыратын боламыз», – деді ведомство басшысы [3, 6 б.].

Қазақ тілді кабельді арналарды аймақтарға қолжетімді етудің қандай жолдары бар екендігі жайлы мәлімдемде: «Үлкен қалалардағы көпқабатты үйлерде, халық неғұрлым көп шоғырланған орталықтарда болмаса, ел-елдегі, жер-жердегі жай үйлерге кабель жүргізу өте тиімсіз. Мысалы, 10 шақырым жердегі 5 тұтынушы үшін ешкім кабель тартпайды. Ал қалада 10 шақырым кабель тартсаң, 10 мың тұтынушың болады. Сондықтан біз алыс ауылдар мен қыстақтардың бәріне спутниктік «Отау ТВ»-ны қосып жатырмыз. Оның жалпы бағасы 28 мың теңгені құрайды. Ұлттық «Отау-ТВ» спутниктік телеарнасы Intelsat 904 спутнигінде 600, DVS-2/ MREG-4 стандартында жұмыс жасайды. Бұл жаңа стандарт болғандықтан, телеарна хабарларының көрсетілу сапасы мен сыйымдылығы өте жоғары. «Базалық», «Эконом», «Стандарт», «Элит» пакеттерінде жалпы саны 95 теле-радио бағдарламалары беріледі. Бұл – алыс ауылдар үшін өте тиімді жоба. Сандық жүйедегі жоғары сапалы телеарнаны көруге көрермендердің құштарлығы жоғары екендіктен де тапсырыстар көп түсуде. Болашақта бүкіл ауылдарды қамтуға мол мүмкіндік бар. Демек, мемлекет тарапынан жасалатын алғашқы жұмыстар ішінара болса да жүзеге асуда. Сандық және спутниктік телевизияны Қазақстан халқына толықтай қолжетімді ету қазіргі уақытта осы саладағы ең негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Сандық телевизия жүйесіне, яғни жаңа стандартқа көшу жұмыстары Қазақстанның барлық аймақтарында бүгінде толықтай қолға алынуда. Қазақ тілді кабельді арналарды еліміздің алыс аймақтарына қолжетімді ету үшін, ең бастысы, әрине, бұған тиісті мекемелер тарапынан үлкен жауапкершілік пен мүдделілік керек.

Отандық теле-радио жүйесін жаңа форматқа көшіру арқылы спутниктік ресурстарды оңтайландыру, стандартты арналардың санын арттыру мүмкіндігіне бүгінде қол жетіп отыр. Бірақ бағдарламаларды жаңа стандартта көру үшін «Кателко плюс» спутниктік желісінің абоненттері жаңа қабылдағыштар алулары керек. Ал жаңадан қосылатын абоненттер дилерлік компаниялардың көмегімен арнайы қабылдағыш қондырғылар орнатуы тиіс. Басқа спутник арқылы ақпарат алып отырған абоненттер сигнал қабылдағыш табағына қосымша DVB-S2 MPEG4, (4) 8PSK стандартындағы жаңа қабылдағыш орнатып, оны Intelsat 904 спутнигіне бағыттаса жеткілікті. Бұл үлкен жобаның бастамасы ғана. Ұлттық телерадио таратылым желісінің келесі кезеңінде осындай желідегі эфирлік хабар таратуды DVB/T2 сандық стандартына ауыстыру міндеті тұр. Бұл жаңа желінің артықшылығы – сандық телевизияның сапасы бұрынғы қалыпты жиілік арқылы көруге болатын көгілдір экраннан әлдеқайда жақсарып, көріністің тұнықтығы арта түседі. Алда еліміздің барлық қиыры осы желіге тұтастай көшірілмек.

1997 жылы Ұлыбританияда жердегі теле-радиохабарларын эфирге таратудың алғашқы сандық пакеті пайдалануға берілді. Осы кезең аралығында көптеген елдерде оны пайдаланудың болашақ стандарттары айқындалып, тестік байқау жүйесі жүргізілді. Ал, ТМД елдерінің ішінде Ресей және Қазақстан аумағында бұл әдіс 2000-ншы жылдан бастап өмірге ене бастады. Алайда, Украинаның «Квант-Эфир» ғылыми-өндірістік кәсіпорны мамандары жасаған DVB-T-ның құрылымдық жүйесі көңілге қонымды. Себебі, бұл жүйе пайдалану кезеңінде Еуропаның көптеген елдерінде өзінің тиімділігін көрсетті. Жүйе Украинада өзінің техникалық және экономикалық жағынан көптеген Еуропа елдеріне қарағанда тиімді екендігін дәлелдеп отыр. Әрі бұл бірнеше факторға да байланысты. Ең бастысы – елдегі эфирлік платформаның артықшылығы. Украина аймағының 85%-ы эфирлік жүйемен қамтылса, ал теледидар абонементін көрермендердің 89%-ы пайдаланады. Кабельдік жүйенің үлесіне елде эфирдің 10%-ы тиесілі болса, спутниктік қабылдау небәрі 1%-ды ғана құрайды. Бұрын елде 3 жалпыұлттық арна болса, ал сандық теледидарға көшудің нәтижесінде бір телеарнада 5-7 телебағдарлама және қосымша 5-10 стереорадиобағдарлама беру мүмкіндігіне қол жеткізілді. Осы жобаны іске асыруға шамамен 65 млн. АҚШ доллары қажет болды. Сандық байланысқа көшу қабылдағыштардың қуаттылығын 5 есеге дейін төмендетуге мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде әрбір қабылдағыш бірнеше бағдарламаны таратып әрі оны пайдалану кезіндегі шығынды бірнеше есеге дейін арзандатуға қол жеткізеді. Ал шығынның орнын толтыру шамамен тестік хабар таратуды бастағаннан кейін алты жылдан кейін ғана өз қайтарымын бере бастайды. Мамандар елде хабар таратуды DVB-T стандартымен жүзеге асыру керек деген ортақ тоқтамға келген. Себебі эфирде сандық хабар таратудың үш бірдей стандарттарын, олар американдық ATSC, жапондық ISDB-T және еуропалық DVB-T стандарттарын зерттей келе, осындай тиімділігі мол шешімге тоқтаған.

Қазақстандағы ең алғашқы кабельдік теледидар компаниясы - «АЛМА-ТВ» тарихы компания негізі қаланған – 1994 жылдан басталады. Телевизиялық хабарлар жүйесіне алғашқы тұтынушы қосылған 1995 жылдың 16 мамырында «Алма-ТВ» Қазақстан телекоммуникация рыногында жеке ойыншы бар екендігі жайлы бірінші рет мәлімдеді. Бұл күн айрықша мәнді, өйткені сол күннен бастап республикамызда коммерциялық теледидар дәуірі басталды. Кейін республика аумағында

«Алма-ТВ» қанатын кеңге жая бастады. 1998 жылы Ақтау, Қарағанды және Өскемен қалаларында, 2002 жылы Атырау, Семейде филиалдары ашылды. 2006 жылдан бастап «АЛМА-ТВ» брэндінің географиясы тіпті әсерлі бола бастады. Олар астаналық, сонымен қатар Шымкент қаласы аймағына және «Айна-ТВ» кабельдік телевидениесі жергілікті операторымен франчайзинг келісім-шарты негізінде шықты. Сол 2006 жылы компания Павлодар қаласында кезекті филиалын ашты. Филиал ашылған сәттен бері «АЛМА-ТВ» кабельдік телевидениесін павлодарлықтардың едәуір бөлігі жылы қабылдады. Компанияның келешек жоспары – «АЛМА-ТВ» – әр үйге» корпоративтік стратегиясын жүзеге асыру аясында Қазақстанның ірі қалаларының барлығына жылжу болып табылады.

